

Ш.БАЙДІЛДИН

**САНАУЛЫ ҒҰМЫРЫМДАҒЫ
САНАЛЫ ОЙЛАРЫМ**

Астана 2010

УДК 745/749
ББК 85.12
Б 17

Шығармалар жинағы Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының жанындағы «Ыбырайтану» ғылыми орталығында дайындалды

Байділдин Ш.

Б 17 Санаулы ғұмырымдағы саналы ойларым. – Астана, 2010. – 371 б.

ISBN 9965-567-80-8

Оюшы, қолөнер шебері Шөптібай Байділдиннің «Санаулы ғұмырымдағы саналы ойларым» атты кітабына бұрын баспасөз беттерінде жарияланған мақалалары мен Торғай өлкесінің тарихы мен мәдениетіне, оның тарихи тұлғаларына байланысты зерттеу мақалалары еніп отыр.

Кітап әдебиетші қауым үшін, жалпы сөз қадірін жетік білетін, Отанын, туған жерін сүйетін оқырман үшін көптеген тың деректер мен мағлұматтар береді.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.

УДК
745/749
ББК 85.12

ISBN 9965-567-80-8

© Байділдин Ш., 2010

ТУҒАН ЕЛ ТАРИХЫНЫҢ БІЛГІРІ, МӘДЕНИ МҰРАНЫ ЖИНАҚТАУШЫ

Ел ішінде ұмытыла бастаған тарихи мұраны жинау, жаңғырту мен зерделеуге соңғы жылдары елеулі үлес қосқандар қатарында Ш.Байділдин есімі ерекше аталады. Ш.Байдилдиннің басқалардан ерекшелігі – ел ішіндегі тарихи деректерді, әдеби танымдық-тәрбиелік әңгімелерді, жер-су аттарына байланысты мәліметтерді, Торғай өлкесінен шыққан ел тарихына өзіндік ізін қалдырған тұлғаларға қатысты құнды ел қажетіне жарайды-ау дегендерді үнемі жинап жүретіндігі. Сан салалы өнерді бір басына тоғыстырған азамат алғашында ұлттық нақыштағы ою-оюмен, оны жетілдіріп дамытумен танымал болды. “Қазақтың ою өрнектері” және «Оюмен ой айтқан елміз» деген атпен ұзақ жылдар көз майын тауысып ойған оюларын жинақтап ел кәдесіне жарату мақсатында Алматыда, Арқалықта екі кітап шығарды. Кітап ұлттық мұраны түсінетін, бағалайтын этнограф ғалымдардан жақсы бағасын да алды. Оюлары қаланың көрнекті орындарында, баспадан шыққан еңбектерді безендіруде қолданыла бастады. Ұлттық ою-өрнектерге қатысты жұрт қызыға оқыған бірнеше мақалалары да жарияланды.

Біртіндеп өзі туып өскен ел мен жер тарихына қатысты жазылғандарды жинап, ой елегінен өткізе келе, өзі де көненің көзі кетіп, уақыт шаңына көміле бастаған ел ішіндегі тарихи әңгімелерді, жер су аттарына қатысты деректерді жинады. Жинап қана қоймады қалалық, облыстық, республикалық басылымдарда жариялай бастады. Іздене жүріп 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің басшылары әмір Әбдіғапар Жанбосынов, құралайды көзге атқан мерген Кейкі батыр, комиссар Сұлтан Бектасов, Торғайдан шыққан қазақтың оқыған танымал қыздарының бірі Нәзипа Құлжанова жөнінде мақала жариялады. Өткеннің ізі, көненің көзі Назарәлі әулие, Күмісбай әулие, Баймағамбет әулиеге қатысты жазғандары да көпшілік көңілінен шығып елең еткізді.

30-шы, 50-ші жылдардың қуғын сүргініне душар болған ел ішіндегі сыйлы, қадірлі азамат Шіменбай Әлшорин жөнінде көлемді еңбек жазып, бір адамның басынан өткен ауыр тағдыр қорлық пен зорлықты паш етіп «Жазақсыз жапа шеккен» деп аталатын мақала жариялады. Қамшының сабындай қысқа ғұмырында көрмегені жоқ, айдауды, жазалауды басынан өткізген жанның тағдырын суреттеу арқылы өткен тарихты бүгінге әкелді.

«Дулығалы бойындағы киелі мешіт» мақаласымен Ұлы Жыланшық бойындағы өткеннің жәдігері, ел киелі Қызыл мешіт деп атайтын кесене тарихы, оның салынуы, құрылысы жөнінде ел біле бермейтін құнды деректерді жеткізіп, ел кәдесіне жаратты. Өткенді білу, оның танымдық тәрбиелік мәнін түсіну, көпке жеткізу арқылы Ш.Байділдин ел, жер тарихына байланысты арнайы шыққан экспедицияның ұйымдастырылуына да себепкер болды. Осы экспедиция барысында жер су аттарына, ел

тарихына қатысты бірнеше мақалалар жариялады. «Жазылмаған ой жоғалған қазына» принципін ұстанған еңбекор азамат тарихы бай, бірақ шашылған тарыдай жинақталмаған Торғайдың өткені мен бүгініне қатысты, елім деген нар тұлғалы ерлерін танытқан көлемді жетпіске жуық мақалалар жариялады.

Өткенді білу таным көкжиегін көгертсе, бүгінгіні түсіну, зерделеу ертеңге үміт отын жағады. Бір өзі бірнеше саланы қамтып тұщымды жазбаларымен газет, журнал беттерінен көрініп жүрген ағамыздан әлі де ел, жер тарихының білгірі, шежіреші ретінде күтеріміз көп болсын. Ендеше тарихи танымдық мақалар жинағын баспа бетіне шығаруды мақсұт еткен Ш.Байділдинге сәт сапар делік.

Даркенов Құрманғали Ғазезұлы
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

АЛҒЫСӨЗ

Ғасыр сырғып, жылдар жылжыған сайын ел ішіндегі көненің көзін көрген шежіреші, ескі әңгімелерді білуші қарттарымыз азайып барады. Ежелден асықпайтын қазақы мінезімізбен қарттарымыз жалған дүниеден бақи дүниеге аттанып бара жатқанда сол кісілердің әңгімесін көзі тірісінде неге жазып алмадық деп өкініп, сан соғып қалып жатамыз. Уақыт өте келе өкінішіміз сап тыйылып, баяғы жайбарақаттығымызға қайта басамыз. Шөптібай Байділдин ағамыз осы олқылықтың орнын толтырып, өз естігендерін жадына түйіп қана қоймай мерзімді баспасөз бетінде жариялап келеді. Әрине, баспаға ұсынған дүниелердің бәрі бірдей және толық нұсқасында жарық көре бермейді, оның өз заңдылығы бар, күзеледі, қырқылады, қысқарады. Шөптібай ағаның мақалаларын газет беттерінен анда-санда оқып жүргеніммен, сусынымыз қанбай жүретін еді. Бірде осы мақалалардың қолжазбасымен танысудың сәті түсті. Өз ісіне әрқашан тиянақты ағамыз қолжазбасына да мәтқақам екен, папкаға салып жиып жүреді екен. Қалыңдығы бір томдай болатын қолжазба папканы бас алмай оқып шықтым. Елдің, жердің тарихына қатысты біраз тың деректерге ұшырастым. Оқып болған соң, ағамызға осылардың басын біріктіріп неге кітап қып шығармайсыз деген өтініш айттым. Енді ол өтініштің де реті келіп ағамыздың мақалалары жинақ болып шыққалы отыр екен, сәтті болсын деп тілейміз. Бұл кітап үшін Торғай жұртынан алдымен сүйінші сұрағым келіп отырғанын да жасырмаймын.

Жаһандану заманында әдебиет тұйыққа тірелді, кітап оқылмайды деп байбалам салып жатамыз. Рас, қазіргі заманда жастардың кітаптан гөрі теледидар, интернет сияқты басқа ақпарат көздеріне бет бұрып кеткені шындық. Бірақ, соларды қызықтырып, баурап алып кететіндей кітаптар жаза алып жүрміз бе? Неге Гарри Поттер туралы романдар әлемнің барлық елдерінде миллиондаған данамен басылып, әп-сәтте таралып кетіп жатыр? Әлде жарнама жетіспей ме? Жоқ! Жақсы шығарма жазатындардың кітаптарын шығаруға қаржысы жоқ, ал, қаржысы барлардың шығарған кітабын ешкім оқымайды. Қазір бұрынғы партократтардың барлығы жаппай кітап жазғыш боп кетті. Олардың қалай шен алғаны, шекпен алғаны, сарай ақындарының оларға арнаған одалары, кезінде есесі кеткен адамдарын қаралау, күйелеулері жазылған мемуарсымақтары қанша жерден қымбат қағазға басылып, алтынмен апталып, күміспен күптелгенімен кітап сөресінің сәнін келтіргеннен басқа берері жоқ. Кезінде халық қазынасын қалай ішіп-жегенін, талан-таражға салғанын ашып жазса, олардың кітаптары әлдеқайда өтімдірек болар еді.

Шөптібай Байділдиннің кейіпкерлері әралуан. Оның арасында ақын да, батыр да, бай-бағлан да, би-шешен де, аңшы да, жүргізуші де, шахтер да, малшы да бар. Бірақ осы әралуан кейіпкерлерді тоғыстыратын бір нәрсе

бар. Ол - ел мен жер. Шөкеңнің қай мақаласын алсақ та, мейлі кім туралы жазсын ел мен жер мәселесіне келіп тіреледі. Торғай тарихы заманнан да, адамнан да көп қорлық пен зорлық көрген тарих. Сол тарихтың ақтаңдақ беттерінің орнын толтыруда Шөптібай ағамыздың танымдық, тарихи мақалаларының мәні зор. Ол «Тарихымызды түгендейік», «Кенесары ханның қазасы жайлы аңыз бен ақиқат», «Комиссар Сұлтан Бектасов кім?», «Кейкі батыр Жалаулыда жатыр», «Кейкі батыр неге елеусіз?» т.б. тарихи тақырыпқа жазылған мақалаларында Торғай тарихының бұрмаланған жерлерін дәл көрсетіп ашына жазады. «Бабамнан қалған киелі ағаш табақ», «Шебер, ұста, зергер Сейітқасым Жамбылұлы туралы бір үзік сыр» мақалаларында өз ата-бабаларының, яғни Торғайдағы төре тұқымдарының Кеңес өкіметінен көрген қуғын-сүргіндері мен зорлық-зомбылықтарын суреттейді. Оның Торғай бойындағы әулиелер мен дін қайраткерлері, мешіттер, архитектуралық ескерткіштер туралы жазған мақалаларында Торғай өңіріндегі ислам дінінің таралуы жайында құнды деректер молынан ұшырасады. Жеңістің 65 жылдығына арналған мақалалар топтамасы өз алдына бір төбе. Аңшылық, малшылық турасындағы мақалалардан қазіргі жастардың алатын тәлім-тәрбиесі мен үлгі-өнегесі жетерлік. Кеңес заманының қуғынын көрген Шіменбай Әлшорин жайлы жазылған «Жазықсыз жапа шеккен» атты мақаласы мен шахтер Жанұзақ Омарұлының тағдыры туралы жазған «Елеусіз өткен бір бейне» мақаласында кешегі кеңестік жүйенің ащы запыраны жатыр. Қанша жүректе шемен боп қатқан шерді Шөптібай ағамыз шебер тарқата білген.

Қорыта айтқанда, Шөптібай Байділдин ел туралы, жер туралы, ер туралы көсемсөздері арқылы ауыл публицистикасы жанрын жаңа сатыға көтерді деп толық сеніммен айтуға болады. Өресі биік, өзекті тақырыпты сөз еткен өнегелі кітаптар көбейе бергей!

*Айбек Қалиев,
айтыскер ақын,
филология ғылымдарының
кандидаты, доцент.*

I тарау

ТАНЫМДЫҚ-ТАРИХИ МАҚАЛАЛАР

ҰЛЫЛАРҒА МЕКЕН БОЛҒАН ҰЛЫ ЖЫЛАНШЫҚ

Арқа төсіндегі Ұлы Жыланшық аты ауызға ілігіп, ойға оралса, ұлы Даланың бір бөлігі - белес-белес сар жазық даласы көз алдына елестейді. Бастауын Қазақ мемлекетінің түп-қазығы, кіндігі - Ұлытаудан бастайтын Ұлы Жыланшық, Шығырлы, Терісбұтақ, Дулығалы болып тарамдалып кешегі Бектас байдың балалары Бірәлі, Сейіткерей қыстауынан өте қосылып, Ұлы Арна Рахмет бай ауылынан өте Ақкөлге беттеген сайын аңғарын кеңейте, суын тереңдетіп, Сырлытамнан оралып, киелі Аханның қасиетті Ақкөліне құяды. Осы ұзындығы 350 шақырымның бедеріндегі өзеннің тарихтан алар орны аса ерекше. Неге екенін қайдам, кім болса да осы өлкеге ат басын бұрғысы келіп тұрады. Кешегі жақсылар мен жайсаңдарға пана болған киелі аймақта бүгінде ел жоқ. Осы елсіз мекен үнемі өзіне тартады. Байлар мен қолы бостарды аң мен балығы қызықтырса, біз сияқты елдің тарихына үңілген азаматтарды сол өлкенің өткені қызықтырады анық. Әйгілі Шыңғысхан, Жошы хан, Алаша хан, Едіге би, Ақсақ Темір, Тоқтамыс хан, берісі Абылай хан, Қайып хан, Кенесары хан, Сыздық сұлтан осы өлкеге ат басын бұрған.

Кешегі Әбдіғапар хан Жанбосынұлы, Әліби Жанкелдин, Аманкелді Иманов, Кейкі (Нұрмағанбет) Көкембайұлы осы өлкеде туды, өсті, дүниеден озды.

Халықты осы жерде 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне ұйымдастырып, Бердікей ишан әулеттерінен бата алып, Шыңғыс төреге ту көтертіп, (Ту біздің әулетте сақталған Ш.Б.), Аллалап атқа қонған жер осы. Өкінішке орай бұл тарихи шындық көп айтыла бермейді.

Бұрынғы Қайдауыл болысы, кейінгі "Родник" совхозы (орталығы Рахмет -ауылы, кейін Жыланшық кеңшары болып өзгерді) көлемінде Әбдіғапар ханның "Көкөлеңде" қызыл кірпіштен салынған үлкен мешіті болды. Әбдіғапар ханды "Зәуре" қопасы жағасында қызылдар атып өлтірді.

Торғай өлкесінің төтенше комиссары, Лениннен мандат алған Әліби Жанкелдин де Рахмет ауылынан оңтүстікке қарай 120 шақырым жердегі

Әліби деген жерде туған. Осы кісінің құрметіне Жыланшықтың арғы бетінен Жанкелдин совхозы орнады.

Әліби 1953 жылы Алматыда дүниеден озды.

Халық батыры Аманкелді Иманов Балық қарасуында туып, Торғайда алашордашылар қолынан оққа ұшты. Торғайдың Партизан сайында елеусіз беті жабылған батырдың денесін өз отаны - Жыланшықтағы ата қорымы Аманкелді-Жыланшық қара жолының бойындағы Бегімбет Ала көлі қорымына екінші рет жерлеген. Атақты Кейкі батыр Рахмет ауылынан Арқалық қаласына қарай 25 шақырым жердегі Байтума қопасы жағасында туып, Рахмет ауылынан 5 шақырым шығысқа қарай Жалаулы өзені бойындағы Ожан (ру аты) Сүтемгеннің Жәкенінің үйінде Қызылдар қолынан оққа ұшты.

Қарап отырсаңыз, осы жерде туып, осы киелі жерде дүниеден озды.

Бұл кездейсоқ сәйкестік пе, әлде Ұлы Жаратушының құдіреті, шапағаты ма? Алуан сұрақ ойға оралады. Халқымыздың тәуелсіздігі мен бостандығы үшін басын бәйгеге тігіп, атқа қонған арыс азаматтар кебіні жоқ, көрі жоқ, ақ жуып аруланбай, мұсылманша жаназасы шығарылмай, намазы оқылмай, жер қойнына берілді. Бүгінгі ұрпақ бұл кісілердің тағдыры жайлы жете біле бермейді.

Қысқаша деректерді кітаптан алып қанағаттанады. Тыңдаңыз оқырман, осы кісілер тағдырына қайта оралып, бір сәт тарих тереңіне үңіліп көрейікші.

Кешегі ұлт-азаттық көтерілістің басшысы, рухани көсемі, хан дегеннен Әмір деген атты жөн көрген Әбдіғапар хан Жанбосынұлының жаз жайлауындағы өзі салдырған мешітінен 10 шақырым жердегі Зәуре қопасындағы киіз үйіне кешегі сыйласқан достары түсіп, ақ дастарханынан адал асын ішіп, аттанарда ханды далаға шығарып атып кеткен.

Сол көтеріліс көсемінің қаны тамған жерінде ескерткіш белгі қойылған жоқ. Әрине ескерткіш болуы керек еді.

Ардагер Аманкелді батырдың тағдыры да өте аянышты. Торғайда жасырын атылып, елеусіз жерге денесі жасырынса, кейіннен ағайындары бас сүйегінен танып асыл денесін туған отаны - Бегімбет Ала көліне көшірді, одан тұрақтатпай ауданындағы үлкен қорымға, одан "Шұғыла" кинотеатры алдындағы өз ескерткіші алдына төртінші рет жерленді. Осы аяулы азаматтың да денесін арулап, өзіне арнап кесене салып, мәңгілікке жер қойнауына тапсырар уақыт жетті.

Батырға тиер пайдасы жоқ орынсыз шығын той томалақ өткізгенше, батырды арулап қайта жаңа, таза жерге жерлеу парыз. Әзірге ескерер басшы, естір құлақ, елер елі болмай отыр. Хас батыр, құралайды көзге атқан сұр мерген Кейкі батырдың тағдыры бұлардан да қиын.

Кейкі батырды тірісінде көп адам түсіне бермеді, кәзірде көп жағдайды түсіне бермеуі мүмкін. сыры ашылмаған жұмбақ адам. Алдымен аруақты діндар, ақын адам. Өмірі ат үстінде салауат айтумен өтті. Елді тәуелсіздікке, бірлікке, бостандыққа шақырды. Ешкімге тәуелді болғысы келмеді. Еркіндікті, ерлікті аңсады. Сондықтан да кісіге, қоғамға

тәуелділіктен қашты. Көктегі қыранша, жердегі арланша еркін өмір сүруді қалады. Бірақ... Тағдыры тәлкекке түсіп, қайда барсада өзін жау көрген жазалаушы топтан қашқан есіл ер отанынан пана таппай, жанын шүберекке түйіп, кімнің дос, кімнің қас екенін ажырата алмай, өмірінде алысумен, арпалысумен үнемі жортыуылдарда жүріп, ағайынның теріс үгітінен, сатқындығынан оққа ұшты. Дос дегені дұшпан болды, жолдас дегені жау болды. Бірі қоғамға өмірге аралас десе, бірі кері үгіттеді. Осындай түйіні қиын заманда өмір сүруі, бүгінге дейін жүрген жолы, жасаған қызметі, атқарған ісі халық үшін төккен тері нақты арнаға түспеген, жұмбақ адам. Жек көргендері бас бұзар банды десе, еңбегін білетіндер, көзкөрген тұстастары теңдессіз батырлығын тамсана айтады. Тіпті туған жылы мен қайтқан жылы да әртүрлі айтылады. Күн өткен сайын хас батырдың биік тұлғасы айқындалып келеді. Халқының құрметі мен батырға деген ілтипаты арта түсуде. Тіпті өз қандасы емес, басқа ұлт өкілі әйел-ана Елена Семеновна Цвентух атты кісінің елдің, жердің тарихына құрметпен қарап, өліге Құран, тіріге құрмет жасауы, біздің ер азаматтар атқармаған, атқара алмаған іске мұрындық болып Торғай өлкесіндегі әулие, киелі бабаларымызды аралап, ескерткіш таспаға түсіріп, аруаққа тәу етуі өте құптарлық бастама болып тұр. Міне осы кісінің бастамасымен Кейкі батырдың асыл денесі жерленген жұмбақ жерге бет алдық.

Жолда Иман батырдың немересі, Балықұлы Көшімбек бабамыздың басына тоқтап, Құран бағыштадық. Көшімбек 1850 жылы туып, 1925 жылы қайтыс болған. Қызыл кірпіштен салынған сегіз қырлы күмбез тамның көркі көз тартады. Аздап мүжілген жері болмаса, кеше салынғандай. Қабырғасының еш жерінде сызат жоқ.

Ішкі оң жақ қабырға арасынан жоғары көтерілетін баспалдақ та күні кешегідей. Шебердің терең білімділігіне таң қаласың. Жерден 1 метр биіктік шамасында кесене қабырғасына жағалай жарты кірпіш көлемінде ауа тартатын арнаулы тесік қалдырған. Ол арқылы қысы-жазы ауа айналып, кесенені дымқыл тартпай тұр. Кесене мандайшасына қызыл кірпішке арабша жазылған, оны оқи алмадық.

"Ендігі ойдың" қырына көтеріле Аманкелді батыр екінші рет жерлеген жерге тоқтап, Құран бағыштадық. 1996 жылы арнайы белгі қойылған. Манайы толы - қорымдар.

Түс ауа Кейкі батыр жерленген Жалаулы бойына да жеттік.

Терең сайдың қапталында Кейкі батырға, әйелі Ақжан Байшорақызына, інісі Түскен Оспанұлына арналған темір шарбақ пен құлпытас тұр. Құлпытаста "Кейкі 1921 жылы сәуір айында қайтты" деп жазылған. 1996 жылы қосымша ескерткіш тақта қойылған.

Көптен қараусыз болғандықтан ба, жанадан қойылған ескерткіштің алды мен үсіне құс ұя салған. Алғашқыда құстың ұясын бұзуды ойласақ, кейін бұл райымыздан тез қайттық. Біздің қолымыздан келмеген ескерткіш белгіні құс салып жатырау деген ащы да болса шындық көкейге орала берді.

Кейкі батырдың соңғы демі шыққан үйдің орнын көрдік, кадамдап өлшедік. Өте үлкен үй. Ұзындығы 30, ені 9 кадам. 1963 жылы осы үйде жатып, бөлімше шопандарының қойын қырыққанбыз. Үй бертінде бұзылды. Иә, осы көзден таса ойда тұрған жалғыз үйде хас батыр атысып өмірден озды. Кебіні жоқ, көрі жоқ жер қойнауына өтті. Басқадан емес, кеше атқа бірге қонған, тәуелсіздікке жеткіземіз деген мүдделес, одақтас өз қызылдарының қолынан өлді. Көз алдыға батырдың қилы тағдыры, бүгінгі елеусіз елсізде қалуы ойға орала береді.

Бір үміт бар - ол халқының батырын естен шығармауы, бейнесін жасауға талпынуы, ұрпағының бабаға құрметі, денесі жерленеді деген үмітпен Тастыда кесене тұрғызуы, қала басшылығының хас батырды аялап, ортаға қайта оралуына атсалысуы. Иә, біз де үнсіз қоштасып, қайран батырдың асыл денесін қай жусанды төбе жасырып тұр екен деген жұмбақ тағдырға жауап таба алмай, қаламызға қинала аттандық.

КЕНЕСАРЫ ХАННЫҢ ҚАЗАСЫ ЖАЙЛЫ АҢЫЗ БЕН АҚИҚАТ

(Ертеде қарттар батыр өлімі жайлы айтып отыратын әңгімелер)

Хан Кененің қайғылы қазасы жайлы әртүрлі тақырыпта қалам тартып болжам жасаған тарихшылар көп. Әрқайсысы әртүрлі болжам айтады. Нақты дерек, дұрыс жүйе жоқ. Болмаса ерте замандағы оқиға емес күні кеше болған жағдай емес пе?

Кенесары ханның жанында болған батырлар, туыстары, балаларынан уақтылы ешкім дерек жинамағаны анық. Ел ішіндегі қарттар айтып отыратын ауыздан-ауызға жатталған аңыздар аз емес. Енді соған тоқталайық.

Қырғыз халқымен араздық. Наурызбай батырдың “Топжарған” атты тұлпарын ұрлаудан басталған. Жан жары Қаншайым сұлу жыл болмай дүниеден озған кезеңде қайғылы Науанның тұлпарын қырғыздар ұрлаған. Ұрыны қуып Наурызбай оның соңынан Кенесары қозғалған деген болжам бар. Қырғыздардың тауға шығып соғыс ашуы қазақ сарбаздарына қиыншылық келтіреді. Қазақ аттары тауға үйренбеген алға жылжу қиындайды. Осындай соғыстың қиын кезеңінде Кенесары хан өзі бас болып таудағы жасаққа қарсы ұмтылып тауға өрлеп соғысады.

Соғыс қызған шақта ханның астындағы ағауыз аттың /кейде қызыл ауыз дейді/ алдыңғы өмілдірілігі үзіліп кетіп Кене хан ерімен аттан сыпырылып түсіп қалады.

Жанындағы батырлар аттан түсіп тақсыр мініңіз деп атын ұсынса Кене хан Алла аттан бір түсірді, енді қайтып мінбеймін деп қасарып мінбей қояды. Батырлар ханды қорғап оққа ұшады. Ақырында хан қолға түсіп, жау қолында кетеді.

Кенесары ханды орталарына апарған соң қырғыздың жақсылары ақылдасып қой соғысты әрі қарай өршітпей “Хан талау” жасап босатамыз деп уәделесіп отырғанда Кенесарыны іздеп жалғыз Наурызбай батыр жеткен. Сонда әттегенай біттік-ау деп хан Кене бармағын шайнап тастаған екен дейді.

Наурызбайдың соңын ала Иман, Төлебай, батырлар және ондаған әскер басылары қолға түседі.

Кенесары хан қолға түскенде артында қалған қырық батырдан, қырық батырға балайтын Наурызбайдан қаптаған қалың қолдан қаймыққан қырғыздар Наурызбай қолға түсті деген сөзді естіген соң Кене ханды өлтіруді дұрыс санайды. Көтерілісті бастаған ағайынды екі төре қолға түскен соң қырық ұрулы қазақ әр қайсысы өз тобын ертіп еліне қайтады басы бірігіп соғыс ашпайды деп шешеді.

Кенесарыны ортаға шығарып найзамен шаншып жоғары көтеріп А! Төрем қалай екен деген. Сонда найзаға шаншылып тұрған Кенесары хан: «Атаңа нәлет ит қырғыз қарашы әлі де сендерден жоғары тұрған жоқпын ба» деген екен Қайсар хан.

Кенесары ханды өлтіреді, қолға түскен батырларды жеке-жеке түрмеге қамайды. Батырлардың ішінен Наурызбай батырды іздейді. Сол кезде Наурызбай жиырма бес жаста екен. Қайсысынан сұрасада мен Наурызбаймын деп батырды қорғайды.

Амалы таусылған қырғыздар Наурызбай туралы мінез-құлқы, ішетін тамағы әдеті жайлы дерек іздестіреді. Біреулер Наурызбай су ішіп көрмеген екен. Үнемі нөкерлер жанында сусынын алып жүрген деген дерек жетеді. Тұтқында жатқан батырларға тұзы көп, ащы тамақ беріп әбден шөлдетеді. Сосын тегеш аяққа толтырып су құйып, ішіне бір білем қойдың құйрығын салып әр батырға жеке-жеке ұсынады. Әр батырдың қылығын бақылайды. Шөлдеп тарыққан батырлар суға басты қойып ішіп қояды да, Наурызбай тегеш аяқтағы суды ішпей ішіндегі білем құйрықты демімен өбіп ішке тартса, құйрық аузына түспей аяқты айналып кетеді екен. Сонда Науан батыр атаңа нәлет “тепкенде кетпеген май, өпкенде келмеуін қарашы деп” аяқты теуіп жіберіп суды төккен. Манадан жасырын тесіктен бақылап тұрған қырғыздың ақылғой қарты: «қарағым міне Наурызбай батыр» депті. Наурызбай батырды тірі қалдырып қалған батырларды бауыздатып тастаған.

Науан батырға тұтқыннан еркіндік беріп, жиын-той, қызойнақ ұйымдастырып ішке тартады. Қайратты батырдан ұрпақ алу жолдарында қарастырады. Ешқандай сөзге илікпей тәтемнен жаным артық емес деп аштан (тамақ ішпей) өлген екен дейді қариялар.

Бұл кісі Ұлы Қаһан Шыңғысханның 21-ші ұрпағы еді.

НАУРЫЗБАЙ БАТЫРДЫҢ ТӨЛЕК ЖӘУКЕ БАТЫРДЫ СӨЗДЕН ҮШ РЕТ ТОСУЫ

Төре Наурызбай батырмен Төлек Жәуке батыр түйдей құрдас, сыйлас, сырлас дос адамдар екен. Жаудада, жай кездеде бірге жүріп бірге тұратын бірге ойнап күлетін ажыраспас азаматтар болған.

Әскери дайындық кезінде Кенесары ханның қырық батыры жеке жерде дайындалады екен. Бір күні сол дайындық ішінде Жәуке батыр болмай шығады. Наурызбай әркімнен сұрастырса ешкім білмейтін болып шығады. Ел арасында Жәукенің Наурызбайдың қарындасымен жақындығы бар деген сөз тарайды. Сол сөз қамшы болып Наурызбай шауып қарындасының ауылына келсе кермеде байлаулы тұрған Жәукенің атын көреді. Ол кезде үйге кірмей сырттан “сөйлес” дейді екен. Наурызбай ат үстінен сөйлес десе қарындасы шығады. Үйде кім бар десе көке өзіміз ғой деген. Наурызбай бұрылып кетіп отырады. Жәукенің бар екенін сезеді.

Арада біршама уақыт өтеді. Бірде Бас батыр Ағыбай әскери дайындық кезінде Наурызбай мен Жәукені найзаласуға шығарады. Жаттығу шарты бойынша екі батыр бірінің дулығасын бірі найзамен қағып түсіру қажет. Бір-біріне найза төсеп қарсы ағып келгенде Наурызбайдың басындағы дулығасын көздеп келе жатқан Жәуке батыр найзасын Наурызбайдың жүрек тұсына түсіріп жіберген. Қас-қағым сәтте көз ілеспес шапшаңдықпен Наурызбай өз найзасын Жәуке дулығасына төсеп, Жәуке найзасын қағып үлгерген. Ағып өтіп кетіп ат басын тартып қайта келгенде Наурызбай батыр тұрып: «Ай, Жәуке досым! Бұның қалай? Сен жаңағы жерде мені өлімге байлап жібердің ғой. Басқа батыр болғанда найзанды қағып үлгере алмай мерт болар еді» деген екен. Сол кезде Жәуке аттан қарғып түсіп: «Батыр кешір менен бір қате болды. Осы дайындық үстінде сені өлтіріп жіберу ойымда болып еді. Себебі өткенде қарындасыңа барғанымды көрген соң бір күн болмаса бір күн өлтірер деп дайындықта өлтірсем “шейт” деп құн сұрамас деген едім» деп қатты қапаланған екен. Сонда Наурызбай тұрып: «Ай Жәуке ай! мына күнде соғыс болып тұрған заманда екеуміз өліп кетсек, сол қызды жауда әкетпей ме сен жау ма едің» деген. Сөзден Жәуке қатты тосылып отырып қалған.

* * *

Кенесары хан бастаған көтерілісшілер Сыр бойына қарай көшеді. Көш алдында жеке топ-топ болып батырлар жүреді.

Наурызбай мен Жәуке Сыр бойында отырған бір ауылға келеді. Келсе ауыл қаралы. Алыс шөлден көшіп келіп алдындағы нар қамыс өскен судан өтейін десе, адамға шабатын жолбарыс жолдарын бөгеген. Кеше бір

азамат барып мерт болған. Бүгін бір азамат жолбарысқа таланып жан тапсырған алға жылжуға мына тосқауыл, кейін шегінуге сусыз бірнеше күндік жол.

Көшкен ауыл тығырыққа тірелген. Осы жағдайды естіген Наурызбай жүр Жәуке жолбарысқа барамыз дейді. Көш басшысы қария – қарағым мерт боласындар деген ескертуін тыңдамай екі батыр жолбарыс жатқан нар қамысқа беттейді. Алда Наурызбай артта Жәуке.

Межелі жерге жақындағанда Наурызбай Жәукеге бұрылып, ал Жәуке алға түс дейді. Жәуке жоқ түспеймін деп айта алмайды. Наурызбайдың өзінен қарындасы үшін кек алмаққа жасаған айласы деп түсінеді. Кәзір алдағы жолбарыс маған атылғанда Наурызбай сыртта тұрып атып алады. Сөйтіп меніде өлтіреді, жолбарыстыда олжалайды деген ой келеді. Батыр намысқа шауып үндемей алға жылжи береді.

Бір кезде қапылыстан жолбарыс алдағы Жәуке батырға емес арттағы Наурызбайға атылады. Науан батыр жолбарысты денесіне тигізбей шауып түсіреді. Басын кесіп қанжығаға байлап манағы ауылға қайта қайтады. Жолда келе жатып Жәуке әзілдейді. Ай! Төрем сасайын дедің-ау! Жолбарыстан қорқып біресе алдыма, біресе артыма шықтың ғой, мені өлімге байладың деп әзіл айтқан. Сонда Наурызбай тұрып Ай! Жәуке-ай! Асыл асылға шабады. Асыл болсаң жолбарыс саған неге шаппады. Сені жан демей, менен қорыққаннан маған шапқан жоқпа деген екен.

Сен егер менің артымда жүрсең жолбарыс маған шабады деп ойлап келе жатқаныңда сені алып түсетін еді. Азулы аң қашанда алдыңғыға шаппайды, артқыға шабады. Бұл жолы сені өлімнен мен құтқардым достым деген екен Науан батыр. Осылай екінші рет сөзден тосқан.

* * *

Қырғызбен арада соғыс жүріп жатқан кезде жансыздар /барлаушылар/ шатқалда бір жағы құлама құз, бір жағы биік тау жартасты жалғыз аяқ жолы бар, жаудың топ мергені сол жерде тұратынын анықтайды. Оларды қолға түсіру жолы ойластырылады.

Кезекті шабуылға шыққанда Наурызбай мен Жәуке батыр үзеңгі түйістіріп қатар шабады екен де, жауды жарып отырады. Ал артындағы қалың қол бұларға екі бүйір мен арттан оқ тигіздірмей қорғайды. Осылай екеуі қатар шабуылдап тауға өрлеп келе жатқанда екі ат қатар сыймайтын құзға тап болады.

Осы кезде Наурызбай батыр атының басын тежеп Жәуке батырды жалғыз аяқ жолға салып жібереді. Батыр амалсыз алға түсіп жан-жағына қараса қыя жартаста тасаланып отырған қырғыздың садақшы мергенін көреді. Шіреніп садақты өзіне тартқалы тұрған мергенге Жәуке Әй! Сен мені атасың, ал ананы қайтесің деп артындағы Наурызбайды меңзейді. Сол кезде арттағы Науан мергенді қағып түсірген екен.

Жаудан олжалы оралған батырлар арасынан Жәуке Наурызбайға Әй төрем ай! Мана сен мені садаққа байлап өлімге тіктің ау дейді. Сонда Науан батыр айтқан екен: Досым-ай! Тар жерде жол табатыныңды біліп сені алға салып едім. Егер сен ана қырғызға әй сен мені атасың, ал ананы қайтесің дегенде өліп едің ғой депті. Осындай тар жерде ақыл табатының жаныңды сақтады. Ал мен болсам оған ешнәрсе айта алмауым бек мүмкүн еді ғой деген екен Батыр Науан.

Наурызбай батыр әрі құрдасы, әрі досы Жәуке батырды қатты құрметтеп, ерлігін бағалап, Жәкем біледі деп басшы санап отырған.

СЫЗДЫҚ СҰЛТАННЫҢ ҰЛЫ ЖЫЛАНШЫҚҚА КЕЛУІ

Ұлы Абылай ханның шөбересі, Қасымханның немересі, Кенесары ханның бел баласы Сыздық Сұлтан қартайған шағында Бабасы ту тіккен, әкесі азаттық туын көтерген Ұлытауды, Ұлы Жыланшық бойындағы ағайындарды аралаған екен.

Жолы түсіп Жыланшық бойындағы “Асат” деген жердегі Тобағабыл деген елге сыйлы дәулетті кісінің үйіне түседі. Сұлтаннның елге келгенін естіген алыс-жақындағы ағайын сәлем беруге жиналады. Әр қайсысы әр түрлі сұрақтар қояды. Соғысканы туралы, жалғыз көзді дәуді қалай жеңгені туралы, түрлі аңызға ұқсас сұрақтармен мазалайды. Сыздық Сұлтан қойған сұрақтарды үнсіз тыңдап тіс жарып жауап қатпайды. Жиналған ағайын берген сұрақтарына жауап ала алмай тосылып қалады. Сол кезде үй иесі Тобағабыл Сыздық сұлтанға бұрылып: - Төрем! Не көрдің? Не естідің? Не білдің? деген екен. Сонда барып Сыздық өзінің басынан өткізген қыйлы тарихын, көрген білгенін, естігендерін айтқан екен дейді. Көне көз қариялар.

Ескерту: “Асат” қоныс орны “Рахмет” ауылынан 7-8 шақырымдай Жыланшық бойында жоғары (“Ұлытауға”) қарай.

КӨТЕРШІЛШІЛЕР БАТА АЛҒАН КИЕЛІ МЕШІТ

Ұлы Жыланшық бойын ғасырлар бойы жайлаған байлар мен бектер, діндарлар мен тахуалар талай тарихи орындарды салдырып, халықтың игілігіне пайдалануға берген. Соның бірі де, бірегейі Жыланшық өзенінің бастауындағы бір саласы «Дулығалы» бойына салынған киелі қызыл мешіт. Халық Дулығалы мешіті деп те, Бердікей ишан мешіті деп те, Қызыл мешіт деп те атайды. Осы киелі өңірді ғасырлар бойы Бердікей руынан шыққан ишандар әулеті мен Бегімбет рулары мекен еткен.

Кешегі ХІХ-ғасырдағы Торғай облысының Қайдауыл болысына караған осы өңірді Аманкелді, Кейкі, Әбдіғапар, Әлібилер мекендеген.

Бабаларымыз азаттық жолында атқа қонғанда, елді жинап үлкен зиялы қауымнан, ел ағаларынан бата алғаны анық.

Сондай бабамыздың бірі – Аманкелді Үдербайұлы Имановтың Кейкі Көкенбайұлының бата алған киелі орындарының бірі Бердікей ишан мешіті деп аталып жүр.

Осы Бердікей ишан мешіті туралы, ондағы Арыстанбайұлы Құлмұхаммед ишан кесенесіндегі батырға батаға арнап сойылған арқардың басындай үлкен қошқардың басы осы уақытқа дейін сақтаулы екенін көпшілік біле бермейді. Осы ұлт-азаттық көтерілісшілеріне арнап сойылған қошқардың басы жайлы дерек сол Бердікей әулетінен шыққан сауатты кемеңгер қарт Қалиев Қожа, Ұлытау өңірінен шыққан түбі ырғыздық жазушы Қуаныш Ахметов еңбектерінде кездеседі.

Мен өзім сол жерге 2003 жылы барып, кесене ішіндегі басты көрген адаммын. (Шөбтібай Байдилдин.

Осы киелі орынға шығарда ағаттық жібердік. Асығыстық жасап бүгін ана жерге жетеміз, ертең анда барамыз деген ағат ойымыз жүзеге аспай, ауылдан шығарда мал шалып құдайы бермей, әрі жолға сәрсенбіде шықпай, жексенбіде шығуымыз, жолда азап көрсетті. Жолға шығып машина сынып, қайтып ауылға келдік. Жолда батпаққа батып, үш күн жүрдік, далаға түнедік, ақыры мешітке бейсенбіде жеттік.

Қатты жаңбырдан Дулығалы өзені тасып кетіп судан тоғып өттік.

Бата оқуға келген адамдар бізді көріп кідіріп тұр екен. Мешіт алдында отыз шақты адам бізді күтіп алды. Олар Қазі ишанның қайтыс болғанына жиырма жыл толуына орай жиналған ағайындары, дені Байқоңырдан келген екен. Ішінде Құлмұхаммед ишанның қызы, Қазі ишанның балалары, немерелері, мешітті зерттеп жүрген ғалым қарындасымыз да бар екен. Амандықтан кейін Құлмұхаммед ишан кесенесіне келдік. Кесене Жошы хан кесенесі жобасымен салынған оюлы, аят жазылған, өте көрнекті екен. Ішке кіргенде байқадым, есіктің жоғарғы маңдайында және соның қарсы бетінде үлкен көмкерілген ою тұр да, соның ортасына екеуіне бірдей бір деңгейде қарлығаш ұя салған.

Кейін далаға шыққанда Құлмұхаммед ишанның қызынан ұя кашаннан бері тұр деп сұрағанымда, сексеннен асқан кейуана «Қарағым, бұл ұялар менің бала кезімде бар еді» - деп жауап берді.

Кесене іші өте кең, жағалай адам отыратын кесек орындық жасалған. Төрдегі дене топырақ үстіндегі ерекше үлкен бас көзге ұрып тұр.

Бүгінде сол қошқардың басы аппақ қалпында мүйізімен тұтастай кесене ішіндегі төрде Құлмұхаммед ишан дене топырағы үстінде тұр. Ишанның дене топырағы бірнеше қабат ақ матамен жабылғын. Батыр бабамыз Бердікей ишан әулетімен ерте араласқан.

Әрі осы әулетке жиен, ауылы аралас көрші отырған ел. Аманкелдінің туған жері сол мешіттің дәл жанында Балық қара суы.

Бір көрген адамға арқардың басындай боп көрінген үлкен бас батырға, оған ерген ұлт-азаттық көтерілісіне қатысушыларға бата бергенде елден таңдап сойылған қошқардың басы екені даусыз.

Кесене ішіндегі Құлмұхаммед ишан дене топырағы үстінде солдан оңға қарай қошқардың 2 басы, киіктің 2 басы мүйіздерімен сақталған. Күні кеше қойғандай еш жері мүжілмей, шірімей, қараймай, аппақ күйінде 97 жыл бойы (2003) тұруы да ұлы құдіреттің амалы демеске шараң жоқ.

Алдымен осы киелі әулет – Бердікей ишандар жайлы айтар болсақ: Бердікей ишаннан – Дәулетбай, одан Өтеулі – Берсүгір – Арыстанбай – одан

Бірмағанбет, Құлмұхаммед. Бірмағанбет ишаннан: Құлмұхаммед, Әбдірайым, Әбдірахман, Сейітмағанбет, Әбдіғапар туады. Әбдірайым ишаннан Қазии ишан туады. Қазии ишан осы жердегі мешітте 1943-1983 жылдарда шырақшы болған. Үйі бүгінде жабулы бос тұр.

Жоғарыда айтылған Арыстанбай ишаннан Құлмұхаммед 1852 жылы туған. Он бір жасында ұйқыдан «оқу-оқу» деп тұрған екен дейді. Кірішілерге еріп 11 жасында оқу іздеп кетіп, 27 жасында елге оралған. Бұхарда, Араб, Мысыр, Шам, Бағдад елдерінде оқыған діни сауатты, шебер кісі болған.

Осы Дулығалы бойындағы тоғыз күмбезді мешітті Құлмұхаммед ишан 1902 жылы салдырған. Мешіттің жобасын, кесектерін дайындауын, құйылуын Түркістанға барып үйреніп келіп, қалыптарын өзі жасаған. Қызыл күйдірілген кесектерде оннан аса ою түрі, аяттар болған. Мешіттің төбесі ешқандай ағашсыз кірпіштен тоғыз күмбез болып өріліп шыққан. Ортадағы үлкен күмбез астында жалғыз тіреу болған.

Ғимарат Бұқара үлгісімен салынған. Намаз оқып, дәрет алатын, жайнамаз, киім ілетін және кітапхана болған. Онда арбша, парсыша, шағатайша, орысша кітаптар қойылған.

Мешіттен кейін оюлы қызыл кірпіштен 24 бөлмелі медресе салдырған. Медресенің төбесін жабуға ағашты Аманқарағайдан тасытқан.

Мешіт пен медресе жұмысы 1929 жылы ишандар әулетін қудалау кезінде тоқтаған.

Ишандар елден қашып, Қызылордаға тақаған жерде алдынан әскерилер шығып малын алып, жанын қырғынға ұшыратқан. 1934 жылы белсенділер мешітті бұзған. Олардың ішінен екі адам біреуі төбеден құлап, бірі жерде мертiгiп өлген.

Жоғарыда аталған Қазии ишан 1943 жылы осы киелі орынға көшіп келіп 1983 жылы ата-баба топырағында дүниеден озды. Ұрпақтары бұрынғы «Байқоңыр» совхозында тұрады. Баласының аты Мәлікзада.

Марқұм Қазии ишан орта бойлы, шағын денелі, елгезек қария еді. Қолынан талай дәм таттық. Көршілес «Родник» совхозына жиі келіп қарттармен көп араласатын. 1964 жылы Жезқазғанан Құллан Әбу

Қарақожин Кейкіге темір там мен Көктас әкеліп қойғанда осы кісі еріп келіп құран оқыған адам.

Бірде шайпаулау әжеміз Қазиишанға Ишеке! сіз бала өзі пішіледі деп ишара жасап едіңіз, бала пішілмеді деп ренжігені бар. Ишекең бәйбіше, асықпаңыз, Алла қаласа болады, болады деп шығарып салған күні бала пішіліп қалып, әжеміздің Қазидан кешірім сұрағаны бар.

Сол елге келген кездерінде мешітке Кеңес үкіметінің тарапынан жасалған қиянат жайлы қиналып айтып отыратын.

Өткен ғасырдың елуінші жылдары медресені қой қараға айналдырған белсенділер, кейінірек мешітке әкеліп бір табын ірі қара малды қамайды. Өздері Қазиишан үйіне түседі. Түнімен карта ойнап, арақ ішеді. Ишанның қарсылығына қарамайды. Амалы құрыған Қазиишан «қарақтарым, малдарың шығып кетпесін мешіттің есік-терезесін мықтап бекітіндер» дейді.

Таң ата манағы мешітке қамалған ірі-қара азан-қазан өкіреді. Барса, барлық мал құтырған, есік-терезені жұлып, сыртқа шығып бірін-бірі жарып өлтірген. Іште 8-9 бас қалған жарылып. Не керек, сол 80-90 бас ірі қара бірін-бірі қуып жүріп жарып өлтірген.

Осы оқиғадан кейін мешітке белсенділер жоламай, тыныштық орнаған.

Құлмұхаммед кіндігінен тараған 5 баласының бәрі де ишан болған екен. Ишандар әулеті, олардың ғажайып қасиеттері туралы ел арасында таралып кеткен әңгімелер өте көп. Қызыл мешіттегі жиында Рахмет болыс Сатыбалды ишанға құран оқу кезегін береді. «Сары ишан» атанған Әбдірахманның білімділігі мен мысы басымдылығы сондай, Сатыбалды ишан оның алдында құраннан жаңылып болмаған соң, Әбдірахман ишан үзіле берген жерден жалғастырып әкеткен, орынсыз қылық танытқанын сезінген Рахмет болыс үлкен басын кішірейтіп кешірім сұраған екен.

Құлмұхаммед ишанның немересі Қазиишанның ерекше қасиеттері болыпты. Қазиишан аязды күнде Торыбай байдың өзі құралпы кіші баласы Қиястың үйіне аялдамақ болады. Қияс қисық мінез танытып, қыңыр мінез көрсетіп, жақтырмаған кейіп білдірген соң Қазиишан түнделете үйге жетеді. Шаршап келген Қазиишан таң намазынан кейін көзі ілініп кеткен екен, әкесі Бірмағамбет ишан оятыпты. Жуынып келген Қазиишан босағада беті қисайып, мойны бұрылмай пұшайман болып отырған Қиясты көріп таң қалып: «Неге қыңырайып отырсың, бері қара!» деп иығынан қаққанда Қияс «Уһ!» деп тілге келіп, сонан кейін Қазидың алдынан қия өтпеген екен («Мысты өңір» газеті. 07.09.2007ж. Қ.Әбдурахитұлы). Құлмұхаммед ишанның кенже баласы Әбдірайым ишан кеңес дәуірінде аударыла көшкен жұртпен бірге оңтүстіктегі Шәуілдір елді мекенінде тұрақтап қалады. Сол жердегі қырманда күзетші болып, әйел, бала-шағасымен күндерін көріп жатады. Күзетші болып отырған қауқарсыз кішкентай сары шалды місе тұтпаған ұрылар қырымды тонамақшы болып, жақындай берсе, шал отырған жерден қырымды айнала биік сым тор пайда бола қалады. Күндіз сыртынан бақыласа қоршау жоқ Аң-таң болған қарақшылардың алдынан

келесі түні де сым қоршау пайда болады. Шалдың қасиетінен қорыққан қарақшылар бір мал шалып, одан кешірім сұрап, аяғына жығылған екен дейді. («Ана тілі» газеті, №52 (941)25/ХІІ/2008жыл, 35 бет. Айсұлу Қасымбек.)

Қази ишанның көріпкелділігімен қоса ер балаға пышақ тигізбей батасын берсе, өзі пішіліп қалғанын көрдік.

Ал жолаушылар жолдағы мешітке соқпай өтсе, адасып, айналып-айналып мешітке келетін.

Қази ишан үйіне арнап келе жатқан адамды оның неше адам екенін біліп, мал сойғызып, қазан көтертіп отырғанын өзіміз көрдік.

Жүйке ауруларымен ауырған адамдар сол топырақты басқанда тәуір болып кететін.

Дінді қастерлеген, діндар, шежіреші, ауыз әдебиетінің өте жетік білгірі. Туғанбаев Өмірзақ қарт Шымкенттен Қази ишан жанына көшіп келіп ишанға өмірінің соңына дейін серік болды. Балалары, немерелері бүгінде Дулығалы мешітінде тұрады.

Осы киелі мешіт жанында медресемен қатар мектеп үйі болғаны туралы Ә. Марғұлан жазбаларында кездеседі.

Ұлы ағартушы Ы. Алтынсарин мектепті көріп, білім алудың жарқын жолы деп қатты қуанған екен. Алғашқы діни сауатын осы жерден ашқан батыр бабамыз Аманкелді мектептен дәріс алуы бек мүмкін. Осы мектептің жобасын жасап, кірпіштен тұрғызған Талпақ Байтөреұлы деген шебер ғимараттың әр жеріне мұнаралар тұрғызған екен.

Бүгінде мешіттің қабырғалары мен азан шақыратын мұнарасы ғана тұр. Ал 24 бөлмелі медресе, мектеп үйі жоқ.

Оюлаған қызыл кірпіштен салтанатты болып салынған медресеге қой қамап, кейінде құлатып сырып тастаған. Ал мешіт маңы шашылған бүтін кірпіштер. Ұқыпты адам болып кесегін жинап, бүтінін қайта қаласа, шағын мешіт шыққан болар еді.

«Мәдени мұра» бағдарламасына кіретін киелі орынның бірі – осы Бердікей ишан мешіті, Құлмұхаммед ишан кесенесі.

Тарихи жәдігерлер мен кесенелер, мәдени мұралар жыл санап азайып, жойылып барады. Осы жерлерге арнаулы ғылыми экспедиция шығып аралап, суретке, бейнекамераларға түсіріп, тарихи-ғылыми шолу жасалса, өткеніміз өшпей есте сақталып, келешек ұрпаққа патриоттық тәрбие болар еді.

Ұлы Жыланшық бойы көзі ашық, көкірегі ояу адамға тұнған тарих, тарихи тұлғаларға мекен болған киелі аймақ. Осы діни шамшырақтардан бата алған батырдың бірі әрине Кейкі. Барша саналы ғұмырында дінді құрметтеп, жайшылықта жарапазан айтып, жауға шапқанда салауат айтуы әрине Бердікей Ишан әулеттерінің, Торғайдағы кейлі Оспан Қожаның, Жыланшық бойындағы Жүзбай, Таласпай молдалардың шапағаты екені анық. Кейкі діндар, әруақты адам. Аллалап атқа қонған, жауына жасындай тиген азаматын кейелі жердің әруағы қолдап қорғады. Талай қырғында Кейкіге оқ тиді деп ешкім айтпайды.

ҒАЗИЗ БЕН ӨКІЛ

Ғазиз аға Оспанқожа бабамыздың немересі, Әмірхан атаның бел баласы.

Жас кезінде Ғазиз аға ауылға келген бір өкілмен келісе алмай сөзге келіп қалады. Өкіл сен қожа тұқымысың мен саған акт жасаймын деп атшы баласын арбадағы сөмкесін әкелуге жұмсайды.

Бала далаға шықса арба өртеніп жатыр. Ойбай өрт, өрт! деп үйге келеді. Үйдегілер түгел жүгіре шықса рас арба өртеніп жатыр. Үй иесі үйдегі бар суы мен айран, көжесін отқа құйяды. Ғазиз аға далаға шықпай үйде қалған екен. Не болды деп далаға шықса арба өртенбеген үстіндегі шөпке, шөп үстіндегі сөмкеге, оның ішіндегі қағазға айран, сүт, су құйып тастаған.

Амалы құрыған өкіл кешірім сұрап әруақтың ісіне қайран қалған екен.

НАЗАРӘЛІ ӘУЛИЕ

Осыдан 4 жыл бұрын Ақтөбе қаласында тұратын екі спортшы жігіт автокөлігімен жоғалды деген хабар Ақтөбе телерадио хабарынан тарады. Бірі Ырғыздық Алмас атты жігіт те, бірі Балтабай атты Ақтөбедегі менің балам болатын. Бұл екі азамат Әйтеке би ауданына жұмыстарымен шығады да жолдан адасып бір жерлерге келгенде машинасы сынады. Жаяулап батысты бетке алып жүріп келе жатса қырдан ескі қорым көрінеді. Оған мән бермей, құран оқымай алға 5-6 шақырым жүргенде алдарындағы қамысты көлден үлкен көк шулан қасқыр шығып кесе көлденең тоқтап тұрады. Қолдарында қаруы жоқ жігіттер қаймығып манағы ізімен қайта кейін қайтады. Тамның тұсынан құран оқымай тағы өтіп басқа бағытқа бұрылып жүрсе алдынан қалың тұман басып еш нәрсе көрсетпейді. Сол кезде Алмастың ойына осы өңірде әулие адам бары, адасқан адамның алды тұман болып жүргізбейтіні еске түседі. Амалсыз екеуі ізімен қайта жүріп жолдан сыртқары тұрған қорымға келеді. Тамның жанында шағын қолдан салған үй тұрады. Есік ашық. Ішіне кірсе дайын үй. Ортада шағын стол. Столда 3-4 қорап конфет, печенье, шай құралдары, ыдыс-аяқ. Төрде көрпе-жастық, төсек-орын. Күріш, шай, қант, май, т.б. бірақ су болмайды. Отырып біраз дем алады. Тамға құран оқиды. Үйдің

төбесіне қарсы ішінен су өтпесін деп пленка қаққан. Арасы толған тышқан болады. Тамақ түрлері бәрі ашық тұрады. Осы тышқандардың стол үстіндегі тағамға тимегені таң қалдырады. Қорымды араласа Назарәлі әулиенің тамы барын көреді. Қайтадан машинаға қарай жүріп, жаңбырдың қағынан су алып, машинадан тамақ алып қайта келіп осы жерге түнейді. Келесі күні батысқа қарай жүрсе қыр үстінде жайылып жүрген жылқыны көреді. Таяу маңда ел бар шығар деп жақындаса жылқы көзден ғайып болып жоғалып, қайта тұман түседі. Осылай үш күн әулиенің басына түнеп төртінші күні Ақтөбе-Қостанай автотрассасына 35-40 шақырымдай жаяу жол жүріп жеткен екен.

Манағы киелі әулие Назаралы өткен XIX ғасырда өмір сүрген адам болуы керек. Жастай панасыз жетім өседі. Ағайын-туысы денен кір, үстің бит деп үйде көп отырғызбайды екен. Бала үйге кіріп отырса маңайына бит қаптап кетеді де, ол кеткен кезде битте жоқ болатын болған. Кез-келген жерге далаға түнеген.

Бірде қақаған аязда қардың үстінде жатқан баланың маңы үй орнындай болып еріп кеткенін көрген. Сол күннен бастап әулиелігін мойындаған. Сол әулиеге келіп түнейтін ағайындар қонатын үй салып ішіне қажет тамақ, отын қалдырып отырған. әр келген адам өзінен кейін қажет заттарды қалдыратын болған.

Халқына шапағаты тиген әулие Назарлы мына азаматтарды да адасқан бағытынан тоқтатып, алдынан қасқыр шығарып, келесі адасқан бағытынан тұманнан кедергі жасаған. Әулиенің арқасында азаматтар аман қалды.

Жергілікті халық әулиелігін жыр ғылып айтады. Киелі бабамыздың халқына нұры мен шапағаты тиіп, халқымыз жақсара берсе екен деп тілеймін!

БАЙМАҒАМБЕТ ӘУЛИЕ

Аманкелді ауданы, Құмкешу ауылының оңтүстігіне қарай 6-7 шақырым жерде Торғай өзеніне жақын көптеген шикі кесектен тұрғызылған тамдар бар. Бұл жер «Тобылғы түбек» деп аталады. Осы көп қорым ішінде «Баянтаңат» руынан шыққан Баймағамбет деген кісінің тамы бар. Ертеде тұрғызылған кесене мүжіліп кұр әр жерде қабырға жұрнағы тұр. Жергілікті халық осы Баймағамбетті «әулие адам» деп аңыз ғып айтып отырады. Аруағына сыйынған, басына түнеген, басына амандық, деніне саулық тілеген.

Кешегі Ұлы Отан соғысы кезінде Қодар деген кісіге соғысқа шақырған «Повестка» келеді. Шақырту қағазын (Повестка) қолына алып жылап-еңіреп «Байеке, соғыстан алып қал» деп Қодар Баймағамбет әулиенің басына барады, шапағатын тілейді. Әулиеден шығып әскери

комиссариатқа келсе Қодардың фамилиясын тізімнен әрі-бері қарап таба алмай «Кете бер, сен шақырылған жоқсың» деп қайтарады. Осы жағдай үш рет қайталанған. Үш ретінде де Қодар қолына шақырту қағазын алып жылап-еңіреп әулиеге барған. Үш ретінде де әскери комиссариттағылар «Тізімде жоқсың» деп қайтарған.

Осылай әулиенің шапағатымен Қодар соғысқа бармаған. Ұрпағы соғысқа бармаған. Ұрпағы бүгінде Құмкешуде, Айтбайда тұрады. Бұл біз естіген киелі әулиенің бір қыры ғана.

КҮМІСБАЙ ӘУЛИЕ

Күмісбай әулие XIX – ғасырда қазіргі Қызбел ауылында “Жылықайдар” әулетінде дүниеге келген (Жанкелді ауданы). Жас кезінде әулиелігін ағайындары елемей сырт қараған.

Әулиенің істеген ісін, жүріс тұрысын ағайындары жақтырмағанға ұқсайды. Ағайынға өкпелеп Қоңыраулы өзенінің тасып жатқан кезінде әйелін жетектеп, баласын әйеліне арқалатып, тасқын суға келіп “Құдай мықты болсаң, көкке тарт, Сүлеймен мықты болсаң, суға тарт” деп судың үстімен жерді басқандай жылжып жүре берген. Суға кетеді деп сырттай бақылап тұрған ағайыны Күмісбайдың тегін адам емес әулие екендігіне көзі жетіп қамығып қапаланып істеген істеріне ұялып жерге қарайды. Әулие сол бетімен осы Құмкешу маңындағы Торғай өзені жағасында отырған жергілікті халықтың бірі қарамойын Елғонға келіп бала болып тұрақтап қалады.

Арада жылжып жылдар өтеді. Қартайған шағында өмірден озатынын айтып өсиет жасайды. Өсиетінде осы жерге аманат деп жерлеңдер. Мен өлген соң 18 жылдан кейін осы Құмкешуден біреу қажыға барып келеді. Мешіт салдырады. Міне сол кезде мені қайта сол мешіт жанына жерлеңдер деп өсиет айтқан.

Болжаған мезгілінде дүниеден озып әулиені Торғай өзені жағасына “аманат” деп жерлейді. Арада уақыт өте береді. Әулиенің өсиеті ұмытылады. Сол кезеңде көрші Торғай елі жағынан осы елге бала бақсы келеді. Сөз арасында осы арада аманат айтқан бір әулие жатыр неге қайта жерлемегенсіңдер деген. Сонда ғана Күмісбай әулие өсиеті еске түсіп ауыл үлкендері әулиенің денесін ашып көрден алады. Ашып қараса әулиенің денесі сол қалпы сақталған тек бір үлкен башайының басы сәл қарайған екен дейді.

Қайтадан кебіндеп қажыға барып келген Құлкей қажының маңына жерлеген. Әулие денесі жиырма жылға жуық жерде жатсада өзгермеген.

Сол Күмісбай әулие басына бүрмелі шағын саман там орнатылған. Бүгінде кесегі езілген, шөккен. Ауыл азаматы Мырзабайұлы Рамазан басына құлыптас орнатқан. Оған Шағайұлы Күмісбай әулие 1888 жылы қайтты деп жазылған.

2006 жылы үлкен табиғи тастан қашалған үлкен құлыптас қойылды әулиеге. Астында ескерткіш Кенжеахметовтер әулетінен делінген. Сейт ағамыз болар орнатқан.

Кешегі Ұлы Отан соғысы кезінде ауылдың бір азаматы әулиенің Сұпы тамына ер тоқымын, керекті заттарын аманат деп қалдырып өзі соғысқа кеткен. Сол азамат соғыстан аман оралып қойған затын сол қалпында шығынсыз азбаған қалпында алған.

ҰСТА, ӘУЛИЕ ТОБАЯҚТЫҢ МҰХАНБЕТЖАНЫ (Әкесінің шын аты - Игісін)

Өткен ғасырда өмір сүрген Тобаяқтың Мұханбетжаны өте киелі, әулие ұста болған адам екен. Әкесі Игісін де аса шебер киелі адам болған. Ол кісі ХІХ ғасырда кедейшілікпен ғұмыр кешкен. Бірақ шебер атағы Торғай аймағынан әрі асқан. Қолына түскен қаңылтыр, темір кесінділерін қорытып неше түрлі алмас қылыштар, тұрмыстық заттар жасаған. Жыланшық бойындағы бір байға жалданып шелектен асыл пышақтар, балта, кетпен жасаған адам. Шеберлігіне халық тәнті болып көрмекке құмартқан.

Құмкешуде отырған кезеңінде дәулетті бір бай адам Игісін ұстаны көріп сәлемдеспекке жолға шығады. Мезгіл қыс кезі болса керек. Жобалы жерге жетіп ұстаның үйін таба алмай айнала адасады. Сөйтіп торығып келе жатқанда алдынан көріксіздеу мыжырайған қисық аяқ /Тобан аяқ дейді қазақ бұндай адамды/ шағын шал кездеседі.

Ат айдаушы бұрылып жөн сұрамаққа жинақтала бергенде бай жақтырмай қой мынадан жөн сұрағанша адасып өлгеніміз жақсы шығар деп жаңағы кездескен кісіні қорашсынып менсінбей басқа жаққа бұрыл деп пәрмен береді. Әрі адасады, бері адасады. Өлдім-талдым дегенде айдалада тұрған жалғыз үйге тап болады. Өздері адасқан, тоңған жолаушылар амалсыз бәкене, көріксіздеу үйге кіреді. Кірсе төрде манағы өздері жолда кездестірген шал отырады. Амал жоқ тілдесіп, өздерінің атақты ұста Игісіннің үйін іздеп жүргендерін айтады. Сонда төрде отырған көзге қораш әулие шал қарағым іздеген адамың мен боламын деген екен. Бай өзінің астамшылығына қатты қысылып шеберден кешірім сұраған. Сол Тобаяқтың /Игісін/ баласы Мұханбетжан да өте киелі шебер ұста адам болған. Кешегі 50-ші жылдары колхозда ұста болып бүкіл елдің қажетін шығарған. Өте дәлдікті қажет ететін үзіліп кеткен ДТ-54 тракторының коленвалын отқа салып қыздырып отырып біріктіріп жұмысқа жаратқан.

Бір шәйдің үстінде келген ер адамға пышақ, әйел болса күміс сақина соғып береді екен. Сол кісінің қолынан шыққан күміс сақиналар Құмкешу ауылы тұрғындары қолынан кездеседі. Ұстаханасы ауылдан 2 шақырым жерде Тоқанай сайы бойында болған. Ол кісі өмірден озғаннан кейінде ұстаханадан түнде балғаның соққан гүрсілі естіліп тұратын еді дейді ауыл қарттары.

Осындай киелі адамдар Құмкешу топырағында көп болған. Көбісі естен шығып ұмыт болған. Болмаса іздеушісі болмай елеусіз қалған.

КӨТІБАР – КӨБЕК ҚОПАСЫНДАҒЫ ІНДЕТ

Көршім Әлшораның /атасының аты/ Шменбайы екеуміз Жыланшықтың Аққұм аймағындағы Көтібар – Көбек қопасын жайлаған Опаның үйіне бардық. Опа Шікеңе балдыз. Енесі қайтқан сол кісінің намазы. Біз кешігіп барсақ керек өлік жерленген. Қарттар далада жиналып тұр екен. Шікең машинадан түстіде қарттарға қосылды, мен машина ролінде қалдым. Қарттар арасынан орта бойлы, ұзын сұр шапанды, тақиялы үлкен қой көзді қыр мұрынды қарт маған қарай аяңдады. Машинадан түсіп сәлем бердім. Қолын алдым. Қарағым! Сен Бәйділдә ағаның баласысың ба деп сұрады. Қайтқан әкеме көңіл айтты.

Қарт кісі Оспан қожа бабамыздың бел баласы Мұханбетуәли аға екен. Қарттар дастарханға жиналды. Әңгіме дүкен қызды. Арасында өткен ХІХ ғасырда осы Көтібар – Көбек қопасында болған жаппай құтыру ауруы жайлы әңгіме қозғалды. Көл жағалай отырған 50-60 кигіз үйлі ауыл кеселге ұшыраған. Кешке мал келе үйдегі заттарын қолға түскен малға артып жібереді. Мал айнала тулап шашады. Күндіз кешке дейін заттарын жинайды. Кеште бүкіл ауыл заттарын қайта артады. Осы жағдай айға созылған. Арнаулы шақырумен Оспан қожа бабамыз келіп, дұға оқып ауруды қойдырған екен.

Кейін Совет үкіметі орнаған кезде қожа тұқымдарын қудалау басталған. Сол қудалауға әулие бабамыздың Қапыш, Әмірхан, Мұханбетуәли атты балалары ілігіп түрмеге түскен. Әмірхан бабамыз Қостанай түрмесінде үш ай отырып шыққан. Түрмеде камерада отырып бес уақыт намазын аулаға шығып оқиды екен. Милициялар ана кісі шығып кеткенін көріп жүгіріп келсе, есікте терезеде жабық бірақ іште адам жоқ. Әмірхан әулие аулада отырады. Қапыш атамыз да осындай киелі, әулие болған.

Осы жағдай үнемі қайталаынады. Айнала аңду, тексеру басталады. Сонда әулие айтты дейді. Қарағым мен үкімет заңына қарсы емеспін. Кеткім келсе кетіп қаламын. Құр босқа ұстап әуре болмаңдар деген. Ақыры амалы құрыған түрме басшылығы босатқан.

КИЕЛІ ДОРБА

Әкем марқұм айтып отыратын біздің әулеттің киесі ертеде қызға ауып кетті деп. Оның қаншалықты растығын білмеймін. Бірақ ерте заманда бір бабамыз түсінде қолына ұстаған қол дорбаны оянғанда ұстап тұрған екен. Сол киелі дорба көптеген уақыт әулетте киелі зат есебінде қастерлеп сақталған.

Уақыт өте келе ертеде тұрмысқа шыққан бір апамыз сол киелі дорбаны өзімен қоса ұрлап ала кеткен екен.

Киелі жәдігерден айырылды деп өкініп отыратын әкем жарықтық.

Жыланшық бойында Көшкімбай деген жерде төрелер әулеті қорымы бар.

Сол қорымда 6-7 аталарымыз ұрпақтары жатыр. Көбі жер болып кеткен. Ескерткіштері ұрланған. Осы қорымда күйші Көшек деген бабамыздың басында ескерткіш бар. Мрамор тастан қойылған белгінің көлемі кірпіштің көлеміндей тек ұзындығы ұзындау. Араб әрпімен үш жағына жазу жазылған. Жазулары өте сәнді, тәртіпті шебер жазылған. Осы тасты кезінде біреулер алып кетіп қайрақ жасап, кейін әкеліп тастаған. Көшек бабамыз бақайымен күй тартатын еді деп отыратын әкелеріміз. Еңбегі зерттелмеген адам. Қобызшы Қазбек Әбенұлының аталары.

АЛАШ КӨСЕМІ ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ.

Алаш көсемі Әлихан Бөкейхановтың қилы тағдырын бүгінгі ұрпақ есте сақтасын деген мақсатпен қазақ халқының тәуелсіздігімен бостандығы жолында құрбан болған азамат жайлы түсінік беремін. Әлихан Бөкейханов 1886 жылы Тоқырауынға құятын арналы өзендердің бірі Жіңішкенің бастау алар тұсы Ақсораң тауының бауырында туған. Төре тұқымынан шыққан Әлиханның арғы атасы Бөкейхан осы өңірге XVIII-ғасырдың орта тұсында Қарқаралыдан келіп қоныс теуіпті. Осы өңірге танымал Жидебай бидің қол астынан жылы қоныс тапқан. Бөкейхан Әлиханның төртінші атасы. Бөкейхан 1737 жылы Түркістанда туған. Шекшек – Нұралы би Самархандағы Барақ сұлтаннан Бөкейді 14 жасында орта жүзге хан қоямын деп сұрап әкелген.

Бөкейхан орта жүздің осы аймағында билік жүргізген адам. Бөкейханның некелескен бес әйелі болған. Бірінші әйелінен – Көксал, Шыңғыс, екінші әйелінен – Батыр, Бөрі, үшінші әйелінен – Уәли, Есім, Тәуке. Төртінші әйелінен – Жәңгір, бесінші әйелі қалмақ қызы Жалханнан – Сұлтанғазы, Әбілғазы туған. Әлихан бабамыз Бөкейханның екінші әйелінен тараған ұрпақ. Яғни Бөкейханнан – Батыр – Мырзатай – Нұрмұхаммед - Әлихан – Елизавета, Сергей-Евгений – Петр туады.

Кезінде халық жауы ұрпағы деп қара күйе жағылған әулеттер өзінің қай рудан шыққанын, кіммен ағайын-туыс екенін жасырып келген. Осындай әулет сырын жасыру осы Бөкейхановтар әулетінде де болған. Сол жасырудан уақыт өте бір-бірінен ажырасып, адасып, бірін-бірі ұмытып қалған. Бөкейхановтар әулеті жайлы кейін жеке тоқталатын боламыз.

Қазбек ініміз сөзге ұстамды, ата-баба шежіресін, тарихын жақсы білетін азамат болып шықты. Сөз арасында “Төре бейіті немесе Талды бейіт” жайына ойыстық. Жылдың бұл мезгілінде ол жерге көлік өтуі қиын екен. Бару мүмкіндігі болмады. Жіңішке деген жердің шығысында Әлиханның ата-бабасына арналған зират бар екен. Әлиханның әкесі Нұрмұхаммед осы жерге жерленген. Бүгінгі Талдыбейіт осы жер. Талдыбейіт аталуы зират басында жапырағы сең-сең болып әсем ағаш өсіп тұр екен. Бұл ағашты 1905 жылы Петербургта орман шаруашылығы институтын бітірген Әлихан Бөкейханов алыстағы Бразилиядан арнайы алдырып өз қолымен егіпті. Сол ағаш күні бүгінге дейін 103 жыл бойы ешқандай баптаусыз өсіп тұр. Бабаларымыз “атадан мал қалмаса да, талқалады” деп бекер айтпаған. Бабалар сөзінің растығын дәлелдеп тұрған жоқ па?

Осы ағашты еккен адам да, ағаш та киелі екені даусыз. Алғаш егілген үш түп ағаштың екі сыңарын ашаршылықта адамдар отынға пайдаланса керек. Өткен ғасырдың алпысыншы жылдары осы зиратта Әлиханға арнап Смахан атты немере інісі мен қызы Светлана құлпытас орнатқан. Құлпытаста “Қазақтарға нұр болған...” деп басталатын бір шумақ өлең жолы болған. Осы өлең Қарағандыдан келген бір басшыға ұнамай тастағы сөзді қайта қашатып, өшіріп тастапты. Құлпытастағы жазуды өшіру сол кезеңдегі солақай саясаттың түсінік танымы болатын.

Әлиханның тірлігінде айдауға салып, ату жазасына кескен билік ол өлгенде де оның рухына дамыл бермей жендеттік әдет жасады. Осы орайда Ахмет Байтұрсынов бабамыздың тағдырлас досы Әлиханға тірі кезінде, торыққан бір шағында мынадай өлең жолдарын арнағаны еске түседі.

Кім біліп, ер еңбегін сезіп жатыр?

Кім шыдап жолдастыққа төзіп жатыр?

Сасық ми, салқын жүрек санасыздар,

Алаңсыз ақ малтасын езіп жатыр.

Иә, ұлылар еңбегін елемейтіндер болғанын, алда болатынын болжаған кемеңгер Ахмет бабамыз.

Ақтоғай мұражайында үш арыстың Әлихан, Ахмет, Міржақып бабаларымыздың бір тұрғанын көрдім. Осы өңірде бабалардың басқан ізі, аттарының тұяқ таңбасы қалды-ау деген ой келді. Тіршілігінде Ақтоғай, Қарқаралы өңірінде осы үш азаматтың бірге жүргені анық.

Біздің Торғай өлкесінде де бірге жүрді, бір бағытта халыққа қызмет жасады. Торғай, Ақтоғай деген атаудың астарында бір жақындық, бір жылылық бар секілді сезіледі.

Дана Ахаң Әлиханға арнап төмендегі өлең жолдарын жазған екен. Үзінді келтірейін:

Қырағы, қия жазбас сұңқарым-ай,
Қажымас қашық жолға тұлпарым-ау!
Үйілген өлексені өрге сүйреп,
Шығармақ қыр басына іңкәрім-ай.

Әлиханның ұлтымыз үшін қаншалықты еңбегі барын бір ауыз сөзбен айғақтап тұрған жоқ па?

Әлихан бабамыздың қазақ тарихы сахнасындағы алар орны, атқарған қызметі, жасаған еңбегі талай тарих зерттеушілерінен әділ бағасын алды.

Қазақтың бірлік берекесі қашып тұрған ақта Әлихан тарих сахнасына шықты. Өз басының ақсүйектік текті қанын /генін/ әлеуметтік әділдік жолына құрбан етіп, Ахаңша айтсақ, “Хан басын қарашаға теңеп” ақсүйек тұқымының қара халық алдында жіберген қателіктерін өтеуді мойнына борыш етеді.

Хан тұқымы Әлихан: “Тірі болсам, хан баласында қазақтың хақысы бар еді, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын” – деп өз өмірінің не үшін құрбан болатынын саяси күрестің көрігі қызбай тұрғанда-ақ айтқан еді.

Осылайша ол хан мен қарашаның бірлігін білдіретін Алашахан туралы халық аңызындағы басты тағылым – қазақтың бірлігін көксейтін “Алаш” ұранын жаңа күрестің ұранына ұсынды. Бұл ұранды алғаш “Қазақ” газеті таратты. Газетті шығарудағы жетекші Әлиханның өзі болатын.

Азаттыққа саяси күрес арқылы қол жеткізуді мұрат-мақсат еткен Әлихан Бөкейханов бұл жолда жеңіске жетудің ең тиімді әдісі – халықтың білімін көтеріп, ұлттың санасын ояту, дамыту деп ұғынды. Ал Амангелді батыр қаруға қол созды.

Ол үшін қазақтың рухани байлығының басты арналары, қайнар көзі – тіл, әдебиет ісін насихаттау, баспасөзді дамыту керектігін алға тартты. Бұл ретте Әлиханның, Ахметтің, Міржақыптың ойы, көзқарасы, мақсаттары бір екені анық еді.

Бірі “Масаны” жазса, бірі “Оян қазақты” жазды. Алаш арыстары еліміздің тәуелсіздігі мен бостандығы үшін барлық күш-жігерін, білім тәжірибесін жұмсады. Еліміздің болашағы үшін қатерлі жолға басын тігіп, сол ақ жолда өмірден озды. Өмір сүрген кезеңдері қуғын-сүргінге, тергеуге, жауаптауға тап болды. Арыстарды ату жазасына бұйырған қанды қол билік әр азаматтың артында қалған отбастарын, ағайын-туыстарын жауаптады, соттады, ит жеккенге айдатты, ату жазасына бұйырды.

Тозақтан аман қалған зиялы қауым әулеті қорқынышпен, үреймен өмір сүрді. Тіпті өзінің шыққан тегін руын, ағайын-туыстығын жасырып келді күні кешеге дейін. Бүгінде Әлихан сияқты арыстардың әулеттерінің табылып еңсе көтеруі сөз жоқ тәуелсіздік арқасы. Кешегі еліміздің тәуелсіздігі мен бостандығы үшін күрескен азаматтардың артында қалған әулетін, ұрпағын білу, оған құрметпен қарау парыз. Ол біздің өткен күннің тарихы.

Тарихымызды түгендейміз десек, әрбір репрессияға ұшыраған азаматтар, олардың әулеті жайлы дерек жиналса, олардың өткені, бүгіні, ертеңі жайлы өскелең ұрпақ оқыған, түсінген болар еді.

Әлихан әулетінен шыққан Қазыбек Сейтжанұлы Ғалихановпен әңгімелесе отырып бұл әулеттің көп қуғынға түскенін ұқтым. Қуғыннан қашып тарыдай шашылған әулет әр жерде тұрып жатыр. Кетерде Қазыбек келіп қолыма Бөкейхановтар әулетінің шежіресін ұсынды. Шежірені оқып отырып тарыдай шашылған қайғылы тағдырларды көрдім. Бұл осыдан 70 жыл бұрын қолдан жасалған зұлматтың жазылмас жарасы болатын.

Иә, Алаштың көсемі ардақты азамат Әлихан Нұрмұхаммедұлы Бөкейхановтың “қалың елім, қазағым” деп соққан жүрегі 1937 жылдың 27 қыркүйегінде Мәскеудің “Бутырка” түрмесінде 51 жасында тоқтады. Қайран азамат кебіні жоқ, көрі жоқ, Қайғылы белгісіз жағдайда опат болды.

Қыр баласы, ел ағасы,
Қазақтың болған панасы.
Жел жағында қаласы,
Ұмытама Әлиханды бұл қазақтың баласы.

АЗАТТЫҚ ҮШІН АЛЫСҚАН АЛАШ ПАРТИЯСЫ

Өткен ғасырдың басындағы батыс елдеріндегі саяси дүрбелең шаруасы шайқалып, берекесі қашып тұрған патшалық Ресейдің өзіне тәуелді бұратана отар елдерге деген жауыздығы мен жүгенсіздігін шектен тыс үдете түскені анық. Өз еліндегі озбырлықты қойып, өзге елге көз алартуы, еліне сыймаған қара шекпенділерді қазақ сахарасының шұрайлы жерлеріне қоныстандыруы, қазақтың тұратын жерлерін өз меншігіміз деп жариялауы, оған қоса қазақ шаруашылығының терең дағдарысқа ұшырауы, қазақ халқының келешекте дербес ел болуына төнген үлкен қатер болатын.

Осы ел басына күн туған қиын кезде ұлтты сақтап қалу мақсатында қазақтың оқыған зиялы азаматтары 1900 жылдан бастап демократиялық бағыттағы “Дала уалаяты”, “Серке”, “Уақыт” газеттерін шығарды. 1905 жылы Қоянды жәрмеңкесінде дүниеге келген Қарқаралы Құзырхаты /Петициясы/ тәуелсіздік жолындағы алғашқы қадам болатын. 1913 жылдан бастап “Айқап”, “Маса”, “Оян Қазақ” газеттерін шығарды. Әсіресе Ахмет Байтұрсынұлының редакторлығымен шыққан “Қазақ” газеті қараңғы халықты оята бастады. Осы кезеңдерде Әлихан Бөкейханов саяси қайраткер ретінде танылды.

Қазақтың ұлттық бірлігінің басты нышаны болып саналатын “Алаш” ұраны сол кездегі тәуелсіздік ұранына айналды.

Осы мақсатта А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Х.Досмұхамедов, С.Торайғыров “Алаш” партиясын құрды. Алаш көсемі болып Әлихан Бөкейханов сайланды. 1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін

саяси партиялар құру қажеттілігі туындады. Алғашқы жалпықазақ съезін өткізу үшін “Қазақ” газеті жанынан ұйымдастыру бюросы құрылды.

1917 жылы 21-26 шілде аралығында Орынборда жалпықазақ съезі өтті. Алаш партиясының облыстық ұйымдары қалыптаса бастады. Торғай обкомының төрағасы болып Ә.Бөкейханов, Семей облысына Х.Ғаббасов, Омбыға А.Тұрлыбаев сайланды. Бірақ партияның арнайы съезін шақырып, басқару органдарын сайлауға, жарғысы мен бағдарламасын бекітуге қолайлы жағдайдың болмауынан Орталық комитет құрылмады. Бүкілресейлік құрылтай жиналысында депутаттыққа кандидат есебінде тіркелген топ партияның басқарушы ұйтқысы болды.

Шашыранды қазақ облыстары бірігіп, жаңа құрылған Ресей Федерациясының Уақытша үкімет құрамына енуді мақсат етті. Уақытша үкімет құрған Ресей Федерациясымен тең қатынасты, жан-жақты даму жолдарын көздеді. Алаш қайраткерлері Алаш автономиясы атанған ұлттық мемлекеттің өмірге келгенін жария еткен екінші жалпықазақ съезін 1917 жылдың 5-13 желтоқсанында даярлап өткізді. Осы съезде өмірге Алашорда ұлттық үкіметі келді. Сол жылы өткен Бүкілресейлік Құрылтайға тіркелген депутаттар барлығыда Алаш партиясы атынан өтті. Осы құрылтайда ең көп дауыс алған да Алаш партиясы болды.

Алаш автономиясы туралы Халел Ғаббасовтың баяндамасын тексеріп, қазанның аяғында Уақытша үкімет түскенін, Ресей мемлекетінде халыққа сенімді және беделді үкіметтің жоқтығын және бұл бүлікшілік қазақтың басына келуі мүмкін деп ойлап, съезд автономия құру туралы шешім алды. Автономия құрамына Бөкей, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария облыстары, Ферғана, Самарқан облыстарындағы және Амудария бөліміндегі қазақ уездері, Закаспий облысындағы және Алтай губерниясындағы қазақтар кіреді деп шешім жасалды. Жердің асты мен үстіндегі байлық Алаш мүлкі, халықтары тең құқылы, Алаш автономиясына кірген ұлттардың бәрі бүкіл мекемелерде санына қарай орын алады деп қаулы қабылданған.

Сондай-ақ Алаш облыстарына сол кезеңдегі бүліншіліктен қорғау мақсатмен уақытша ұлттық кеңес құрылған. Оның аты Алашорда деп аталған. Алашорда Ұлттық кеңесі 25 адам болып, 10 орын қазақтан басқа ұлт өкілдеріне берілген.

Алаш астанасы болып Семей қаласы белгіленді. Алашорда төрағасы болып Әлихан Бөкейханов сайланды. Съезд милиция жасақтарын құру туралы, қажет қару-жарақ жинау, соғыс өнерін үйрену, қатаң тәртіп орнату жайлы шешім шығарады.

Осы съезд үстінде Ұлттық аумақтық қазақ автономиялық мемлекетін құру туралы екі бағытта пікірталас туындады. Басты атқарылар іс басқа ұлт өкілдерін Алашорда автономиясының өміршеңдігіне сендіру, басқа жерлердегі қандастарды бір ортаға біріктіріп, Алашорда үкіметін мойындату қиыншылығы тұрды.

Алдымен басқа ұлт өкілдерінің пікірін білу қажет болатын. Бұл мәселеде бір-біріне қарама-қайшы екі бағыт қалыптасты. Бір бағытты

Әлихан Бөкейханов басқарды. Оны жақтаушылар съезде өкілдері болмаған Қазақстанды мекендеген басқа ұлт өкілдерінің, әсіресе орыстардың еркін білмейінше автономияны жариялауды кідірте тұру қажет деп түсінді.

Керісінше Ж.Досмұхамедов бастаған Орал облысы, Бөкей орадсының өкілдері дереу автономияны жариялауды жақтады. Осы екі жақтың көзқарастарын жақындатуға бүкіл қазақ жерін Түркістан /Қоқан/ автономиясының құрамына енуін жақтаған, соңынан бұл пікірінен бас тартқан Мұстафа Шоқай оңды рөл атқарды. Ымыраға келген съезд төмендегідей қаулы қабылдады:

1) Бір айдың ішінде Алашорда Түркістан қазағын бүкіл Алашқа қосып алады, қосып ала-алмаса бір айдан кейін халыққа қаулы жарияланады.

2) Егер бір айдан кейін Алаш баласы қосылмаса әркім өз күнін өзі көреді.

3) Түркістан қазағы бір айда қосылса автономияны қашан жариялау ықтияры Алашордаға берілсін деген қаулы алынды.

Осыған байланысты Сырдария облыстары қазақтарының съезін шақыру ұсынылды. Оған өкілдікке Бақыткерей Құлмановты, Міржақып Дулатовты және Тұрағұл Құнанбаевты жіберу ұйғарылды. Осы мәселеге байланысты Әлихан Бөкейханов пен Мұстафа Шоқай біріккен мәлімдемеге қол қойды. Мәлімдеме “Қазақ” газетінің 1917 жылғы желтоқсанның 18-індегі 255-і санында жарияланды.

Большевиктер партиясы мен Кеңес үкіметі ұлттық мемлекетті құру мәселелерін шешудің негізіне таптық жіктелу принциптерін алса, Алаш көсемдері бұған керісінше Ұлттық бірлік, аумақтық тұтастық принциптерін таңдады.

Ә.Бөкейханов 2-жалпықазақ съезінің Қазақтың автономиялы ұлттық территориялық мемлекетін құру туралы шешеміне саяси баға бере келіп кейінірек /1919 жылғы II ақпан/ былай деп мәлімдеді: “Съездің бұл шешімдері қазақтар мекендеген территорияда анархияны болдырмау, өлкеде большевизмнің дамуына” жол бермеу мүдделерінен туындады. Азамат соғысы жылдарында большевиктер басқарған Кеңес үкіметіне қарсы күресте Алашорда үкіметі жеңіліс тапты. Соның салдарынан жеңіске жеткен Кеңес өкіметі Алашорда автономиясын және оның үкіметі – Алашорданы тарих сахнасынан күштеп кетірді.

Иә бостандыққа, тәуелсіздікке талпынған Алаш партиясы, Алашорда үкіметі 1917-1920 жылдар аралығында аз ғана өмір сүрді. Бірақ саяси күрес осы ғасырдың 90-шы жылдарына дейін жалғасты. Бұл кезең қазақ тарихындағы өте күрделі, ауыр кезең болатын. Алдымен патшалық Ресейдің қазақ жастарын әскерге қара жұмысқа алуы, елін, жерін, Отанын сүйген, бостандықты аңсаған қазақ халқының қолына қару алғызды. Әділетсіз шешім мен қазақ ұлтын жоюға бағытталған патша озбырлығына қара халық көтерілді. Көтеріліс ошағы алғаш Торғай өлкесінде Аманкелді, Торғайда етек алды. Осы кезең бүкіл батыста әділетсіздікке қарсы күрес кезеңі болатын.

1917 жылғы ақпандағы патшаны тақтан құлатқан көтеріліс, билікке келген Уақытша өкімет бостандықты аңсаған отар елдерге жақсылыққа жол ашқан, тәуелсіздік алуға талпынған елдер үшін тиімді кезең болып еді.

Осы сәтті пайдаланып Қазақ зиялылары жеке автономия құруға белсене кіріскені анық. Автономиясын бекітіп, бытыраған халқын біріктіріп, тиісті жарғыларын жазып, үлгере алмай жатқан аласапыран кезеңде Уақытша өкіметтен билікті большевиктер күшпен тартып алған болатын. Бұл сауаты аз қара халықтың қайда барарын, кімге сенерін, кімнің соңынан ерерін білмей аң-таң құй кешкен кезең екені анық.

Бірі бұрынғы патша жүйесін қолдаса, бірі Уақытша үкімет шешімін жөн көрді, бірі кедейді қатарға қосам деген большевизмге сенсе, бірі Алаш партиясын құптады. Әрі осы мезгіл ақтар, қызылдар болып соғыс жүріп жатқан кезең болатын. Қазақ халқының өзі өз ішінен бірі большевикті, бірі Алаш орда автономиясын қолдағаны анық. Міне осындай әрі-сәрі кезеңде өмір сүрген, адасқан халықты Алаш қайраткерлері Алаш туының астына біріктіруге көп күш қайрат жұмсады.

Алаш қайраткерлері Совет үкіметінің басшысы Ленин қол қойған Автономия туралы декретті құптады. Әр халық өз бостандығы мен тәуелсіздігіне ие деген шешімді арнайы келіссөз арқылы үкімет басшысы Ленинмен, халық комиссарлар кеңесінің төрағасы Сталинмен арнайы байланысқа шығып нақтылады.

Бостандықты береміз дей отырып, Кеңес үкіметінің автономия алу туралы шарттары ауыр болатын. Сөз жүзінде бостандық беріп, іс жүзінде бұғауда ұстайтын саясатты ерте түсінген Алаш қайраткерлері Кеңес үкіметіне сенімсіздікпен қарап, іргесін аулақ салған болатын.

Қазақ халқы үшін үстемдікті аңсаған алыстағы Ресейден жақындағы Сібір халықтары автономиясына қосылу тиімді болатын. Міне осындай жағдайлар кезеңінде 1917 жылғы 5-13 желтоқсан аралығында өткен съезд шешімін халық жүзеге асыру мүмкіндігі болмады. 1918 жылғы азамат соғысы басталып кеткеннен кейінгі кезеңде Әлихан Бөкейханов бастаған Алашорда үкіметі кеңес билігіне қарсы күресіп, ақ гвардияшылар мен патша генералдарының жағында болды. Большевиктер бағдарламасы қазақ қоғамын апатқа ұрындыруы мүмкін деп қызыл әскерлерге қарсы шайқастарға қатынасты. Кеңес өкіметін қолдаған қазақтарды жазалады.

1917 жылы пайда болған бұл саяси құрылым большевиктер күшімен таратылғанмен саяси күрес сахнасынан бірден кете қойған жоқ. Осы істі Т.Рысқұлов, С.Аспандияров, С.Кожанов, С.Садуақасов, Ж.Мыңбаев әрі қарай жалғастырды.

Мұстафа Шоқай Берлинде 10 жыл бойы /1929-1939/ Жас Түркістан журналын шығарды. Негізгі мақсаты мұсылман халықтарын біріктіру болатын. 1928 жылдан бастап Алаш қозғалысына қатынасқандарды /Алаш партиясы мен Алашорда үкіметіне мүше болған және оларды жақтағандарды/ Кеңес үкіметі жаппай тұтқынға алып тергеп, 1930-1932 жылдардағы сот шешімдері арқылы әртүрлі мерзімге түрмелер мен концлагерлерге қамады. Оларға кеңес үкіметін құлатуға әрекет жасады,

қарулы күрес жүргізді, кеңеске қарсы кең көлемде үгіт-насихат жүргізді, шетелдік кеңеске қарсы мемлекеттермен байланыста болды деген жалған айып тақты.

1930 жылғы 4 сәуірдегі ОГПУ /Біріккен мемлекеттік саяси басқарма/ алқасының үкімімен Ахмет Байтұрсынов бастаған 40-қа жақын адам сотталды, жер аударылды. Алаш көсемі Әлихан Бөкейхановты Қазақстанға жібермей Москвада үй тұтқыны ғып ұстап қызмет істетті. Көп ұзатпай қамауға алып 1937 жылы Бутырка түрмесінде атты. Ахмет Байтұрсыновты алғашқы ату жазасынан орыстың ұлы жазушысы М.Горький құтқарған. Жауыз жүйе екінші рет қамауға алып, ату жазасына кесті. Оны тергеген де, ату жазасына кескен де өз қандасы, өз жерлесі. Алаш көсемдерінің бірі қазақ халқын бостандыққа шақырып оятқан, “Оян қазақты” жазған қайраткер Міржақып Дулатов отызыншы жылдары Карельяда түрмеде отырып опат болды.

Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мырзағали Есполов, Халел Ғаббасов, Дінмұхаммед Әділов, Жүсіпбек Аймауытов, Ғазымбек Бірімжанов, Әбдірахман Байдильдин, Асқар Дулатов, Теміржан Есмағанбетов т.б. ату жазасына кесіліп, ол үкім кейін 10 жыл мерзімге концлагермен алмастырылды.

Сол үкімімен Мағжан Жұмабаев, Елдос Омаров, Ибрагим Сәтбаев, Әбдуәли Әділов, Асқар Әділов, Абдол Ұзақбаев алғашында 10 жылға концлагерге кесіліп, бұл үкім кейін Солтүстік өлкеге жер аударумен алмастырылды.

Ал Кәрім Жәкенов, Дархан Кенжебаев, Төрекұл Мұратов, Акбар Ыбыраев, Нұрлан Кәрібаев, Алғабек Байдуллаев бес жыл мерзімге концлагерге жіберілді. 1932 жылы 20 сәуірде ОГПУ үштігінің үкімімен Мұханбетжан Тынышбаев бастаған Алаш қозғалысының 20-дан астам мүшесі жазаланды. Олардың қатарынан Тынышпаев, Көшмұхамед Кемеңгеров, Халел Досмұхамедов, Алдаберген Үмбетбаев, Жаһанша Досмұхамедов, Әшір Қожамқұлов, Кәрім Тоқтабаев, Ахмет Тұнғашин, Әбдірахман Мұнайтбасов, Әшім Омаров, Жұмахан Күдерин, Мұстафа Бұралқиев, Әбдіхамит Ақбаев, Жақып Ақбаев, Сейдәзім Қыдырбаев, Мұхтар Мурзин бес жылға Ресейдің Воронеж облысына жер аударылды. Осы топпен бірге бастары істі болған Мұхтар Әуезов, Уәлихан Омаров, Біләл Сүлеев, Әлімхан Ермеков, Даниял Ысқақов алдын ала тергеуде түрмеде отырған уақыттары есептеліп босатылды.

“Алаш ісімен” 1930-1932 жылдары сотталғандардан М.Дулатов, Ж.Аймауытов, Д.Әділов, Ә.Байділдин, А.Дулатов, Қ.Тоқтабаев елге қайтып оралмады. Ал қайтып оралғандары 1937-38 жылдардағы “үлкен террор” кезінде “халық жауы” деген жалған айыппен түгелге дерлік атылды.

Міне, азаттық үшін алысқан Алаш ардақтылардың тағдыры осылай аяқталды. Олар өмірден озғанмен олардың ұстанған жолы, көрсеткен бағыты, азаттық үшін төккен тері зая кетпеді. Олар армандаған тәуелсіздік туын арада 69 жыл өткен соң қазақ жастары көтерді. Сол 1986 жылғы

желтоқсан жаңғырығы 1991 жылғы Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алатынын ерте жариялаған дала қоңырауы болатын. Қазақ қауымы

АРҚАЛЫ, ӘРУАҚТЫ ҒАФУ АҚЫН

Шашасына шаң жұқпаған дүлдүл ақын Ғафу ағамыз Жанкелдин ауданында 1928 жылы дүниеге келген. 1952 жылы Қазақ педагогикалық институтын бітірген. “Жазушы” баспасында редактор, бөлім меңгерушісі, “Қазақ әдебиеті” газетінде редактордың орынбасары. 1952-68 жылдары Қазақ поэзиясын басқарды. 1973 жылдан “Жұлдыз” журналының бас редакторы болып қызмет атқарған.

“Құрдас”, “Балықшы Иван”, “Дала қоңырауы”, “Арал әуендері”, “Таулар сөйлейді”, “Қарқаралы басында”, “Жер астындағы жұлдыздар”, “Алтын бесік”, “Сары арқа”, “Қанатты жұлдыздар”, “Ыбырай”, “Аманкелді батыр” т.б. көптеген еңбектер авторы.

Ғафу Қайырбеков 1980 жылы мемлекеттік сыйлықтың иегері атағын алды. Арқалы ақынға 1992 жылы халық ақыны атағы берілді. Қатарында озық теңдессіз жүйрік ақын туған елді, достарын, өзі өскен ортаны, табиғатты, махаббат пен сұлулықты, нәзіктік пен пәктікті, Отан ананы, туған жер Торғайын жырлаумен өтті. Халықтар достығын насихаттады.

Сан тарау тақырыпқа қалам тартқан ақын туған жерге деген махаббат, ақынның басты тақырыбы.

Барма екен деп ойланам
Дүбірде бар екі ши,
Маңайында жыра көп.
Біздің әулет-екі-үш үй,
Жайлар еді жылда кеп.

Жалғыз қазық мына жұрт,
Мен дүниеге туған жер.
Жалғыз тұтам шуда жіп,
Кіндігімді буған жер.

Туған жермен байлаған,
Кетпестей ғып кіндіктен.
Бар ма екен деп ойланам,
Мықты нәрсе сол жіптен.

Елге, жерге деген ақын махаббатын бұдан артық жырлау мүмкін емес. Ақынның қай өлеңін оқысаңда ұтқыр, ұйқас, алымды теңеу, ұшқыр ой, жымдасқан жатық сөз тізбегі, қонымды, үйлесімді сөз жалғасы жердің, елдің, табиғаттың барша жаратылыстың, мәңгі махаббатпен

сұлулықты айшықтап аша түсетін жүйелі, ойлы, ырғақты, мағыналы сөздері оқыған сайын көкірек көзіңді ашып, ынтықтырып, еріксіз тылсым образға кіргізіп ұйқылы ояу адамды арбаған әдемі түстей дауылдатып, екпіндетіп келетін өлең шумақтарын оқығың келе береді.

Әр өлеңін оқыған сайын топтан озған ақбозаттай ақиық, арғымақ ақынның шашасына шаң жуытпай топтан озып ілгерілеп бара жатқанын сезесің. Өзімен қатар отырып ол айтып, сен тыңдап отырғандай әсер аласың. Қандай тақырыпты жырласада артық кем сөз қоспай өрелі сөз, ұтымды оймен өлеңнің қара сөздерін жымдасқан арқандай етіп есіп отырады. Тыңдаған сайын ақынға тәуелді болып жанына жақындап, мүдіріссіз көсіле сөйлейтін шешендігіне тәуелді боласың.

Иә, Ғафу ағамыз тумысынан төрт аяғы тең жорға ұлы ақын. Жас кезінде топқа түсіп, ән айтып, той бастап, талай тартысты ақындар айтысына түскен. Ата қанымен, ана сүтімен келген киелі ақындық өнер жылдар өтіп ақын есейген сайын өлеңіде күрделене ұштала, айшықтала түседі. Өлең жолдары тілге жеңіл, оқуға оңай ұйқасы ұтымды, сөзі алғыр нық болып келеді. Ақын жазған шумақтарға артық кем сөз қосу мүмкін емес. Өрелі ақынның жібек арқандай өріліп келетін сөз ұйқастары, шұбалаңқы емес қысқа да нұсқа сөз саптауы, қандай тақырыпты жырласада сол тақырыпты биік шыңына жеткізе жырлауы ақын ағаның өлең әлеміндегі ойлылығы, алғырлығы, тіпті тектілігі десек артық емес.

Ғафу ақын қызметпен қоса үнемі ой үстінде, жол үстінде жүретін ақын. Жүрген сайын жаңа тақырыпқа кездеседі, ойлаған сайын жаңа туынды өмірге келеді. Бар өмірін Отанына, халқына, туған жеріне арнаған ақын.

Туған жер-алтын бесік, асыл анам,
Ауаңмен, ақ сүтіңмен асыраған.
Мендағы ұлың едім өзің тектес,
Алысқа несібесі шашыраған, -

деп туған жерімен, елімен үнемі бір екенін сездіреді.

Ақын “Түркістан дәптері”, “Арал дәптері”, “Жайықты жарып өткенде”, “Қарағанды жырларынан”, “Ақ қайыңдар елінде”, “Абай ауылынан”, “Алтай аясынан”, “Жетісуды жағалай” деген өзі болған аралаған жерлері туралы жазған жырларында өзі туған Торғайдай сол жерлерге деген ыстық махаббат, жаңа бір шабыт, тың толғанысты көреміз. Ақын қай өлке туралы жырласада алаламай, туған жеріндей ыстық ықылас, шынайы махаббатпен жырлайды.

Ғафу ақын көп өлеңдерін созылыңқы ұзақ жазбайды. Бас-аяғы үш-төрт шумақта айтар ойын нақты жеткізе біледі, нәзік лиризмнің шынайылығы, тебіреністерінің терең мағыналылығы оқушыны қайран қалдырады. Қай өлеңін оқысаңда ақынның жан дүниесіндегі бір қалыптылықты, бір қарқынмен көсілген шабысынан танбайтынын көреміз. Ақын өлеңдерін оқыған сайын ақын қанаттанып, қуаттанып, шабыттанып отырғанын көреміз. Әр өлкеге барған сайын бір өлеңінен бір өлеңі асып түсіп отырады.

Ардағым Алтай – даламның асқақ төрі екен,
Таудың да тарлан талаптысы сері екен.
Тау емес мынау, кілең бір алтын баспалдақ,
Алланың өзі аспаннан түсер жері екен.

Бір шумақ өленде қаншама күдіретті теңеу жатыр. Ғафу ағамыз достықты, халықтар бірлігін жырлаған ақын. “Москва дәптерлерінен”, “Ленинград жолдарынан”, “Өзбек дәптері”, “Түркімен елінде” т.б. өлендері халықтар достығына арналған. Ғафу лирик ақын, кең тынысты эпик ақын. Адам жан дүниесінің небір құпияларын сезім көзімен көре алатын, кең тынысты, шешендік дәстүрді мейлінше жетік меңгерген, шалдықпай ұзаққа шабатын, алымды, арқалы, аруақты, төрт аяғы тең жорға ақын. Ғафу Қайырбеков тумасынан ақын болып жаралған, ақындық ана сүтімен келген, халықтың өлең өнерінің тұнығына сусындаған, өнерін үнемі ұштап жетілдіріп, дамытып, айшықтап отыратын арқалы ақын.

Табиғатынан сері, әнші, термеші, көркем сөзді көсілтіп айтатын, тайпалған жорға, даламыздың кеңдігіндей дарқандығы мен жайсаң мінезі, адал да ақкөңілділігі ақынды барша қазақ жақсыларымен жақындастырды. Ғафуды сыйламайтын, құрметтейтін зиялы қауым жоқ. Себебі Ғафу өнерге қиналып бейнетпен келген жоқ. Қайта өнерге үнемі өсу, өрлеу жолымен келді. Ғафу аудармашы, публицист, журналист, прозашы, әдебиетші, сыншы, табиғатында өр, ер, тәкәппар, кішіпейіл, ақпейіл адал адам. Ғафу есімі өлең мен жырдың, ой мен сөз қадірін білер қазақтың құрметтісі. Ғафуды іздесең жырдан табасың.

Жыр – ақынның мінезі...
Жыр – ақынның болмысы.
Жыр – ақынның жастығы, махаббаты,
Жыр – ақынның отбасы мен Отаны.
Жырлары: Заулауында киіктің,
Кеңдігі бар даламның.
Жез тұяқты жүйріктің,
Жел сипаған табанын.

деп келетін шумақтар ақынның ерекше екпіні мен шабысын көрсетке керек.

Ана туралы жырлары қазақ гимніне арналды. Туған жерге деген ақын махаббаты бір сәтке суыған емес.

Ақ көбігін суыңның,
Деп жұтушы ем: “шекерсің”.
Өсе келе ұғындым,
Жыр өзені екенсің.

деп төрт шумақ өлеңге қаншама теңеу қосқан ойлы ақын, ойшыл ақын.

Төбесіне көтерген,
Өз ақынын өз ұлын.
Бақыт деген ең үлкен,
Халқым екен өзімнің. деп ақынның бақыты, халқының

махаббаты екенін дөп басып жырлаған ұлы ақын.

Әлі күнге бір сұрақ – мен аңғарман,
Сұрап келем ақылды адамдардан.
Өзге жұрттың хандары керемет боп,
Біздің хандар қалайша жаман болған? деп Кеңес кезіндегі
әділетсіздікті бетке айтқан.
Теңеулері де ғажап:

Ақтоғайда қара шал,
Жүзге таяп сау отыр.
Бір түбірде одан сәл,
Тосып ажал жау отыр.

Оған қарап аларып,
Көзінде ойнап ақ нөсер.
“Әкең аузы”... деп алып,
Тіршілікпен сөйлесер.

Қазақ жырының аспандағы көмескіленбейтін жұлдызы Ғафу
жұлдызы. Сол жұлдызды жастардан іздеді.
Бақытты қыздар, бал қыздар,
Аяулы бақтың алмасы.
Жырымды ғана ал, қыздар,
Өзіме қолқа салмашы.

Онсызда амал құрып тек,
Барамын серттен қайта алмай.
Сүйемін деп те айта алмай,
Сүймеймін деп те айта алмай.

Ғафу қанша қызмет атқарсада мансап қумаған, әділ адам болған.
Үйреттің мені,
Біреуге жапа шеккізбей.
Баулыдың мені,
Бақытты басқа тепкізбей.
Ақындық деген еншіні мықтап берген соң,
Келесің әлі ешкімге бастық еткізбей.

Иә ұлы Ғафу бастық болса, ұлы ақын болмаған болар еді.
Торғайдың жоғын жоқтаған әділ, батыр адам. Торғай облыс болсын.
Торғай тақымыңа толмайма деп арыстанша ақырған осы Ғафу болатын.
Жалынамын, о, тағдыр,
Осымызды көп көрме.
Не жетсін, шіркін, әсте бір,
Ренжісе алмай өткенге.

Өнер пырағы, төкпе ақын, жүйрік ақын.
Танадай көзден жас парлап,
Анадай қырдан асқанда-ақ.
Найзағай сынды сабазың,

Ағатын еді-ау аспандап. деп Тайбурылдың шабысын
осылай жырлаған ақын өз өмірін сол тұлпар шабысына теңейді.

Өмірім сондай кіл менің,
Өлеңім сондай кіл менің.
Ылғи бір шауып немесе,
Шабысты аңсап тұрамын.

Иә тұлпар ақын үнемі дауылды тартысты даулы шабысты аңсап
отырған, шабысы екпіні бір күн бәсеңдеген емес. Торғайдан ұшқан
мұзбалақ ақын тұлғасы, уақыт алға озған сайын биіктеп асқақтай берері
анық.

Арқалық жайлы:

Не ғажап, саған келсем көз ілмеймін,
Жақсылық тосатындай ақ таңыңнан.
Арқалық-туған өлкем астанасы,
Сенімен жалықпаспын мақтанудан.

Достарының арнауы:

Жан едің жай мақтауға сыймайтұғын,
Жауың да ғайбаттауға қыймайтұғын.
Қазақтың даласы еді құштарлығың,
Қазағың - жырың еді сыйлайтұғын.

десе келесі ақын:

Басыңа орнап алтын бақ,
Деміңмен қазан қайнатып.
Сөзіңнен оттар жарқылдап,
Тұрушы ең залды жайнатып.

Кім жетер көкте ұшқан соң,
Ағуші ең аға бөгелмей.
Жай сөзіңді де тұстасың,
Қабылдаушы еді өлеңдей.

Еліңді кеттің риза ғып,
Басталды өлең-өмірің.
Жұлдызың көкте түр жанып,
Өлді деп айтар сені кім?

Иә ұлы ақын өлген жоқ. Артында мол мұрасы, өнерін, өзін сүйген
елі, халқы қалды.

ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҢҒЫШ ЖУРНАЛИСТ ҚЫЗЫ

Қазақ топырағында журналистика өнерін тұңғыш меңгерген, әнші,
мәдени қайраткер,, халықтың ауыз әдебиеті мен музыкасын зерттеп оны

А.В.Затаевич пен А.Э. Бимбоэске натоға түсірткен үлкен талант иесі Нәзипа Сағызбайқызы Құлжанова 1887 жылы Торғай қаласында сатушы отбасында дүниеге келген.

Алғашқыда 2-сыныптық Торғайдағы орта мектебінде білім алған Нәзипа Қостанайдағы әйелдер гимназиясында білімін әрі қарай жалғастырады.

Талантты жас Ыбрай мектебінен тәлім алып, Ахмет Байтұрсыновтың қамқорлығы мен қолдауын көргені анық. Бұған Нәзипаның 1923 жылы жарық көрген «Мектептен бұрынғы тәрбие» деп аталатын кітабына Ахметтің алғысөз жазуы дәлел.

Өзінің ізін қуған бір мақсаттағы қарындасына арнап:

Рахатсыз өтсе де өмір жолым,
Бұл жөнімнен құдайым айырмасын.
Ұзақ жылға ниет қып бір шыққан соң,
Жарым жолдан қайтпаспын қарындасым.

Су да болар ол жолда, тау да болар,
Жаудың оғы - жайған тор, ау да болар,
Мынау пайда, мынасы зиян демек,
Ол еркектің ісі емес, сауда болар?

Тән көмілер, көмілмес еткен ісім,
Ойлайтындай мен емес – бір күнгісін,
Жұрт ұқпаса, ұқпасын жабықпаймын.
Ел бүгіншіл, менікі- ертеңгі үшін.

Нәзипа Құлжанова аға жолын қуып «ертеңгі үшін» қызмет етті. Сол кезеңдердегі ақындар шығармаларына жан-жақты талдау жасалды.

Ол алғашқы абайтанушылардың бірі. Оған дәлел – 1914 жылы 26 қаңтарда Семей қаласында Абай Құнанбаевтың қайтқанына 10 жыл толуына орай ұлы ақынды еске түсіру кешін ұйымдастырды. Кеште ақын өмірі мен шығармашылығы жөнінде баяндаманы Нәзипаның өзі жасап, одан кейін Абай өлеңдері оқылады. Бұл кеш туралы 1914 жылы «Айқап» журналында да жазылды. Жоғарыдағы айтылған кеште Абайдың орысша жазылған ғұмырнамасы оқылды, арасында өлеңдер қазақша жазылған еді.

Нәзипа ханым сөзінің аяғында Абайды туғызған қазақ даласы, тағы да талай Абай секілді, бәлкі одан да артық данышпандарды туғызар дегенде тыңдаушы қазақтардың жүйкесі босап, көзіне жас алғандары да болды деп хабар берді.

Ол кеш бірінші қазақ ақынының құрметіне жасалған бірінші әдебиет кеші болып һәм бірінші қазақ әйелі (Нәзифа ханым Құлжанов жамағатының) майданға түсіп берген өрнегі деп жазды 1914 жылы «Қазақ» газетіне Міржақып Дулатов.

Нәзипа орысша таза сөйлеген. Оны Ыбырай Алтынсарин мен Абай Құнабаевтың өлеңдерін орыс тіліне аударуынан аңғаруға болады.

1915 жылы «Сибирский студент» (№3-4) журналында Семей оқытушылар семинариясының оқытушысы В.Н. Белоседов: «Орысшаға аударылған Алтынсариннің өлеңдерінен маған белгілісі «Көктем», Абай өлеңдерінен «Махаббат туралы». Бұл екі өлеңді орыс тіліне аударған қазақ қызы Нәзипа Құлжанова» - деп жазды.

Бұл жерде біздер Нәзипаның орыс тіліне жетік аудармашы екенін көреміз.

Нәзипа Құлжанова шығармаларының жұмыстарымен қоса түрлі әдеби кештер ұйымдастырып, одан түскен қаржыны мұқтаж студенттерге беріп отырған.

Ұлы педагог Ыбырай Алтынсариннің «Үміт еткен достарының бірі - әдебиетші, ұстаз Нәзипа Сағызбайқызы Құлжанованың еңбектері сан-саласы.

Жазушы, аудармашы, журналист, ауыз әдебиеті мен өнер саласын зерттеуші, ұлағатты ұстаз, студент жастардың қамқоршысы. Осындай сан-салалы шығармашылық жолда жүріп, Жетіқара-Шұбар болыстық мектебінің мұғалімі Нұрғали Құлжановқа тұрмысқа шығады.

Нұрғали Құлжанов 1905 жылы Семейге келгенге дейін туған елінде 12 жылдай ұстаздық етіп, жүзден астам қазақ балаларына тәлім-тәрбие береді.

Бүгінде туған халқымыздың әдебиеті мен мәдениетін дамытуға лайықты үлес қосқан алғашқы қалығаштардың бірі деп орынды аталып жүрген Нұрғали мен Нәзипа Құлжановтардың әсіресе, Семей қаласына келіп халық ағарту жұмыстармен шұғылданған жылдарында арттарына өшпейтіндей із қалдырғаны белгілі.

Құлжановтар алғаш рет 1914 жылы баспасөз беттеріне шығыпты. Орыс географиялық қоғамының Батыс-Сібір бөліміне қарасты Семей бөлімшесінің 7 қызметкерінің екеуі осы Нұрғали мен Нәзипа болған.

Сол кездерде:

«Ардақты, бар Нәзипа деген ханым,

Газет-журнал жүзінде жұртқа мәлім»- деп Сұлтанмахмұт Торайғыров жырға қосқан.

Нәзипа атқарған жұмыстар жайлы «Айқап» журналының 1914 жылғы 4-ші санында жазылған. «Ғылым» баспасынан жарық көрген «қазақ ССР тарихының» үшінші томының «Халықтың ауызша творчествосы және музыкалық мәдениет» деген тарауында Қазақстанның ХХ-ғасырдың басындағы мәдениет майданы қайраткерлері қатарында Нәзипа Құлжанованың да есімі аталуы жерлесіміздің халық үшін жасаған еңбегінің жемісі екені анық.

Сол кездегі кертартпа тұрмыстың кедергілеріне қарамай алға қадам басқан Нәзипа шығармашылығына Кеңес үкіметі кезеңінде кең жол ашылады.

Семейде «Учительская семинарияда» ұстаздық ете жүріп қазақ зиялылары, ақын Тайыр Жомартбаевпен, журналист Мұстақым Молдыбаевпен, әнші Әлмағамбет Қапсәлемовпен, көптеген Алаш ардақтыларымен тығыз байланыста болады.

Тұңғыш журналист» Нәзипа Құлжанова «Еңбекші қазақ» (Егемен Қазақстан) газетінің редколлегия мүшесі болып сайланады.

1924 жылы В.И. Лениннің қазасына арнап жазған мақаласы «Қызыл Қазақстан» журналына шығып, ол материалмен Лениннің жұбайы Н.К. Крупская танысады. 1930 жылы Нәзипа Мәскеуге барғанда Крупскаямен кездеседі. Назипа осы кезеңдерде Ахмет Байтұрсыновпен, Міржақып Дулатовпен, Мұхатар Әуезовпен т.б. қазақ қайраткерлерімен араласқаны, ол кісілердің жас Нәзипаға ақылшы, кеңесші, рухани жетекші болғаны анық.

Нәзипа газет-журналдарға хабар-ошар, мақалалар жазып тұрған. «Бір керек жұмыс» («Қазақ» 1915, №125. 9 май), «Октябрь һәм қазақ әйелі» («Қызыл Қазақстан» 1922, №12), «Қазақ әйелдеріне» («Қызыл Қазақстан» №22, №13), «Жалпы әйел мейрамы» («Қызыл Қазақстан», 1923. №15), «Бүкіл дүние еңбекші әйелдерінің мейрамы» («Еңбекші қазақ», 1925. 10 март) т.б. Көптеген мақалалары жарық көрген.

Арқалықта Нәзипа Құлажанова атындағы гуманитарлық колледж, көше, мұражайларда жеке стенд орын алған. Торғай елі алғашқы журналист қызын мақтан етеді.

ТҮРКІ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛЫ КӨСЕМІ

Барша саналы ғұмырын, күш-қайратын, білімін, түркі халықтарының, оның ішінде өз халқының тәуесіздігі мен бостандығына арнаған 52 жыл ғұмырының 22 жылын Отанынан жырақ сыртта өткізіп, «халқым» деп опат болған Түркі халқының көсемі Мұстафа Шоқай Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Сұлутөбе ауылында 25 желтоқсан 1889 жылы дүниеге келген. Әкесі Шоқай датқа Сыр өңіріне танымал беделді, діндар адам болса, атасы киелі Торғай өзені бойында дүниеге келіп, атын Торғай қойған екен. Торғай атасы исі қазаққа танымал, ақылды, беделді адам болған. Хиуа ханының Уәлиі болған сыйлы азамат Торғай барша Сыр өңіріне ықпалын жүргізген.

Мұстафаның нағашылары әйгілі әскер басылар болса, анасы Бақты орыстарға қарсы соғыста қолына қару алып, атқа қонып, әкесіне болысқан ер жүрек, жауынгер әйел болған.

Мұстафа жастайынан өзге ұлттардың үстемдігін сезіп өседі. Алғашқыда орыс мектебінде, кейін Ташкент гимназиясында, 1910-1917 жылдар Санкт-Петербург университетінде оқып, оны үздік алтын медальмен бітіріп шығады. Алғыр жас студент шағынан қоғамдық-саяси

өмірге белсене араласып, түркі-мұсылман жастарының қозғалысына белсене қатысады.

1912 жылы Балкан соғысы кезінде Түркияны қолдаса, 1915 жылы «Тура жол» партиясына алғаш қарсы шыққандар қатарынан табылады. Бұл партия мұсылман халықтарының азаттығына ірткі салған болатын.

1916 жыл Ә. Бөкейхановтың ұсынысымен Мемлекеттік думаға мұсылман фракциясы жанындағы бюроға мүше болып, оның хатшылық қызметін атқарады.

Дума мүшелерімен Ташкент, Самарқанд, Әндіжан қалаларын аралап билік тарапынан жасалған әділетсіздіктерді көреді. 1916 жылғы көтеріліс кезінде билік органдарының Түркістан халқын аяусыз қуған-сүргінге ұшыратқаны туралы Думаға мәлімдеме жасады.

1917 жылы көктемде Ресейден Түркістан өлкесіне оралады. 1917 жылғы 16-21 сәуір аралығында өткен Түркістан өлкесі мұсылмандарының I съезіне қатынасып, оның төралқасына мүше болып сайланады. «Бірлік туы» газетін шығарып, оның редакторы болады.

Мұстафа «Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесіне» төрағалық етті. Алғашқы съезіне қатынасты.

Бүкіл Ресейлік құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат болып ұсынылды.

Мұсылмандар кеңесі Ташкенттен Қоқанға көшіп 1917 жылы 28 қарашада өткен Түркістан өлкесі мұсылмандарының төтенше IV- съезінің төралқасына басшылық етеді. Осы съезд шешемімен Түркістан (Қоқан) автономиясы құрылады. Төрағалығына Мұханбетжан Тыншбаев, Сыртқы істер министрі болып Мұстафа шоқай сайланады. Ол сондай-ақ 1917 жылы желтоқсанда

II жалпы қазақ съезіне қатынасып, Алашорда құрамына сайланады.

Мұстафа съезден кейін Сырдария қазақтарының құрылтайын шақыру туралы жеделхат жолдайды. Онда: «Сырдария халқына өз тарапымнан айтарым, тегінде Алаш баласының басы қосылатын кезі осы бүгін. Айрылсақ, мұнан соң жұрттың басын қосуымыз қиын. Алаш ұранына шаппайтын қазақ баласы болмас. Сырдария қазағы кешікпей Алаш туының астына жиналар деген үміттеміз» делінген еді.

Бұл шақыру нәтижесіз болмаған. Сырдария қазақтары Түркістан автономиясынан шығып, Алаш автономиясына кіреді деген қаулы қабылдады. Бірақ Қоқан қаласын большевиктер жаулап алып, Түркістан автономиясын күшпен құлатты. Мұстафа Шоқай зайыбы Мария Горинамен бірге 1918 жылдың мамырында Отанынан кетуге мәжбүр болады. Ақтөбеге, одан Екатеринбургке жетіп большевиктер үстемдігіне қарсы күреседі.

1918 жылы Колчак әскерлері тарапынан тұтқынға түсіп, одан босап Маңғыстауға, Бакуге одан Тбилиси қаласына 1919 жылы келеді. Осы жерде 1921 жылға дейін тұрақтап «Вольный горец» және Грузия меншевиктерінің «Борьба» газетінде істейді. Украиндықтармен бірлесіп «На рубеже» журналын шығарады. «Шафақ» (Таңсәрі) газетіне бас

редактор балады. Тбилиси Кеңес үкіметі қолына өткеннен соң Мұстафа Түркияға, одан Францияға өтіп тұрақтайды.

Шетел эмигранттары А.Ф. Керенскийдің «Дни» және П.Н. Милюковтың «Последние новости» газеттерінде қызмет атқарады.

1927 жылы Зәки Уәлида Тоғанның редакторлығымен «Иени Түркістан» журналына атсалысады.

«Түркістан милли бирлиги» ұйымына жетекешілік етеді. Түркі мұсылман халықтары өкілдерімен араласып оларды мұсылман халықтарын азаттыққа жеткізуге күш біріктіруге үндейді. 1929 жылдан «Яш Түркістан» журналын шығарады. Бұл журнал әлемде болып жатқан қоғамдық саяси жағдайды талдап отырады.

Журналда тек Түркістан өлкесі ғана емес, Әзірбайжан, Солтүстік Кавказ, Еділ-Жайық, Қырым халықтарының мұң-мұқтажы, қоғамдық-саяси жағдайы, көрген бейнет, тартқан азап, басқа ұлттар мен биліктің озбырлығы жарияланып тұрады.

М.Шоқай кеңестік республикалардың өмірге келуін құптамайды. Ал республикаларды «Ұлттық емес», «Ұлыстық» республикалар ретінде қабылдайды. Сол кездегі тоталитарлық жүйені, солақай саясатты бүкіл әлемге паш етті. Бұл сын Кеңес үкіметі басшылығына жайсыз тиді. Мұстафаның сынына қарсы кеңес үкіметі мақсатты жұмыс жүргізді. Мұстафа Шоқай түркі-мұсылман халықтарын «Батыс Түркістан», «Шығыс Түркістан» немесе «Орыс Түркістаны», «Қытай Түркістаны» деп бөле қарауға қарсы шықты. «Тұтас Түркістан» идеясын, Түркі халықтарының бірлікте болуын насихаттады.

Мұстафаның басты ұстанымы түркі халықтарының өзара ынтымақтастығы, бірлігі болатын. Бірлігі мықты ұлттар азаттыққа тез жетеді деп дәлелдеді. Жеке ұлттық мүддеден тұтас түркілік мүддені жоғары санады.

1940 жылы немістер Парижге басып кіргеннен кейін көп ұзамай Мұстафаны да тұтқындап бірнеше ай концлагерьге отырғызады. Демек Шоқайды Германияға Розенбергтің мекемесі алдыртты.

Түрмеден босатқаннан кейін Түркістандық мұсылман соғыс тұтқындарынан Түркістан легионын ұйымдастыруды ұсынады. Мұстафа Шоқай бұл ұсынысты соғыс тұтқындарының аштық пен азаптан қырылып қалмауы үшін пайдаланып, нақты әрекеттерге барды. Неміс басшыларынан соғыс тұтқындарын қарсы дайындап қайта соғысқа салуға қарсылық білдірді. Түрік тектес халықтарды әлденгенше 5-6 ай жай жұмысқа салуға ұсыныс жасады. Осы ұсыныстары жайлы неміс басшылары Гитлермен, Робинтроппен кездесті. Немістердің тұтқынға жасаған аяусыз езгісін көрген Мұстафа: «Сіздер, немістер, өздеріңізді Европадағы ең мәдениетті адамдармыз деп санайсыздар. Егер сіздердің мәдениеттеріңіз менің көріп жүргендерім болса, онда мен сіздерге де тұтқындардың шеккен азабын көрулеріңізді тілеймін» деп налыған екен.

Көрген қорлық, тартқан бейнет, азапты күндерді бастан өткере отырып, қолынан келгенше мұсылман баласының аман қалуы үшін күресті.

Бірақ көп ұзамай Берлиндегі «Виктория» ауруханасында күмәнді жағдайда көз жұмды. Париждегі мұсылмандар зиратына жерленді.

Иә, есіл азамат мұсылман халықтарының қолын тәуелсіздікке жеткізу жолында басын өлімге байлап, Отанынан сыртта 22 жыл қуғын-сүргінге жүріп опат болды.

Түркістандағы кеңестік биліктің отаршылдық сипатын алғаш таныған және онымен күресуге бүкіл ғұмырын арнаған эмиграцияда жүрген жалғыз қайраткер осы Мұстафа Шоқай еді.

Ардақты азаматтың туғанына үстіміздегі жылы 120 жыл толады. Түркі халқының тұтастығы мен бірлігін, егемендігін аңсаған, сол жолда басшы күрескер азаматты Отаны, түрік тектес халықтар қастерлеп еңбегіне лайық құрмет пен бағасын берер деген үміттемін.

XX ҒАСЫРДА ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ ТАРТҚАН ҚАСІРЕТ

Өткен ғасырдың 20-30 жылдары қазақ халқы үшін қасіреті мол қайғылы жылдар болғаны тарихтан мәлім.

Сол қасіретке толы кезеңде өмір сүрген қарттар бүгінде өте аз. Тарих қойнауында қалған ақтаңдақ беттерді сарғайған парақ беттерінен оқи аламыз.

Дүрбелеңі көп XX ғасырда орыс империясының соғысына қара жұмысқа бару қазақ баласы үшін қанды қырғын азаттық көтерілісіне ұласты. Аяғы байды, зиялы қауымды тарих төрінен ығыстырып кедейлер мемлекеті құрылды.

Бұрынғы жан бағып қалыптасқан жүйе бұзылып жаңа жүйеге көндіге алмаған сауаты аз халық тығырыққа тіреліп әрі-сәрі күй кешкен кезде коллективтендіру, байларды тәркілеу басталды.

1928 жылдың күзінде ғана 696 ірі байлар тәркіленді. Олардан 150000 бас ірі қара мал алынды. Осы кезең халықты аштыққа ұшыратуға бағытталған алғашқы қадам болатын. Малын үкіметке тегін беруден бас тартқан байлар малын қолдан қырғынға ұшыратты.

1928 жылы 18 млн. 566 мың бас қой болса, 1932 жылы осыдан 1 млн. 386 мың басы ғана қалған. Жылқы 1928 жылы 3 млн. 516 мың бас болса, 1941 жылы 885 мың бас қана қалған. Түйе 1928 жылы 1 млн. 042 мың бас болса, 1935 жылы тек 63 мың бас қана сақталған. Малдың күрт азайуы барлық тыныс-тіршілігі малға байланысты қазақты аштыққа ұшыратты.

1930 жылдың 15 наурызында үкімет қаулысымен 3113 адам қамауға алынды, 2450 отбасы жер аударылды. Осылай қуғын-сүргін кең етек ала бастады.

1932 жылы 7 тамызда қабылданған “Мемлекеттік кәсіпорындар, колхоздар мен кооперацияның мүлкін сақтау және қоғамдық меншікті нығайту” туралы заң бойынша ату жазасы және 10 жылға соттау енгізілді. Бұл 37-38 жылдарда болатын жауыздықтың басы болатын.

1932 жылы ғана 33345 адам айыпқа кесіліп, 79 адам атылған. “Аша тұяқ қалмасын асыра сілтеу болмасын” деп ұрандатқан белсенділер елді ала-тайдай бүлдіріп, малын алды, дүниесін тәркіледі, өздерін түрмеге салды, көнбегенін атты.

Ел арасындағы осындай зұлмат өз ағайын қандастарымыз қолымен атқарылғаны тарихи шындық. Малдан, күн көріс қорегінен айырылған халық жан сауғалап жан-жаққа жаяу-жалпы шұбырды. Ұлы жұт ашаршылық осылай өріс алды. Ата баласынан, әйел күйеуінен, азамат туған жұртынан адасты. Тұтас елді мекендер бос қаңырап киіз үйлер тігуімен затымен тұрған-тұрған жерінде қалды. Анамыз айтып отыратын: “Аш титықтап жүре алмаған әйелдер балаларын жолдағы тобылғыға тірідей белінен байлап кетті, су жағалап келе жатып баласын суға лақтырған әйелдер болды”, - деп.

Адамды адам жеген уақыт болған. Осындай жантүршігерлік апатқа алғаш ұшыраған біздің Торғай өлкесі аймағы. Халық екі бағытқа: бірі Жезқазған арқылы Қызылордаға, екіншісі Қостанай, Ақтөбеге, Ресейге шектес аудандарға ауған.

200 мыңдай адам Қытай, Монғолия, Ауғанстан, Иран, Түркияға өткен. Көршілес Ресей, Татарстан, Өзбестан, Қырғызстан, Түркіменстанды паналаған жерлестеріміздің есебін әлі толық ешкім білмейді. Себебі жолда, барған жерде өлді.

Осы ашаршылық жылдары 1 млн. 750 мың адам өлді деген дерек бар. Оған сыртта апат болғанды қосыңыз. Бұл қазақ ұлтының 42 пайызы болатын. 1926 жылы республикамыздағы қазақ саны 3 млн. 628 мың адам болса, 1939 жылы 1 млн. 321 мың ғана адам қалған. Ашаршылықта, репрессияда өлгенді, сыртқа көшкенді қосқанда 2 млн. 307 мың адамға азайған халық саны. Ашаршылықтан қырылып, жан сауғалап жан-жаққа қашқан, есін жиі алмаған халқымыздың басына 1937 жылдары қара бұлт қайта үйірілді.

Қанышер Ежов, Егоров, Бериялар билік жүргізген НКВД “Қырағылары” алдымен қазақ ұлтының сауатты, іскер, қаймағы зиялы қауымды жаппай қуғындап түрмеге салып жазалады, соттады, жер аударды, атты. Бұл зұлмат ауылда тұрған қара халықты да айналып өтпеген. Бұрын-соңды ешқайда шықпаған, қала көрмеген, басқа ұлт өкілдерімен кездеспеген момын, аңғал қазаққа сен Жапонның, Ағылшынның тыңшысысың деген жала жабылып жер аударған не түрмеге жапқан.

Осы орайда жерлесіміз марқұм Мәлік Жәркеновтың бір әңгімесі еске түседі. Аманкелдіден Қостанайға түрмеге апара жатқан тұтқындар ішінен үстіне тері тон, тері тымақ киген қария топталып мектеп алдында өздеріне қарап таңырқап тұрған бір топ балаларға қарап, қарақтарым, біріннің болмаса біріннің есінде қалар, жетпістен асқан мына шалдың үкіметке қастандық жасаушы болған халық жауы екенін анықтаған көреген көсем мен қырағы НКВД жасасын деп қолын шапалақтап айғайлаған екен. Ащы теңеудің астында шындық жатқан еді. Міне осындай жазықсыз қарттар сотталып кете берген.

Жер-жердегі НКВД қызметкерлеріне тыңшы болып жалпақтаған белсенді жерлестеріміз осы қанды қақпанды ұйымдастыруға белсене ат салысқаны көрініп тұр. Бірін-бірі аңдыған, тыңтыңдаған, бірін-бірі қаралаған заман болған. Қазақтың маңдайына біткен арыстарын оққа байлаған басқа ұлт өкілі емес, өзімен бірге жүрген қызметтестері, қанды қол белсенділер болатын.

Болмаса Әлихан, Ахмет, Міржақып, Жүсіпбек, Шәкәрім сияқты асылдарды ретін тауып шет елге тірі асырып жіберуге болмаспа еді? Егерде ұлтқа жанашыр ұлан болса ауыз бірлігі болса. Сол кезде үкіметке қызмет жасаған ұлт азаматтарының өз еліне, өз халқына деген жаны ашымағандығынан, өздері тәуелді елге деген жағымпаздықтан болған жағдай демеске амал жоқ. Мына көрші Өзбек, Тәжік, Түркіменде біздегідей асыра сілтеу болмаған. Олар өз ұлтының азаматтарын сақтау үшін күресті, бірнеше рет билікке қарсы көтерілді.

Тұтастай қазақ ұлтының аяулы азаматтарын жоюға арналған Қаншеңгел науқанның Қазақ сахарасын қақырата қанды жол салып өткеніне бүгінде 70 жылдан асып барады. Бұл зұлмат көптеген отбасын шарпыды. Ер азаматын түнде тұтқындап әкетсе, әйелі мен баласын артынша ұзатпай түрмеге салды. Тұтастай қазақ даласы тұтқындар лагеріне айналды. Талай азамат-азаматшалар “Карлагта”, “Степлагта”, “Алжирде” басқа да жазалау орындарында өлімші күн кешті. Түрмеде жүріп бұзаулаған сиырдың бұзуын қатырып алған күзетші әйелдер ату жазасына кесілді. Адам төзгісіз айуандық жазалауды бастан өткерді.

1938 жылы жазықсыз 25 жылға сотталған Алшорин Шменбай ақсақал айтатын: “Шындығыңды айтпадың деп қатарынан үш-төрт күн ұрып ұйықтатпай, орындыққа байлап электр шамы астына отырғызғанда қандай қайратты адам да шыдамай естен танатын деп. Рухы төмен, шыдамы аз азаматтар мына азаптан құтылу үшін қандай істі айтса да істедім деп мойындай беретін”, - деп айтатын жарықтық.

Түрмеде де адамға айуандықпен қараған. Сібірдегі мәңгі тоң үстіне салған түрме барактарынан күніне 10-15 өлген адамдарды сирағынан сүйреп есік алдындағы құздан лақтыра беретін, - деп күрсінеді тозақтан аман оралған қария. Сол азалық күндерде түрмеде шығарылған төмендегі өлең шумақтары ойға орала береді. Иә, осыдан 70 жыл бұрын жазылған 34 ауыз өлеңнен үзінді келтірейін.

Қош болып тұр Қостанайдың қаласы,

Қанша болар барар жердің шамасы.
От арбаға мініп жатыр жыласып,
Орыс, қазақ, башқұрт, ноғай баласы.

Строймен алып жүрді конвойың,
Иісішіл ит тауысып тұр көз майың.
Бір-бірімізге мойын бұрып қарасақ,
Атылсын дейт заңдары бар, оқ дайың.

Этап деген түсі суық, іші тар,
Не болады белгісіз тұр біздің хал.
Қызғалдағын баса-тұғын аяқпен,
Сары арқаны бір көруге болдық зар.

Сонымен Қостанай қаласынан Қиыр Шығысқа дейін 31 күн азап вагонында барып, сол жерде көрген бейнет, тартқан жан азабын былайша өлең жолдарымен елге жеткізген екен.

Жер екен Дальный восток ауасы ауыр,
Жас жүрек жараланып болды жауыр.
Ұшқан құс жүгірген аң бізден артық,
Дегенмен тіршілікке бәрі тәуір.

Тәуекел десемдағы ер қайрағы,
Қиял ой түсіп кетед қай-қайдағы.
Ұшқан құс, жүгірген аң бізден артық,
Жараның жазылар ма түскен дағы.

Көрінген терезеден жалғыз аспан,
Бұлт торлап терезені жерді басқан.
Ғұмырлық бұл секілді болсам түрме,
Не керек пайдасы жоқ, шіркін жастан.

Мен жүрмін Дальный Восток қаласында,
Қысылып ауыр жұмыс арасында.
Көргенін арыстардың бейнеттерін,
Бермесін адам заттың баласына.

Осы өлең жолдарының авторы Нұғманов Нұржан атамыз түрмеден тіленіп соғысқа барып 1945 жылы жараланып елге аман оралған. Міне осындай ауыр азапты саяси қуғын-сүргінге ұшыраған әр азамат көрді. Көбі елге, туған топыраққа оралмай кебіні жоқ, көрі жоқ, жатқан жері белгісіз болып қалды. Артында қалған ағайын-туысы, сүйген жары, балалары өмір бойы қайғы арқалады.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін ғана көптеген азаматтар “халық жауы” деген жазықсыз тағылған жаладан ақталып шықты. Әлі де

ақталмаған тұлғалар қаншама. Осы жазықсыз жапа шеккен ата-аналарымызға, олардың азапты өмір өткізген ұрпақтарына құрметпен қарап, өмірден озған аяулы азаматтарға құран бағыштау, олардың тіршілікте жасаған еңбектерін жарыққа шығару бүгінгі ұрпаққа парыз екенін ұмытпайық, ағайын.

Ұлы Жаратушыдан халқымызға береке-бірлік, елімізге тыныштық берсін деп тілейік!

1916 ЖЫЛЫ ҰЛТ – АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСІНДЕ АМАНКЕЛДІ БАТЫР КӨТЕРГЕН ТУ ЖАЙЛЫ АҚИҚАТ ПЕН АҢЫЗ

Ертеде әкем, Бәйділдә, Нағипа әжем, Сейтқасым көкем біздің әулетте ту болғанын оны 1932 жылы аштықта елден ауарда Жыланшық бойындағы “Әден төре” деген жердегі Кенжебай атты әкеміздің терезе көсігі астына құрым кигізге орап тыққанын айтып отыратын. Сол Жыланшықтағы ата мекенге 1962 жылы оралдық.

1965 жылы мамыр айында Жамбылұлы Сейтқасымның басшылығымен Кенжебайдың үйінің терезе көсігі астына тығып кеткен тудың жұрнағын тапты. Кенжебай атамыз ашаршылықта Оңтүстік жақта каза болған. Туды әуелде тығушы Кенжебай мен Сейтқасым. Сейтқасым Амангелдінің сарбазы болған, шебер адам. Ашаршылықта Қарсақпай, Жезқазған, Созақ, Шымкент, Ташкент, Тәжігістан барып 40 – жылдары Торғайға оралған. 1961 жылы ата мекені Жыланшықа оралып 1983 жылы 86 жасында қайтты. Балалары Арқалық қаласында тұрады. Бұл туды Кейкі батырдың ұстағаныда көргеніде даусыз.

Туды тапқанда ішінде Аманкелді батырдың жеке көмекшісі, соғыс комиссары болған Бектасов Сұлтан Бірәліұлы, Омарұлы Байділдә, Мұқанұлы Саржан, Байдильдин Байзақ болған.

Ұлт – азаттық көтерілісінде ұсталған ту табылғансоң совхоз, аудан басшыларына хабарланып, райкомнан Мұхитден және совхоз басшылары келген. Табылған тудың матасы шіріген. Қылшашақтар(су сиырдың қылы еді дейді) аят жазылған құстың сүйектері табылған. Осы тудың жұрнағын Қостанайға одан әрі Целинный крайға (Ақмолаға) жібереміз деп алып кеткен еді. Міне арада 45 жыл өтседе еш дерек жоқ. Қостанай мұражайынан іздеуім нәтиже бермеді.

Ал Аманкелді батыр көтерді деген тудың көшірмесі Аманкелді ауданындағы тарихи мұражайда тұр. Түсі қызыл, арабша жазуы бар.

Осы ту жайлы талай зерттеушілер жазып, әртүрлі пікірлер мен деректер келтіріп жүр. Бірақ сол жазбалары шын тарихи құндылығы бар біздің әулет туына яғни 1916 жылғы ұстаған туға келе бермейді.

Сол тудың жұрнағы табылғаннан кейін сол туды алғашқы көрген Сұлтан, Сейтқасымдардың айтуымен түр – түсін қағазға түсірген адаммын.

Әртүрлі акварельмен көлемі үлкен қағазға салып үйге іліп қойғанмын. Сол қарсаңда тудың хабарын естіп Аманкелдінің мыңбасы Атамбектің Ыбырайы үйге келіп менің салған суретімді көріп. Ой қарағым! Туды айнытпай салыпсың ту тура осындай болатын еді деп қуанған еді. Салған суретім, сақталмаса да тудың сипаты әлі көз алдымда.

Тудың сипаты: матаса бір қараған\да ақ түсті болғанымен, бөз, көкшіл болып құбылып тұратын құбылмалы мата болған.

Ту төмен қарап салбырап тұратын, бетінде үш бөлек үш тұмарша болған. Әр тұмаршаның жиегіне аят жазылған құстың сүйегі бекітілген. Ал тудың мата жиегіне жағалай су сиырдың (теңіздегі су хайуаны) қылынан шашақ жасап ілінген. Тудың сабының ұшар басында көлемі шай кеседей алтын күмбезі болған. Ашаршылықта оны сатып жіберген.

1916 жылы туды Шыңғыс атты төре көтеріп шыққан. Осы кісінің туды көтеруі жайлы әкелеріміз айтып отыратын: халық топтасып көтеріліс дүрбелеңі басталған шақта Шыңғыс атамыз түс көреді. Оған сен ақбоз атпен туды көтеріп шығасың деп түсінде аян береді. Осындай дүрбелеңде Көкшетаудан қашып көтерілісшілерге қосылуға келген жиырма шақты азамат Шыңғыстың үйіне түсіп, бірі Қосардағы ақбоз атын сыйға тартады. Шыңғыс осы ақбоз атқа мініп туды көтереді. Бір соғыста оқ туға, Шыңғыстың үстіндегі киімдерге бірнеше жерден тиеді, бірақ денесін жарақаттамайды. Осы көріністі қарттар таңданып айтып отыратын.

Осы туды төрелер әулетінде Шәкібай атты діндар атамыз, Қайқы атты әжеміз ұстапты. Туды дәреті бар адам ғана ұстаған.

Босана алмай жатқан әйелдердің үйіне туды алып табалдырығынан аттағанда әйел босанған, малға індет болса қораның бұрышына ақ матаның үстіне таза жерге туды қойса, індет тоқтаған.

Шыңғыс төреден кейін туды Есенгелдин Саржан ұстаған.

Ту ұстаған Саржан өте қайратты батыл адам болған. Ту көтеріп тұрғанда қара санынан оқ тиіп, сол оқты кездігін отқа қыздырып отырып, аузына қамшының сабын тістеп өз денесінен оқты өзі кесіп алған адам. 4-5 жылдан кейін жарасы асқынып қайтқан.

Саржанның баласы Темірғазы 2006 жылы 80 жасында Аманкелді ауданы орталығында қайтты.

Баласы сол ауданда тұрады.

Кейінгі кезде туға ие болушылар, біздің аталарымыздың туы еді деушілер кездесіп қалады. Тудың нақты кімнен жеткені белгісіз. Анық бір дерек төрелер әулеті туы екені анық. Сол туды кешегі Ұлт азаттық көтерілісінде Аманкелді Иманов көтеріп шыққан.

Ту не Кенесары ханнан, одан кейін елге келіп ағайынды аралаған Кенесарының баласы Сыздық сұлтаннан, не орта жүз билеушісі Қайып ханнан қалуы мүмкін.

Жалпы жасыл түсті, құбылмалы ту Абылай хан әулетінде болған. Ал Қайып хан Абылай ханның бәйбіше әйелінен туған баласы болатын.

Шындыққа қиянат жасауға болмайды. Туды 1932 өзі қолымен көмген 1965 жылы мамыр айының басында өзі бас болып жастарға

каздырып алған төре Жамбылұлы Сейітқасым болатын. Сол туды көрген Әлекешов Хайдар Арқалықта, қазып алушы Байділдин Байзақ Фурманов ауылында тұрады.

Туды 1960 жылы Жақып тауып тапсырды деп жалған жазылып, жаңсақ айтылып жүр.

Шындықты бұрмалап қиянат жасау кешірілмес күнә.

Бұл ту тек төрелер әулеті туы ғана емес, барша азаттық үшін көтерілген азаматтық туы болатын.

БАБАМНАН ҚАЛҒАН КИЕЛІ АҒАШ ТАБАҚ

Әке рухына арнаймын

Ұрпақтан ұрпаққа аман сақтап жеткіз деп аманаттап кеткен әкем қалдырған қара табақты анда-санда қолыма бір ұстап, бір жері қаңсып жарылмады ма, болмаса сызат түспеді ме деп қарап қоямын. Қараған сайын ғасырлар бойы май сіңіп, әдбен кепкен, еменнің безінен ойылған шағын қара табактан ата-бабаларымыздың өткен тағдыр жолдары, тартқан бейнет, көрген азабы көз алдыма елестейді. Осынша уақыт аралығында жоғалтпай, бүлдірмей қалай аман сақтады екен деп таң қаламын. Ойлаған сайын көңілім құлазып, әрі-сәрі күй кешемін.

Екі ғасырға жуық тарихы бар, бабаларымыз қолына ұстап, ішінен ас ішкен мен үшін киелі де қасиетті қара табак тарих қойнауына жетелейді. Арғы тарихынан хабарым жоқ. Әкем Омарұлы Байділдә 1893 жылы ұлы Жыланшық өңірінде дүниеге келген.

Табакты бабамыз Байғара баласы Омарға, Омар атамыз - әкем Байділдәға 1914 жылы енші алғанда берген. Омар атамның қай жылы туғаны есте жоқ, 1933 жылы Ырғызда аштықтан қайтқан. Ата-бабаларымыз ұлы Жыланшық бойын үш ғасырға жуық мекен еткен. Абылай ханның Ұлытауға қоныстанған кезеңінен бері осы өңірде өмір сүрген бабаларымыз тарихи кезеңдердегі ел оқиғаларына да белсене араласқан.

Орта жүз билеушісі болған Қайып ханнан тарайтын бұл әулет еліміздің тәуелсіздігі үшін күрескен. Соның бір айғағы аға сұлтан Басалқа бабамыздың Кенесары ханмен бірге Кекілік тауында мәңгілікке көз жұмуы.

Кенесары хан өлгеннен кейін қазақ халқы ауыр тағдырды бастан өткізді. Басшысы кеткен соң ел әр ру басыларының билеуіне көшіп тоз-тоз болды. Бұл қасырет біздің төрелер әулетінде айналып өтпегені анық. Қазақстанның түпкір-түпкіріне әрісі шет елдерге асып, сол елге сіңісіп ұлтын, руын өзгертіп мәңгірттік азу-тозу жолына түскені анық. Осындай қиын кезеңдерде аталарымыз Қыпшақтың “Тоқпан” руымен туыстас болып “Төре-Тоқпан” атанып бір бірімен қатты сыйлас болған. Бабамыз

Байғара Бектас баймен, атамыз Омар атақты Бірәлі баймен, әкем Бірәлінің баласы Сұлтанмен тұстас сыйлас болған. Осы Нұрым әулетінен тарайтын Бектас-Бірәлібай әулеттерімен барша “Тоқпан” әулетімен өте жақын араласқан. Келіндері үлкендеріне сәлем жасап құрмет тұтқан.

Кешегі 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске де аталарымыз белсене қатысқан. Кеңес үкіметі құрылуын құптаған. Өкінішке қарай, Кеңес үкіметі орнап, өзіне-өзі келе бастағанда ел ішін алатайдай бүлдіріп, белсенділер дәулетті адамдармен қатар біздің “төрелер” әулетін де қудалай бастайды.

Қудалау етек алып, жағдай ауырлайды. Жарамды заттары мен мал-мүлкін тәркілеп, бас көтерер азаматтарын жауапқа тарта бастағанда бір күнде қолда бар жарамды заттарды әр жерге тығып /оның ішінде 1916 жылы Аманкелді батыр көтеріп шыққан әулеттің туы да бар/, Жезқазғанды бетке алып үдере көшкен.

Осы жерде Аманкелді Иманов бастаған Ұлт-азаттық көтерілісінде біздің төрелер әулетінде төре Шәкібай атамизбен Қайқы атты әжемінде сақталған ақ, жасыл құбылмалы түсті туды Шыңғыс төре 75 жасында көтеріп шыққан. Кейін бұл туды Есенгельдин Саржан көтерген. Туды Сейтқасым, Кенжебай атты ағаларымыз Құрым кигізге орап тығып кеткен. 1965 жылы мамыр айында Жамбылұлы Сейтқасым өзі тығып кеткен жерден қазып алып Аманкелді ауданы басшыларына тапсырған. Тудың тарихы мен сыйпаты жеке әңгіме.

Жыланшық бойынан ауа көшкен ағайын руларын жасырып, елуге жақын отбасы Жезқазғаннан Созаққа, Бетпақтың шөлін кесіп өтіп, Созақтағы Кенесары хан әулеттерінен қалған туыстарды паналауға жаяу шұбырады. Елсіз, сусыз шөлде ауыр азапқа шыдамай жол бойы әйелдері мен балалары қырылып, еркектері ғана аман қалып, Созаққа зорға жеткен.

Сол жерде Көккүшік, атақты Баубек бақсыларды паналап, үш жылдай тұрған. Сол кезде Қазбек Әбенев ағамыз 7 жасар бала екен. Баубектен бата алған. Кейін де атақты қобызшы, мәдениет қызметкері болып, дүниеден озды. Балалары өнерлі болды.

Осы ауыр күндерде әкемнің алғашқы әйелі үш ер баласымен жолда қайтыс болған. Осындай адам төзгісіз азап пен қайғы-қасіретте әкем қара табақты тастамаған.

Арып-ашып Созаққа жеткен ағайынды да ол жерде жақсылық күтпеген. Паналап барған Көккүшік атамиз өлгеннен кейін қайтадан бір тобы елге, бір тобы әрі қарай Шымкент, Ташкентке кеткен. Аталарымыз талай азапты күндерді өткізіп, азып-тозып, Торғайдың Сужарған бойына келіп қоныс тепкен. Елге келіп, жағдайлары жақсара бастағанда ата-баба мекені Жыланшыққа 1928 жылдары қайта көшкен. Көп ұзамай байларды тәркілеу, сосын қуғын-сүргін басталады. Белсенділер елді тоз-тоз ғып, білгенін жасайды. Ұлы Жыланшық бойын мекендеген “Төрелер” әулетінде аса дәулетті бай адам болмаған.

Төрелер негізінен қол өнер саласымен, шеберлікпен, зергерлікпен, аңшылықпен, атбегілікпен, құсбегілікпен айналысқан. Ел арасында

әділдікті орнатуға белсене араласып билік айтқан. Алтыншы атамыз Тоқтамыс әулетінен шыққан әділ шешендер Тоқтамыстың тоғыз жорғасы атанған соның соңғысы атамыз Омар болатын. Бірәлі байдың билік айтар сенімді серігі болған.

Әкем Байділдә марқұмда өте сөзге шебер, шежіреші адам болатын. Бірақ байлық жыйнамаған. Біздің әулетте бай болмаса да жылан жыйнап, терісін тапсыр деп салық салады. Кірпікшешен жинатады. Жылан табылмайтын, табылған жыланды өлтіріп, екі езуін жикетеп тіліп, кері қарай сыдырғанда қабығы ішке айналып, еті сыртқа қарап таспа болып шығатын, оны тұзға салып илейтінбіз, илеген жылан терісі жылт-жылт етіп әрі сәнді, әрі берік болатын. Илеген жылан терісімен бір-бірімізді ойнап тартып жібергенде тиген жерін тіліп түсетін деп отыратын әкем.

Жылан жинау науқаны көп ұзамай елдегі жақсыларды қудалаумен, итжеккенге айдаумен жалғасады.

Ел басқарған азаматтарынан, талғажау малынан айырылған елден құт-береке қашады. Ел үдере жан-жаққа көше бастайды. Қолдан жасалған зобалаңның аяғы ұлы жұтқа, халықты қолдан қыруға ұласады. Осындай қиын кезеңде ағайынға беделді әулеттің басы Омар атамыз ағайынды жинап, мынау нәубеттен тірі қалуларың екіталай, тілімді алсаңдар ағайынды екі топқа бөлейін, тобымен індетке кездесе жаппай қырылып қалар. Бірінші топ Жыланшықты өрлеп Қарсақбай, Жезқазғанға, одан әрі Оңтүстікке бет алсын, екінші топ Жыланшықты бойлай Ырғыз, Ақтөбеге қарай барсын деп ақыл айтқан.

Бір үйде екі бала болса екі топқа қосындар, бірі өлсе, бірі тірі қалар деген екен. Ағайын – туыс екі топқа бөлініп, бірі Жезқазған, бірі Ақтөбе асқан.

Бірінші топта Оспан атамыз Жүніс, Ыдырыс, Байзақ, Сәлім, Әміржан атты балаларымен Сейтқасым, Саржан, Мәгдіғарап, Әбдікәрім, Әбен, Қазбек, Талғат, Шәкібай, Төлеген, Батырбек, Тәжі, Сатыбалды, Қошқар, Сәлім, Әкім т.басқалары әйелі, балалары мен жақындарын ертіп жаяулап-жалпылап жыланшықты жоғары өрлеген топ Қарсақбай арқылы жаяу асып, жолай балаларын “Қарсақбай” жетім балалар үйіне тапсырған. Сейтқасым ағамыз Тұрсынбек атты баласын, Оспан атамыз Сәлім, Әміржан атты балаларын тапсырған. Тұрсынбек хабарсыз кетті. Сәлім, Әміржан ағаларымыз Қарсақбайдан Жамбылдағы балалар үйіне, одан Ұлы Отан соғысына барып, соғыстан жарақатпен аман-есен елге оралып, ата-анасына 14 жылдан кейін қауышқан. Қарсақбайға басқа тапсырған балалар есте жоқ. Көбісінің ата-анасы өліп, іздеусіз қалған.

Осы оңтүстікке өткен туыстар да жартылай қырылып, Шымкенттің Мақтарал ауданына жеткен. Кейін елге 1960 жылдары оралды. Бұл туыстар кәзір Аманкелді ауданының Үрпек ауылында тұрып жатыр. Омар атам бастаған топ Қазасалған, Мамыр, Нұраны жағалап, Ырғызға барған жерде іш сүзегіне ұшырап, барған 35 адамнан үш адам ғана тірі қалып, қалғаны ауру мен аштықтан өлген.

Осы кісілер Ақтөбе облысының Мамыр, Нұра, Ырғыз бойына қалай жетті деген ой мазалай беретін еді. Жер жағдайын жақсы білгендіктен Ұлы Жыланшық өзені бойымен Ақкөлге жетіп одан 100 шақырым қашықтықтағы Мамырға жеткен. Мамыр-Нұра бұл табиғи байлығы, суы мол, аң-құсы, балығы көп жер. Осы жерді сағалап келген. Өкінішке орай кездейсоқ аурудан қырылды деп жоғарыда айттық. Ата-бабаларымыздың бұл азапты жолдары өз алдына бөлек әңгіме. Аштықта барша әулет Ырғызда қырылып, тек әкемнің ағасы Жанділдә /Жанкеш деп те атайтын едік/, әкем Байділдә, інісі Жанұзақ үшеуі ата-бабаның жиған-тергенінен қалған жалғыз қара ағаш табақты арқалап, тағы да Торғайдың Сужарған бойына екінші рет қайта келген. Басқасын білмеймін.

1932 жылғы ашаршылықта әкемнің екінші әйелі үш ер баласымен қайтыс болған.

Оңтүстікке кеткен әкемнің інісі Сейітқасым Қарсақбайға бір баласын тапсырып, бір баласын Ташкентте жоғалтып, әйелі аштықтан қайтып, Нағипа атты /бұл кісі Әліби Жанкелдиннің қарындасы еді/ жеңгесін ертіп, соғыс қарсаңында ол кісі де Торғайға келген. Жанділдә, Байділдә, Сейітқасым, Жанұзақ төртеуіндеде отбасы бала-шағасы жоқ салт басты болғандықтан сырт ағайын еркек қос атаған. Жанділдә атамыз Орынбасар атты баласын 1937 жылы көрді. Бұл ағайды 1974 жылы біреу қапылыста атып өлтірді, ұрпақ қалмады. Байділдә баланы 1946 жылы, Сейітқасым 1949 жылы, Жанұзақ баланы 1960 жылы ғана көрді.

Жанділдә мен Жанұзақ соғыстың аяғында Ұлытау ауданының Шеңбер кентіндегі Қорғасын рудныйінде жұмыс атқарып өздері туған жерге Ұлы Жыланшық бойына 1963 жылы оралды. Осы жерден сәл шегініс жасап ағайын туыстың қай жерге мәңгі тұрақтағанына тоқтала кеткенім жөн болар. Жанділдә атам, баласы Орынбасар, әкем Байділдә Жыланшық бойындағы Жаңқара деген жерде, Нағипа әжем, Саржан ағай, әйелі Ғазиза Көшкінбай деген жерде, Сейітқасым Сүтемген деген жерде, Жанұзақ Арқалықтан 50 шақырым Ақбұлақ деген жерде анам Жанкөз Аманкелді ауданының Құмкөшу ауылының батысындағы қорымға, Сейітқасым әйелі Наушаруан Арқалық қаласына жерленді. Ағайынды төртеудің екеуі сыртқа кетіп Торғайда Байділдә Сейітқасым екеуі қалады.

Сужарғанда көп жылдар тұрақтап, ағайынды екеуі Айса Нұрманов бөгетінің аузынан /бұрынғы “Еңбек” совхозы/ жер үй салып, көп жылдар тұрақтаған. Әкем “Еңбекте” 1961 жылға дейін бақша екті, аң, балық аулады, кірпіш құйды, түйе бақты, әртүрлі жұмыстар атқарды. Әкем марқұм жас шағында молданың сабағанын кек көріп оқымай, сауатын ашпаған адам. Соған қарамай ауызша есепке өте жүйрік, сөзге шешен, шежірені өте жетік білетін, дін жолын ұстаған, құмалақ салатын, дойбыны өте жетік меңгерген, ауа райын болжап, жыл қайыру арқылы кімнің неше жастағы екенін дөп басып анықтап отыратын. Тамыр ұстап, халықтық ем жолымен аурулар емдейтін. Тілі шықпаған баланы қойдың көтенімен буындрып, тілін шығаратын, ауру адамды қара қойдың өкпесімен қағып, қойдың терісіне бұлауға түсіретін. Жас кезінде түйемен кіреге (саудаға)

көп шыққан адам. Осы Жыланшықтан Кереку, Қызылжар, Көкшетау, Челябині, Қорған, Қостанай т.б. жерлерге қыста қатынап елден тері, жүн апарып ол жақтан, ұн, қант-шәй т.б. керек заттар әкелдік деп отыратын.

Көкпарға көп түскен адам. Табиғаттың ерекшеліктерін жете қадағалап аң, құс, балық аулауды өте жете меңгерген, барлық аулау тәсілдерін білетін еді. Біздіде осы өнерге үйретті. Жанкелдин ауданының Нұрманов Айса ауылында 18 жыл бақша егіп осы өлкеге бақша өнімдерін өсіруді үйреткен адам.

1961 жылға дейін сол Торғай жеріне оңтүстікте өсетін ұзын сары қауын, сәлде қауын, торлама қауын, қарбыздың өте үлкен, тәтті түрлерін өсірді. Тұстастары шіркін Бәкеңнің қауындары-ай деп тамсанып отырады.

Сейтқасым ағай өте шебер адам болатын. Бақша екті, қызыл кірпіш күйдірді, киіз үй сүйегін жасады. Ұста, зергер, шебер атбегі, аңшы, тазы ұстап бүркіт ұстаған кісі еді. Осы кісілер “Еңбек”, “Қызыл әскерге” бақша өнімдерін өсіруді үйретті. Өздері жоқ болған соң ол кісілердің ел азаматтары қатарында аттары атала қоймайды. Әкемнің мынадай ерекше еңбегі бар еді деп мен де жазған емеспін. Әкем марқұм қанша азап, бейнет көрсе де туған жерін аңсап отыратын. Ақыры 1961 жылы алдымен Маятасқа, 1962 жылы Жыланшыққа көштік. Біз барғанда ол жерде совхоз жоқ еді. Аң құсы, жыланы, бақасы мен балығы жыртылып айрылатын, кешегі зұлматтан тірі қалған ағайын қайта жиналды туған жеріне. Ол кісілер жолы, байланысы, қатынасы жоқ жырақтағы туған жерлеріне көшіп келді. Осы жерге келгенде әкем 69 жаста еді жарықтық. Соған қарамай үйдің малын бақты, шөбін шапты, отын жинады. Тізе бүгіп тыным таппайтын. Иесіз тек төрт қабырғасы тұрған тоқпан (руы) Жекебайдың үйін жөндеп кірдік. Қатарынан озық, жақсы адам болған деп отыратын. Ол кезде совхоз ашылмаған алыстағы аймақ болатын. Ешнәрседен қаймықпай, қиындыққа мойымай, елсіз ата мекенге келуі туған жерге деген шын махаббат, зор құрметтен болса керек.

Жас күнінде екі жауырыны арасының желке тұсына шыққан Ұра (өскен өлі ет) уақыт өте келе үлкендігі қол добының жартысындай болып ұлғайып ауырып, ақыры операцияға түсті. 70-тен асқан адамның наркоз салдырмай ашық пышақ ашуына 2,5 сағат тіс жарып ыңкылдамай шыдауы сол өлі етті алған хирургтарды таң қалдырған еді. Осындай аса шыдамдылықты інісі Жанұзақ ағайданда көрдім. Осы көріністер ойға түссе апырымай біз әкеден қаншалықты жасық, нашар, тәуекелсіз болғанымыз ойға түсіп өз-өзімінен ойға қалып жүдеп, бүрісіп қаламын.

Елу жасқа дейінгі ғұмырында кіре тартып, түйе жетектеп, аштықта, қуғын-сүргінде Қазақстанның көп аймағын жаяу аралаған, бір Аллаға сиынған тәуекелі мол, батырлығы мен батылдығы бар азамат кімге болсада үлгі еді. Бала күнімде бақшаға түскен жабайы қабанға айыр алып қарсы барып бақшадан қуғаны есімде. Қабан әкемді жарады деп шешемнен бастап жылап тұрдық. Аброй болғанда қабан қарсы шаппады. Бұл көзсіз ерлікпе? Болмаса өсірген өнімнен айрылам деп шарасыз бардыма? Ол жағы бізге белгісіз. Оны кезінде түсініп, қадырлей алдықпа? Әке парызын

өтей алдымба деп өзім қартайғансоң көп ойласам. Әрине менің ол ойыммен әйелім, бала-шағамның жұмысы жоқ. Оларға ойын-сауық, ішер тамақ болса болғаны. Қазір ойлап отырсам әкем үстіне жаңа киімдерде кимепті. Қолдан ши барқыттан тіккен киіммен өтті. Жиған тергенін от басына қонағына жұмсады. Өте қонақжай адам болатын. Кеңес дәуіріне көңілі қалдыма білмеймін әкемде, шешемде зейнетақы алмай өтті өмірден.

Қазір қарап отырсақ жағдайы бола тұра бүгінгі тұрмыс тіршілігіне қанағат тұтпай, туып өскен жерін тастап үдере көшкен ағайынды көп көресің. Жұмыс іздеген жас болса айтар жоқ. Жасы қартайған егде адамның туған жерін тастауы көп жағдайда көңілге қона бермейді. Осы күні барға қанағат, шүкіршілік аз.

Әкем марқұм талай қиындықты бастан өткізіп, туған жерінде Ұлы Жыланшық бойында 1973 жылы 80 жасында мәңгілікке тұрақтады. Қаншама бейнет, азап, қайғы көрсе де мойымай, Аллаға шүкіршілік жасап, тәубе деп отырушы еді. Кісіден қарыз алып тәуелді болма деп жиі айтып отыратын.

Жылға жақын тамақ ауруымен ауырып өмірден озды. Қанша қиналып жатсада қатарлары келіп әңгіме бастаса ауруын ұмытып кететін. Қатты қиналған кезде шешем көңіл сұрай келген қарттарды кіргізбей жіберіпті. Күнде келетін шалдар көрінбегенсоң олар неге келмей кетті деп менен сұрады. Мен шешем сіз қиналды деп қайтарғанын айттым. Сонда әкемнің кісімді қайтардың деп шешеме қатты ренжігені бар.

Біздер сияқты айтар сөзін бүгежектемей тура айтатын тік мінезі болатын. Әрине, бұл мінезін біз ұната бермейтінбіз. Бірақ қарсы айтуға тіл болмайтын. Қанша ұрсып, айғайласада, айтқаны дұрыс болсада, дұрыс болмасада бетіне қарап, қарсы жауап қатпайтынбыз. Кәзір қарап отырсақ сол ұрысқанының бәрі ақыл тәрбие екен.

Ол кісінің айтқан сөзі бізге заң болатын. Өлер шағымда сені оқуға жібермеймін деген сөзін сыйлап қатарыммен оқуға бара алмай Алматы партия мектебінің есігін 34 жасқа келгенде аштым. Қайтардан біраз бұрын мені шақырып алып, “Әй, мынау ағаш табақтың осы уақытқа дейін қалай жеткенін білесің бе? Мен осы бабамыздан қалған табақты әйелім мен балаларым аштан қырылып жатқанда, өзім аш, жалаңаш жүргенде далаға тастамай сендерге жеткіздім. Көздің қарашығындай күтіп сақтандар” деп өсиет айтып еді, жарықтық. Әкемнің 77 жасқа келгенде алғаш көрген немересі Балтабай үйленгеннен кейін атамның табағын мен сақтайын деп өтініш жасады. Мен келістім. Табақ елден жырақ Ақтөбе қаласына кетті.

Арада уақыт өткен сайын менен береке қаша бастады. Отырсам да, тұрсам да табақты уайымдаймын. Әкемнің аманаты ойымнан шықпайды. Әкем марқұм аш, жалаңаш жүріп атадан балаға аманат деп қалдырған мүлкін балаларым қадірлемей аздырып ұстайма деген ой санама келсе денем қалтырап кетеді. Іштей баламада келінімеде сенімді болғанмен уайым бойымды жайлады. Ақыры шыдамай балаға телефон шалдым.

Қарағым, табақты қайтар. Сөз осы болды. Табақты алып 800 шақырым жерден балаларым келді. Табақ қолыма тиген соң көңілім

орнына түсті. Анда-санда сүртіп, қарап қоям. Қарапайым ғана қара табақ, басқаша көзбен қараған адамға, ал мен үшін ең қымбатты, киелі асыл мұра. Бабаларым дәм татқан ата-бабамның көзі. Табақты көрген сайын табақтың түбінен табақты күтіп ұста, табақ дастарқаның берекесі, от басыңның басын қосатын ұйытқысы, бабаларыңның сендерге жеткен көзі деп әр жағынан әкем бата беріп тұрғандай көрінеді маған. Әкем маған жеткізген, мен балаларыммен немерелеріме жеткізген киелі табақ мен үшін аса құнды, аса қадірлі. Келешекте табақты қадірлеп ұстайма, болмаса қаңсытып күтпейме ол уақыт еншісінде.

Ұлтымызда “Атадан мал қалмаса да тал қалады” деген мақал бар. Түп төркіні еккен ағашың өседі, көркейеді, келесі ұрпағың игілігін көреді деген сөз.

Былайша ойласаң осы бабаларымыздан қалған ағаш табақты, бірнеше ғасырлық тарихы бар ағаштан жасалған ағаш ожау, қобыз, домбыра, асадал, адалбақан, сандық, кебежелер, төсағаштар, киіз үй сүйектері де сол атадан қалған “тал” екеніне көзің жетеді. Осындай өткеннен сыр шертетін киелі жәдігерлерді сақтау, қастерлеу парыз. Ол біздің өткенімізден қалған тілсіз тарихымыз, мәдени мұрамыз.

ШЕБЕР, ҰСТА, ЗЕРГЕР СЕЙТҚАСЫМ ЖАМБЫЛҰЛЫ ТУРАЛЫ БІР ҮЗІК СЫР

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бергі аз уақыт ішінде тарих қойнауында елеусіз қалған талай жақсылар аты жарыққа шығып егемен еліміздің абройы асқақтап келеді. Осы игілікті істің бірі Мәдени-мұра бағдарламасы. Осы бағдарлама көлемінде көптеген шеберлер аты жарыққа шықты. Әліде зерттеуді қажет етер тұлғалар қаншама? Әсіресе тарихи Торғай өлкесінен неше алуан өнерлі азаматтар шыққан. Басқаны айтпағанда Ұлы Жыланшық өңірінен шыққан ұста, шебер, зергер Таңат Сейдахмет, Аманкелді батырдың ағасы Бектепберген, Әбен, Тайшық, Көшек, Самырат төрелер, осы ұлы шеберлер ісін жалғастырушы хас шебер, өнердің барлық түрін меңгерген бірақ өнерді қадірлемейтін заманда елеусіз ғұмыр кешіп өмірден 1983 жылы 86 жасында озған Сейтқасым Жамбылұлы жайлы өнер зертеуші ғылым этнограф Әбдіқас Тәжімұратов көптеген зерттеулер жасады.

«Шебердің қолы ортақ» атты кітабында көптеген шеберлер аты аталады. Өкінішке орай ол кісілердің өз замандас туыстары болмаса бүгінгі ұрпақ біздер ол шеберлер жайлы өте аз білеміз. Осындай өнер саласындағы дара тұлғалардың бірі, Жыланшық өңірі тумасы Сейтқасым Жамбылұлы.

Сейтқасым төре Жамбылұлы бір атадан жалқы туған, арда өскен азамат болған. Жаратылысы ерекше сұңғақ бойлы, денесі тіп-тік, кең жауырынды, қияқ ұзын қалың мұртты, сұлу қыр мұрынды, ұзын мойын, кең маңдайлы көзі өткір қой көз болатын. Ұзын салалы саусақтарын бір-біріне ұрғылағанда қу ағаштың салдыры шығатын. Ұзын салалы саусақтары да бүркіттің тұяғындай көмкерілген сүйір ұзын әлді болатын. Тырнақтарымен мәштің, етіктің былғарыларын тістеуікше тартып отырғанын талай көрдік. Жас кезінде сәндік үшін екі құлағын тесіп сырға тағуы өз қатарында серілік дәстүрді жалғастырғанын көрсетеді.

Шеберлігімен қатар қурайдан сыбызғы жасап тартатын, аздап домбыра тартып «Дүние қызып түлкі бұраңдаған, бақ тайса басқа дәулет құралмаған» деп ыңылдап өлең айтып отыратын. Мұсылманша, орысша сауаты болды. Құранды нақышына келтіре мақалымен өте жақсы оқитын.

Жас кезінде жылан шағып содан ісіп-кеуіп Аман қалдым, енді маған жылан уы әсер етпейді деп отыратын.

Иә 90-ға жақындаған қарттың тісі егеліп аласарғанымен бір тісі түспей өмірден озды. Көзі көрді, құлағы естіді. Тек буындары әлсіз болып тұрып-тұрып алға елпелеңдеп жүгіріп кететін.

Сақал мұртты аппақ қудай өз қария осы өмірінде аз қиындық көрмеген.

Жер жаннаты Жыланшық сағасының құйылысында дүниеге келген.

Торғай дуанына танымал хас шебер Момынұлы Тайшық төренің соңына еріп өнердің қыр сырына ерте қаныққан. Жыланшық бойындағы Тоқпан Көшкінбайдың қызыл үйін, Рахмет байдың үлкен қызыл тамын, Бірәлі байдың баласы Сұлтанның қызыл үйін салуға қатынасқан. Кірпішті қалай айдап, құюды, кептіруді, оны күйдіруді осы Тайшықтан үйрендім деп отыратын.

Тайшық төре салтанатты үйлер салумен қатар, ұста, зергер адам болған. Осы Тайшық дүниеден озғанда жиналған халық әттеген-ай Тайшықтың алтын қолы жер астына кетеді ау деп егіліп жылаған екен.

Хас шебер халыққа қайырымы мол болса керек. Сол хас шебердің ісін жалғаған Сейтқасым Жамбылұлы сәулет өнерімен қатар, сурет салуды, ою-оюды, үй басуды, ағаш өнерін меңгерді, ұсталық жасады, сақина, білезік, жүзік соқты, жас кезінде ит жүгіртіп құс салған, атпаз болған адам.

Теріден торсықты өріп ішіне су құйғанда ақпайтын болған. Бұл туралы Сейіт Кенжеахметов ағамыз жазды. Үлкен ала тазыға қолдан тамақ пісіріп беріп төрдегі көрпеге жатқызғанын көзіміз көрді.

Бүркіттің балапанын қыстың қай мезгілінде алу керек, оны қалай баптау керек, оны аңға қалай салу керек, атты қалай баптау керек бәрін төңірегіне жиналған балаларға айтып отыратын жарықтық.

Осындай мейірімі мен ізгілігі жастарды өнерге үйретуге деген ынта ықыласы үшін төңіректеп маңынан шықпайтынбыз. Мәрда басты, ау тоқыды, сүзекі салды. Неше алуан қармақты қолдан жасап балаларға үлестіретін. Аң аулағанда соңынан қарауылдап еріп жүретін едік. Отырған құсты қапыда кетіп обал болады деп ұшырып, ішіндегі аталығын ататын.

Жас кезінде қасқырды атпен қуып көп аулағанын ертегідей етіп айтып отыратын. Көршісі Қарауыл руынан шыққан Сарбастың жайдақ атпен қасқыр қуып құрықпен бір ұрғаннан шығармай қасқырды ауылға талай тірідей ноқталап әкелгенің жырғып айтатын. Ауыл иттері тірі қасқыр ауылға келгенде жан-жаққа қашып безіп кететін деп күлетін еді. Табиғат ерекшелігін өте жақсы білетін, аздап емшілік (шөппен) жасайтын. Жылқының қатты қылын қарындаш жуандығындай етіп қатты байлап тұтамдай ғып екі басын кесіп, өз кеңсірігіне ұрып қан шығарғанын талай көрдік. Бұл тез жазылатын операция демесіңе шараң жоқ.

Жазда бақша екті, кірпіш күйдіруді, қыста түйе бақты. Қосымша Айса Нұрманов бөгеті аузында су маманы міндетін атқарған.

Айса Нұрманов ақталғанда ол кісіге ескерткіш тұрғызған осы Сейтқасым болатын. Бүгінде Айса бөгеті аузында ол кісі екен ағаштар қалды. Қазақта «Атадан мал қалмасада тал қалады» деген осыдан шықса керек.

Өнерге деген ынтасы бар адам көп жүріп, көп көрсе өнері арта түсері анық. Сейтқасым ағамыздың да тағдыры өте алуан сан қырлы болған.

1897 жылы туған азамат 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне 19 жасында араласады.

Кейкі батырды жазалаушы отрядтың қоршағанын, атқанын, оң қолын кетпенмен кесіп әкеткенін көзімен көрген адам. Батырлығы мен батылдығын жыр ғып айтып отыратын.

Аманкелді, Кейкі, Әбдіғапар, Әлібиді жайлы өте көп әңгіме білуші еді. Жастықта оған жете мән бермедік.

Кеңес үкіметі 20-шы жылдары Жыланшық бойындағы төрелер әулетін қудалаған. Бүкіл әулет Қарсақбай, Жезқазған, Сарысу арқылы жаяу қашып жолда шөлде әйел, балалар қырылып өздері Созаққа әзер жеткен. Осы кезде атақты Қобызшы Қазбек Әбенев 7 жасар бала екен. Сол жердегі Кенесары әулетін, оның ішінде атақты Көккүшік атамызды паналаған. Сол жерде Есіргепұлы Баубек бақсымен танысады, Көккүшікке атшы болады. Көккүшік зорлықшыл адам болған. Соның қырсығы Сейтқасымға тиіп бір қапылыста қарсыластары Сейтқасымды қолға түсіріп аяқ-қолын қыл арқанмен байлап қамап тастаған. Қыл арқанды тісіммен қиып құтылдым деп отыратын. Әйел баладан айырылып, Қаратауда үш жыл тұрақтап Торғайға Сужарған бойына қайта оралған. Уақыт тынышталды-ау деген қарсаңда 1927 жылы Жыланшыққа қайта келген. Екінші рет отбасын құрған екі ер балалы болады.

Көп ұзамай байларды тәркілеу, басталды, соңынан малдан айырылған халық ашаршылыққа ұшырайды.

Осы қиын кезеңде төре Байғара ұлы Омар әулетті екі топқа бөледі. Бірінші топ Қарсақбай, Жезқазған арқылы Оңтүстікке өтеді. Екінші топ Жыланшықты жағалап Ырғызға ауады. Сейтқасым бірінші топта болады. Жолай Қарсақбайдағы балалар үйіне Тұрсынбек атты 2 жасар баласын қалдырады.

Жезқазғаннан Қаратауға жеткенше жартылай қырылып алғашқы топ әзер жетеді. Осы жолда әйелі қайтыс болады.

Әр жерден пана іздеп, Шымкент, Ташкент одан Тәжікстанға өтіп күн көріс іздейді. Өзінің өнерінің арқасында қорек табады. Ташкенте жүргенде 8 жасар ер баласы асханаға кіріп қайтып шықпай қалады. Әрі іздеп бері іздеп таппайды. Ақыры подвал толған ашарықтар жеп қойғанын біледі. Осындай тарығып жүрген кездерде атақты Брәлі байдың елде аурушаң болған Шепелей атты бір баласын кездестіреді. Сонда Шепелей айтты дейді:

Әй, Секе-ай! Елде жүргенде ақ марқаның еті жақпайтын сорлы басыма осы күні көшеде картоптың шикі қабығы табылса майдай жағып тұр деген екен. Осылайша таршылық өмір кешкен. Шымкенттің қол өнер мектебінде талапты жастарға дәріс берген. Ташкентте Қажымұқанды, Нартай ақынды көрдім деп отыратын. Нартай базар толы халық алдында гармонмен ән айтқанда алдына жайған шекпені ақшаға толғанын көрдім, өте әуенді әнші адам болды деп тамсанатын. Бірде осы базарда өзбек, қазақ болып күреседі. Өзбек палуаны әлді болып екі-үш қазақ жығылған соң, басқалар беттемей жұрт аңырын тұрып қалады. Сонда ортаға бір қазақ қария шығып осы өзбекке күреске шығатын, қазақта бір ұл тумады ма деп айғайлайды. Ешкім қозғала қоймаған соң жұлынып ортаға шығып, өзбекті ұстаған жерде жамбасқа салып жерге бір-ақ ұрдым ғой деп күлетін

Сейтқасым Торғай өңірінде Еңбекте, Қызыләскер кеңшарларында көптеген жылдар жазда бақша екті, қыста түйе бақты, аң, құс аулады. Атшана кигіз үй сүйектерін жасады, кебіс, мәс, саптама етік тікті, шығырды қолдан қашап құрастырды. Басқада зергерлік бұйымдар жасаумен айналысты. Әйелдері де Нағипа мен Наушаруан шебер адамдар болатын. Неше алуан кілем, алаша, сырмақ, шабадан, қоржын, тікті, түйе жүн шекпенді тоқыды.

Сауаты бар елге танымал азаматтың үйінен кісісі үзілмейтін. Торғайда Міркемелмен, Ғазез қажымен, Меңдіғалимен Таласбай молдамен, Әкпар, Смайл ұсталармен, Жәнәділмен, Тұрақпен сыйлас болған адам. Кешегі 1932 жылы ашаршылықта Оңтүстікке бірге барып сол жерде қызметке араласып, колхоздың басшысы болып тұрғанда 1949 жылы 25 жылға сотталған, 1956 жылы босап араға 24 жыл салып елге оралған Саржан інісімен кездескендегі көрініс көз алдымнан кетпейді. Ол кезде 3 сыныпта оқитын кезім әкеммен, Саржанмен еріп «Тай» деген жерде отырған Сейтқасымның үйіне шықтық. Жақындағанда бір кісі шауып барып сүйінші сұрады. Әйелдерше дауыс қылып көлді жағалап жүгіргені үшеуінің өкіріп көріскені сөйлеуге шамасы келмей өксігін баса алмай отырғаны әлі көз алдымда. Иә, адасып қалған ағайын араға ширек ғасыр салып кездесті. 1960 жылдардың басында тірі қалғандары туған жері Жыланшыққа жиналды. Көшкінбай деген жерден бір-бір үй салды, совхоз шаруашылығына араласты. Сейтқасымның басшылығымен Аманкелді Имановтың көтерген туы іздестірілді. Аманкелді Иманов 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске Қайыпхан әулетінің ақшыл туын көтерген. Ол ту

Қайқы деген әжемінде сақталған, ашаршылықта тудың алтын күмбезін сатып, матасын Әден төре деген жердегі Кенжебай үйінің жарына тыққан. Осы туды 1965 жылы Сейтқасым жастарды ұйымдастырып қаздырып тудың жұрнағын тапты. Ішінде Брәлінің Сұлтаны болған. Ол тудың жұрнағын аудан совхоз басшылары көріп, сол кездегі Өлке Ақмолаға жіберген. Бұл күнде ол тудан дерек жоқ. Ол туды көтеріліс кезінде алғышқыда Шыңғыс кейінде Саржан ұстаған. Сейтқасым тарихи жәдігерлерге ерекше мән беріп іздеп отыратын.

1974 жылы ғалым, этнограф Әдіқас Тәжімұратов Аманкелді ауданы, Родник совхозындағы осы кісіге арнайы келіп көптеген құралдар тарихи жәдігерлер алды. 1974 жылы Алматыдағы «Қазақстан» баспасынан шыққан «Шебердің қолы ортақ» атты зертеуінде көптеген Торғай шеберлер қатарында Сейтқасым Жамбылұлы аталады. Этнограф, ғалым Сейіт Кенжеахметовтің «Қазақтың дархан дастарханы» атты жинағында Сейтқасымның қайыстан өрген су ақпайтын торсығы жайлы дерек бар. Сан қырлы шеберлікті меңгерген азаматты ағайын туысы халқы құрмет тұтты. Үлкен ағасы Жанділде жалғыз ұлын Орынбасарды Сейтқасымның бауырына салды. Жеңгелері жасы кішілігіне қарамай қайнаға деп сәлем жасады. Жалғыз ұлы Бірімжан екі ұл, төрт қыз өсірген азамат, балалары бәріде жоғары білім алды. Немересі Айгерім Араб Эмираттарында Америка университетінде ағылшын тілінде оқуда. Нұрымжаны бүгінде үлкен кәсіпкер.

Бүгінде мәдени мұра бағдарламасы аясында игілікті істер атқарылуда. Бүгінгі күні ұрпақ алдында халық арасында ескерілмей, зерттелмей келе жатқан еліне, халқына еңбегі бар өнерлі азаматтардың жақсы ісін жарыққа шығару парыз.

Біздің киелі Торғай өлкесінде өнерлі азаматарымыз өте көп болған. Соларды бүгінгі ұрпаққа таныстыру көзі ашық, көңілі ояу әр азаматқа міндет болуы қажет. Иә ұлы жаратушы өнерлі етіп жаратқан хас шебер Сейтқасым Жамбылұлы менің өнерге қалыптасуыма бірден-бір себепші, тәрбиеші болған өнер жолындағы ұстазым болатын.

ЕЛЕУСІЗ ӨТКЕН БІР БЕЙНЕ

КСРО Түсті металлургия министрлігінің 13 рет Құрмет грамотасын алған, небәрі 28 жасында зейнетке шыққан шахтер /проходщик/ Байғарин Жанұзақ Омарұлы жайлы бір үзік сыр

Мына суреттегі азамат 2001 жылдың шілдесінде 74 жасында дүниеден озды. Ағайын-туыс соңғы сапарға шығарып салдық. Жерлеген күні қара дауыл соғып, арты көл-көсір жаңбырға ұласты. Келесі күні қабірінің басына барсақ, қатты нөсер дене топырағының жартысына

жуығын шайып кетіпі. “Марқұмның мінезі дауыл сияқты, өзі де дүлей адам ед” деген әңгімелер естіліп жатты.

Иә, Жәкең тірлігінде бір Алладан басқаны мойындамаған, ешкімнің орынсыз айтқанына көніп, айдағанына жүрмеген, тік мінезді, өтірік айтпайтын, көлгірсіп жалпақтауды білмейтін, кемшілігіңді жүзің бар демей бетіңе басатын, жасында өте қарулы адам болатын жарықтық. Қазіргі шетелдік кинолардағыдай бұлшық еттері бөлек-бөлек күш иелерін біз бала күнімізде осы кісіден көретінбіз. Орта бойлы, дембелше жауырыны қақпақтай, жуан мойынды, бұлшық еті күрте жеңін шіреп тұратын. Бетке басып айтатын тік мінезінен ешкімге жаға бермейтін. Бәріміз де тірісінде жақтыра бермейтін едік. Уақыт өткен сайын ол кісінің істеген ісі мен айтқан тура, шын сөздері, батылдығы мен батырлығы, ерлігі мен өрлігі ойыма орала береді. Ойлаған сайын өзіміздің күніміз үшін жүрген пақыр екендігіміз елестейді. Уайымшыл, жалтақ, жасықтығымыз қайыспаған қара шалдың қаншама жігерлі, қайсар адам екендігін көрсетеді. Ол кісі өмір бойы күйкі тірлік кешті, жалғыз тұрды. Бірақ “мынау жетпеді-ау, мынау болмады-ау” деген адам емес еді. Керісінше, барғанда бізге ұрысып, барға қанағат етпейсіңдер деп отыратын. Байлықты, барлықты, мақтан жасағанды жек көретін. Оның жал-жая жегенінің, менің қара нан жегенім артық, Аллаға тәуба деп отыратын.

Байғарин Жанзақ Омарұлы 1927 жылы Жыланшық өзені бойында дүниеге келген. Әке-шешесінен ерте айырылып, жетім қалып, ерте есейген. Ашаршылықта Жыланшықтан Бірғызға ауған 35 адамнан тірі қалған үш адамның бірі осы 5 жасар бала еді. Жастайынан бейнетке араласып, толық білім де ала алмаған. Түрксиб темір жолының Мойынты – Шу бөлігін қолмен салуға атсалысқан, Қарағандыда шахтада, Өскеменнің Бұқтырма ГРЭС-ін салуға қатынасқан.

Осы Бұқтырма ГРЭС-ін салуға 1948-49 жылдары біздің Аманкелді, Торғайдан 140 жас жігіт барған. ГРЭС-тің бөгетін бірнеше мыңдаған жастар қолымен бөгеген. Оларды бұрын сотталғандар тұрған барактарға бөліп жатқызған. Жұмысы ауыр, тамағы нашар, жағдайлары төмен болады. Жігіттердің алды елге қаша бастайды. Осындай қиын кезде Жәкең жанына үш-төрт жігіт алып он шақырым жердегі “Аблакатка” /ұмытпасам осылай атайтын/ деген жердегі әскерилер күзететін жиналған картопты ұрлайды. Алдында ұрлыққа барған бір-екі адам оққа ұшады. Сол он шақырым жерден тоғыз пұттық ала қапты толтырып, Жанұзақ арқалап желе-жортып отырады да, жанындағы жігіттер кезекпен екі жақтан демеп отырады екен. Сонда қажымай әкелетін деп отырады тұстастары. Осылайша басын өлімге тігіп жолдастарын аштықтан құтқарған көрінеді. Өздері қиналып жүрген азаматтарға көрші баракта тұратын басқа ұлт өкілдері әлімжеттік жасап затын, тамағын тартып ала береді. Бір күні Дерібсалдин Әбуғалиды сабайды. Әбуғали да алып күш иесі болған азамат. Оны Әбуғали Жәкең айтады. Жәкең жанына 4-5 жігітті ертіп, манағы жігіттерге барады. Ішіндегі басшысы ұзын бойлы, ұзын қалың шашты азамат екен. Жанұзақ екеуі жағаласа кетеді. Оның сілтеген темірі бұған тимей, Жанұзақ оның

калың шашынан ұстап, басын тұқыртып көтертпейді. Ол да басын жұлып алып кете алмайды. Ақыры, алақандай төбе құйқасы шашымен бірге Жанұзақтың қолында қалады. Осы жағдайдан кейін қазақ жастарына әлімжеттік жасау тоқтатылады.

Ол өте қарулы адам болатын. Алты метрлік жуан бөренені жалғыз көтеріп, 5-6 шақырымға апарғанын бала кезімде көрдім. Кезінде күреске түсіп, көкпар да тартты. Шахтада жүргенде асханада кезекшілікке таласып төбелескенде қарсыласын екі қолынан ұстап, қапшықша айналдырып екінші адамды адаммен ұрғанын қатарлары жыр қылып айтып отыратын.

Ертеректе ренжіскен жеңгесінен кешірім сұра деген сотқа “қатыннан кешірім сұрамаймын, соттасаң соттай бер” деп 3-4 жыл түрмеге де отырды. Түрмеде отырған жалғыз қырғызға болысып, басын жарғызып, қолын, қабырғасын сындырған адам. Өзі түрмеде, малы иесіз қараусыз қалған соң ағайыншылық жасап, жылқыларын сатып, ақшасын жинап қойған едім. Босап келгеннен кейін қоймай жүріп, манағы малын екі есе артық төлеп, қайта сатып алды. Ошағымның отын өшірмеймін, ешқайсына тәуелді болмаймын деп қартайған шағында Арқалықта 23 жыл жалғыз тұрды. Оның жалғыздығын пайдаланып бірнеше рет үйін де тонағандар болды. Соларды біле тұра ол сотқа бармады. Сотқа неге бармайсың десек, олар сорлы болды деп, мен сорлы боламын ба дейтін жарықтық.

Үйіндегі газ баллон атылып, үйдің бетон төбесін жұлып кеткенде іргесінде жатқан Жәкең жартылай күйіп, одан да аман қалды.

Қартайса да жылқыдан қол үзбей, бір атты жанына ұстады. Бір бөлмеде аты, бір бөлмеде өзі тұрды. Киелі жылқы малы да әбден иесіне үйренген болатын, жіберсе тірі жанға ұстатпай, айналып шауып-шауып келіп, кісінеп иесінің омырауына тұмсығын тығып, иіскеп тұра қалатын.

Бірде, қатты ауырып мені ауылдан шақыртып алып: “Ал, қарағым, жағдайым жақсы емес, мына атты елге алып кет, болмаса сат” деді. Алып кетуге аспанға қарғып еліріп тұрған аттан қорқып, амалсыздан саттым. Қырсық қылғана, сатып алған жігіттер сыртқа шығарсақ айырылып қаламыз деп, атты сол жерде жығып бауыздап жіберді. Манадан атына кимастықпен қарап тұрған ағамыз өкіріп тұрып жыласын кеп.

- Бұрынғы күшім, қайратым болса сатар ма едім, серігім еді, қанатым еді, бауырыма басқан баламдай еді, - деп егілді. Қосылып біз де жыладық. Егер ер балаларының бірі тірі болса жылар ма еді, жыламас па еді?

Жастай жетім өсіп, әкесінің інісі Жанділде тәрбиеленді. Өмірге келген ер балалары азамат болуға айналған шағында өмірден озды. Шүкір, жалғыз Сайранкүлі үйлі-баранды. Күйеу баласы Серікбай атасын туған әкесіндей мәпелеп бақты, арулап жөнелтті. Жанұзақ ағамыздың екінші рет үйленген Мәрияш атты жеңгемізден Гүлзада атты қарындасымыз бар еді. Ол бала тұрмысқа шыққан үйлі-баранды балалары бар деп естідік. Ағай қайтқанда хат жазып едім, хабар болмады. Біз іздеп бара алмай жүрміз сырттай сұрастырып тұрамын. Өмірде қанша қиыншылық пен жалғыздықтың азабын тартса да, ешқашан мойымай, қайта барға қанағат қылып, Аллаға шүкіршілік айтып отыратын. Ешнәрседен қаймықпайтын әділ, тура,

бірбеткей, тік мінезді болатын. Тасып жатқан суға қаймықпай қойып кеткенін, 80-90 шақырымға жаяу бара беретінін, жұмысты апырып-жапырып істейтінін көзіміз көрді. Шахтада жұмыс істеп жүргенде Әлкей Марғұлан, Қаныш Сәтпаевтар дүлей күш иесі жас жігітті көріп қызығушылық танытып, оны оқуға шақырған көрінеді. “Мен ақымақ, шақырғанда бармадым ғой” деп өкініп отыратын. Осы жасында талай апатты басынан өткерді. Ауыр зат көтеремін деп, аяғының тырнақтары түгел сөгіліп түскен, аяқ-қолдары бірнеше рет сынған. Жігіттермен жанжалдасқанда жаңа ғана қатып жатқан өзеннен мұзды сындырып, жалдап өткен адам. Қайтарынан бір жарым жыл бұрын үйіне паналатқан өзбек азаматы арақ ішіп алып қапылыста балтамен ұрып құлатып, қолын, қабырғасын сындырып, басын жарған. Сол сынған қабырға, жарылған бас, үзілген жілікпен өмірден озғанша елемей жүрді. Үзілген жілік дұрыс бітпей, қолы оңды-солды бұралып тұратын. Ауырсынып елең етепейтін. Бір деректерде Абылай бабамыздың соғысып жүргенде аяғы жіліншігінен үзіліп, салбырап қалғанда аяғын қайырып байлап алып соғысқа қайта ендідеп айтылады. Сол деректердің шындығына мына кісінің істеген ісі сай келетіндей еді. Шыдамы мен қайсарлығы, жансебілдігі, етінен ет кессең де сезбейтін мықтылығы таң қалдыратын.

Иә, бұл кісі де халқымызға пана болған Абылайхан әулетіне жататын ағайын болатын. Жас кезінде Ғазиз қажымен қатар өскен құрдас, сыйлас болған. Таңат Сейдахмет ақынның немересі Ғаппаспен көп жылдар араласқан. Сарыторғай, Қараторғай елінің азаматтарымен шахтада бірге болған. Олармен өмірден озғанша сыйласып, араласып өтті.

Бүгінде қарапайым адамдар елеусіз, ескерусіз қала береді. Барды, байды көп дәріптейміз. Кезінде адал еңбек еткен, елін, отанын сүйген, ешкімге қиянат жасамаған, барға қанағат, жоққа шүкіршілік жасаған қаншама азаматтар өмірден озды. “Мен мынадай істер жасадым” деп мақтанбай, қарапайым күй кешкендер де өтті. Біз оларды елемедік, ескермедік. Жәкең де сондай жандардың тек бірі ғана болатын.

ОРЫНБАСАР АҒАЙДЫҢ ҚАЗАСЫ ЖАЙЛЫ

1974 жылдың 5 – ші наурызы күні ауданға партактивке жиналысқа шақырды. Сол жылы қар қалың, әрі қатты болып жолда 8 -9 сағаттай жүріп оншақты адам Құрманғалиев Қожаның ЗИЛ-157 автомашинасымен ауданға барып қондық.

Келесі күні жиналыстан күндізгі сағат үштерде шығып елге қайттық. Қалың қар. Жол дұрыс аршылмаған. Қожа шаршағансоң рольге мен отырдым. Осылай кезек жүргізумен шаршап – шалдығып түннің бір уақытында үйге жетіп ұйықтадым. Неше түрлі түс көріп жатыр екем. Түсімде қайтқан (17/II 1972 ж) Жәнікеш (шын аты Жәнділда) атам, қайтқан

әкем Байділдә (1/X-1973 ж) екеуі біздің төр үйде қатар отыр. Бір кезде есіктен Орынбасар ағай (Жанкештің ұлы) аттап кірді де әрі қарай жүрмей босағада тұрды. Үстінде қой баққанда киетін ұзын сары березент шапаны. Жанкеш әкем әй! сен арақты қоймадың – ау деп үш рет айтты. Сол кезде бас жағымда тұрған “будильник” сағат шар етіп оятып жіберді. Таңертеңгі сағат 7:00 де Кеңсеге ұйқылы ояу келе жатып төрде отырған екі шал ойымнан шықпады.

Өлген адам үйде отырса жақсы болмайды деп айтушы еді қариялар.

Таңертеңгі планеркадан шыққаннан кейін кабинетіме барып Көшкінбай бөлімшесіне телефон шалдым. Ешкім жауап бермеді. Алаңдап жүрмін. Ол жақта Көшкінбай бөлімшесінде Жанұзақ, Орынбасар, Байұзақ ағаларым бар.

Сол күні бөлімшелерге өкілдер бөлді. Мен Көшкінбай бөлімшесін аралауды міндетіме алдым. Түске дейін жұмыста болып түсте жолға шығатын көлік күтіп отырғам. Жәуке қыстауында тұратын Байзақ ағай келді атпен. Аты сабындай терлеген. Қар қалың болғасын шаршаған болу керек. Алдыға шәй келді. Ағайдың түрі куқылдау, көңілсіздеу көрінді.

Жеңгеміздің аяғы ауыр болатын. Соңғы жылдары бір – екі нәрестесі туған соң шетінеген. Сондай жағдай болдыма деп күдіктеніп отырмын. Шешемізді апа деп атаймыз. Апам қайда деп қайта – қайта сұрай берді. Шай аяқтала бажам Сапардың әкесі Нұржан қария келді. Мен ас қайырып кеңсеге барғалы жатқам. Әй отыра тұр. Анау Орынбасар ағанды бір татар атып өлтіріпті деді.

Табан астында есеңгіреп не болды, не болды деп жатырмыз. Байзақ сен естірт деп Нұржанға айтқан, өзі естірте алмаған. Тура жүгіріп есік алдында байлаулы тұрған Байзақтың атына міне шауып Бірімжанға келдім. Ол бензовоз машинасын жөндеп жатыр екен. Түсімді көртте не болды деп жатыр. Орынбасарды атып өлтіріпті дедім. Ойбай мылтық қайда деп ол үйге жүгірді. Машинаны қыздырып алып шалдарға карт ойнауға кеткен Сейтқасым көкемді іздедік. Жанкеш (Жанділдә) өзінің жалғыз ұлын Сейтқасымның бауырына салған. Фамилиясы Сейтқасымов Орынбасар болатын.

Көшемен қатты жүріп келе жатсақ көкем алдымызда кетіп бара жатыр. Екпіндетіп тоқтасақ, ол кісі бізге ұрсып жатыр. Неге қатты жүресің деп. Көке! Орынбасарды атып өлтіріпті дедім. Не дейт деп тұрған жеріне су аралас қар үстіне отыра кетті. Жүрегі ауырып кеттіме, басқа ештеме сұрамады. Демеп машинаға отырғызып үйге апардық.

Кеңсеге келсем кеңшар басшылары әлек - әуре жиналып жатыр. Партком, исполком мүшелерін шақырған. Түр – түстері қобалжулы.

Орталарында ауданнан келген өрт сөндіру бөлімі бастығы капитан Фролов бар. Бұларға хабар Алматы арқылы телефонмен жеткен. Алматыдан сендердің бір шопаныңды атып өлтірді деп Казгидромет басқармасы хабарлаған екен.

Маған көңіл айтып жатыр. Осылайда – осылай біз былай шештік. 4 – 5 адам комиссия болып барамыз.

Қашан ауданнан адам келгенше маңына ешкімді жолатпаймыз. Мына кісілер барады, ал сен бармайсың осы жерде қаласың деді.

Партком осылай шешті деп қарап отыр. Мен ашуға, айғайға бастым. Сендердің шешімің, сөздерің маған керек емес. Көлік бермесендер атпен кетемін. Білемін жайларыңды ана жылы Табылдин Оразбайды ұрып асып өлтіргендеде осылай жауып тастағансыңдар мен оған көнбеймін деп есікті сыртынан тарс жаптым.

Амалы құрығансоң жол аршитын ДТ – 75 тракторын, ЗИЛ – 157 автомашинасын берді. Біз Бірімжанның бензовозымен жолға шықтық.

Ауылдан 4 – 5 шақырым шыққан соң жол аршып бара жатқан ДТ- 75 бульдозері күрегін көтеріп алып тартып отырған. Тракторге басшы ғып бөлімше бухгалтері Қожахметов Әждарды отырғызған. Әрі оған сен жолды шамалы аршыда әрі қарай аршыма мыналар анау өлік болған жерге жете алмасын деп тапсырма берген. Жолды әдейі аршымадың деп Әждармен кейінде жанжалдасқанда ол басшылар солай айтты деп шынын айтқан. Қолмен жолдағы қарды аршумен 60 шақырым жердегі Едреске келесі күні таңертеңгі 10 – да жеттік. Орынбасардың өлімі жайлы жаманат хабар келмей тұрып “Көшкінбай” бөлімшесінің меңгерушісі Шекеров Әбдіразаққа телефон шалғам. Ол ешқандай өзгеріс жоқ, бәрі аман деген. Орынбасар өлген 6 наурыз күнгі таңғы 4 – 5 те Орынбасар өлімі ішінде болған Ибраев Сабыр Ыдырыстан шауып Көшкінбайға бөлімше басшысына келіп хабарлаған. Әбдіразақ қызулау болса керек екеуі бірігіп арақ ішіп айтқан сөзге мән бермеген.

Енді Орынбасар қайтқан “Едрес” қоныс орнына келсек албарға камалған қойды бөлімше меңгерушісі Шекеров Әбдіразақ, бөлімше бухгалтері Қожахметов Әждар және адам атқан татар үшеуі санап жатыр. Келе татарға ұмтылып едім, аналар ұстап жібермеді. Әбдіразаққа кеше бәрі аман деп неге өтірік айттың саған адам емес мал керек екен деп айғайластым. Едрес қыстауы ойпатқа салынған шағын үй.

Ортадан кіріп шағын дәлізбен екі үйге (екі бөлмелі) кіреді. Кіргенде оң жағында аға шопан татар тұрады. Атын ұмыттым. Солға қарай ағай Орынбасар, жеңгей Айзада тұратын. Ішке кірсем ауызғы үйде етпетінен түсіп Орынбасар ағай жатыр. Маңайы қып – қызыл қан. Беті көп жатқаннан қисайып кеткен. Аузы мұрнынан қан ағып қатып қалған.

Үстінде спорттық киім. Оқ оңжақ кеудеден тура жүректен тиген, бірақ шыққан жері көрінбейді.

Көп ұзамай ауданнан самолетпен прокурор Садуов Бекболат бастаған сот – сараптау комиссиясы келді. Әрі бері аударып көрді. Татарды шақырды. Сен қазақты атуға келдіңбе деп прокурор татарды жақтан бір берді. Мен етікпен бастан теуіп едім, сабама кәзір оқиға болған жерде жауап бермей қойса ертең қылмысынан ақталып кетеді деп бізді тоқтатты.

Хирург Дүйсек екеуіміз арақтың бос жәшігін астына қойып үстіне темір кроваттың торын қойдық. Екеулеп ағайды әрең шалқасынан жатқыздық.

Киімін шешейін деп едім, жоқ шешпе деп пышақпен киімінің ашық жерінен төмен кесіп жіберді.

Жанына неше түрлі-түрі сұсты соятын құралдарын дайындады. Неше алуан скальпель, ара түзді ұзын пышақ, үлкен қисық ине, тістеуіштер. Сырттағы адамдар өлген адам түрінен шошып маңымызға жоламады.

Алдымен өндіріштен бастап төстің үстінен кеуде шеміршегіне дейін екі жақты терісін реп алды да, ұзын ара тісті пышақпен бұғананың басын бырт – бырт үзді. Төс сүйекті дөңгелетіп кесіп алды да бір шетіне қайыра салды. Орынбасар ағай ұзын сұңғақ бойлы толық азамат еді.

Асықпай жүректі кесіп қарынының үстіне қойды. Оқ жүректі жарып өтіп оң жақ жауырын астында сыртқа шықпай қалған. Осы кезде сырттан ішке селолық кеңес төрағасы Шменбай Әлшорин ақсақал ішке кіріп сойған адамды, жүректі, қанды көріп түрі аппақ болып тұрып қалды. Ойпырмай қалай шыдап тұрсың деп сыртқа шығып кетті. Аударып, киімін шешіп, оң жақ жауырынды тіліп ішінен 5 карточті тексеруге алдықта, қалған төртеуін денесінде қалдырдық. Адам терісі өте қатты сығырдаң болады екен. Ине жіп зорға өтеді. Ішіндегі қанын ыдысқа құйып таза жерге апарып төктім. Кештете Жәукедегі Байзақ ағайдың үйіне өлікті әкелдік.

Оқиға былай болған:

8 наурыз мерекесін атап өтуге Жайсаңбайдағы көмекші шопан Ибраев Сабыр Едрестегі Орынбасар мен татардың үйіне барады. Отырып арақ ішеді. Түннің бір уақытында Орынбасар үйіне барып жатады да әйелі Айзада Сабырмен оңаша кетеді.

Үйінде қалған татар әйелімен жанжалдасады. Әйелді атам деп ұмтылғанда әйелі қарсы үйдегі ұйқтап жатқан Орынбасарды оятады.

Ұйқылы ояу есіктен шыға берген Орынбасарды 1,5 метр жерден атады.

Ол айналып етпесінен құлап аяғымен есікті жауып тастайды. Мылтық дауысын естіп сырттан Сабыр мен Айзада жеңгей келеді. Сабырға мылтық ала ұмтылады.

Сабыр атқа күртешең міне қашады. Оныда атады. Бірақ оған тимейді. Бірталай жер шыққансоң тоңып қайта келіп Орынбасардың өліп жатқанын көріп кимін алып атпен қашады. Сол бетімен 25 шақырым жердегі бөлімше орталығындағы бөлімше меңгерушісі Шекеров Әбдіразаққа болған жағдайды айтады. Ол оған мән бермейді. Ал үйдегі адам атқан татар әйелі мен Айзада жеңгейге арақ тап деп айғай салады. Жеңгеміз үйдегі кір машинаның ішінде екі шыны арақ барын айтады. Алайын десе өлген адам аяғымен есікті шіреп жауып қалған. Үшеуі есікті итеріп өлген адамды алға жылжытып, үстінен аттап өтіп екі шыны арақты алып ішеді. Осылай үшеуі арақ ішіп отырғанда көрші Жезқазғандық Таңат (руы) Қанатбек келіп өліп жатқан Орынбасарды, арақ ішіп отырған татарды, оның әйелін және Орынбасардың әйелін көреді. Қанатбек ойбауырымдап Жәукедегі Байзаққа, Жанзаққа келеді. Одан әрі Брәлідегі ауа райын болжайтын орталыққа барып жағдайды рациямен Алматыға хабарлайды. Кейін тексергенде Татар азаматында арнайы картөчпен

оқталған 6 патрон болған. Екеуін атқан. Қалған төртеуін үйдің іргесіндегі Жыланшық өзенінен ойылған ойыққа тастаған. Басқа 14 патрон құс бытырамен оқталған. Картеч бытырамен оқталған оқпен басшыларды атам деп оқтаған едім деген. Картечті Брәлідегі метостансиядағы орыстардан алған. Осылай есіл азамат 1974 жылы 7 наурызға қараған мен түс көретін түні 37 жасында біреудің қолынан опат болды.

ТАҒДЫР

Қырық жылдан кейінгі кездесу

Күн демалыс болатын. Түскі мезгілде үйге бір жігіт әйелімен келді. Келе жедел амандасып, амандық саулық сұрасып, Жезқазғанда тұратын қарындасыңыз сәлем айтып, адресіңізді сұрап жатыр деді сөз арасында. Иә Жезқазған қаласында Темірғазы (Темеш) атты ағайдың баласы тұратын. Орнымнан тұрып визиткамды алып бердім. Олар көп кешікпей кетуге ұлықсат сұрады.

Кешкі сағат 8-ге жақындағанда немерелерім телефонға шақырды. Келсем байланыс үзіліп кеткен. Трубканы орнына қойып үй ішінде ерсілік-қарсылы жүрсем телефон шырылдады. Көтерсем аға мен Жезқазғаннан Гүлзада қарындасыңмын ғой деген жұмсақ дауыс естілді. Сіздің телефоныңызды жана алдым. Демалыста едім сіздерге барғым келеді деді қарындасым.

Жеңгеміздің соңында екі жасында кеткен қарындасым араға қырық жыл салып байланысқа шығып тұр.

Жезқазған жаққа кеткенін, кейін бала ер жетіп тұрмысқа шыққанын шешесінің қайтқанын естігенмен байланыс – хабарымыз жоқ болатын. Көзі тірісінде ағамыз да іздемеді, біз де іздеп талап жасай алмай жүр едік. Міне өзі телефон шалып тұр.

Кел айналайын! Кел! Дегеннен артыққа бара алмай, жүрегім сыздап, көңілім құлазып, дауысым дірілдеп, жүрегім алып ұшты. Шыққан тегін, ағайын – туысын ұмытпай келем деп жатқан баланың бауырмалдығына тәнті болдым.

Әкемнің туған інісі Жанұзақ ағамыздың екінші рет үйленген жұбайы Майраш жеңгемізден қалған бала. Ағайдың тағдыры тәлкекке түсіп жазықсыз сотталып кеткенде елдегі қулар мен сұмдар жас баламен қалған жеңгейді өз жақындарына азғырып көшіріп әкеткен. Сонда екіден үшке қараған бала. Ағамыз 2 жылдай түрмеге отырып келгенде үйінің орнын сипап қалған.

Күтпей кетіп қалған деп әйелдіде баланыда іздемей өтті өмірден. Жарықтық тірісінде еш адамға бас имей өтті. Ешкімге жалтақтауды, жағынуды білмейтін еменнің иір бұтағының сыртта жүрген бір тармағы міне бүгін хабарласып жатыр. Біздің қолымыздан келмеген тірлікті жасап ағайын арасын жақындатпақшы. 2010 жылғы 3 шілде күні Арқалық

каласына таңғы сағат 6:30 да табан тіреген Астана – Арқалық поезынан қарындасты күтіп алдық. Түр-түсі жеңгемізге ұқсайтын туысқанымыз келді. Жанында Мереке атты жолдас келіншегі, Айсұлу атты кенже қызы бар.

Ағайдың алғашқы Дәметкен атты (Бегімбет руының қызы) жеңгемізден Сайранкүл атты қызы екеуміз қарсы алдық қонақтарды.

Үйге келіп жайғасқаннан кейін үлкен ағасы, әрі әулеттің басы ретінде қарындасымды іздей алмағаныма қапаланып қамықтым. Кешірім сұрадым. Түстен кейін Ақбұлақ ауылының бергі қыратындағы үлкен қорымда жатқан әкесінің басына барып құран бағыштадық. Тірісінде көрмеген әкесін басындағы ескерткіш белгі суреттен көріп тұр. Жазмыш солай болдыма осы қырық жыл уақыт кездеспеуге жазбаған екен.

Бала күнінде бірге тұрған, туғанында шілдеханасында болған ағайын туыс қуана қарсы алды. Бауырларыма қаламыздың көрікті жерлерін аралатып, суретке түсіріп, елдің – жердің тарихымен таныстырдым.

Гулзада қарындасым жолдасынан 29 жасында бес баламен жесір қалып тағдырдың қиын тауқыметіне төзе білген, балаларын оқытып жеткізген, қайсар мінезі әкесіне тартқан, ой өрісі кең, өмірдің ыстық – суығына бейімделген төзімділігі мен шыдамдылығы сөйлеген сөзінен, жүріс – тұрысынан білініп тұрды. Алдымнан кімдер шығады деп алаңдап келген қарындасым ағайын – туыс бауырларын тауып еліне қуанышы қойнына симай аттанды.

Адасқан ағайын бірін – бірі қуанышпен тауып қауышса деген Ұлы Жаратушыдан тілек тіледік.

1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСТІ БІРӘЛІ БАЙ ҚОЛДАҒАН.

Кейкі батырдың туған өскен ортасында сыйлас болған азаматтардың бірі аттақты Бектастың баласы Бірәлі бай. Бұл тарихи тұлға жайлы бүгінгі оқырман біле бермейді. Сондықтан батырдың қиымас досы Аманкелді батырдың серігі әрі әскери комисары ұлт - азатық көтерілісінің басшыларының бірі Сұлтаның әкесі Бірәлі бай жайлы тоқталайын.

Бұрында да, кешегі кеңес заманында, бүгінде осы киелі Торғай аймағын оның бетіндегі астындағы байлығын тексеріп, үстіңгі байлығын тексеріп халықтың тарихына, астыңғы байлығын елдің тұрмыстық игілігіне жаратып жатқан адам жоқ. Болмаса осы Ұлан ғайыр сайын далада жер болып кеткен неше алуан қорғандар, салтанат сарайлары, балбал тастар, таңбалар, үлкен қалалар орындары болуы мүмкүн. Әсіресе Ұлы Жыланшық аймағында.

Бұл салада ешкім қалам тартып, ауыз ашпайды. Батырға да, байға да пана болған Жыланшық құт мекен, киелі аймақ болған.

Талай тарлан ұлылар қатарында киелі байлар да осы өңірден көп шыққан. Себебі, жері малға жайлы, ауасы дертке дауа, жанға шипа, шөбі шүйгін қыратына қырық түрлі шөп өскен шайырлы мекен.

Осы ұлы Жыланшық бойын халқына қайырымы мол киелі бай Бірәлі Бектасұлы мекен еткен. Бұл кісі Қыпшақтың Токпан руынан тарайды.

Алғаш осы өңірге Бірәлінің атасы Нұрым бай, одан кейін әкесі Бектас қоныстанған. Таратып айтсақ, Нұрым, одан Бектас, одан Бірәлі, Сейіткерей екі бала туған. Бектас бай баласы Бірәлі 13 жасқа толғанда билікті берген. Бектас 1896 жылы тоқсанға таяп, дүниеден озған. Сонда Бірәлі 19 жаста, Сейіткерей 14 жаста қалған.

1897 жылы қазіргі Иманов кеңшары көлеміндегі Үрпектен 50 шақырым қашықтықтағы Әзірбай қопасына 100 киіз үй тігіліп, Бектасқа ас берген. Сол асқа қазған ошақ /40/ орындары әлі бар. Бірәлі бай асқа төрт дуан /үйез/ елді – Торғайды, Қостанайды, Ұлытауды, Ырғызды шақырған.

Аста бәйгеге 400 ат қосылып, Төлек Өсердің қара аты дара келген. Көп аттар ыстықта 55 шақырым қашықтыққа шыдай алмай жолда қалған, біразы өлген. Аттарды Сорғұлақтан жіберген.

Осы асты елге беделді Шіли руынан шыққан Түркебайдың Баймұраты басқарған. Өзі зор, денелі кісі болса керек. Астына ақбоз ат мініп, үстіне ақ шапан, басына сәлде киген. Шіли Баймұрат 25 жасында болыс болған адам. Екінші басқарушы Сары Қошқар батырдың немересі Аяпберген.

Аттың бас бәйгесіне – 100 жылқы, екінші атқа – 50 жылқы, үшінші атқа 25 жылқы тіккен. Барлық ұлттың ойын-сауық түрлері өткізілген.

Осы ұлан – асыр асқа алыс жақынан жақсылар мен жайсаңдар қатынасқан. Ауылы аралас, әрі туыстық жағынан жақын Аманкелді батырдың да, Кейкі батырдың да асқа келмеуі мүмкін емес. Осы ұлы байлардың асы жайлы жергілікті қарт журналист Бөгетбай Алмағанбетов ағамыз маған (Ш.Б) өтініш жасап еді. Сен Бірәліні, Сұлтанды жаздың: Мен Бектастың асын жазайын деп. Сол материал әлі баспа бетін көрмей келеді. Егер шығып жатса қос батыр жайлы дерек болуы керек.

Бектас бай өлгенде артында үш әйелі Шөже, /бір деректе Шөкі деп атайды/ Бибі, Балсары қалады. Сонда байда 3 мың жылқы, 700 түйе, 2000 қой болған. Осы байлықты Бірәлі бай әрі қарай жалғастырған. Бірәлі жас болса да қайырымды, кішіпейіл, кеңпейіл, ағайын-туысқа, көрші-көлемге қамқорлығы мол, діндар адам болған.

Өтініш жасап, мал сұрап келген ағайынға таныса да, танымаса да жақсылық жасаған. Сол жасаған жақсылығына ұлы Жаратушы сүйеу болған. Жылма-жыл мал басы кемімей, қалың жылқының тайына дейін құлындап өсіп отырған. Бірәлі қайырым шапағатымен қатар мырза, діндар, көпшіл адам болған. Осы өңірден шыққан жақсылармен - Әлібимен, Әбдіғапармен, Аманкелдімен, Кейкімен, ақын Таңат Сейдахметпен, Шашанбайдың Рахметімен, Дулығалы бойындағы ишандар әулетімен жиі араласып тұрған. Аманкелді Иманов батырдың көтерілісін қолдап, қаржылай, малдай көмек көрсеткен.

Үлкен ұлы Сұлтан орысша сауатты, Орынбордан гимназия бітірген, кешегі Торғайдағы Совдеп мүшесі, соғыс комиссары, батырдың жеке сенімді серігі болған. Сұлтан Бірәліұлы Бектасов революцияға белсене араласқан. Баласының ықпалымен Бірәлі бай тәркілеуге жатпай, қолдағы бар малын Кеңес үкіметіне еркімен өткізген. Бірәлі жылқысы негізінде Қостанайдағы “Заречный” кентіндегі жылқы зауыты дамыды. Күні кешеге дейін Бектас асыл тұқымды жылқысы аталып бүгін “Қазақ тұлпарлары” болып өзгерді.

Бірәлі байдың 13 баласы болған. Осы балаларының ішінде үлкені Сұлтанды, ортаншы ұлы Меірманды көзім көрді. Талай әңгімесін тыңдадым. Осы жолдардағы оқиға сол кісілерден естіген әңгімелерім. Мынау ұсынып отырған сурет – Мейірманның фотосы. Әкем марқұм айтып отыратын, Мейірманды көр де Бірәліні көр, сойып қаптап қойғандай деп. Осы кісі алғаш 1967 жылы солдатта жүрген маған Қарағандыдан іздеп келіп еді жарықтық. Кейін 1975 жылы атамекені Жыланшыққа келіп айлап жүрді. Сонда мен атамекені Бірәлі түбегіне апардым. Бірәлі бай көзі тірісінде ата-бабасының қонысында Сұлтанға 12 бөлмелі, Мейірманға 8 бөлмелі қызыл үй салдырған екен өзеннің екі бетінен. Қария құлаған үйдің орнын, бөлмелерді көріп мынау көкқасқа атым тұратын бөлме, мынау әжем жататын бөлме, мынау біздің отау үй еді деп сақалын жуып жылағанын көрдім. Ата-баба қорымын атасы Бектастың, әжесі Шөженің, туысқаны Әйгісінің Ахметінің кесенелерін (осы кесене сырты төрт бұрышты күмбез, іші 4, 8, 16, 32 болып өрілген, төбесіне шығатын баспалдағы бар ерекше там) аралап көрдік, тарихына тоқталды.

Жоғарыда айттық Бірәлі бай діндар адам болған деп. Жыланшық өзенінің жел бетінен Мешіт медресе салдырған. Ол медреседе татар молда дәріс берген. Токпан Есмағанбетов Смағұл сол медреседе оқыған татар молда көк шыбықпен талай сабады ғой деп айтып отыратын. Кәзір мешіттің де, медресенің де орны жер болып кеткен.

Шөже әжеміздің тамын Сыр бойынан бір шебер келіп жаз бойы салған. Біткесін Бірәлі бай сұрапты, “Әй, шебер, осы кесене неше жыл тұрады” – деп. Сонда шебер айтты дейді: “Байеке, сізге айта алмадым, алаңдап салдым. Сіздің қыстаудағы жігіттер сұлу әйеліме қырындап алаңдаулы болдым. Көп болса 80 жыл тұрар” – деген екен. Сол 80 жылдың беделінде тамның күмбезі құлаған екен.

Мейірман қария айтушы еді, біздің жылқының киесі бар деп. Бектастың тұсында екі рет жұтқа ұшырап жылқы қырылып, қайтадан тез көбейіп, өсіп кеткен. Бірәлінің тұсында бір рет жылқы жұтқа ұшырап, жылқышылар боранда жылқыдан айырылып, құрығын сүйретіп келген. Сол жылқы әр жерде қырылып, тек Құла айғырдың үйірі ғана көрінбей кеткен. Жаз ортасы ауа сол Құла айғыр 60-70 биені құлындатып, мекеніне келген. Жылқы қайта тез көбейіп өскен.

Бектас бай қайтқан кез болу керек, Шөже әжеміз түсінде Бектасты көреді. Бай керегеде тұрған барлық нәктаны сыпырып алып, үйден шығып кетеді. Шөже түсінен шошып оянып, жанындағы баланы оятып, Бірәліні

шақыр деп, өзі қайта ұйықтап кетеді. Сөйтсе бала да қайта ұйықтап қалған. Бектас түсіне екінші рет кіріп, “Әй, атаңа нәлет, ноқтаға ие болмадың, желіні әкетемін” деп айғай салғанда Шөже шошып оянады. Бірәліні шақыртады. “Қарағым, әкең түсіме екі рет кірді. Алғашқыда ноқтаны әкетті, биыл құлыннан айырылды” – деген екен.

Түн ішінде Көшкінбайдағы Жекебайды, Бектастың құрдасы Қабанбайды адам жіберіп шақыртады. Тоқпан әулетінің жақсылары жиналып жылқыны қалай аман алу жолын қарастырады. Ақылдаса келе алыстағы жылқыны елге алдырып әр үйге шамаларына қарай бағуға бөліп берген. Сол қыста жаңбыр жауып биелер түгелдей іш тастаған. Бөліп малын баққандарға әр 10 бастың екеуін тегін берді деп айтып отыратын әкелеріміз. Осылай малды аман алып қалған.

Бірәлі бай дархандығымен аты шықса, інісі Сейіткерей сауатты, ол да бай болған. Шашамбайдың Рахметімен болыстыққа таласып, Қайдауыл болыстығын жеңіп алған.

Осы Шашамбайдың Рахметі Бектас өлгеннен кейін тоқалы Балсарыны баласы Сейіткереймен зорлықпен әкетіп, әйел үстіне алған. Рахмет көп жылдар Бірәліге билік бермейді. Сейіткерей Рахметтің үйінде еріксіз бала болып жүріп, арада ондаған жыл өткенде Рахметтің Әмбар атты қызын алып қашқан. Осылай жесір дауы шешіледі.

Осы Сейіткерей болыс болып жүріп тәркілеуге ілігеді. Мал-мүлкі алынады, өзі түрмеге түседі. Түрмеде Рахметтің баласы Әбдікәрімге кездеседі. Әбдікәрім орысша оқыған сауатты, қияпатты азамат болған. Бұрынғы араздықты қойып, татуласады.

Әбдікәрім Орынбордан гимназия бітірген Ұлт-азаттық көтерлісіне белсене араласқан, Торғай Земком (жер комитеті) мүшесі болған азамат. Байларды қудалау, тәркілеу басталған қарсаңда әкесі атақты бай Шашанбайдың Рахметі қайтады да жылын беруге қаратпай жеделдетіп Тайшық төреге күмбезді қызыл там салдырады.

Өзін қудалап түрмеге жабарын алдын ала сезіп көрегендік жасаған азаматты ақыры кесене бітер бітпесте қамауға алады.

Түрмеде Бірәлінің Сейіткереймен, Дүзбайдың Таласпаймен бірге отырады. Түрмеден шықпай қайтады. Қай жерде, қалай өлгені жұмбақ. Ағайын туыстары Жыланшықты 60-шы жылдары мекендеп кәзір әр жерге тарап кетті.

Бір күні түнгі 2-де конвоймен Сейіткерейді ала тартады. Сейіткерейдің сақтаған көп ақшасы бар екен. Жауапқа шақырғанда Әбдікәрімге қалдырған ғой. Жауаптан кейін қайта кіргізбей, машинаға тиеуге айдайды. Сол кезде Әбдікәрім сақшыларды жолдан қағып, ентелеп келіп біздің қазақта айырылысарда қоштасу деген қағида бар деп Сейіткерейді құшақтап, қойнына ақшаны тығып жібереді. Сол ақшаның арқасында Сейіткерей түрмеден шығады.

Аштықта Ақтөбе жерінде біздің әулетке кездесіп сол жерде қайтқан. Сейіткерей өзімен түрмеде бірге отырған Әбдікәрімнің адамгершілігін

азаматтығын айтады екен. Ақшаны өзі әкеліп бермесе мен ала-алмайтын едім. Ол ақшамен түрмеден аман шығатын еді деп айтады екен.

Сейткерейден қандай ұрпақ тарағанын ешкім білмейді. Егер тірі болып адасып қалса бір жерде жүруіде мүмкүн.

Бірәлі байда бар мал-мүлкүн үкіметке өткізіп, тәркілеуге ілікпей артынан аштыққа ұшырап Жыланшық бойынан Сыр бойына ауған ағайынға еріп 8-9 жасар қыз баласын жетектеп Түркістанда қайыр сұрап, базар жағалап жүрсе, бір азамат баласы екеуін үйіне әкеледі. Бір жеті, он күн күтеді. Көрші-көлемін шақырып: айтты дейді: “Мына кісі кешегі орта жүздің байы Бірәлі еді. Жолаушылап еліне барғанда атым өліп, сонда тегін ат беріп, қайыр жасаған адам еді” деген. Бірәлі бай өзіне өзі келіп, тыңайған соң қызын манағы үйге қалдырып, өзі Түркістанға зиярат етуге жолға шығады. Жолда бара жатып, дүниеден озады жарықтық. Жүргіншілер манағы азаматқа келіп, кешегі қайыршы шал жолда өліп жатыр деп хабар береді.

Түркістандық азамат байды үйіне апарып шешіндірсе, белінде 6 метр ақ жібек ақыреті бар екен дейді.

Бірәліні жерлейді, үйінде қалған 8-9 жасар қызды кәмелетке толған соң тоқалдыққа алады. Атақты Бірәлі бай 56 жасында дүниеден озады. Тәркілеумен аштықтан қашқан ұрпағы тарыдай шашылып тоз-тоз болды. Үлкен баласы Сұлтан революциядан кейін Ұлытауда, кейін Ырғызда, Ақтөбеде, Талдықорғанда милицияда қызмет атқарады. 1965 жылы мамырда Алматыда дүниеден озды. Әйелінің аты Өрше еді.

Бірәлінің балалары – Сұлтаннан Жылқайдар, Сәмкен, Жылқайдардан Әлихан, Темірхан, Шарапат. Бұлар Алматыда тұрады.

Әлиханы ата жолын қуып әскери адам болған. Тұңғыш Президенттің құрметті қарауылында басшы болып құрметті демалысқа шыққан. 1965 жылы атасы Сұлтанмен әжесі Өршемен Жыланшыққа келген ол кезде 9 сыныпта оқитын 1949 жылғы болуы керек.

Кезінде баспасөзде байдан ұрпақ жоқ деп жазды. Бұл қате. Ұрпағы бар. Органшы ұлы Мейірманнан Майдан, Марат, Мұхтар, Ұлтай, Зайда, Несібелді, Света, Баян атты балалары бар. Майданнан – Айдар. Мараты Германияда тұрады. Ұлтайы Мұхтары Арқалық қаласында. Мейірманның бірінші әйелі Жорғатай. Мына балалар екінші әйелі Рәзиядан.

Қадірінен Әлия, Ғалия. Әлиясы Арқалық қалалық кітапханада кітапханашы. Әлияның жолдасы Ғалымжан /марқұм/ Аманкелдіде тілші, Арқалықта актер болған азамат еді. Қадірдің әйелі Кәмила.

Жәлелден – Айгүл. Москвада оқып жүргенде самолет апатынан қайтты. Сәулесі – ҚарГУ – де сабақ береді. Әйгерімі – заңгер, ғалым. Жәлелдің әйелі Сара білім жетілдіру институтында сабақ берген, директор болған. Жәлел Бралин ағамыз көп жылдар кен орындарында, шахтада директор болған. Техника ғылымының кандидаты. Шепелейдің ұрпақтары Ақтөбеде. Әбдіғали деген баласы 1897 жылы туған, ұрпағы белгісіз.

Мінекей, мен білетін Бірәлі бай ұрпағы осындай, Осылай талдап жазу себебім - әлі де бірін-бірі таба алмай жүрген ағайын табыссын деген

ой болды. Кешегі кеңестік заманда ата-баба тарихын, шыққан тегін айтуға болмайтын заман болды. Бай десе құбыжық көріп, кірпідей жиырылғандарды көріп өстік. Ақылсыз адам бай болмайды. Байлардың ішінде де еліне құт-береке, халқына пана, әлсізге қуат болған байлар болған. Солардың бірі осы Бірәлі бай. Ата-бабасынан әулетті бай солақай саясаттың құрбаны болып атамекеннен жырақты өкінішпен өмірден озды. Ұрпағы әкесін, әкесі баласын іздемейтін кезең болды. Бұл біздің ұлттың басына түскен зұлмат еді. Осы ауыр кезеңнен ешкім шет қалмады. Бәрі запа шекті. Кейінгі ұрпақ ата-баба тартқан ауыр бейнет, көрген азапты ұмытпай бүгінгі баршылыққа шүкіршілік, тәубә жасауы қажет. Бұл кісілер біздің өткеніміз, тарихымыз, еліміздің кезіндегі мақтанышы.

Бүгінгі ауырдың үстімен, жеңілдің астымен келген байлықты дәріптей бермей, бір сәт артқа бұрылып, біздің қазақтың жақсылары ұмыт қалған жоқ па деп қараған жөн болар. Өлі жебемей, тірі байымайтынын естен шығармау ләзім. Бұл кісілер біздің тарихымыз өткеніміз. Кейкі батырды қолдаған азаматтың бірі.

АМАНКЕЛДІ БАТЫРДЫҢ СЕРІГІ, ДОСЫ КЕЙКІ БАТЫРДЫҢ КОМИССАР СҰЛТАН БІРӘЛІҰЛЫ БЕКТАСОВ ЖАЙЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

Осы есім ойыма оралған сайын әкем марқұмның шіркін Сұлтан жігіттің көкесі еді-ау, ата-бабасынан бай баласы бола тұра, кедей балаларына жақын болды, барша тұрмыстық жағдайы бар, қатарынан озық ойлы осы өлкеде оқыған азаматтардың бірі бола тұрып, жарлы-кедейдің жоғын жоқтап, елдің тәуелсіздігі үшін кешегі төңкеріске араласып, сол жолда талай ажал аузынан қалды, Халық батыры Аманкелдінің жан-жолдасы, әрі серігі, әрі іс қағаздарын сеніп тапсырған сенімді хатшысы болған, Торғай Совдепіндегі әскери комиссарлардың бірі болған адамның уақыт өте келе еңбегі еленбей аты аталмай қалды ғой деп қапа болып отыратын. Ол кезде ешнәрсеге мән бере қоймайтын жас бала кезіміз. Кейін жігіт болғанда атақты Бірәлі байдың баласы Сұлтандыда, Мейірімандыда көрдім. Жиналған қариялармен өткенді еске алып, ұзақты күнге әңгіме дүкен құратын.

1916 жылғы Ұлт-азаттық көтерілісі не себепті басталды, кім қандай іс-қимыл жасады, ол олай емес, бұлай еді деп әркім өз ой қабылетінше дәлелдеп жататын. Иә сол өзіміз көрген қариялар сол кезеңнің тірі куәгерілері екенін, уақыт өте келе олар ортамызда болмайтынын ескермеппіз.

Міне бүгін кешегі Ұлт-азаттық көтерілісі жайлы жазылған тарихи деректі оқыған сайын көңілді алаңдататын сұрақтар туа береді.

Торғайдағы Ұлт-азаттық көтерілісі 1916 жылдың шілде айынан қазан төңкерісіне жалғассада кеңес заманында Ыждағатты жинақтаумен нақты қатынасқан адамдардың айту дәлелімен көзі көрген, өзі сол соғыста болған қарттардың ауызша, жазбаша деректерімен толықпады.

Архивтегі сол кезең материалдары толық шықпай жатыр. Дерек жинаушылар ел арасын дендеп араламай, сол көтеріліске қатынасқан қарапайым сарбаздарды елемей, олардан қажет материал жинамай, көзге түскен азғана атқа мінерлер мен “өзін батыр етіп көрсете алатын пысықайлар,, көп жағдайда тарихи оқиға қаһарманына айналып, жанын шүберекке түйіп, қанды қырғынға араласқан сол жолда опат болғандар елеусіз қала беретіні жасырын емес. Керісінше азаттық көтерілісінің басынан аяғына дейін болған комиссар Сұлтан Бірәліұлы Бектасов жайлы қандай тарихи деректі қарасаңда бір ауыз сөз кездеспейді.

Басқаны қойғанда Кейкі батыр бастаған 100 мергеннің аты жөні жасаған ерлігі неге жарыққа шықпайды. Желдің өтінде, жаудың бетінде тосқауылда үнемі солар тұрған жоқпа? Жаудың тың күшіне қарсы үнемі осылар соғысты. Нәтижесінде Кейкі батырда шеттеп, ешкімге керек болмай, тағдыры тәлкекке түсіп, қайда барсада алдынан дос дегені жау болған батыр жаралы жолбарыстай жалғыз жортты емеспе? Сұлтанның да тағдыры осылай тығырыққа тірелдіме екен, болмаса көтеріліс басшылары тарапынан жіберілген ағаттықтарды білгені, көргені, тіпті құпия құжаттарды көріп өз қолымен жазғаны үшін шеттеттіме.

Көтеріліс кезінде, кеңес үкіметі орнаған алғашқы кезде Сұлтанның қолында барлық дерек болғаны белгілі. Осынша деректі кейінде жарыққа шығармауында Сұлтанда бір құпия болғаны анық.

Бір сөзінде ой қарағым-ай! мен сол кезеңдегі болған шындықты жазсам көп нәрсе жоққа шығар еді дегені есімде. Сұлтанның ықпалы арқылы Бірәлі бай көтерілісшілерге ақшалайда, малдайда көмек көрсеткенінде дау жоқ.

Ата-бабасынан ағайынға, көрші-көлемге қайырым-шапағаты мол қайырымдылығымен аты шыққан Бірәлі бай кеңес үкіметінің алғашқы құрылған кезінде қолындағы барша жылқысын Қостанай жылқы зауытына тегін өткізіп, бұрынғы патша үкіметі құзырындағы зауытты қайта малдандырады. Ол Бектас асыл тұқымды жылқы зауыты болып қайта құрылды. Күні бүгінге дейін асыл тұқымды жылқы шығарып келеді.

Осындай көмегі бар байда, оның баласыда аталмайды. Сұлтан тек бай баласы ғана емес, зиялы қауымда туып, сондай ортада өскен текті тұқым. Сол кездегі қазақ зиялылары Ахметпен, Міржақыппен, Әбдіғапармен, Әлібімен, Аманкелді Кейкімен Сұлтан етене араласып сыйлас болған. Өзі Аманкелдімен, Әлібімен, Кейкімен қатар азаттық үшін атқа мінгені хақ.

Кеңес заманындада облыс деңгейінде қызмет атқарған азаматтың аты неге елеусіз? Сұлтан Бірәліұлы Бектасов деген кім, ол жайлы не білеміз?

Сұлтан “Ұлы Жыланшық” бойындағы Қыпшақ тайпасынан тарайтын “Тоқпан” руының атақты байы Бірәлінің отбасында дүниеге келген тұңғышы. Сұлтан 13 ағайынды. Інілері Мейірман, Шепелей, Қадір Жәлелдерден басқасы аштықта қырылған. Тірі қалғандары әр деңгейде қызмет атқарды. Жәлел Бірәліұлы Бектасов Қарағанды қаласында завоттың, шахтаның директоры болған адам. Әулеттері тарыдай шашылып әр жерде, әр мемлекетте жүр. Сұлтан өз үйіндегі татар молдадан сауат ашып, көрші “Терісбұтақтағы” Құлмұхаммед Ишан салдырған медреседе, кейін Орынбор гимназиясында орысша оқып білім алған. 1916 жылғы көтерілісшілер арасында орысша сауаттысыда осы Сұлтан болса керек.

Көзі ашық көкірегі ояу, сауатты азамат сол кезеңдегі зиялы қауымды қолдап, Ресей патшалығының өз халқына жасаған қиянаты мен озбырлығына қарсы көтерілген, Ұлт-азаттық көтерілісті қолдаған. Сұлтан Бірәліұлы 1916 жылғы Торғай даласындағы Ұлт-азаттық көтерілістің алғашқы күнінен аяғына дейін қатынасқан, Аманкелді батырдың сенімді серігі, әскери комиссары кеңесшісі, әрі іс қағазын қазақша, орысша, арабша оқитын, әрі жүргізіп жаза алатын хатшысы болған. Ол кезең адамдары арабша, мұсылманша сауат ашқанын ескерсек, әрі әскердің құрамында кейінде орыстар, татарлар, түріктер болғанын ескерсек, онда Сұлтан орысша оқығанда әскери өнерден дәріс алуы мүмкін екенін жоққа шығаруға болмас.

Осындай жауапты жұмысты атқару сол көтерілісшілер ішінен нақты Сұлтанға берілуінде басқадай себептер бары анық. Осыған жауап іздеп көрейік.

Аманкелді батырмен Сұлтан әулеті ғасырлар бойы қатар отырған көрші, әрі туыс, бір-бірінен қыз беріп, қыз алыспайтын ет жақын ағайын. Тілеулі Бегімбет бірге туады. Сұлтан Тілеуліден, Аманкелді Бегімбеттен тарайды. Аманкелді “Бегімбет” Сұлтан “Тоқпан” руынан тараған түбі бір туыс. Екеуінің туған жерлеріде жақын. Аманкелді “Балық”, қарасуында туса, Сұлтан одан берірек “Бірәлі түбегінде”, туған.

Иман батырмен бабасы Бектас, Үдербаймен әкесі Бірәлі туыстас сыйлас болған. Атақты Бірәлі байды ол кезде исі орта жүз құрметтеген. Бай Аманкелдіменде сыйлас, сырлас, ниеттес болған. Болмаса тұла бойы тұңғышы Сұлтанды өз қолымен батыр тобына қоспас еді. Аманкелді батырдың Сұлтанды хатшылыққа таңдауы біріншіден Сұлтан озық ойлы, сауатты, оқыған-тоқығаны көп, тәрбиесі жақсы, ықпалды, әрі аса дәулетті бай баласы. Жақсы-жаманды айыратын, әрі іске байыппен қарайтын. Жаста болса елдің, жердің, әрбір ру-тайпалардың басшылары мен жердің ерекшелігін білетін алғыр азамат. Ал ең бастысы Сұлтанның Аманкелді батырдың жанында болып, оның сенімді серігіне айналуы, байлығы бар, сауаты аз бай, болыс балаларына ой салып, ықпал жасаса керек.

Торғайдағы Ұлт-азаттық көтерілісінде алдымен сауыты жоқ кедей топтың жастары көтерілді деген жаңсақ пікірлер кеңес заманында жазылдыда, насихатталды да. Себеп байдың бәрін ақылсыз, діндарды “дүмше” деген теңеу өріс алған заман.

Сауаты, байлығы жоқ бірінғай тақыр кедейдің қолынан көп іс келмеуі мүмкін. Ал керісінше осы Ұлт-азаттық көтерілісті қазақтың оқыған зиялы қауымы, елдің ақылман билері мен байлары, бектері мен дінбасылары, атақты Тархан Шақшақ Жәнібек әулеттері, Иманқұлдың Әбдірахманының әулеттері, Хан Нияз ұрпақтары қолдағаны сөзсіз. Әсіресе өз әулеттері Сұлтанның айтқанынан шықпағаны анық. Өкінішке орай сол өзін қолдаған жақсыларға кеңес жүйесі қару кезеп, ойласпай қырып салды. Тек Сұлтанның ағайындары Сейіткерей болысты, Көшкінбай, Жекебай, Шағатай, Бекі, Қабанбай, Зорман, Асан, Ахмет, Әйгісі, Жангісі, Тоңаша, Тұңғышбай атты байларды тәркіледі, түрмеге жапты, соттады, аман қалғандары аштыққа ұшырады.

Осындай қуғын-сүргін зардабын кейінгі ұрпағы, немере-шөберелері көріп, бір-бірінен адасып қалды. Туыстығын, жақындығын ұмытты. Күні бүгінге дейін бірін-бірі іздеп тауып жатқандары қаншама?

Кеңес заманында ішкі істер қызметкері бола жүріп ағайынға Сұлтанда қолдау көрсете алмадыма, болмаса “Қызыл жағалы” деп ағайыны шеттеттіме, әрине ол жағы бізге белгісіз. Кеңес дәуірінде белсенді жұмыс атқарып Алматыда тұрды зейнетке шықты. Ата мекені “Ұлы Жыланшық” бойының Рахмет ауылынан “Родник” атты кеңшар 1963 жылы ашылуы сол елді ертеде мекендеген ағайынға қуаныш әкелгені сөзсіз. Ата мекенге 30 жылдан кейін оралған азаматтардың туған жерін құшақтап сүйіп, жылағанын көзіміз көрді. Сұлтан ата мекенге 1964 жылдың қазан айында келіп, 1965 жылдың мамыр айында Алматыға кетті. Кетерде амандық болса көшіп келемін кеңшар басшылары ата-баба қыстауынан үй салып береді деп қуанып аттанып еді.

Елге келгендегі негізгі тұрағы біздің үй болғандықтан әкеммен сыйлас адам әкемдей болып көрінетін. Әңгімені баяу, ақырын жүйелі айтып отыратын. Жиналған үлкен кіші ұйып тыңдайтын.

Сұлтан сұңғақ ұзын бойлы, тіп-тік, кең маңдайлы, қыр мұрынды, ұзын қияқ мұртты, сақал мұртты, шашы аппақ көрікті қария еді. Әкесінің атын айтпай “біздің бай” деп отыратын.

Әбдіғапар, Аманкелді, Кейкі жайлы әңгімелерді күн-ұзаққа бірі айтып, бірі тыңдап отырушы еді. Араға 30 жыл салып ата мекенге оралған қариялар бірін бірі аман көрген қуаныштары басылмайтын. Бәріде сол өткен күндер куәгерлері еді-ау жарықтықтар. Сұлтанды төңіректеп Құсей, Шекер, Табылды, Шілмағанбет, Смағұл, Жәнділдә, Байділдә, Сейтқасым, Кәжібай, Есқайыр, Есқали, Нұржан, Құтжан, Әбдірахман, Саржан т.б. қарттар жүретін. Жас кезде бірге өскен азаматтар әңгімесі таусылмайтын. Әсіресе Кейкі батырдың ерлігін көп айтатын. Арыстанша алысқан Кейкі, Аманкелді, Әбдіғапар өлгеннен кейін ешкімге сенбей, батырдың қазасын кек тұтып, күні кеше өз қолымен құрған кеңестік жүйеге лағнат айтып жансақтауға Ұлытауды паналайды. Торғайдағы Қызылдар Кейкіні қолға түсірудің бірнеше амалдарын қарастырып Сұлтанды бас қылып 20-шақты орыс солдаттарын Ұлытауға аттандырады. Бармаймын деуге шама жоқ Сұлтан еріксіз көнеді. Кейкі батыр Сұлтанмен кездесе оған тимейтінін

біледі. Сұлтан бастаған топ Ұлытауға жақындап бір ауылға қонады. Түн ішінде бір “жансыздан” Кейкіге хабар жібереді. Сұлтан мен амал жоқ келе жатырмын. Мені атып тастап жүрме! Үстімде қазақы шапан, басымда бөрік бар деп ескертеді. Келесі күні межелі жерге жетпей Кейкі бір жолдасымен тұтқиылдан шабуылдап, мені және екі орыс азаматын аман қалдырып басқасын қырып кетті ғой деп отыратын жарықтық.

Торғайдағы кеңес үкіметінің құлау себептерін нақты білетін азаматтың сол жағдайды неге қағаз бетіне түсірмеуінде қандай себеп болды екен.

Алашордашылардың Торғайға кіруі Аманкелді батырдың сенгіштігінен, аңғалдығынан болды деп отыратын. 1919 жылдың наурыз айының аяғында Арал-Ырғыз жақта жатқан Алаш басшылары үш адам (аттарын ұмыттым Ш.Б.) Торғайға келіп, Аманкелдінің үйіне түседі. Кеңес үкіметін мойындамайтынын, әрі қарай күресудің қажетсіздігін айта келіп сыртта жүрген Алаш құрамындағы азаматтардың елге оралуын сұрайды.

Келесі күні Аманкелді таңертеңгі кеңесте Алашорда басшыларының осындай бейбіт пиғылмен келгенін, өздерін қабылдауға сұрағанын айтады. Торғайдағы аға комиссар Веденеев әр Совдеп мүшесінен жазбаша қабылдау жобасын ертең әкелуді талап етеді. Келесі күні таңертең қайта жиналып комиссар Веденеев тұрып өзінің Алашордашыларды Торғайға кіргізу шарттарын оқиды. Онда Алаш әскерлерінен екі-үш есе артық сарбаз жинап, оларды қаруландырып, Торғайға 50-60 шақырым жеткізбей қарсы алып оларды қарусыздандырып, кеңес үкіметін мойындауы жайлы қолдарынан қағаз алып кіргізу қажет екенін айтады. Сол кезде Аманкелді тұрып, олай сенімсіздік көрсету қажеттілігі жоқ! Мен оларды кеше қайтарып жібердім. Олар таяу күндері келуі керек дейді. Аманкелді батырдың бұл шешіміне келіспей комиссар Веденеев қатты ренжіп, сол жердегі азаматтарды елден сарбаз жинауға жібереді.

Мен “Қайдауыл” болысына бөліндім. Біз адам жинай алмай жүргенде Алашордашылар Торғайға кіріп екі жетідей тыныш жатып, бір түнде Аманкелдінің штаб квартирасын шабылдап артынан батырдан қате болды деп кешірім сұрап, алдап, өз орталарына апарып тұтқындап, бір айдан кейін 19 мамыр 1919 жылы 17 адамды атқан. Міне осындай себеппен аман қалдық қой деп отыратын. Сұлтан кеңес заманында Ақтөбеге қараған кезімізде обылыстық милиция бастығының орынбасары, Ұлытау ауданының милиция бастығы, Талдықорған обылысында милицияда қызмет атқарып зейнетке шыққан адам.

Талдықорғанда милиция қызметкері болып жүрген Сұлтанды 1934 жылы бір түнде қамауға алып тергеуде бір жылдай ұстаған. Ақыры Әліби Жанкелдиннің араласуымен аман қалған.

Ақтөбеде милицияда қызмет атқарып жүрген жылдары милиция бастығы, әйелімен және Сұлтанды ертіп “Терісбұлақ” бойындағы Ишандар әулеті ауылы маңына келіп бір үйге түседі. Сөз арасында біреу мынау көрші ауылдағы ишандарда қару бар деп милиция басшылығына ескертеді. Ол дереу кісі жібертіп мешіттің шырақшысы Әбдірахман ишанды

алдыртып, қаруды тап деп тергеуге алады, балағаттайды. Әбдірахман ишан қарағым біз қару ұстаған әулет емеспіз деп қанша айтсада анау сенбейді. Сендерді әулие, ишан деп жұрт мақтайды егер ондай киен болса бүгін таң атқанша маған көрсет. Ал сен көрсете алмасаң таңертең құраныңды өртеймін, мешіттің төбесін ортасына түсірем, өзінді айдап кетемін деп айғайлайды. Сұлтанның басу айтқанын тындамай қайта ерегісе түседі.

Амалы құрыған Әбдірахман ишан қарағым менің қолымда ешнәрсе жоқ бәрі Ұлы жаратушының бұйрығымен болады ғой деп үйден шығып кетеді. Қонақтар ас-су ішіп жатады. Таң алдында милиция бастығының жан даусы шығады. Барып, қараса басы артына қайырылып, қалған, көзі аспанға қарап, аузы қисайып кеткен, ес жоқ. Дереу Әбдірахман ишанға адам жіберіп шақыртады. Барса ишан таң намазға тұрып жүр екен. Болған жағдайды айтады. Сонда Әбдірахман ишан айтыпты. Мен жіберген кесел емес, мен қайтара алмаймын. Сұлтанға сәлем айт, еліне тездетіп жеткізсін деген екен. Ақыры Ақтөбеге бір күндік жол қалғанда жаңағы милиция бастығы қайтқан. Бұл Сұлтан өмірінің бір кезеңі ғана болатын. Біз білмейтін қаншама құпияны өзімен әкетті жарықтық. Торғай уезіндегі 13 болыс елдің, яғни 6 болыс Арғын, 6 болыс Қыпшақ, 1 болыс Найманда 17500 үй, 85 мың адам болған. Тек “Қайдауыл” болысына: Ұлытау, Жезқазған, Қарсақбай, Байқоңыр, Жезді, Жыланшық қараған. Көтерілістің ошағыда осы Жыланшық өңірінде басталғаны айтыла бермейді.

Көтеріліс басшылары Әбдіғапар Жыланшықтағы “Көкөлеңде”, Аманкелді “Балық қара” суында, Кейкі “Байтұмада”, Әліби “Әли” елді мекенінен атқа қонған азаматтар емеспе? Бәрі бір Жыланшық бұрынғы Родник (кейін Жыланшық аталды) кеңшары аумағы екенін бүгінгі ұрпақ білмеуі де мүмкін. Тіпті көтерілісшілер қай жерде қашан соғысқаны естен шығып барады. 1916-1917 жылдарда Торғай көтерілісшілері жазалаушы отрядтармен “Татыр” көлінде 18 қазанда, “Торғайда” 6 қарашада, “Күйікте” 13 қарашада, Шошқалыда 5 желтоқсанда, 1918 жылдың 18 ақпанында Құмкешуде, Доғалда, Үрпекте қанды қырғын болған.

Тек Үрпек-Доғал соғысына Қазақтан 7-8 мың сарбаз, орыстан винтовкамен зеңбірекпен қаруланған 900 әскер қатынасып 200 дей орыс әскері өлген. Торғай көтерілісі 1916 жылы басталып Патшаның тақтан кетуімен аяқталды. Ал басқа қазақ даласындағы көтеріліс әрісі бір ай, бір жетілік болып нәтижеге қол жеткізе алмай тоқтағаны тарихи шындық. Кәзір керісінше Торғай көтерілісін жоққа шығарғысы келетін, оның беделін төмендеткісі келетіндер бар. Ал Сұлтан болса осы қанды шайқастың бел ортасында болған, сол оқиғаны қағазға түсірген адам. Мүмкін бір күні қолжазбалары да жарыққа шығар. Ол үшін архивтерден тынбай іздеу қажет.

Сұлтан жарықтық елге келгенде табиғатты көп аралайтын. Мынау жер менің атымның суаты еді деп іздеп әуре болатын. Сұлтанда өте мерген адам болған. Көңіл шіркін қартаймайды, мені ертіп құс атуға шығады, көзі нашарлаған, әрі құлағы ауырлау еді. Қамыс арасына кіргенде құс ұшып

кетеді. Қап, әттеген-ай! деп қарқылдап күлуші еді жарықтық. Ата-баба жеріне көшіп келемін, үй салдырамын деген ойы орындалмады.

Бірәлі бай балаларына ұлы Жыланшықтың бойына жеке-жеке үй мсалдырған. Сұлтанның 12 бөлмелі, Мейірханның 8 бөлмелі қызыл үйінің бүгінде қабырғасы тұр.

Ұлтымыздың тәуелсіздігі мен бостандығы үшін атқа мінген, ел үшін тер төккен, қуғынға ұшырап, азап көрген, еліне адал қызмет атқарған аяулы ардагер азаматтың атын кейінгі ұрпақ, әсіресе, көтеріліс бесігі болған Торғай аймағы азаматтары ұмытпағаны парыз. “Өлі жебемей, тірі байымайды” деген қанатты сөз текке айтылмаған. Бүгінгі байлық бабалардың төккен терімен, аққан қанымен келген. Тарих сахнасынан Кейкініңде Сұлтанында шеттетілуде басқаша яғни рушылдық, жүзге бөлушіліктен туған көре алмаушылық барма деген ой көкейге орала береді.

КЕЙКІ БАТЫР ЖАЛАУЛЫДА ҚАЗА ТАПТЫ

Батыр қазасы жайлы ақиқат пен аңыз

16 ақпан 2007 жылы “Қостанай таңы” газетінде шыққан “Кейкі батырдың басы шынымен шабылған ба?” атты мақала қолыма еріксіз қалам алдырды. Бұған басты себеп осы уақытқа дейін азаттық үшін алысқан асыл ер тарихшылар тарапынан тиісті бағасын ала алмай келеді.

Кейкі батыр туралы қалам тартқан азаматтар сол Кейкі батырдың дүниеден озған жерінде болды ма? Батыр жатқан жерді көзімен көрді ме? Батырдың соңғы жұтқан ауасын жұтып көрді ме? Болмаса үйде отырып, әркімнен естіген жобамен батыр туралы жазып жүр ме деген ой мазалайды.

Кейкі батыр туралы талай тарихи дерек жазылды. Бірақ осы тарихи тұлғаның қиын да, қилы тарихы нақты көрсетілмей келеді. Өмір тарихы емес, өлген жерінің өзін әр жазушы әр саққа жүгіртеді. Бірі Қытайда өлтірсе, бірі қараша үйде атып кетті деп болжады. Батырдың бейнесін де әртүрлі кейіпте көрсетуге тырысады. Тіпті, біреулері ортадан аласа, шағын, арық адам еді деп жобалайды. Жоқ. Батыр ондай әлжуаз болмаған. Оған кейінірек тоқталамын.

Кешегі ұлт-азаттық көтерілісіндегі көзсіз батыр ерлігімен де, өрлігімен де, құралайды көзге атқан мергендігімен де, тайсалмайтын жаужүректілігімен де, досына адал, дұшпанына қырғидай тиген батылдығымен де басқадан ерекше тұрған. Құлан әулетінен шыққан Кейкі /шын аты Нұрмағанбет/ батыр Көкенбайұлы 49 жасқа қараған шағында өзі туған Байтума қопасынан 20 шақырым жерде, бір сайдың бойындағы

бастауын Сарыторғайдан алатын, ұлы Жыланшыққа құятын, Жыланшықтан 4 шақырым жердегі көктемде қатты тасып, қарасуларға бөлініп қалатын Жалаулы өзені бойындағы Ожан әулетінен шыққан Сүтемгеннің Жәкенінің үйінде 1922 жылдың 19-сәуірінде қызылдар қолынан атыста қаза тапқан.

Осы деректерді жазбас бұрын сәл шегініс жасайын. Себебі, әрбір оқырман қауым бұл азамат осы деректі қайдан алған, кімнен естіген деген сауал қоюы заңды. Мен бұл мақаламда өзім көрген, естіген нақты деректер көлемінде ғана сөз қозғамақпын.

Ұлы Жыланшық өзені бойындағы Рахмет байдың ескі жұртында 1963 жылы “Родник” совхозы /кейін Жыланшық болып өзгерді/ құрылды. Тағдыр тауқыметімен тарыдай шашылып, 1932 жылғы аштықта ауып кеткен ағайын араға отыз жыл салып тарихи Отанына қайта оралды.

Атамекенін, туған топырағын көріп, жылап, топырағын сүйген қарттарды көзіміз көрді. Сол уақытта қарттар ауылда көп болатын. Бас қосқан жерде айтар сөзі, пікір-таласы кешегі ұлт-азаттық көтерілісінің қалай етек алуы, кімдер қатынасты, кімдер қандай ерлік көрсетті, тәркілеу, аштық жайлы болатын. Әсіресе, ұлт-азаттық көтерілісі басшылары жайлы көп айтылатын.

Қазір ойлап отырсам, сол кездегі қарттар көтеріліске тікелей араласқан сарбаздар, әскер басшылары, елдің белді азаматтары екеніне көз жетеді.

Әбдіғапар ханның, Әлібидің, Аманкелді, Кейкі батырлардың көзін көрген, бірге жүрген жерлестері, қанды көйлек достары, қатардағы сарбаздары болған азаматтардың көбі өткен ғасырдың жетпісінші, сексенінші жылдары дүниеден озды. Олар тарихи шындықты көзімен көрді, арттағы ұрпаққа болған оқиғаларды жыр ғып жеткізіп кетті. Осы оқиғаларды көп естіген адамның бірімін.

Осы “Жыланшық” өңірінде, Кейкі батырдың туған, дүниеден озған жерінде 1963-1984 жылдары қызмет атқардым.

Барлық совхоз орталығындағы халық Кейкі батыр жатқан Жәкен қарасуынан ауыз су ішті, тоғыз жолдың торабында жатқан батыр зиратына жолаушы зиярат етіп, Құран бағыштап, аруағына сиынатын. Батыр туралы, оның әр кездегі ерлігін әңгіме ететін.

Әсіресе, Кейкі батырдың қазасы көп айтылатын. Оның ерекше есте қалатыны батыр денесі совхоз орталығынан 5 шақырым жерде жатыр.

Енді қарттардың айтуы бойынша Кейкі батырдың қазасына тоқталамын.

Кейкі батыр жанында інісі Шұбар /шын аты Нұрмұханбет/, әйелі Ақжан үшеуі комиссар Токаревқа еріп, 1922 жылдың сәуір айында Торғай қаласына, 7 шақырым жердегі Ақмырза қыстауында отырған Наушабайдың Әбдіқалығының үйіне келіп қонады. Комиссар Токаревтің қасында оншақты солдаттары болған. Бұрыннан таныс, сыйлас болғандықтан Токарев бұл кісілерді тұтқын есебінде ұстамаған, еркін барған. Әбдіхалықтың әйелі далаға кіріп – шығып жүріп далада шылым

тартып тұрған орыс солдаттардың Кейкіні Торғайға жетсе қамауы мүмкін екенін естіп қалады. Ол кісі Қостанайдағы орыс – қазақ мектебін бітірген орысша сауатты адам болған. Бұл естіген әңгімені күйеуіне бір қағаберісте айтады.

Сол үйде отырғанда бір реті келгенде Әбдіқалық ақсақал Кейкіге: “Ай, қарағым-ай, осылар сені тәрбиелейді дейсің бе, бекерге ерген екенсің” – дейді. Осы сөз батырға қамшы болады.

Торғай қаласына жетсе тұтқынға түсетініне көзі жетеді батырдың. Түннің бір уақытында тұрып, інісі Шұбар мен әйелі Ақжанды ақырын оятып, Жыланшыққа қашыңдар деп шығарып жіберіп, өзі қайтып келіп ұйқыдағы Токаревті, соңынан қуған солдаттарды атып, өлтіріп кетеді.

Батыр атқа теріс /артқа/ қарап отырып, қуғыншыны оқ жетер жерге жақындағанда атып түсіре береді екен. Сонымен Жыланшықты бойлап Айырқұмнан асқанда жолда жаяу келе жатқан екі татар азаматын кездестіріп, өздерімен бірге ала кетеді. Бұл екі татардың (кей деректе ноғай деп жазылады) есімдері Идоят және Хидоят екен.

Жыланшық өзені бойындағы Ожан әулетінің байы Шашамбайдың Рахметінің ауылына кештете келеді. Сол жерде кешегі ұлт-азаттық көтерілісіне белсене араласқан Аманкелді батырдың мыңбасы болған Қарабайдың Әлжанының інісі Асқарға кездеседі. Татарлардың мінуіне 2 ат сұрайды. Асқар аттарын қанша қимағанмен, батырдың ызғарынан қаймығып, амалсыз екі жүйрігін береді.

Батыр сол ауылға тұрақтамай, екі қыр астындағы /5 шақырым/ Ожан әулетінің дәулетті адамы Сүтемгеннің Жәкенінің үйіне келіп қонады. Күзетке інісі Шұбарды қояды.

Ақмырзада болған қанды қырғыннан Торғай қаласындағы қызылдарға хабар тиіп, көп кешікпей жазалаушы әскер жолға шығады. Кейкі батырдың қашқан бағытымен Рахмет ауылына келіп, Кейкіні көргендер бар ма деп сұраған дейді. Сол жерде біреулер Жыланшық өзені бойынан 4 шақырымдай қырғары жердегі Жәкен үйінде қонып жатқанын айтады.

Болмаса Кейкі Ұлытауға қашады деп қуғыншылар Жыланшықты бойлап асып кетуі анық еді.

Қуғыншылар таң қараңғылығын пайдаланып, батыр жатқан үйді қоршайды. Күзетке қойған інісі жол соқпа болып, бұл уақытта қалғып кетсе керек.

Ойбай батыр, үйді жау қоршады деп, Ақжан сұлу үйдің ішін оятады. Кейкі батыр жейде-дамбалмен ортадағы қамыс есікке ұмтылады.

Осы уақытқа дейін солдаттар арасында сол маңайда тұратын қарапайым ауыл азаматтары болғаны, оларды еріксіз Кейкіге қарсы оқ қағар етіп апарғаны айтылмай келеді.

Үй қоршалады. Сырттан орыс офицері Кейкіге “Үйден шығып беріл”, болмаса “граната” тастаймын деп айғайлайды.

Кейкі батыр орысша түсінбеген соң жанындағы татарлардан не деп тұр деп сұрайды екен. Татарлар, орыстар берілсін, болмаса “граната”

тастап, үйді жарамыз дейді деп түсіндіреді. Сонда Кейкі батыр мен тірідей қолға түспей атысып өлемін, айт ана орыстарыңа деген. Татарлар Кейкі сөзін сырттағыларға жеткізеді.

Іште татарлардың батырмен бірге екеніне көзі жеткен орыстар татардан Кейкінің қайда тұрғанын сұрайды. Кейкі батырдың қатты ғып қамыстан буған есіктің жанында тұрғанын татарлар жеткізеді. Осындай қолайлы сәтті пайдаланып, іштегі татарларға сендер Кейкіні есікке итеріп жіберіңдер, бастарыңа бостандық береміз деп сендіреді. Татарлар Кейкіге жақындап орыстар берілсе кешірім жасаймыз деп айтты деп батырды қамыс есікке екеулеп итеріп жібереді. Батыр қарқынымен қамыс есікке соғылғанда ар жағында дайындалып тұрған солдаттар жаппай есікті көздеп атады.

Жейде-дамбалмен тұрған батырдың кіндігінен оқ тиеді. Жамылған көрпесін денесіне орап, батыр шалқасынан құлаған. Кейкі батырды үйден сүйреп шығарып, оң қолын кетпенмен кесіп алады. Жұбайы Ақжанды атып өлтіріп, ішін мылтықтың ұшындағы найзамен жарып, ер баланы аударып тастайды. Інісі Шұбарды да, татарларды да атып өлтіреді.

Сол атыста Жәкеннің Бижамал атты 13 жасар қызының санынан оқ тиген. Бұл кісіні көзіміз көрді. Көп жылдар “Родник” совхозында тұрды. Ақанай атты шалы, Сүлеймен, Сұлман атты балалары болды. Немерелері қазір Арқалық қаласында тұрады. Бижамал шешеміз өткен ғасырдың сексенінші жылдары Арқалық жанындағы “Аңғар” ауылында дүниеден озды.

Кейкі батырдың оң қолын қанжығаға байлап, жазалаушылар Жыланшықты бойлап, кейін қайтқан. Бұл жағдайды көршім Тұрсын ақсақалдың шешесі де көргенін айтады. Қанжығадағы қол быржиып ісіп кеткенін көрген.

Міне, осы қанды қырғында амалсыз орыстарға оқ қағар болып барған әкемнің інісі Сейітқасым Жамбылұлы көзімен көрген. Жолаушылап жүрген 4-5 адамды оқ қағар ғып Кейкі оғына байлауға еріксіз апарған. Үйден көрпеге оралған қалпында Кейкіні сүйреп шығарғанын, оң қолын кетпенмен кескенін, әйелінің ішін жарғанын көзімен көрген адам 1983 жылы Жыланшықта 86 жасында дүниеден озды.

Кейкінің өліміне байланысты әңгіме жасаған қарттар батырдың басының кесілгені туралы айтқан емес. Жауы үшін батырдың басы емес, атқанын мүлт жібермейтін киелі қолы керегі анық.

Үкіметтен қаймыққан жергілікті халық батырдың денесін серіктерімен қосып, Жәкен үйінен сәл қырғарырақ, 100 қадамдай жердегі суағар жыраға жерлеген. Сол жерде қазір темір там және құлпытас тұр батырға арналған. Кейкінің ажал тапқан үйі 1965 жылдарда тұрды. Сол жерде қой қырқатын пункт болды. Кейкі жатқан үйде қой қырқып, бір топ жастар жатқанбыз. Қазір үйдің орны ғана қалды. Ұзындығы 30, ені 9 қадам.

1965 жылы Кейкі батырдың Жезқазғанда тұратын ағайыны Қарақожин Әбу темір там мен құлпы тас әкеліп, ауылдың көнекөз

қарттарын жинап, ас берді, белгі орнатты. Батыр жерленген жерді анықтауда ауыл қарттары Кейкіні көзі көрген қариялар Ахметтің Құсейі, Шүленнің Шекері, Омардың Бәйділдасы, Жамбылдың Сейітқасымы, Қылдыбайдың Табылдысы, Бәйділдәнің Ыдырысы, Дулығалы мешітінен Қазии ишан т.б. азаматтар болды.

Кейкі батырдың жерленген жерін Шүленнің Шекері “Міне, осы жер” деп көрсеткен. Оны Байкенов Сайлаубек деген азамат өзі көзімен көргенін айтады. Батырдың жатқан жері бір жағы Қарасуға тірелетін қалталанып келетін еңісте тұр. Шын ден қойып іздеген адамға дене сүйегі табылары анық. Сонда қолдың бастың шабылған, шабылмағаны анықталады, әрі батыр мәйітін арулап қайта жерлеуге келер еді. Осы жерде Кейкі батыр Көкембайұлының шыққан тегіне тоқтала кеткен жөн болар. Кейкі Құлан Қыпшақтан шыққан азамат. Тарқатып көрейік.

Құлан Қыпшақтан – Қырымқожа, Бұғас, Пышығай, Пұсырманқұл, Құдайқұл туады.

Кейкі Бұғастан тарайды:

Бұғастан→ Сарыстық, → Есберлі, →Көбей, →Көшкінші→ Алшынбай→ Жиёмбет→ Медет→ Төреш→ Торайғыр→ Көкенбай→ Оспан, Қосжан, Омар, Кейкі (Нұрмағанбет), Шұбар (Нұрмұхамбет) бесеуі туады.

Кейкі батырдың ет жақын туыстары Әубәкір, Мұханбетрақым Арқалықта, қалған ағайындары Тасты ауылында туады. Журналист ағамыз Әубәкір Қылышбаев Кейкімен бірге атыста Шұбар емес, Түскен қаза болды, әрі сол жерде өлген адам жетеу еді деген дерек келтіреді:

Тіпті Думан Рамазан деген азамат қазақ әдебиетіне (10 наурыз 2002ж) оқ Кейкінің дәл маңдайына тиді деп жаңсақ жазды.

Кейкі батырмен сыйлас, ауылдас болған Аманкелді батырдың серігі, әрі комиссар болған Бектасов Сұлтан Бірәліұлы да аяулы батырдың қайғылы қазасы осылай болғанын өкінішпен айтып отыратын. Кейкі батырдың бір өзі қару кезеген жүз адамға қарсы шабатын көзсіз ерлігін, табиғатынан құрыштай берік қайраттылығын, ортадан жоғары бойлы, жауырын қақапқтай, мойыны жуан, көзінің қарасынан қызылы басым, отты көзді, қыран қабақты азамат еді деп отыратын.

Кейкі батыр топ құрып, ғазауат жариялап ешкімге бағынбай Ұлытауда жатқанда Торғайдан арнаулы жазалаушы қол шығады. Ішінде Бірәлінің Сұлтаны да болады.

Кейкі батыр жатыр деген межелі жерге жақындағанда Сұлтан бір жансызды жазалаушылар келе жатқанын Кейкіге хабарлауға жібереді. Жіберген адам жетпей батыр түнде аласұрып ұйықтамай, ақбозаттың жалын қызыл-жасыл матамен өріп, басына аққудың терісін бітеу киіп салауат айтып жанына бір жолдасын ертіп, төңіректі шолуға шығады. Жолда Сұлтан жіберген жансыз Кейкіге кездесіп жағдайды айтады. Ішінде қазақы киінген Сұлтанның бар екенін, үстінде шекпен, басында бөрік бар, қалғаны әскери киімді деп түсіндіреді.

Жазалаушылардың өз адамдарына жақындауын күтпей жаныдағы жолдасымен тұтқиылдан шабуылдап, жазалаушы топтан екі орысты және мені тірі қалдырып, қалғанын қырып кетті ғой деп отыратын Сұлтан жарықтық. Бірәлінің Сұлтаны “Родник” совхозында 1964-1965 жылдары болып, 1965 жылдың мамырына Алматыда дүниеден озады. Кейкі батырмен сыйлас Шашанбай байдың Ахметінен тарайтын Құсей Жыланшықта 1994 жылы 101 жаста дүниеден озды. От ауызды, орақ тілді, сөзге шешен, тұла бойы тұнған шежіре-тарих, қайратты қария Кейкі батырдың ерліктерін жыр ғып айтып отыратын.

Бірде батыр бастаған бір топ жігіттер көл жағалап жиектен қағып,, қаз атып келе жатқанда Құсей ақсақал Кейкі батырға 150 қадамдай жердегі көлде жүзіп жүрген кегерге тигізе аласыңба деп қалады. Су қатуға жақындаған кез болса керек. Сонда батыр егер тигізсем, сен судан шешініп аласың ба? деген. Айтқан сөз атылған оқ. Құсей келіседі. Тигізе алмас деп дәмеленеді.

Сонда Кейкі батыр ат үстінен бұрыла беріп бір қолымен көздемей кегерді атып салады. Кегер қозғаламай орнында қалады.

Құсей амалсыз суық суға түсіп кегерді алып шығады. Қараса оқ кегердің басына тиген.

Кейкі батыр тек мерген ғана емес, аруақты адам еді деп отыратын Құсей қария. 1963 жылы “Родник” совхозының “Көшкінбай” бөлімшесінде Кейкі батырдың жеңгесі Құлан Жәкеннің бәйбішесі бізбен көрші тұрады. Әңгіме арасында Кейкі батырдың ойнап лақтырған соқта қары кигіз үйдің туырлығын тесіп үйдегі бізге оқша тиетін деп отыратын.

Жарықтық батыр қайным өте атбегі адам еді, екі – үш жүйрік ат ұстады, аттары адамша сөйлемегені болмаса батырдың әр қимылы мен ысқырғанын түсініп, жайылымнан шауып келетін, ауна десе аунайтын, жат десе бүйіріне жата қалатын. Қалай үйреткеніне таң қалатынбыз деп әңгімелейтін.

Кейкі аз ғұмырында тұлпар мініп, сұлуды сүйген азамат өзімен бірге опат болған Ақжан сұлу Қарғалы – Қайдауылдың атақты байы Есенғұлдың қызы болатын. Ақжанды 1920 жылы алған. Ақжан сол кезде 17-де, Кейкі 46 жаста болған. Батыр 49 жасында Ақжан 20 жасында өлді. Ақжан сұлудың тар жол, тайғақ кешу қиын қыстауда басын өлімге байлап үнемі батырмен бірге болуы тіпті аяғы ауыр шағында атқа шауып батырдан ажырамай жүруіде әйел адам үшін ерлік, шын сүйіспеншілік, адал махаббаттан болар.

Кейкі батыр ерлігімен, өрлігімен, қайтпас қайсар батырлығымен, мергендігімен халық жадында қалған тұлға. Қай өңірде кездескен қариядан Кейкі жайлы сұрасаң ерлігін мақтанышпен тарқатып отырады.

Кейкі батырдың басын Торғайдағы алаңға іліп қойды деген дерек те көңілге қонбайды. Батырын қастерлеген, соңынан еріп азаттық үшін күрескен азаматтар сүйекке таңба болатын қорлыққа көнбеген болар еді.

Батырдың басын қорлау, халықты қорлау. Бұл жағдай халықты көтеруі мүмкін еді. Әрі Торғай азаматтарының батырлығы мен

батылдығынан қаймығып, сол кездегі биліктегілер мұндай жағдайға бармасы анық.

Кейкі батырдың жан жолдасы Аманкелдінің, ақылшысы Әбдіғапар хан өлгеннен кейін биліктен, сол кездегі қатыгез жүйеден түңіліп, олардың Аманкелді батырға жасаған қианатына қапаланып, қаһарына мініп жалғыз жауға шапқан көзсіз ерлігі, Отанын елін сүйген азаматтың әділдік үшін атқа қонып сол жолда опат болатынын біле тұра ғазауат айтып ұрандап салауат айтып жауға қарсы шабуы өлшеусіз қаһармандық болса керек.

Атқа салдым ерімді,
Бермедім жауға жерімді.
Ел ішінен жау шығып,
Сындырды Алла белімді.

Атқа салдым терлікті,
Дұшпанға қылдым ерлікті.
Мен кеткен соң халқым-ай,
Көрерсіңдер қорлықты.

Қамшы еді қанатым,
Құйысқан еді қуатым.
Еркекте перзент болмады,
Айырып жаудан алатын.

Аттым мылтық бесатар,
Дұшпанды қырдым көп қатар.
Қанша дұшпан қырсам да,
Қияметте таң атар.

Атқа салдым мыс салдым,
Көтердің Алла дұшпанды.
Естіген халқым дұға қыл,
Кейкі батыр ұсталды.

Жатыр едім ұйықтап,
Текеметім тұйықтап.
Қасыма келді бір жаяу,
Жауыр аттай иықтап.

Ақсұлу /Ақжан/ маған ерді ғой,
Құдай маған берді ғой.
Үш жыл бұрын көрген түс,
Айнымай бүгін келді ғой.

Алғаным еді алғаным,
Қамаулы жерде қалғаным.

Сайынға шығып ұрыс салмай,
Ішімде кетті-ау арманым.

Мылтық аттым тесіктен,
Кіргізбедім есіктен.
Сыртымнан плен ұстады,
Өлтіруге өшіккен.

Шоңқайманың қаласы,
Қызылға жақын даласы.
Бізді дұшпанға ұстатқан,
Сарбастың Садыр баласы.

Төрт аяғың төбеңде,
Екі қолың жағанда.
Сарбастың Садыр баласы,

Зәкірде Зәурен оңбасын,- деп әрі қарай жалғаса беретін салауат халық жадында мәңгі сақталған.

Жалпы туыстарының айтуынша Кейкі соғысып жүріп салауат айтып жүрген. Салауаты қуат күш, қаһар беріп, жаудың мысын басып отырса керек. Салауаты ұзақ еді деп отыратын қарттар.

Бізге жеткен Ақкөлде тұрған 92 жасында дүниеден озған Жұманұр қария айтқан нұсқа осы. Әр жазушы әр бағытта Кейкіні жазып келеді.

Күні кеше шыққан Қостанай облысы Энциклопедиясында да қате жазулар бар: /410 бетті қараңыз/. Кейкі батыр Көкемайұлы /Нұрмағанбет/ /1873-1927/ ? ... Национальный герой один из руков.нац.осво.восстания 1916г., соратник А.Имановва. Участвовал в осаде г.Тургая, в 1916 арестован и казнен в 1923. Оқып көрсеңі қате көп. Кейкінің ерлігінен гөрі жауыз еді дегенге саятын жазба көп.

Олжас Сүлейменовтың сценарий бойынша түсірілген Кейкі образы шындықтан тіпті алшақ. Ондағы Кейкі батырдың образы Ораз мерген Қытай шекарасында мерт болған.

Осылайша тарихи шындық бұрмалана келе батыр тұлғасы өзінің бейнесін жоғалта ма деген қауіп туады.

Кейкі батырдың бар кінәсі “сары орыстың бәрі орыс” деп қыра беруі. Патшалық биліктің қазақ халқына тигізген зардабынан туған қанды кек екені анық. Кеңес үкіметі орнаған кейінгі кезеңдерде батырға бас бостандығын билетпей үнемі жазалаушы әскер қуғындады.

Батыр амал жоқ қорғануға, шабылдауға мәжбүр болды.

Азаттық деп атқа қонған азаматқа еліміз тәуелсіздік алып, ақ пен қараның жігі ашылған шақта шындықты ашып, тиісті құрмет көрсетер шақта ешқандай қолдау жасалмауы өкінішті.

Болмаса батырдың денесі жатқан жерге арнаулы экспедициясы шығып, зерттеу жасалып, денесін тауып, елді мекенге қайта жерленсе, батырдың аруағы риза болар еді.

Өмірі ат үстінде өткен батырдың бейнесін қысқа тұғырда елеусіздеу жерде қою да көңілге қонбайды. Кейкі батырдың ерлігі мен өрлігі, батылдығы мен мергенділігі жастарға үлгі боларлық. Тек насихаттау жетіспейді.

Қорыта айтқанда, қаһармандығы мен батырлығы, досына адал, жауына қаталдығы, құралайды көзге атқан сұр мергендігі қазақты әлемге паш етіп көрететіндей көзсіз ерлігі бар батыр Кейкіні дәріптеп көрсете алмай келеміз. Болмаса Кейкі батыр кешегі күннің Кенесарысы, Наурызбайы, Сыздығы, кавказдың имам Шәмілі емес пе еді.

Кейкі батырдың шындығы белгісіз, алыстағы кісіге тәуелді басын іздегенше, үй іргесіндегі денесін іздеу қажет. Сонда ғана тарихи шындық анықталады.

Кейкі батырдың осы өңірдегі ағайындары жақын туысы журналист Әубәкір Қылышбаевтың, дәрігер Мұханбетрақым Спандияровтың басшылығымен Құлан әулетінің “Тасты” өзені бойындағы қорымға үлкен күмбезді кесене салып сарғайа батыр бабасының басын күтуі келешекте жақсылыққа ұласып киелі басыда, асыл денесіде қайта жер қойнына беріліп әруағына дұға оқылар күнде туар деген үміттеміз.

Кейкі батырдың ерлігі мен батырлығын құрметтейтін халқы, қала басшылығы, Нұр Отан партиясы төрайымы Елена Семенова Цвентухтың талмай ізденісінің арқасында, Торғай боксит кен басқармасы қолдауымен батырға Арқалық мұражайы алдынан ескерткіш қойылуы батырға деген зор құрмет, ерлікке деген тағзым. Батыр рухы мен әруағы халқын қолдап қорғап жүрері хақ. Ұлы Жаратушы батырға иман артындағы халқына береке бірлік берсе екен деп тілеймін!

КЕЙКІ БАТЫРДЫҢ ЕЛ АУЗЫНДАҒЫ ЖАТТАЛҒАН САЛАУАТТАРЫ

Сәуір айында жолаушылап Ахмет Байтұрсыновтың туған жері Ақкөлде болдым. Қатар отырған екі ауылдың қарттарымен сұхбаттаудың сәті түсті.

Бірлігі мықты, берекелі ауылды, тұла бойлары тұнған шежіре қарттарын көрдім. Сөз арасында Кейкі батырдың да ерлігін жетік білетіндерін ұқтым. Батырдың үнемі айтып жүрген салауаттарының бізге жетпеген жаңа жолдарын сол Ақкөлде туған, бүгінде 93 жастағы көзі ашық, көкірегі ояу шежіре қарт, Үмбетей руының үлкені Жұманұр Молдахметов жатқа айтады екен. Қария қалай айтты, мен солай өзгеріссіз қағазға түсірдім.

/Ішінде бұрын жарық көрген жолдар да бар/.

Атқа салдым ерімді,
Бермедім жауға жерімді.

Ел ішінен жау шығып,
Сындырды Алла белімді.

Атқа салдым терлікті,
Дұшпанға қылдым ерлікті.
Мен кеткен соң халқым-ай,
Көрерсіңдер қорлықты.

Қамшы еді қанатым,
Құйысқан еді қуатым.
Еркекте перзент болмады,
Айырып жаудан алатын.

Аттым мылтық бесатар,
Дұшпанды қырдым көп қатар.
Қанша дұшпан қырсам да,
Қияметте таң атар.

Атқа салдым мыс салдым,
Көтердің Алла дұшпанды.
Естіген халқым дұға қыл,
Кейкі батыр ұсталды.

Жатыр едім ұйықтап,
Текеметім тұйықтап.
Қасыма келі бір жаяу,
Жауыр аттай иықтап.

Ақсұлу /Ақжан/ маған ерді ғой,
Құдай маған берді ғой.
Үш жыл бұрын көрген түс,
Айнымай бүгін келді ғой.

Алғаным еді алғаным,
Қамаулы жерде қалғаным.
Сайынға шығып ұрыс салмай,
Ішімде кетті-ау арманым.

Мылтық аттым тесіктен,
Кіргізбедім есіктен.
Сыртымнан плен ұстады,
Өлтіруге өшіккен.

Шоңқайманың қаласы,
Қызылға жақын даласы.

Бізді дұшпанға ұстатқан,
Сарбастың Садыр баласы.

Төрт аяғың төбеңде,
Екі қолың жағанда.
Сарбастың Садыр баласы,
Зәкірде Зәурен оңбасын.

Осы өлең жолдарында кездесетін сөздерге қариядан түсінік сұрадым:
- “Атқа салдым сталды еді ғой” деп едім. Жоқ, “мыс салдым” деп жаз деді.

- Сайынға шығып ұрыс салмай дегені далаға шыға алмай дегені.
- Сыртымнан плен ұстады деуі – жергілікті халықты оққа байлады дегені болса керек.
- Шоңқайманың қаласы – Торғай қаласы дегені болу керек.
- Сарбастың Садыр баласы деген – жергілікті халық, болмаса татарлар болуы мүмкін.
- Зәкірде Зәурен оңбасын – бұл қарғыс түрі болуы керек.

КЕЙКІ БАТЫР НЕГЕ ЕЛЕУСІЗ?..

Кешегі ұлт-азаттық көтерілісі айбынды батырларының бірі және бірегейі Аманкелді Имановтың әрі жерлесі, әрі үзеңгілес досы, теңдесі жоқ сұрмерген Кейкі батыр туралы айтылып та, жазылып та жүр. Бәріміз де батырлығын мойындаймыз, ерлігіне сүйсінеміз, тіл жеткенше мақтаймыз. Әртүрлі пікір толастар емес. Өлең де, поэма да, драма да, роман да жазылды, кино да түсірілді. Әр жерде ескерткіш те ашылды.

Барлық ғұмырын еліміздің тәуелсіздігі мен бостандығы үшін ат үстінде өткізген азаматқа алдымен ер қанаты атынан бөлектемей, қолындағы ақ берген мылтығын аспандата ұстатып, биік тұғырға, лайықты жерге ескерткіш орнату парыз. Сонымен қатар ескерткіштен бұрын Кейкі аты берілген үлкен елді мекен болса, нұр үстіне нұр жауар еді. Шығыстан батысқа қарай Торғай төсін қақ жарып елге береке, халыққа жағдай жасап тұрған тас жолдың басында Арқалық қаласы тұр. Осы жерден батысқа жүрсеңіз Амантоғай, Аманкелді, Жанкелдин аудандары.

Амантоғай кезінде жақсы аудан еді. Егіні бар, малы көп, халқы тығыз орналасқан. Тоғыз жолдың торабында тұрған ауданның жабылуы халыққа жаны ашымағандық демеске амал жоқ. Суы мол, шөбі шүйгінді осы аймақтың күн өткен сайын халқы азайып барады. Биыл басталған үлкен асфальт жол келешекте игілікке жарайтынына, бұл жердің гүлденетініне сөз жақ, сенейік.

Міне, осы Амантоғай елді мекені атын неге Кейкі батыр атына бермеске. Біріншіден, Кейкі батырдың ата-бабасының қонысы, отаны осы жер. Екіншіден, бұл аймақ халқы өсе келе не аудан, не үлкен елді мекен болуы әбден мүмкін. Сонда аудан аты Кейкі батыр атында болса, тарихымызға, тарихи Торғай аймағына жақсы болар еді. Зерделеп ойлап қарасақ, ертеңгі күні, амандық болса, жол байланысы жақсарады, сол кезде сырттан келушілер де көбейеді. Көбі елге оралып, халық саны өседі. Осындай келешегі бар жерге неге Кейкі батыр атын бермеске.

Біздің елге келетін жолаушылар Ырғыз арқылы Жанкелдин, Аманкелді аудандарының үстімен өтеді. Жол үстінде биік тұғырда, арғымағын аспанға қарғытып, ақ берген мылтығын оң қолымен басынан асыра көтеріп Кейкі батыр тұрса ғой. Сонда кез келген жолаушы: “Апырай, мынау Торғай өлкесі батырлар мекені екен-ау” деп мойындайтыны анық.

Шығысқа жүрсең Жанкелдин, Аманкелді, Кейкі батыр атындағы аудан аталса, батысқа жүрсең Арқалық, Кейкі, Аманкелді, Жанкелдин аудандары кездесер еді. Осыдан Амантоғайға Кейкі батыр атын беру өзі сұранып тұрғанын айтпақпын. Тоғыз жолдың торабы осы жер.

Бұл ұсынысымды ешкім қолдамас Арқалық қаласына жақын “Фурманов” ауылы неге Кейкі батыр атымен аталмасқа. Қазаққа Фурмановтан гөрі Кейкінің еңбегі басым емес пе еді.

Мамыр айында Кейкі батыр туралы өз пікірімді жазған едім. Ұсынысым, пікірлерім аяқсыз қалды.

Біздің мақсатымыз – батырымызды дәріптеу, еңбегін елеу, азаматтығын марапаттау, ерлік ісін келешек ұрпаққа насихаттау. Патриоттық тәрбие деген осы. өзімізді өзіміз зерделеп, зерттеп, жақсылығымызды көрсете алмасaq, уақыт өте келе талай тарихи тұлғалардың жоғалатыны анық. Осы уақытқа дейін жоғалғаны қаншама? Өзіміз толық зерттеп, дәріптей алмаған жерлесіміз Қыпшақ Сұлтан Бейбарыс туралы арабтар түсірген киноға қараңызшы. Қандай керемет, салиқалы, парасатты түсірілген. Басқа ел, басқа жер адамдары қандасымызды алақанға салып, дүние жүзінде насихаттап, сол арқылы бүгінгі тәуелсіз Қазақстанды, тарихи қазақ халқын марапаттап, айбарымызды аспандатып, мерейімізді өсіріп жатқан жоқ па?

Біз үйде отырып, күні кеше 90 жыл бұрын өткен азаматтарымызға лайықты баға бере алмай жалтақтап келеміз. Жалтақтық болмаса Кейкіге елді мекен атын беруге, лайықты ескерткіш ашуға, соңғы демі бітіп, қаны тамған жерді тексеруге не кедергі? Талай ғасыр өтіп, елдің есінен, халықтың жадынан ұмыт болса сөз басқа. Күні кеше Кейкімен дәмдес болған қарттарды көзіміз көрді. әңгімесін тыңдадық. Батырлығы мен ерлігін бас қосқан жерде жыр ғып айтып отыратын жарықтықтар.

Кейкі батырдың ағайындарының қолынан келгені Тасты өзенінің жағалауынан жоғарырақ ата-баба қорымы жанына батырға үлкен кесене салды. Кесене жолдан алыстау. Өткен-кеткен жолаушы кім екенін білмеген соң қол жайып, дұға оқымауы мүмкін. Сол үшін алдымен Кейкінің

Жыланшықтағы сүйегі ізделуі қажет. Болмаған жағдайда сол жерден топырақ әкеліп, дұға оқылса, артық емес. Мүмкіндік болса жол шетіне арка орнатып, Кейкі батыр кесенесі деген жазу тұрса, жолаушы батырға дұға оқып, қол жайған болар еді.

Кесенеден шығады, осы Аманкелді батырға да лайықты кесене жоқ 90 жылдан бері туған топырағында. Одан басшыға үй салып беру оңай. Марқұмның сүйегі әр жерге көшірілді. Торғайда мәңгілік тұрақтаған азаматты туған жері Жыланшыққа, одан аудан орталығына көшірді. Қазір денесі аудандық жастар демалыс орны орталығындағы батырға арналған ескерткіш жанында жатыр. Көп уақыт дұрыс қоршаусыз тұрды. Әрі жастардың суретке түсетін, жиналып бас қосатын орны. Батыр мүрдесі аяқ асты емес деп айта алмайсың. Бөгетбай Әлмағанбетов ағамыз бұл жайлы пікірін жазды. Қолдау қажет-ақ.

Тірлігінде бірге жүген екі арысқа бір үлгіде кесене салып, ескерткіш орнатса, мәдени-мұра бағдарламасы аясында жасалған игілікті бір ісі болған болар еді.

Кейкі батырдың барша мұсылман әлемін аузына қаратқан Қыпшақ Бейбарыс сұлтанның бүгінгі Құлан Қыпшақ ұрпағынан тараған әулет екенін мойындап, батырға жақсы елді мекен атын беру парыз.

БЕКТЕННІҢ ҚҰЛАСЫ

Ұлы Жыланшық өзенін, оның шексіз де шетсіз алқабын көз алдыңызға елестетсеңіз өткен ғасырларда өмір сүрген ата-бабаларымыз бен олар өсірген мыңғырған төрт түлік мал көз алдыңызға келеді. Малға да, жанға да жайлы болғандықтан талай ғасырлар осы ұлы даланың төсін шығыстан батысқа қарай қарқырата жарып ағып жатқан ұлы Жыланшық бойын қалың ел мекен еткен, үй салған, қоныстанған.

Әрісі Едіге би, Тоқтамыс хан, Домбауыл батырлар, берісі кешегі Абылай хан, Кенесары, Сыздық, Аманкелді, Кейкі, Әбдіғапар, Әліби, Ахмет бабаларымыз аттарын осы Жыланшықтан суарғаны анық.

Неше алуан шүйгін шөпті, киелі жерді өткен ғасырларда Нұрым, Бектас, Бірәлі, Сейіткерей, Жайсаңбай, Әйгісі, Асан, Жанбосын, Көшкінбай, Шағытай, Бекі, Қабанбай, Асат, Шашамбай, Зілғара, Әбдіғапар хан, Шойынқұлақ, Сәдуақас, Денесары, Бисары, Дәнен, Жайықбай, Байтас, Ыдырыс, Смайыл, Барлыбай, Тобағабыл, Жекебай, Дүзбай қажы, Алтынбай сияқты байлар мекен екен. Байға да, батырға да мекен болған, осы киелі жер әсіресе, жылқы өсіруге қолайлы болған. Осы өңірді 30 мыңнан аса жылқы болды деп айтып отыратын қариялар. Бір ғана Бектас әулетінде 5 мыңнан аса жылқы болған.

Тарихқа үңілсек, Шашамбайды паналаған Есімсерінің Қозы күреңі, Аманкелдінің Ақ ауыз арғымағы. Кейкінің Ақбоз аты, Бектастың /Бірәлі байдың әкесі/ Құла айғыры, Сейіткерейдің ала сәйгүліктері, ірілігінен

өгізкөк атанған арғымақ. Бектастың асында бас бәйге алған ала байтал, үш жүздің асында бәйге алған Бектеннің құласы осы киелі жерден өсіп нәр алған тұлпарлар еді. Сол уақытта әр отбасында таңдаулы жүйрік, жорға, жарамды ат болған. Халқымыз атты баптай да, сақтай да білген. Баласындай баптап, аяулысындай мәпелеп тәрбиелеген, жанындай жақсы көрген. Жүйрік атты ерекше күткен. Бабына келтіріп жарата білген. Жарауы келген, күтімі жақсы аттар бір отбасын ғана емес, бір әулетті табысымен асырап отырған.

Осындай аты көпшілікке беймәлім жүйріктердің бірі Бекеннің құла тұлпары. ХІХ ғасырдың аяқ кезінде орта жүздің “Токпан” руынан шыққан Бектен деген кедей адам ұлы Жыланшық бойын мекен еткен екен.

Қолындағы жалғыз атының бәйгеден алған табысымен өзін, ағайын-туысын асырап, мамыражай өмір сүрген. Құла аты өрен жүйрік болып, жақын – алыс маңда алдына мал салмаған.

Бірде ұлы жүзде үлкен ас берілетін болып, біздің елге сауын айтылады. Алдағы асқа келетін жүйріктер іріктеледі. Бірақ сол жүйріктер ішінен Бектеннің құласы көрінбейді. Елге беделді, болыс Шамамбайдың Рахметі атыңды бәйгеге қосайын деп Бектенге қолқа салады.

Асқа өзім еріп барсам атты бәйгеге қосуға беремін, болмаса атты бермеймін деп Бектен қарсылық білдіреді. Кедейді ертуге намыстанды ма, болмаса басқада себеп болды ма Рахмет атты бір түнде ұрлатып алып, ұлы жүздегі асқа аттанады.

Арада айлап жол жүріп, межелі жерге жақындағанда алдынан жолаушы қарт кездеседі. Асқа бара жатқан жақсы-жайсандарға, олар мінген сәйгүліктерге көзі түседі, әсіресе, жетекте салбырап келе жатқан Бектеннің құласын айналшықтап маңынан шықпай қояды.

Иесі артта қалған тұлпардың мұнайып, салбырап тұрған түрін көріп: “Қарақтарым-ай, мынау құла өрен жүйрік жылқы екен, жылап келе жатыр ғой” деп айтты дейді. “Егер иесін алдырсандар бас бәйге осынікі” дейді ғой. Манадан атқа көзі түскен қарияны сырттай бақылап тұрған Рахмет қарияға: “Сен, шал, не айтып тұрсың, бұл ат өзімнің төл тумам” деп қарсы уәж айтады.

Сонда қария, “Қарағым-ай, қате айтып тұрсың, ат сенікі емес, қиналса бірдің соңы болып келер, болмаса шаппас” деген екен.

Сыншы қария сөзін ешкім қаперге алмай, атты үш жүздің өрен жүйріктері қатысатын бәйгеге қосқан. Осы дүбірде құла арғымақ екінші болып бәйгеден келіпті. Елге келген соң бай сый-сыйапатымен атын иесіне қайтарады.

Өзі апаруға дәрмені жоқ кедей жігіт намыстан булығып атын уайымдап, құса болып төсек тартып жатып қалған екен.

Аты келгеннен кейін ағайын-туыстарын жинап “Мен бұл дерттен айықпаймын, жанымдай жақсы көретін атым еді, мен өлген соң жал-құйрығын күзеп тұлдап жіберіңдер, жыл өткен соң асыма сойып, басы мен төрт аяғын ақ матаға орап басыма қойыңдар” деп өсиет айтқан екен. Атбегі Бектен құла атын бәйгеге өзі қоса алмағансоң уайым құсадан дүниеден

озған. Ағайын-туысы өсиеті бойынша жыл өткен соң там көтеріп, ішіне құла аттың басы мен төрт аяғын ақ матаға орап басына қойған.

“Сол құла аттың басы мен төрт аяғы 1950 жылдардың ортасына дейін ашық тамның бетінде жатып еді” деп қарттар айтып отыратын. Ұлы даладан неше алуан жүйріктер шыққан. Бабабаларымыз жылқыны баптайда, сақтайда, өсіре де білген. Атқа алтыннан алқа, күмістен өмілдірік, күмістеген құранды ер салып, алтын жаптырып, неше алуан оюлап мақпалмен тыстап, тоқым салып атты сәндей де білген.

Қазіргі дей қамауда ұстап, еркінен тыс тамақтандырып, таңдауын өзіне бермей, тағдырын тұғырға байлағанша, еркін көсіліп жататын, еркін өсетін, еркін жүретін, еркімен таңдаған балауса алуан түрлі асыл шөбін тауып жейтін жұпар иісті, шұрайлы шөпті, шайырлы өлкеге неге жылқы өсірмеске деген ой келеді.

Сонда көркем сәйгүліктер шығары сөзсіз анық.

БІР ҮЙДЕН СОҒЫСҚА АТТАНҒАН БЕС БОЗДАҚ

Ұлы Жеңістің 65 жылдық мерекесіне орай

Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына 65 жыл толу мерекесі күн санап тақаған сайын, көңіл түпкіріне жатқан кешегі қанды қырғын елестері, әр отбасына түскен ауырлық пен орны ешқашан толмас ауыр қайғылар бүгінгі көзі тірі сол зұлматты көрген пенденің есіне оралып, артында қалған ұрпақтары аталары мен әкелерінің Отан үшін, Отанның тәуелсіздігі үшін қан майданда тартқан азап, көрген бейнетін еске алады. Талай шаңырақтың отын өшірген зұлмат ешқашан қайталанбаса екен деп тілеп отырасың. Кешегі халық басына түскен 1932 жылғы зұлматта Торғай өлкесі азаматтары жан-жаққа тарыдай шашылды. Осындай бір топ 1932 жылғы ашаршылықта Жыланшық өңірінен, жан сақтауға Оңтүстік өңірді бетке алады. Жолда Қарсақбай балалар үйіне Оспан қария кіші екі баласы Сәлім мен Әміржанды қалдырып, қалған үш баласымен әйелін туыс-туғандарын ертіп Жезқазғаннан Сарысу өзенін бойлап Бетпақтың шөлін кесіп өтіп, Шымкентке тұрақтайды. Ел сәл тоғайып, ес жинай бастағанда Ұлы Отан соғысы басталады. Бір үйде қанша ер азамат болса түгел аттанған. Сондай отбасының бірі Оспан қарияның үйі еді. Ұлы Отан соғысының алғаш басталуында Байзақ, Жүніс, Ыдырыс атты баласы соғысқа алынады. Қарсақбай балалар үйіне қалдырып кеткен Сәлім мен Әміржаннан хабар ала алмай адасып қалады. Үміт етіп отырған қолдағы үш ұлын соғысқа бір күнде алғанда Оспан қария жер таянып буындарын баса алмай зар жылап отырып қалады.

Уақыт өте келе Ұлы Отан соғысына аттанған балаларынан ерлікпен қаза тапты деген қаралы хабарлар келеді. Осылай екі баладан тірідей үш баладан өлідей айырылып жанары суалып, көкірегі қарс айырылып үміт оты үзілді-ау деп отырғанда араға 14 жыл салып

Сәлімі мен Әміржаны соғысқа қатынасып жарақат алып аман сау ата-анасына қосылады. Сол Сәлім мен Әміржан туған топырағы Аманкелді ауданына 60-шы жылдардың ортасында оралып еңбекке араласты. Ұлы Отан соғысының ардагері Сәлім Оспанұлымен көзі тірісінде әңгімелесіп өзінің өмірі жайлы сұрағанда онша шешіліп әңгіме айта бермейтін.

Өмір бойы адал еңбегімен елге қызмет жасаған ағай сөзге сараң, мақтан сүймейтін, әділдікті ту еткен азамат өткен өмірі жайлы сирек әңгімелейтін. Өткен күнді ауыр еске ала отырып, "ой қарағым-ай біз не көрмедік" деп бастайтын әңгімесін. Ұлы Жыланшық бойын мекендеген "Төре" әулетінен шыққан ағамыз өмірге 1915 жылы келген. Бірақ құжаттарында 1919 жыл деп жазылған. Өткен ғасырдың жиырма бесінші жылдары Төрелер әулетін қудалағанда ата-әкелеріміз Шымкенттің Созақ ауданына үдере көшкен. Ол жерде 3 жылдай тұрақтап, елге Торғай ауданының Сужарған бойына келген. Араға аз уақыт салып туған жері Жыланшыққа қайта көшкен. Осы жерде 1932 жылдың ашаршылығына ұшырап, қайтадан Жезқазған арқылы Созаққа жаяу жетеді. Жолда Оспан атамыз Сәлім, Әміржан атты кіші екі баласын Қарсақбай балалар үйіне өткізген. Балалар үйінен әр жерге ауысып жеті сыныптық орысша білім алған. Жамбылдың темір жол депосында оқып, паравоз-машинисті болған. Ата-анадан адасып қалған азамат 1939 жылы әскерге алынып. Фин соғысына 1939-1941 жылдар аралығында қатардағы жауынгер болып қатынасқан. Одан Ұлы Отан соғысына 1941-1943 жылдар арасында Халхингол аймағында 6-шы атқыштар полкында, 91- батолонында, 108-атқыштар полкында, 341 атқыштар полкы құрамында аға сержант дәрежесінде жаумен шайқасып, сұрапыл жылдарды бастан өткізген.

1943 жылдың маусым айының 1-ші жұлдызында сол жақ иық топшысын оқ тесіп өтіп, далалық госпиталда 1 маусым 1943 жылдан 2 қыркүйек 1943 жыл аралығында жатқан. Емделіп шыққан соң ұрысқа қайта кірген. 15 қазан 1943 жыл, сол қолының білек сүйегін оқ бөліп өткен. Жілік бетіндегі сүйегі алынып, бір қолы бір қолынан қысқа болып 75 күн госпиталда жатып, 1 қаңтар 1944 жылы соғысқа жарамсыз мүгедек болып шыққан. Соғысқа жарамағандықтан аға сержант N220 оқу-жатығу батолонында жауынгерлерге әскери өнерден 1946 жылдың аяғына дейін дәріс берген. Ұлы Отан соғысындағы ерлігі тиісті дәрежеде марапатталған.

Осы сұрапыл соғыстан ағайынды бес азаматтың үшеуі оралмай, екеуі мүгедек болып оралған. 1946 жылдың аяғында араға азапты 14 жылды салып, ата-анасына табысқан екен. Соғыстан кейін Оңтүстік Қазақстан облысы Пахтаарал ауданында мектепте әскери пәннен дәріс берген. Кейінен мектеп директорлығына ұсынылғанда қандай себеп екені белгісіз, әкесі баруына қарсы болған. Содан ардагер ағамыз оқу-тәрбие жұмысынан қол үзіп, өзі алғаш игерген техника саласына ауысады. Механизатор,

есепші, бригадир, МТМ, гараж қызметкері болған. Туған елге оралғаннан кейін техникалық шеберханада демалысқа шыққанға дейін темір шебері болып жұмыс атқарды.

1950 жылы бас қосқан жұбайы Нағима жеңгеміз екеуі 5 ұл, 3 қыз тәрбиелеп, бәрінің жоғары білім алуына жағдай жасады. Балалары азамат болып, ел игілігіне тиянақты қызмет жасап келеді. Батыр ауылы Үрпекте бақша өнімдерін егіп, насихаттаған да осы кісі болатын.

Сәлім ағай 2001 жылдың 10-шы желтоқсан жұлдызында оразаның ішінде дүниеден озды. Немере, шөбере, балалары, ағайын-туыс, ауыл замандастары, ардагер алқасы ардақтап, соңғы сапарға аттандырды. Бергеніңе береке бер, ауыл-елімді, ағайын-туыс жұртымды, бәле-жаладан сақта, халқыма береке-бірлік, амандық бере гөр деп Ұлы Жаратушыдан үнемі тілеп отыратын еді. Ал інісі Әміржан Оспанов сол сұрапыл соғыста десанттар дайындайтын мектептен дәріс алып Ленинград, Калинин майданында ерлік көрсеткен. Бұл кісінде екі рет соғыстан жарақат алып елге ағасынан сәл бұрын оралған. Барлық саналы ғұмырын бала тәрбиесіне арнаған азамат 86 жасында дүниеден озды.

Еліміздің тәуелсіздігі үшін соғыста қаза тапқан ардақтыларымызға Ұлы жаратушы иман, от пен оқтан аман оралған ардагерлерімізге амандық саулық берсе екен деп тілеймін!

ҚОБЫЗШЫЛАР ӘУЛЕТІ

Бастауын Ұлытаудан алатын «Ұлы Жыланшық» өзенінің ұзына бойын ғасырлар бойы қалың ел мекен еткен. Бүгінде ол жерде ел жоқ. Әр жерде көненің көзіндей ертеде салдырған қызыл үйлер мен қызыл тамдар, 60-шы жылдары салынған кеңшар, бөлімше орындары ғана тұр. Қазір халық тұрмағанмен тарихи атаулары ел жадында. Брәлі, Сейткерей, Жәуке, Жанқара, Жанбосын, Құмөткел, Көшкінбай, Шағатай Әден төре, Бекжан, Бекі, Қабанбай атты жерлерді Атығай, Қарауыл, Бегімбет, Төре, Тоқпан рулары мекен еткен. Осы төре әулетінен неше алуан өнерлі азаматтар көп шыққан. Шебер, Ұста, Зергерлер Момын, Тайшық, Әбен, Сейтқасым, Самыраттар қолынан неше алуан өнер туындылары шықса, атақты бақайымен күй тартқан Көшектің қорымы да Көкшікбайда. Басында үш жағына аят жазылған ақ мрамор ескерткіш тас бар.

Атақты қобызшылар ИманӘлі, Шыңғыс, Берістен, Әбендер осы жердің төл тумалары. Осы қобызшы Әбеннен Қазақстанның мәдениетіне еңбегі сіңген қайраткер, атақты қобызшы, композитор, халықтар достығы орденінің иегері, соғыс және еңбек ардагері Қазбек туады. Қазекең өмірден 80-нен асып озды. Бүгінде 88 жастағы жеңгеміз Әсима да әнші, биші болған адам. Балалары Сапарда, Борашта, Рамазанда әулеттің өнер жолын жалғаса, немерелеріде бүгінде Қазақстанға танымал күйші, қобызшы.

Әбенев Қазыбек 1914 жылы Ұлы Жыланшық бойында дүниеге келген. 20-шы жылдары Кеңес үкіметі орнағаннан кейін төрелер Әулетін құдалай бастайды. Осы зұлматтан қашып Жыланшық бойындағы төрелер

Қаратауға асады. Ол жерде аталас туысы Қайыпханның тікелей ұрпағы Көккүшік пен Есіргепұлы Баубек бақсы ауып барған ағайынға қамқор болады. Қазыбектің қобызшы болуына атақты қобызшы, күйші Баубек бақсы қамқор болып, жас балаға қобызын аманат етіп батасын береді. Жасы келген қария көп ұзамай өмірден озады.

Қобызшылар әулетінен шыққан алғыр жас Баубектің қобызы мен батасын алғансоң қобыз тарту өнерін жете меңгеріп кетеді. Ол жақта үш жылдай тұрақтап Торғайдың Сужарғын ауылына қайта оралады оңтүстікке ауған төрелер.

Қазекең 1935 жылы Торғайда ашылған көркемөнерпаздар үйірмесіне шақырылады. Онымен бірге үйірмеге Торғайдың тума таланттары, әнші-күйшілері Ахметхан және Қараман Әбіқаевтар, Қамидолла Шаткенов, Мәнтай Ахметбеков, Рафхат Кәрімов, Назархан Жұмабаевалар шақырылып, белсенді жұмыс атқарады. Бұл өнерпаздарға атақты суырып салма ақын Нұрхан Ахметбеков жетекшілік жасайды.

Киелі Торғай өңірі өнерлі таланттарға бай, аз уақыт ішінде Қазекең атағы ел арасына кең таралады.

1936 жылы Мәскеуде өткен онкүндіктен қайтып келе жатқан белгілі өнер қайраткері Ахмет Жұбанов бастаған өнерпаздар Торғай, Батпақ-Қара аудандарына концерт береді.

Осы концерт көптеген өнерлі жастарға қанат бітіреді. Көп ұзамай Қазекең обылыстық байқаудан бірінші орын алып, Алматыға жолдама алады.

Алматы сахнасында Баубек бақсының «Қоңыржай» күйін қобызда орындап бас жүлде алады. Осы өнер байқауында Аманкелді ауданынан Байкен Омаров, Сүлеймен Ағыбаев, Байғоныс Мұханбетжанов, Кенжеғали Жұмабаев, Торғайдан Ахметжан Әбіқаев, Нұрхан Ахметбеков т.б. әнші-күйшілер жеңімпаз атанып оралған болатын.

1937 жылы Аманкелді – Торғай – Семизор аудандық драма театры ашылды. 1939 жылы театр Торғайдан Аманкелдіге көшіп келіп, оның құрамы Халық Саурықов, Баяхмет Қарашолақов, Мағия Жұмабаева, Ізтай Айтмұханбетов, Құтжан Қанжығалин және Қазыкеңнің жан серігі Әсима Зейнуллимамен толығады. Қазекең 1941 жылы Ұлы Отан соғысына аттанып аман-сау жеңіспен 1946 жылы оралады.

Көп ұзамай Құрманғазы атындағы Ұлт аспаптар оркестірінің бас қобызына ойнауға Қазекеңді Алматыға шақырады. Отбасы жағдайына байланысты 2-3 айдан кейін өз туған ауылына келіп 20 жылдан аса Аманкелді аудандық мәдениет үйінің директоры қызметін атқарады. 1974 жылы Әбенев Қазыбекке «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» деген құрметті атақ беріледі. Қазекең тек қана қобызшы емес, әрі сазгер. Оның «Сахара», «Сыбызғы», «Аққу», «Жорға», «Торғай толғауы» күйлері қазақ радиосының алтын қорында сақтаулы.

Баубек Бақсының батасын беріп аманаттап тапсырған қара қобызы бүгінде Алматыдағы орталық мұражайда сақтаулы.

Қазыбек ағамыз 1952 жылы халық аспаптары орындаушыларының Бүкілодақтың фестивалінде Сталиннің алдында қыл қобызда грузин мақамымен «Суликаны» орындаған адам.

Атадан балаға жалғасқан қобызшылық өнерді Қазекең балалары Сапар, Бораш, Рамазан әрі қарай жалғады. Әсіресе Сапар ағамыз барлық саналы ғұмырын қыл қобызға арнап әке мұрасын насихаттады.

Жастайынан домбыра, қобыз, саз сырнай, дабыл, баянда жетік ойнаған азамат аманкелді аудандық халық театрында, оның, көркемөнер бөлімінде қызмет атқарады.

Автоклубпен күн-түні демей малшы – шопан механизаторларды аралап кино көрсетті, концерт қойды. Арқалық қаласындағы «Шертер» ұлттық саз аспаптар оркестірі ашыларда Өзбекәлі Жәнібековтың арнай шақыруымен келіп, өмірінің соңына дейін осы коллективте халыққа адал қызмет атқарады.

Елге танымал, еңбегі зор, өте өнерлі азамат еді.

Аузын ашса көмейі көрінетін, ақкөңіл, ақжарқын үнемі жүзінен күлкі кетпейтін, кісімен тез тіл табысатын азамат кездейсоқ сырқаттан өмірден ерте озады. Сәкең қызмет атқарған «Шертер» Қазақстан емес берісі Одаққа, әрісі шет елдерге танымал өнерлі, талантты коллектив болды.

Бораш (Боранбай) інімізде жастайынан өнер қуған азамат. Әкеден қобыз, домбыра тарту өнерін үйрене жүріп мектеп қабырғасына зергерлікпен айналысты. Төрелер әулетіндегі шеберлер киесі Борашты айналып өтпеген. Бірақ өз әулеті жалғап келе жатқан музыка өнеріне ден қойды.

Өнер институтын тамамданғаннан бері ұлттық музыка өнерінің дамуына зор үлес қосып келеді.

Арқалық қаласындағы алғашқы халық аспаптары оркестірінің негізін қалады. 1976 жылдан бері Арқалық музыка училищисінде дәріс берді және училище жанынан халық аспаптар оркестірін құрды.

1985 жылы ол оркестр Кеңестер Одағы үлкен театрының арнайы дипломымен марапатталды.

1987 жылы Алматы қаласының орталық концерт залында Б.ӘбенOVтың басқаруымен қазақтың халық аспаптары оркестірінің концерті аншлакпен өткені белгілі. 1989-92 жылдар аралығында Торғай облыстық филормониясындағы бас көркемдік жетекші қызметіндегі жемісі - «Торғай әуендері» ансамбілінің құрамымен Туркияда өткен «Әлем достастығы» фестиваліне қатысып қайтты.

1992 жылдан музыка училищесінің директоры және облыстық театрдың симфониялық оркестірінің дирижері қызметін бірге атқарды. 2001 жылдан бастап Арқалық музыка мектебінің директоры және Торғай гуманитарлық колледжі жанындағы қазақ халық аспаптары оркестірінің көркемдік жетекшісі әрі бас дирижері қызметін абыройлы атқарып келеді.

Жастарды музыка өнеріне тәрбиелеудегі Бораштың өнері лайықты бағасын алып келеді.

2006 жылы ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Құрмет грамотасы және «Мәдениет Қайраткері» атағы беріледі.

2007 жылы Қостанай облыстық меценаттар клубының «Қазына» сыйлығына ие болады.

Бораш өте талантты дирижер. Неге десеңіз Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі, Ұлттық саз академиясының профессоры Тұрар Әліпбаевтың шығармашылық кешіне әдейі шақырылып, Астана қаласындағы филормонияның оркестріне дирижерлік жасаған.

Сондай-ақ Бөкеңнің «Желдірме» күйі мен «Көгілдір көктем» әні беделді өнер ұжымдарының репертуарларына енген. Кезінде өнер институтында оқып жүргенде Бораш қыл қобызда шебер ойнап өнер тарландары Жаппас Қаламбаев пен Фатима Балғаеваның көзіне түскен.

Осы отыз жылдан аса уақытта қанша шәкірттер тәрбиеледі.

Шәкірттері Шолпан Қорғанбекова – Президент мәдени орталығының Ұлт-аспаптар ансамблінің жетекшісі, Баян Белгібаева - «Ақжелең» ансамблінің қобызшысы, Гүлхауан Әмірова – Қостанай пединститутындағы, Жақсүгіл Бөлтірікова – Арқалық пединститутындағы саз кафедраларының меңгерушілері. Осылай тізім жалғаса береді. Бораштың бергенінен бері көп шағы. Өнер тарланы бүгінде шағын қаланың үлкен өнерін ел игілігіне насихаттап жатыр.

Қазекеннің ұлдан кенжесі Рамазан мамандығы дәрігер болғанмен қобыз бен домбыраны жете меңгерген дарынды азамат. Сапардың баласы Алтай астанадағы филормоняда күйші болса, басқа да балары шетінен өнерлі.

Қазбек Әбенұлының немере шөберелерінің өнерін Бораштың 60 жасқа толған мерекесінде тыңдап, бір серпіліп қалғанбыз.

Тақыр жерге шөп шықпайды.

Әулетте бар өнер бүгінде атадан балаға жалғасып келеді. Осылай жалғасын тауып қазақ музыка өнерін әлем деңгейіне көтере берер өнерпаздар көп болса деп тілейміз.

ӘНШІ, ЖЫРШЫ, ТЕРМЕШІ, КҮЙШІ ШОҚАНАЙ ҚҰТЖАН АҚЫН

Ұлы жаратушы бір басына өнердің бірнеше саласын дарытқан әнші, жыршы, термеші, күйші Құтжан ақынды тұтастары болмаса бүгінгі ұрпақ біле бермейді.

Өнерде өрелі қандай еңбегі болсада өзінің көзі тірісінде жарық етіп көріндіде, өмірден озғаннан кейін көзден кетіп, көңілден өшіп барады. Барды, байды мақтап кедейді елемейтін уақыт келді.

Ақынның 100 жылдық мерекесіне орай «Инжудей асыл сөзді жырмен төктім» атты жинағы Арқалық қаласынан басшыларының қолдауымен

2009 жылы 300 данамен жарық көрді. Құтжан ақын өмірден озғаннан кейін ақиық ақын Назарбек Бектемісов біраз зерттеулер жасап ақын мұрасын халыққа ұсынды.

Өкініштісі сол кешегі ататқты ақын Ахметқанмен, дүлдүл ақын Нұрханмен, сұңғыла ақындар Сәтпен, Тоқсейтпен, Өмірбекпен айтысқа түскен ақын еңбегі мен өмірі толық зерттелмей қалды. Болмаса өз тұстастары асқан ақындығын мойындап, адамгершілігін құрметтеп, әнші, жыршы, термеші күйшілігіне тәнті болып сан-өнердің саңлағы екенін мойындады емеспе.

Осы жерде дүлдүл ақын Нұрхан Ахметбековтың Құтжан ақынға айтқан ақ тілегін оқырманға ұсынған жөн болар.

« - Халықта, - дейді арқалы ақын Нүрекең – төрт аяғы тең жорға деген сөз бар. Оның мәні талмайтындықты, шалмайтындықты, тайпалудан танбайтындықты танытса керек.

Құтжан сол төрт аяғы тең жорғаның өзі. Мұның жорғасы өнімді. Небір өр қиядан асқан сайын өршіп, домаланып, төгіле береді. Әні құлақтан кіріп бойды алады. Әнінде айқай жоқ, саз, мақам, ырғақ бар. Еліктеу жоқ, төгілу бар. Құтжан творчествосында иненің жасуындай жасандылық жоқ, қоспа жоқ. Оның осындай мәнді, дәнді, дәмді болуының себебі: ол өлеңді өзі шығарады, әнін өзі табады, музыкалық аспапта өзі сүйемелдейді. Ең соңында сол әнді өзі орындайды. міне, осы төрт міндетті жауапкершілікпен атқарғандықтан да оны «Төрт аяғы тең жорға» деп айта аламыз. Бұл сияқты өлеңнің төрт құбыласын толық игеру екінің бірінің қолынан келе бермейді.

Дарынның даралығыда осында. Өнердің өріне көтерілу де осында. Мен өз басым Құтжанды қатты құрметтеймін. Ақын, әнші, композитор, жақсы орындаушы деп танымын. Мұның әнінің ырғағы, сазы, мақамы бізде жоқ.

Әні жеткен қырық қырға талмастан,
Мақамыңа таңдай қағып қалды аспан.
Құрдасымның қозы құмға қой жайып,
Әнмен күйге шаршы топта самғатқан.
Аққу үнді, гаққуымды сен десем,
Көрмегендер көз жеткізер сенбесең.
Айды құшып, күнді сүйіп кетесің,
- Әу, - деп алып, ән қанатын сермесең.
Ұшқан ұяң қасиетті, киелі,
Өлең-жырды тік көтерген тиегі
Мен ғана емес ұстазыңа Есенжол,
Мен ақынмын деген басты иеді.

Осыны айтып Нұрхан – ақын өнерде өрістес құрдасына шапан жапқанеді. (Назарбек Бектемісов «Ахмет ұшқан алтын ұя» 66-67 беттер).

Иә, Құтжан ақын ауыл қарттарымен әңгімесінде жастайынан өнерге тәрбиелеген жерлесі төкпе ақын Есенжол Жанұзақұлы екенін айтып,

өлеңдерін орындап отыратын. Ұстазы Есенжол ақын Торғай атырабының Аққұм болысында туған Құтжан ақынмен ауылы аралас, Есенжол қайтқанда Құтжан 13 жаста. Талабы мол, алғыр жас осы кезеңге дейін Есенжол ақыннан көптеген ғибрат үйренген. Әнінің мақамын, сазы мен ырғағын ұстазы Есенжолдан алғанын қартайған шағында айтып отыратын жарықтық.

Осы Шоқанай әулетінен көптеген әнші ақындар шыққан. Құтжанның ағасы Қарашолақтың Баяхметі өте әнші, өнерлі адам болған. Орындауы ауыр, үлкен созымды үнді талап ететін «Он екі ирек» әнін орындағанда көмейі бүлкүлдеп он екі ирек көмейден пырылдап ұшып шыққандай әсер қалдырады екен тыңдаушыға. Көзін көргендері өңеші шығыңқы, мойыны ұзын адамның әннің қайырмасын созғанда өңеш жоғары төмен, жоғары төмен түсіп, көмейі бүлкілдеп әні ұзаққа созылады екен. Осы әнді екінің бірі орындай алмаған. Тек Құтжан ақын мақамына келтіре орындап, насихаттаған.

Құтжан ақынның аталас туысы Нұржан Нұғманұлыда өлең шығаратын, ән салатын, ақындығы бар, Көрғұлы дастанының жеті саласын білетін жыршы адам болған. Өкінішке орай ол кісінің мұралары жиналмай, ел аузында шығарған өлеңдері ғана қалды. Осы шағын әулеттен шыққан өнерлі адамдардың тәрбиешісі, ұстазы, ақылшысы әрі туысы Жүніс ақын болған. Өкінішке орай осы ұстаз ақын жайлы дерек жоқ.

Құтжан ақын Ұлы Жыланшықтың Рахмет ауылына таяу «Өгіз көк» атты мекенде 1903 жылы туған. 1975 жылы 25-ші наурызда сол Рахмет ауылында (Родник кеңшары) 72 жасында дүниеден озып кеңшер орталығынан 12 шақырым қашықтықта өзі туған ата мекені «Өгіз көкке» жерленді.

Жарықтық ұзын бойлы, денесі тіп-тік, қою қара қасты, кең маңдайлы, сұлу қияқ мұртты, сымбатты кісі болатын.

1969 жылы зейнеткерлікке шыққаннан кейін ата мекені Жыланшық бойындағы «Родник» совхозына көшіп келді. Бұрын аудандық мәдениет бөлімінде автоклуб меңгерушісі болған кезеңдерінде тұрақты осы Жыланшық малшы шопандарын аралайтын. Құтжан ақынның келуін халық алаңдап күтіп отыратын.

Жасының ұлғайғанына, жердің алыстығына, күннің ыстық суығына карамай әр шопанға тоқтап, маңайдағы малшы механизаторды шақырып, жастарды жинап алдымен елдің ізгілікті ісі мен жаңалықтарына тоқталып, кино көрсетіп арасында қызғылықты әңгіме айта отырып, әнде айтатын, күйде тартатын. Келген тыңдарманның көңілін жықпай бір отырыста 10-15 өлең айтушы еді жарықтық. Дауысы аққудың сынғырындай өте жағымды үні жұмсақ, асқақтата ән салушы еді. Арасында айғайға басып, төгіп-төгіп терме орындап, аздап үзіліс жасап күй тартып, тартқан күй, айтқан әннің шығу тарихына шолу жасап, қысқаша түсіндіріп отыратын. Талапты жастарды өнерге баулып, ортаға шығарып тыңдап, артық кемін бағалап, малшы-шопан, механизаторларды бір-бірімен жарыстырып, келесі

келгенде қортындысын шығарып, малшы-шопанның мұң-мұқтажын кеңшар, аудан басшыларына жеткізіп отыратын.

Құтжан ақын әңгімені өте жүйелі айтатын, тұла бойы тұнған шежіре қарт болатын.

Жоғары білімі болмасада, өте жоғары мәдениетті, инабатты, сырбаз, сұлу, әдепті, сабырлы, парасатты кемеңгер адам еді.

Білімге құмар, оқығаныда, тоқығаныда көп еді. Ақынның әңгімесін естіп, әнін тыңдай бергің келеді. Тыңдаған сайын жан дүниені кеңейіп, бойың сергіп, ерекше бір әсерге бөленесің.

Құтжекең тыңдаушысын өзіне еріксіз бұратын. Әңгіме арасын өлеңмен өріп, тыңдаушылар арасынан озат шопан, механизаторға екі-үш ауыз өлең айтып мерейін өсіріп отыратын.

Бір өзі бір театр, тұтастай бір концерт келгендей әсер қалдыратын. Бар жоғы 7-ші сыныпты 51 жасында 1954 жылы бітірген ақынның білімі мен парасаттылығы кез-келген ғұлама ғалымыңды сүріндіретін. Тұтастарына беделді, ортасына сыйлы Құтжан ақын Торғай-Қостанай аймағындағы айтысқа көп түскен.

Атақты ақын Ахметқан Әбіқаевпен, Ахметова Дәмесақпен, Тоқсейттің Жақанымен, Әмірхамзин Ғазезбен, Жандәулеттің Өмірбегімен тағыда басқа көптеген ақындармен айтысқа түсіп, үнемі мерейі үстем болып отырған. Өзі айтыса жүріп Байқасынов Қабденді, Қарымсақов Қабденді, Байғабылов Тоқтарбайды, Мұханбетжанов Сәкенді, Бекетов Бүркітті, Нұржанова Әзизаны, қызы Төлеутайды, немересі Жадыраны ақындық дәстүрге тәрбиеледі. Осылардың ішінде Жадырасы атасының атын әлем қазақтарына паш етіп халықаралық айтыста бас жүлдені иемденіп, Алматы сахнасында ақбоз атқа мінді.

Құтжан ақын көптеген ән –күй шығарған ақын. Өте термеші адам болатын.

1954 жылы шығарған «Диханшы қарт» әнін осы әулетке күйеу Жәмитов Аманжол нәшіне келтіре орындап жүр.

1974 жылдың күзінде Торғай – Қостанай аймағына танымал Әлшорин Шменбайдың 60 жасқа толуына орай салтанатты кеш өтті. Алғашқыда клубта өткен марапаттауда Құтжекең Шікеңе арнап 20 ауыздай жолғауды сахнада қолма-қол шығарды. Таспаға жазып ала-алмадық.

М.Әуезов атындағы орта мектептің спорт залында Шіменбайдың тойына Торғай, Амангелді, Амантоғай, Арқалықтан, Қостанайдан 300-дей қонақ жиналды. Осы кешті белгілі журналист, аудандық «Тың шұғыласы» газетінің редакторы Бөгетбай Әлмағанбетов басшы, мен қосшы болып жүргізген едік. Мен сөз арасында Құтжан ақынды ортаға шақырып бір терме орындауын өтіндім.

Құтжекең көңілсіздеу, баяу төрге келіп ай қарағым-ай! Мен ауырып жағдайым болмай жүр-ау терме емес өлең айтайын деп тыңнан жиналғандарға арнап өлең шығарған еді. Сол кезде ақиық ақын Құтжанның тамақ ауруымен ауырып жүргенін біз білмеппіз, ол кісі

білдірмей келген екен. Сахна төрінеде ардақты азаматтың соңғы шығуы екен.

Құтжекең бастап берген ән-шашуды Байқасынов Қабден, Жандәулеттің Өмірбегі жалғаған еді.

1969 жылы Құтжан ақын өзінің ата мекені Жыланшық бойынан ашылған «Родник» (кейін Жыланшық болып аталды) кеңшарына көшіп келіп ағайынмен араласты.

Ол кезде телевидение жоқ, радио аз, кино сирек. Қол боста сәлем бере ақын атаға барамыз. Қашан барсаңда үйінен кісі үзілмейді. Үлкен басымен елпектеп көрпе салып, шай қойдырып бәйек болады. Ата сізге сәлем бере, әрі өлеңіңізді тыңдауға келдік дейміз.

Бұл кісі болмайды деп айтпаған адам болу керек. Жадыра қарғам домбырамды әкел деп дауыстайды. Сонда Жадыра 8-9 жас шамасында.

Атасының оң жағында қылқиып өлең тыңдап отырады. Жасымыздың кішілігіне қарамай, баласынбай, өлеңді бабымен айтып, шығу тарихына тоқталып, өлең арасында күй тартып, елдің-жердің тарихына байланысты әңгіме айтып отыратын.

Жарықтық сахнаны, көрерменді талғамайтын. Аз адамғада үлкен дайындықпен концерт қоятын. Соданда болар Құтжан ақынды халық өте қатты құрметтеп, қадірлейтін. Жүретін жолын білсе алдынан қойын сойып, қолын қусырып, күтіп отыратын. Өте беделді адам еді. Әрі ол кезде өнерге деген құмарлықта шек жоқ болатын. Кез-келген жаңа шыққан өлеңді іле жаттап, таласа айтып отыратын. Сол бір кезең халықтың еңсесі жоғары, мерейі үстем, барға қанағаты мол, шүкіршілігі жоғары, бір-біріне ізет-инабаты, қайыр-шапағаты, береке-бірлігі мол еді-ау. Қазіргідей қалтаңда ақшаң болмаса көлікке мінгізбей далаға тастайтын, танымаса қондырмайтын қатыгез кезең емес.

Ол кезде қарттардың қаймағы бұзылмаған, бастары бүтін кезі. Бүгінде парасатты қариялар да азайып барады. Азайуымен қатар қазақы дәстүр, әдет-ғұрып, салт-санада төмендеп, сақалсыз, шылым тартатын, арақ ішетін шалдар, даурыға сөйлеп, қарқылдап күліп, шала масаң қартаң әйелдердің той-томалақта қиқандап билеп жүргенін көргенде, кешегі атан түйедей абзал қарттар ізін басатын кейінгі әулет ұсақтап бара жатқанына налисың.

Кешегі Құтжандар, Әлшораның Шменбайы, Ахметтің Құсейі, Есмағанбеттің Смағұлдары, қандай еді шіркін. Әр қайсысы қай саладан сөз қозғасаңда тұнған тарих еді-ау.

Осындай тұла бойы тұнған тарихи шежіре қарттар бүгінде жоқтың қасы. Кезінде ол кісілерден ешкім тарихи дерек жинамады. Солақай саясаттың салдарынан тарихымызды бүркемелеп хандарды ақылсыз, байларды ақымақ, ақындарымызды елеусіз қалдырып, олардан қалған мол бай мұра зерттелмей қалды. Сол зерттелмей еңбегі толық еленбей қалған азаматтың бірі әрі бірегейі төкпе ақын аққуға үн қосқан әнші, бір түнді – бір түнге қосатын жыршы, күміс көмей термеші, дәулескер күйші Құтжан Қанжығалин болатын. Кезінде тұстастары аса құрмет тұтқан.

Құтжан ақынның ақындық, әншілік, жыршылық, термеші күйшілігіне дүлдүл ақын Нұрхан Ахметбеков берген бағаға қандайда бір сөз алып қосу мүмкін емес. Төрт аяғы тең жорға десе жорға еді жарықтық. Артында өнерлі балалары, немерелері, шөберелері қалды. Бел баладан Төлеутайы ақын атын Республикаға шығарса, немересі Жадыра дүниежүзі қазақтарына атасының атын паш етті.

Алла қаласа шөбересіненде өнерлі азаматтар өсетініне сенімдімін. Киелі Торғай топырағынан неше аулан ақындар шықты. Таңат Бейсенұлы Сейдахмет ақын, Күдері Жолдыбайұлы, Әбіқай Нұртазаұлы, Файзолла Сатыбалдыұлы, Әлмағанбет Оспанұлы, Сәт Есентайұлы, Нұрхан Ахметбекұлы, Ахметқан Абіқайұлы, Құтжан Қанжығалыұлы. Осының ішінде еңбегі еленбей, зерттелмей, ұмыт қалып келе жатқан ақиық ақын осы Құтжан Қанжығалин.

Алдағы 2013 жылы ақынның туғанына 110 жыл толады. Осыған орай ақын мұрасы зерттеліп, бай мұрасы оқырманға ұсынылса деген ізгі тілек бар.

ЖҮДЕГЕН СОҢ АҚША БЕТТЕН ҚАН ҚАШТЫ

*«Халық жауы» деп сотталып, Ұлы Отан соғысына қатынасып
жарақатпен елге оралған Нұғманов Нұржанның тағдыры жайлы*

Кезінде "халық жауы" болып сотталып, одан Ұлы Отан соғысына қатнасып үш рет жараланып, ауыр бейнет, үлкен жарақатпен аман елге оралған Нұржан Нұғманұлы бейбіт күнде адал еңбегімен, әділ ісімен ел құрметіне бөленген абзал, парасатты кісі болатын. Ұлы Жыланшық өңіріндегі Шоқанай руынан шыққан азамат еңбекке ерте араласқан. Әр түрлі салада жұмыс атқара жүріп, жазықсыз «халық жауы» деген жала жабылып, 25 жылға сотталып кете барған.

Артында ағайын-туысы, ел-жұрты, дос-жолдасы, Жәмила атты зайыбы, Нұрман атты екі жасар ер бала қалған. Сол бір ауыр күндерде төмендегідей өлең жолдарымен өзінің, жолдастарының ауыр хәл-жағдайын елге жеткізген. Бұл өлең жолдары 37-ші жылдардағы құрбан болған азаматтардың мұң-зары, жоқтауы бүгінгі бізге жеткен қайғы-қасірет десек артық емес.

Хош боп тұр, қайран Сымтас келгенімше,
Қайырылып көк суыңды көргенімше.
Нұрманға көзін салған азаматтар,

Қызметін ұмытпаспын өлгенімше.

Хош боп тұр, Қоғалы көл, шабын қуыс,
Саянда салып ойнақ, алған тыныс.
Нұрманға екі жаста көздерің сал,
Жанашыр артта қалған болса туыс.

Хош боп тұр, Қараой менен Шаңсуатым,
Нұрманға тиер ме екен жазған хатым.
Тілектес көкеңізге сіздер де бол,
Аллаға тапсырып тұр істің артын.

Жамал, Кәкім, Жайсаңбайлар қасымда,
Кез болып тұр жиырма жеті жасымда.
Үйден шығып үйіріме қосылдым,
Қарақтарым, бір мені ойлап жасыма.

Жаздым сәлем Сағынбай мен Тоқбайға,
Дәм айдаса пенде шіркін, тоқтай ма.
Қостанайға тура тартқан қара жол,
Қайран Сымтас жағасына соқпай ма.

Қарақтарым Балахмет, Балғанша,
Хош болып тұр менен хатты алғанша.
Алпыстағы анамызға сәлем де,
Жүрерімде қимап едің, Нұрғайша.

Жаздым сәлем Баяхмет, Тұржанға,
Қозы, Біржан көзіңді сал Нұрманға.
Екі көзге ие болмай мен тұрмын,
Зәкияжан қолыңды ұстап тұрғанда.

Жаздым сәлем Замақан мен Зияшқа,
Арманы жоқ күйген жігіт расқа.
Сақып, Көпжан көрінбедің көзіме,
Бұрынғының сөздері рас та.

Жаздым сәлем Бәйзір, Ғапбас, Жиенбай,
Жайы болды ініңіздің осылай.
Жау жағадан алған күні ағайлар,
Ит етектен алам дейді, бұл қалай?

Жаздым сәлем Жәмила мен Ажарға,
Сабыр берсін Алла бізге ажалға.
Жалғас, Дәмеш, Рақимай, қайтейін,

Көрінбедің тым болмаса базарда.

Жаздым сәлем Бөлекей мен Бәтжанға,
Риза бол қолдан дәмің татқанға.
Ауасына балалықтың алданып,
Түсіп тұрмын қос серіппелі қақпанға.

Күн болар ма бұл қақпаннан шығатын,
Тыңдаушылар сөздерімді ұғатын.
Өз қолымды өзім қалай кесейін,
Бүлдіруші мұның бәрін бір қатын.

Артта қалды біреулердің атасы,
Артығы бар сөздерімнің қатасы.
Кімдер оны тәрбиелеп жүреді,
Түрмеде отыр іштен шыққан ботасы.

Артта қалды біреулердің ағасы,
Табанында сынғандай болып тағасы.
Өңі екенін, түсі екенін біле алмай,
Ол да қалды тілі қызық баласы.

Артта қалды біреулердің жарлары,
Артығы бар сөздерімнің жалғаны.
Басы жұмыр пенде шіркін шыдайды,
Осылайша хақтың басқа салғаны.

Жаздым сәлем артта қалған еліме,
Салған ойнақ күндіз-түні жеріме.
Тура тартып Қостанайға жөнелдік,
Байқауымша күш түскендей беліме.

Мұнан жетіп Ақ түрмеге енгізді,
Стройға қатар-қатар тұрғызды.
Бауырсаққа қарамайтын мырзалар,
Қара нанға ширет етіп қойғызды.

Жүдеген соң ақша беттен қан қашты,
Тақтай тесіп ауыртады жамбасты.
Түске дейін тұрғызбайтын төсектен,
Ұйқы деген қайда кетті албасты.

Темір бұғау арыстанға тор болмас,
Жақсылармен жатқан зындан тар болмас.
Жасымайық, қажымайық, жігіттер,

Жаман-жақсы көрмейтұғын жан болмас.

Ескеруші есіне алса ескерер,
Әділ заң бар істің түбін тексере.
Жасымайық, қажымайық, жігіттер,
Біреу шатлық, біреу ерте сес көрер.

Хош боп тұр, Қостанай мен Семиозер,
Амангелді, Торғай гүлі, самалдар.
Тәрбиелеп бірнеше жыл өсірген,
Қарауыңнан шығып барад біздің қол.

Хош боп тұр, Қостанайдың қаласы,
Қанша болар барар жердің шамасы.
Отарбаға мініп жатыр жыласып,
Орыс, қазақ, башқұрт, ноғай баласы.

Стройменен алып жүрді конвойың,
Иісшіл ит тауысып тұр көз майың.
Бір-бірімізге мойын бұрып қарасақ,
Атылсын дейт, заңдары бар, оқ дайын.

Мүсіндей боп тура тартып жүреміз,
Заң тәртібін бәріміз де білеміз.
Қырық шілтен пендеңізге пана бол,
Тар жол, тайғақ кешулерден жүреміз.

Этап деген түсі суық, іші тар,
Не болады, белгісіз тұр біздің хәл.
Қызғалдағын басатұғын аяқпен,
Сары Арқаны бір көруге болдық зар.

Сонымен, Қостанай қаласынан Қиыр Шығысқа дейін 31 күн азап вагонында барып, сол жерде көрген бейнет, ауыр жан азабын былайша өлең жолымен елге жолдаған екен.

Білмеймін хат арқылы елдерден хәл,
Ақ қағазға мен жазайын, сен қабыл ал.
Сағынған жас жүректен жаздым сәлем,
Сағынбай, Балахмет, құлағың сал.

Сағынбай, Нұрман, Тоқбай қарақтарым,
Сендерден мен алысқа жырақтадым.
Білсеңіз хат арқылы көкең жайын,
Жеріне Дальний Восток тұрақтадым.

Жер екен Дальний Восток ауасы ауыр,

Жас жүрек жараланып болды жауыр.
Ұшқан құс, жүгірген аң бізден артық,
Дегенмен тіршілікке бәрі тәуір.

Тәуекел десем дағы ер қайраты,
Қиял ой түсіп кетер қай-қайдағы.
Ұшқан құс, жүгірген аң бізден артық,
Жараның жазыла ма түскен дағы.

Көрінген терезеден жалғыз аспан,
Бұлт торлап терезені жерді басқан.
Ғұмырлық бұл секілді болсам түрме,
Не керек пайдасы жоқ, шіркін жастан.

Жатамын мен түрмеде ұйқылы-ояу,
Көкеңнің бұрынғыдан көңілі баяу.
Болса да қандай алмас жасиды ғой,
Көңілден шатлық кетіп кірсе қаяу.

Мен жүрмін Дальний Восток қаласында,
Қысылып ауыр жұмыс арасында.
Көргенін арыстардың бейнеттерін,
Бермесін адамзаттың баласына.

Жер екен Дальний Восток нағыз край,
Жар болғай пендеңізге жаппар Құдай.
Жазылған осы хатым барса тура,
Сәлем де қанаттарға дұғай-дұғай.

Осымен сөз аяғын жаздым қысқа,
Көкеңіз жүйрік емес сөзге ұста.
Баршаңыз сау-сәлемет жағдайда бол,
Барамын аман болсам осы қыста.

Бұл өлең шамасы Ұлы Отан соғысы басталмай тұрғанда жазылған болуы керек. Елге барамын деп армандап жүргенде Ұлы Отан соғысы басталып кетеді де, өзі тіленіп соғысқа барады. Соғысқа 1942 жылдың 15 наурызында кірген екен. Алғашында 44-ші атқыштар дивизиясының 146-шы атқыштар полкында, одан 860-шы атқыштар полкында жауынгер болған.

Әскери құжаттарына жүгінсек, әскери билетті Петропавл әскери комиссариатында алған, жеке нөмірі 0226. Онда "223 АЗСК 10 рота" деген жазу бар. Осы Петропавл Ленинград түбіндегі қамал ма, болмаса Сібірдегі Петропавлоск-Камчаткадағы түрме ме, ол жағы белгісіздеу. Көзі тірісінде сұрау есте болмаған. Соғыста болған үш жылы ішінде жоғарыда аталған құрамалардан сыртқары 198-ші атқыштар дивизиясының 1027 атқыштар

полкында, 1009-шы атқыштар полкында, 326-шы атқыштар полкында, 1233 атқыштар полкының 2-батальонында болған.

Қатардағы жауынгер әртүрлі әскери бөлімде болып, түрлі ірілі-ұсақты соғысқа араласқан. Соғыста көрген қиыншылықты айта отырып, өлгеніне бірнеше күн болған мал етін жиіркенбей жей беретіндерін, соғыс кезінде жан ұшырып жүгіріп келе жатып, өліп ісіп кеткен немісті паналағанда ешқандай иіс сезбейтіндерін, қатты аязда құр шинельмен түнеп шыға беруші едік дегенді айтып отыратын.

Әрине, кезінде Ұлы Отан соғысы ардагері деп елі құрмет тұтқанымен, соғыста жасаған ерлік істерін жинаған адам болмады. Болмаса осыншама әскери құрамада болуының өзі оның әскери ерлігін көрсетсе керек. Осы үш жыл соғысқа қатынасқан уақытта үш рет жарақат алған. Алғаш рет 1943 жылы 3 қыркүйекте оң жақ тізеден жарақат алған. Екінші рет 1944 жылы 15 маусымда оң жақ қара саннан оқ тесіп өткен. Үшінші рет 1945 жылы 2 сәуірде Берлин түбінде сол жақ жауырын астынан ауыр жараланып, №1161-ші жылжымалы далалық госпитальда болған. Төмендегі өлең жолдары осы госпитальда жатқанда жазылған.

Қолыма ақ қағаз бен алдым қалам,
Болашақ жазмышты көреді адам.
Оқ тиді апрельдің екісінде
Екі аяқ бір басуға келмей қадам.

Құладым қалың қарға есім ауып,
Аққан қан үсті басты кетті жауып.
Жан қалу деген ойда сірәда жоқ,
Снаряд түсіп жатыр қарша жауып.

Боялған қызыл қанға жапан дала,
Жаныма қатты батты мына жара.
Жаралыны алуға, қам жасаумен,
Күтіп тұр сайлау жерде ат пен шана.

Сол кезде келді біреу шана жегіп,
Бұрылды анадайдан мені көріп,
"Нұғманов, сен де сондай болдың ба?" деп,
Көзінен қоя берді жасын төгіп.

Мен айттым жыламаңыз бекер жасып,
Күн болар жүре-тұғын аяқ басып,
Санбатқа алып барып тастайды да,
Походқа жүріп кетті амандасып.

Сәлем де жазған хатпен ағайынға,
Жатырмын госпитальдың сарайында.

Жарадан баса алмаймын екі аяқты.
Емес-ау шіркін көңіл тағайынды.

Жазушы осы өлеңді атым Нұржан,
Оқырсың ашық түрде Токпай, Нұрман.
Әр нені ойлап ешқашан қапаланба,
Күн де туар құратын сауық-сайран.

"Ұлы Отан соғысындағы ерлігі үшін" медалімен, Германияны жеңген медалімен, "Отан соғысы" орденінің I-ші дәрежесімен, Ауыспалы Қызыл Тумен марапатталған. Басқа да көптеген медальдар алған. Бірқатар наградалары бұл күнде Амангелді Иманов мұражайында сақтаулы. Соғыстан 1945 жылдың ортасынан ауа елге оралады. Өзі соғыста жүргенде Жәмила атты әйелімен Нұрман атты баласын көршісі, сыйлас досы Тарақты (руы) Қодарұлы Есқали қамқорлық жасап бағады. Араға жеті жыл салып түрменің тозағымен соғыстың қанды қырғынынан аман оралған азаматқа екі ер бала әкеліп көрсетеді. Өзі сотталғанда екі жаста қалған Нұрманын әзер таныған. Бір жылдан кейін жұбайы босанып, өмірге қыз бала әкеліп, сол күні қайтыс болған. Ауыр бейнет азапты күннен есін жинай алмаған азаматқа бұл үлкен соққы болып тиеді. Жеті жыл сыртта жүргенде әйелі мен баласын бағып жағдай жасаған Есқали мен Мүкіге мына қыз бала құдай алдында сұраусыз сенікі деп анасынан ауызданбай қалған Ғазизаны береді. Ғазиза сол үйде өсті, сол үйде ұзатылды. Нұржан атамыз екінші рет үйленіп балалы-шағалы болды. Қуғын-сүргін көріп, түрмеде отырып, соғысқа барып қан майданнан келген азаматты қалың елдің арасына тұрақтатпай елуінші жылдардың басында иен дала Ұлы Жыланшық аумағына көшуге мәжбүрліді. Өгіз арба мен он екі күн көшіп жер шұрайы Жыланшыққа өмірлік тұрақтап қалады. Жылқышы, бригадир болып жемісті жұмыс атқарады. Ақын, өлең шығаратын. "Көрғұлы" дастанының жеті түрлі саласын (вариантын) білемін деп отыратын. Ешкім зерттеп жинақтамады.

Атамыз Нұржан Нұғманұлы 1994 жылдың наурыз айының 8-ші жұлдызы Қадір түні 84 жасында артына 10 бала, 8 немере, 4 шөбере қалдырып, дүниеден өтті. Көрген бейнет, тартқан қасіретіне мойымай, Алладан елдің, ағайынның амандығын тілеп отырушы еді. Шүкір, тілегі қабыл болып, ұрпағы өсіп-өніп, елге қызмет жасап жатыр. Тілегі қабыл жан еді, рухы риза болғай.

От пен судан өткен қарттарымызға амандық, елімізге береке-бірлік берсін деп тілейік, ағайын!

ТӨРТ АЯҒЫ ТЕҢ ЖОРҒА

*Ақын, журналист, шешен Назарбек Бектемісұлының
80 жылдығына орай*

Көшемен келе жатып, бір шағындау үйдің қабырғасындағы ескерткіш тақтаға көзім түсті. Жақындап қайта – қайта оқи бердім. Көңілім құлазып сала берді. өзім тірісінде пір тұтатын Назарбек аға тұрған үй екен.

Көршілес тұрған үй. Шіркін – ай, Назағаң сау – саламат бұл өмірде болып, ағалап сәлем бере келіп, әңгіме – дүкен құрып отырса ғой деп армандадым. Әрбір кезеңдерде кездескен бейнесі көз алдыма елестеді. Назарбек аға еске түскенде кешегі ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен, от ауызды, орақ тілді шешендер мен датқалар, билер түседі есіме.

Ауыздығы сөз бермейтін, көсіле тайпалып, сөйлеген сайын жорғалап өсіп отыратын Назекеңдей қайталанбас тұлғалар бүгінде жоқтың қасы. Назағаны тыңдаған сайын ой өрісің ашылып, көмейінен құйылып тұрған өлеңмен қара сөзі еріксіз тыңдаушысын ұйытып, аузыңды аштырып, барша әлемді ұмыттырып, бар ынтанды өзіне аударатын еді. Назекең сөзін ешкім орынсыз бөлмесе екен, қисынсыз сұрақ қоймаса екен деп іштей тілеп, тыңдай бергің келеді. Тыңдаған сайын көсіле шапқан төрт аяғы тең жорғанаың шаң жұқпай дараланып сөйлеген сайын өсіп, биіктеп бара жатқанын көресің. Тұғырдағы қырандай басын шалқайта көтеріп, отты көзімен, найза кірпіктерін қадай тыңдаушысын бір ортаға жинақтап, шашау шығармай киелі сөз дұғасымен матап – байлап тастайтын.

Елітіп тыңдап, өзіне тәуелді болып отырған тыңдаушысын сөз арасында мерейін өсіре бір-екі ауыз өлеңмен көтермелеп, мәртебесін биіктетіп қоятын.

Сөз қадірін білгенге Назекеңдер төрт аяғы тең жорға, қара сөздің дүлділі еді – ау жарықтық. Әсіресе сөйлеу мәнерін айтсаңшы. Қырандай саңқылдап, аққудай сыңғырлап әр қара сөзіне қоңыраудай үн беріп, қара сөзбен өлең шумақтарының ара жігін білдірмей арқандай есіп, жымдастырып отыратын.

Көсіле сөйлеп отырған шешеннің сөз қадірін білмейтін адам қара сөзі мен, қара өлеңнің ара – жігін ажырата алмай қалатындай көрінетін маған. Қара сөзді де қаймағын шығарып айта білу екінің біріне берілмеген бақыт.

Сөз зергері Назекеңдер кешегі киелі Торғай топырағынан шыққан от ауызды, орақ тілді, өрен жүйріктердің бүгінгі жалғасы екені даусыз. Сәті түсіп кездесіп қалғанда басқа дүниені ұмытып тек Назекеңді тыңдау болатын арманым.

Назекеңнің қадірін біле бермейтін бала кезімде төменгі сыныпта алдынан дәріс алдым. Ол уақытта әкесі Бектеміс атамызды да көрдім. Парасатты ұзын сақал - мұрты бар, өткір тілді, өлең шығаратын, емшілік жасайтын қария болатын.

Араға ондаған жылдар салып Назағанды 1970 жылдардың басында «Родник» кеңшарына аудан аралық ақындар айтысының материалымен келгенде кездесіп, бір күн, бір түн бірге болғаным бар. Ол уақытта Назекең аудандық газетте қызмет істейтін болуы керек. Әбілхайыр хан мен Барақ

сұлтан туралы «Хан мен жалау» атты поэма жазып жүрген кезі екен. Жиналған жерде әңгіме арасында сол поэманы жатқа айтып отырды. Бір сөзден бір сөзді сабақтап сөз арасын көсілте жорғалатып, өлеңмен өріп, ауыздыға сөз бермейді. Ол кісінің сөзін бөліп ешкім ауыз аша алмады. Қабаттасып сөйлеуге ешкімнің дәрмені де жоқ болатын. Отырысы, жүріс – тұрысы, сөйлеу мәнері, сөйлеп отырып қанатын қомдаған қырандай өсіп отыратын ерекшелігі, жан – жаққа аңда – санда найзағайдай жарқ еткен жанарын қадап жұрт назарын өзіне тартатын қабілеті, отты көзі, сымбатты келбеті, тыңдаушысын еріксіз дуалап, аузын аштырып, көзін жұмғызып еріксіз ұйытатын. Ағалап, алды – артын орап кішілік қызмет жасадық.

Мені білмегенімен әкемді танитын. Әкемде сөзге шешен адам болатын. Назағаң кетерінде «Көкөрім көкала аттың ағашындай» деп басталатын екі – үш ауыз өлең құрап арқамнан қағып, батасын беріп, мерейімді өсіріп кеткен еді.

Сол азғантай бірге болған уақытта Назекеңнің сөз саптауы, теңдессіз шешендігі мені еріксіз өзіне тартты. Үнемі кездесуді армандап жүрдім. Сол алғаш кездескен күннен Назарбек ағаны пір тұтатын едім.

1979 жылы Иманов кеңшарындағы «Сейтен» деген жерде облыстық шопандар слеті болды. Іздеп барып Назарбек ағамен кездестім. Әңгіме арасында ағаның «Ақшығанақ» атты шағын өлең жинағы Америкадағы дүниежүзілік кітапханаға алдырылыпты. Кітабының осындай беделді жерге барғанына қуанышты екенін екі – үш ауыз өлеңмен жеткізді. Мен өлеңді жаттап үлгіре алмадым. Сол екі күнге созылған той өткенше төңіреkteп Назағаңа бара бердім. Кездескен сайын әңгімесін тыңдай бергім келді. Мен сұрамай – ақ неше алуан жүйелі әңгіме, терме, өлеңді айтып желдей есетін.

Сыйлас азаматтары да төңіреkteп маңынан шықпайтын. 1981 жылы Алматы Жоғары партия мектебінде оқып жүргенде осы жоғарғы оқу орнының деканы Байділдинов Лайық Әмірұлы екеуіміз Торғайға бардық. Лекең аудан басшыларымен кездесті. Мен сөз арасында «Хан» деген жер бар екенін, сол жерге Әбілхайыр хан жерленген деген болжам барын, әрі осы тарихи тұлға жайлы Назарбек Бектемісовтың «Хан мен жалау» поэмасы барын еске салдым. Аудан басшылары самолетпен Ханға апарып Әбілхайыр хан құлыптасы тұрған қорымды көрсетті. Бірақ Назарбек аға жиналған көпшілікте болмады.

90 – шы жылдары Құмкешу ауылында кездестім. Кешке қарай өзен жағасында отырсам Назекең келді, астында УАЗ машинасы бар. Жүгіріп қарсы алдым. Ауылда Пойыз деген азаматпен құда болу ниетте екен. Осы Пойыз ағамыз үйленгенде Назаға жігіт жолдас болып барған екен. Бірталай отырып әңгімелестік. Бұрынғыдай емес денсаулығы сыр бере бастағандай көрінді маған. Төрт аяғы тең жорға, асыл азамат ағаны соңғы көруім екен.

Мен тұрған ауылда Назекеңнің немересі Азат меткепте оқиды. Кездескен сайын іш тартып, атасы жайлы ой қабілетін сұрап тұрамын. Алла ғұмыр берсе жақсы азамат болатынына өз басым сенімдімін.

Ешқандай ағайын, туыстық жақындығы жоқ осы тарихи тұлға ойыма түссе ішкен асымды жерге қоямын.

Назекен әулетінен танитыным осы немересі Азатпен, немере інісі елге танымал азамат, Торғайда жоғарғы деңгейде қызмет атқарған Бірмағамбетов Қарсақбай аға.

Қарсақбай ағамыздың Назекен ағасындай от ауызды, орақ тілді, әділдікті ту еткен, турасын айтып әкім – қараға жақпаған, кезінде қызметте шеттеу көрседе, өзінің өрлігімен, өжеттілігімен қызметін қайтарып алған, қатарынан қалмаған азамат.

Назекеннің азаматтық қырларын қатарластарынан үнемі сұрап отырамын. Баспаға шыққан материалдарын оқимын. Баласы Асқарбек ініміз әркез әкесі туралы естеліктер жазып жүр. Бұл әрине Назекендей тұлға үшін жеткіліксіз. Бұл кісі туралы роман жазса да аздық етері анық.

Бүгінде сөз қадірін білмейтін, не жеткізіп айта алмайтын, не айтқанды ұғынып тыңдайтын адам сиреп барады. Компьютерге телміріп шығарған дайын асты шайнамай жұту етек алуда. Екі сөздің басын қоса алмайтын, қазақшасы жұтаң, шала қазақ көбеймесін десек тілді, сөйлеу шеберлігін дамытуды шыңдап қолға алу қажет. Тілді дамытамыз деген бос пайда бермес уағыздан жарылып кетседе тілді міндетті түрде меңгеруге міндеттейтін нақты заң қажет. Қатаң тәртіп, нақты заң болса жұмысы, істеп жүрген қызметі үшін еріксіз мемлекеттік тілді үйренері анық.

Тілді дамыту дегеніміз Назекен сияқты төрт аяғы тең жорға шешендер сөзін оқып, оны санаға сіңіріп, өмірге енгізу емес пе? Қазір сөздің беделі кетіп барады. Жиналған жерде бос әңгіме, дау – дамай, сөз тыңдау жоқ. Он адам бас қосса екі – екіден даурығып, не өзі жөнді сөз айтпайды, не сөз тыңдамайды.

Ертеде бабаларымыз сырлас, сыйлас азаматтармен айлап бас қосып, бірі айтып, бірі тыңдап әңгіме - дүкен құрады екен. Біреуі ақырын айтады, қалғаны тыңдайды, санасына құйып екінші біреуге жеткізеді. Осылайша дана халқымыз жазу жоқта ауыз әдебиетін дамытты. Бір айтқан өлеңді, бір тартқан күйді қағып жаттап алып, атадан балаға, ұрпақтан – ұрпаққа жеткізді емес пе? Бір ауыз сөзбен ердің құнын шешті, бір ауыз сөзге тоқтады. Осындай ауыз әдебиеті мен шешендер дәстүрін жеткізген Назарбек ағаның шешендік сөздерін жинап, сөз сөйлеу мәнері мен шешендігін насихаттап, неге талапты жастар арасында шешендік сөйлеу дәстүрін қалыптастырмасқа? Сөз сөйлеу мәнерінен, өлең, қара сөз оқудан конкурстар өткізсе, дәстүрлі шешендік мектебін ашса ұлттық ана тіліміз байып, дамыған болар еді.

Басқаны айтпағанда осы Торғай өлкесінде Назекен сияқты неше алуан шешендер өткен. Солардан қаншама даналық сөз қалды. Соларды жинап, саралап, оқушыға жинақтап ұсынса. «Мәдени мұра» бағдарламасына қосқан үлкен үлес болған болар еді.

Алда Назарбек ақынның 80 жасқа толар кезеңі келе жатыр. Әруақты, арқалы ақын, төрт аяғы тең жорға шешен Назекенді елеп, ескеру, шешендік сөздерін жинау, бүгінгі ұрпаққа міндет болуы шарт. Назарбек

ағаға Ұлы Жаратушы иман, ұрпақтарына денсаулық, табыс берсе екен деп тілеймін. Дуалы ауыз шешеннің өнері жастарымыздан үнемі көрініп жатса, нұр үстіне нұр болған болар еді.

ТАЛАЙДЫ ТАМСАНДЫРҒАН ӘДЕБИ КЕШ

Белгілі ақын, журналист, сұңғыла шешен Назарбек Бектемісұлының 80 жасқа толуы Торғай қаласына салтанатты жағдайда аталып өтті.

Шынында да, бұл ерекше әдеби кеш болды. Көзі тірісінде ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермеген, халқына қадірлі төкпе ақынды алыс-жақындағы ағайны, дос-жараны, тұстас-сыйлас достары сағына еске алды. Алдымен ақынның туған топырағы Көкалатта ас беріліп, аруағына Құран бағышталды. Арғы бабасы Шәкір батырға халқы тағзым жасап бас иіді. 26 қыркүйек күні Торғай қаласындағы Нұрхан Ахметбеков атындағы мәдениет үйінде халық лық толды.

Әдеби кешті Назекең 15 жасар ақын деп атаған, өнердегі тұсауын кесіп, батасын берген, бүгінде қазақтың көрнекті ақыны Серік Тұрғынбеков жүргізді. Сахнаға Назарбектің інісі Оңғар, баласы Асқарбек, келіні Мая жайғасты.

Назекеңнің өнердегі інілері Қалибек Деріпсалдин мен Бақытжан Сәуекенов "наз аға" атты жаңадан жазып әкелген әнін баян мен домбыраға қосылып шырқады.

Назекеңнің көптеген жылдар қызметтес болған Марат Қасымов, Тұрсынбек Токин, Жақсылық Ғайсин, Таңатқан Дәркенов, Түбекбай Әубәкіров, Орекен Алматов, Қибат Сабыржанұлы т.б. азаматтар төрт аяғы тең жорға ақынның өнер саласындағы есте сақталған қырларына тоқталса, әнші інілері Айтан Сейдахметов, Оңғар Жоламанов, Қытайбек Ербатыров, Кәдіржан Қасенханов, жеңгесі Сағила Балахметқызы, Болат Молдашұлы т.б. азаматтар бірі ән, бірі өлең орындады. Сонымен қатар, Торғай мектептерінің талантты түлектері Назекеңнің өлеңдерін, термелерін, әндерін, көркем сөздерін оқыды.

Назекеңнің өнеріне байланысты көріністер қойылды. Өзі ұйымдастырған ансамбль мүшелері сөз алды.

Киелі, аруақты Назекеңнің әдеби кешінде үш тұлға қатар аталып отырды. От ауызды, орақ тілді ақынның әкесі Бектеміс атамыздың шешендігі мен тапқырлығы, ақындығы мен тура айтар әділдігі, Назекеңнің теңдессіз жүйрік аталса, жиналған халық осы кешті ұйымдастырған інісі Қарсақбай Бірмағанбетұлына алғыс сезімін білдірді.

Асқарбектің әке алдындағы парызын өтеудегі жасаған істеріне жұрт аса риза болды.

Кеш соңында ақынның баласы Асқарбекке сөз берілген сәт кім-кімді де толқытты. Халқының қадірін білетін, ұлағатты ортада өсіп, көпті көрген

асыл азамат денсаулығының қиындығына қарамай, екі інісіне қолтығынан көтерткізіп, сөз арнады еліне. "Мен халықтан ұлы да, үлкен де емеспін" деп басын иді де, көңілі босап, көзіне жас алды.

Асқарбек ініміз алыс-жақыннан келген ағайынға ыстық ықыласын жеткізді. Арқалық қаласы халқының 10 жыл тұрған әкесінің атына көше беруді ұйғарған ұсынысына өте қуанышты екенін айтты. Ақиық ақын 50 жыл қызмет атқарған Торғайдан көше, не мектеп аты бұйырмағанына өкінді де.

Назарбек өнерін насихаттауды бір ауданның еншісінде қалдырмай, облыс, республика деңгейіне дейін көтеру қажеттілігі тілге тиек болды.

Кеш соңында ақынға арнайы ас беріліп, Құран оқылды, естеліктер, шығарған өлеңдер оқылды, Назекеннің соңғы өлеңдер жинағы үлестірілді.

Өнерлі адам әрқашан киелі. "Өнерімді жалға, қаламымды ұста" деп әке аруағы баласын басқа жұмысқа араластырмай, буып отырма деген де ойға қаласың. Алла қаласа, Асқарбектің аяғынан тік тұратынына сенімдіміз. Олай дейтініміз, Асекеңде өмірге деген ынта, өнерге деген құштарлық өте жоғары. Осылай отырып Қазақстан Журналистер одағының мүшесі болуы – ерлікке пара-пар іс. Асқарбек ініміз - әке алдындағы балалық борышын адал атқарған азамат. Әкеге құрмет көрсеткен бір адам осы Асекеңдей, келініміз Майядай – ақ болсын. Келініміз Асекеңе осыншалықты жағдай жасамаса, ол қыруар шаруаның басын қайырар ма еді.

Төкпе ақын, сөз зергері, біртуар азамат Назарбек ағамыз тек ақындық мектеппен шектелмей, ауыз әдебиетінің, билер мен шешендердің, елдің жердің тарихын жинақтаған, екі тілді бірдей сөйлейтін әрі жазатын, қысқасы әр қырынан танылған азамат болатын. Тарихи Отанынан ұзамай, сол жерде туып, сол төңіректе өмірден озған. Ауыл аймағы ғана емес, республикадағы ұлылар Сәбит Мұқанов, Мұхамеджан Қаратаев, Ғабит Мүсірепов, Шерхан Мұртаза, Ғафу Қайырбеков, Сырбай Мәуленов, Нұрхан Ахметбековтер мойындаған тұлға.

Зиялы қауымның ортасында жүріп, шығармашылықпен етене айналысқанда ақынның алар асуы бұдан да жоғары болары сөзсіз. Табиғатынан дара, дана туған Назекен 63 жыл ғұмыр кешіп, артына мол әдеби мұра қалдырды. Сол мұраның бір парасымен қауышып, ақынның көмейінен шыққан өлең-жыр кәусарынан сусындап, суреттен бейнесін көріп, жерлестерінің көңілі марқайды.

Қайта оралған ақиық ақынға Ұлы Жаратушыдан иман, өнердегі, өмірдегі ізбасарлары мен ұрпағына береке-бірлік тілейік, ағайын!

ТАЛАНТТЫ АКТЕР БОЛАТЫН

*Қазақстан Республикасының халық әртісі,
актер Әнуар Боранбаевтың 60 жылдығына орай*

Кеше ғана ортамызда жүрген Әнуардың өмірден озғанына тоғыз жыл өтті. Тірі болғанда 60 жасқа толған тойын ауылы, ауданы, облысы, республикасы тойлаған болар еді.

Әнуар Боранбаев қазақ халқының маңдайына біткен өнер саласындағы санаулы жұлдыздарының бірі. Өнерге ерте араласты, өмірден ерте озды. Өнер деген киелі салада толысқан, өскен, жетілген алмас қылыштай шындалған шағында, бергенінен берері көп кезеңде дүниеден озды. Әнуар өнерге қазақтың қара сөзінің қаймағын айырып, көркем сөзді мәнерлеп сөйлеуден бастап келіп еді. Әнуар алғаш актер болып ат жалын тартып театр сахнасына шыққанда біздер ауылдағы шолақай күйкі тірлік, төмен қол қызметте жүрген болатынбыз.

Әнуар ерте есейді, театр, өнер оны ерте жетілдірді. Жетпісінші жылдарда қазақ театры әртістерімен Әнуар елге келгенде қуана қарсы алған едік. Ол кезде Әнуар жас болса да бізге үлкен салиқалы адамдай көрінетін. Төңіректеп жанынан шықпай әртістер өмірі жайлы қызғылықты әңгімесін ынтығып тыңдай бергіміз келетін. Ол уақыттың жастары өмірге де, өнерге де, жақсылыққа да өте құштар болатын. Ауылда қолына домбыра алып әу демейтін жастар болмайтын. Жаңа шыққан әнді жарыса жаттап отыратынбыз. Әйтеуір жастарда өнерге деген үлкен құлшыныс, талпыныс бар еді. Сол киелі өнер Әнуарды өзіне тартып, тәрбиеледі, қанатын қатайтып бас театрға актер етіп сахнаға шығарды.

Біз досымыз, жолдасымыз әртіс, актер Әнуарды алғаш ауылда осылай көрдік. Әр келуін сағынып, әр кездесуін тойға айналдыратын едік. Әнуар үлкенмен де, кішімен де тез тіл таба білетін, мейірімді, инабатты, ибалы өте мәдениетті, иманды азамат болатын. Елге алғаш келген жолы қимай дос болып құшақтасып қоштастық, бір-бірімізді іздеп амандық-саулық сұрасып тұрдық. Туған ағасы Социалмен, апасы Кәбирамен ауылда көрші тұрдық. Сыйлас, дәмдес болдық. Туған інісі Таңатпен көп жылдар қызметтес болдық. Бүгінде сыйлас құрметті ініміздің бірі. Әнуардың сырлас, сыйлас достары көп болатын. Әнуар сахна саңлағы ғана емес, кино саласында да жемісті еңбек етті.

Сұлу, сыпайы келбеті, нұрлы жүзі, ойлы жанары, қияқ қара мұрты, ортадан жоғары талдырмаш сыпа, тік бойы, ашық, таза қоңыр дауысы, ана тілін мәнерлеп таза сөйлеуі, орыс тілін жете меңгеруі қандай жанр, қандай образға болсада әр беріп тұратын іскерлігі Әнуардың өнер саласын тез меңгеруіне сол салаға тез сіңсуіне қолайлы жағдай жасайтын.

Жас жігіттен бастап еңкейген қарияға дейінгі аралықтағы алуан түрлі рөлдерді Әнуар өте нанымды ойнайтын. Әскери киім де қонымды, жарасымды көрінетін. Қазақ баласына тән ат өнерін меңгеру Әнуарда бала күннен қонған, дарыған өнер болатын. Ат құлағына ойнауы, өнермен спортты қатар меңгеруі Әнуарды талай тартысты бәсекеде басты рөлге жетеледі.

Әнуармен 80-ші жылдардың басында қайта қауышып 1980-1984-ші жылдарда Алматыда үнемі кездесіп тұрдық. Ол кезде Әнуар ұлттық академиялық Мұхтар Әуезов атындағы қазақ театрында актер, ал мен Алматы Жоғары партия мектебінде оқыдым. Әр жаңа спектакль болған сайын Әнуар шақыру билетін жіберуді ұмытпайтын.

Әнуардың арқасында өнердің қаншама тамаша туындысын көріп рухани сусындадық. Әнуар арқылы Әжірбайжан Мәмбетовпен, Құман Тастанбековпен, Меруерт Өтекешовамен, Әнуар Молдабековпен т.б. өнер қайраткерлерімен таныстым. Бірде өзіммен бірге оқитын Гүлшайда мен Саматтың үйлену тойын Әнуар Жазушылар одағының “Қаламгер” кафесінде басқарды. Келесі күні тойға Қостанай, Ақмоладан келген қонақтарды театрға шақырды. Барсақ алдыңғы қатардан орын алып қойыпты. Қырғыздың “Ақ кеме” атты спектаклін тамашалап отырмыз. Басты рөлдегі шалды Әнуар ойнады. Қойылым барысында күйеу баласының атасына көрсетпейтін зәбірі, айтпайтын балағаты жоқ. Жұрт ұйып тыңдап отырған. Бір кезде ақ жаулықты бір қария ана орнынан атып тұрып: - Әй, көргенсіз! Қойсайшы енді үлкен адамды зәбірлей бермей, - деп айғайламасы бар емес пе. Жұрт ду етіп қол соғып, қыран-топан күлкіге батса, манағы қария неменеге жетісіп күлесіндер деп залдағы көрермендерге айғайлады. Міне Әнуар ойнаған бейненің қаншалықты шындық болып көрінгенінің бір айғағы осындай.

Әнуар осы сексенінші жылдары қазақ теледидарынан үнемі Л.И.Брежневтің еңбектерін қазақша оқитын, сахнада ойнайтын, киноға түсетін. Бірде Әнуар Молдабеков екеуі Алматы Жоғары партия мектебі тыңдаушыларымен кездесуге келді. Екеуі де қара сөзді келістіре оқыды. Әсіресе Әнуар Молдабеков Жұбан Молдағалиевтың “Мен қазақпын мың өліп, мың тірілген” атты өлеңін дауылдата, екпіндете оқыса, Әнуар Боранбаев қоңыр сазды, жанға жайлы екпінімен көркем сөзді келістіре оқыды. Жерлесіміз, досымыз деп көпшілікке Әнуарды көрсетіп, біз де бір мақтанып қалған едік.

Қос Әнуар театрдың қос босағасы ғой деп Әзірбайжан Мәмбетовтың айтқанын естігенім бар. Иә, Әнуар театрдың төрт тіреуінің, қос босағасының бірі еді. Ол 50 жасында халық әртісі атағын алды. Ол қандай мақтауға да тұратын, ақкөңіл, адамгершілігі зор, қарапайым, мейілінше кішіпейіл, қонақжай, көпшіл азамат болатын. Үйіне қанша барсаңда толған адам, бірі әртіс, бірі ауыл қонағы, бірі досы, бірі жолдасы дүмеп жататын.

Әнуар алғашқыда Лермонтов театры артындағы үйде, кейіннен 8-март көшесі маңындағы бұрын ақын Қасым Аманжолов тұрған үйде тұрды. Қол босаса Әнуарға, театрға тартамыз. Ол ерте шықса бізге партшколға келетін. Інісі Таңат ол уақытта институтта сырттай оқыды. Ауылдан артынып-тартынып келеді. Бас қосамыз. Әнуар неше алуан әңгіме айтады. Әсіресе Шәкен Айманов жайлы көп әңгіме білетін. Жетпісінші жылдардың аяғында Шәкен Айманов “Гүлдер” ансамбілімен Америкаға, одан Канадаға гастрольдік сапармен барады. Канадада концерт соңында “Атамекен” әні орындалады. Сол кезде сахна алдында жиналып

жылап тұрған бір топ қазақ азамат-азаматшаларды көреді. Сұрастыра келе тағдыр тауқыметімен әрбір кезеңде Отанынан сырт елге ауған азаматтар екен. Ішінде Америкадан келген бірі ғалым, бірі кәсіпкер екі қазақ азаматы болады. Олар Шәкенмен сұхбаттасып қоштасарда ескерткіш деп бірі алтын жүзік, бірі шағын сувенир, алтын оқалы түйе жүн шекпен сыйлайды.

Шәкен дән риза болады. Дәм жазып қайта оралсам елден қандай бұйымтай әкелейін деп сұрайды. Сонда олар айтты дейді: Шәке! Бізде бәрі де бар, байлығымыз жетеді, жеке ұшағымыз да бар, ешнәрсеге зәру емеспіз, тек қана ата-баба жұртынан қос уыс топырақ әкелсең болады. Ертең өмірден озғанда балаларымыз туған жерден бір уыс топырақ салар еді депті. Шәкен ағамыз осы әңгімені үнемі өсиет етіп айтып отыратын деуші еді Әнуар.

Тоқсаныншы жылдары театр әртістерімен Әнуар елге келді. Кеңшарларды аралап, спектакль соңынан концерт берді. Үш күн бірге жүріп, өнерін, өлеңін тамашаладық. Айтбай Шөкенов, Сәбит Әбілбеков үшеуіміз соңынан ердік. Күйкі тіршілікпен көптеген достары шыға алмады. Тіпті сол концерттерге ел самарқау қатынасты. Сонда Әнуардың ренжігені бар: Сыртта жүрсек жұрт құшақ жая қарсы алады, басына көтереді, даңқымызды шығарып дәріптейді, өнерімізді бағалайды, құрмет тұтады, ал елге келсек ешкім елей бермейді, бағаламайды, тіптен тегін концертке келгісі жоқ деп қынжылған еді. Иә, Әнуардың айтуы орынды болатын. Алтынның қолда барда қадірі жоқ. Біз асылымызды жоғалтып алып барып іздейміз, айрылып қалып аһ ұрамыз.

Сол Әнуар ауырып, емделуге қаржы сұрап елге келгенде осы Аманкелді ауданы нақты көмек жасай алмаған. Ол тек Аманкелдінің ғана Әнуары емес, барша қазақтың, өнердің Әнуары еді-ау сабаз. Әнуар өз өнерімен қазақ халқын талай шет елге танытты, ол арқылы қазақ азаматын көрді, талантына тамсанды, табынды, құрметтеп бас иді, өнеріне сүйсінді. Талай киноларда басты рөлдерді тамаша сомдады.

Иә, Әнуар өмірден озғанмен халқы, өнер сүйер қауым, өнердегі достары, ауылдастары әсіресе бірге туған туыстары ерекше құрмет жасады. Әнуар атына мектеп, кинотеатр аты берілді. Бұл өте құптарлық іс. Әрине осы істің басында жергілікті басшылар емес Әнуардың туыстары тұрғаны анық. Арқалық қаласында Әнуар Боранбаев атындағы кинотеатрда Әнуар түскен кинолар көрсетілуде. Бір топ жолдастары “Құланның ажалы” филімін тамашаладық. Ол “Құланның ажалында” халық батыры Кейкі (Нұрмағанбет) Көкенбайұлының образын сомдайды.

Өмірден тарыққан, торыққан, қайда барса алды орға, арты жарға кездескен батыр алмағайып кезеңді өте қынжыла, қинала суреттейді. Батырдың ұнжырғасы түсіп, салы суға кетіп азаматтық жолындағы күрескен еңбегі еш болған, соңынан ерер азамат болмай торыққан кезеңі елестейді көз алдымызға. Режиссердің екі шоқып бір қарап жалтақтап отырып жазған батыр образын ойнаған Әнуар сияқты атақты актердің еркін өзіне бермей, кино желісінен шыға алмай қиналған, кіжінген, қайғырған сәттері көз алдына келеді. Әнуар өнердегі өрен жүйрік,

тайпалған жорға еді. Әнуармен қатар топтан оза шапқан тұстас, құрдастарыда көп еді. Осы топырақтан шыққан жастары құрдас Әнуар Боранбаев, Жұматай Сабыржанов, Сайлау Ордабаевтар өнердің әр саласын меңгерген, сол арқылы өнерді насихаттаған, өнерлері оларды әлемдік деңгейге көтерген әртістер еді. Өнерді сүймеген, өнерді қадірлемеген, өнер нәрімен сусындамаған, өнерді түсінбейтін пенделер осы үш арыстай азаматтың өмірдегі, өнердегі құдіретін түсінуі, олардың жан дүниесін ұғуы қиын. Әнуар осы аталған екі азаматтың алдындағы көш басшысы еді. Әнуардың жоқтығы бүгін көрініп тұр. Әнуар жоқ. Бірақ өнердегі бейнесі халық жүрегінде, өнері кейінгі ұрпаққа өнеге болып, қазақ өнерінің “Алтын қорында” сақталуда. Әнуар туралы талай жыр – дастан жазылды, деректі фильмдер түсірілді, өмірдерек кітабы шықты. Киелі жер иесіз болмас. Киелі Торғайдан талай тарландар шығарына сенемін.

**ҚҰРАН ҚАРИ, АҚЫН ФАЙЗОЛЛА ИШАН САТЫБАЛДЫҰЛЫНЫҢ
ЖАРТЫ ҒАСЫР БҰРЫН ЖАЗЫЛҒАН ӨЛЕҢДЕРІ ТАБЫЛДЫ**
Көне дәптер құпиялары

Қолымда осыдан 58 жыл бұрын жазылған қалың сарғайған дәптер отыр. Дәптер иесі бұл өлкеге танымал ардақты азамат, марқұм Әлшорин Шіменбай Бақбергенұлы. Шікең өзінің тоқсан бір жасында не зұлматты бастан өткерген азамат. Алғашқыда «халық жауы» деп 1938-1942 жылдары он жылға сотталып, Қалыма, Магадан, Камачаткада болып, ақталып келген. Көп ұзамай Жапон тыңшысысың деп жылға жуық тергеуде отырған, бәрінен аман құтылып, бейбіт еңбекке араласып, халық шаруашылығын өркендетудегі ерен еңбегі үшін 1949 жылы Социалистік Еңбек Ері атағына ұсынылған кезде көре алмаған көп дұшпан, кешегі «халық жауы» қалай Еңбек ері атанады деп жалған жала жауып, 25 жылға соттатқан. 1950 жылдың наурыз айынан 1955 жылдың маусымы аралығында Кемеров облысының Марынский лагерінде түрмеде отырып, ақталып шыққан. Міне мынау сарғайған дәптер сол қайғылы, қасіретті кезеңнің куәсі. Дәптерді парақтай отырып тарыққан, зарыққан, қиналған, жазықсыз жапа шеккен азаматтардың мұны мен көз жасын көремін. Өзі шығарған өлеңдері, аталы сөздер, мақал-мәтелдер, дін жайлы сенім көзқарастары бар. Парақтай отырып Құран қари Файзолла ишан Сатыбалдыұлының түрмеде отырған Шіменбайға жазған 62 ауыз өлеңі елең еткізді. Бұл өлең жолдары еш жерде жарық көрмеген.

Шіменбай Сізге жаздым амандық хат,
Жүрсізбе есен аман сау саламат.
Шатлықбен тірісінде ойнап күліп,
Қосуға нәсіп етсін жаратқан хақ.

Қайырлы сапар болсын мандай ашық ,
Кездеспей кетпейтұғын болған нәсіп .
Қайтарсың дүние көріп сайран етіп ,
Замандас құрбылармен көңіл ашып .

Опасыз бұл дүниенің көп арманы ,
Аралас қайғы қасырет мұң мен зары .
Бүгін хан , ертең Сұлтан, бір күн ғаріп ,
Тағдырдың тегершігі айналмалы .

Өмірдің кездесетін сағаты бар ,
Кей кезде әлпештейді жазып тұмар .
Абырой бақ пен дәулет бақыт тұрмыс ,
Кез келсе кезеңіне теріске айналар .

Жүрсізбе сайран етіп ,сайранда көп ,
Дәм тартса қайда бармас бұл тән ғаріп .
Ағымның кездейсоқ боп кезеңіне ,
Қалдыңғой бір жалаға душарланып .

Айнала бір тегереш жүріп жатыр ,
Білерме алдағы істі пәнде пақыр .
Әркім ақ көретінін көрмей отырса ,
Хақ білер бәрі пенде пәнде ғапыл .

Жүрсенде сауысқаннан сақтық етіп ,
Дұзаққа ілінерсің бір күн ахыр .
Бір құдай пана болып құтқармаса ,
Андып тұр қас қабақтан пәлең жақын .

Ағымның айымалы түрлері бар ,
Мысал боп бұрынғыдан келе жатыр .
Әркімнің таланына бір таң атар ,
Кездескен сол себептен бұл бір сапар .
Біреулер от басынан орын беріп ,
Біреулер несібесін жүріп татар .

Біреудің асқақ кез боп талайына ,
Шоқ басып жүрер ғаріп табанына .

Ғұмыры зайғы болып желге кетіп ,
Бейнеттің кетер кіріп қамалына .

Емессің ала қайғы көптің бірі ,
Қалғаны бейнетіңнің көйлек кірі .
Тең құрбы замандастар жүрген жоқпа ,
Неше боз мыңнан шыққан жігіт гүлі .

Жасымай бұл сапарға жайнай жүрсің,
Кездесер кезеңіне ойнап күлсең.
Тең құрбы көңіл ашар сонда емес пе?
Не жүйрік топтан озған мың бір дүлдүл.

Жүйрік топтан озған мыңнан бір бек,
Жас дәуір дүние көрмек бір зор дәулет,
Тап болып таланыңа келсе нәубет,
Беделің денсаулығың серік болса,
Түк тастап аунай тұрдың деме бейнет.

Егерде кәсіп тартып келсең елге,
Өткізіп ауыр, жеңіл түрлі күйді.
Болмайды бір сағаттан өткен күнің,
Әншейін пендешілік аттар тілге.

Осындай заманында ахуал бар,
Кезекпен табыс болар ахуалдар.
Біреуге түн, біреуге күн көрсетіп,
Өзінің талқысымен өтіп жатыр.

Бұл талқы бізге де кеп енді бастан,
Тұр жайып, дәм татқызып тар қапастан.
Кетеді өтіп мезгіл жетіп елес беріп,
Айтарлық құр әншейін қалды дастан.

Ғибрат бір сен үшін мысал сөзім,
Сабыр мен ақыл күш сап ойла өзің.
«Сайранда сергелдеңде сайран» деген,
Үлгі қыл бабаң айтқан нақыл сөзін.

Оқыдым балам сенің хатыңды алып,
Зейін деп хат жазыпсың атым салып.
Сөзінде сағынғандық бір белгі бар,
Бегірек бекер емес бәрі де анық.

Сағыну екі жақты бір сөз емес,

Шет жерде көңілге жат көзге көрмес.
Шалқыған дәурен сүріп сайранды күн
Кей кезде ойға түсіп береді елес.

Сағыну нәзік нәрсе жүрек қаны,
Болады көп ойлаумен жүзі сары.
Сұм жүрек қуанғанмен жарылмайды,
Қолыма кез болса да бар арманы.

Шалқып жүр болмашыға бөлме көңіл,
Көп қиял қалдырады көңілге зіл.
Жүсіп те мұратына жеткен жоқ па,
Айрылып атасынан бірнеше жыл.

Жүсіпті ағалары құл деп сатқан,
Бейнетке бірнеше жыл басын шатқан.
Көркіне Зілиқаның ғашық етіп,
Сол үшін он екі жыл зындан жатқан.

Ақыры машақаттың рақат болып,
Патшалық дәрежемен жұртын тапқан.
Алланың неше түрлі рахматы бар,
Үмітсіз болма балам болашақтан.

Ойла өзің жүрсің балам сайран етіп,
Термеген дәм аударса кімдер несіп.
Жастықта сондай қымбат өткен дәуір,
Бұл дүние ойласаң бір алтын бесік.

Әркім-ақ алдына алып тербететін,
Көңілде болса жігер сергітетін.
Көрдің ғой дерт екенін меңдетететін,
Топырыш қысқа бақай қыр аспадық.

Өткен күн жақсы-жаман құр айтарға,
Өткізсең ауыр-жеңіл қандай қалда.
Көрінер дал отырған осы халық,
Ойлаңыз ешбірінен жүкқан бар ма?

Бақберген менің дағы жан жолдасым,
Тар жерден тәрбие алып қосқан басын.
Әлі де сүйіспеншілік арамызда,
Әкеңнің білсең балам ықыласын.

Бақытжан шал-кемпірді бір қорқытты,

Қызылша шамадан тыс қатты шығып,
Ақыры қайырлы боп сау саламат,
Оқып жүр мектебіне қайта кіріп.

Хал-ахуал пәлендей жоқ айтарлықтай,
Үй ішің, ата-анаңның шаруасы сай.
Отын-шөп ерте бастан жинап алған,
Қашаннан Бақбергеннің қалпы солай.

Аудан іші орталықтан үйді салып,
Бақберген осылай тұр шаруаланып.
Конторын Загатскот охран етіп,
Түрімен күн өткізет шай-пұлданып.

Тағы да бос отырмас ұста шалың,
Аудандық төрелердің шаналарын.
Сыр жағып, шимай салып түрлендіріп,
Кезекпен алып тұрар ақшаларын.

Жұрт қатар жаман емес жатыр жүріп,
Әуелде қалып еді күдер үзіп.
Алланың құдіреті сондай күшті
Бүгін бе, ертең бе деп отыр күтіп.

Әуезхан бұл сөздерге берді бір сек,
Не керек басты ауыртып жазып мылжың.
Сөз енді Асан Қайғы ұзақ сапар,
Әр сөздің басын шатып келтіріпсің.

Бір күліп Әуезханға бердім жауап,
Елке жұрты болып жүр көңілің алаң.
Үлгі алар ата-баба кәсіптерің,
Тары егіп, өгіз айдап, шығыр салмақ.

Байқасаң бұл сөзімде түрлі сын бар,
Шыдасаң шыға берер мағыналар.
Сайында сайрандаған сандуғаштар,
Дертіне дауа болар бұл бір жұмақ.

Көңіл хош, бақыт-дәулет, әдет-ғұрып,
Жүреме өмір бойы бәрі еріп.
Тағдырдың талқысы бар таңғажайып,
Кейде шат, кей уақытта қайғы серік.

Кел бері, ұғып тыңда енді, қозым,

Озбаған от басынан сенің назың.
Көрдің бе мыңнан бір таз сергектерді,
Сайында сайрандап жүр болып жазым.

Бұл мысал сол ерлердің көңілін бөлмек,
Бір емес, он оқиды қылып ермек.
Тағдырдың талқысынан ғибырат алып,
Қалады қайғы кетіп, көңіл сергіп.

Болмайма бұл хат барса, ол келгендей,
Қуанып, шатыланбай ма көз көргендей.
Қайғыға қарлығаштай су тамызып,
Болады қасіреттен от сөнгендей.

Осылай түйін етіп, сөз доғарып,
Айтуға тағы бір сөз келді қалып.
Нұсқалай білдіртуге ел тұрмысын,
Отырмын Шімен балам көңілге алып.

Артықша биыл жақсы халық шаруасы,
Өркендеп, көлемденіп мал мен басы.
Шаруаға түрлі реттен жеңілдік боп,
Күн сайын артылып тұр һәм сапасы.

Колхоздар іріленді ұйымдасып,
Шалқыды шалқар көлдей шаруасы асып.
Аудандық колхоздарадың бірнешеуі,
Үлгі боп өтті кеп миллион басып.

Ауданға Сізден кейін МТС орнай,
Машина, тракторды жиды қорлай.
Колхозға келген жерден көмек беріп,
Шаруасын жеңілдетіп алды торлай.

Шырылдап тракторлар айналып жүр,
Қара жер соқа аузына шайналып жүр.
Косилка сегізін тіркеп шөп шапқанда,
Көрмеген шаруалар таң қалып жүр.

Электр тағы орнады қой қырқатын,
Шаштырып шығындатпай жүн-жұрқасын.
Күнбе-күн жоғары өрлей өнер-білім,
Болып тұр көрер көзге таңырқасын.

Жонда жүр бір машина бидай құсып,

Дамылсыз бара жатыр сабан тышып.
Босатып шаруаларға тыныс берді,
Жатушы еді топырласып, қырман қыршып.

Бар еді Қызыл қозы деген дала,
Жайлаулық сайдың басы шың мен сала.
Өндіріс жер астынан кен табылып,
Бір үлкен көз тартарлық болар қала.

Жер көңдер жеткілікті толып жатыр,
Мамандар бар көлемін шолып жатыр.
Басынан Қараторғай зауыт орнап,
Қорғасын тасқын судай ағып жатыр.

Көп екен жердің кені жатқан бұғып,
Бәрін де тауып жатыр ғылым біліп.
Байтажы, Ашудасты, Құлбас, Қозкен
Тас көмір жер астынан қалды шығып.

Қоңыраулы Торғай жері сағасынан,
Қос қопа мен қайғының арасынан
Саланың Мойылды, Дәмді басын шалып,
Шолақсай барып түсті қаласынан.

Байтума, Сарымойынды бері қаратып,
Сыпсың Тірсек, Бас наурызымды алды оратып.
Орталығы Ақсуат дәл Наурызым
Береке бекіп район болды тартып.

Біздерге совхоз келді бір жаңалық,
Мұны қабыл етіп алды халық.
Шарықтап өнер-білім сапаланып,
Жатырмыз балам біз де тұмарланып.

Совхоздың сайлап жатыр басшыларын,
Директор, совхоз, кілтші, хатшыларын.
Машина тұс-тұсынан күнделікті,
Құралдың төгіп жатыр жинап бәрін.

Машина колхоз басы төрттен, бестен,
Пайдасы шамадан тыс, астан-кестең.
Шөп шауып тасу міндет тракторде,
Күн санап, осылайшы шаруасы өскен.

Осылай өтіп жатыр оқиғалар,

Аса артық болмаса да жұрт таңданар.
Шіменбай бір сен үшін бұл саясат,
Еркеге ертегі айту ескі сонар.

Ал енді білмек болсаң Атаң халі,
Денеде сау-саламат ғазиз жаны.
Түбінен қызба пештің орын алып,
Барады жылға айналып отырғалы.

Жас келсе бәрін пенде көрмекші екен,
Бас бұрмай, табан жазбай көнбекші екен.
Көзден нұр, белден қуат күшіңді алып,
Кәрілік алдыңды орай келмекші екен.

Келгенін кәріліктің көзбен көріп,
Хал болмай бас тартуға кеттім еріп.
Жеңіл сөз құр әншейін тілде қалар,
Отырмын соны дағы демеу көріп.

Атаңның қош аларсың әңгімесін,
Қомсынба жіберді деп мұның несін.
Желкілдеп жетпіс келіп жерге қарап,
Қартайтып кетіріп тұр берекесін.

Амандық қалдым күтіп қош айтысып,
Сағынып алыс жолдан қалам тартып.
Құданың рақыметінен үмітім көп,
Болғай деп Инш Алла дидар нәсіп.

Хат жазған қалам тартып Файзи қартың,
Дұғағөй қариясы кейінге артық.
Жолығыс жарты дейді көзбен көрмек,
Пайғамбар хадисінде хаттың қалпын.

Сәлемін айтып отыр замандастар,
Аға-іні, үлкен-кіші, жар-жолдастар.
Ата-енен, аға-жеңгең бәрі ішінде,
Көрсеткен осылайша ықылас бар.

Жер қара, қар жауған жоқ жерде жылы,
Осындай май тоңғысыз күннің түрі.
Жерінен май біткенше қар кетпейтін,
Бізде жоқ Марынский суық күні.

Елу төрт мың тоғыз жүз дәл осы жыл,

Жібердім сізге арнап сәлемді бұл.
Хош айтып, ұзақ жолдан қол ұсындық,
Декабрь, жиырма екісі, сәрсенбі күн.
Соңы.

**Елімнің ұлы қартының арты Файзолла атамның сөзіне сәлеммен
жауап.**

20.01.1955 жыл

(Шіменбай Бақбергенұлының Файзоллаға жазған хаты)

Қолыма қалам алып жаздым сәлем,
Тілеймін жәрдем бер деп, хақ тағалам.
Пендеңнің жүр ғой бірі тар қапаста,
Мен жүрген өз күнімде қайғыда әрең.

Қайдасың, сағынамын қайран елім?
Қайғылы болып жүр ғой менің кеулім.
Жігіттің қатар жүрген біреуі едім,
Келер ме қайта айналып өткен күнім.

Қайтесің сағынғанмен елің қайда?
Жаратқан қуат берші осындайда.
Тар жерде жалғыз жүрген мен бір ғаріп,
Жат етіп сиынамыз бір құдайға.

Азамат қатар жүрген сағынамын,
Еске алып ата-анамды қамығамын.
Қарасам алды-артымда ешкімім жоқ,
Жалғыздық түссе еске жабығамын.

Құдайым, жеткізгейде жақсы ниетке,
Сөзімді естіген жұрт айып етпе.
Сіздерге осылайша сөз жазушы,
Білсеңіз Шіменбаймын жүрген шетте.

Баласы Бақбергеннің Шіменбаймын,
Амандық, тірілікке жүрген баймын.
Мен сөзге елден келген жазып жауап,
Түсіндім оқып көріп сөздің жайын.

Ал енді сәлем бердім Файзоллаға,
Әй ата, нәсіл затың қымбат баға.
Көп болды көрмегелі біздер елді,
Аман ба халық тегіс бала-шаға?

Отырмын мына сөзді сізден сұрай,
Жауап бер әр сөзімді жақсы тыңдай.
Жалған сөз Хақ жолында жаман дейді,
Шын айтшы Бақытжамал жүр ме ойнап.

Сұраймын осы сөзді, ата, Сізден
Хабарың анық бар ма біздің үйден?
Құранның хадисіндей әрбір сөзің
Ырзалық сөз жазғызды балаң бізден.

Сөзіңді түсінемін жақсы тыңдап,
Естіді азаматтар салық құлақ.
Адам жоқ қатарында сізден озған,
Келгенде қара сөзге қайнар бұлақ.

Айтасың сөздің ата ақиқатын,
Тыңдадым сіздің айтқан насихатын.
Қазаға сабыр деген сөз жоқ па еді,
Ата-анам қуатты ма екі қартым?

Отырмын осы сөзді сізден сұрай,
Мен жаздым сөз асылын тауып құрай.
Адам басы Алланың добы деген,
Пәндеміз бұл дүниеде біз бір қонақ.

Әй, ата, бұл дүниеден кім өтпеді,
Арманда аһы тартып кім кетпеді.
Бәлеге ырза, қазаға сабыр деген,
Миханат Алла салса кім шекпеді?

Армансыз кімдер кетті бұл жалғаннан,
Құтылар күн де болар бұл арманнан.
Алланың құрығынан жан құтылмас,
Баласы Мұхаммедтің Мүмінді алған.

Сіз маған мысал қылып көп сөз жаздың,
Сөзіңді жазған ата қабыл алдым.
Біз одан артықпыз ба ойлағанда,
Баласын алды жалғыз талайлардың.

Бас қосып жақсылармен болдым жолдас,
Бір Алла жар бола гөр, ісімді оңдаш.
Сөзімде осы жазған бар ма қате?
Ақыным құлақ салып сөзім тыңдаш.

Дүниеде һәм сүт емген биз бір пенде,
Жаратқан берген қайғы әркімдерге.
Батағөй атамызсың көпті көрген,
Хат жазып, сәлем береді балаң сізге.

Қымбатты гауһар тастай әр сөзің бар,
Тұрғанда баста бақыт әркім құмар.
Жігітті менмін деген адастырар,
Күн батпай тұман басып түссе мұнар.

Хат жаздым, Файзолла ата, арнап саған,
Ұрыспа болса қате сөзде маған.
Отырмын шүкір етіп жасағанға,
Бұйрықсыз іс болмайды бір Алладан.

Бұл жұмыс бізге түскен Алла әмірі,
Кім көнбес тура келсе һақ бұйрығы.
Әр сөзің маған жазған болды қуат,
Тарқады көтеріліп көңіл шері.

Адамды ерітеді әр бір сөзің,
Ишаным тәуіп еттім басқан ізін,
Сұраймын өтініш қып, ата сізден,
Аман-сау жүр ме ойнап Жамал қызың?

Атажан адам едің Алла деген,
Пендені құтқара ма ажал келген?
Жамалың қайтты деген бір хат алдым,
Анығын тағы сұрайды балаң сізден.

Алейкумассалаум, жаным атам,
Қол жайып ықыласпен берші батаң.
Сөзімде қате болса кешірерсіз,
Сөз жазған аз қайғымен мен бір ботаң.

Қол жайып балаң сізден бата сұрайды,
Сұраған Сізден бата болмас ұят.
Қазына берем десе Аллада көп,
Жарылқап Жапбары һақ бергей мұрат.

Ардақты ағасысың біздің елдің,
Азайып бара жатыр қатар теңің.
Арманым жүрегімде қалмағандай,
Қол алып тірлікте көрсем жүзің.

Үмбетпін Мұхаммедке, Аллаға құл,
Қатарға өзің теңдес айтамын жол.
Мен дағы нәсіліңнен өрбігенмін,
Шіменбай сөз жазушы балаң ғой бұл.

Жазушы осылайша Шімен балаң,
Сөзімде айтып жазшы болса шалам.
Әр сөзің маған жазған болар үлгі,
Сұраймын ықыласпен нансаң данам.

Жазасың әр бір сөзді Сіз ақиқат,
Шіменбай оқып сөзің болды ғой шат.
Шаманың келгенінше жауап жаздым,
Балаңның сөзін, ата, қыл қанағат.

Жақсы, аға, сәлем жаздым Әуезханға,
Құлақ сал інің сөзін жақсы тыңда.
Сіздерге күндіз-түні тілектеспін,
Бақытың өркендегей жылдан-жылға.

Сөзімді осы жазған қылма айып,
Мен інің шетте жүрген көзден ғайып.
Кез болдым бұл жұмысқа барыс жылы,
Сүріндім амалым жоқ бақытым тайып.

Хат жаздым осылайша жақсы ағаға,
Бұл сөзім қымбат шығар аңдағанға.
Абайлап әр сөзімді оқып қарап,
Әуезхан жауап қайтар беріп баға.

Көп етпей бес-алты ауыз жазамын сөз,
Ал аға, аман болсақ келерміз кез.
Үміт бар бір Алладан қауышармыз,
Көргенше аман-есен қош болыңыз.

Сәлем айт, ата және Қойбағарға,
Құдағи, балалар мен Тайбағарға.
Көрші деп Сізді бірге естуші едім,
Аманат жеткізерсіз тілек сауға.

Жүрмісіз аман-есен, құдаларым,
Аман ба үй-ішіңіз барша жаның?
Отырмын Сіздерге арнап сәлем жолдап,
Осыдан басқа менің жоқ лажым.

Отырмын осы сөзді жазып сізге,
Ырза бол, құдаларым, сіздер бізге.
Қосылар адамға адам деген сөз бар,
Келеді өлмеген құл бір күн кезге.

Дана ата тілектестік сөзім Сізге,
Жібердім хат арқылы жазып сізге.
Мақұл бол көре алмасақ бұл өмірде,
Әлі де ұзақ жатыр борыш бізде.

Шіменбай ақсақалдың тарыққан кездердегі шығарған өлеңдерінің тек бір парасы ғана. Осылай өлең жолдары жалғасып, таралып кете береді. Өлеңнің өн бойында өмірге деген құштарлық, қиындыққа деген шыдамдылық, қандай да бір қасіретке тап болғанда Алласы аузынан түспеген имандылық, адалдық пен адамдық, ізгілік парасаты, жақсылыққа үміттену, келер болашаққа сену, дос-жолдастарын қиындыққа төзе білуге шақыру, жігерін қайрау сияқты үлкен парасаттылық, тәрбиелік мәні бар уағыз айтып жақсылыққа жол бастаған Шіменбай абыздың көрегендік сөзі мен қайратты ісін көреміз. Мүмкіндік болып жатса, басқа да өлеңдері мен уағыз сөздерін баспа бетіне беретін боламыз.

ЖАЗЫҚСЫЗ ЖАПА ШЕККЕН

Қолдан жасалған тозақтан екі рет аман оралған Шменбай Бақбергенұлы Әлшорин жайлы не білеміз?

Шменбай ақсақал Торғай, Қостанай аумағына танымал азамат еді. Адамгершілігі мол, өткір тілді, қайсар мінезді, әділдікті ту еткен іскер басшы еді, тәжірибелі ісімен, өзінің өзгеден шоқтығы биіктігін көзінің тірісінде маңайындағы көре алмаған көп дұшпанға бір емес, бірнеше дәлелдеген дана қария болатын.

Алға озған жүйріктігі, етектен тартқан озбыр заманда бір емес, екі рет тозаққа түсірді.

Алғашында 10 жылға, екіншіде 25 жылға бас бостандығынан айрылып түрмеге жабылды. Екеуінде де уақытынан бұрын ақталды. Партия қатарынан екі рет шығарылып, екі рет қайта кірді. Қолымда Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының 2003 жылғы 24 қарашадағы құжаты бар. Иә, 1938 жылы саяси жазалау құрбаны болған асыл азамат тек 1993 жылы 79 жасында ақталды. Ал ақталмай көз жұмған қаншама арыстар өтті дүниеден.

Осы тарихи тұлға жайлы не білеміз. Соған қысқаша тоқталайын. Әлшорин Шменбай Бақбергенұлы 1914 жылы туған. 1923-1924 және 1928-1931 жылдары бастауыш мектепте оқып, кейін сырттай 10 жылдық білім алған. Осы оқумен қоса діни сауатын ашқан, төте арабша оқуды үйренген.

1928 жылы 14 жасында ауылдағы комсомол комитетіне хатшы, 1931-1934 жылдары Аманкелді ауданы прокуратурасының тергеу ісін жүргізуші, 1933-1937 жылдары Амакелді аудандық халық сотының хатшысы, сот төрағасы болып қызмет атқарған. Бар-жоғы 23 жастағы алғыр азамат осындай жауапты қызметке қол жеткізіп, берілген істі абыройлы атқарған.

Сол кездегі асыра сілтеу салдарынан аудан халқы аштыққа ұшырайды. Белсенділер жасаған қиянат 1932 жылы «Социалистік Қазақстан» газетіне шығып, құрамында Б. Майлин, Ғ. Мүсірепов бар арнаулы комиссия келіп тексереді. Осы аштықтан 24 ауылдық Советтен, 14 қана ауылдық Совет қалады.

Осындай елдегі қайғылы да, келеңсіз жайды Ғ. Мүсірепов «Батпаққараның бетпаққаралары» деп мақала жазған. Тексеруге келген кісілермен Шікең бірге болып, танысып, сыйласқан. Ол кісілер Шменбайдың іскерлігін, алғырлығын бағалаған.

Алғашқы сотталар алдындағы көрген зәбірі жайлы күрсіне еске алып: “Әй қарағым, әлі есімде, 1938 жылдың 24 марты күні таңертеңгі сағат тура 10-да қызметте отырғанымда қолында ордері бар екі милиция үстіме кіріп келді. Келген бетте НКВД-ға жүресің деді. Милиция бастығы Тәстәнбеков түрмеге қаматты. 7 күн жәбірлі тергеуде болдым. Тәстәнбековтың бергізген қысым-қиянатына шыдай алмай көрмегенімді көрдім, білмейтінімді білдім, істемегенімді істедім, «Халық жауымын» деп жазып бердім.

Алғашында көнбеп едім, қысым жасады. 2 күн бойы жалаңаяқ мұзға отырғызып қойды. Одан әрі шыдай алмадым. Түрмеде жатқандармен сөйлесем, бәрі қысымға төзе алмай не жаз десе, соны жаза беріпті.

Бір күні біз ақылдасып, шылым қағазына арыз жазып, аудан, облыс, Республика және СССР басшыларына жібердік.

Бұған райком секретары Түрікпенбаевтың қатысуымен облыстық НКВД-дан Ғұмаров деген келіп жауап алды.

Бұл да жәбір үстіне жәбір болды. Шыдай алмай тағы да айтқанына көндік. Мұны сол кезде НКВД-да милиционер болған Жамансарин Белғожа, Алтынбаев Нартай біледі. Біз бірге ұсталған 33 адам едік. 11-і комсомол мүшесі болатынбыз. Бір іспен 11 адам айыпталдық. Сол он бірдің ішінде Сәлімгерей Тоқтамысов (кейін ақталып, Республиканың, белгілі партия, совет, қоғам қайраткері болды) ол кезде райсполкомда секретарь болатын. Қалғандары Жанпейіс Аяпов – райсполком қызметкері, Ғабдолла Рүстембаев – колхоз председателі, Шайхы Баймағанбетов – НКВД қызметкері, Әбдіғали Қыстаубаев – нархозучет бастығы (қазіргі райстат), Ержан Балғымбаев – райзода инспектор, Досан Оразалин – колхоз председателі, Әмір Найзаболатов, Жұмабай Ысқақов және мен болатынмын” деп әңгімесін аяқтады қария.

Бұл қысқа әңгімесі сол кезеңнің тек бір сәттік оқиғасы болатын. Осындай келешегі жарқын, іскер жасты жаламен қамауға алған сол кездегі

облыстық үштік билігі. Жылға жуық тергеуде отырып, 24 жасында 10 жылға сотталып, Колымада, Магаданда, Камчаткада колонияда болған.

Осы Шменбай ақсақалмен «Родник» кеңшарында 11 жыл үй арасында үй жоқ көрші болдым. Әкеміздей болған қариямен өмірден озғанынша сыйлас, сырлас болдық. Баласымен қатар жасымның кішілігіне қарамай өзімен қатар адамдай сөйлесетін, ақыл-кеңесін беретін, тәжірибесін үйрететін. Әңгіме арасында көрген бейнеті жайлы сұрай қалсам тікелей жауап беруден жалтарып, әңгімені басқа арнаға бұратын. Түрмеде болғаны жайлы ашылып айта бермейтін.

Үнемі ой үстінде жүретін ақылы дана қарт мен жас болған соң артық сөз болар, басым пәлеге қалар деп сенбейтін шығар деп ойлайтынмын. Қазір ойлап отырсам сол көрген бейнет, тартқан азабын айту да қаншама ауыр екенін түсінесің. Әрі үнемі қудалауда болып, зәрезап болып қалған адам қайдан іштегі сырын шығара қойсын.

Бүгін өзі ортада болмағанмен, көңілде көптеген көрген азабы жайлы естелігі, жазған өлеңдері қалды. Бірде Шікең түрмеге түсуі жайлы әңгіме қозғады.

Сол кезде қуғын-сүргін құрбандарын халыққа жарияламай-ақ үш адам қол қойып, соттай берген жүйе болған. Яғни, «тройка» шешімі. Бұл «тройкасы» сот, прокуратура, НКВД болуы керек. Сол кездегі НКВД (Народный комиссариат внутренних дел) мемлекеттік қауіпсіздік комитеті мен ішкі істер басқармасын біріктірген орган болған. Бұл орган залым Ежов, Берия заманында зұлымдықтың шырқау биігіне көтеріліп, жазалаудың адам құлағы естімеген сұмдықтарын жүзеге асырған. Жоғарыдан нұсқау келсе, шаш ал десе бас алатын жергілікті жаналғыштар қолына Шікең де түскен.

Көп жағдайда жоғары жақты, әсіресе Сталинді кінәлап жатады. Әрине, зұлым басшыны қорғаудан аулақпын. Бірақ жергілікті жердегі зұлымдық, жазықсыз ұстау, қамау, қинау, еркінен тыс мойындатуды жүргізген өзіміздің адамдарымыз еді ғой. Арада 70 жыл өтсе де солардың аты тарих сахнасына толық шықпай, көлеңкеде қалып келеді.

1937-1938 жылдарда болған жазықсыз жаппай қудалауға белсене араласқан, жазықсыз адамдарды сен «тыңшысың» деп жала жауып ұрып-соққан, зәбірлеген, соттаған, түрмеге жапқан, Сібірге айдатқан сырттан келген емес, өз қандастарымыз екені анық. Бүгінде зәбір көрушілер тізімі әлі толық шықпай келсе, зәбір берушілерге де нақты шара қолданылмады.

Көршілес Өзбек, Қырғыз, Түркімен, Тәжік халықтары жазықсыз жапа шеккен арыстарын қорғап, тығып, басқа жаққа өткізіп жіберіп, аман алып қалу үшін күш салса, біздің қара көздер бірін-бірі жіпке тізіп беруі жалған емес.

Бұл қайғылы жайды екінің бірі біледі. Жазықсыз сотталғандардың көбісі ақталмай көз жұмды. Артында қалған ағайын-туысы, отбасы «халық жауының» туысы деген суық сөзден арылмай өмір кешті.

Иә, әлі азамат болып қалыптаспаған 23 жастағы қыршын жасты жазықсыз жаламен түрмеге қамайды. Тар жерге қамап, далаға шығармай,

ұрып-соғып зәбірлейді. Жасамаған ісін жасады деп мойындатуға әрекет жасап неше күн қатарынан ұйықтатпай орындыққа байлап, төбесінен су тамшылатып, су құйып жанып тұрған электр лампасы астында ұстағанға шыдай алмаған, қайрат-жігері әлсіздер қандай жала жапса да амалсыз мойындап, берген қағазына қол қойып бергендердің аттарын атап отырушы еді, жарықтық.

Сондай жан төзгісіз қыспақтан тезірек сотталып, түрмеге кеткенін жұмақ көрген талай қандастар тергеу кезінде көз жұмған. Болмаса, ақылынан адасып, түрмеге құр өлексе болып жеткендер болған.

Осындай жан түршігерлік қыспаққа шыдап, тергеу ісінің азапты күндеріне төзіп, сот шешімі шыққан соң Сібірдегі Колымаға жіберілген.

Сол кездегі түрме жүйесі бойынша саяси сотталғандарды бір жерде тұрақтатпай, 5-6 айда басқа жерге ауыстырып отырған. Алғашқыда Колымада, кейін Воркутада, Магаданда, Камчаткада колонияда болған. Түрмеде жүріп Жоғарғы сотқа талай рет шағымданған. Бірақ бір жерден екінші жерге көшіру әрекетінен сот шешімі Шікеңе жетпеген. “Түрмеде мыңдаған адам бөренеден қиып салған ұзын барақта тұратынбыз, әр жерде темір пеш болатын, ол үйді жылыта алмаушы еді,” - деп отыратын жарықтық.

Неше түрлі кен орындарын іздестіріп, тереңдігі 25-30 метр болатын тар құдыққа жер қазуға түсіреді. Әр сотталғанға күндік норма беріледі. Құдық іші қоныштан су болып тұрады.

Осындай ауыр азапқа, суыққа, әрі аштыққа шыдамай күн сайын 10-15 адам өледі екен. Оларды түрме қызметкерлері сотталғандарға екі аяғынан сүйреттіріп барақ маңындағы құздан лақтыра береді. Осындай көрініс күнде қайталанады. Өлген адам орынын жаңадан сотталғандар толтырып отырады. Ол жерде адамға адамша қарау ешқашан болмаған.

Сондай ауыр азаптан бұғанасы қатып үлгермеген жас Шікең ағамыз титықтап әбден әлсірейді. Кезекті шахтаға түскен күні қазуға берген жері тас аралас болып, оны қазуға шамасы келмей Тәңірге налып, құдық ішінде жылап отырса, сыртта әскери бақылаушы (надзиратель) жас орыс азаматы құдыққа үңіліп, қарап тұрады. Өзі қатарлы жас болғасын ба, болмаса жаны ашыды ма, Шікеңді құдықтан сыртқа шығарып, аяушылық танытып, жағдайын, қалай сотталғанын сұрайды. Сол жерде Шікең бастан өткерген жағдайын тілі жеткенше түсіндіреді. Сол азаматтың қайырымы түсіп, бұл кісіні колония жанындағы емдеу лазаретіне жатқызады. “Міне, осы орыс азаматының қамқорлығы болмағанда елге тірі оралмайтын едім,” - деп отыратын. Ақыры көп ұзамай түрмеден босату туралы Жоғарғы сот шешімі келеді. Бұл уақыт 1940 жылдың аяғы болса керек. Камчаткада түрмеден бостандыққа шығады. Бірақ Камчаткадан Владивостокқа кеме жылына екі рет сотталғандарды тасиды екен. Қаптаған неше түрлі басбұзар алаяқтар алғашқы рейске сыйғызбай кемеден қалып қояды. Алты айға жуық темір жол бойында жұмыскер болып, 1941 жылдың маусым айында екінші қатынаған кемеге зорға ілігіп, Владивостокқа жетеді.

Бұл жерде вокзал басында құжынаған адам. Жолаушы поезына орын жоқ. Жүк поезынан бір бұрыштан өзіне орын алып, жанындағы жолдасына қолындағы дорбасы мен құжатын қалдырып, өзі тамақ алуға кезекке тұрады. Күні бойы кезекке тұрып, тамаққа енді жетемін дегенде жүк поезы қозғалып кетеді. Сөйтіп құжаты жолдасында кетіп, өзі құжатсыз Владивостокта қаңғып қалады. Тамақ табу үшін сол маңдағы асханаға барып, отын-су тасиды. Келесі жүк таситын поезды күтеді. Осылай жүргенде қала халқы у-шу болады. Сөйтсе, Ұлы Отан соғысы басталып кеткен екен. Қалада коменданттық сағат орнап тексеру жүреді. Құжаты жоқтарды ұстап қамайды. Шменбай ақсақалды да ұстап, алғашында макарон зауытына қара жұмысқа, кейін Байкал көлі жағасынан вагонға қиыршық құм тиеуге жібереді. Әскермен күзетеді. Бұл да ашық түрме сияқты болады. Тиісті орындарға қайта-қайта хат жазып, құжат көшірмесін сұратады. Нақты анықтама келгенше арада 6 ай уақыт өтеді. “Қарағым, сонау Байкалдан Қостанайға үш айда қашып-пысып, арып-ашып, зорға жеттім. Қаладағы таныстарым көргенде танымай қалды,” - деп отыратын.

Қостанайдан Аманкелдіге жаяу келген. Күте-күте екі көзі төрт болған туысқандарына қосылып, қайта бейбіт еңбекке араласқан. Алғашқыда аудандық поштада есепші, Киров колхозында басқарма төрағасы, аудандық жер бөлімінің инспекторы, Ленин, Ақсуат колхоздарында есепші, Куйбышев колхозында қой-жылқы фермасының бригадирі, Иманов, Родник кеңшарларында бөлімше меңгерушісі, кейін селолық кеңес төрағасының қызметінен зейнеткерлікке шықты. Осы қызмет атқарған уақыттарында үздік жұмыстары үшін жоғарғы наградаларға ұсынылған. 1946-1947 жылдардың қортындысы бойынша Аманкелді ауданынан 14 адам Социалистік Еңбек Ері

атағын алса, Шменбай Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталған.

1947-1950 жылдары Киров (қазіргі Құмкешу ауылы) колхозына басқарма болып тұрғанда 1947 жылдың қортындысы бойынша Социалистік Еңбек Ері атағына ұсынылған («Тың шұғыласы» газеті, 5/Х-1989 жыл. 2-3 бет). Жерлестері кешегі «Халық жауы» болған адам қалай Еңбек Ері атағын алады деп арыз жазып, атақ алмақ түгілі аяғында 25 жылға сотталып түрмеге отырған.

Кейінгі кезендерде 2 рет СССР жоғарғы наградасына ұсынылып, онда да 2 рет сотталғанын сылтау етіп, награда бермей қойған.

Осы қызметтердің қайсысын да абыройлы атқарған азамат 1949 жылғы колхоз Жарғысын бұзушылар атты қаулы жазасына ілігіп, Киров колхозының басқарма бастығы болып тұрғанда жаладан 25 жылға екінші рет сотталады. Түрмеде отырған Шменбайға ақыл-кеңес беріп сабырлыққа, төзімділікке, шыдамдылыққа шақырған құран қари Файзолла ишан Сатыбалдыұлы 62 ауыз өлең жолдарын арнаған. Осыдан үзінді келтіре кетейін:

Шіменбай сізге жаздым амандық хат,
Жүрсізбе есен аман сау саламат.

Шатлықбен тірісінде ойнап күліп,
Қосуға нәсіп етсін жаратқан хақ.

Қайырлы сапар болсын маңдай ашық ,
Кездеспей кетпейтұғын болған нәсіп .
Қайтарсын дүние көріп сайран етіп ,
Замандас құрбылармен көңіл ашып .

Опасыз бұл дүниенің көп арманы ,
Аралас қайғы қасырет мұң мен зары .
Бүгін хан , ертең Сұлтан бір күн ғаріп ,
Тағдырдың тегершігі айнымалы .

Өмірдің кездесетін сағаты бар,
Кей кезде әлпештейді жазып тұмар.
Абырой бақ пен дәулет бақыт тұрмыс,
Кез келсе кезеңіне теріске айналар.

Жүрсізбе сайран етіп ,сайранда көп ,
Дәм тартса қайда бармас бұл тән ғаріп .
Ағымның кездейсоқ боп кезеңіне ,
Қалдыңғой бір жалаға душарланып .

Айнала бір тегереш жүріп жатыр ,
Білерме алдағы істі пәнде пақыр .
Өркім ақ көретінін көрмей отырса ,
Хақ білер бәрі пенде пәнде ғапыл .

Жүрсеңде сауысқаннан сақтық етіп ,
Дұзаққа ілінерсің бір күн ахыр .
Бір құдай пана болып құтқармаса ,
Аңдып тұр қас қабақтан пәлең жақын .

Емессің ала қайғы көптің бірі ,
Қалғаны бейнетіңнің көйлек кірі .
Тең құрбы замандастар жүрген жоқпа ,
Неше боз мыңнан шыққан жігіт гүлі .

Жасымай бұл сапарға жайнай жүрсін ,
Кездесер кезеңіне ойнап күлсін.
Тең құрбы көңіл ашар сонда емес пе?
Не жүйрік топтан озған мың бір дүлдүл.

Егерде нәсіп тартып келсең елге,
Өткізіп ауыр, жеңіл түрлі күйді.
Болмайды бір сағаттан өткен күнің,
Әншейін пендешілік айтар тілге.

Гибрат бір сен үшін мысал сөзім,
Сабыр мен ақыл күш сап ойла өзің.
«Сайранда сергелденде сайран» деген,
Үлгі қыл бабаң айтқан нақыл сөзін.

Оқыдым балам сенің хатыңды алып,
Зейін деп хат жазыпсың атым салып.
Сөзіңде сағынғандық бір белгі бар,
Бегірек бекер емес бәрі де анық.

Тек 1955 жылы Сталин өлгеннен кейін түрмеден босаған. Түрмеде «Томск» лагерінде отырған.

Екінші рет түрмеге қамалғанда соты қазіргі Құмкешу ауылында болған. Шменбай ағаның сотталуы жайлы жергілікті халық жыр ғып айтады. Бүгінгі ел ағалары жасы жетпіске келген азаматтар сот процесін

көзімен көрген. Сот мектеп үйінде 11 күнге созылған. Сотты облыстық сот коллегиясы жүргізген.

Жұмыс барысындағы қатаң талапқа шыдамай әуелі бас араздықтан басталып, аяғы ұйымдасып жабыла қараумен басталған сот кезінде қаралушы топ әр түрлі ерте дайындық жасағаны анықталған. Кейбір малшы-шопандар малын өріске айдап шығып, аттан түсіп, қамшысын жерге қадап, оған өз құлақшынын кигізіп, “Ал, Шменбай, сөйле,” деп өзіне өзі жаттығу жасап дайындалған.

Алғыр да зерек, іскер азамат Шікең колхозға келген күннен бастап қандай жұмыс атқарылды, колхоздың қай шегесі қайда қағылды, үкіметтен не алды, қайда пайдаланды, колхозда кім қандай жұмыс атқарды, бәрін орын-орнымен дәлелдеп, өзінің кінәсіздігін дәлелдеген.

Қаралаушы жақтан ұзын саны 48 адам болған. Көп азаматтар сотқа “Шменбаймен тікелей беттестірсе, ол бізді шалғыша орады,” - деген. Көбі сырттай түсінік беріп, бетпе-бет кездесуден қашқан.

Сот процесі созылған 11 күнде өзін-өзі қорғаған азаматқа сол процеске қатынасып отырған Қостанай облыстық партия комитетінің хатшысы облыстық сот коллегиясы мүшесі Ниязбеков (кейін Қазақ ССР Жоғарғы кеңесі төрағасы болды): “өзінді-өзің ақтап, қасарыса бермей, қойсаңшы,” - деген екен.

Соттауға толық дәлел таба алмағанда сырттан басқа куәгер алдырып, тың айыптар таққан. Сонда Шменбай ағамыз жала жабушыларға шарт қояды. “Егер жалған айыптарыңды алмасаңдар орталарыңнан ойып бетке ұстарларыңды өзіммен бірге ала кетемін” - деді. Оған көпшілік мән бермейді. Әрі сотқа арқа сүйейді.

Шарасы таусылған Шікең “Сендер мені соттатпай қоятын түрлерің жоқ екен, олай болса, осы өзімді қаралаушылар ішінен басты-басты мына азаматтарды өзіммен қоса ала кетемін”, - деген. Ақыры олардың үкімет алдындағы кінәларын дәлелдеп, өзімен қоса соттатқан. Олардың алды 12, арты 10 жылға, өзі 25 жылға бас бостандығынан айырылған.

Осы 11 күнге созылған сот процесінде Шікең бір күн жасып жалтақтамай, мұқалмай қолын артына ұстап, қасқайып қарсы қарап жауап беріп тұрған.

Сот шешімі оқылғанда сот процесіне бастан аяқ қатынасып отырған бір кейуана қария: “Әттеген-ай, обал жасадыңдар-ау, жазықсыз азаматты соттаттыңдар-ау”, - деп дауыс қылып еңіреп жылаған екен. Ағайын-туыстығы жоқ ананың әділетсіздікті көріп шыдамай жылауы сол кездегі әділетсіз қоғамның бір көрінісі демеске шараң жоқ. Талайлар солай сотталып кете барған.

Жоғарыда айтқандай Шменбай ақсақалмен «Родник» кеңшарында 11 жыл көрші болсам, қазіргі Құмкешу ауылында ауыл ағасы, елдің құрметті азаматы болған марқұм Исмайлов Аяхметпен 12 жыл көрші тұрдым, қызметес, сыйлас болдым. Өтірік айтпайтын, мінезі тік, айтатын ойын бүкпелемей бетіңе тік айтатын қарияны алғаш көргенде сырттай тосырқап жүрдім.

Шменбай ағаның сотталуына кезінде атсалысқан азамат екенін бұрыннан естігем. Кейін сыйласа, сырласа келгеннен кейін Аякеңнен болған жағдайды сұрадым. Ол менің сұрағым да турасын айтты.

“Қателік екі жақтан да болған шығар, бірақ біздің қиянатымыз ерекше болды. Оны Шікең кешірді. Елге оралған соң ауылға келіп, үлкендерге сәлем беріп, арада түсінбестік болмасын деп екі жақты татуластырды,”- деп отыратын жарықтық. Аякең Шікеңді ерекше сыйлайтын. Осы екі асыл азаматтың жұмыс барысындағы оғаштықты, қателікті түсіне білгені кейінгі ұрпаққа үлгі еді түсінгенге.

Аяхмет қария 1975 жылы «Родник» кеңшарында қайтыс болған, Нәнжіл Шашанбайдың Рахметінің інісінен туатын Ахметтің Қасымының жаназасына барғанда Шменбайдың үйіне барғандарын еске алады. Ол уақытта Шікеңнің інісі Балғатайдың қайтқан кезі. Көңіл айтып шығайық деп ауылдан барған ағайындар Шменбайға барады.

Шікең жүгіріп көрпе салып, дастархан жаяды. Дастарханға арақ келеді. Бірақ барған кісілер ешқайсысы араққа ұмтылмай төң-теріс үнсіз қалады. Шікең қанша қолқа салса да ықыластары болмайды.

Сол кезде Аякең: “Ой әкелеріңнің аузын... Шменбайды соттатқанда сайрадыңдар, ал бүгін үлкен басымен жалпақтап отырғанда неге ішпейсіңдер? Асыққандарың кете бер, машинаны жалдап алған мен, осы үйден шай ішпей шықпаймын”, - деп айғайға басады. Аякең де беті бар азамат болатын жарықтық.

Шікең екінші рет сотталғанда елде қалған аяулы жары, екі, баласы уайым-қайғыдан титықтап, Шікең келген соң көп ұзамай көз жұмған. Бейіті қазіргі Есір ауылы жанындағы қорымда.

Бір жылы Шікең екеуміз Аманкелді ауданының «Есір» елді мекені жанындағы үлкен зиратқа соқтық. Шікең ұзақ отырып құран оқыды. “Қарағым, осы жерде алғашқы әйелім Күлнәзия, Ақбалта, Бақытжамал атты балам жатыр. Осылар менің қайғымнан, жоқтықтан, аш-жалаңаштықтан өлді. Заңсыз сот шешімі мені ғана тозаққа салып қоймады, отбасымды да жалмады,” - деп көзіне жас алды.

Шікеңнің «Томск» лагерінде түрмеде отырғанда әйелі мен балаларына жазған хаттары жүрегінді езіп, сай-сүйегінді сырқыратады. Осынша ауыр азапқа, қайғы-шерге қалай шыдады екен деп таң қаласың.

Түрмеде жүріп уайым-қайғыдан есеңгіреп, ақылынан шатасып өзі жатқан жерін таба алмай, басы ауған жағына жүріп кететін кездерінде өлеңмен елге жеткізген.

Осы екінші рет сотталып келгеннен кейін Шікеңді елден жырақ Иманов кеңшарының алыс бөлімшесіне жіберген. Ол жерде де берекелі ісімен алға шығады. Кейін 1960 жылдардың аяғына қарай «Родник» ауылында селолық кеңес төрағасы болған кезінде ауданға Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы келеді. Бір бас қосуда Шменбай Әлшорин деп аты аталады. Сонда Ниязбеков: “Апырым-ай, Әлшорин әлі тірі ме еді,” – деп таң қалған екен.

Бұрынғы сот мүшесіне Шікең қатты әсер қалдырса керек.

1974 жылы 60 жасқа толған мерекесіне бірнеше аудан халқын шақырып, той жасады. Осы тойға қазіргі республика ардагерлер кеңесінің төрағасы Мақтай Рамазанұлы Сағадиев қатынасқан еді. Сол тойды Бөгетбай Әлмағанбетов ағамыз басшы, мен қосшы болып өткізген едік.

Шменбай ақсақал көп оқымаса да көзі ашық, көкірегі ояу азамат еді. Әсіресе, гезет-журнал, кітпты көп оқитын, әңгімеге құмар, өлең шығаратын. Өте зерек адам болатын. Бөлімшеге шыққанда жайылып жатқан қойды отарымен бір шолып, санын шығаратын. Қой санағанда біз бір-бірлеп санасақ, ол кісі 30-40-тан топтап есептеп, жүйріктігін мойындататын. Алдына барған адамды айтқанына көндірмей қоймайтын шешен, тілмарлығы бір төбе еді. Жолдастың, басқа да жақсылардың әңгіме сөздерін жете білетін қатарынан зерек, шешен, шежіре-діндар адам болатын.

Осы кісінің өмір жолы, атқарған жақсы ісі, жаладан көрген бейнеті, тартқан азабы дұрыс зерттелмей келеді. Тіпті жыл сайын аталып өтетін қуғын-сүргін құрбандары қатарында аты нақты аталмай, еңбегі еленбей келеді.

Біздің ортада кімді мақтасаң соның көлеңкесінен шыға алмай, басқаны көрмейтін ауру бар. Болмаса Шменбай Бақбергенұлы Әлшорин еленбейтін тұлға ма? Қай қырынан алсаң да Шікеңнің шоқтығы биік емес пе? Тіпті Шікең туралы Қостанай облысы энциклопедиясына берген мәлімет адам күлерлік, не басы, не аяғы жоқ.

Оқып көріңіз:

“... в1938 как «Вражеский» агент ссылается на Колыму.Отбыв наказание он вновь собирает своих родных в родные места и продолжает мирный труд.

Однако опять орестовывается как «враг народа» и отправляется в ссылку в Сибирь”.

Шікең ағайын-туысының қамы емес, халқының қамы үшін бейнет жасаған азамат.

Қызмет атқарған уақытта іскерлігімен үнемі алға шығып, ауданның Құрмет тақтасына бейнесі ілінген адам. Сол фотоларды кезінде неге жинап, музейге тапсырмаса. Олар әр жерде аяқ асты қалды. Еңбек Қызыл Ту орденімен, бірнеше медальмен, Одақтық көрме медалімен марапатталған азамат.

Әрине, әрбір кезеңдерде жазықсыз жапа шегіп, азап көрмесе, бір емес, екі рет сотталып, бір рет жылға жуық түрмеде отырмаса, кемел азаматтың қоғамға берері көп болған болар еді.

Осындай қуғын-сүргінде жүріп өзінің іскерлігін, алғырлығын, төзімділігін көрсеткен шебер ұйымдастырушылығымен әркез алға шығып отырғанын көреміз.

Басында бостандық болып, бейбіт еңбекке еркін араласса, ешкім жолын кесіп, қақпан құрмаса, Шікеңнің алар асуы да, соған лайық марапаты да жоғары болар еді-ау деп ойлаймын.

Әсіресе, қызылды сүймейтін азамат мен мынандай жетістікке жеттім, сол үшін мынандай награда алдым деп айтпайтын. Тіпті Еңбек Қызыл Ту орденін таққанын көрмеппіз.

Ал қиыншылықта да мойымай, ешкімге көрген қорлығы, тартқан бейнеті жайлы сыр ашпай өмірден озды. Өзі ұнатып көңілі түспесе, кез келгенге сыр ашпайтын. Шменбай қариямен сыйлас-сырлас болған Мұхтар Қажы Қоденов ағамыздың Шікеңнен естіген бір әңгімесе есіме түседі.

Алғаш рет 24 жасында 10 жылға сотталып өзін-өзі ақтап үш жылда елге оралған азамат бейбіт еңбекке араласады. Осы аудан маңындағы бір сиыр фермасында бригадир болып жұмыс атқарады. Міндеті ертелі кеш сауыншылар жұмысын қадағалау, бұзаулайтын сиырларды күзеттіру, күндіз саудыру. Бұл Ұлы Отан соғысының орта кезеңі екен. Бір күні түнгі күзеттегі әйел бір сиырдың бұзауын ұйықтап қалып қатырып алады. Оны Шікең көреді. Уақыттың жаман кезі. Әйел: “Ағатай, айта көрме, мені соттатады ғой,” – деп жалынады. Шікең әйелді аяп, бұзауды көрсетпей құрт дейді.

Осылай уақыт өте береді. Бір күні Шікеңді милиция тұтқынға алады. Сөйтсе, манағы өзі жақсылық жасаған әйел тағы екі бұзауды қатырып алып, белете астына тығып, үш бұзауды ферма бастығына көрсетеді. Кешегі «халық жауы» туған бұзауларды өлтіріп, колхозға зиян келтіріп жатыр деп арыз берген. Осылай екінші рет 1943 жылы қайта қамауға алынып, түрмеде отырады. Ешқандай жазығы жоқ азаматқа ақыры жалған жала жаба алмай, амалсыз босатады.

Тергеу кезінде көрмеген қорлығы болмайды. Ұрады, соғады, бірнеше күн қатарынан ұйықтатпай электр жарығының астына ұстайды, мұзға отырғызады, істемеген істі мойында деп қинайды. Осындай айуандықтың бәріне шыдап, өзінің адалдығын еріксіз мойындатып қамаудан босайды.

Тағдыр Шікеңнің пешенесіне ауыр қиындық жазғанын көреміз. 4 жасында анасынан жетім қалған азамат нағашылары Ожандардың тәрбиесінде өседі. Алғашқы молда алдында бастауыш мектепті де сол ортада алады. “Осы жас кезімде Сәбит Мұқановтың “Мөлдір махаббатындағы” кейіпкерлер Бәтес (Бәтима) пен Сұлтанбекті Қызбелде тұрғанда көрдім,” – деп отыратын.

Он жылдықты қызмет атқара жүріп сырттай бітірген азамат мүмкіндігі болып жоғары оқу орнын бітіргенде мемлекет деңгейіндегі қызметкер болатыны сөзсіз еді. Осындай қайта-қайта тозаққа отырса да, білімі мен білігін, ой қабілетін ұштап отырғанын көреміз. Оқығаны аз, тоқығаны көп дана азамат көптеген өлеңдерді, шығарма кітаптарды желісімен жатқа білетін. Бірде атпен бөлімше аралап келе жатқанда “Төрт дәруіш” атты кітаптың әңгімесін жатқа айтқаны есімде. Міржақып Дулатовтың, Ахмет Байтұрсыновтың өлеңдерін жатқа білетін.

Әрине, ол уақытта Шікеңнің сұңғыла ақын, терең ойлы “шайыр” екенін білмейтін едім.

Әңгімені қалай жүйелі айтса, айтушыны да сондай ықыласпен тыңдайтын. Қолы боста келіп: “Ал, қарғам, қандай кітап оқыдың?” – деп

сұрап, әңгімесін тыңдайтын.

Айтқан әңгімем ұнаса батасын беріп, марапаттап мерейімді өсіріп отыратын. Өте кітапқұмар адам еді. Адамның сөз сөйлеуінен, жүріс-тұрысынан бақылап баға беріп отыратын психолог адам еді.

Шаруашылықты аралағанда жіберген кем-кетікті нақтылап, енді қайта жібермейтіндей етіп тианақтап кетуші еді, жарықтық.

Жұмысты басқару мен ұйымдастыруда үлкен тәжірибе жинақтаған осы өлкедегі бірден-бір азамат болатын.

Осы Шменбай қарияның фотосуретін көрген сайын Әлихан Бөкейхановтың түрмеде түскен бейнесі көз алдыма елестейді. Бір-біріне өте ұқсас тұлғалар. Мүмкін, ұлы адамдар ұқсас болар.

Шікең 90-нан асқан жасында өмірден озды. Жұбайы Қуаныш апай балаларының, немере-шөберелерінің нұр-шапағатына бөленуде.

Шарипасы жалындап тұрған шағында апаттан көз жұмды. Ғалымы әкімшілік қызметкері, Сәлім – кәсіпкер, Естайы Астанада үлкен мүсінші, Жұмазия – ұлттық қауіпсіздік комитетінде, Шынары республика прокуратурасында қызметкер.

Соңынан ерген жалғыз інісі Балғатай да жалындаған жастық шағында 32 жасында көлік апатынан 1974 жылы 17 тамызда көз жұмды. Артында аяулы жары – Розасы, өрімдей төрт баласы – Дүйсен, Рамазан, Салтанат, Жанаттары алды 6 жаста, арты үш айлығында әкеден қалған еді. Балғатай өрімдей жас, ақжарқын адамгершілігі мол, бауырмал азамат еді. Балғатай қайтқанда қаралы митингіде Шікеңнің сөйлеген сөзі әлі құлағымнан кетпейді.

Тарығып жүргенде, зарығып жүргенде, қапаста жүргенде соңымнан ерген бауырым еді, қанатым еді деп егіліп сөйлегенде сол жерде солқылдап, еңіреп жыламаған адам болмады.

Бұл қиындықты да Шікең көтерді. Інісінің балаларын өз балаларынан кем етпей асырап қатарға қосты. Дүйсен Шіменбай әкесінің бауырында болып үлкен тәрбие, ұлағатты өнегені үйренді. Озық ойлы, алғыр іскер өрелі азамат болды. Қазір Дүйсені заң қызметкері, Рамазаны, Салтанаты, Жанаты елде әр салада қызмет атқарады. Роза замандасымыз бүгінде немерелерінің нұр-шапағаты мен балаларының жақсылығымен марқаюда. Шменбай ақсақал жалғыз өзінің отбасы емес барша ағайынға қамқор болған абыз адам. Әлшораның Смағұлынан тарайтын әулетке үнемі басшылық жасады. Інісі Серік пен келіні Нәшира Айымкүл, Бақыт, Сағынтай, Әсет, Ботагөз, Шырын, Батыр атты балаларды өмірге әкелді. Кәзір балалары бір – бір үй.

Серіктің анасы Бибіғайша апайда өте бауырмал тамаша адам болатын жарықтық. Апай Көкалаттағы атақты ұста Мұханбетқалидың қызы еді жарықтық.

Шүкір, Шікең бүгін ортамызда жоқ болса да артында мол мұрасы, аңыз, әңгімелері, атқарған игілікті іс қалды. Басқасын айтпағанда, Торғай, Қостанай өңіріне жақсы ісімен танымал еліміздің абзал азаматы еді, жарықтық.

ДАРА ТҰЛҒА

Социалистік Еңбек Ері Тарғынбек Жәкенұлы туралы



Жерлесіміз Тарғынбек Жәкенұлы Тілеулин тірі болса, 2008 жылы 27 желтоқсанда 66 жасқа толар еді. Ағайын-туысы, ел-жұрты батырын қолпаштап, мерейін өсірген болар еді-ау. Әттең, Тарғынбек бұл жалғанда жоқ. Кешегі 1949 жылы Аманкелді ауданынан 14 Социалистік Еңбек Ері шығып, аудан даңқын республикаға әрі Одаққа таратқан болатын. Бүгінде оларды ортамыздан көре алмаймыз.

Аттары да ұмытыла бастады. Араға 27 жыл салып жерлесіміз Тарғынбектің Еңбек Ері атанып барша Торғай облысының мақтанышы болғаны анық. Енді озаттарға Қазақстанның Еңбек Ері атағын беріп, ел мерейі өсіп жатыр. Бұл қуантарлық шешім.

1976 жылғы 6 наурызда қарапайым жүргізушіге Социалистік Еңбек Ері атағын тапсырып тұрып, өрімдей жас, нар тұлғалы азаматқа қарап, Торғай облыстық партия комитетінің сол кездегі бірінші хатшысы Сақан Құсайынов «Қарағым, бұйырса, бұл атақтың екіншісін де аларсың» деп тілек айтқан екен. 34 жасында Еңбек Ері атанған.

Тарғынбектің денсаулығы жақсы болып, өмірден ерте озбағанда, екінші рет Еңбек Ері атануы бек мүмкін еді. Өйткені, ол жасаған еңбегі соған лайық азамат.

Бүгінгі ұрпақ, қазіргі жастар осы бір абзал, еңбекқор азаматты біле бермейді. Сондықтан өзім білетін, талай сапарлас, дәмдес болған Тарғынбек, оның еңбегі жайлы толғағым келді. Ардақты азамат көзден кеткен соң көңілден де кетіп, нар тұлғасы көмескі тартып барады.

Мемлекет басшысы еңбек озатын мерейлендіріп жатқанда, неге біз өз асылымызды ардақтамаймыз.

Тарғынбек 1942 жылы 27 желтоқсанда Аманкелді ауданының, Үрпек селосында дүниеге келген. 1959 жылы орта мектепті бітіріп, кейін №154-ші аудандық кәсіптік-техникалық училищені бітірген.

Тарғынбек – атақты Кейкі батыр (Нұрмағанбет) Көкембайұлының әулетінен шыққан азамат. Кейкі халық батыры болса, Тарғынбек еңбек батыры.

Құлан Тілеулінің Жәкенінің отбасында дүниеге келген азамат, ерте есейіп, еңбекке араласқан. Әкесі Жәкен Аманкелді батырдың сарбазы болған. Барлық саналы ғұмырында аудандық автобазада жүргізуші болып, алдыңғы қатарда жүрді.

Әке-шешесінің 1963-1965 жылдары «Родник» кеңшарының Көшкімбай бөлімшесінде тұрғаны есімде.

Батыр әулетінен шыққан Тарғынбек те, ағасы Тарғын да, інісі Сәрсенбай да ерекше жаратылған нар тұлғалы ірі азаматтар қатарынан саналатын. Қай елге де «Міне біздің Қазақ азаматы» деп көрсетуге лайық: алып денелі, ұзын бойлы, жауырыны қақпақтай, екі иығына екі кісі мінгендей, сымбатты батыр тұлғалы азаматтар болатын.

Тарғынбекті көргенде ел қорғаған батырлар тұлғасы келеді көз алдыма. Аузы ауыр, артық сөз сөйлемейтін. Ірілігі сондай, 1985 жылы Қазақстан Компартиясының XV-съезіне барарда Тарғынбекке аудан қоймасынан көлемі үлкен бас киім таба алмағанымыз бар.

Бейнетқор азамат үнемі алыс жолда жүріп, бесжылдық жоспарларды артығымен орындады. Үлкен жүк машинасына бір тіркеме, кейін екі, кейде үш тіркемеге дейін тіркеп, бір қатынағанда 100 тоннаға дейін жүк тасуға қол жеткізді.

Үкімет тарапынан еңбегі үнемі еленіп отырды. 1971 жылы Тарғынбек Еңбек қызыл ту орденімен марапатталады. Аудандық, облыстық кеңеске бірнеше мәрте депутат болып сайланды. Үнемі алдыңғы шепте тұрған Тарғынбек – сый-сыяпаттан шеттеген жоқ. Ол уақытта адал еңбек жасаушыларға Құрмет, ілтипат аса жоғары болатын. Басшы мінбеген машинаға сол мінетін, басшы бара алмаған демалыс орнына еңбек озаттары баратын. Торғай облысынан КСРО кәсіподақтарының XVI съезіне делегат болып қатысып, Кремльдің Съездер сарайында сөйлегенін білеміз.

Үнемі еңбекпен есейген азамат қыстың суығына, жаздың ыстығына төзіп, ауыр жұмыс, алыс жолдарға сапар шекті. Тапсырылған жұмысты абыройлы атқарды. Себебі Тарғынбек қандай жұмысқа да тиянақты, жауапкершілігі мол, сенімді азамат. Жыл өткен сайын қол жеткен табысы да еселене түсті.

Жоғары атақ Тарғынбекке үлкен сенім артты. Тәкең оны да абыроймен ақтады. Торғайдың астықты алқабына үш тіркемемен жүк тасыған Тарғынбек есімі газет бетінен түспеді.

Еңбек майталмандары арасында Тарғынбек атында жүлде тағайындалса нұр үстіне нұр.

Ол алдымен өз ауданында, өз облысында қолдау табу керек.

Қиын жұмыс, алыс сапар, ауыр машина, бірнеше тіркеме Тарғынбектің денсаулығына кері әсерін тигізгені анық. Сырқааттанып жүрсе де, абыроймыды түсірмеймін деп еңбектен қол үзбеген азаматтың өмірі кешегі тоқырау заманына тап келді. Аудан халқына қызмет жасап тұрған автобаза «Ұстағанның қолында, тістегеннің аузында» кетті. Тарғынбек машинасын алды да, елеусіз өмір кешті.

Қиналып жүрумен балаларын техникаға баулып, қатарға қосты. 1999 жылғы маусым айында 56 жасында дүниеден озды. Артында сыйлас ағайыны, дос жараны, жанұясы тәрбиелеген 7 баласы қалды. Шүкір, қазір балалары әп-әдемі ержетті.

Атқарған жұмысы, жасаған жақсылығы халық жадында.

Бақиға аттанғанына 10 жыл болған асыл азаматты естен шығармай, игілікті ісін ұмытпағанымыз абзал.

Тарғынбек – Торғай, Қостанай өңірлерінің мақтанышына айналған тұлға. Ұлы Жаратушы марқұмға иман, артындағы елі мен ағайынына жақсылық шапағатын бергей.

ҒАРИФОЛЛАДАЙ ӘНШІ ТУАРМА

Бір хат бүккен сыр

Бала кезімізде телевизор жоқ, әр үйде сыммен тартқан шағын жарға ілетін радио тұратын.

Осы радиодан қашан ән беріледі деп телміріп отыратынбыз. Диктор эфирде Ғарифолла Құрманғалиев дегенде жұрт айғай –шуын тоқтатып, ішкен асын алдына қойып, сілтідей тынып Ғарекенді тыңдайтын. Әннің ырғағына қарай қосылып, өнерлі жастар Ғарифолла әндерін жатқа айтатын. Әсіресе Мұхиттің әні “Зәурешті” айтқанда қарттар жылап отыратын еді.

Сиректе болса кинодан жүзін көріп, мәз болып қалатынбыз.

Ғарифолла Құрманғалиев ән өнеріндегі қайталанбас тұлға екеніне ешкім дау айта алмас. Халқы ынтыға тыңдайтын, әнін сүйетін бір азамат осындай-ақ болар. Бірде көпшілікпен әңгіме дүкен құрып отырғанда “Қара шал” әні, оның шығу тарихы жайлы біреулер әңгіме қозғады. Әңгіме арасында осы “Қара шал” өлеңі атақты әнші Ғарифолла Құрманғалиевқа арналған ол кісіні қарттар үйіне өткізіпті деген сөзді естігенде төбемнен жай түскендей әсер етті. Опырай бұл қалай болғаны басқа – басқа ал халықтың ардақтысы Ғарекенді қарттар үйіне өткізу деген не сұмдық деген ой мазалап манағы әңгіме қозғаған азаматпен дауластым.

Ол қолмен қойғандай-ғып маған дәлелдеді. Көңілім құлазып, салым суға кетіп үйге келдім. Көз алдымда қарттар үйінің бұрышында кісіге пенде болып, жасып, жабырқап, мұқап, мұңайып, бүктісіп отырған имиген қара шал келеді. Қой мүмкүн емес, мүмкүн емес деп іштей қайталай бердім.

Қос жанары найзағайдай жарқылдаған, қыран қанат күміс көмей, жез таңдай әнші ешкімге керек болмай, тағдырдың тәлкегіне түстіме. Бұл заман не болып барады деп қынжылдым. Бұл 90-шы жылдардың бас кезі болатын. Жатсам тұрсамда көз алдымнан бейнесі, құлағымнан әні кетпеді. Кеңес үкіметі ыдыраудың алдында тұрған кезең.

Бір күні таңертеңгі шай үстінде атақты әнші Ғарифолла Құрманғалиевті Алматыдағы қарттар үйіне тапсырыпты “Қара шал” деген өлең сол кісіге арналған екен деп сөз қозғадым. Үйдің ішінде аяушылық білдірді. Егер қарсы болмасандар мен сол кісіні алып келіп бағамын деп өз шешімімді айттым. Шешемде, әйелімде үнсіз қалды. Біраз отырғасын

шешем, қарағым өлмелі мен бармын, өзіңнің сегіз балаң бар, әйеліңде жұмыс жоқ, сен ол кісіні қалай әкеліп бағасың. Ол сенің бағуыңа көнеме? Елге жұртқа масқара болмайсыңба деп бір тоқтады.

Мен егер қарттар үйі берсе бағуға бел буатынымды, алдымен “Егемен Қазақстанға” Ғарифолла жайлы сұрау салып хат жазатынымды айттым.

Ақыры “Егемен Қазақстанға” суретімді салып хат жаздым. 18 мамыр 1990 жылы “Егемен Қазақстан” газетінен хат келді /хат менде сақтаулы/.

Хатта: “Құрметті Ш.Байділдин жолдас! Ғ.Құрманғалиев жөнінде сұрау хатыңызды алдық. Бұған не деп жауап берерімізді де білмейміз. Тағдыр солай болған соң не шара!” Әдебиет және өнер бөлімінің қызметкері А.Бокенов қол қойған.

Осы хат бірталай азаматтарға ой тастаса керек.

Редакциядан келген хаттың жауабына қарағанда Ғарекен қарттар үйіне барып, осы хаттан кейін өз ошағына оралған болуы керек. Кейінде Еркеғали Рахмадиевтің және өзінің балаларының мақалалары шығып Ғарифолла тағдыры жайлы балаларының өз қолынан мәпелеп бағып, ақ жуып, арулап қойғаны жайлы жазылды. Дегенмен Ғарифолла ағамыздың жалындап тұрған кезінде жеке видеофильмге түсіріп, әндерін өз орындауында жазып, ән айту, домбыра тарту мәнерін талапты жастарға ұсынғанда нұр-үстіне нұр болар еді. Өкінішке орай асылды жоғалтып, аяулыдан айырылған кезде ғана қап - әттегенай дейтін жайбарақат халықпыз.

ДАҢҚТЫ ЗЕҢІРЕКШІ

*Даңқ орденінің иегері Хамитбек Кенжесұлұлы
Жекебатыровтың ерлігі жайлы*

Алдағы 2010 жылдың 9 мамырында Ұлы Жеңістің 65 жылдық мерекесі аталып өтпек. Кешегі сұрапыл қанды соғысқа қатынасып бұл күнді аман-сау көретін соғыс ардагерлері саны өте аз. Осыдан 10-15 жыл бұрын әр ауылда ондаған соғыс ардагерлері болса бүгінде біреу-екеу ғана. Кей ауылдарда жоқ.

Көптеген аяулы азаматтар көзден кеткен соң көңілден кетіп, аттары ұмыт болып барады. Оларды тек жеңіс күні ғана еске алып, әруағына құран бағыттаймыз! Басқа уақыттарда есте бола бермейді. Олардың ерлігі, не үшін, кім үшін қыршын жасын қиғаны ескеріле бермейді. Күні кеше көз алдымызда болған соғыс ардагерлеріне лайықты ізет, құрмет көрсете алдықпа деген сұрақ ойға орала береді. Кешегі алапат қырғын соғыста асқан ерлік жасап, аман сау елге оралған соң бейбіт еңбекке араласып, мен

сондай ерлік жасадым деп кеудесін ұрмай, томаға-тұйық өмір кешкен, елеусіз өмірден өткен азаматтар қаншама?

Сондай аты көп аталмай келе жатқан соғыс ардагерлерінің бірі, әрі бірегейі Кенжеғұлов Хамитбек Жекебатырұлы. Көзі тірі болса бүгінде 87 жасқа толар еді. Өкінішке орай 2004 жылдың ақпанында дүниеден озды.

Хамитбек Жекебатырұлы 7 қараша 1923 жылы Аманкелді ауданы, Сары Қошқар батыр отаны “Қабырға” өзені бойында сол әулеттің бір атасынан тарайтын отбасында дүниеге келген әкесі Кенжеғұл Сары Қошқар батырдың немересі – Бижанның үйінде тәрбиеленіп, сол отбасын енші алды.

Сегіз кластық білім алған ардагер Ұлы Отан соғысына 15 сәуір 1942 жылы соғыстың қызған шағында алынып, соғыстан 15 маусым 1946 жылы ғана туған ауылына 2-топтағы мүгедек болып оралды.

Соғысқа алғаш Сталинград түбінде кіреді. Қатардағы зеңбірекші, ефрейтер болып 97-гвардиялық артеллериялық полкта, 96-гвардиялық атқыштар девизиясында 76 мм гаубицаны, 85 мм зеңбіректі, 122 мм, 152 мм гаубицалық зеңбіректі меңгеріп, соғыстың аяғына дейін зеңбірекші – көздеуші болады. Жоғарыда айтқандай, алғаш Сталинградта, Брянск майданында, Прибалтикадағы Клайпеда, соғыс аяғына таман Калининградта теңіз жағалауындағы алысқа ататын ауыр артеллерияда айрықша ерлікпен қызмет атқарды.

Зеңбірекшінің соғыс алаңындағы алатын орны өте ерекше. Жаудың алғаш нысанаға алатыны да осы ауыр артеллерия тізбектері екені анық. Соғыста жау бекіген жерді нақты тауып, дөп басып, тұтқиылдан шабуылдап, қарсыласын астын үстіне, үстін астына шығарып, талқандап, сол арқылы шабуылға жол ашатын осы артиллеристер.

Көлемі үлкен, көзге тез түсетін қаһарлы қаруды аман сақтай отырып, оны ұтымды пайдалану әр жауынгердің ептілігіне, білгірлігіне, батылдығына байланысты. Бұл күрделі міндетті соғыста болған адам ғана білетін болар.

Соғыс жайлы әңгіме сұрағанда: “Ой, қарағым-ай соғыстың сұрапыл ауырлығын жан түршігерлік азабын көзбен көрмеген адамға сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес” – деп күрсінетін.

Ауыр артеллерияны меңгерген жауынгер өмірі үнемі қыл үстінде тұратын. Соғыстың қайнаған ортасында 7 наурыз 1943 жылы Брянск облысының Белый деген қаласы жанында сол жақ иығынан ауыр жарақат алып, соғыстағы аса ерлігі үшін “Ерлігі үшін” медалімен марапатталып, елге демалысқа жіберіледі. Елге демалысқа келгеннен кейін іш сүзегінен қатты ауырып, өлім аузынан бір қалады. Ұлы Отан соғысында аса қаһармандық пен ерлік көрсеткен жауынгерлерге Совет Одағының батыры атағы берілген. Ал, Даңқ орденінің үш дәрежесін алған қаһарман осы жоғары Батыр деген атаққа теңестірілген.

Ұлы Отан соғысындағы аса ерлігі үшін Кенжеғұлов Хамитбек Жекебатырұлы “Даңқ орденінің 3-ші дәрежесімен”, “Ерлігі үшін” медалімен, “Германияны жеңгені үшін” медалімен, “Отан соғысы

орденінің 2-ші дәрежесімен”, “Жуков” медалімен, Соғыс, Еңбек ардагері медалімен, Лениннің 100 жылдық мерекелік медалімен және ондаған медаль, грамоталармен марапатталған.

Туған ауылына жарақатпен оралғаннан кейін мал маманы, есепші, бөлімше меңгерушісі, кассир болып барлығы 52 жыл тиянақты еңбекке араласқан. Бүкілодақтық көрмеге, облыс, аудан көлеміндегі жиналыс, конференцияларға делегат болып қатысқан. Ардагерлер кеңесін басқарған. Елге қадірлі, үлкенге сыйлы, кішіге қамқор аға болатын. Ағайын-туыс қатты құрметтейтін. Батырға біткен бірбеткейлігі мен әділдігін, тура айтатын өткірлігін бағалайтын. Бір ұл, бір қыз тәрбиелеген, немере-шөбере сүйген үлгілі отбасы амандық біліп сәлем бермей кетпейтін.

Өмірде үнемі сәттілік бола ма, қартайған шағында жұбайы Жұмазия дүниеден озды. Араға аз уақыт салып ұлы Тайғара көз алдында машина апатынан көз жұмды. Кешегі сұрапыл соғыста қайыспаған қайсар азамат қайғыдан бүгіліп, қос жанарынан айырылып отырып қалды. Аяулы баласы Орынкүлі мен күйеу баласы Жанат алақанға салып аялап бақты. Ағайын-туысы қоғадай жапырлап, құрмет қызмет көрсетті. Ауыл, өзі қатар дос-жараны аса қадірлейтін аяулы азамат өз туған ауылында дүниеден озды. Кезінде соғыстағы ерлігі тиісті бағасын алды ма, жоқ па, ол өткен күндер еншісінде қалды. Тиісті құзырлы орындар осы кісінің осындай ерлік жасағанын білді ме екен деген ой мазалайды.

Болмаса “Даңқ” орденін алған санаулы азаматтар тізімі неге Қостанай облыстық энциклопедиясына кірмеске.

Әу деп екі ауыз өлең айтқан, не болмаса бір ауданды бірер жыл басқарған азаматтар аты Құрметті кітапқа кіргенде Отан алдындағы азаматтық борышын адал атқарып 3 жыл от пен оқтың арасында жүрген.

Айтсақ жаудың үнемі қарауыл бақылауында тұратын алыс қашықтыққа атқылайтын теңіз жағалауы зеңбірекшісі болу екінің біріне сеніп тапсырыла бермеген.

Ерлігі мен өрлігі, батылдығы мен батырлығын әскери бөлімі бағалап награда беріп елеп ескеріп жатқанда, ардақты азаматымызды біздің ескеріп атын атамауымыз ардагерлер алдында айып екені анық.

Ардагер Кенжеғұлов Хамитбек Жекебатырұлына мұражайдан орын, ауылынан көше берілсе, атын мәңгілікке қалдырса барша ардагерге деген ізет-құрмет болар еді.

ЛЕНИНГРАДТЫ ҚОРҒАҒАН, НАРВАНЫ АЛҒАН, БЕРЛИНГЕ ШАБУЫЛДАҒАН ЖЕРЛЕСІМІЗ ИМЕКЕНОВ КӘЖЕННІҢ ЕРЛІГІ ЖАЙЛЫ

Жеңіске 65 жыл

Бүгінде халқымыз бейбіт өмір сүріп, кешегі Ұлы қан төгістің жеңіспен аяқталғанын жер-жерде атап өтуге дайындалып жатыр.

Иә, соғыс аяқталғанымен әр шаңыраққа түскен салмақ, өшкен шырағы, артта қалған жесір қасіретті, жетім болып өскен ұрпағы кешегі қасіретті күнді ұмыта қойған жоқ, ұмытылуыда мүмкін емес. Бір жерде дастархандас болған әйел адамның аты Нарва екенін естіп таң қалдым. Апырау - әйел адамның атын Нарва қойғаны қалай деп жөн сұрадым. Әкесі соғыста Эстонияның Нарва қаласында жан алып, жан беріскен соғыста көптеген жолдастарынан айырылып, елге аман-есен келген соң баласының атын Нарва қойған екен.

Әкесінің соғыс кезінде ұқыптылықпен жазып сақтаған қолжазбаларын әкеліп көрсетті. Әр сарғайған парақты ақтарған сайын «Отан үшін» деп айқайлаған жауынгер дауысы құлағыма келіп, аласапыран қиян-кескі соғыс көз алдыма елестеді.

Жангелдин ауданының бұрынғы «Албарбөгет» бүгінгі «Тәуіш» ауылынан 1943 жылдың көктемінде соғысқа он жігіт бірге аттанады.

18-ші Қызыл тулы Бас қолбасшының резервіндегі Гашинский дивизиясына қарасты 42-миномент бригадасының 532-миномент бөлімінің карауында расчет командирі болып, 9 сәуір 1943 жылы соғысқа кіреді.

Сол кезде Ленинград фронтын Маршал Говоров, дивизияны генерал майор Казнов, бригаданы екі мәрте Совет Одағының батыры полковник Киршетов, полкты майор Волков, полк штабын Горбачев деген кісілер басқарған.

Ленинград қаласының қоршаудағы кезі. Бұл әскерлер 1 қаңтар 1944 жылға дейін Колтын қаласының жанындағы Октябрь темір жолы бойын қорғаған. Ленин қаласынан жеті шақырым тұратын Урицкий қаласына бекініс жасап, 2 –ші қаңтардан 13-ші қаңтарға дейін дайындалып, 14-ші қаңтар күні таңғы сағат бесте миномет артеллериадан шабуылдап, шабуыл 5 күнге созылған. 19 қаңтар күні жау әскері 3 жылдай бекінген бекіністі тастап қашып шығады. Жау соңынан қуа түсіп, Эстонияның Нарва қаласынан 18 км. тұратын Киндисайске дейін атыса қуып, Эстон шекарасына шығып, Нарва қаласына 6-шы ақпанда шабуылдаған.

Миллионға жақын халық тұратын үлкен Нарва қаласын алуда көп қиындыққа кездесіп, Нарва өзенінен өту өте қиындық туғызады. Миномент батериясынан көптеген адамдар оққа ұшады. 11 адам ауыр жараланады. Өзімен бірге барған Ділдәбек Байменов (Еңбек совхозынан), Байғали Маженов (Откорм совхозынан) оққа ұшса, Амангелді ауданынан Сұрша Жүсіпов жараланды.

Осы кезден бастап дивизия Ленинград майданынан шығып, II Белорусь майданына Маршал Ракосовскийдің қарамағына беріледі.

Нарваға баратын тас жол мен темір жолды алып, жаудың қатынасын ұзу дивизияға жүктелді. 6-шы наурыз күні Нарва қаласына қайта шабуылдап, ақыры көп шығынмен қаланы алады. Көптеген достары қазаға ұшырайды. Осылай қырғын қан төгіспен 14 қаңтар 1945 жылы Варшава қаласын жаудан азат етеді. Варшаваны азат етуде Советтің 600 000 солдатты өлген. Сол күні таңертеңгі сағат 7-де басталған соғыс түскі сағат 1-ге дейін созылып, жау артеллиясы соққыға төзе алмай қару жарағын, жаралылылары мен өлгендерін тастай қашады.

Жау сол қашумен 17 қаңтар күні Висла өзеніне келіп паналайды. Өкшелей соғыс жүргізе отырып 28 қаңтар күні Висла өзенінің арғы бетіне өтіп, Висла-Одер өзенінің арасын жаудан тазартады. 27 ақпан 1945 жылғы шабуылда Помиранск бағытындағы Шлангау, Штегерес, Хаммерштейн, Вольденбург, Бублиц, қалаларын азат етіп неміс әскерлерінен тазартуға қатынасады.

Өз ісіне тианақты, сауатты азамат әрбір соғыс қимылдарын қалт жібермей қалтасындағы дәптерге жазып отырған. 9–12 наурыз күндері күрделі шабуылдан кейін Штолп, Лауенбург, Вехарева қалалары босатылады. Осылайша жау әскерлерін ығыстыра отырып екі өзеннің қиылысындағы Балтық теңізіне қуып тығады. Жау әскері теңіз құйылысындағы портты қала Гдына – Данцига қаласына топталып алдағы соғысқа дайындалып жатады. Бұл құйылыстағы Гдына – Данцига қалалары немістің ең үлкен маңызды бекінісі болатын.

Имекенов Қажен ағамыз соғыса жүріп сол маңызды жерлерді қағаз бетіне түсіріп, оның ерекшеліктеріне тоқталған. Бұл бекіністің басты ерекшелігі екі өзеннің арасы, таулы-тасты, өзенді сай-саласы, аралды берік бекіністі жер болса, екіншіден бұл ірі портты Балтық теңізі арқылы параход жүретін, әрі параход заводы бар соғыс күшін су жолымен қамтамасыз ететін немістің бірден – бір соғыс базасы және үлкен әскери әуе базасыда осы жерде орналасқаны жайлы нақты деректер келтіреді. Берлин қаласы жолындағы берік тас қамал осы қаланы алмай Берлинге шабуылдау мүмкіндігі жоқтығы аталады.

24-28 наурыз аралығында бес күн бес түн шабуылдау нәтижесінде осы екі қаланы талқандап, жаудың параход, самолеттерімен соғыс құралдарымен қоса жүз мыңдаған солдаттарын қолға түсіреді.

Гдына-Данциганы босатқаннан кейін бұл армия II Белорусь майданынан яғни Рокосовскийдің қарауынан I Белорусь майданына Маршал Жуковтың қарауына беріліп Берлинге шабуыл жасау үшін 3 сәуір күні «Одер» өзенінің Берлин жақ бетіне орналасады. Өзеннің әр жерінен ондаған көпір паромдар салады. өзеннің жалпақтығы кей жерде 350 метрге жеткен.

Осы әскери бөлім Берлин қаласынан 60 шақырым жерде болған. Одердің жағасына орналасқаннан кейін 24-ші сәуірге дейін шабуылға дайындалып миноменттерін баптап барынша дайындалады. Осы жерден

оқырманға Иmekенов Қаженнің сұрапыл жылдарда 1945 жылы өз қолынан жазылған естелігін еш өзгеріссіз беруді жөн көрдім.

«Берлинге шабул жасауды біздің командирлеріміздің айтуы бойынша сол кезде былай жобалаған еді. Ашып айтқанда: I Белорусь майданының ұзыны 100 шақырым, ені 20 шақырым. Осы көлемнің әрбір квадратының 100 метр жерлеріне бір орудия орналасқан. Аспанда әуе соғысы да осы тәртіппен орналасқан. Осы бағытпен 24-ші сәуір күні таңғы сағат төртте шабуыл басталды».

Ай қараңғы еді, прожектор күндізгіден де, электр шамынан да дүнианы жарық қылды.

Жерде неше түрлі калибрлі орудияның дүмпу дауысы, танкінің гүрілі, аспанда самолеттің ызыңы, бомбаның, снарядтың жарылу дыбысы катюшаның отшашқан ащы гүрсілі, не керек қара жер дірілдей теңселіп шайқалғандай әлемге жаңа үн бітіп күніренгендей, дүниа енді осы қалпында тұра берсе астаң-кестең боп аударылып кететіндей жағдайда болды.

Жайшылықта аяқ бассаң қозғалмайтын жалпақ қара жер үстінде жүрген бізге іші қуыс нәрседей дүңкілдейтіндей дыбыс әсерін береді. Жер үгітіліп кететіндей сезінесің, қорғалайсың.

Солдаттарда қорқу, қаймығу, бұғу, үрейленудің бірі де жоқ. Оқтан, өлімнен сескенбейді, бейбіт өмірде жүргендей аяқты еркін басады. Ойдағы мақсат жауды жеңіп кегін қайтару, Берлинді алып Совет туын желбіретіп тігу. Басқа еш бір ой болмайтын. Бұл шабуыл кезінде ел-жұрт, семья, туған жерді ойлау түгелдей есте жоқ. Жеңістен басқа тілек жоқ. Бұл сияқты ерлікті, бірлікті, Отанын сүйуді, жауға өшпенділікті, өз еліне шын жүрегімен, қанымен жанымен берілгенді бірінші рет осы шабуылда көрдім.

Ұрыс, дамылсыз атысқа шыдамай 120 мм минометіміздің стволы қызыл шоқ болып кетті. Атуға жарамаған соң жарты сағат сайын суық су құйып суытып аттық. Бас аяғы 6 сағат атқаннан кейін отбой болды. Жау қашты, біз тұра қуып жөнелдік. Жолшыбай соғыс болған жерде, қаланы, елді -мекенді баса жүріп көрдік.

Далада, жолда, қалада бірде сау жер жоқ, топыраққа дейін бықсып жатыр, қарақұйқа, мақұлық, бүтін бұта, күймеген, өртенбеген, жойылмаған бірде-бір зат көрмейсің. Одер Берлин арасы 60 шақырым дедік, осы екі арада өртенбеген зат жоқ.

Берлинге жақын пригородқа 3 күн жатып, тынығып 29 апрель күні ертенгілік Берлиннің түбіндегі Шпеере өзеніне келдік, көпірден өтіп Берлинге кірерде күшті көше соғысы болды. Сол көше соғысында біздің командир бригада екі мәрте Совет одағының батыры Полковник Кирчетов ерлікпен қаза тапты (осы батырдың ерлігі мен батырлығы жайлы «Берлинге шабуыл» деген кинода көрсетіледі. Ш. Б.).

Көше соғысы басылған соң күніне бір-екі километр ілгерлей Рейхстагқа 7 километр қала ішіне кіріп орналасып 1, 2, 3 май күндері май мейрамын өткізіп, 4 май күні бізді Берлиннен 48 км жердегі ағаш

арасындағы лагерге апарып сонда соғыс- жаттығу оқуында болып, 9 май күні жер жүзіндегі халықтың жауы фашизмнің күлін көкке ұшырып, Берлинді алып Германияның сөзсіз құрығаны туралы жеңіс тойын тойладық.

Осыдан 65 жыл бұрын сұралып соғыста болып, бастан өткерген қиындығы мен жауынгерлер қаһармандығын ұқыптылықпен қағазға түсірген жауынгер азамат Берлинде шетел солдаттарымен екі рет экскурсияда болған. (Рейхстагтың талқан болғанын көріп елге аман-есен оралған.

Полк командирі Волковпен, саяси бөлім бастығы Иващенкомен Полктың орынбасары Мыльниковпен, қазақ жігіттері Әлібек, Дәкеш, Бүркіт, Ислам, Торғайлық Ашенов Жұмашай, Досжанов Досмадияр, Сейдалин Қадырбектермен 18 августа поезға отырып елге 2 сентябрь 1945 жылы келеді. Кәжен Имекенов соғыстағы ерлігі үшін екі рет «За отвагу», бір рет «За боевой заслуги», «За оборона Ленинграда за взятие Берлина», «За победа над Германий», «за оевобождение Варшава» медальдарымен және бірнеше медаль, алғыстармен наградталған.

Соғыстан елге келгеннен кейін алғашқы туған қыз баласының атын Нарва үшін болған соғыста қаза болған достары құрметіне Нарва қояды.

Қажекең аудан көлемінде әр денгейде сапалы қызмет атқарып, 1964 жылы зейнеткерлікке шыққан, артына саналы ұрпақ бала қалдырып 1989 жылы дүниеден озды жарықтық. Қажен ағамыз арабша, төте жазуды меңгерген, көптеген өлеңдер шығарған, соғыс кезінде неміс тілін үйренуге талап жасағаны жинаған құжаттарынан көрінеді.

Осындай қаншама жерлестеріміз ерлік жасады. Олар соғыстан келгеннен кейін де мен сондай болдым деп кеудесін қақпай бұйығы өмір кешіп өмірден озды. Миллиондаған қандастарымыз бүгінгі тәуелсіз ұрпақтың келешегі мен бақыты үшін күресіп, сол жолда опат болды. Бүгінгі бейбіт күн сол жауынгер батыр ағалардың қан майданда төккен терімен, асқан ерлігімен келгенін ұмытпайық. Отан үшін опат болған азаматтарға Ұлы Жаратушы иман, халқымызға мызғымас бейбітшілік, береке-бірлік берсе екен деп тілейік ағайын!

ТАРЫҚҚАННАН КӨЗДЕН ЖАСЫМ ТІЗІЛІП...

Аманбайев Жәлелдің Ұлы Отан соғысында шығарған өледері

Қалам алдым қолға қаным бұзылып,
Тарыққаннан көзден жасым тізіліп.
Күннен күнге қасіретім артады,
Жақсылықтан кетті күдер үзіліп.

Қайыршыдай қапшық салдық иінге,

Біз жатырмыз жан баспаған бүйірде.
Тарыққаннан енші алыстық тазалықтан,
Кір жуытпай жүрген дене киімге.

Жүріс қатты табан қалды тесіліп,
Мезгілімен демалыс жоқ шешініп.
Қайран төсек жататұғын күн қайда,
Еркін жатар екі аяқты көсіліп.

Құрғыр жаным сендей мықты көрмедім,
Сондадағы ажал жетіп өлмедім.
Құрығанша Гитлердей фашизм,
Ғұмыр жетсе таусылмайды ермегім.

Сағындырар туған ел мен өскен жер,
Сендерді ойлап ішке толды қайғы-шер.
Жер саясы Шұбаркөлдің жағасы,
Көрінеді кірпідей боп бізге шөл.

Бізден сәлем Әбжан, Жақаң ағаға,
Әбдібек пен інім Сұлтан балаға.
Жалпы сәлем және дағы айтарсыз,
Қарындасым Бибісара жана да.

Хат жазамын Мизенбайдай жолдасқа,
Жақсы көрген ретінде жөн басқа.
Артта қалған семьяға көзің сал,
Екі талай жұмыс тұр ғой бір баста.

Осы өлең жолдарын айтып бола бергенімде бір қартаң әйел “ой, бауырым”, деп дауыс салды. Мен сасып, не істерімді білмей аңырып қалдым. Тойда отырғанбыз. Бұл 1965 жылдың жаз айы болатын. Тойда шулап отырған үй толы адам су сепкендей тына қалды. Әлгі қария өксігін баса алар емес. Кінәлі адамдай үрпиіп мен отырмын. Әлден уақытта маған тақап, бұл өлеңді қайдан үйрендің деп сұрады. Мен “Қойшы досымның шешесінен бесік тербеп ыңылдап айтып отырғанда жаттаған едім. Нұрсұлу әжем жылап отырып айтатын” – дедім.

Бұл өлең жолдары соғыстан оралмаған Аманбаев Жәлелдің елге жазған хаты екен. Ал манағы әйел туған қарындасы, 1930 жылдары Шымкент жаққа тұрмысқа шыққан Бибісара апай болып шықты. Елге 35 жылдан кейін оралып отырғанда соғыстан оралмаған ағасының өлеңі алдынан шықты.

Енді осы өлең жолдары авторына тоқталайын. Аманбаев Жәлел Аманкелді ауданында 1906 жылы туған. Орта мектепті бітірген. Саяси сауат ашу курстарын тәмамдаған сауатты азамат болған. Мұғалім, кейін

шаруашылыққа араласып, колхозда басқарма, партия басшысы болған. Осындай әр салада жемісті жұмыс атқарып жүргенде 1937 жылдың зұлматы бұл азаматтарды айналып өтпеген. Шет ел тыңшысы деген жала жабылып, қамауға алынған. Жылға жақын азап пен аштықтан бұралып, сот шешімін күткен. Ақыры тыңшы деген жаламен 10 жылға бас бостандығынан айырылып, Сібірге жіберілген. Сауатты азамат өзінің жазықсыз сотталғанын әр деңгейдегі органдарға жазып, ақыры 1940 жылы түрмеден ақталып шығады. Елге оралған соң бейбіт еңбекке араласады.

Арада жыл өтпей Ұлы Отан соғысы басталады. Алғашқылардың бірі болып соғысқа аттанады. Артында ағайын-туысы, әйелі, жасқа толмаған Әнуарбек атты ер баласы қалады.

Біздің Торғай, Қостанай аймағынан әскерге шақырылған азаматтардың көбісі осы өлең жолдарындағы Челябиндегі Шұбаркөл маңына дайындыққа барған. Осы әскери дайындық орталығы соғыс кезінде аса қатаң режиммен қарапайым азаматтарды соғыс өнеріне дайындаған. Әскери дайындықтың қаталдығынан өлген, соғыстан қашқан азаматтар болған.

Кейбір сауатты азаматтар қашып, жоғарғы ставкаға Шұбаркөлдегі айуандық жайлы арызданған. Кейін тексеру барысында кей әскери басшылардың неміс командованиясіне қызмет жасауға бейімделіп, Совет жауынгерлерін әскери дайындық кезінде титықтатып, соғысқа жарамайтындай жағдайға жеткізгені анықталды. Осы жағдайды елге аман оралған, Шұбаркөлде болған азаматтардың көбі айтады.

Көп жағдайда соғыста болған азаматтар соғыс жағдайын ғана айтады да, соғыс өнеріне дайындық жайлы жаза бермеген. Ал мына Жәлел аға соғысқа кірместен-ақ қандай қиындықты бастан өткергенін нақты, анық жазып елге жеткізген.

Ардақты азаматтың қай жерде мерт болғаны белгісіз. Соғыстан хабарсыз кеткен. Тек артында елге жолдаған оншақты ауыз өлеңі қалды. Өзі кеткенде жасқа толмай қалған Әнуарбегі азамат болып, үйлі-баранды болды.

Өкінішке қарай бұл азамат та өмірден ерте озды. Артында Тәйкен атты жары, Қанат, Марат, Талғат, Данагүл, Толқынай атты балалары қалды.

Қанаты Арқалық қаласының Құрметті азаматы. Басқа балалары әр салада еңбек етуде.

Қазақта “артында бар оңалар” деген қанатты сөз бар.

Ел үшін аянбай еңбек жасаған, жазықсыз жапа шеккен асыл ер Отан үшін опат болды. Артында ағасы Әбдібектен тараған ұрпағы, туыс-туғаны қалды. Ағайыны, елі есіл азаматын ешқашан ұмытпақ емес. Әбдібек әкеміз бен Нұрсұлу әжемізден Сұлтан, Қойшы, Кенжебек атты балаларымен Жыланшықта бірге тұрдық. Сұлтан аға, Қойшы жолдас, Кенжебек іні болды. Кәзір бұл кісілер Арқалық қаласында тұрады.

ҚАРТТАРЫМ АСЫЛ ҚАЗЫНАМ

Көзі ашық, көкірегі ояу шежіре қарттар азайып барады

Сан ғасырлар бойы қазақ халқының барлық жақсы-жаманы, мәдениеті, тарихы, салт-сана дәстүрі, барша игі істері, әдет-ғұрпы халық арасындағы ауыз әдебиетінің терең дамуы арқылы жеткені белгілі. Күні кешеге дейін қарттарымыз өткенді өзінен кейінге жыр ғып айтып отыратын еді. Осы дана қарттардың ауыз әдебиетінен сусындаған соңғы легі біздің қатарымыз бе деп қауіптенемін.

Бүгінгі ана тіліне немқұрайлы қарайтын тілге шорқақ шала ұрпақ біздің өткенімізге мән бере қойуы екі талай. Біздің өткен замандарымызда жазу болмады, яғни тарихымыз қағаз бетіне рет-ретімен түспеді. әртүрлі жағдайда зерттеу жасаған ғалымдар мен зерттеушілер деректеріне сүйенеміз.

Ал сол ерте замандағы тарихты көңіліне зерделеген ауыздан ауызға жаттап бізге жеткізген шежіре қарттар азайып барады. Ол қариялар мен сұхбаттасып, олардың ойда сақтаған алтын қорын жинап жарыққа шығарып жүрген адам өте сирек. Шамам келгенше қарттармен бас қосу сәті түскенде оларды әңгімеге тартып тарих қойнауына жетелеймін. Екі жыл бұрын жолым түсіп алыстағы «Ақкөлге» бардым. Киелі Ахмет Байтұрсынов бабамыздың отаны Ақкөлде қария қарттар барлығы куантады. Тоқсаннан асқан Жұманұр, Аманкелді, Ағытай атты қарттар бір-бірімен сыпайы әзілдесіп әр тақырыпқа әңгіме өрбітіп отырды.

Мен сөз арасында Кейкі (Нұрмағанбет) батыр жайлы сөз қозғадым. Жанымда отырған Аманкелді қарт «Ой, сен мына Жұманұрдан сұра» - деді.

Қария көзі ашық, көкірегі ояу, әңгімені жүйелеп айтатын ұстағанды адам екен. Сөз арасында Кейкі батырдың ел арасына тарамаған салауаттарын жатқа айтты мен жазып алдым. Дана қарттың тегін жерден шықпағанын сезіп өзінің шығу тегі мен ата жолына ойыстын.

Қарағым, мен осы Ақкөлде туған адаммын. Барлық саналы ғұмырым осы ата мекенде өтті. Мен кешегі Ахмет Байтұрсыновпен аталас адаммын. Бабамыз Үмбетейден Аралбай, Баянды туады. Аралбайдан → Таңбай → Шошақ → Байтұрсын → Ахмет туады.

Ал, Баяндыдан → Сүйін → Мейірман → Молдахмет одан мен туамын деп сөзін аяқтады. Кеңес үкіметі кезінде әр салада қызмет атқарған. Ұлы Отан соғысына бастан-аяқ қатынасып 2 рет жарақат алған. Соғыстан кейін жылқы баққан. Еңбек ете жүріп ауыз әдебиетінің озық туындыларын жинаумен айналысқан. Өлең-жырларды жинап, жаттап, зерделеп сақтаған. Осы дана қарттарды тыңдай отырып, әңгімесіне қанықтым. Уақыт болса тыңдай бергің келеді. Әрқайсысы бір-бір тарихи шежіре. Елдің, жердің тарихын осыдан 80 жыл бұрын болған тарих қойнауында жасырын қалған осы өлкенің

жақсылығы мен қиналған кездерін күні кешегідей әңгімелейді. Қай тақырыпты қозғасаңда бірінен бірі қағып алып, қозғалған әңгімені әрі қарай жандандырып, өрістетіп, толықтырып отырады.

Үлкенді сыйлап қалыптасқан, береке-бірлігі мықты, татулығына сызат түспеген табиғи қазақы дәстүрді сақтаған ауыл азаматтары қарттар сөзіне құлақ түре тындап, бас изесіп қостап отыруы, орынсыз сұрақ қойып ойды бөлмей, сөзге төрелік беруі, жақсылар шыққан ортаның, тектіліктің, үлкен сыйлаудың белгісі демеске шараң жоқ.

Қалыптасқан сыпайы дәстүрге қуанасың, қызығасың, барлық жерде осындай ымыра-бірлік болса ғой деп тілейсің. Таяуда сол Ақкөлге тұратын қария Жұманұр ақсақалдың желтоқсан айында дүниеден озғанын маған келіп сол елдің азаматы қадірлі қария Мықтай Нұғыманов айтты. Тағы бір көзі ашық, көкірегі ояу қария қатары сиреді.

Саналы ғұмырында жинақтаған бай қазынаны өзімен ала кетті. Оны дер кезінде зерттеп, қағазға түсіріп, өскелең ұрпаққа ұсына алмағанымызға кінәлі адамдай сезінеміз өзімізді.

Киелі қартқа Ұлы Жаратушы иман, артында қалған әулеті мен халқына береке-бірлік берсе екен деп тілеймін.

САЙЛАУДЫҢ САЗДЫ ӘНІН САҒЫНДЫҚ

*Әнші, актер, “Қазына” сыйлығының иегері
Сайлау Ордабаевтың өмірден озғанына бір жыл толды*

Дарынды әнші, актер, “Қазына” сыйлығының иегері, өнер тарланы, абзал азамат Сайлау Ордабаевтың өмірден озғанына жыл болды.

Сайлауды соңғы сапарға шығарып салуға жиналған адамда есеп болмады. Ауыл, аудан түгілі қалалардан сыйлас, сырлас, дәмдес азамат, достары келді. Тірлігінде бірге жүрген, сыйласқан, достасқан азамат, азаматшалар өксігін баса алмай, көзі жасты, көңілі қаяулы болып көкейдегі ойын жеткізіп айта алмай еңіреумен болды. Халқы жылап қоштасты. Қимады, қия алмады. Иә тірісінде жасаған игі ниеті мен жақсылығы еліне, халқына деген адал қызметі, ән өнеріндегі қайталанбас даралығы, кеудесінің кеңдігіндей пейілінің кеңдігі, өмірге деген құштарлығы, қайталанбас қуатты, сазды әуенді әні, Ұлы жаратушының табиғатына берген ерекше мейірімі мен шапағаты, ағайын-туысқа, дос-жолдасқа деген адалдығы осынша жұртты жинаған еді. Сайлау өмірден озғанмен артында аяулы жары Отаркүлі, алтын асықтай балалары, балдырған немерелері, ағайын-туыстары, дос-жараны қалды.

Қазақ халқын күдіретті әнімен әлемге танытқан Сайлау өнер тарихында өшпейтін із, бай мұра қалдырды. Сайлау өнерін жалғайтын келешекте алға апаратын, насихаттайтын ондаған шәкірттері қалды. өмір

деген айналып тұрған алып тегеріш. Жасы үлкені өмірден кетіп, жана ұрпақ өмірге келіп орнын басып жатады. Бұл айнымайтын құбылыс. Күні кеше ол да жалындаған жас болды. Жетпісінші жылдардың басында комсомол жастар ұйымында ол “Крупская” атындағы кеңшарда, мен “Родник” кеңшарында қатар қызмет атқардық. Тәрбиеші ұстазымыз Жұмағали Өмірбеков ағамыз болды. Сайлау өзі туған ортада қызмет атқарды. Киелі Қабырға өзені бойында.

Әр азаматтың жақсы-жаман болмағы өзі туған топыраққа, сол жердің киесіне, өзі шыққан ортаның ерекшелігіне байланысты болуы керек. Тақыр жерге шөп шықпайды. Ал Сайлау киелі Сары Қошқар батыр әулетінде дүниеге келген азамат. Осы өңірден әріде талай батыр да, бай да, шешен де, көсем де шыққан. Беріде талай ғалым, ақын шыққан орта. Кешегі атақты қобызшы Тілеп бақсы, Мәтібай, Жандәулеттің Өмірбегі, Қиакбай, Молдаш, Байдақ, Мақтаған, Сары Әбіш, Қалдай, ақын-сатирик Жұматай, Сәкен, Көшімбек ақындар, күйші Ескен, термеші Жақаң, жазушы Сапабек Әсіпов, Қоғабай Сәрсекеев өмірге келген киелі топырақ. Осы аталған кісілер Сайлаудың бірі атасы, бірі әкесі, бірі тұстасы. Сары әулетінен шыққан жақсылар өз алдына жеке бір үлкен әңгіме. Сол жақсылардың бірі осы Сайлау болатын. өнерге ерте араласты. 1973 жылы алғашқы “Торғай әуендері” фестиваліне Аманкелді ауданынан 120 өнерлі жастар қатынасты.

Марқұм Төкен Елтебаев, Мейрамхан Қапышев, Аманбай Мұқышев басшылық жасады. Осы облыстық өнер сайысында Сайлау ерекше көзге түсті. Хорда жеке дауыста өнер көрсетті. Фестивальға қатынасқан сол кездегі Мәдениет министрі Мүсілім Базарбаев Сайлаудың ашық, кең дауысына сүйсініп, сол мереке үстінде өнер саласына қызметке шақырды. Сайлау өнердегі алғашқы қадамына Мәдениет министрінен және өнер жанашыры, Торғай обкомының хатшысы Өзбекәлі Жәнібековтен бата алған болатын.

Осы Сайлаумен көп жылдар бірге жүрдік, сыйластық, сырластық. Ол кезде Сайлау бойдақ болатын. Болашақ жары Отаркүл Жанкелдин ауданында көркемөнерпаздар жетекшісі, конференсье болатын. Көзі танадай жарқыраған, мың бұралып ойнақтап тұрған, сымбатты да сұлу, әсем, көрікті қыз көркемсөзді де мәнерлеп керемет оқитын. Торғайда Отаркүл, Аманкелдіде Кеңес Бірмағанбетова сөз сөйлеу өнерінде алдына жан салмады.

Өнерге министрдің батасымен, облыс басшыларының қолдауымен келген Сайлау Торғай облыстық мәдениет саласында жемісті еңбек жолын бастады. өнердегі, өмірдегі сыңары Отаркүлін тапты, өсті, өнді, ұрпақ жалғады. Қазақстанды, оның ішінде киелі Торғайды әлемге танытқан “Шертер” ансамбілін құруға ат салысқан да осылар еді. 1980 жылы Қазақстан Компартиясының кезекті съезіне есептік концертпен “Шертер” ансамбіліде барған болатын. Алматы жоғары партия мектебінде оқитын біздер “Шертерді” қуана қарсы алдық. Дайындығын тамашаладық. Шама шарқымызша бір-бірімізге құрмет көрсеттік.

Сайлау сол кезде жас болса да аталы сөз айтып ерекшеленіп отыратын. Бірде айтқаны бар: Ертеде елден бір қария қалаға барып келгенде ағайындары қалада не көрдің деп сұрапты. Сонда қария айтқан екен: ауылдағы адам қалада да адам, ауылдағы ит, қалада да ит деп. Шамасы Сайлаудың бізге риза болғаны болса керек.

Аталы сөзді зерттеп, зерделеп жүруі, сөзді жүйелеп сөйлеуі, ауыз әдебиетін жете меңгеруі үлкен ізденісінің жемісі екені даусыз. Мен осы Сайлау дүниеге келген, өскен ортада төрт жыл қызмет атқардым. Ауылдың сыйлы қарттарымен, ел ағаларымен араластым. Ол уақытта қарттар көп болатын. Сайлаудың әкесі Ордабай кезінде ел басқарған, шаруашылықты жете меңгерген, іскер, еліне, ағайынына беделді азамат болған. Жас кезінде күреске түскен, ән айтқан, ат жаратып, атбегі болған адам. Осы “Торғай әуендері” фестивалінде Сайлау өнерден бас жүлде алса, әкесі Ордабай қосқан қара ала аяқ ат аламан бәйгеде бас жүлдені алған. Сол тойда Аманкелділік Шынтақ Мұстафин түйе палуан атанды. Иә, Сайлау кезінде күреске түскен, штанга көтерген, спорт түрлеріне белсене қатынасқан азамат болатын. Ат құлағына ойнайтын, көкпар тартатын, ат баптайтын.

Сол 70-ші жылдарда Аманкелді ауданы жанындағы жайлауда кино-журналға түстік. Ат үстінен Сайлау екеуміз өнер көрсеттік. Сол суреттер Аманкелді мұражайында сақтаулы. Кейін “Торғай сегодня” деген фото альбомға шықты.

Тоқсаныншы жылдары Сары ағайын бабасы Қошқар батырға ескерткіш орнатты, ас берді. Аламан бәйге, күрес, спорт түрлерінен жарыстар өтті. Осы кезеңде Сайлау Қошқар батыр бабасының мерейтойына ерекше еңбек жасады. Спорт түрлерін басқару, мерекені әнмен, музыкамен әрлеу Сайлау мен Отаркүлге жүктелген болатын. Сайлау қол күресте өте қайратты екенін көрсетті.

Спорт өнерін, музыка өнеріне айырбастаған Сайлау өз орнын өнерден тапты. өнерді үйренді, өзгеге үйретті, насихаттады. Осы өнер ортасында есейіп, әлем деңгейіндегі сахналарда қазақ әнін шарықтата орындап, талайды асқақ сазды әнімен тамсантады. Сайлау әнмен қоса шебер домбырашы, өткір тілді әзілкеш, ұтқыр ойлы, шешен болатын. Аузын ашсаң көмейі көрінетін ақкөңілділігі, бір еттің үстінде дауласып, сорпа ішкенше ашу-ызасы тарқайтын кешірімділік осы Сары әулетіне тән ерекше қасиет.

От ауызды, орақ тілді, тілі мірдің оғындай, әзіл-сықағы жебе болып атылатын, тура айтып туғаны мен әкім-қараға жақпаған, әділін айтып, тектілік туын өлгенше жықпаған, сатирик жазушы, ақын Жұматай Сабыржанұлы осы Сайлаудың бауыры, досы, құрдасы, туысы болатын. Екеуі де бергенінен берері көп кемел шағында өмірден ерте озды. Сайлаудың сазды әні, Жұматайдың әзіл-сықағы тура айтқан алмастай өткір сөзі қалды.

Сайлау мен Отаркүлді сахнада тәрбиелеген “Шертер” ансамблі таза қазақы әнмен, күйдің, мың бұралған бидің Торғай өлкесіндегі алғашқы өнер мектебі болатын.

Сайлаудың артында өнердегі достары, шәкірттері, өзін сүйген, өнерін сүйген елі бары қуантады. Ол өнерді жоғары деңгейге көтерді. өнері Сайлауды әлемге паш етті. Сайлау арқылы, “Шертер” арқылы қазақты шетелдіктер таныды. Қазақ әні мен музыкасын естіді, сөзіне түсінбеседе сазды әнге, күмбірлеген күйге қол соқты.

Сайлаумен қатты әзілдесіп ойнайтын едім. Батырға біткен кен кеудесін түртіп сенің микрофоныңда, дыбыс үлкейткішінде төс сүйегіңнің астында ғой деп әзілдейтінмін. Әзілге орынды әзіл айтып, ұтымды ой тастап отыратын Сайлаумен әңгіме-дүкен құру да бір ғанибет еді.

Көшіп келемін, сыйласамын, сырласамын деп жүргенімде Сайлау өмірден озды. Қоштасқан көптің бірі болып, қимай шығарып салдық. Қырқына қайта жиналып, жылап тұрып еске алдық. Белгісі жоқ уақыт. Сайлау өмірден озғалы жылжып жыл өтті. Иә, арыстай азамат өмірден озғанмен артында өнерді қастерлер халқы, ағайын-туысы, дос-жараны қалды.

Өмірдегі, өнердегі аяулы жары, заты әйел демесең ер азаматтың жүгін көтеріп жүрген Отаркүлі отбасын жүдетпей Сайлаудың өнерін әрі жалғап, балалаары мен немерелерін тәрбиелеп, қатарға қосар. Сайлау салған ән өнерін дамытар, өнерлі жастардан талай Сайлаудың ізбасарларын дайындар, мен оған толық сенемін.

Иә, Ұлы жаратушы! Сайлау досымызға иман, артындағы халқы мен ағайынға татулық пен береке-бірлік, жақсылық пен ізгіліктің шапағатын берсе екен деп тілеймін.

ҚАСҚЫРДЫ ДА ҚАСҚЫРДАЙ АДАМ АЛАТЫН БОЛАР

Аңшы, мерген Өмірзақ Нұғманұлы жайлы естелік

1972 жылдың жаз ортасында Амангелді автобазасының қос-қос тіркемемен атақты жүргізушілер, палуан Шынтақ Мустафин, Шведюк, Флюк және ұзын бойлы шойдай қара кісі келіп кеңсе алдына тоқтады. Сенбілікке жастарды жинап күтіп тұрғанбыз. Машинаға беттедік. Сол кезде әлгі ауыз-тісі ақсқан ұзын, денелі ағамыз «Әй, маған қарулы, мықты азаматтар керек, мына қыз-қырқындарыңызды мыналарға бер» - деп айғай салды.

Үш жігіт бөлініп кабинасына міндік. Нұғманов Өмірзақ ағамызбен таныстық осылай басталған еді. Шешімділігіне біз де риза болдық. Ол кісі де біздің ісімізге риза болып, бізді басшыларға мақтап келді. Ол кезде

комсомол хатшысы кезім. Жиі жүк тасыған Өмекең келген сайын соғып тұрды.

Арада екі жыл өткенде қарапайым жүргізуші алыстағы «Бисары» бөлімшесіне меңгеруші болып қызметке келді. Жалтақтауды білмейтін, әділетсіздікке төзбейтін, тура адам екен, басшылардың орынсыз ыңғайына көнбей ұстасып қала берген соң, тоқсан шақырым алыстағы «Бисары» бөлімшесіне көбіне мені өкілдікке жұмсайтын. Жұмысқа тиянақты, қарамағындағы жұмысшы-қызметкерлерді шашау шығармай айтқанын істеттіретін. Өзі үнемі орталарында болып, оларға қолдау жасап, жағдайына қарайтын.

Шаруашылық аудан бойынша көп салада алда болды. Әсіресе, шөп шабуда алдына жан салмайтын.

Жігіттер ойда шөп шапса, ол қырда дүрбісін қолына алып машинаның көлеңкесінде отыратын. Сол шөпшілер ортасында түнейтін. Әңгімені жақсы айтатын, өзі ұйып тыңдайтын. Шылымды көп тартып, шоколад конфетпен шайды көп ішетін. Осындай бір отырыста осы жерге келуде әр түрлі сөз барын жайлап сұрадым.

Біраз ойланып отырып, «Қарағым, мен саған шынымды айтайын, мен еріккеннен келгенім жоқ, амалсыз келдім. Оған себеп болды, осы жерге келудің алдында Араб республикасы Египетке туристік сапармен барып келдім. Өзім діндар адам болмағанмен әкем, аталарым діндар адамдар болған. Әрі Сарторғай кеңшарындағы Нұрхан пірәдармен дәмдес, тұздас, сыйлас адамбыз.

Сол ойыма түсіп елге қайтарда көлемі екі шырпыдай екі Құранды сатып алғаным бар. Мәскеуде кеденде заттарымызды шығарып үстелге қой деді. Мен қалтамда еш нәрсе жоқ деп қасарысып екі Құранды төс қалтамнан алмадым.

Арамызда «КГБ» - дан адам болған, сол жеткізген. Кейін ауданның бірінші хатшысы Омаров Сартайға «анау коммунистің құран әкелді» деп хабарлаған. Хатшы шақырып алып «не партиядан шығасың, не анау алыстағы бөлімшеге барасың» деді. Амал болмады, қарағым, деп күрсінді». Құранның бірін Нұрхан пірәдарға, бірін өзі алғанын айтты, бірақ көрсетпеді.

Кейде мен қажыға барып келдім деп отыратын, арақ ішпейтін азамат еді. Шаруашылықта қаншалықты талап қойып жұмыс сұраса, соншалықты жақсылық жасап отыратын қарамағындағыларға.

Жері кең, шабыны мол, ықтасыны жақсы деп шаруашылықтағы жылқының дені осы бөлімшеде болатын. Өмірзақ ағамыздың ерекше қасиеті бар азамат еді. Сейсенбі күні жолға шықпайтын. Үйде отырып-отырып, «ал бала ана бір төбеде қасқырдың іні бар еді, соған барып қайтайық, бұйырса алармыз» - деді. Межелі жерге жақындағанда қасқырды көзі шалатын. Біз сияқты соңынан қумай, алдын орап қайда сай, қайда ор, қайда қамыс-қопа бар сол жағына шығатын.

Қасқырды қатты қумай, 45-50 шақырым шапшаңдықпен қапталдап отырып жақындағанда ғана қатты жүретін. Қасқырдың тобына жеткенде

кез келгенін атпай, ішіндегі ұрғашысын ататын. Қаншығы өлсе, қалғаны ұзап кетпейді екен сол төңіректен. Машина рөлін сол жақ тізесімен тіреп, шағын калибрлі винтовкамен ататын. Өте мерген адам болатын, атқаны қате кетпейтін. Қанша қасқыр кездесе, соның бәрін алған күндері болды. Қай қасқыр қай жаққа қашты, қайда барады, қайда жасырынады бәрін білетін. Қасқырға деген ерекше қасиеті бар, өзі де қасқырдай азамат еді. Айтқан жерінен аң кездесетін. Әсіресе қыс кезінде он қасқыр кездесе онын да алатын.

Бисарыда болған үш жылда үш жүз қасқыр алдым деп отыратын. Жылқы жүрген жерде қасқыр жүреді. Әр қасқыр болмағанда бір қыста екі-үш жылқыны жарары анық.

Қазір қарап отырсақ қаншама мал басын шығыннан алып қалды. Осы Бисары бөлімшесінен совхоз орталығындағы бөлімшеге жұмысқа ауысты. Қатар қызметтес, сыйлас, сырлас болдық. 1980 жылдың көктемінде 42 жасында өмірден озды. Бізге үлкен адамдай көрінуші еді жарықтық. Артында аяулы жары, он баласы қалды. Бәрі де аяқтанып, әр салада қызмет атқаруда. Осындай кезінде берекелі еңбек еткен ел ағаларын еске алып отыру кейінгі ұрпаққа, әсіресе сыйлас азаматтарға парыз. Өткенімізді ұмытпайық ағайын!

ӨТКЕН КҮНДЕ БЕЛГІ БАР

Осыдан 30 жыл бұрын не бәрі 42 жас ғұмыр кешіп өмірден озған азамат Нұғманов Өмірзақтың артында аяулы жары он баласы қалған еді. Ең кенжесі дүниеге келіп бір жасқа енді толғанда дүниеден озып еді аяулы азамат.

Өмірден озу кезеңі СССР Жоғары кеңесінің сайлауымен тұспа тұс келді. 23 ақпанда қайтты, сол күні сайлау болды, сол күні ауданнан келген өкіл Өмірзақтың оныншы баласын өмірге әкелген анасына “Батыр ана” медалін ала келген болатын. Қаралы отбасына сәл кешіктіріп тапсырдық. Міне сол бала отыз жасқа толды. Азамат болып ел игілігі үшін қызмет атқарды.

Артында қалған әке мұрасын көздің қарашығындай сақтаған баласы Талғат әкесінің жерлеуіндегі қаралы митингіде оқылған достары мен жолдастарының Өмірзақ Нұғманұлына арнаған өлеңдерін сақтаған. Жақсы көретін жиені С.Әлиннің “Хош бол аға” атты қазанамасын маған тапсырған болатын.

Көптеген жылдар “Родник” кеңшарында қызметтес болған аға тұтқан азаматтың атына жазылған жыр жолдарын оқыған сайын, ұмытыла бастаған бұлыңғыр бейнесі көз алдыма елестей берді. Өлеңді қайта қайта оқый бердім. Апырмау сол қаралы жиында Еренғайып Әбдіхалықұлы өлеңін жылап тұрып оқып еді-ау. Сол өлең қайда деп ойға қалдым. Өткен

уақыттың әсеріме С.Әлин деген азаматтың бейнесі есіме түспеді. Бірақ Өмекеңе арнаған өлеңі қалды қолда. Кейін анықтасам С. Әлин Еренғайыптың Сүгір Әлин деген бүркеншек аты екен. Сүгірәлі әкесінің аты. Өлең Еренғайыптікі.

Осыны сақтаған балаларына рахмет. Талай шығарма, өлең, мәдени мұралар жойылып кетті. “Өлі жебемей, тірі байымайды” деген мақал бар. Яғни өткенінді ұмытпа, қастерле, құрметте деген сөз. Сөз кезегін осыдан 30 жыл бұрын жазылған сарғайған дәптер сөзіне берейік.

Хош, аға!

Көкірекке орнатып ойран дауыл,
Жан сыздатып, қалдырып арманда бір.
Бізден бөліп әкетті ажал сені
Хош, хош асыл азамат, қайран бауыр.

Жігіт ең – ау жалынан жаратылған
Теңіз бөлек, өзгеше дара туған
Еңсегейлі ер едің бір – ақ айтар,
Аузым бармас жоқ деуге дала тұрған

Жанарлардан бұршақтап жас жаңбыры,
Сенің қайғың қапия қысқанда ірі.
Жүрек үнсіз соғады іш өртеніп
Жығылмаған желбіреп тастан туы.

Айту қиын ажалдың күйін мазаң
Соғып тұрған олда бір құйын тозаң
Қиын болды – ау азамат ағаларға
Қиын болды – ау еліңе сенің қазан

Жақсылыққа құшағын жайған ағам
Ел қамы үшін өз басын ойламаған
Қиын болды – ау бірге өскен достарына
Қиын болды – ау халыққа қаумалаған

Шақырушы еді әрдайым қиын сені
Ерлер ғана түсетін дүйім сені
Сонау жатқан “Жыланшық” қырларында
Басқарып ең бірегей ғып бөлімшені

Асу – асу белдерден қарыштарың,
Қатарыңнан озбасаң қалыспадың.
Қайран аға еңбегің ұшан – теңіз,
Сен бізден бір жолата алыстадың

Естімейміз біз енді сөздеріңді.
Жарқ – жұрқ етіп от шашқан көздеріңді
Еске аламыз бірақта жиі – жиі
Ел үшін еңбек еткен кездеріңді.

Сағынамыз, аңсаймыз көңіл түйіп
Жара салып жүрекке қара күйік
Тірілерге өнеге ісің қалды
О, Өмекең асқар – тау мұра биік

Тайғақ кешу, тар жолда, тар шатқалаң
Жігіт едің қасқайып жол сақталған
Қара жамылып елің тұр, жан қайғырып,
Көздің жасын көл етіп бұршақтаған

Қимай тұр сені мынау атырабың,
Ерте солды – ау көктеген жапырағың
Елімізде қаласың мәңгілікке,
Торқа болсын, Өмеке, топырағың.

С.Әлин

Жақсы көретін азамат Нұғыманов Өмірзақ 1980 ж 23 февраль күні 42 жасында ауыр науқастан қайтыс болды. 25 февраль күні Аманкелді ауданы жанындағы Ата – Баба қорымы Шомаққа апарып жерледік. Басында қаралы митинг ашып, сөз сөйледім. Сыйлас ағам, досым, жолдасым болған азамат еді.

II ТАРАУ

КӨРКЕМ ТАНЫМДЫҚ МАҚАЛАЛАР

АРДАҚТЫ АҒА, АСЫЛ АЗАМАТ

Ғазиз қажы Әмірханұлының 80 жылдығына орай

Торғайдағы Айса Нұрманов бөгеті аузында отырғанымызда әкешем Оспанқожа бабамыздың әулеті жайлы, ол әулеттің киелі аруағы жайында, Ғазиз аға турасында үнемі әңгіме айтып, мадақтап отыратын. Ол кезде жас бала болатынбыз. Біздің үйде бүгінде Оспанқожа бабамыздың Меккеге қажыға барғандағы бешпентінің жағасы сақтаулы. Кезінде Ғазизға берген екен.

1946 жылдары Ғазиз аға үйімен көрші отырғанда аяғы ауыр анамыз жиі ауырып қала беретін болған. Ғазиз ағаның анасы шешемізге киелі тақияны берген. Сол тақияны менен бастап кейінгі ұрпақ қырқынан шыққанша киген.

Мен туған кезеңде Ғазиз аға оқу бітіріп ауылға келіпті. Шілдехана тойымды басқарған, бірінші сыныпқа оқуға апарған осы аруақты аға болатын. Ол кезде ненің қадірін білдік. Сырттай құлағдар болып жүретінбіз. 1973 жылы жол үстіндегі бұлақтың бойында тұрған көп адамның ішінде Ғазиз ағаның да бар екендігін біреу айтып келді. Мен барып сәлем бердім. Әкемнің атын айтып жатырмын. Бетіме қарап тұрып: “Әй, сен Шөптібай емессің бе?” деді. Ағаның зеректігіне қайран қалдым. Арада жиырма жылдай уақыт өткен. Сол күннен бастап менің ол кісіге деген сыйластығым өсе түскендей болды. Торғайға бара қалсам сәлем бермей кетпейтінбіз. Сондайда амандық сұрап, өзінің батасын беріп, мерейінді өсіріп тастайтын, жарықтық. Ағаның жүріс-тұрысы, сөйлеген сөзі кейінгілерге үлгі болатын.

Ол кісі ағарту жолында көп еңбек сіңірді. Бірге тұрмаған соң оның көбін біле де бермейміз ғой. Бірақ сыртта жүрсек те естіп жүретінбіз. Жарықтық әкемізбен сыйлас, әкемнің інісі Жанұзақпен түйдей құрдас еді. Жанұзақ ағаның алапат күшін таң қалып айтып отыратын.

Торғайдағы мешіттің ашылу қарсаңында Ғазиз ағамен Үрпек кеңшарының жанында кездестім. Жанында Халифа Алтай жұбайымен бар

екен. Амандықтан соң: “Әй, Шөптібай, сен ою ояды екенсің, біздің мешітке ою берсей” деді. Мен келістім. Уақыт өте берді де мен уәдемді орындай алмадым. Осы оюларым мешітке лайық па, жоқ па деп дал болдым. Әрі оюда авторлық құқық болмаған соң қолдан шығара алмадым. Осылай жүргенде арада он жыл өтіп кетіпті.

Бір бала үйленетін болып, Торғай арқылы Ақтөбеге баратын болдым. Олай өтсем ағаға қалай соқпаймын, соқсам ою туралы не айтпақпын деп сасайын.

Жолға шығып, Ғазиз ағаға соқтық. Батасын алып, мешітке кіріп, аруақтарға құран оқыттық. Ол кісі балалар оқитын медресені аралатты. Айтпаса да ішім сезіп тұр. Сөзімде тұрмағаным ұят. Кетіп бара жатқанда оюды есіме салды. Сол жолы жолым болып, қуанышпен қайттым. Келер жылы тағы да Ақтөбеге жүрмек болдым. Жолда ағаға соғып, оюларымды апардым. Батасын алып, аруақтарға дұға бағыштадық. Аға дүниеден озған барша адамдардың есімдерін атап шықты. Мен бұл кісінің зеректігіне таң қалдым. Ол кісінің аруақты азамат екендігі жайында ел арасында әңгіме көп.

1970 жылдардың аяғында “Родник” кеңшарында өкілдік сапармен ауданнан Науқанов Мендіғали келіп, шаруашылықты аралап, кешкілік үйге келіп түсті. Әңгіме арасында Ғазиз ағаның Мендіқара училищесіне барғанын, оқу басшысының қабылдамай, артынан аруағынан қорқып кешірім сұрағанын айтты. Бірде бір өкілмен сөзге келгенде өкілдің көзіне қағаздары жанған болып көрінеді де өрт деп қағазға су құйған екен. 1975 жылы жаздың ортасында “Родниктен” Аққұмның қопасына Әлшораның Шіменбайы екеуміз бардық. Шікеннің енесі қайтқан. Барсақ үлкен кісілер далада әңгімелесіп тұр екен. Мен машина жүргізіп келе жатқан соң алысырақ тоқтап, ішінде отырдым. Бір кезде топ ішінен орта бойлы, сұрғылт көзді, үстінде шапаны, басында тақиясы бар қария маған қарай жүрді. Мен түсіп, сәлем бердім. Қария Оспанқожа бабамыздың бел баласы Мұханбетуәли аға екен. Әкеме көңіл айтты. Мен бұл кісіні бұрын көрмегем. Үйге кірдік. Әңгіме арасында осы қопа ішінде өткен, ХІХ ғасырда болған індет жайлы сөз қозғады.

Көл жағалай отырған 50-60 киіз үйлі ауыл індетке ұшыраған. Кешке мал келген кезде қолға түскен малға қолдағы заттарын артып жіберген. Зат артқан мал тулап, заттарды шаша бастайды. Таңертең ауыл болып қайта жинайды. Осындай келеңсіз жағдай ай бойы қайталанады. Ақыры арнаулы шақырумен Оспанқожа бабамыз келіп дұға оқып тоқтатқан екен.

Міне, осындай киелі әулеттен шыққан бабаларымыз бен ағаларымыз Алла жолын ұстанып, діннің шуақты шапағатын шашты. Шүкір, ата жолын ұстап, Шоқан ініміз Торғайдағы бабасы атындағы киелі мешітте имам болып отыр. Ғазиз қажының дүниеден озғанына да екі жылдай уақыт болып қалыпты. Тірі болса 80 жасқа толған тойын ел болып атап өтер еді. Елі құрметпен аялаған азамат осы кісілердей-ақ болсын.

ҰЛЫ АҒАРТУШЫ АТЫНДАҒЫ МҰРАЖАЙ

Мұражай – табиғат пен адамзат қоғамының дамуы туралы білімнің алғашқы деректемесі – материалдық және рухани мәдениет ескерткіштерін, табиғат коллекциялары мен тарихи нұсқаларды жинақтау, сақтау, зерттеу, олардың экспонаттарын халыққа көрсетіп, насихаттау қызметін атқаратын ғылыми мекеме.

Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты жанынан 1976 жылы ашылған Ыбырай Алтынсарин атындағы тарихи педагогикалық мұражай оқытушылар мен студенттерге тұрақты қызмет көрсетіп келеді.

2007 жылы мұражай жаңа орынға оқу корпусы ішіне көшіріліп уақыт талабына сай қайта жабдықталды.

Мұражайды көрген әрбір көрермен алдымен «Таза бұлақ бастауы» Ыбырай бабамыздың суреттері мен сол уақыттардағы тарихи құжаттарға тоқтары анық.

Одан әрі Ыбырайдың нағашы жұрты атақты Тархан Шақшақ Жәнібеке, оның әулеті Шеген би Бірімжан, Ахмет, Батырбектердің бабадан жалғасқан ұрпақтарын көреміз. Ыбырай Алтынсариннің отбасына Ұлы Абдолла мен немересі Нағимаға әулетінен тарайтын ақын Мәриям Хакімжановаға арналған жеке көрмені тамашалайсыз.

Ыбырайдың ата-баба шежіресі жеке берілген.

Көрмеден Ыбырай салдырған мектептердің фото суреттерін ол мектепте соғылған қоңырауды көресіз.

Әрі қарай Ыбырайдың әдеби мұралары, Ыбырай мектебін бітірген түлектер, ағартушы армандаған мектептер, Ұлы ағартушының ізін жалғастырушыларға арналған көрмелер кездеседі.

Ыбырай Алтынсарин өмір сүрген ортадағы ағартушының әріптестерінің фото материалдары жазған хаттары қойылған. Жеке бір стендте ағартушы шәкірттері Нұрғали мен Нәзипа Құлжановтар жайлы тарихи деректер бар. Ыбырай достарының хаттарының түпнұсқасы қойылған және Ыбырайтанушыларға арналған жеке бөлім ХІХ ғасырдағы оқытушының киімі қойылған жеке-жеке стендтер бар.

Көрме залының ортасында Ахмет Байтұрсыновқа, Міржақып Дулатовқа арналған жеке көриелер орналасқан. Екі көрменің ортасында үш арыстың Ахмет, Әлихан, Міржақыптың үлкен қолдан салған бейнелері көрменің мерейін асқақтатып тұр. Осыған қарсы бетте Ұлы ағартушы шәкірттерімен тұрған үлкен сурет көрерменді еріксіз өзіне тартады. Әрі қарай ХІХ ғасырдағы оқытушының киімі қойылған.

«Даңқты жерлестеріміз» атты көрмеде мемлекеттік халықтың иегерлері Нұрхан Ахметбеков, Сырбай Мәуленов, Ғафу Қайырбеков, Аманкүл Бекенов, Төлен Әбдіков, Қойшығара Салғарин,

Әбсағит Тәтіғұловтардың фото материалдары жеке заттары, құжаттары жинақталған.

Келесі стендте Нұрхан Ахметбеков бастаған Назарбек, Әбіқай, Ахметқан, Күләндә, Сейіт, Мұхамедяр, Қонысбай, Сейтбек ақындардың әр кезеңдегі фото материалы, кітаптары өлеңдері қойылған.

«Тұңғыық терең сырлы таланттар» бөлімі ғалымдар Батырбек Бірімжановқа, Асқар Закаринге, Қайнекей Жармағанбетовке арналған.

Нариман Қыпшақбаевқа, КенжеғалиСағадиевке арналған.

Қатар үш стенд институттың ашылуына, алғашқы ректор Мырзағали Отарұлы Төлегеновке, институттың алғашқы түлектері мен институт қонақтарына арналған.

Келесі бөлімдерде институт қабырғасында өткен ғылыми конференциялар, семинар кеңестер, студенттер мен институт өмірі, оның түлектері жайлы сыр шертеді.

Көрме залын айналдыра жаңа түрдегі 31 шынылы шкафтар қойылған үстінгі бөлімінде жоғарыда аталған материал болса, астыңғы бөлімінде әр стендке байланысты жеке файл папка ашылып қойылған. Оқытушы, студенттер қажетін осы файл папкалардан табады.

Залдың ортасындағы көрмелерге тұңғыш ректор Төлегенов Мырзағали Отарұлының, ректор Башаров Рахметолланың жеке заттары, көне әдеби оқулық, энциклопедиялар, Ыбырай заманындағы оқулықтар және Ыбырайдың ұлы Абдолланың жеке құралдары, Ұлы ағартушы салдырған мектептің кесегі, жерленген жерінен әкелінген дене топырағы, үйдің тұрмыстық заттары, Ыбырай бабамыз ұстаған ағаш табақ, ағаш аяқ, ағартушының немересі Мәриям Хакімжанованың жеке заттары қойылған.

Осы мұражайды алғаш ұйымдастырушы Әсет Ламашевтің жеке заттары, ректор Қосылған Күзембайұлының жеке заттары мен құжаттарына жеке көрме ұйымдастырылған.

Мұражайды жаңа оқу корпусына көшіртіп оны жаңа құралдармен жабдықтауға институт ректоры, биология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ білім академиясының академигі Жасұлан Құдайбергелұлы Шаймардановтың басшылығы мен еңбегі ерекше.

Мұражай қызметкерлері Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен қызметі және оның ізбасарлары мен шәкірттері жайлы тың деректер жинаумен қатар, Ыбырай ізбасарлары, тарихи тұлғалар, ақын, жазушылар, ғалымдар жайлы фото (материалдармен) стендтер шығарады.

Ыбырай медалі иегерлерінің жеке құжаттары жинақталуда.

Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтын үздік бітірген түлектер, дарынды жастар туралы жеке-жеке құжаттар дайындалуда.

Мұражай қызметкерлері институттың оқу тәрбие жұмысына, студенттерге методикалық көмек көрсетуге белсене араласады. Атаулы күндерге байланысты тақырыптың көрмелер ұйымдастырылады.

ЕЛДІҢ СЫЙЛЫ АЗАМАТЫ ЕДІ

Ақын, ұстаз Қабден Байқасыновтың туғанына 80 жыл толуына орай

Әрбір оқыған азаматтың тәрбиеленген ұстазы болары анық. Олардың ішінде ерекше құрмет, ілтипатқа ие шәкіртіне әкедей қамқор болғандардың орны бөлек. Шәкірттік кезеңіде екі ұстазым ерекше жадымда сақталды. Екеуі де айтыскер ақын, ұстаз. Бірі Назарбек ағай Бектемісұлы да, бірі Қабден ағай Байқасынов. Қазір ойлап отырсам екі ақын да құрдас, сыйлас екен. өмірден қатар озды. Бір қызығы осы екі азамат елуінші жылдардың ортасында Жанкелді ауданының Қарақоға орта мектебінде сабақ берді.

Назарбек ағай сабақтың ортасында неше алуан әңгіме айтар болса, Қабден ағай домбырамен ән айтып, оқушыларға өлең шығарып отыратын.

Араға ондаған жылдар салып, Қабден ағайдың 1974 жылы «Родник» (кейін Жыланшық аталды) кеңшарында Шменбай Әлшориннің 60 жасқа толған мерейтойында көрдім.

Шоқанай, Құтжан ақын Қанжығалин, сары Жандәулеттің Өмірбегі, Қабден ағай жиналған үш жүздей қонақта ұтымды ой, мәнді айтыс, ұтқыр теңеулермен мәз еткені бар.

Әзілдеп айтқан өлеңнен Қабден ағай басым отырды. Кейін білсек Сары, Шоқанай руларына жиендігі бар ағамыздың назын екі нағашы ағасы құрметтесе керек.

Әр жерде Қабден ағайға кездескенде кішілік ілтипат жасап, ағалап сәлем беріп алдынан кесіп өтпейтінбіз.

1988 жылы қызмет бабымен Құмкешу ауылына барғанда алдымен шәкіртім келді деп елпеңдеп осы ағай келіп еді. Сол күннен қашан өмірден озғанша ағаймен көрші, дәмдес-тұздас, сыйлас болдық. Бұл кезеңдер – ағайдың жасы егде тартқан, айтысқа түспей жүрген кезі. Сонда да кезінде айтысқа түскен азаматтардың Көкшетау, Алматыдан іздеп келіп, батасын алып жүргенін көрдік. Қабден ағай – мектеп қабырғасынан айтысқа түсіп, кешегі Нұрхан, Сәт, Құтжан ақыдардан бата алған, тек аудан көлемі ғана емес, Қостанай облысының намысын республика деңгейінде бірнеше мәрте қорғаған, кең тынысты, ұшқыр ойлы, от ауызды, орақ тілді, сөзге шешен, ұтқыр ақын. Жалындаған жастық шағы Көкалаттағы атақты Мұхамедия, Әбдіхалық, Молдаш, Назарбек ақындар ортасында өтсе, отыздан асқан шағынан бастап Құмкешудегі Ағытай, Қаден, Бүркіт ақындармен сыйлас-сырлас болды. Облыс, республика көлеміндегі әр ақындар айтысы барысында пікірлесіп, ой-өрісін ұштай түскені анық. Өзі география пәнінің мұғалімі бола тұра ауыз әдебиетін, тарихты жете меңгерген азамат болатын. Қандай да бір тақырыпты талдауға белсене араласатын.

Бас қосқан жиындарда: «Қарағым, осы жерден тоқтай тұршы, әрі қарай мен айтайын» деп сол әңгімені жүйелеп, тереңдетіп айтатын. Оқығаны, тоқығаны, зерделегені көп, еске сқтау қабілеті өте жоғары, айтатын ойын, қайтаратын жауабын тез жинақтайтын. Әсіресе, шахмат ойнауға өте қызу кірісетін. «Әй, сені қайтсем де жеңбесем бе?» деп бәстесіп, сабақтан кейін мектепте қалып, түннің бір уақытына дейін ойнаған. Бірде Бүркіт ақын екеуі шахматқа бас қойып, мектептен шықпай қояды. Күзетшінің айтқанын тыңдамаған. Амалы құрыған күзетші екеуін сыртынан қамап, үйіне кеткен. Түннің бір уағында ағай терезенің желдеткішінен шығып, үйіне келген де Бүркіт сыймай, қамалып қалыпты. Баладай нанғыштығы, аңғалдығы да бар еді жарықтықтың. Әңгіме десе ішкен асын жерге қоятын. әңгіме кейіпкерлерін, болған күнін, айын жатқа білетін.

Қабден ағай барша саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнады.табаны аумай 40 жыл ұстаз болып зейнеткерлікке шықты.

1929 жылы 19 наурызда Батпаққарада туған ағамыз Алматы педагогикалық институтының география факультетін бітіріп, сол мамандық бойынша қаншама шәкірт дайындады десеңші.

Қазақ Республикасы оқу ісінің үздігі атағы бар, бірнеше медаль, грамоталармен марапатталған. Қабден ағайдың жинаған кітаптары көп болатын. Ағай қайтқан соң Қазақ Кеңес Энциклопедиясы томдарын сұрап алып оқығаным бар. Парақтап отырсам, бірінші, екінші бетіне әулетінің шежіресін жазып кетіпті. Жазуы қандай маржандай. Ағайдың ұқыпты екені көрініп тұр. Балалары жиналып, таяуда «Аманкелді айбаты» атты жинақ шығарды деп естідім. Бұл әрине баланың әке алдындағы парызы екені даусыз. Құдай қосқан қосағы Тиыштық Меңдібаева апай екеуі өмірге он перзент әкелді. Бәрі де тәуір азамат болды. Тұңғышы Ырыс ұстаз, Мәлігі Астанада, Борашы Арқалықта, Бақытжаны Астанада, Бақытгүл, Алмагүлі Қостанайда, Бибігүлі Арқалықта, кенжесі Динара ауылда, Асылханы қара шаңырақтың иесі.

Ұл баланың тұңғышы Мағауия өмірден ерте – 44 жасында озды. Тәуба, қалған ұрпақтары өсіп келеді. Шетінен өнерлі. Әсіресе, Ырыс пен Бораш өте дарынды. Қабден ағайдың шөбересі Нариман бес жасынан ақындық жолда. Алла қаласа ата жолын осы ұлан қуар деген үміттеміз.

Марқұм Қабден аға отбасымен қоса, ағайын-туысқа қамқор, сыйлы азамат тұрғысында елге танымал еді. Кезінде Құмкешу орта мектебінде білікті, өрелі ұстаздар Қосмат Нұржанов, Қайым Сүлейменов, Жәнібек Ғапбасов, Бүркіт Бекетов, Ғанижамал Қарманов сынды азамат, азаматшалар сапалы еңбек етті. Солардың бірі Қабден Байқасынов болды. Бүгінде көзі тірі болса 80 жасын тойлар еді. Өмірден озған ағайға Ұлы Жаратушының иман, артындағы ағайын, ел-жұртына береке, бірлік беруін тілеймін!

КЕУДЕСІ ЖАҚСЫЛАРДЫҢ АЛТЫН САНДЫҚ

Жазушы, этнограф-ғалым Сейіт Кенжеахметұлы 70 жаста

Ұлы Жаратушы бір басына жетерлік берген дарынын игілікке жаратып жүрген бірден-бір азамат Сейіт Кенжеахметұлы ағамыз 70 жасқа толды.

Ұлттық дәстүріміз бен салт-санамызды бүгінгі ұрпаққа жүйелеп, қажымай, талмай, жинақтап, саралап, нақтылап түсіндіріп, үйретіп жүрген Сейіт ағамыздай азамттар өте сирек. Тіпті жоқтың қасы.

Бүгінде әр салада қалам тартып жүрген ақын-жазушылар, кітап шығарушылар көп, бірақ Сейіт Кенжеахметұлындай халыққа жақын, халыққа танымал оқырманға таныс адам аз. Оның басты себебі жазылған еңбектердің оқырманды тартпауынан. Ал Секеңнің қай салада жазған еңбегін оқысаң да оқырманды елең еткізері анық. Өзің білмейтін елдің салт-дәстүрін, ұлттық тәрбиені, шешендік сөз бен көсемдік әдептерді, шындық пен әділдікті, азаматтық пен адалдықты, ұлттық тәрбиенің мәйегін осы Секең жазбаларынан көресің. Оқыған сайын айызың қанып оқи бергің келеді. Секеңнің қай еңбегінде де оқырманға ой салмайтын сала жоқ.

Тіпті күнделікті тұрмыста айтылып, қолданылып жүрген жаттанды сөздің шығу тарихын, түп төркінін, мағынасын осы кісінің еңбегінен кейін түсініп жүрміз. Жастайынан жетімдік көріп өскен зерделі азамат жетіле келе өнер биігіне көтерілді.

Бүгінгі күні Сейіт ағамызды қазақ мәдениетінің, өнерінің, тұрмыс салт-дәстүрінің энциклопедиясы десек артық айтқандық емес. Бұл салада Секеңе таласар азамат аз. Осындай асыл ағаларымыздың алдымызда ақылшы болып жүргеніне өте қуаныштымыз.

Жас кезімізде Сейіт ағамыздың баспа бетіне шыққан сатиралық мақалаларын таласып оқып жүрдік. Қай мақаласы да оқырманды елең еткізетін. Себебі қай салаға қалам тартса да қоғамда болып жатқан ащы шындықты өткір тілмен түйреп, әжуалап, мазақтап, шымшып өтетін. Айтылған сын, жазылған фельетон тексерілмей қалмайтын. Тексеру қорытындысы талайды жұмсақ орындығынан, жылы кабинетінен, беделді жұмысынан айыратын. Ол кезде сын, әзіл-сықақ жазу да екінің бірінің қолынан келе бермейтін. Көбісі сын жазудан қорқатын. Себебі, әр әзіл, сынның астарында қолында билігі бар басшы тұратын. Секең қорықпай-үрікпей әділдікті әлі жазып келеді. Бұл біз білетін Секеңнің бір қыры. Уақыт өте келе Секеңнің суретші, шебер, пешші, шежіреші, тарихшы, ақын, сөзге шешен, әңгімеші, мәдени саланы зерттеуші, өнертанушы, артист, этнограф, қолөнер зерттеушісі, көне фото суреттер, көне

жәдігерлер, көне тарихи жазбалар мен кітаптар жинаушы, реті келген жерде археолог, қазақ тұрмыс салт-дәстүрлерінің жете білгірі, ұлағатты ұстаз екенін берісі қазақ қауымы, әрісі шетелдік зиялы қауым мойындады.

Сықақ десе үдей түсер жыр күші,

Туған елдің тарихының білгіші.

Ақын, ғалым, шебер, шешен әрі ұстаз,

Соның бәрі Сейіт деген бір кісі, - деп ақын Серік Тұрғынбеков айтқандай Секең дана, дара тұлға екені даусыз.

Кешегі қазақтың көне мәдениеті мен бүгінгі өркениетті кезеңін жалғаған алтын көпір екені даусыз. Оны досы да, қасы да, қасының досы да мойындайды. Көре алмаған біреулер айтуы мүмкін Сейіт қазақтың кешегісін жинап, жинақтап бүгінге ұсынып жатыр деп. Жоқ, олай десе қателеседі. Секең киелі Торғай топырағында туды. Атасының қанымен, анасының сүтімен келген бұл киелі қасиет қазақы дәстүрдің қаймағы бұзылмаған ортадан шыққаны, сол ортада сусындаған Сейіт ағамыз арқылы халыққа жетуі кездейсоқтық емес. Жастайынан небір шешендер мен көсемдердің ортасында болып, солардың етін турап, сарқытын ішіп неше алуан жүйелі сөздерімен, жүйрік ойларын ауыз әдебиетінің озық үлгілерін көкейіне жаттап, зерделеп өскен талапты жас өсе келе сол жолды қуып, балалықтан даналыққа қадам басқан Секеңнің екінші қырын көреміз.

Ен Торғайдың белдеуіне жарасқан,

Сен қоңыртай күнде жарап таң асқан.

Шылбырыңнан сан ұстаған ағаң ем,

Тағы көрсет шабысыңды шалқасқам, - деп Ғафу ағасы бата берген. Сейіт ағамыз уақыт өте келе өзінің тай емес, нағыз тұлпар екенін талай дүбірлі топта көрсетіп келеді. Ия, әрісін айтсақ, өзінің жеті атасын ұмытқан бүгінгі ұрпаққа Секеңдей жүйелі, нақты бағыт-бағдар беретін ана тілінің неше алуан тәрбиесіне сусындататын, салт-дәстүрлерді ұғындыратын осы мәдени мұраны насихаттау арқылы қазақ тілінің дамуына үлес қосып келе жатқан азаматтар қатары сирек.

Ал бүгінде ізденіп, жинағанына емес, кітаптан көшіріп алғанына, оны оқырманға ұсынғанына мәз шала сауаттылау орта қалыптасуда. Ал Сейіт ағамыз болса, қажымай-талмай елу жыл бойы үнемі ізденісте болып, тәрбиелік мәні зор қағидалы еңбектерін оқырманға тоқтаусыз ұсынып келеді. Секеңнің осындай үнемі ізденісі мен табысты еңбегі өзі өскен ортаның құнарлы өнімі мен сапалы тәрбиесі болса керек. Жарты ғасыр туған жер топырағынан табаны аумай, сол ортаның бұлағынан сусындаған ағамыз таңданарлық тамаша туындыларды өмірге әкелді. 1967 жыл мен 2009 жылдың аралығында: «Кәрі шеңгел», «Қуырдақ», «Кигіз қазық», «Сөз семсер», «Ел құлағы елу», «Айтпады деменіз», «Қазақ мысалдары», «Тышқан тірлік», «Ат теріс», «Хан Барон на сезон», «Мірдің оғы», «Ата мұра», «Шешендерден қалған сөз», «Торғай жазушылары», «Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары», «Жеті қазына», «Ұлттық әдет-ғұрыптардың бізге беймәлім 220 түрі», «Күлкіден айырмасын», «Жеті қазына» 1-2-3 кітаптары, «Туыстық атаулар сыры», «Казахские народные

традиции и обряды», «Қазақ халқының салт-дәстүрлері», «Қазақтың дарқан дастарқаны», «Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті», «Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары» энциклопедиясы, «Күлкінің киіз кітабы» атты жинақтары Алматы, Астана, түрік, қытай баспаларынан бірнеше мыңдаған данамен шығап, осының ішінде «Қазақ халқының салт-дәстүрі», «Қазақтың дарқан дастарқаны», «Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті» орыс, түрік, ағылшын, араб тілдеріне аударылып әлемнің 37 еліне таралған. Мәскеуде өткен Әлемдік және ТМД елдерінің кітап көрмелерінде 2006 жылы 2 орын, 2007 жылы 3 орын алған.

Әдебиет пен өнер саласында 50 жыл тер төккен, халықтың игілігі үшін жұмыс жасап жүрген ағамызға мемлекет тарапынан лайықты сый-сияпат болмай келеді. Сейіт ағамыз әлем алдында қазақ мәдениетін мойындатты. Бұл Сейіт ағаның үшінші қыры. Ұлы Жаратушы ғұмыр берсе, Секеңнің талайды тамсандырған туындыларының куәсі боларымыз сөзсіз. Осы дара тұлға жайлы жақсы сөз айтып, жүйелі пікір жазуға өреміз жете бермесі анық. Кемел жасқа келген азаматтың өнер саласындағы қырсырына өзі тұстас замандастары тоқталып, мерейтой иесінің мәртебесін өсіріп жатыр. Мен де соңынан ерген інісі ретінде аздаған өзім білетін аға жайлы пікірімді жазуды жөн көрдім.

Сейіт ағамен алғаш осыдан 19 жыл бұрын Қабырға ауылында Қоғабай Сәрсекеевтің 50 жасқа толған кешінде кездестім. Қоғабайдың ата-анасы балалары тұрмаған соң қоныс аударып көрші ауыл Қоғаға келіп, Қоғабайды сол жерде өмірге әкелген. Сол кеште үш ақын жазушымен кездесіп үлкен қызыққа бөленген едік. Секеңнің отырған жері әзіл-қалжың, аталы сөз, шешендік мектеп, бір өзі бір театр. Тыңдай бергің келеді. Бірақ ол уақыттағы билік ондай мүмкіндік бермейтін. 1991-1994 жылдар аралығында Секеңнің қарамағында Торғай облыстық «Қазақ тілі» қоғамында қызмет атқардым. Секең сол кезеңдерде әрі аға, әрі ұстаз, әрі тәрбиеші, әрі ақылшы болған азамат.

Секеңмен әңгімелесу деген бір ғұмыр. Тыңдаған сайын құнығып, тыңдай бергің келеді. Қай саладан қандай сұрақ қойсаң да Секең нақты, тиянақты, қайтадан алып қосуға, түзетуге болмайтын дәлелдермен жауап береді. Тапқырлығы мен ойының ұшқырлығына таң қаласың. Алдында орынсыз сұрақ қойып, бейсауат сөйлеуге қауіптенесің. Сенің не айтпағыңды, түпкі ойыңды емеуініңнен сезіп әзіл аралас жауабын дайындап отырады.

«Мұқтаждық - мың өнердің анасы» деген. Секең әкеден жастай жетім қалып, ерте есейген. Анасы Сәлима Секеңе жан-жақты тәрбие беріп өсірді. Кешегі кеңес заманында осы әулет көп зұламатты бастан өткізген. Бабасы 1922 жылы жұтта, атасы 1932 жылы аштықта, әкесі 1942 жылы Ұлы Отан соғысында қаза болған. Секең бабасының, атасының, әкесінің қай жерде жатқанын күні бүгінге дейін іздеумен келе жатқан азамат. Өмірге әкелген анасы ақылшы, тәрбиеші болып үнемі сүйеу болса, жан жолдасы Тұрсын апай Секеңнің өнер жолында озық болуына үнемі үлес қосып, жанынан табылған. Жазғандарын баспаға әзірлеп, зерделеп, реттеп

отырған үлкен қамқор адам болған. Секеңнің ұрпағын өмірге әкеліп ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, немере, шөбере сүйдіріп аяулы жары таяуда өмірден озды. Өмірден озған апайға Ұлы Жаратушыдан иман, Секең ағамызға ұзақ салиқалы ғұмыр, зор денсаулық, отбасына амандық, халық үшін атқарып жатқан игілікті істеріне сәттілік тілеймін.

АЯУЛЫ АҒА, АСЫЛ АЗАМАТ

Мақанов Ерназар ағаның артында өнегелі іс қалды

Иә, бұл жалғанда өмірлік пенде жоқ. Күні кеше ортамызда жайраңдап жүрген аяулы аға, асыл азамат Торғай өңіріне танымал тұлға Ерназар Мақанов дүниеден озды.

Күйкіл тірлікпен жүріп қай күні дүниеден озғанын естімей де қалдық. 2 маусым күні Торғайға мәулетке бара жатып қызметтес достары, жан-жолдас болған сыйлас азаматтары Ходенов Мұхтар қажы мен Уақитов Балтабай естіртті.

Аудан жақсылары қатары тағы бір адамға сиреді. Иә Ерназар аға жақсы еді. Мен бала кезден бірге өстім. 1963 жылы Ұлы Жыланшық бойынан аты орысша, халқы қазақ «Родник» совхозы ашылды. Сол жылы оныншы класс бітірген жастарды сол совхозға жолдамамен жұмысқа жіберді.

Алғашқыда 2-3 ай Имановта, кейін Родникте жұмыста болдық. Алғаш жұмысқа барғанда осы Ерназар ағаға кездестік. Ол кезде бұл кісі партком хатшысы еді. Сонда 26 жастағы азамат екен. Бізге үлкен кісі болып көрінетін. «Родник» совхозы 1963 жылы құрылды. Совхозға директор болып Әбенов Бейсенбек, партком хатшысы болып Мақанов Ерназар, кәсіподақ комитеті төрағасы болып Симағанбетов Қоңқабай, комсомол комитеті хатшысы болып Жәнділдин Сәндібек келді. Бұл совхоз Иманов совхозының №6 бөлімшесі негізінде құрылды.

Бұрынғы революция бесігі болған Әліби, Аманкелді, Кейкі Әбдіғапарлардың тарихи Отаны қайта түлеген еді.

Совхоз қарқындап өсті. Жаңадан Талғуй, Бисары, Көшкімбай, Боқай, Төрткатон бөлімшелері ашылды. 1964 жылдың жазында Қостанайдан Бірәлі байдың 1928 жылдары мемлекетке өткізген жылқыларынан тұқым алдырылып өсірілді.

Оралдан, Батыс Қазақстаннан, Торғайдан қазақы Еділбай қойлары әкелінді. Ұлы Жыланшықтың 30 жылдан аса ту сыраған ағашын шауып жаппай үй салуға қызыл кесек күйдірілді. Ақшатаудан ақ балшық шығарылды.

Жорғакөл, Обалы, Байтумадан қамыс буылып, үй, қоралар салынды. Шаруашылық осылай өрлеп алға басып тұрған шақта Алматы Жоғары

партия мектебінде сырттай оқуын бітіріп елге қайтуға жүрген Әбенев Бейсенбек Алматыда самолет апатынан мерт болды.

Шаруашылыққа осы кезде басшы болып 28 жастағы Мақанов Ерназар тағайындалған еді. Ерекең бұрынғы аудан, облыс деңгейіндегі комсомол қызметкері болатын. Енді саяси басшылықтан тікелей шаруашылық басқару кезеңіне ауысқан еді. Жас алғыр басшы жаңа қалыптасып, құрылысы үнемі дамып келе жатқан жас совхозды әрі қарай тез көтеріп, шаруасын алға дамытты. Осы кезде Ерекеңнің орнына партком хатшысы болып Амантоғай селолық кеңесінің төрағасы, ысылған тәжірибелі, шебер ұйымдастырушы Ходенов Мұхтар аға келген болатын. Кейінірек кәсіподақ комитеті төрағасы болып Уахитов Балтабай тағайындалды. Міне осы үш басшы кезеңі «Родник» совхозының өрлеу, алға басу кезеңі болатын. Жастары қатар үш басшыға тәжірибесі мол өмірдің ащы-тұщысын тартқан салиқалы да сабырлы, қайсар мінезді от ауызды орақ тілді Торғай өңіріне танымал тұлға бұрынғы колхоз басшысы, кейін бөлімше меңгерушісі болған Алшурин Шменбай селолық кеңес төрағасы болып қосылды.

Шаруашылықтың тең төрт тіреуі ауылды алға сүйрейді. Жаңадан құрылған «Родник» совхозы аудан шаруашылықтары алдына шықты.

Осы Ерекең басқарған 1964-1973 жылдары совхозда 40 мың қой, 3000 жылқы, 1 мың ірі қара болған еді. Шаруашылық екі жыл қатарынан әр 100 саулықтан 100-110 аралығында төл алды. Әрине бұл көрсеткіш Ерназар ағаның тынымсыз басшылығы арқасында келген жетістік болатын.

Осындай іскер басшыны 1973 жылы Амантоғай совхозына директорлық қызметке ауыстырды. Бұл кезде Ерекең Целиноград ауылшаруашылығы институтының агрономия факультетін бітірген болатын. Енді мал шаруашылығы емес, егін шаруашылығымен айналысу талабы тұрды Ерекең алдында. Бұл салада да жемісті жұмыстар атқарды. Амантоғай совхозы аудандағы ең ірі астық өндіруші салаға айналды.

Ерекең кейінірек Докучаевка ауданында ауыл шаруашылығы инспекциясының бастығы, Арқалық ауданы «Целинный» кеңшарында директор, Ақбұлақ селолық кеңесі төрағасы болып жемісті жұмыстар атқарды.

Осы Ақбұлақ ауылында зейнетке шығып, ауыл ағасы болып ортада отырып қалған еді. Аллаға шүкір жұбайы Жанаш апай екеуі 4 ұл, 3 қыз бала тәрбиелеп өсірді. Ұлы ұяға, қызы қияға қонды. Немере, шөбере сүйді. Балалары әр салада халқына адал қызмет атқарып жүр.

Ерназар ағаның көп жылғы жемісті еңбегі әркез бағаланды. Кезінде Қазақ ССР Жоғарғы кеңесінің Құрмет грамотасын алды, Еңбек Қызыл Ту орденімен, Еңбектегі ерлігі үшін медалімен, Тыңның 25-50 жылдық мерекелік медальдарымен марапатталды.

Бүкіл Одақтық ауыл шаруашылығы көрмесінде, Қазақ ССР ауыл шаруашылық көрмесінде бірнеше дүркін болды. Тиісті сый құрметтер көрді.

Ерназар аға Жыланшық бойында қызметте жүргенде Ходенов Мұхтар аға екеуі әскерден жаңа келген мені жанына қызметке тартқан еді. Мен қызмет атқару жүйесін осы кісілерден үйрендім. Комсомол, кәсіподақ, совет партия қызметі баспалдағынан өттім.

Мұхтар аға жазу, сызу іс жүргізу сияқты жұмысты үйретсе Ерназарға шаруашылыққа араласуды үйретті. Ерназар, Мұхтар, Шменбай, Балтабай ағалар менің қызметтегі тәрбиеші ұстазым болды. Міне сол азаматтардың бірі өмірден озды. Орны толмас өкініш, бірақ істерге шара жоқ өмір заңы, тағдыр деген солай. Өзі өмірден озғанмен атқарған жақсы ісі, жасаған жақсылығы ешқашан ұмытылмайды.

Ерекең шаруаға тынымсыз, өзіне де, өзгеге де талап қоятын басшы болатын. Ерекеңмен бір көшеде тұрдық. Бұл кісі таң қараңғысынан тұрып терезе қағады. Ол уақытта алғашқыда ауыл ішінде телефон жоқ болатын. Оятып алып, ал сен мынаны, мынаны тез шақыр деп жүгіртіп жібереді де өзі екінші біреудің терезесін қағып кеңсеге шақыратын.

Ауыл адамдарымен тез тіл табатын. Әсіресе қарттарды қатты сыйлап алдынан кесе өтпейтін. Бір үлкен кісі келе жатса машинадан жүгіре шығып күле амандасатын. Үлкендерді үнемі жинап ақыл кеңесін, іс тәжірибесін тыңдап отыратын. Өзін өзі үнемі іскерлікке, алғырлыққа ұштап отырғанын бала болсақ та сырттай көріп, бақылап жүретінбіз.

Жастарға үнемі ақыл-кеңесін айтып, іс-тәжірибесін үйрететін. Жастар арасында кездесіп қалған оғаш қылық, жат істерді бетіне басатын.

Арақ ішкендерге қатаң қараушы еді. Әсіресе бас қосқан жерлерде өзі жастыққа қисаймай, ал жанбастап жатқандарды сынап тұрғызып отыратын. Ол уақытта сенбілік көп. Әсіресе жері шалғай «Родник» совхозында бұндай сенбілік жыл он екі ай бойы жүретін. Ерекең халықты соған жұмылдыра білді. Халқы жақсы ұйымдастырушыны түсіне білді. Шаруашылықта жеткілікті техника бола тұра басы өзі болып барлық басшы атқа мінді.

Жалпы атқа мінуге қалыптастырды. Ерекең шаруашылықтан кеткен соң атқа міну де, ат қора ұстау да қалды. Ерназар аға қазақы дәстүрді уақыт талабына сай ұштастыра білген, жақсымен де, жайсаңмен де араласқан, үлкенге қадірлі іні, кішіге ақылғөй аға болған, кездескенде амандығы түзу, елжіреп іші бауырыңнан өтіп, арқаңнан қағып жалғыз сенің амандығың емес, ауыл аймағыңның амандығын сұрап, жақсы ісіңе марқайып сүйініп, мадақтап батасын беріп тұрушы еді.

Жасының үлкендігіне қарамай жастарға ізет құрмет жасап «ау, мынау кешегі біздің жақсы азаматтың баласы еді» деп мерейінді өсіріп тұратын. Ақжарқын, ақкөңіл аузын ашса көмейі көрінетін жас баладай жайдары аға бүгін ортада жоқ. Өзі өмірден озғанмен артында жан жары, алтын асықтай балалары, немере-шөберелері қалды.

Атқарған жақсы ісі, жасаған жақсылығы, берген батасы, алдынан нұр-шапағат болып шығары, аруағы ұрпағына демеу боларына сенеміз.

Иә, Ерназар аға жақсы еді. Әсіресе Жыланшықта қызметтес болған азаматтар атын аңыз ғып айтары анық. «Жақсының жақсылығын айт нұры

тасысын» деген қанатты сөз бар еді. Біз қызметтес, сыйлас болған азаматтар Ерназар ағаның иманы жолдас Ұлы Жаратушының нұршапағатына бөленсін деп тілейміз.

Жаны жайсаң азаматын халқы есте сақтап құрметтері, аурағына құран бағыштары, Ұлы Жаратушыдан жақсылық тілері анық.

Ерназар аға қай жерде, қандай қызметте жүрсе де сыйлас, дәмдес, сырлас болған дос-жаран жолдастарынан қол үзбеген үнемі байланыста болған, жақсысына сүйсініп, жаманына күйініп отырған абзал азамат еді. Міне, сол ардақты азамат, аяулы аға бүгін ортада жоқ.

Артында қадірін білер халқы, сыйлас азаматтары, жақсы өнегелі істері қалды.

Жаны жайсаң ағаға жаның жанатта, жайың рахатта алдың жарық, әулетің, халқың аман болсын деп Ұлы Жаратушыдан тілейміз.

ЖАҚСЫНЫҢ ЖАҚСЫЛЫҒЫН АЙТУ ПАРЫЗ

Таңат Сейдахмет ақынның шобересі, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, "Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері", облыстық директорлар байқауының жеңімпазы, "Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері", Торғай аграрлық - техникалық колледжнің директоры Жәнібек Ғаппасұлы 60 жаста

Иә, құрметті ағайын, Торғай төсіндегі Арқалық қаласында атқарған игілікті қызметі мен елге танымал жақсы азаматтың бірі Жәнібек Ғаппасұлы 60 жасқа толып отыр. Қазақта "жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын" деген мақал бар. Ал шарифатта да жақсы адамның жақсылығын айтып, мақтау керек деген жолдар бар екен. Жақсының жақсылығын айтсаң, мерейі өсіп, қанаттанады, ісі алға басады, жақсылыққа жақсылық қайтаруды ойлап отырады. Ал, жамандығын көзіне айтсаң қысылып, ісін түзеуге талпынады. Көп жағдайда қатар жүрген азаматтар бір- бірінің жақсы ісін көріп, оны насихаттаудан гөрі қате басқан ізін аңдушылық сияқты жаман әдет сирек те болса кездесіп жатады. Ата- бабаларымыз ұрпағына «би болам десең - үй бол», "адам болам десең –адал бол", "кісі болам десең- кіші бол" деген. Міне, осы үш қасиет те Жәнібектің бойынан табылады. Жәкеңмен жас күннен сыйлас, сырласпыз. Шүкір, сол жақсы әдетімізді балаларымыз жалғастыруда. Алғаш Жәнібекті көргенде маған әскери қызметтегі азамат шығар деген ой келген. Сөзі жинақы, жүрісі ширақ, айтар сөзін жалтақтамай, бүкпелемей бетіңе айтатын ашық ақжарқын мінезі, ойшыл бейнесі осы азаматтың шыққан тегінде бір тектілік барау деген ой тастайтын. Ол уақытта арғы ата- баба тегін, ру сұрасу бола бермейтін.

Марқұм әкесі Ғаппас әкемізді жақсы танитын едім. Сөзге шешен от ауызды орақ тілді, ауыздыға сөз бермейтін, кісінің бет- жүзіне қарамай тайсалмай сөйлейтін адам еді жарықтық. Әкеммен сыйлас, әкемнің інісі Жанұзақпен сырлас, жас деңгейлері қатар болатын. Әкем марқұм "бұл Ғаппас жақсының көзі еді ғой" деп айтып отыратын. Ғаппас әкеміз өмірден озды. Әулеттің ауыртпалығын Жәнібек көтеріп келеді.

Жәнібектің анасы- Ақкенже әжеміз сымбатты, ақылына көркі сай, өр мінезді, адуынды адам еді жарықтық. Тұңғышы Өмір ағамызбен Жәнібекті көз алдында жүрсе де, аузынан тастамай, айналып- толғанып отыратын. Ал балалары да, алдынан кесе өтпей мәпелеп бақты. Ақкенже әжеміз өз балалары емес, өзге Жәнібекпен араласқан балаларды да қарағым, қалқам деп отыратын.

Ол уақыттарда Жәнібектің бабасы - Таңат (руы) Сейдахмет ақынды ақын тұрғысынан білгенмен досым Жәнібектің тікелей бабасы екенін білмейтін едім. Жас кезімізде Қожахметов Дәуіт ағамыз Сейдахмет бабамыздың өлеңдерін аудандық «Тың шұғыласы» газетіне беріп тұратын.

Міне, бүгінгі 60 жасқа толып отырған берісі Торғай- Қостанай өңіріне танымал азамат Жәнібек Ғаппасұлы жоғарыда аталған Таңат Сейдахмет ақынның тікелей ұрпағы. Ел аузында:

Сөйлесе сөздің шешені,
Бастаса елдің көсемі.
Сейдахмет ақынды,
Әулие адам деседі - деген шумақ сақталған.

Иә, әулие, құралайды көзге атқан сұр мерген, ақын, зергер, ұста, күйші, термеші Сейдахмет бабамыз 1843 жылы Торғай өңірінің Қайыңды ауылында туған. Осы өңірден шыққан жақсылармен сыйлас, сырлас, дос болған адам. Ыбырай Алтынсаринмен, Ахмет Байтұрсыновпен, Амангелді, Кейкі, Әліби, Әбдіғар ханмен, Бірәлі, Рахмет байлармен Ақмола, Кереку, Атбасар, Орынбор, Қостанай, Торғайдағы жақсылармен араласқан азамат. Ыбырай Алтынсарин бабамыздың бір қызын өсиеті бойынша осы Сейдахмет ақын ұзатқан.

Сейдахмет бабамыздан Сүлеймен (кейін Сүлекей аталып кеткен)- Сүлекейден Ғаппас, Ғаппастан Жәнібек туады.

Жәнібек 1948 жылы он екінші ақпанда қазіргі Шеңбер (бұрынғы Дәбей, Қорғасын) Ұлытау ауданында дүниеге келген. 1963 жылы орталау мектепті тәмәмдап, № 154-ші Амангелді кәсіптік- техникалық училищесіне оқуға түсіп, оны үздік бағамен бітіреді. Одан 1965 жылы Петропавлдың индустриалды- педагогикалық техникумына түсіп, оны 1969 жылы бітіріп шығады. 1969-1971 жылдары Совет армиясы қатарында қызмет атқарады. Әскер қатарында шыңдалып, есейіп келген сауатты, іскер азаматты мектепте мұғалім болып жүрген жерінен аудандық әскери комиссариат Қырғыз жеріне арнайы дайындыққа жібереді. Арнайы дайындықтан әскери шенмен оралады. Жастәрға әскери- патриоттық тәрбие берумен қатар, комсомол жұмысына араласады. Спортты, көркем

өнерді жандандыруға ат салысады, жастардың белсенді басшысы бола біледі.

Арнаулы музыкалық мамандығы болмаса да Жәнібек әншілігімен халыққа танылған азамат.

Бұрыннан бір мектепте оқыған қызметтес, өнерде де, спортта да қатар жүрген қыздар тобының көшбасшысы Қарлығаш Жақыпбекова екеуі 1972 жылы некелеседі.

Қарлығаш Алматы қыздар педагогикалық институтының музыка факультетін бітіріп келген жас маман болатын.

Жәкең арнаулы орта біліммен жастарға тәрбие бере жүріп 1977 жылы Қарағанды Мемлекеттік университетінің тарих факультетіне сырттай оқуға түсіп, оны 1983 жылы ойдағыдай бітіріп шығады. Бұл кезең Қарлығаш екеуінің өмірде де, қызметте де, өнерде де ысылған, есейген шағы болатын.

1981 жылы 4 курста сырттай оқып жүрген іскер азаматты Аманкелді ауданының Крупская атындағы орта мектебіне мектеп директорлығына тағайындайды. 70 -жылдары комсомолда қатар қызметтес болған азаматпен 1984 жылы Крупская атындағы совхозға партия комитетінің хатшысы болып барғанда кездестім. Үш жыл қатар қызмет атқардық. 1985 жылы сол совхоздың Сарытал ауылдық кеңесінің төрағалығына Жәнібек сайланған еді. Бұл қызметті де абыройлы атқарып, 1987 жылы Аманкелді аудандық мәдениет бөліміне басшы болып ауысты. Қатар қызмет атқарған 1984-1987 жылдары Жәнібек пен Қарлығаш Крупская совхозындағы орта мектепті оқу-тәрбие жұмысы жағынан да, тәртіп жағынан да, тазалық жағынан да, өнер жағынан да аудан мектептерінің алдына шығарды.

1982 жылы Қарлығаш Жақыпбекованы ұйымдастыруымен ауданда алғаш рет "Өрімтал" атты мектеп оқушыларының ансамбілі құрылды. "Өрімтал" аудан, облыс, республика көлеміне танымал болды. 1985 жылы Республикалық теледидардан "Өрімтал" ансамбілінің жарты сағаттық концертін де тамашаладық.

Жәнібектің ісінің алға басуына тұрмыста да, өмірде де, өнерде де жан-жары Қарлығаштың еңбегі ерекше. Жәнібек бастаған әр істің басықасында үнемі Қарлығаш жүреді.

Қарлығаштың өнердегі еңбегі өте ерекше. Сол еңбегінің бір саласы Жәнібекті аудандық мәдениет бөлімін басқаруға жетеледі. Осы жылдар аудан мәдениет саласындағы алға өрлеу кезеңі болды.

Жәнібек жалпы басшылықта жүрсе, Қарлығаш ішкі концерттік ұйымдастыруда болатын. Осы екеуі өнерді сүйді, насихаттады, өнер саласындағы өзгенің еңбектерін түсінді, бағалады, оларға қолдау көрсетті. Қорытындысында еңбектерінің жемісін халыққа көрсете білді. Сол арқылы өздері рухани нәр алып жетілді. Негізгі қызметтерімен қатар қаншама қоғамдық жұмыстар атқарды. Ауылдың қолына музыка аспабын ұстап көрмеген қара баласын тәрбиелеп, жетілдіріп, дүниежүзілік деңгейдегі сахнаға көтерді.

Жәнібек ауданның мәдени саласын бір деңгейге көтергеннен кейін 1988 жылы Абай кеңшарындағы БЛКЖО-ның 30-жылдығы атындағы орта мектепке директорлық қызметке тағайындалды. Бұл қазіргі Құмкешу орта мектебі. Міне, осы жылы мен де Абай атындағы кеңшарға партия комитетінің хатшысы болып сайланған болатынмын. Тағдыр Жәнібек екеумізді қызметте үш рет кездестірді. Бір- бірімізді жоқтатпай ортақ істе белсене жұмыс атқардық.

Жәкең оқу- тәрбие жұмысымен қатар мәдени саланы да қолға алды. Қарлығаш оқушылардан іріктеп "Домбыра дастан" ансамбілін құрды. Ол уақытта оқушыға концерттік арнаулы киім болмайтын, әр жерден түрлі маталар алдырып киім тігуді қолға алды. Қарлығаш киімді пішеді, мен қажет оюларды жасаймын, марқұм Күләш Рақметова құрбымыз оюларды, киімдерді тігеді. Ансамбльдің көрнекті жабдықтарын мен жасаған болатынмын. Киіміміз жарасымды, сәнді болды. Көптеген музыкалық аспаптар қолдан жасалды. Сол жас бала-лардан құрылған "Домбыра- дастан" ансамбілі аудандық, облыстық, республикалық байқаудың жеңімпазы атанды.

1993 жылы Түркияда өткен Бүкіләлемдік балалар фестиваліне қатынасып жүлдегер атанды. Бірнеше бала іріктеліп Гала концертке қатынасты. Бұл жетістік Жәнібек пен Қарлығаштың тікелей еңбегі болатын.

Қай ортаға барса да үлкенмен де, баламен де тез тіл табатын, әсіресе, жас балаларды өнерге үйретуде Қарлығаштың еңбегі ұшан- теңіз. Қарлығаш қандай да марапатқа лайық азаматша, шебер ұйымдастырушы, әнші, термеші, жыршы, күйші, он қолынан өнер тамған шебер. Бұл күндері де Арқалық өңіріне өнерімен танымал Қарлығаштың атақты Төлек Жәуке батырдың туған шөбересі екенін екінің бірі біле бермейді. Қазақта "қасқадан қасқа тумаса да, төбел туады" деген мақал бар. Қарлығаштың да текті тұқымнан шыққаны сөзінен де, ісінен де көрініп тұр.

Таратып айтар болсақ, Төлек Жәуке батырдан Құлпейіс, Құлпейістен Жақыпбек, Жақыпбектен Қарлығаш туады.

Жәнібек атақты Таңат Сейдахмет ақынның шөбересі болса, Қарлығаш атақты Төлек Жәуке батырдың шөбересі. Ұлы Жаратушы осы екі жақсының шөбересін кездейсоқ табыстырмаған шығар. Екеуі үш ұл, екі қыз бала тәрбиелеп есірді, білім берді. Кеңесханы келінімен, екі немеремен Алматыда қызметте; Абзалы келінімен, екі немеремен Астана телевидениесінде инженер; Ернары Қазақ ұлттық техникалық университетінің мұнай- газ факультетінде соңғы курста оқуда; Гүлжазирасы жанұясымен Қарағанды қаласында облыстық мәдениет саласында қызметте; Луизасы жанұясымен Алматыда.

Жәнібек 1992 жылы Аманкелді аудандық білім беліміне басшы болып тағайындалды. Бұл Жәкең өміріндегі қиын кезең екенін сыртта жүрсек те түсінетінбіз. Совет Одағының ыдырап Республиканың өзіне- өзі келе алмай, ата- ана баласын дұрыс оқыта алмай әрі- сәрі болып тұрған кезең болатын. Іскер басшы бұл қиындықтан да жол тауып ауданның оқу

саласын өз деңгейіне көтере білді. Көптеген жас азаматтарды оқу ісіне тәрбиелеп, директорлыққа көтерді. Жабылуға таяған мектептерді аман алып қалуға жанын салды. Сондай жанкешті жұмыстың арқасында көп мектептер қайтадан қатарға қосылды.

Жәнібек қай кезде де іскерлігімен көріне білген азамат. Осындай жақсы іскер, ұйымдастырушылық қабілетін ескерген облыс басшылығы Жәнібекті 2000 жылы Арқалық қаласындағы Торғай аграрлық-техникалық колледжіне директорлыққа тағайындады. Міне, бұл салада да абыройлы қызмет атқарып келеді.

2001 жылы "Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл" мерекелік медалімен марапатталды. Осы 2001 жылдан бері Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі.

Халықтар бірлігін нығайтуға жұмыс жасайтын үлкен ұйымға мүше болу екінің біріне сеніп тапсырыла бермейтіні анық.

2004 жылы білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін "Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері" белгісімен марапатталды. Өзіне сеніп тапсырған қызметті қашан да абыроймен, тиянақты орындап келе жатқан ел үшін бел шешпей еңбек жасап жүрген қатарынан озық азаматты 60 жасқа толған мерейтойы қарсаңында халық алдында жақсылығын айтып, мерейін өсіру парыз.

Жәкең көп ағайынды азамат. Ағайын- туыс, дос- жаранға қайырымы мол бір әулеттің басы. Көп жағдайда өзі болған азаматтар өскен ортасын, сыйлас азаматтарын, ағайын- туысын ұмытып кетіп жатады. Ал, Жәнібек бәріне қамқор, жанашыр. Елдің бірлігінің жақсы болуы да осындай азаматтар арқасында болмақ.

Ертедегі ата- бабалардың ел басқару жүйесінде де әр әулетті бір- бір ақылды адам басқарғаны белгілі. Отбасын басқарған азамат ағайынын басқарар, ағайынына сөз өткен азамат ауылын басқарар, ауылын басқарған аумағын басқарар.

Халқымыз қыста сықырлаған сары аязда туған баланы қыранның балапанына теңеп, қайратты, қышылды, өткір, алғыр болады деп отыратын. Ақкенже анамыз он екінші ақпанда дүниеге әкелген Жәнібек те қайратты, қажырлы, іскер, алғыр азаматтың бірі екені даусыз. Өмірге әкелген ата-анасына Ұлы Жаратушыдан иман тілей отырып, 60- тың асқарына шыққан азаматқа мықты денсаулық, жұмыста сәттілік, отбасына амандық, шөбере сүю бақытына жетуіне тілектес болайық, ағайын.

Тәуелсіз еліміздің әрбір азамат-азаматшасы мерекелі күндерін амандықпен берекелі өткізуін тілеймін!

ӨМІРІН ӨНЕРГЕ АРНАҒАН ӨНЕРПАЗ

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тікелей қолдауымен өмірге келген "мәдени мұра" бағдарламасы әрісі жалпы қазақ тарихындағы, берісі кешегі кеңес дәуірімен бүгінгі тәуелсіздік алғаннан бергі аралықта халық арасындағы хас таланттардың өнерін халқымызға насихаттап, кеңіннен қолдау жасап, өнерімен талантын тәуелсіз еліміздің игілігіне ұсынып жатқаны өте құптарлықта, қуанарлықта жағдай.

Сол арқылы аты аталмай, көзге көрінбей жүрген қаншама таланттардың еңбегі жанып, мерейі өсті.

Халық арасында әлдеде еңбегі толық бағаланбай жүрген таланттар қаншама. Әсіресе біздің көне Торғай өлкесі осындай таланттарға өте бай.

Сондай тума таланттардың бірі, әрі бірегейі Қарлығаш Жақыпбекова. Қарлығаш сияқты кезінде аудан атын обылысқа, обылыстың атын Республикаға, Республика атын Әлемдік деңгейге көтерген өнер иелері саусақпен санарлық. Біреулер осындай талантты таба алмай, әр жерден іздеп, қолынан келгенше баптап өнер бәйгесіне қосып жатса, Қарлығаш қай бәйгеге қоссаңда талмай шауып, шалдырмай бәйге алары анық. Себеп ол қолдан баптап, жүрген жүйрік емес, өнер атасының қанында, анасының сүтінде бар, талантты ордадан шыққан текті, тума талант.

Қарлығаштың тегіне қарасақ Кенесары ханның хас батырларының бірі Төлек Жәуке батырдың тікелей ұрпағынан тараған шөбересі.

Құдай қосқан қосағы жағынан қарасаң атақты Таңат Сейдахмет ақынның тікелей шөбересі Жәнібек Гапбасұлының жан-жары.

Осы жерден сәл шегініс жасап барша ғұмырын жас ұрпақ тәрбиесіне арнаған Қарлығаштың осы кезеңдерге дейін атқарған жұмысына назар салайық. Аманкелді ауданы Сарыторғай кеңшарындағы Б.Майлин атындағы орта мектебін 1967 жылы бітіріп сол мектепте бір жыл қызмет атқарып, 1968 жылы Алматыдағы қыздар педогогикалық институтының музыка педогогикалық факультетіне оқуға түсіп оны 1972 жылы үздік бітіріп шығады. Міне осы жылдардан бері ұстаздық жолда аяанбай еңбек жасап тер төгіп келе жатқан азаматша.

Осы отыз сегіз жыл ішінде оқыған оқуының қызығын көрді. Өзінде өнерге шыңдады, қаншама талантты жастардың өнерін танып, оларды тәрбиелеп шапағаты тиді.

1983 жылы Республикада тұңғыш рет Н.К.Крупская атындағы орта мектеп оқушыларынан фольклорлық "Өрімтал" ансамблін құрып, ол ауданда обылыста, Республикада жеңімпаз болып концерттік программасы Республикалық теледидардан 45 минут насихатталды. Республикалық

алтын қорға кірді. Өнерге тәрбиелеп бағыт-бағдар берген сол жастары Ләззат Досжанова Н.Құлжанова атындағы гуманитарлық колледжде қобыздан дәріс берсе, Башаева Ақжамал, Әдманова Ақжанайлар Ақтөбе, Рудный қалаларында өнерден дәріс береді. Шәкірті марқұм Нұрманғалиев Ерланның өнері қандай еді шіркін! Әнші термеші, күйші, ақын жанып тұрған жас еді өмірден ерте озды. 1986-1987 жылдарда Аманкелді орта мектебі жанынан "Рауан", 1988-1993 жылдарда Құмкешу орта мектебі жанынан "Домбыра-дастан", 1994-2000 жылдары Ы.Алтынсарин орта мектебі жанынан "Шаттық" атты фольклорлық ансамблдер құрып, жас бүлдіршіндерді өнерге баулып, халқымыздың музыка саласындағы асыл мұрасының кәусәрімен сусындатты, халыққа өнердің не алуан түрін ұсынды.

Әсіресе "Домбыра-дастан" ансамбілінің алатын орны ерекше.

Құмкешу орта мектебінің өнерге бейім төменгі сынып оқушыларынан құрылған ансамблде алғашқы кезде қажетті музыкалық аспапта, киімде, безендіру құралдары жетімсіз болды.

Қарлығаш музыка құралдарының "Шертер", "Асатаяқ", "Шаңқобыз", "Сыбызғы", "Сырнай", "Жетіген", "Тайтұяқ", "Сазсырнай", т.б. көне түрлерін әр-жерден жинады, қолдан жасатты, ескісін жаңартып 6 жаспен 12 жас аралығында балаларды "Домбыраға", "Қобызға", "Баянға", "Сыбызғыға", "Сырнайға", "Дауылпазға", "Шертерге", "Шаңқобызға", "Жетігенге", "Шылдырмаққа", т.б. құрал түрлерін үйретіп қана қойған жоқ олардың орындау шеберлігін Әлемдік деңгейге көтерді. Осы "Домбыра-дастан" ансамблі 1990 жылы Республикалық "Алтын Алма" байқауының, 1991 жылы Қостанай обылыстық және Республикалық "Музыкалы бәйшешек" байқауының жеңімпазы болып, 1993 жылы Қазақстан Республикасы атынан Түркияда өткен бүкіл Әлемдік балалар фестиваліне қатынасып жүлделі орын алды. Қазақстан атын алыстағы ауыл балалары Әлемге паш етті. Балалар өнері алтын қорға кірді.

Әрине бұл жеңіс Қарлығаштың тынымсыз еңбегімен, өрелі өнерінің, төккен терінің еңбегі болатын.

"Домбыра-дастан" ансамбілінің киімдерін Рахметова Күләшпен Қарлығаш екеуі қолдан тікті, мен киімге түсетін оюлардың үлгілерін жасап берген едім. Осы "Домбыра-дастан" ансамбілі мүшелері Азамат Мұқатов, Ербол Иіпбергенов, Гүлжазира Ғапбасова, Шынар Есмағанбетова, Жанар Жұмекеновалар Қостанай қаласындағы А.Байтұрсынов атындағы Университеттің музыка факультетін бітіріп қазір әр қалада өнер саласында қызмет атқаруда.

Қарлығаш қай мектепте жұмыс атқарсада сол мектептің өнерлі жастарын танып, іріктей біледі. 2001 жылы Арқалық қаласының мәдениет сарайы жанынан "Еркежан" атты топты ұйымдастырды. Осы топ 2002 жылы Қостанайда өткен обылыстық "Айгөлек" байқауында II-орны, 2003 жылы "Роза Бағланова шақырады" атты республикалық қайырымдылық концертіне қатынасса, 2004 жылы "Бозторғай" атты халықаралық

байқаудың дипломанты болды. Сол жылы "Еркежанның" лазерлік дискісі шықты.

2004 жылы Астана қаласының туған күні мерекесіндегі "Қырық қымыз" байқауында ерекше көзге түсті. 2004-2005 жылдары обылыстық білім департаменті мен кәсіподақ қызметкерлерінің Құрмет грамотасымен, "Шәкіртсіз ұстаз тұл" атты номинация бойынша дипломен, Қостанай облысының мәдениетін дамытуға қосқан зор үлесі үшін мақтау қағаздарымен марапаттаған.

2005-2006 жылдары Қостанайда өткен "Алтын микрофон" байқауында "Еркежан" тобының мүшелері Жүсіпов Ерлан, лауреат атанса, Әсия Қабденова дипломант болды. Жыл сайын қаламызда өтетін "Торғай әуендері" фестивалінің грамоталары мен дипломдарымен марапатталып келеді.

2006 жылы желтоқсанда қалада "Еркежанға-5жыл" атты есепті концертті өтті. Осы жолы "Еркежан" тобынан ересек үш ер бала Д.Мешелов, Е.Жүсіпов, А.Мұсылманбектер бөлініп "Самғау" тобын құрып халыққа музыка өнерін насихаттауда.

2007 жылда Қостанай қаласында аймақтық "Алтын микрофон" байқауынан Әбдрәсіл Манат және Хабибуллина Дана атты екі шәкірті бірі лауреат, бірі дипломант атанады. Ал шәкірттері Аян мен Мұратбек Арқалық мемлекеттік педогогикалық институтының музыка факультетін бітіріп "Шұғла" атты топ құрып халыққа өнер көрсетуде. Осынша ансамблді ұйымдастыру, оған өнерлі жастардың қабілетін танып іріктеу, тәрбиелеу, үйрету, әр баланың ой-өрісі мен көңіл күйін тап басу, сәбидің қас-қабағына қарап оған өнер түрлерін үйрету, оларды үлкен сахнаға шығару екінің бірінің қолынан келе бермесе керек. Бір үйдегі бір баланыда өнерге үйрете алмай жататын жағдай жиі кездеседі. Ал ондаған баланың көңіл күйін дөп басып өнер жолына бастай білуде алдымен балаға деген үлкен махаббатты қажет етері анық. Қарлығаш осы шәкірттерінің бәріне өз анасындай мейірбан болған дара тұлға. Қарлығаш өте жақсы ұйымдастырушы, тәрбиеші, әнші, термеші, күйші, баянды шебер ойнайтын музыкант. Оның сыртында музыка құралдарын барлық түрінде жетік ойнайды.

Осыған қоса он саусағынан өнер тамған шебер, тігінші, тоқымашы. Бір басына жетіп артылатын өнердің сыртында аяулы ана, отбасының берекесі, балалардың анасы, құдай қосқан қосағы Жәнібектің адал жары. Қарлығаштың өнер саласында қаншалықты еңбегі болса ол Жәнібектің арқасы, соның қолдауының жемісі. Жәнібекте, балаларыда өнер саласында өзіндік орны бар өнерлі, өнерді сүйетін, құрметтейтін жанұя мүшелері. Ал Қарлығаштың өнердегі еңбегі өткен кезеңдерде толық бағасын алмай жатса ол Жәнібектің өзінен өзгені жоғары қойатын талабынан болған жағдай. Өз қарамағында мұғалім болып жүрген Қарлығаштың еңбегін бағалауға келгенде үнемі тартыншақтап, коллективтен "Ұят болады" дегеннен аспай, үнемі Қарлығашқа тиесілі марапатты екінші кезекке шегеріп отырды. "Сырт көз сыншы" деген мақал бар. Қатар жүрген

қызметтестері өнеріне жете мән бере-бермеуі, өткен шақтағы атқарған игілікті істерін ескере бермеуі мүмкін.

Осы өнер адамының әр игілікті қадамын сырттай бақылап, атқарған игі ісі мен өнер саласында берген тәрбиесі мен дарынына сүйсініп, еңбегі әлі дұрыс бағасын ала-алмай жүр-ау деп ойлайсың. Қарлығаштың алдағы мерейтойы қарсаңында өнерді құрметтейтін, сүйетін, бағалайтын билік басындағы азаматтарға ұсыныс пікір қосу артық болмас. Өнері мақтауға тұрарлық өнерпаз болса, оны неге насихаттамасқа. Осындай өнерлі адамның өнері қаламыздың мерейіне мерей қосарына дау жоқ.

ЖАНЫ ЖАЙСАҢ, ЖҮРЕГІ ЖЫЛЫ АЗАМАТ

“Адам болам десең адал бол,
Кісі болам десең кіші бол,
Би болам десең иі бол”.

Халық мақалы.

Бүгінгі күні байды, барды, қызметі жоғары, мәртебесі биік, құзыр билігі мол, тамыр – танысы көп, болмаса әулетінде бай, батыр адам болса сол әулетті, болмаса арғы бір ата – бабаларында байлық болса іле мадақтап, мақтап жататын уақыт болды. Әрине бұдан сен ешкімді мақтап – мадақтама деген ой – пікір тумаса керек.

Кешегі қарадан шығып хан болған Аяз би таққа отырып, билікке жеткен соң өткенім мен кешегі күнімді ұмытып кетпейін деп әр нәрсеге шүкіршілікпен қарап, хан сарайының маңдайшасына ескі тымағы мен күпісін іліп қойды емеспе?

Иә бармын деп таспа, жоқпын деп саспа, адамдық, азаматтықтан әділдік қағидадан аспа деп еді – ау Аяз би бабамыз.

Сол азаматтың, адамгершілік, достық қағиданы үнемі сақтап, қадірлеп, уақыт өткен сайын нығайтып келе жатқан азаматтың бірі, әрі бірегейі Әбдіқадір Әбілтаев. Осы кезге дейін аса жоғары қызмет тізгінін ұстамасада өз тұстастары мен алдыңғы буын ағаларға, кейінгі толқын інілерге жете танымал азамат.

Ертеде бір данышпан айтқан екен: сенің кім екеніңді білейін достарыңды көрсетші деп. Сол данышпандық қағиданы сақтап, қадірлеп, құрметтеп ұстаған Әбекең елге сыйлы, халыққа қадірлі, ортасына беделді.

Жолдасың қандай деген сөзден шығады ертеде Қара Табай бабамыздың жүйрік аты жоғалып кетіп жыл бойы табылмай, бір күні келіп тұр дейді. Жанына жаман мәстек атты ертіп. Данышпан бабамыз жыл бойы көрмеген атына қарап тұрып – тұрып опырай менің атымның жолдас болған, жолдасының түрі жаман екен сойып тастаңдар деген екен. Бабаларымыз адамды жолдасынан айыра білген. Ат арқасына мініп, билік тізгінін ұстап жүрген азаматтардың Әбекеңді білмейтіні, дос – жаран,

жолдас емесі аз. Сыйластық өздігімен бір жақты келмесі анық. Жас күнінен жақсыға жақын, кішіге қамқор, үлкеннің алдын кеспей иіліп тұрған, сыпайы, жөн – жобаны жетік білетін Әбекең бүгінде ердің жасы алпысқа келді.

Әрине азаматтың қатарынан озық болуы алдымен шыққан тегіне, ата – ана тәрбиесіне, өскен ортасына қызметтес достарына байлынысты болары анық.

Әбдіқадір қазақ халқының тәуелсіздігі мен бостандығы үшін күрескен қайраткер, алғаш Түркістан мемлекетінің негізін қалаған, Алаш үшін барша ғұмырын сол жолға арнап, сол әділдік қуған жолда арыстанша алысқан Мұстафа Шоқай әулетінен.

Осы бабасының қыйлы тағдыры жайлы жүйелі деректі спектакль жазған да осы Әбдіқадір.

Азаматтық адамгершілік алдымен амандықтан басталады. Әбекең амандығы түзу, мен – мендігі, кісімсу дегенді білмейтін қарапайым, досынада, досының, қасынада адалдықпен қарайтын, ешкімді алалап бөлмейтін, бөтен санамайтын, үлкенге иіліп, кішіге ақыл – кеңесін айтып, уақытын бөліп, тұра қалатын инабатты, парасатты азамат екенінде дау жоқ. Кәзіргі кезде қолына билік тиіп, “өзі болған” шала қазақтау жігіттерге, болмаса қазақы дәстүр – салт, ибалық, инабаттылыққа үрке қарайтын азаматтарға бұндай қарапайым адамдар ұнай бермеуі мүмкін.

Жаңа – ауыл орта мектебін үздік бітіріп, Қызылорда педогогикалық институтының тіл әдебиет факультетін тамамдаған Әбекең өзімен бірге оқыған аяулы жары Алтынайын Қызылордалық көп қыздың ортасынан ойып алып туған жерге оралған уыздай жас жігіт алғаш жұмысты ауылда мектептен бастады.

Қатарынан озық, жігерлі жас аудан басшылары көзіне ілігіп, Аманкелді аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшылығына сайланды.

Ол кезде комсомол – жастардың өмірге деген құштарлығы, жұмысқа деген ынтасы өте жоғары болатын. Қандай деңгейдегі басшыда комсомол жетекшісімен санасатын. Жастардың жетекшісі бола жүріп, аудандық партия комитетінің бюро мүшелігіне өтті, кадрлар резервіне кірді. Сол кездегі басшыларда Әбекеңнің іскер, алғырлығын танып аудандық партия комитетінің аппаратына қызметке шақырды. Қатардағы нұсқаушыдан, ұйымдастыру бөлімінің меңгерушілігіне, аудандық кәсіподақ комитетінің төрағалығына, кейін аудан әкімінің орынбасары қызметін атқарды. Қай іскеде бел байлап, белсене кірісті. Аудан басшылары Әбекеңнің жастығына қарамай аудан көлемінде өтетін қандайда бір жауапты жұмысты сеніп тапсыратын. Оны ұқыпты, тианақты атқарғанын көріп жүрдік.

Әбдіқадірмен көптеген жылдар қатар қызмет атқарып келеміз. Өзінікі емес, өзгенің қуанышынада, қиыншылығынада белсене араласатын Әбекеңді үнемі іздеп отырамыз.

Бүгінгі күні Әбекеңнің Қостанай қаласына көшуі ортамыздан бір жақсы сыртқа кетті – ау деген өкініш көңілді елеңдетеді. Қайда жүрседе амандығын тілеп отырамыз. Жақсыда жаттық жоқ деген Әбекең ініміздің бір қыры.

Бала күннен бір өскен Әбекеңмен өткен күнді еске алып, пікір алысу бір ғанибет. Сөзден сөз қозғап, ойдан ой тудырып отырады.

Кәзіргі кезде жүйелі ой, келелі кеңес құрайтын орта аз. Он адам бас қосса топ – топқа жіктеліп мән жоқ, мағна жоқ әңгіме айтатын болды. Кісі асқа бармайды, ықыласқа барар болар. “Асыңды берме ықыласыңды бер” дейді дана халық.

Қашан барсаңда Алтынай екеуі келген қонақты қуана қарсы алып, асында, ықыласында беріп, әдептіліктің, тектіліктің, үлкен отбасылық тәрбиені көрсетіп отырады. Әсіресе Алтынай келін қазақы салт дәстүр, жол – жоралғы, ырым – тиымды жете меңгерген әрі үнемі ретімен жүзеге асырып отырады. Әбекең дос, жолдас, әрі іні. Туғаныма айта алмайтын ойымды, өкпе назымды айта бастасам Әбекең айтарымды емеурінімнен танып, артық кеміне баға беріп, жүйеге салып, жол сілтеп отырады.

Осындай тектілік пен қамқорлық жас кезінде алған жақсы тәрбиенің жемісі екені анық.

Әбекеңнің азамат болып қалыптасуына алдыңғы буын ағалары, ұстазы Тәукенов Қоңыртай, Исабеков Тайшыман, аудан басшылары Есполов Қайырбай, Омаров Сартай, Өмірбеков Жұмағали, Ислямиев Нұрхан, Гапбасов Жәнібек, тұтастары Ағыбай, Бимырза, Рамазан, т.б. азаматтар әсер еткені анық.

Аманкелді ауданын талай басшылар басқарғанмен Есполов Қайырбайдан, Омаров Сартайдан белдісіде, іскері де болған жоқ. Көбісі күн көріс қамы мен бас пайдасынан аса алмады. Сол кезеңдердегі бос белбеу басшылық, басынан шіріген балық алып мемлекетті ыдырауға әкелді.

Біз одан зиян таппадық тәуелсіздігімізді алдық, бірақ осы толқымалы кезеңде ой өрісі тар, сауаты шамалы бір шаруашылық көлемінен асып билік құрмаған азаматтар билік тізгінін ұстаған кезеңдер бірнеше ондаған жылдар жаяулап жүріп, өгіз арбамен тірнектеп жинап, көлемді шаруашылыққа жеткізген байлығын талан – таражға салумен жалғасты. Осындай жөнсіздікке қарсы шыққан азаматтың бірі осы Әбекең болатын.

Қызмет атқару қағидаларында басшылық өзінен қызметі төмен ақылы жоғары адамды ұнатпайтын жазылмаған заңдылық бар.

Көп шала сауатты басшы осы қағиданы бас жағына жастап жатып, сол қағида жолымен жұмыс жасайды.

Яғни білімді азаматты білімі аз, бірақ елпілдеген, тіл алғыш жағымпаздармен айырбастайды.

Қай жердеде, қай ортада да, ешкімнің шен – шекпеніне қарамай әділдігін айтар тура мінезі Әбекеңе көп жағдайда қолайлы қырымен келмеді. Сын айтқанды аса бір ақылды адам болмаса кім болсада қабылдай бермейді. Әсіресе ойы таяз, ұстанымы төмен, өмірден көрген білгені, аз

талап – ынтасы халық қамы үшін емес, аз басындық азамат болса онда шаруаң шатқаяқтап шалқайды дей бер. Бұндай кезеңдерді бұл жалғанда көп көріп жүрміз. Осындай өмір кезеңдерінде Әбекеңе кездескен қолайсыз кезеңдердің талай куәсі болдық. “Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман” жоқ деген аталы сөз Әбекеңнің басты ұстанымы болып келеді.

Кенес аталарымыз айтқан жоқпа “Малым жаным садағасы, жаным арым садағасы” деп. Шіркін турасын айтып, туғанына жақпайтын азаматтар көп болса, біздің қоғамдағы өз басындық ауру азаяр еді – ау.

Азамат қашанда атқарған қызмет дәрежесімен емес, халыққа, еліне тигізген пайдалы игілікті ісімен құрметті.

Ер азаматтың кемел жасына келген Әбекең өткен 40 жыл беделінде атқарған жұмысы, қаиар азаматтары мен кейінгі ұрпаққа берген тәрбиесі қанша қомақты болса, алдағы кезеңде берер тәрбиесі мен үлгісі одан да жоғары болары анық. Үнемі ізденісте жүретін азамат өз басының қамы емес, ағайын – туыс дос жаранның артық кемін бағамдап, мүмкіндігінше қол ұшын беруге әзір тұрады. Әбекеңді өз қатарлары аса ілтипатпен құрметтейді. Алтынай екеуі өз ортасына үлгі, ағайынға тірек дос – жаранға сүйеу болып келеді.

Аллаға шүкір балалары алтын асықтай, ата – анасының қас – қабағына қарап, қашан барсаңда қолда барын алдарына тосып отырғаны.

Біз жігіттің үш жұрты бар десек Әбекең жоқ төрт жұрты бар. Төртінші жұрты, дос – жаран, жолдас – жора, сыйлас азаматы дейді. Иә Әбекең дұрыс айтады. Ең сенімді жұрт дос – жолдас. Бірге тумасада, туғаныңнан артық өзіңе қамқор ықыласпен қараған, осындай азаматтар барына қуанам. Ұлы Жаратушы алдымдағы ағаларыма, жасы кіші інілеріме жақсылық берсе екен деп тілеп отырамын!

Елінің елеулісі, халқының қалаулысы, жарының сүйіктісі, жанұяның ұйытқысы, досқа серік, сертіне берік-аяулы Әбдіқадірдің 60 жасқа толу құрметіне ақ тілек

Дос күліп жүрмесін деп, қас табалап,
Қосыннан дос іздеуші-ең, қос жағалап.
Халқыңның қағидасын қатаң ұстап,
Таныған азаматты досқа қарап.

Жастарға көрсетем деп қандай үлгі,
Тасқа ұрдың талай мәрте мандайыңды.
Ту еткен өр Түрікті Мұстафадай,
Толассыз сүйгендіктен Торғайыңды.

Халқыңның көкейіңе шерін түйдің.
Шешімін күтті сенен елің бидің.

“Жапалдың монологын” жасыңда оқып,
Өскенде Кеңгірбайдың кебін кидің.

Кұлан-ең құла дүзден терген несіп,
“Жолығар бөрі азығы жолдан”-десіп,
Бір түнде Қобыланды бабаңа ұқсап,
Тобылға томсырайып кеттің көшіп.

Сәуледей су бетінде салған ойнақ,
Жылуы жүрегіңнің жүзінде ойнап.
Ішіңнің сұлулығын аңғартушы-ең,
Ізетпен ізгіліктің ізін де ойлап.

Ізгу-ең үлкенге бас иіп тұрған,
Күдерін үзбейді елі сүйікті ұлдан.
Қалпыңды қарапайым сағынады,
Қашан да Хан басынан биік тұрған.

Кезің жоқ досты бөліп алалаған,
Салмақтар әр ісінді саналы адам.
Туғандар тура биін еске алып жүр,
Шендінің шекпеніне қарамаған.

Ерте алдың еңбегіңмен ел бағасын,
60-тай көріп тұрсың ел қарасын.
Қызығын немерелер көріп жүрсің,
Көркейткен көк құрақтай көл жағасын.

Арайлы бұлт шалмасын аспаныңды,
Тілейміз алға қадам басқаныңды.
Жәй ғана “60” деген-қырдың басы,
Көрейік бұдан да зор асқарыңды!

Жүр есен бала-шаға, жарың үшін,
Үңілген үміттердің жарығысың.
Тебісіп тай-құлындай бірге өскен,
Басылмай досқа деген сағынышың!

Жыр жаздық жүректегі жалынменен,
Жігіт-ең “Нарым!”-деген, “Барым!”-деген,
100-ге кел, қол ұстасып, қолтықтасып,
Аяулы Алтынайдай жарыңменен!

Ағаң Шөптібай, жеңген Әзиза,
17 шілде 2010 жыл.

БАЛТАБАЙ АЛҒАН БЕЛЕСТЕР

Өз басым осыдан жетпіс жыл бұрын дүниеге келген аға буын ұрпағына қызыға да, көрген бейнетіне қинала да қараймын. Заманынан қағажу көрген осы ұрпаққа ерекше құрмет көрсетілсе артық емес.

Иә, бүгіндері 70 жасқа толған азамат-азаматшалар хал-қадірінше мерейтойын атап, ағайын-туыс, дос-жарандарын жинап, үлкендердің батасын алып, мәре-сәре болып жатқанын жиі көреміз.

Өткенін еске алып, барға қанағат жасап, атқарған азды-көпті істеріне шүкіршілік етіп, бала-шағасының, елінің, ағайын-туыстарының өткен қиындықтары естен шығып, жақсылық жағы көп айтылады. Табиғатынан жуас, барға шүкіршілік жасайтын халқымыз тағдырдан көрген ауырлықты тез ұмытады. Болмаса осы бүгінде 70 жасқа толған ұрпақтың жастық шағы қуанышқа толмағаны анық. Сол кезеңде туған бала арада төрт жыл өтпей соғыстың ауыр азабын тартты. Бүгінде сол кезеңдердегі азаматтардың ауыр тіршілігі мен әр отбасындағы қиындық толық зерттелмей келе жатқан халықтың тұрмыс тіршілігіндегі өте ауыр кезең еді. Міне, осы ауыр кезеңнен, аш-жалаңаштықтан, соғыс зардабынан жастықтың балғын жайма шуағын ұмытып өмірге ерте араласқан, қиналып бейнет көрген ұрпақ ол.

Сондай қиындық басынан өткен, уақыт ерте есейткен азаматтың бірі Балтабай Уахитов ағамыз.

Бәкең 1937 жылы 20 наурызда Аманкелді ауданының 1-Май ауылдық кеңесіне қарасты “Шитүбек” деген жерде дүниеге келген. 1942 жылы әкесі Керменбаев Уахит соғысқа алынып, үйінде екі шешесімен қалған.

Міне, сол күндерден бастап отбасындағы бас көтерер азаматтық міндет осы қаршадай жас балаға жүктелген. Алғашқыда Байғабылда, кейін Аманкелді орта мектебінде оқып, онжылдықты 1955 жылы бітірген. Үйдегі қарт екі анасын қалдырып, оқуға кетуге жағдайы келмеген соң, мектеп бітірісімен сол өзі оқыған мектепке аға пионер вожатый болып орналасады.

Жұмыспен қоса шоферлық курста оқып, жүргізушілік куәігін алады. Мектеп өміріне, қоғамдық жұмысқа белсене араласады. Өнер саласына да қол созады. Жүріс-тұрысы ширақ “лақтың асығындай” пысық ерте есейіп ысылған азаматты 1956 жылы аудандық комсомол комитетіне нұсқаушы етіп алады. Бұл салада да құлшына жұмыс атқарады. Нұсқаушылықпен қатар жүргізуші болып жұмыс жасайды.

Облыстық комсомол жиналысына тез жетуге асыққан тәжірибесі аз азамат тас жолдың бойында “Москвич” автомашинасымен аударылып, өздері аман қалады. Бірақ сол уақыттағы билік комсомол комитеті

хатшысы Мансұр Шәкіржановқа сөгіс беріп, Балтабайды жұмыстан шығарады.

Біраз уақыт аудандық мәдениет бөлімінде жұмыс атқарады. Осы мәдениет саласында жүргенде “Коммунизм жолы” кеңшарына киномеханик етіп жібереді. Сол жерде екі жылдай жұмыс атқарып Тасмағанбетова Қапиза атты дәрігер қызға үйленеді.

1963 жылы Ұлы Жыланшық өзені бойынан жаңадан “Родник” совхозы ашылады. Осы қарсаңда Балтабай ағамыз бастаған әр түрлі мамандықтағы 13 жас “Тың өлкесі” газетіне “Екінші тың – қой шаруашылығын өркендетуге ат салысайық” деп Үндеу тастап, жана совхозға барады. Бүгінде сол жалындаған жастардан Сағитов Әуезхан екеуі ғана сау-саламатта.

Мен Балтабай ағаны алғаш 1963 жылы “Родник” совхозында кездестірдім. Сол жылы Жаңаауыл орта мектебін бітірген 18 ұл-қыз жана совхозға барамыз деп республикаға Үндеу көтерген болатынбыз. Қолымызға аудандық комсомол комитеті жолдама берді. Бірақ совхоз басылығы бізді бала санап, уақытылы қабылдамай сол Жаңаауылда құрылыста қалдық. Күзде тарап, біз де “Родникке” барған едік.

Бара қой қырқымға салды. Қырқым түнгі 1-ге дейін жалғасады. Басында совхоз директоры марқұм Әбенев Бейсенбек отыратын. Ол кісі артық сөз сөйлемейтін, орнықты, аузы ауыр, іскер, тәжірибелі басшы болатын.

- Есіл азаматтың ғұмыры қысқа болды. 1964 жылдың қаңтар айында ұшақ апатынан қаза тапты. Сол кезде совхоз директорына жүргізуші болып жүрген Балтабай аға комсомол ұйымы хатшысы болып сайланды. Ал совхоз директорлығына бұрынғы партия ұйымының хатшысы Мақанов Ерназар /марқұм/, партия ұйымы басшылығына Ходенов Мұхтар келді.

Міне, Балтабай аға араға жылдар салып, комсомол жұмысына қайта оралды. Араға жыл салмай кәсіподақ комитеті төрағасы болып сайланды.

Алдымен жоғарыда аталған үш басшы Ерназар, Мұхтар, Балтабай ортақ істе бір жерден табылып отырса, көп ұзамай тәжірибелі басшы, шаруашылықты ұйымдастырудың жетік маманы Әлшорин Шіменбай аға Рахмет селолық кеңесіне төраға болып келді. Басқару жүйесі жетіле түсті. Бірлігі мықты ұйым ісі, шаруасы алға басты. Совхоз аудан совхоздары алдына шықты. Көп ұзамай осы іскер басшы топқа мен комсомол комитеті хатшысы болып қосылдым. Жас деп шеттетпей ақыл, кеңестерін берді, тәрбиеледі.

Осы кісілерді аға тұтып сыйладық. Тәжірибесін алдық, отбасыларының береке бірлігін көріп, үлгі тұттық.

Сол кездегі жастар осы кісілерге аса құрметпен қызыға қарайтын едік. Әсіресе жұптарымен жүрген жүріс-тұрыстары, киім киістері, әзіл-қалжыңдары, сыйластықтары аса қызықтыратын. Жас ерекшеліктеріне қарамай құрдастарындай әзілдесіп, қалжыңдасып, достарындай сырласатын. Бірде селолық кеңес төрағасы болып жүрген /Шіменбайдан бұрын/ Оспанов Төлеу деген ағамыз жасырын зат әкеліп сатып жүрген бір

әжірбайжанды ұстап, совхоздың кассасына қаматтырады. Бұны сырттай бақылап жүрген Балтабай Мұхтарға айтады. Сен Ерназарға айт, ақша сақталған жерге қылмыскерді қамады. Совхоз құжаты мен ақша жоғалса қайтесің, дейді. Мұхаң Ерекеңе телефон шалады. Ерекең Төлеуге кассаға неге қаматасың деп айғайлап босаттырады. Манағы әзірбайжан азаматы совхоз басшыларымен араласады екен, оны Төлеу сезіп, ретін тауып қаматқан ғой.

Мұхандар Төлеуді әзілдеу үшін әзірбайжан азаматын шақырып алып, анау Оспановтың үйіне бір бас киім, бір аяқ киім, бір шыны коньякты ешкімге көрсетпей апарып бер дейді.

Үйіне зат барады. Төкең әзірбайжан қорыққан соң әкелді деп келесі күні сессияға жаңа папақты, жаңа етікті киіп келеді. Сонда Мұхаң отырып, “Төке, басыңыз жаңарып қалыпты ғой” десе, Ерекең отырып, “аяқ киімің құтты болсын” дейді ғой. Сонда Төкең “әй, үш жетім, дүние сендерде дейсің бе, шүкір, біздің де қолымыз ұзын” дейді ғой. Осыны аңдып отырған Балтабай “Төке, ішінде бір шыны коньягі жоқ па екен,” депті.

Сонда Төлеу ағамыз “Әй, қу жетімдер-ай, қақпанға түсірген екенсіңдер-ау” деп қарқылдап күлген екен.

Міне, бұл араларындағы сыйластық, әзілдің бір көрінісі еді.

Балтабай жайлы сөз бола қалса аяулы Қапизасы, оның қолы жеңіл дәрігерлігі сөз болатын. Дәрігер Әбдіразақ туралы сөз қозғасақ, асыл жары жүзінен нұр құйылып тұратын Зояның жүріс-тұрысы, кісілік парасаты “Қайныларым-ау” деп күлімсіреген жүзі естен кетпейтін. Инженер Әбдіғапар ағаны айтсаң жұбайы әнші, биші Ғайникамал Карманова апай аталатын. Бұл азаматтар Балтабайдың отбасылық достары еді. 1966 жылы біздер үй болғанымызда осы үш ағамызбен жеңгеміз бізге қамқор болып еді. Ол еңбектерін қалай ұмытасың. Тағдыр деген осы, ешкіммен ақылдаспай өз дегенін жасайды.

Міне, бүгінде осы үш жұптан Балтабай аға ғана саламатта. Сол кезеңдердегі өмірге келген родниктік сәбилредің кіндік шешелері де Қапиза мен Зоя болатын. Жұптары жазылмай егіз қозыдай жүруші еді марқұмдар.

“Сенің кім екеніңді айтатын, досыңды айтшы” дейді екен халық даналығы. Досы жақсының өзі жақсы, өзі жақсының досы жақсы, сыйлас ортасы болса атқарған ісі жақсы болмақ қашанда.

Міне, осы Шіменбай, Ерназар, Төлеу, Әбдіғапар бастаған зиялы қауым Балтабайдың алға басуына жол ашты, қамқор болды.

Облыс, аудан кәсіподақ қызметкерлері арасында көзге түскен іскер азаматты ол кезде қолға түсе бермейтін Москвадағы жоғары кәсіподақ мектебіне оқуға жіберді.

Бұл оқуды 1969-1973 жылдары жақсы оқып, елге оралды. Алдымен аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, кейін ауыл шаруашылығы қызметкерлері кәсіподағы аудандық комитетінің төрағасы қызметін он жылдай тиянақты атқарды. Кейін партком хатшылығына сайланды. Сол

кезеңдерде екі рет аудандық партия комитетінің бюро мүшесі, үш рет аудандық кеңес депутаты болып сайланды.

Әр адамның пешенесіне жазылған тағдыр бар. Кейде аяқтан шалып, сүріндіреді, кейде тағдырыңды тәлкекке салады. Бұл ретте де Балтабай ағаның маңдайы тасқа тірелген кезеңдері болды.

“Әділетсіздікті көре тұра үндемесен, өзің де сондай болғаның” деген мәтел бар халықта.

Жасынан әділдікті ту еткен ағамыз әділетсіздікке, өрескел жөнсіздікке төзбейтін, кемшілікті көзге айтатын. Сол мінезінен талай таяқ жеді. Қызмет бабында өсетін жерде жолы кесілген кезеңдер де болды.

Оның үстіне аяулы жары Қапиза өмірден ерте озып, тағдыр деген мұхиттың айдынында өсіп жетілмеген балаларымен жалғызқалды. Өмір шіркін үнемі күрес, ұйтқыған дауыл, оған қарсы тұрып қалыптаспасаң бір қапылыста құздан құлатып, не уайым мұхитына батырады.

Осы қиындықты да Бәкең жеңе білді. Балаларын оқытып, жеткізді, үйлі-баранды болды. Өз қолдары өз аузына жетті. Өзі көрген қиындықты олар көрмеді.

Көптеген азаматтар қиындық көрсе сыйласынан, сырласынан, достарынан ажырап қалады.

Жоқ, Балтабай аға қайта достығын нығайтып, жолдасын көбейтті, сыйластығын жалғады. Кезінде сыйласқан Әбенев Бейсенбек, Қоденов Мұхтар, Мақанов Ерназар, Алшорин Шіменбайлар, Тайжанов Әбдіғапар, Әбішев Тәліп, Нұрмұханбетов Торсан, Исләмиев Нұрхан, Нұрахметов Виктор, Садырбеков Амангелді, Өмірбеков Жұмағали, Ғайсин Жақсылық, Әбілтаев Әбдіқадір, Ғапбасов Жәнібек, Айтбаев Қалибек, Сәрсенбетов Төлеубай т.б. азаматтар Бәкеңмен сыйластығын үзбей жалғастырып келеді.

Балтабай ағамыз қызметпен қатар өнер жолында да бірқатар жақсы жұмыстар атқарған. Әсіресе өнердің драма жағына бейім болды. Аудандық халық театры құрамында “Ақан сері – Ақтоқты”, “Аманкелді”, “Қозы Көрпеш – Баян Сұлу” пьесаларында қабілетіне қарай образдар сомдады.

Алматыда өткен байқауға қатынасып, халық театры атағын алуға өз үлесін қосқан азамат. Елдің бірлігі мен дінді насихаттауға белсене атсалысып келеді. Сондықтан да болар Уахитов Балтабай /Қапан/ ағамызды аудан жұртшылығы ардагерлер кеңесі төрағалығына сайлады.

ІСКЕР АЗАМАТ БОЛАТЫН

(Қонысбай Уатқанов жайлы бір үзік сыр)

Киелі Қабырға өзені бойын Ұзын Қыпшақтан тараған Сары ағайын ғасырлар бойы жайлаған. Кешегі Кенесары хан көтерілісіне бата беріп, денсаулығына байланысты ере алмаған Сары Қошқар батыр Дау Ұлы да осы топырақтың төл тумасы. Арғы аталары Өтештілеу Абылайхан

заманында соғыста ерлік көрсетіп көзге түскен жаужүрек азамат болған екен. Көрсеткен ерлігіне риза болған хан кешегі Ұзын Сары батырың кім деп сұраса керек. Содан Сары батыр атанып кеткен. Сол Сарыдан тараған ағайын өсіп-өнген құт мекен Қабырға бойы, оның ішінде Алакөл аймағы.

Осы елден талай жақсылар мен жайсаңдар шықты. Қошқар батырдан Аяпберген, Бижандар тарады. Сапабек Әсіпов бастаған жазушылар, Мейрам бастаған ғалымдар, Жұматай Сабыржанов бастаған тура билер осы өлкеден шықты. Кешегі әнші Сайлау, ақын Жадыра, бүгінгі ғалым-жазушы Қоғабай Сәрсекеев те Алакөлдің жанындағы Қоғада өмірге келген азамат.

Жоғарыда айтылған Сары Қошқар батыр өзінің Қоқыр түбегінде жерленсе, ал әкесі Дау бабамыз Құмкешу ауылынан 15 шақырым батысқа қарай Айтбай ауылы тұсында жерленген. Сол Дау бабамыз жерленгенде үстіне үлкен оба үйгізген. Обаны үйе-үйе шаршаған батырдың құрдастары «Ау батыр, Наурызым көрінді ғой енді, обаны көтеруді қойсақ қайтеді?» - десе керек, Аңғал батыр «Ой бәрекелді, болды» деген екен. Сол Даудың атын өшіремін деп жанына біреулер қызыл бүрмелі там салып, өз атын қалдыруды мақсат тұтса, астан-кестең қара дауыл алапат құйын тұрып жаңа қаланған кесенені 4-5 шақырым жердегі Айтбайға дейін шашқан деп жергілікті халық таңданып отырады.

Осы киелі әулет өсті, өнді. 1960 жылдары осы жерден Крупская «әжеміз» атындағы үлкен кеңшар ашылды. Осы өлкенің негізгі халқы Сары, Жолдыбек берекелі қызмет атқарғаны көзіміз көрді. Шаруашылыққа талай басшы келді-кетті, соның ішінде Ходенов Мұхтардай шешімді, әділ, іскер басшы болған жоқ.

Сол кезде шаруашылықты 60 мыңдай қой, 5 мыңдай ірі қара, 2 мыңдай жылқы болды. Осы кеңшарда алға апаруды ерекше еңбек жасаған азаматтар көп болды. Әсіресе бөлімше меңгерушілері белсенді жұмыс атқарды.

Сол кездегі қызметтес болған азаматтардың көбі қазір бұл жалғанда жоқ. Сыйлас, сырлас, дәмдес болған азаматтар еске түседі.

Оқыған оқуы, атақ-дәрежесі болмаса бейнет жасаған, кезінде халқына адал еңбек жасаған азаматтар атала берілмейді. Олардың өзі, не оның отбасы мынадай еңбегі бар еді деп айтуды ыңғайсыз деп санайды. Сондай адал қызмет жасаған, іскер азаматтың бірі – осы Алакөлдің төл тумасы Қонысбай Уатқанов еді. Бұл кісі бүгінде өмірде жоқ. Бірақ істеген ісі халық жадында қалды. Бір көрген адамға айғайы көп, байбалам көрінгенімен шаруаға тианақты, ұқыпты, іскер, қарамағындағы адамдармен тез тіл табуы өте жоғары болатын. Қандай жұмысқа да шешіп алдымен өзі кірісетін. Ретін біліп, ыдығын тауып өзі қоса істеген соң қарамағындағылар да белсене кірісетін. Әрі айтқанын қалай да орындататын қабілеті бар, өжет азамат еді марқұм!

Сол кезде әр бөлімше меңгерушілерінде қызметтік автомашиналары бола тұра аттан түспейтін. Өзіне де, өзгеге де тыным бермей берілген тапсырма орындалғанша төзімі болмайтын. Мінезі тығыз, ашуы тез,

қайтуы шапшаң азаматтың жұмысты басқару жүйесі көңіл қуантатын еді. Жасының егделігіне қарамай жас балаша елпектеген мінезі, аузын ашсаң көмейі көрінетін ақкөңілдігі, кісіге сенгіштігі ғажап еді. Әділетсіздікті көрсе түтігіп әкесі болса да бетіне айтатын лапылдаған мінезі де бар еді. Бұл мінезін батырға тартқан деп бағалайтынбыз.

Әлі есімде, бір ағасы Қонысбайға ренжіп отыр. Неге ренжідің десем, ағау-аға деп МТМ-нан шақырып алды. Ағалап тұрған соң жүгіріп келсем, ағау-аға тап әкенің аузы демесі бар емес пе.

Әй, мынау өзі қызық ағалап шақырып алып әкемді боқтады ғой деп отыратын. Иә, Қақаң айтқан шаруасын айтылған уақытында орындамасаң, әкесі болса да аямайтын тік мінезі де бар еді жарықтықтың.

Қарамағындағы жұмысшы-қызметкерлердің 80 пайызы өзінің ағасы мен інісі болған соі да Қақаң еркін жүретін. Басшыға жағынуды, жалтандауды, жалтақтауды, көлгірсуді білмейтін.

Мақтап-мақтап жауға салсаң ерлік жасайтын азаматтар қатарынан болатын. Ал жыланнан өлердей қорқатын. Ертеде елге келген бір сиқыршы киіз үйдің ішінде ет жеп отырғанда әзілдескен азаматтарды қорқытамын деп табақтағы етті бақаға айналдырады. Одан сескене қоймаған соң, үй ішіне жылан қаптатып жіберген ғой, ол кезде Қонысбай жас бала болса керек, содан жаман шошыған екен. Теледидардан жылан көрінсе сөндіре көр деп жалынатын. Саналы ғұмырын жер жәннәты «Алакөлде» өткізді. Алакөлге бармаған, көрмеген адам қадірін білмейді. Үйден шыға бере шабың, жағалай жайылым, есік алды аң-құс. Жабайы қаздары жайылып ошағыңның басына келеді. Құсы жыртылып-айрылады. Қасқыр, қабан, түлкі, қарсақ, қояны мен андатырында есеп жоқ. Ал балығы тайдай тулаған жер. Есік алдындағы шортандыға жарқылдақ лақтырған сайын шортан қабатын еді. Осы өңірде туып, осы жерде әр деңгейде қызмет атқарды. Қарапайым жұмыскерден бөлімше меңгерушісіне дейінгі аралықта абыройлы қызмет атқарды. Еліне, халқына абыройлы, беделді азамат болатын. Құрметті демалысқа шығып, жеке шаруасын күйттеді. Ағайын-туыстың бірлігі мен берекесін тілеп үлкендік жасады. Үлкенге іні, кішіге аға бола білген азамат жан жары Сақыш апай екеуі ұл-қыз өсіріп, оқытып, үйлендіріп, олардан немере, шөбере көрді.

Кешегі ауыр бейнет, тынымсыз еңбек Қақанның денсаулығына әсерін тигізбей қоймады. Кешегі шаруашылықтың бел ортасында жүріп денсаулығын күйттеуге уақыт болмады. Кейін қолы босаған кезде кеш қалған болатын. Ағайын-туыс, отбасының ортасында 70-ке аяқ басқан шағында өмірден озды. Шүкір, әулеті өсті, ұрпағы жалғасты. Осындай халқына, еліне адал қызмет жасаған абзал азаматтарды ұмытпау оның берекелі ісін келешек ұрпаққа насихаттау кейінгілерге парыз екенін ұмытпайық.

Ұлы Жаратушыдан Қонысбай ағамызға иман, халқына береке-бірлік тілейік ағайын!

“ГӘККУ БРИГАДАСЫ”

“Родник” кеңшарында Республикада тұңғыш “Гәкку” атты қыздар комсомол – жас шопандар бригадасы құрылған еді.

70-ші жылдарда оқу бітірген жастарды екінші тың мал шаруашылығына жіберу қарқындап тұрған кез. М.Әуезов атындағы орта мектепті 4 ұл, 9 қыз бала бітіріп шопандар бригадасына жіберуге үгіт-насихат жасап жүрген кезіміз.

Ол кезде кеңшарда комсомол комитетінің хатшысы кезім. Оқу бітірген тоғыз қыздың 6-ы шопанның қызы осыны есепке алып қыздар бригадасын құруды жоспарладық. Бірнеше қайтара балалармен сөйлестік келісімдерін берді. Арасындағы төрт ұлды кері үгіттеп сендер оқуға кетіп қалыңдар осы қыздар қой баға алама деп азғырдық. Ондағы мақсат ұлдарды араластырмай бригада құрып көру. Бұл ұсынысты кеңшар директоры Хасенов Асқар қуаттады. Жетекшісі болып жас шопан Нұржанов Мейірман тағайындалды.

Жыланшық өзені бойындағы Балпан қарасуы тұсына 6 кигіз үй құрдық. Екеуі жетекшінің үйі, 3 кигіз үй 9 қызға жатақхана, біреуі қызыл бұрыш.

Кигіз үйдің жалпы жабдығына 92 түрлі заттар алынды, есіктің алдына ұзынынан кілемдер төселді, сырты қоршалып арка жасалып, қос аққуды көмкеріп “Гәкку” комсомол қыздар бригадасы деп көрнектіғып жаздық. Жарқыратып безендірдік. Қыздар үш отар қой қабылдап баға бастады.

Бригада құрамында Нұғманова Нәзікен, Шәкетова Әмина, Бейісова Ағын, Каримова Зәмзәгүл, Ибраева Сайран, Әбдина Жанат, Есіргенова Бақытжан, Молдашева Есенкүл, Нұржанова Айтжан атты балалар болды.

Бұл кезең 1973 жылдың қыркүйек айы болатын. Бір күні Аманкелді аудандық партия комитетінің бірінші секретары Омаров Сартай Жүнісұлы ауданға шақырды. Ол кезде аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Қосжанов Айтжан Биғалиұлы болатын. Бұл жұмысқа жақында ғана келген. Айтжанмен әңгімелесіп отырғанда Омаров бастаған бір топ адам кіріп келді. Ығыса бастап ек қозғалмаңдар деп ишара жасады.

Келген кісі Торғай облыстық атқару комитетінің төрағасы Юрий Николаевич Трофимов екен. Айтжан жағдайды баяндады. Мені таныстырды. Сөз арасында Омаров маған сен Семейдің Шұбартауындағы комсомол жастар бригадасын көріп кел деп тапсырма берді. Мен қарап отырмай Шұбартаулықтар бізге келсін біздің бригаданы көрсін деп қалдым.

Облыс басшысы рас айтып тұрсыңба деп қайталап сұрады. Мен рас дедім. Бірақ ішімнен басыма сор тілеп алдым-ау деп күдіктендім. Сөз

осымен бітті. Мен ауылға келіп директор Асқармен ақылдастым. Ол маған жүргізушісімен үлкен жүк машинасын бекітіп берді. Күндегі міндетім бригадаға бару. Жағдайларын көру, кем, кетігін толтыру. Не керектің бәрін әперді. Барлық қыздарды біркелкі киіндірдім. Жағаларына эмблема жасадық, міндеттемелерін жаздық. Жұмыс кестесі ілінді. Жастарда жұмысқа белсене араласты. Ата-аналарынан мал бағудың қыр-сырын жете меңгерген жастар тез арада қалыптасты. Малдың шығынында азайды. Бір қой өлсе уайымдап қыздардың жылағанында көрдік. Бір кеште Торғай облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Бірбаев Бекболат Смадилович бастаған, жанында “Лениншіл жас” газетінің тілшісі Серік Тұрғынбеков аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Қосжанов Айтжан Биғалиұлы, облыстық қой шаруашылығының басшысы тағыда басқа 4-5 адам бар қызметкерлер хабарласпай кеңшар орталығындағы кеңсеге тоқтады. Біз сасып қалдық. Кеңшар директоры қонақтарға шаруашылық жайлы хабарлама жасады. Уақыт кеш мезгіл. Бірбаев комсомол – жас шопандар бригадасына баратынын айтты. Қараңғы түскен уақытта орталықтан 30 шақырымдай жердегі бригададан оқшаулау тұрған бригада жетекшісі Нұржанов Мейірманның үйіне түстік. Аmandық саулықтан кейін жеке оқшау шамдары жарқырап тұрған бригадаға бет алды. Алдымен есік алдындағы аркадағы жазуға бірталай қарап тұрды. Кигіз үйлерге бас сұқты. Әр үйде үш қыз баладан. Үй іші тап-тұйнақтай, тап-таза. Балаларда мөлдіреп көздің жауын алып тұр. Жағалап үшінші үйге келгенде ал ұлдар қайда тұрады деп менен сұрады. Мен бригада тек қыз балалардан құралғанын айттым. Ол кісі таң қалды. Сен неге осы уақытқа дейін бізге рапорт бермедің. Ал отырда Комсомолдың Орталық комитетіне тұңғыш қыздар бригадасы туралы рапорт жаз деп сөзін ол айтып отырды да, мен жаздым. Келесі күні телеграммамен Алматыға жібердік. Олардан құттықтау хат келді.

Бірбаев өте қатты риза болды. “Лениншіл жас” газеті тілшісі Серік Тұрғынбековте балалардың еңбегін насихаттаймын деп кетіп еді. Осы бригада жемісті еңбек етті. Шығынды аз берді әр 100 аналықтан 98-ден төл алды. Өте тиянақты іскер жастар болды.

Бүгінде бригада жетекшісі Мейірман 60-қа жақындады. Әмина мен Нәзікен Ашутастыда, Ағын – Қоғалыкөлде, Зейнегүл – Шымкентте, Сайран – Аманкелдіде, Жанат – Арқалықта, Бақытжан – Қостанайда, Есенгүл мен Айтжан өмірден озды.

Бір кездері еліміздің игілігіне үлес қосқан жастар балалы-шағалы ел анасы қатарында жүріп жатыр. Олда бір қызық кезең еді. Мемлекет шығынына қарамай жастарды бейнетке тәрбиеледі. Одан олар жаман болған жоқ. Бәріне бірдей оқуға жолдама берді. Әрқайсысы өз ауылдарында от басын құрып өмірден алған тәлім-тәрбиесін тұрмыстарына жаратты. Бүгінгі жастарымыз мал бақпақ түгілі түр-түсінде айыра алмауға мүмкін. Себеп ғылым мен техника дамыған ХХІ ғасырдың ағымы солай бейімдеуде. Ғасырлар бойы тұрмыс тіршілігі малға

байланысты болған, халқымызды әліде мал өнімдері асырап отырғанын естен шығармау қажет.

АҚЫН, СПОРТШЫ, ӨНЕРПАЗ МОЛДАТАЙ ЖАПАРОВ 60- ЖАСТА

Сырттай бір қараған адамға осы бір шағын азаматтың тұла бойы толған өнер екенін екінің бірі біле бермейді.

Өзіде көзге түсіп мен мынадай едім деп мақтануды білмейтін азамат.

Молдатайды алғаш Иманов кеңшары жанындағы пионер лагерінде көрдім. Сол кезде пионер лагері басшысы екен. Жас жеткіншектердің беделді ұйымын екінің біріне сеніп тапсыра бермейтін кез. Кейін әр түрлі жиналыс, кездесу, жарыстарда, айтыстарда кездесіп жүрдік. Бірақ Молдатайдың өнердің, спорттық сан түрін бағындырған сан қырлы азамат екенін білмегенмін.

Бертінде сөйлесе, сырласа келе осы азаматтың шығу тегінде бір артықшылық бар деп жөн сұрадым.

Тақыр жерге шөп шықпайды, мәдейді халқымыз.

Өзі текті әулет Бекбауылдың бес баласының бірінен тарайды.

Түп нағашысы Орта Азия мен Қазақстанның абсолюттік чемпионы, атақты палуан Таңатқан Дуйсекеев.

Өз анасы бүгінгі ақтангер ақын, ғалым, Айбек Қалиевтің апасы болса, екінші өсірген тәрбиеленген анасы атақты ақын, әнші, термеші, индия әндерінің Торғай өлкесіне насихаттаушы Әбдіхалық Нұрпейісовтың апасы.

Жастайынан өнер мен спортты егіз меңгерген азаматқа сол кездегі ақындар Қабден Байқасынов, Қабден Қарымсақов, Бүркіт Бекетов, Өмірбек Жандаулетов, Құтжан Қанжығалин, Назарбек Бектемісов, Нұрхан Ахметбеков сияқты ақындар әсері мен тәрбиесі мол болғаны анық. Жастайынан Қажыр қайраты мол, жақсыға жақын жүретін азамат мектеп қабырғасынан ақ сол кездегі ақындармен қатар спорт майталмандарынан тәлім- тәрбие әдіс- тәсіл үйренгені белгілі.

Атақты спортшылар Шынтақ, Егінбай, Орынбай, Сапар, Берік, Серік т.б азаматтардан тәлім- тәрбие алып спортты өмірлік серік етіп дамытты. Тек бір түрімен айналысып қоймай, бірнеше түрін қатар меңгерген, қатарынан озық, тіпті сирек азаматтың бірі.

Күрес, жеңіл атлетика, шахмат, вoleyбол, қол добы, стол теннисі, бессайыс (Копио, ядро, үш аттап секіру, 100м, 1000м), хоккей, шаңғы спортымен тығыз айналысып, бәрінен облыс, әрісі Республикалық деңгейде аудан, облыс намысын қорғаған азамат.

Осындай сан саланы меңгере жүріп, 1973 жылы «Ермак» физкультура техникумын, 1987 жылы КАЗПИ- дің филология факультетін бітірген.

Сол студент кезінің өзінде жақсылармен жанасып ақыл кеңес алған.

Бұл күнде тарихшы Талас Омарбековты, бүгінгі Қаржыгер Қайрат Келімбетовтың әкесі Немат Келімбетовты, синтаксистің авторы Асхат Абілхаевты, тарихшы Жанұзақ Қасымбеков пен Серік Қарабаевты еске алып, олардың кезінде берген ақыл- кеңесі мен азаматтығын айтып отырады.

Кезінде спорт саласындағы облыс деңгейіндегі азаматтармен жиі арналсаң. Осындай ізденімпаздығы мен кісіге жақындығы келешегіне кең жол ашты.

Молдатай біріншіден өте өрелі, тәрбиесі мен тәжірибесі, ақыл парасаты мол өнегелі ұзтаз. Қарапайым мұғалімдіктен бастап, оқу- тәрбие меңгерушісі, мектеп директоры қызметтерін Бүйректал, Байғабыл, Жаңа ауыл, Құмкешу, Жыланшық, Шөптікөл, Кіндікті, Аңғар орта мектептерінде сапалы қызмет атқарған, азамат бүгінде сапалы жұмыс атқаруда.

Осы жауапты қызметтерде жүрген кезеңде Молдатайды арнаулы курсқа жіберіп, аудандық оқу бөлімі басшысы қызметіне дайындалған.

Жұмыс барысындағы әділдігі мен турасын айтар тік мінезі қызмет барысында өсу жолына бөгет болса керек.

Молдатай әнші, күйші, шебер, көркемсөзді нәшіне келтіріп айтатын сөз өнерін меңгерген өнерпаз.

Алдымен Молдатай бойындағы құнарлыда мол қасиет талап пен талпыныстан үнемі ізденістен, қажымай- талмай жаттығудан жинақталған үлкен ерік- жігер, күш қайраттың жемісі екені анық.

Халқымыз «Талаптыға нұр жауар» деген. Талаптану арқылы сан-салалы өнерді игерген азамат бүгінде ел ағасы 60 жасқа толды.

Алпыстың асқарына шығып, ысылған жан- жақты ой- толғамы, өзіндік пікір- көзқарасы, айтар ақылы, жөн сілтер білімі мен білігі бар азаматтың осы кезге дейін атқарған игілікті ісіне таң қаласың.

Осынша күрделі салаларды қатар алып жүру үшін қаншама қажыр қайрат, күш- қуат қажет.

Молдатай жазба ақын, төкпе ақын, шығармашыл ақын.

Сөздің мәні мен мағынасына, байланысы мен жүйесіне, талғамы мен тартымына тақырыпты жан- жақты, жып- жинақы аша білуіне сөз саптауына, қиыннан қиыстыруы мен үйлесімді теңеулеріне жеңіл, әрі жаттық ақыл айтып сөздің өте жеңіл жүйесіне қарап ақынның қаншалықты ой- жүйесінің жоғары, тынысының кең, қадамының нық, білім деңгейінің жоғары, сауатының молдылығына, еске сақтау қабілеті мен сөйлем құрау жүйесінің жоғарылығы таң қалдырады.

Молдатай қандай тақырыпты алса да барлық қырынан суреттеп, артық кемін қалдырмай, ешкім, еш- нәрсе алып- қоса алмайтындай теңеулермен өріп, жинақтап, оқырман көңіліне ұмытылмастай көрініс беріп ойға қалдыратын ақын.

Тақырыпты оқыған сайын жүйелі ой, сазды әуен, әсерлі көркем қайталанбас жып- жинақы шешендік сөз мәйегі, өрелі ойға, жетелі сөзге жетелейді.

Оқыған сайын образға кіріп оқый бергің келеді. Жаттанды жағымсыз сөз, кедір-бұдыр тіркестер, байланыссыз шолақ пішілген ой жоқ. Бәрі жүрекке жылы тиіп, теп- тегіс жұмыр болып әсер етеді. Иә Молдатай бүгінде нағыз бабындағы ақын.

Молдатайды оқу керек, оның озық ойын оқушыға насихаттау парыз.

Бүгінде тек Арқалық, Қостанай ғана емес, еліміздің түпкір- түпкіріне өлеңін жіберсе артық болмас еді. Себеп, ойлы, жүйелі, тартымды өлеңі біздің елдің- жердің Торғай ақындық мектебінің мерейін көтерері даусыз.

Молдатай арқылы сырт ағайын бізді таныйды, өнерді мойындайды.

Алпыстың асуындағы ақынның бабындағы, бергенінен берері алда екені дау тудырмаса керек.

Мерей жасқа толған азаматтың өткен жолдағы өнері мен өрелі ісіне көз жүгіртсек.

Көз алдыңызға тізбектелген сан- салалы өнері оның нақты айғақтары келері сөзсіз.

Назарбек ақынның қазасы жайлы өлеңін оқып көріңіз.

Сенбеймін жоқ дегенге сол ақынды

Сенбеймін жоқ дегенге сол ақынды,
Жаны оның жыр түнектен жаратылды.
Қайырып қаламымен қара өлеңді,
Жамылып қайда кетті қара түнді?!

Жайдары жаны жаздай күлген ақын,
Әр үйге ән-жыр болып кірген ақын.
Өңірін шапанының ашып тастап,
Көшеде кеше ғана жүрген ақын.

Жыр туса жанарынан тарқалып мұң,
Сүйгендей маңдайынан қарсы алып күн.
Аралап Қызылбайдың төмпелерін,
Шетіне шығып кетті ол Арқалықтың.

Сағынған елі алдында ақын әнін,
Жыр оқып биігінен сахнаның.
Оты боп ойын-тойдың жүрген шығар,
Әнге орап, Ақшығанақ атырабын.

Жарысып жырмен жүйрік көп ойдағы,
Іске аспай қалатындай көп ойлары.

Көмбе деп,көкжиектен өтіп кетті,
Көсілтіп Көгалаттың Көкойнағы.

Ол өзі құмар еді аспан-көкке,
Ақынға жаза берсе дастан көп пе?!
Көңілі көкке ұшып кеткен шығар,
Тапсырып жердің жырын Асқарбекке.

Көңілі күллі Торғай алабындай,
Көмейі домбыраның шанағындай.
Бір өзі бір ғасырға бұйым болған,
Мүмкін бе,жоқ болуы аға мұндай?!

Назаған дүлділі ғой Ақтаңкердің,
Бұлт болып шаңы қалар шапқан белдің.
Әндетіп аққу ұшып,қаз қонатын,
Суындай жаны таза аққан көлдің.

Әрлеген алтын күндей нұр боп таңды,
Әр сөзі аялаған гүл боп жанды.
Арқаның ағиығы жүреді ұшып,
Көгінде Қарт Торғайдың жыр боп мәңгі.

(Молдатай Жапаров)

Артық- кемі жоқ Наз- аға келбетін ашып тұр.

1968 жылы Торғай облысының Көркемөнерпаздар байқауында дипломант болса,Торғай облыстық І-мұғалімдер съезінің делегаты 1974 жылы Арқалық қаласында өткен Бүкілқазақстандық ауыл спорты ойындарының жеңімпазы,сол жылы спринттік қашықтыққа жүгіруден облыс чемпионы,Торғай облысының І-ші жазғы спартакиада жеңімпазы,1979 ж.облыстың ДСО Қайрат грамотасымен,1981ж облыстық педагогикалық оқудан үздік аталса,1983 ж. облыстық аттестация қорытындысымен Құрмет грамотасын иемденген.1975-1978 жылдар арасында облсовпрофтық,грамоталарымен бірнеше рет наградталған.1978 ж Торғай облыстық мұғалімдер съезінің делегаты болған.

Оқушылардың еңбек бірлестігі республикалық байқауы жүлдегері,Республикалық ДОСААФ ұйымының басшысы генерал Байтасовтан құрмет грамотасын алған.

Осындай игілікті істері үшін Аманкелді ауданы атқару комитеті мекемесінен сыйға автокөлік алса, Аманкелді Иманов мұражайынан Молдатай Жапаров атына фонд ашылып, заттары көрмеге қойылған. Мұның сыртында аудан, облыс, Республика деңгейіндегі құзырлы органдардың Молдатайдың жас ұрпаққа тәрбие, саналы блім беруде атқарған игілікті ісіне бергенқұрмет грамоталары мен «Қазақ ССР халыққа білім беру ісінің үздігі» СССР- дің Х- бесжылдығынның екпіндісі марапатын қосыңыз.

Бір басында бір азаматқа жетерлік мадақтау марапатбар өнерлі де өрелі азаматтың қоғамға қосқан үлесі осындай болса, отбасына жасаған жақсылығы мен тәрбиесі бір төбе. Жұбайы Сұлтанова Ұмытшақ ұстаз. Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірген. Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі, бес бала тәрбиелеген абзал ана.

Балаларының бәрі жоғары білімді, білікті қызметкер. Ата- ананың жақсы тәрбиесін көрген бала ешқашан қатарынан төмен болмасы анық. Молдатай өзінің бойына туа біткен өнерімен қоса көпшіл, ұйымдастыру қабілеті жоғары, елдің береке- бірлігіне жақсылығына да, қиындығына да белсене ат салысатын белді өрелі азамат.

Бүгінгі күні жастарға қай саладада үлгі- өнеге болатын осы Молдатайдай азаматтың барына қуанамыз. Жақсы ініміздің жақсы ісіне марқайамыз.

Молдекең Алла қаласа әлі талай жылдар тартымды жырымен, табысты еңбегімен, өнегелі ісімен тәуелсіз мемлекетіміздің бүгінгі ұлан ғасыр алға басқан ісіне үлес қосары сөзсіз. Ұлы Жаратушы өнерлі азаматқа зор денсаулық, отбасына амандық, ісіне сәттілік берсе екен деп тілеймін.

МАЛ ӨСІРСЕҢ ЖЫЛҚЫ ӨСІР

*Атақты жылқышы Нұржанов Сапар
жайлы бір үзік сыр*

Алтайдан – атырауға дейінгі сайын даланы сан ғасырлар бойы мекендеген халқымыздың тарихында жылқы малының алар орны, оған деген сұраныста, құрметте, қызығушылықта өте жоғары болған. Қазақ баласы аттың жалында өсіп, түйенің қомында туған.

Ғасырлар бойы жылқы мінсе көлігі, жесе еті, ішсе қымызы, кесе киімі болып келген. Жылқы кешегі жаугершілік заманда халықты жаудан құтқарған қысылғанда қуса жеткен, қашса қытылған, жалғыз жүрсен серігің екенінде дау жоқ. Осы жылқы малының арқасында халқымыз ұлан – ғайыр жерге ие болған. Сондықтанда жылқыны айрықша құрметтеген халықпыз.

Ол кездерде жылқы бағуда аса құрмет болған. Кешегі Жыланшық бойындағы атақты байлар төрт түлік малдың ішінен ерекшелеп жылқы малын өсірген. 1913 жылғы Ресей патша қызметкерлері санағында осы өңірде 25 мың жылқы болды деген дерек бар. Кеңес дәуірі кезінде осы өңірдің жылқы бағуға қолайлы екенін білген басшылар жыланшықты жаз жайлау, қыс қыстау еткен.

Өткен ғасырдың ортасында соғыстың ауыртпалығынан ес жия бастаған ел, Жыланшықты бетке алып аттылы, жаяу, арбамен ата жұртқа үдере көшкен. Иә кешегі 1932 жылдың аштығында үйін, жерін тастап бас сауғалап кеткен ағайын әулеттері араға 20 жыл салып қайта оралады. Құр қол оралмай колхоздың отар – отар қойымен, үйір – үйір жылқысын өсіруге оралады.

Ширек ғасыр тусыраған жерде аң – құс жыртылып – айырылатын, әсіресе жыланы мен бүйісі өте қауіпті еді деп отыратын қариялар.

Әр жерден ашаршылық жылдары тастап кеткен заттарды, қара қазанға құйып қатырып кеткен тоң майды тауып пайдаланған кісілер болған. Тоң май қанша жыл тұрсада азбайтын болса керек.

Осы кезеңдерден бастап осы өңірде жылқы бағып, елдің игілігіне қызмет атқарған азаматтар ойға оралады. Көбісі бұл өмірде жоқ. Кей азаматтардың әкесінің атын ұмыттым. Бұл күнде сол азаматтардың ұрпақтары ортамызда бар. Сол кездегі жылқышылар Толыбаев Қабылда, Шуленов Шекер, Баймағанбетов Қойшыбай, Жұмағалиев Қабсалық, Нұрғалиев Салжігіт, Жанануов Зәмзә, Боланов Шұқырбай, Бимендин Жұмабай, Бимендин Қаби, Мақашов Қайсар, Жабағын Егінбай, Ғапбас, Садуақас, Қамбар, Қабдыбек, Көпей, атақты құмалақшы Шүрмен, Социалистік еңбек ері Нұрғожин Мұқыш, Байзіров Құлтай, Жанулин Төлеш, Бекмағанбетов Жұмағали, Елеусізов Төлеубай, Әбдіхалықов Жауыншы, Жартыбаев Қанат, Сарбасов Шағырбай, Қайролла, Құлмағанбет, Тәмпіл, Жақсылық, Нұржанов Сапар т.б азаматтар осы өлкеде бір неше ондаған жылдар жылқы бағып ел дәулетін молайтқан азаматтар.

Осы жылқышылар ішіндегі алғашқы да, жасы да Сапар Нұржанов болатын. Бір жерде қырық жылдан аса жылқы бағып ел үшін абыройлы еңбек жасаған азамат жылқысын қайырып, құрығын сүйретіп жүре берерме еді егерде кешегі елді ала-тайдай бүлдірген тоқырау болмаса.

Кешегі 1932 жылдың зұлматынан қорқып қалған халық үй- жайын тастай көшті. Сол көштің аяғында Сапарда Арқалық маңына оралған еді.

Бала күннен бауыр басқан киелі өңірді тастап көшкен ағайынға ауарайы жақпай, жаңа жерге үйренбей ауру-сырқаулы бола бастады. Сол ауру Сапарды да айналып өтпеді. 2005 жылы 63 жасқа қараған шағында дүниеден озды.

Сыйласқан сырласқан бірге жүрген, бірге еңбек еткен, дәмдес-тұздас болған азаматтар есінде азаматтың атқарған жақсы ісі, азаматтығы, адамгершілігі мен адалдығы, Жыланшық өңірін бойлап астында жарау аты, қолында құрығы, қанжығасында салбыраған бұғалық арқаны бар ат үстінде аяндап кетіп бара жатқан бейнесі қалды.

Жоғарыда аталған жылқышылармен етене араласып, жылқы бағудың қыр- сырын жастай меңгерген азаматты 1963 жылы Родник совхозы ашылғанда көрдім. Қай елгеде ұялмай мынау қазақтың баласы деп көрсетуге тұратын ұзын бойлы, алып денелі, азамат болатын.

Қақаған үскірік аязды күндері жеңіл кйіммен, қолғапсыз жүретін. Басына жеңіл түбіт тақия, үстіне костюм, сыртынан күзен кеудеше кие салатын. Ондаған жыл ат үстінде жүріп, өкпек жел, үскірік аяз, ақ түтек, қарлы боран қара дауылды күзде, аптап ыстыққа қалыптасқан азамат ешқандай ауру сырқауды білмейтін.

Үнемі қозғалыста болып жегені жал- жая, қазы- қарта, ішкені сары қымыз болған соң да жылқышы ағайынның қай- қайсысында ауырмайтындай көретін едік. Әрине бұл жерде Жыланшық аймағының космостық полигон айлағы екендігін бәрі ескере бермейді. Соның зардабы көрінбей келіп, Сапар сияқты арыстай азаматты ортадан ойып әкетті.

Айсыз қараңғы түнде, ақ түтек боранда қай жерде келе жатқанын, қай аймақта қандай шөп өсетінін жазбай танитын. Жылқышы өмірі үнемі жалғыз жүруге жазылған. Қашанда қауіп- қатерге, кездейсоқ апатқа толы бұл мамандықты екiнiң бiрi басын тiгiп таңдай бермейдi. Жылқышы батыл, батыр, өжет, епті, шапшаң өзіне сенімді болуға шарт. Секеннің бірнеше ондаған жылғы өмірінде талай қиындық кездескені белгілі. Аттан құлап аяқ, қолы сынған кездері, аты зорығып елсіз-күнсiз шөлде, қақаған қыста далада қалған кездері аз болмаған.

Соның ішінде ерекше есте қалатыны 1968-1969 жылдың қысы. Қыс қатты, қары қалың болып қой малы жаппай қырылды. Аман қалғанын сонау Қостанайға көлікпен тасығанын көзіміз көрді.

Кей шопандар өлген қойдан аққала соқты. Осындай қақаған аязы мен үскірік көз қаратпас боранда Сапардың алдындағы жылқысы ығады.

Әрі бері шапқылағанмен тоңған әрі аш жылқы оңтүстік- батысты бетке алып шұбыра жөнелді.

Елге хабар бере алмай, жылқыны иесіз тастап кете алмай жылқы соңынан кете барады. Боран толастамай, қар қалындай береді. Әлсіз аш жылқылар жол бойы оппы қарға құлап қала береді. Күніне 2-3 ат айырбастап мініп отырады. Ашыққан кезде жас тайларға бұғалық салып, бір шетін ерге байлап керіліп тұрған тайды бауыздап жібереді.

Әлсіреп құлаған кезде жұқа шапты тіліп жіберіп шикі қазыдан ауыз толтырып тойғанынша асап, жылы қанды ұрттап жан сақтайды.

Үздіксіз соққан боранда 400 шақырым қашықтықтағы Арал ауданының Қарақұм ойпатына 7-ші күні жетіп жылқының ауызы ықтасындағы отқа ілігеді. Бұл жақтағы совхоз басшылары боран басталысымен жан- жақты іздеуге кіріседі. Бірақ көз көрінбейтін боран іздеуге кедергі, өздеріне қауып төндіреді.

Жетінші күні боран басылысымен Аманкелді аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Есполов Қайырбай самолетпен жоғалған жылқышы мен малды іздеуге шығады. Ақыры кештете Қарақұм ойпатында елсіз жапан далада жылқысын жайып жүрген Сапарды табады. Жеті күн үскірік боран мен аштыққа шыдап, бел шешпей аттан түспей, малды иесіз қалдырмаған азаматты көріп, ерлігімен қайраттылығына риза болып хатшы көзіне жас алған екен.

Сол ерлігі мен еңбегі үшін Қазақ ССР жоғарғы Советінің құрмет грамотасымен нағратталды.

Жастайынан қалыптастыма Сәкеңнің есте сақтау қабілеті жоғары болатын. Үйір-үйір жылқыны бір шолып өтіп, анау айғырдың үйірі жоқ, мынау биелер жоқ деп отыратын. Жылқы жүрген жерде қасқыр жүреді. Қасқырды көп алған азамат. Аттыңда әлдісін, белдісін таңдап мінетін бойы екі метр, салмағы 145 кг болатын алып адамды аттың да аты көтеретін. Өзіне лайық аттыда таңдай білетін. Пайғамбар тіккен қарақос деп жылқышыларға сырттан келгендер, әсіресе аудан, облыс басшылары көп баратын. Сәкеңнің бір жақсы қасиеті бір затты болмайды демейтін, не бір шаруаға кейіп, жоқ деп айтпаушы еді. Ниетіне қарай әкесі аттас Шоқанай Нұржанның Ғазиза атты қызына 19 жасқа толмай үйленді. Ғазиза екеуі өмірге он бала әкелді. Ғазиза кейде мен Есқайырдың қызымын фамилиям Қодарова деп отырады. Олай дейтін себебі де бар. Әкесі Нұғманов Нұржан 1938 жылы «Халық жауы» деген жаламен 25 жылға сотталып түрмеден соғысқа тіленіп барып, үш рет жарақат алып елге 1945 жылдың ортасында оралған.

Ғазиза 1946 жылы дүниеге келген күні Жәмила атты анасы өмірден озған. Нұржан ақсақал Нұрман атты 9 жасар баласымен анасынан ауызданбай қалған баласы Ғазизаны өзі 7 жыл түрме мен соғыста жүргенде от басына қамқор болған құдайы көршісі, әрі досы Қодаров Есқали мен Мүкіге берген.

Сол күннен бастап Ғазиза сүт анасы Мүкінің өкіл әкесі Есқалидың отбасында тәрбиеленген. Руы Тарақты, фамилиясы Қодарова болып келді.

1964 жылы «Родник» совхозы директоры Әбенев Бейсенбек Қостанай жылқы зауытынан 500 дей жылқы алдырды. Бұл жылқылар кешегі атақты Бірәлі бай Бектас ұлы өз еркімен өткізген жылқылар тұқымы болатын. Жылқыны Жануллин Төлеш, Бимендин Жұмабай, Нұржанов Сапар үшеуі қабылдады. Көшкінбай бөлімшесіндегі катон қораға қамап санады, таңба басты. Төре Байғара ұлы Жанділдәдан бата алып, батаға ту бие бергенін көрдік.

Сол жылқы кейін бірнеше табын болып өсті. Сәкең жақсылармен көп арласты. Ол кездегі қағида солайма сырттан келген басшылар жылқышының қара қосына соғып дәм ауыз тиіп шығатын. Соданда болар көп адамдар Сапарды, жалпы жылқышыларды жақсы танитын, құрметтейтін.

Кейінде Фурманов ауылына келген облыс әкімі С.В. Кулагин Сапарға кездесіп, амандық саулық сұрап, арқасынан қағып жақсы ықылас-ілтисат білдірген екен.

Мерейімді өсірді, еңбегімді еледі, ол кісі біздің қазаққа бүйрегі бұрып тұратын азамат-қой деп отыратын. Сапар қайтқаннан кейін облыс әкімінен көңіл айтқан телеграмма келді. Аурып жүргенін білген соң төңіректен қайта-қайта баратынбыз.

Ауру қанша қыйнасада, қиналсада ауырып отырмын деп, қиналып отырмын деп, жағдай айтпады сабаз.

Сәкеңнің беріктігімен төзімділігі таң қалдыратын. Барға қанағат етіп, шүкір, құдай берді, бала-шағам өсті тәубә деп отыратын.

Жалғыз інісі Сапарғалиы көкелеп жанынан шықпай үнемі көңіліне карап, елпілдеп отыратын. Осы ағайынды екі азаматтың бір-біріне деген шексіз сүйіспеншілігі, бір-біріне деген қамқорлығы, татулығы мен бірлігі кім-кімге болсада үлгі боларлықтай еді.

Аллаға шүкір Сапар мен Ғазизаның балалары мен келіндері де кісіге жақын, ибалы, инабатты, ұйымшыл, бейнетқор, ағайын- туысқа жақын бауырмал болып өсті.

Қазақта «әкең өлсе өлсін, әкеңнің көзін көрген өлмесін» деген мақал бар. Сыйлас, сырлас інісі Молдатай Жапаровтың мына өлең жолдары ойға оралады.

Асқар шың едің тек нөсер бетін жуаытын,
Ұлы жыланшықтан ең ұлылар ғана туатын.
«Ақжолдап» өткен Арғынның ұлы ең алпамса,
Таусылдау, аға, қапелім сәтте қуатың.

Ұлытаудан ұшып ұмтылған көкке ұлардай,
Өмірден оздың аласалықты біле алмай.
Жалғанда мынау жазғандар аз ба «бескүндік,
Опынып жүрген өзіңдей өмір сүре алмай.

Айналып өтпей тағдырдың биік беліне
Қиялай шаптың, қисынын тауып өрінен.
Жаратқан өзі жаныңды жайсаң жақсы қып,
Бір орын берер жұмақтың пүліш төрінен.

Қарсы алушы едің құшағың жайып күлімдеп,
Күндер өткен сайын қадірің қатты білінбек.
Кеп қалған мынау көктемдей туған күніңді,
Еске алып жүрген артыңда, шүкір, інің көп.

Біз Сәкеңнің көзін көрдік, бірге жүрдік, сыйлас, сырлас болдық. Сәкеңді олардың еңбектес тұтастарын еске алу парыз. Себеп біздің алдымыздағы аға буын еліміздің көркейуіне қиын кезде белсене араласып өз үлестерін қосаты.

Бүгін бір жақсы затқа қол жеткізсек сол жетістік кешегі азаматтар мен азаматшалардың жасаған бейнеті, төккен терімен келгенін, жалпы өткенімізді ұмытпайық ағайын!

ӨГІЗ КӨК

Қазақта көк өгіз деген сөз бар. Ал мына әңгіме еткелі отырған “Өгіз көк” өте ірі тұлғалы атқа қойылған ат. XIX ғасырдың аяқ шенінде Ұлы Жыланшықтың Рахмет болыс ауылымен шекаралас Рахмет ауылына 12 шақырым жетпей Қыпшақтың Шоқанай руынан тараған әулет мекен еткен. Азғана малын бағып, жан баққан ағайынға алыс-жақындағы сойыл сүйреткен ұры-қары маза бермей, елдің мазасын ала берген кезде сол ортадан шыққан әлді азаматтар еліне қорған ауылына тірек болған. Солардың бірі Шоқанай Тұяқ. Бір атадан жалқы өсіп, жетімдікті көп көрген азамат ерте есейіп, ержетеді.

Алғырлығымен, батылдығымен, ересек күшімен аймаққа танылып, ағайыны арқа сүйеп масаттанып, көре алмағандары Ұры Тұяқ, бұзау Тұяқ атандырады. Ол замандағы батыл, батыр азаматтардың атын шығарған барымта мен оған қарсы қарымта әрекеттері екені даусыз.

Жау жоқта батырлығы мен батылдығын, ерлігімен өрлігін, ептілігімен алғырлығын осындай жолдармен көрсеткен. Әрине батырдың бірі барымташы деуден аулақпын.

Сол барымташы батырдың бірі осы Тұяқ болған. Қоңыр күз түсе кетіп бара жатқан керуенге еріп кете барады. Осылай келе жатып бір байдың өте ірі аты бар екені оны иесінен басқа ешкім ұстай алмайтыны құлағына шалынады.

Сол маңға жеткеннен кейін керуеннен бөлініп жаяулап байдың жылқысына жетіп, бұғалық тастап 4-5 жігіт тоқтата алмайтын көк атты тоқтатып, арқанмен нокталап үнемі түнде жүрумен еліне жетеді. Әкеліп ауыл желкесіндегі ну қамысты қопадағы жылқыға қосады. Аттың ірілігі сондай қосқан жылқыдан ерекшеленіп көрініп тұрады. Ол кезде мал қоятын үсті жабық қора болама? Амалсыз қар түсе атты сойып тастайды. Осы кезеңде иесіде әр жерге сұрау салып атты іздеуге шығады. Алдымен елдегі бау кеспе ұры қарыларды түгендеп, жүріс-тұрысына сұрау салады! Кімнен болуы мүмкін деп ел арасына тыңшы шығарады. Осылай атын таба алмай ел аралап жүргенде біреулер, анау Ұлы Жыланшықтың солтүстік-батыс бетінде Рахмет бай ауылымен шекаралас Шоқанай руынан шыққан атақты Тұяқ деген барымташы бар, бір ұрласа сол ұрлар өте қарулы адам деп жоба айтады. Сұрай-сұрай Тұяқтың үйіне оншақты адам келіп түседі. Тұяқ алдынан шығып, келіп сәлем беріп үйге бастайды.

Мал иесі амандық-саулықтан кейін өзінің кім екенін, қайдан келе жатқанның, мал ішіндегі ерекше қадірлі аты, ұрланғанын айта келіп, Қарағым! Осы аймақта сенен қарулы, сенен епті азамат жоқ. Атымды бұғалықпен тоқтатсаң сен тоқтатасың. Атты сен ұрладың. Мен атыма құн сұрамаймын. Тек бір өтінішім бар. Сол атымның етінен тойып бір жесем болды деп кесімді сөзін айтады. Тұяқ келіседі.

Ет пісіп үлкен ағаш астауға аттың ортан жілігін салып қонақтардың алдына дәмді әкелгенде мал иесінің түрі бұзылып, қаны басына шабады. Отырған он шақты жанашырыда аттың нақты өздерінікі екеніне көзі жетіп қозғалақтай бергенде ет турап отырған Тұяқ қолындағы ұзын пышағын астауға қадап сендер уәдені бұзсаңдар менде уәдемді бұзып осы жерден

бірінді тірі шығармаймын деп қонақтарға сұс көрсетеді. Амалы құрыған мал иесі үндемей отырып қалады.

Өлі тыныштық орнайды, әңгіме үзіледі, ас дұрыс ішілмейды.

Тұяқ отырып-отырып келген қонақтарға бата тілейді. Сонда мал иесі: Қарағым өзің бір атадан қалған жалғыз екенсің, сенен туған мына балаңнан тұяқ қалмасын алаһу акбар деп ас қайырыпты. Сол кездегі 5-6 жасар Сейтім ер жете келе өте батыл, алғыр, батыр болып өсіп өз ағайынының ары мен намысын қорғаған азамат болған.

Сейтімнің ерлігі жайында ел арасында сақталған әңгімелер көп.

Сейтімнен ер бала болмай жалғыз қыз бала болған. Жалғыз жиені Жыланбайдан руы Қаз тараған ұрпақ Аманкелді ауданында тұрады.

ТАБЫСҚА ЖЕТЕМ ДЕСЕҢ, БЕЙНЕТІНЕ ТӨЗ

Бастауын Ұлытаудың «Терісбұтағы» мен «Шығырлысынан» алатын Ұлы Жыланшық өзені Сарыарқа төсін қаңырата тіліп, шығыстан батысқа созылған сайын аңғарын тереңдете, кеңейте түсіп киелі Ақкөлді барып толтырады. Артық суы асып «Қара сорға» құйып жататын кездері де бар.

Осы киелі өңір Жыланшықтың екі бетін бойлай сан ғасырлар жақсылар мен жайсаңдар мекендеген. Әрісін айтпағанда берісі бұрынғы «Родник» кейін «Жыланшық» кеңшары көлемін бұрынғы атақты байлар Нұрым, Бектас, Бірәлі, Асан, Ахмет, Шашанбай, Рахмет, Зілғара, Смайыл, Едрес, Алтынбай, Болат, Көпжан, Мұстафа, Барлыбай, Жайсаңбай, Сейіткерей, Жәуке, Көшкінбай, Жанбосын, Шағатай, Жекебай, Бекжан, Бекі, Қабанбай, Көшек, Ақтаң, Нұртай, Мұстафа, Байтас, Бердібай, Алтыбай, Тоңаша, Сүтемген, Асат, Жәкен, Әбдіғапар, Жайықбай, Шойынқап, Бисары, Дәнсарылар мекен еткен. Халыққа жайлы, малға жұғымды, бұл мекен талайды қызықтырған. Осы жер үшін ағайын-туыс арасында қаншама дау-жанжал болғаны тарихтан белгілі.

Кешегі Әбдіғапарға, Әлібиге, Аманкелді мен Кейкі батырға мекен болған киелі өңір бүгінде қаңырап бос тұр. Ұшқан құс, жүгірген аң болмаса ешнәрсе көзге түсе қоймайды. Жағдайы бар, қолы бос азаматтар барып құсын үркітіп, балығын шошытып, аңын қуып, атқанын атып, атпағанның зәресін ұшырып кететін аймаққа айналғаны қашан. Оны қоритын, қорғайтын адам аз. Қайта, қай жерде шоғырланған қасқыр, қабан, киік бар деп жол көрсетері анық. Бұл өңірдің табиғи байлығына сырттан келіп иеленіп, бауыр басқандар қаншама. Осы байлықты жергілікті халық иелене алмай келеді. Басқаны айтпағанда шұрайлы малға жайлы осы мекен бос тусырап жатыр.

Иә, осы иесіз жатқан далада бұрынғы совхоз орталығынан әрі 5-6 шақырым жерде жалғыз үй малын бағып, мамыра жай күн кешіп отыр. Ата-бабалары осы өңірді ғасырлар бойы жайлаған Ағатановтар әулеті

өткен ғасырдың 30-шы жылдары бұл өңірді аштықта амалсыз тастап, 40-шы жылдардың аяғына қарай ата қонысқа келіп, қайта қоныстанған екен. Ағайынды Бірғали, Байғабыл ағаларымыз әулетін өсірді, малын бақты, үкіметке адал қызмет атқарды.

1963 жылы Рахмет ауылынан «Родник» совхозы ашылған кезде зейнетке шығып совхоз орталығына келеді. Балалары әр салада қызмет атқарды. Бірғали әкеміз арабша сауатты, шебер, зергер, аңшы болған, құралайды көзге атқан мерген, сыпа, таза тіп-тік адам еді жарықтық. Байғабыл ағамыз да өз ортасында беделді от ауызды, орақ тілді, қатарынан озық, сөзге шешен, халыққа сыйлы, берекелі адам болатын. Үйінен үнемі кісі үзілмейтін. Үлкенге де, кішіге де құрмет, ізет жасаған қайырымы мол азамат екенін көзіміз көрді, дастарқанынан талай дәм таттық.

Кешегі аталары мен әкелерінің қоныс орнына 90-шы жылдардың басында баласы Бірғалиев Сапар қолдан кесек құйып жаңадан үй көтерді.

Бұл кешегі тоқыраудың алдындағы кезең болатын. Осы 5-6 шақырым жерден күнделікті сабаққа жаяу қатынап Сәкең алдымен өзін қиын сынақтан өткізді. Отбасын жалғыз үй тұрғызуға үгіттеп көндірді.

М.Әуезов атындағы орта мектептің ұлағатты ұстазы, оқу-тәрбиесі меңгерушісі қалыңшылықтан жақсылық іздемеді. Сыртқа көшуі әртүрлі пікірлерді де туғызды. Сапар сыртқа қоныстанып, шаруасын жақсартқан кезеңде елде қиыншылық туындай бастады. Жұрт үйлерін тастап аудан, облыс, Астанаға үдере көшті. Ата-баба қонысында көшпей қалайық, бірігіп тізе қосып, мал өсіріп, күнкөріс жасайық деген сөзіне ағайын-туыс шошына қарады. Көшкен ағайын шығынға белшесінен батты. Көшуге 2-3 ірі қарасы кетсе, барған жерден үй алуға барша жиған малы кетті. 15-20 бас ірі қара беріп үй алғандар болды. Сырт жерде, танымайтын ортада жиған-тергеннен айырылып, елді сағынып, қиналған ағайындарды көзіміз көрді.

Ал, Сапар болса тәуекелге бел байлап, алдымен өзіне, жұбайы Жұмабикеге, жанындағы інісі мен балаларына сенді. Жылма-жыл шаруасыен түзеп, тәртіпке келтірді.

Малды қыста тебіндеуге үйретті. Алғашқы жылдары малына жетерлік шөп дайындап бейнеттенсе уақыт өте келе тәжірибе жинақтап, малға қыста беретін шөп те дайындамайтын болды. Соңғы 12-13 жылда тек тебінмен ғана шығып келеді. Жылқы, қоймен қатар ірі қараны да тебінге үйреткен азамат.

Жапандағы жалғыз үйдің мал өсіру жүйесі, қалыптасқан тәртібі ауыл түгілі республикаға насихаттауға тұрарлық. Жастайынан әке тәрбиесін көріп, халықтың тыныс-тіршілігімен етене араласқан, кешегі ата-бабамыздың мал бағу жүйесінің қыр-сырымен сусындаған азамат шығын шығармай малын өсіріп, жанын бағып отыр.

Осыдан үш жыл бұрынғы желтоқсанның 23-нен басталып наурыздың аяғына дейін созылған үскірік аязбен көз көрінбейтін ақтүнек боран да елді мекеннен 120 шақырым елсіздегі жалғыз үй малын аман алып шықты. Сол жылғы қаруі мен қораның үстінен жүріп кеткен болатын. Ал ауылда

ағайын-туыстың, қаптаған техниканың ортасында отырып, аз ғана малын асырай алмай қырып алған отбасылар жетерлік болды.

Өз басымыз да қорадан малды шығара алмаған күндер де болды. Ел ішінде отырып уайымдайтын едім: «Апыр-ай! Анау Сапарлар қалай күн көріп жатыр екен» деп. Сапардың жасаған бейнеті, ұқыпты ісі, жинақты жұмысы шаруасын жақсартып отыр. Алдымен бейнетіне төді, малды да сол қиыншылыққа төзуге қалыптастырды. Тілі жоқ демесең мал да үйреткен жүйеге қалыптасары анық. Ал біздің ауылда отырған ағайын малын таңертең өргізіп, кеште өрістен қайтуын күтіп отырады. Келмей түнеп қалғаны не ұрыға, не қасқырға жем болуы мүмкін. Бұйрық солай, қасқыр да бұйырғанын жейді ғой деп отыра беретін жайбарақат халықпыз.

Иә, бүгіндері уақыт халықты қайта қиындыққа итермелеп келеді. Әлемдік дағдарыс деп күнде айтылып жатыр. Ойлап отырсам осы біздің қазақтың басына қиындық болмаған уақыт аз-ау.

Өткен ғасырдағы 1916 жылғы дүрбелең, 1920-1930 жылдардағы аштық, 1937-1938 жылдардағы зұлмат, 1941-1945 жылдардағы соғыс, 1950-ші жылдардағы жаппай соттау, 1960-шы жылдардағы нан тапшылығы, 1990-шы жылдардың ортасындағы тоқырау.

Шүкір, халық қазір еңсесін көтерді. Соңғы 5-6 жылда қалтаға ақша, үстіге баспана, қолға машина тиді.

Жаппай кредит алып дүние жинауға, бәсеке көлік мінуге, үйдің ішін қайта жабдықтауға кірістік. Соның бірі өзіміз. Міне бүгін тағы да сұр жыландай ирелендеп дағдарыс деген қайдан шығып, неден пайда болатынын ешкім біліп болмайтын қиыншылық келе жатыр.

Өткен қиыншылықтардан халқымыз береке-бірлігі арқасында аман шыққан болатын. Бұл қиыншылық та аман болса артта қалар. Алдымен әр адам қолдан келгенше тіршілік жасап, бейнеттенуі керек. Анау алыстағы Сапар сияқты бейнет жасасақ, зейнетін, рахатын көреріміз анық. Өсірген малың ішсең тамақ, кисең киім, сатсаң ақша, мінсең көлік.

Атам қазақ осы жүйе арқылы күн көріп ешқандай елден кем болмаған. Кешегі кеңестік заманда байларды жауыз, әзірейлі көрдік. Тіпті «сасық бай» деп күлдік-ау.

Ақылсыз адам бай бола ма? Байлар жаз жайлауын, қыс қыстауын сақтап, әр кезеңдегі табиғат байлығын өз ретімен пайдалана білді.

Міне, бүгінгі күні Сапар да осы бұрынғы ата-бабаның мал өсіру тәсілін өндіріске енгізіп, соқырға таяқ ұстатақандай жол көрсетіп отырған жоқ па. Малың аралап, мал бағуын көрмесем де малың күз түсе керте тебінге салып жататынын, күн салқында тебінге алдымен жылқыны, одан кейін қойды, оның орнына ірі қараны жіберері анық. Бір бағытпен тебінге барған мал сол ретімен орнына қайтары анық. Суыққа төзімсіз ірі қара соңында барып, ерте қайтады, қой ортада, жылқы ең соңында келеді. Көп жайылатын да жылқы малы. Ақылы жоқ, бірақ түйсігі бар малды тәртіпке келтіріп бағу жүйесін жасаған азамат ісіне қуанасың. Қуанасың да біздің барлық ауылдағы ағайын осындай бейнетке төзімді, іске шебер, жұмысқа

берекелі болса тұрмыстық жағдайымыз әлде қашан жақсарған болар еді-ау деп армандайсың.

Ауыл қазағын дағдарыстан алып шығар жол мал басын өсіру, бау-бақшасын баптауда тұр. Шүкір, тамақ табылса, киім-кешек жеткілікті болды. Бала кезімізде бір күртені қайта-қайта жуып қашан өңіп кеткенше кие беретін едік. Бүгінде үйдің жартысын басы артық дүние толтырып тұр. Басы артық дүние жинап, көрінген жылтыраққа шығын шығаратын аңғалдау халық екеніміз жасырын емес. Кешегі қиын кездерде ағайын-туыс бір-біріне қайыры, ынтымағы, бірлігі жақсы еді. Қолында болса жарты нанды жарып жеді. Бірінің жоғын бірі тауып беріп, қолтығынан сүйеп отырды. Сондай ынтымақ бірлік арқасында да жоғарыда айтқан дағдарыс кезеңнен халқымыз аман шыққан.

Ал бүгінде ондай ынтымақ, жағдайы төменге көмектесу, қолқайыр жасау сиреп келеді. Себебі бірін-бірі түгіп жейтін капиталистік система қанымызға сіңіп болды. Бір үйдегі әкесі баласына, баласы әкесіне қарыз беретін қатыгез заман қалыптасып келеді. Социализмнің артықшылығы адамның жағдайына баса назар аударылатын. Жаңа үлгідегі бүгінгі жүйені құрарда капитализммен социализмнің адам баласының дамуы үшін озық үлгілерін алғанда ғой деп ойлайсың. Капитализмде пайда табу жолы, өндіріс жүйесі басты назарда болса, социализмде оқу, емдеу тегін жағдайда болды. Алыстағы біреу ауырса самолет баратын, операция тегін жасалатын.

Бүгінгі күні жергілікті билік шамасы келсе пақырына ақыл бермей бақыр берсе, балық аулау керек дегенше, қолыңа қармақ берсе қиындықтан шыққанша малды, құсты, балықты, бақшаны өсіру жолдарын қарастырса. Сол арқылы жұмыссызға жұмыс, табысы жоққа тамақ табылған болар еді. Қайырымды, жағдайы бар шаруасы жүріп тұрған азаматтардың да өз ортасындағы мұқтаждарға көмектесер кезі келді.

Қай салада да бірлесіп, бірігіп бір мақсатқа ерінбей-жалықпай жұмыс жасасақ бейнеттің рахатын көреріміз анық.

Ата-бабамыздың мұраға қалдырған осынша байлығы бар қасиетті киелі жерде отырып күн көріс жүйесін дұрыс шеше алмасақ ол өз ұқыпсыздығымыз болмақ.

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ, АРДАҚТЫ АНА!

Ардагер Гүлжамал Садыққызы 73 жасқа толып отыр

Қолым боста сан алуан газет- журналдарды ақтару ойымен кітапханаларға жиі барамын. Аты жүрекке жылы "Торғай" газетінің 2007 жылғы тігіндісін ақтарып отырып, "Ұлағат уағыздаған" атты мақаланы көзім шалып қалды. Кейіпкер жайлы мақала екі суретімен басылыпты.

Бірінде ақыл- ойы толысқан парасатты ананың, екіншісінде қос бұрымы тізесінен төмен түскен жас қыздың суреті бейнеленген...

Бұл 80-шы жылдардың тарихынан сыр шертететін, бүгінде құрметті зейнеткер, аяулы ана, асыл әже атанып отырған Гүлжамал апай Садыққызының суреттері екен. Жылы жүзді, қартайса да "сыры кетпеген сырлы аяқтай" келісті, қашанда бірқалыпты сылдырлап тұратын ол кісімен бірде көшеде, енді бірде өзі ұзақ жылдар ұстаздық еткен Арқалық педагогикалық институтында жолығысып қаламыз. Тағы бірде институт қабырғасындағы студенттермен кездесуінде Торғайдағы бірден- бір оқу орны жайлы сыр шертіп тұрса, ендігі бір жолы үлкендікпен түрлі шараларда батасын беріп, жанымызды марқайтар ізгі тілектерін айтып жатады. Сонда байқағаным, жүріс- тұрысы мен сөз саптауынан көпті керіп, бірталай жауапты қызметтерді атқарғаны аңғарылып тұратын еді.

Өмірі өнеге зейнеткер ұстаз қажымас қайратпен, мықты төзімділікпен талайды бастан өткере отырып, міне, бір Алланың берген сыйы деп, мүшелжасы- 73- ке толып отыр.

Г. Садыққызы қазақ тарихында ерекше орны бар, талай жайсаңдардың елі Семей өңірінде туып өскен. Соғыстан соңғы жоқшылық тұсында білім алып, Алматыдағы С. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетін тәмамдаған, Өзімен бірге оқыған жерлесі Ермек Наурызғалиұлымен тұрмыс құрып, екеуі де бірден Атырау педагогикалық институтына қызметке жіберіледі.

Бұрынғы кеңестер дәуірін қанша жамандасақ та, бір аттап өте алмайтын жәйт, ол жас мамандарға деген зор қамқорлығы. Әрбір оқу орнының түлегі міндетті түрде қызметке орна-ластырылып, тіпті қажет болған жағдай облыс-облыстарға арнайы бөлініп, қызмет бабы-мен өсуіне де алдын-ала көре-гендікпен қамқорлық болатын. Ол жастар да өздеріне көрсеткен сол сенімге лайық бола білді.

Бүгінгідей сағыз шайнап, өзі де түсіне бермейтін әуендерге мүлги отырып сабақта отырмайтын. Қалталы әкенің күшімен жайлы орындарға жайғаспайтын. Бар қиындықты бастан өткеріп, соған төзе жүріп жинақтаған тәжірибемен ғана саты-лап көтерілуін үлкен мерей тұтатын. Оны олар адал еңбекпен келген бедел ретінде қатты құрметтеп, соған қол жеткізуінің де бағасын жақсы білді.

Г. Садыққызы да үкімет пен партия көрсеткен сенімге адал болып, Атыраудағы қызметін абыроймен атқара бастады. Көзге түскен белсенді жас ұстаз марксизм- ленинизм кафедрасының меңгерушісі боп тағайындалды. Ол көзде мұндай абырой әркімге бұйыра бермейтіні хақ еді. Марксистер, сонымен қоса, қоғамдық жұмыстарға барынша тартылып, қалың бұқара-көпшілік арасында партия саясатын насихаттайтын жауынгерлері болды. Саяси үгіт- түсінік жұмыстарын жүргізумен қатар, мінберлерден сейлейтін басшылардың сөзін де сүзгіден өткізуі осылардың құзырында. Міне, осындай жауапты істерге белсене араласып жүрген Г. Садыққызы партиялық істе ысылғаң жас та болса бастай саналып жаңадан ашылып жатқан Торғай облысына жұмысқа ұсынылады. Оның үстіне

сирек мамандық стенографисткалықты меңгеріп алуының да пайдасы тиді.

Балықты Атыраудан астықты Торғайға шақырумен келген жас маман Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының марксизм-ленинизм, жолдасы Ермек Наурызғалиұлы ғылыми коммунизм кафедрасына жұмысқа орналасады.

Өзі осы кафедрада 1983 жылға дейін қызмет істеп, өмірге үш баланы әкеліп, оқытып қатарға қосады.

Торғай облысының ол кезде бағы жанып, асығы алшысынан түсіп тұрған кезі. Облыстың бірінші хатшысы Сақан Құсайыновтың басшылығы кезінде егістік көлемі жылма-жыл ұлғайтылып, әні де, сәні де келіскен кезеңтің. Басшының да, Торғай халқының да еңбегі үкімет тарапынан жоғары бағаланып, "Ленин" орденімен марапатталынды. Істі одан әрі жалғап облыс атын республикаға танытқан Еркін Әуелбековтың хатшылығы кезінде Торғай елі оқу- тәрбие ошағының алтын ордасы болған институттың, әрине, саяси кафедрасын меңгеру оңай болмады.

Жан- жақты терең білімді облыс хатшысы институт қызметін үнемі назарда ұстады, Ал, сырттай келгендердің де бірінші бас сұғатын орны институт пен оның саясаттың көрігі қызатын саяси кафедралары болды ғой. Бұл тұрғыда Г. Садыққызы қашанда партия сарбазы ретінде дайын тұрды.

Қайта құру тұсында Г. Садыққызының да орын алған жағдайларға байланысты әр алуан қызметті атқаруына тура келді. Бірақ, қайда болмасын ол қашанғы әдетінше тәрбие мен үгіт-түсінік жұмыстарын қатар жүргізіп отырды. Бұл күні ол кісінің ізін облыстық Дала елкесі тарихи мұражайы, кәсіптік және саз училищелері ұжымдарынан көруге болады. Бірақ, ұстаздық етуден жалықпаған ол кейінірек қайтадан туған институтына оралады. Осы оқу орнынан құрметті зейнеткерлікке шықты.

Иә, өткенге көз салсақ, бүгінгі тәуелсіз қазақ елінің қалыптасуына, оның тарихының жарқырап көрінуі жолында осындай ардагерлер аз тер төккен жоқ. Күн- түн демей еңбек етіп, қатал заманның тастай тәртібіне төтеп бере алды. Қаншама жастарға білім мен тәрбие беріп, жас сананы оятып, біліммен тоқыды. Сонымен қоса, тегін атқарған қоғамдық жұмыстары және қаншама, десеңізші. Сауатты әрі саяси білімді, әр кезеңнің саясатын тез аңғарғыш және оны кәдеге асырып халыққа жеткізіп, елдің тыныс- тіршілігін уақыт талабымен ұштастыра білген ондай жандар біздің алтын қорымыз.

Иә, солардың бірі, қатардағы қазақтың бір ардақты қызы Гүлжамал апай ғылым жолын қуған жолдасының қас- қабағын бағып, балаларының тәрбиесіне де уақыт тауып, келімді- кетімді кісілерін құрметтей білген тынымсыз жан ретінде де сыйлы болды. Осының бәріне сыр бермей төзімділік танытып, бәрін де қуанышпен атқарып, ісінің бәрі оңға басқан аяулы ана, лайықты жар бола білді. Бұл да басқа қонған бақ қой.

Еліне сіңірген еңбегі де атаусыз қалмады. Көптеген медаль және құрмет қағаздарымен марапатталынды. Ең бастысы, езі тәрбие беріп,

білімнің көкжиегіне көтерген шәкірттері ұмытпай, бүгінде біразы ел ағалары атанып отыр. Бірақ та олар Гүлжамал апайларының алдында әлі де өздерін шәкірт сезініп, қашанда оған құрмет көрсетуден жазбайды.

Бүгінде ол кісі 2000 жылы дүниеден еткен отағасы шаңырағының отын маздатып отыр. Әкенің артында қалған балалары мен немерелерінен жылуын аямай, мейірбандық пейілмен айналып- толғанып жүргені.

Мыңдаған шәкірт, жүздеген ұстазға ұстаздық еткен ұстаздардың анасы Гүлжамал Садыққызы 73 жасқа толып отыр. Бұл күндері ардагер ұстаз айтулы мүшелтой құрметінедегі жылы ниетті құттықтаулар құшағына оранған.

ЕСТЕ ҚАЛҒАН МЕРЕЙ ТОЙ

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері береке- бірлігі нығайып, еңсесі көтеріліп, жағдайы күнбе- күн жақсарып келе жатқаны шындық. Ойын- той, сауық- сайран, атаулы күндерді бос өткізбеу, тіпті бәсекелес өткізу үрдіске айналды. Осы шағын қаланың өзінде той өткізу өте қарқынды. Бұл қуанарлық жай.

Әр адам той болса екен, соған қатынасып, көптен көрмеген ағайын, туыс- туған, доожаранды көрсем екен деп армандайды. Бұл заңдылық.

Бірақ, көп жағдайда құлағыңды бітеген музыка, даңғырлаған той жүргізуші, топ- топ болып даурыққан қауымды еріксіз тыңдап, еңсең түсіп, басың шыңылдап, шаршап шалдығып қайтатын уақыттар болады.

Таяуда осы қаланың құрметті азаматы Совет Керейбаевтың 70 жасқа толған мерейтойы "Сайора" шатханасында өтті.

Тойға барғаннан бір жылылық пайда болды. Алдымен Секеңнің сыйлас, сырлас, азаматтарын көріп, той иесінің қаншалықты өз ортасына беделді екеніне көз жеткіздік.

Жиналған зиялы қауым кезек-кезегімен жылы лебізін білдіріп жатса, Секең ағамыз Ляля жеңгей екеуі сыпайылық танытып, өз тарапынан құрмет, сый- сияпат көрсетуде.

Осы жерде тойды ұйымдастырған балаларының ұйымшылдығы мен шеберлігін, келіндерінің сыпайы іскерлігін көріп ағай мен жеңгейдің балаларын сапалы да саналы тәрбиелеген ұлағатына тәнті боласың. Әр сөзге шыққан қонаққа балалары мен келіндерінің кезегімен келіп ізет көрсетуі алдымен қонақ үшін есте қаларлық игілікті іс болса, ата- ана үшін үлкен мерей.

Той иелері саналы ғұмырын өздері қалаған полиция жұмысына арнап, зейнет демалысына шыққан. Балаларының бәрі де әке жолын қуып, ішкі істер органдарында істеген. Совет ағамыздың тойда бәріне бірдей құрмет- ізет көрсетуін көп жылдар ел басқарған азаматтың көпті көрген өнегесінің жемісі деп бағаладық.

Той өте мағыналы, тартымды өтті, сөз арасы әсем әнмен, күмбірлеген күймен өріліп, жиналған ағайынды үнемі масаттандырып отырды.

Қызықты, әсерлі, инабатты, тағылымды той болды. Тойға жиналған ағайын келісті тойға орай Сәкең мен жеңгейге алғыстарын жаудырды. "Ой, бәрекелді! Тойың тойға ұлассын!" деп тарқасты үйлеріне.

КӨПТЕН БЕРІ БОЛҒАН ТАРТЫМДЫ АЙТЫС

Киелі Торғай топырағы қашанда тума таланттарға толы. Әсіресе ақындық мектебі мықты. Кешегі Сейдахмет Бейсенұлының, Әбіқай Нұртазаұлының, Күдері Жұмабайұлының, Файзолла Сатыбалдыұлының, Әлмағанбет Оспанұлының, Сәт Есенбайұлының, Нұрхан Ахметбековтың, Ахметхан Әбіқайұлының, Құтжан Қанжығалыұлының, Өмірбек Жандәулетұлының, Қабден Байқасынұлының, Қайнекей Жармағанбетұлының, Сырбай Мәуленовтың, Ғафу Қайырбекұлының, Назарбек Бектемісұлының, бүгінгі Қонысбай Әбілов пен Айбек Қалиевтардың ақындық өнерден ізбасарлары өсіп келе жатқаны қуантады.

Таяуда белгілі айтыс ақыны Айбек Қалиевтің ұйымдастыруымен студенттер арасында Назарбек Бектемісұлының туған күніне арналған айтыс өтті. Сол айтысқа қатынастық. Айтыс біз ойлағаннан жоғары, мәнді, мағыналы, салиқалы, жан- жақты дайындықтарын көрсеткен тартымды өтті.

Әсіресе, Назарбектей ақындық өнердегі теңдессіз ақынды жастарымыз көп оқитындығы, оған барынша еліктейтіндігі сөз өнерінің құмарлығы, ана тіліне деген ілтипат пен құрмет әр жас ақынның ой жүйесінде тұрғанын көрдік.

Жас ақындар айтысына арналған сахнаны талантты жас Бағдат Нұрмағанбетұлы көркем сөзден шашу шашып, жастарды ортаға шақырып айтты. Сахнаға шыққан 2 қыз 6 ұлды топқа бөле келгенде Азамат Мәлжанбаймен институт студенттері Зылиха Кенжеғозина, гуманитарлық колледж студенттері Мақсат Нұрмағанбетов, Манат Ізтілеуов, Балтазар Тұрсыбеков, Екпін Советхан, Тоба Өтепбаевтар арасында айтыс өтті.

Алғаш сөз алған Азамат Мәлжанбай талай аламан айтысқа түсіп төселгендігін көрсетіп берілген тақырыпты жан- жақты аша білсе, Манат Ізтелеуұлы да қарсыласын ұтымды сез, ұшқыр ой, сыпайы әзілмен камшылап отырды.

Зылиха мен Мақсаттың айтысы тақырыпты жырлаудан гөрі басы ғашықтық жүйеге бағытталса, аяғы апасы мен іні арасындағы сыйластық пен ынтымаққа негізделді.

Балтазар мен Ақгүл арасындағы айтыс жүйелі сез, сыпайы сұлу, тартымды әзілге жалғасты. Тек Ақгүлдің домбыра тарта алмауы қарсылас ақынның тіліне тиек болса, сабырлы байыпты Ақгүл оған да толымды жауап бере білді. Таласы мол дауылды айтысты Екпін ақын екпіндете

бастаса, сабырлы, салмақты, әр сезін шегелеп, жинақы оймен аяқтайтын Тоба қарсыласын үнемі Қосабадан тосып алып, екпінін басып отырды.

Сөзі жүйелі, ойы анық, әні әсем, сөз саптауы жатық болды. Сөз соңында Назарбекке арнап ән орындалды. Келешекте Тобаның алар асуы жоғары екенін бұрында бағалаушы едік. Бірақ бұл жолы Тоба сәл босандық танытты .

Ақындар айтысын жиналған жастардың қолдауы ғажап болды.

Әр айтыстың арасында Мұхият Қойшыбай, Бағдат Нұрмағанбет сияқты т.б. жастар ән арнап жырдан шашу шашты.

Айысты Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының проректоры Бақытгүл Ысқақова қорытындылап, айтыскер ақын Айбек Калиев екеуі жастарға сый- сияпат жасады.

Сонымен Азамат Мәлжанбай бірінші, Тоба Өтепбаев екінші, Екпін Советхан үшінші орынды бөлісті.

Жас ақындарға Назарбек Бектемісұлының кітаптары мен бағалы сыйлықтар ұсынылды.

Келешекте жастар арасында ақындық өнерді дамытып, екі ақыннан ортаға шығарып, еркін уақыт беріп төрешілікті керермен қауымға беріп, өнерлі жастарды іріктеу жүйесін қолға алу ұсынылды. Біздер де жастарға өнерлерің өрге бассын деген тілекпен риза болып тарадық.

ӘДІЛДІКТІ ТУ ЕТКЕН АЗАМАТ ЕДІ

Күн жылып, көктем шыға Құмкешу ауылында тұратын саналы ғұмырын ұстаздыққа арнаған, ұлағатты ұстаз, кезінде осы мектептің оқу-тәрбие ісін басқарған, заманауи технологияларға байланысты ақпаратты ауданда алғашқылардың бірі болып жетік меңгерген, оқушыларды уақыт талабына сай компьютер жүйесін меңгеруге баулыған, қандай да қызметті атқаруға толық қабілеті бар, әділдікті ту еткен, турасын айтып туысқанына жақпаған, әділін айтып әкім-қарадан шеттеу көрген, қарапайым қатардағы информатика пәнінің мұғалімі Темірбай Садуақасұлы Құрманғалиев 49 жасында дүниеден озды. Ағайын-туыс, жолдас-жора, қадірін білетін қызметтес достары көп жиналды. Қаралы жиында Темірбайдың тіршілікте жасаған жақсы істері, қызмет баспалдақтары тілге тиек болды. Көзі жасты, көңілі қаяулы жақындары қимай қоштасты. Тіршілікте араласып силасқандар да, қызметте өсу кезеңі келгенде аяқтан шалған, жазықсыз бөгет жасағандар да тұрды. Көп жақсылығы, іскерлігі айтылды. Бірақ тура айтар тік мінезі, әділдігі, шыншылдығы айтылмады. Туралығы екінші біріне ұнай бермейтін. Осы туралығынан қызметтік өсу баспалдақтарынан шеттеді.

1984 жылы Арқалық педагогикалық институтын тәмәмдаған азамат өзі туған ортаға оралып Құмкешу орта мектебінде ұстаздық жолды

бастаған еді. Ұстаздық жасаған 25 жылда Темірбай орта мектептің алға басуына үлкен үлес қосқан азамат болатын.

Сауатты, іскер, ұйымдастыру қабілеті жақсы, шешімді ұстаз болатын. Жаңалыққа жаны құмар информатика мамандығын тез меңгеріп облыс бойынша бірінші орын алған азамат. Мектептің ішкі-сыртқы жұмысына, спорт саласына белсене араласты. Әсіресе орта мектепті марқұм Сүлейменов Қайым, Ғаппасов Жәнібек басқарған кездерде Темірбайдың іскерлік қырлары ашыла түскен болатын. Жәнібек Ғаппасов аудандық оқу бөлімін басқарған кезде Темірбайды мектеп директорлығына екі рет ұсынған еді. Екеуінде де барудан бас тартты. Билікке қызықпаған, мамандығын сүйетін азамат еді. Кейінгі кезде денсаулығы сыр берген кезеңде де өзі оқыған, тәрбие берген мектебінен қол үзбеді. Қызмет атқара жүріп қоғамдық жұмыспен қатар қолы сәл босаса ағайын-туыс, дос-жаранға, көрші-көлемге қайыры күшті азамат еді марқұм. Темірбайдың өмірдегі басты ұстанымы туралық пен әділдік, шындық пен ізгілік, игілікті іс еді. Әсіресе, әділетсіздікке жаны қарсы болатын. «Әділетсіздікті көре тұра үндемесен, өзің де сондай болғаның деген мақал бар еді халықта». Қоғамда болып жатқан әділетсіздікті көре тұра үндемей қалатын тоғышарлар қатарынан емес еді Темірбай. Жанын салып әділдікті, туралықты қолдайтын. Иә, өмірден неше жақсы да, жайсаң да озып жатыр. Күні үшін күйбің тіршілік кешіп, не айтса да бас шұлғып ләппай тақсырлап өмір сүретін, бетегеден биік, жусаннан аласа болуға лайық тұратын, турасын айта алмай жалтақтап өмір кешетін ездер қатарына жатпайтын. Осындай әділін айтар азамат көп болған жағдайда қоғамда әділетсіздік пен жөнсіздік азайған болар еді. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген қағиданы өміріне серік еткен Темірбай өмірден озғанымен отбасында аяулы жары – Кенжесі, балалары қалды. Кенже екеуі мектепке 25 жыл бойы тел қозыдай бірге барып, бірге келуші еді. Алла қаласа жары отбасын жүдетпей балаларын жеткізер. Балалары да әкесіз қинала өсіп қатарға қосылып кетер. Алды еңбекке араласа бастады. Айдыны Астанада жұмыста, Тасқыны үкіметті күзететін полкта, Толқыны Қостанайда университетте, Нұрсұлтаны Астанадан ақпараттық жүйені меңгеріп шықпақ.

Иә, бергенінен берері көп шағында өмірден озған азаматты еске алу, жақсылығын халыққа жеткізу, артында қалған ағайын-туыс, дос-жаранға парыз. Осы парыз өтелмей, азамат еңбегі еленбеді-ау деген ой мазалай берді. Әсіресе ондаған жылдар қатар қызмет атқарған мектептің ыстық-суығын бірге көтерген замандас дос, жолдас ұстаздар қауымы неге үнсіз қалғаны ойлантады. Ұйымы жақсы, бірлігі мықты кезінде аудан мектептері алдындағы Құмкешу орта мектебі ұстаздары Темірбайдың азаматтық келбетін аудан, облыс халқына жеткізуі керек еді. Бұл қажеттілік алдымен Темірбайдың қайғы тартқан отбасына моральдық тұрғыдан рухани көмек болса, өмірден озған азаматқа деген құрмет, ықылас болмақ емес пе?

Адамның өмірдегі жақсылығы атқарған қызметінің дәрежесі мен шен-шекпенімен емес, адами қасиетімен адал атқарған ісімен өлшенбек.

Бір әулеттің кенжесі Темірбай отбасының бүгінгі ұйытқысы Кенже қарындасымызға Ұлы Жаратушы қамқор болсын, Темірбайы желеп-жебеп, балалары өсіп-өркендесін демекпін.

АЙСАНЫҢ ҚАРА БӨГЕТІ ЖӘНЕ КИЕЛІ ҚАРА АҒАШ

Бала кезімде атақты Айса Нұрманов қолдан салдырған Қабырға өзенін “тұщы Қабырға” және “ашы Қабырғаға” бөліп тұрған киелі бөгеттің аузында туып өстік. Киелі дейтін себебім, осы бөгет түскеннен кейін халықтың жағдайы жақсарып, шабындағы артып, егіні бітік шығып, басына бас, малына мал қосылған. Бөгеттің түскен тұсының тереңдігі 10 метрден кем емес. Әрі өзеннің осы жері де өте жалпақ. Бөгеттiйе баспалдақ болып жасалған. Алғашқы жерден көтерген деңгейінің “ашы Қабырғаға” тірелетін жерінде қатар-қатар қағылған қарағай қадалар тұрушы еді. Ол кезде “ашы Қабырға” суы деңгейі төмен, таяз болатын. Өзен жағасынан жерге қарасаң, құлама тік жардың биіктігі 10-15 метрдей көрінетін. Әрі судың тұнықтығы мен тазалығынан, әрі таяздығынан ішіндегі балығы көрініп жүретін.

Қыс кездерінде ауа жетпегенде жиектегі қамыс арасындағы жылымға балық жиналып қырылатын.

Екінші деңгейінде жалпақ ойғы жол бар.

Үшінші үстіңгі деңгейі, яғни бөгеттің үсті де жалпақ салынған. Қарсы екі машина толық жүретін ені бар.

Қаншама жылдар желмен суға мүжілген бөгеттің осынша беріктігін сақтауы осы бөгетті салушылардың өте іскерлігі екені анық. Бөгеттің салыну жобасына тоқталайын.

Көне көз қарттардың айтуына қарағанда, Өзен табаны алғашқыда ойдым-ойдым, жағасына қалың тал өскен қара су болған.

Осы бөгет түскен жерден 3-4 шақырым жоғарырақ Ақсуаттың маңынан алғашқы тосқауыл бөгет түсіп суды ұстаған.

Қара бөгет содан кейін салынған. Бөгеттің екі жақ қапталы ондаған шақырымға созылған көтерме бөгет. Шабындық болады деген жерлерді орай албарша дөңгелете салған бөгеттің жалпы ұзындығы 18 шақырым болады дейді қарттар. Барлық тоған бөгеттің су соғар бетіне талды шомдап байлап су таймау амалын жасаған. Осы суда тұрған талдан балапандаптал бөгетті бойлай өскен. Бұл бөгетті сақтау амалы екені даусыз.

Көктемгі тасқын су бөгет аузына жиналып баяу көтеріледі. Арнадан асқан су жайылымды толықтарып Көкалааттың алдымен Аралбай асады.

Үлкен қара бөгет бұзылса деген қауіппен Ақтікеннен екінші бөгет салынған. Осы бөгеттердің барлығы техникасыз адам күшімен жасалған. Топырақ алған орындары күні бүгінге дейін үлкен қазан шұңқыр болып

жатыр. Қаншама күш-қайрат, сенім, ұйымдастыру керек. Осы жұмыстың жобасын жасап, басы қасында болған Айса Нұрмановты да «халық жауы» деп соттап аттырған. Жала жауып қаралаған өкінішке орай өз қандастарымыз еді.

Айса жау емес, халықтың қамқоршысы екенін уақыт дәлелдеді. Осы Айса бөгетінің жанында арасан зор алып қара ағаш тұрды. Кезінде өзеннен арық тартып маңайға бақша, егін еккенде өскен ағаш болу керек. Біреулер осы маңай қалың орман болған деп те болжам айтады.

Қарағаш терең арықтың бойында тұрды. Арықпен су келіп тұратын. Іргесіндегі суына шомылып, көлеңкесіне ойнайтын едік.

Үлкендігі сондай, 5-6 бала құ шақтағанда құшағымыз жетпейтін. Биіктігі де өте зор болатын. Бізге аспанмен таласып тұрғандай көрінетін. Басына бүркіт ұя салып, шаңқылдап айналып жүретін.

Көлемінің үлкендігі сондай, 5-6 кигіз үй тігіп саялайтын. Қара ағаш үнемі дыбыс шығарып суылдап тұратын. Ойнап жүріп бұтағын, не шыбығын сындырсақ қан шығады деп қорқытатын. Өте алыстан мұнартып көрініп тұратын. Торғайдың ғана мақтанышы емес, ісі қазақтың мақтанышы болатын. Дүниежүзілік ғалам ғажайыптарына кіретін алып терек бұл күнде жоқ. Бірнеше ондаған жылдар арықтан нәр алып елге, жерге көрік беріп тұрған киелі қара ағашқа нәр барар күре тамыр су ағар арықты бір пысықтар жауып тастаған. Бүгінде орнында жоқ. Ол ағашты фотоға, не таспаға түсірген адам жоқ болуы мүмкін.

Киелі қара ағаштың адам қолынан жойылуы, кешегі ұлыларымызды жазықсыз жала жауып өз қолымен ұстап берген қандастарымыздың қиянаты сияқты көрінеді маған.

БАЛАЛЫҚ ШАҚТЫ САҒЫНДЫМ

Қарттыққа қадам басып, уақыт өткен сайын өткеніңді ойлып, ой елегінен өткізіп, қызықты бір кино көргендей жастығыңа саяхат жасайсың. Кешеасық ойнап, сырғанақ тепкен бала күнгі достарың еске түседі. Көбі бүгінде бұл жалғанда жоқ. Балалық балғын шақ. Армансыз, ештеңе ойламайтын жұмақ ғұмыр. Бар арманы ойын-сауық болатын жастық шағымыз халықтың соғыстан титықтап, басы бүтін азаматы аз, еңсесін көтере алмай, салмақ әлі де қарттар мен балаларға түскен кезеңде өтті.

Айсаның қара бөгеті аталған жердегі қара ағаш түбінде дүниеге келдім. Кіндігімді халыққа танымал әнші, күйші, индия өлеңдерін насихаттаушы өнерлі сері азамат Нұрпейістің Әбдіхалығы кескен екен.

Шілдеханамды көрші отырған Оспан қожа әулиенің немересі Әмірханның бел баласы Ғазиз ағай өткізген.

Бүгінгі күні ел қатарлы азамат болып қатарда жүруім де осы киелі өнердің, әруақты ортаның шапағаты шығар деп, шүкірлік жасап отарымын.

Ес білгеннен Айсаның Тілектесімен, Жұмағалидың Қарсағымен, Есімғалидың Қапышымен, Жәлелдің Миаршымен, Кинолданың Рәфиғымен, Жұмабайдың Тілеубайымен, Смағұлдың Серігімен бір жерде етене өстік.

Ол кезде халық жаппай еңбекке араласатын. 2-ші сыныптан бастап шығардың өгізін айдадым. Әкем Торғайға алғаш бақша өнімдерін үйреткен бағбан адам болатын. Ол кісінің еңбегі туралы ешкім тіс жарып жаза қоймады. Тек, шіркін, Бәйділдәнің сары қауыны-ай, деп тамсанып отырады. Мен де әкемнің мынадай еңбегі бар еді деп жазбаппын. Үшінші сыныпта Смағұлдың Қуандығы екеуміз қолқамыстың жағасында шөп науқанында мала сүйреткен өгізге міндік. Батырғали атты қожа мала басатын.

Төртінші сыныпта Шұқыр деген жерге Шойбас әкеміз тары екті. Өзімнен 3-4 жас үлкен Жанғабалдың Абдолласы екеуміз тарыны торғайдан қоримыз. Екеуміздің астымызда бір өгіз, қолда бір мылтық. Ішіне тұз салып 4-5 оқ береді. Жазодай уақыт осылай өтеді.

1958-1960 жылдар аралығында әкем Қарағашта, Ақтікенде, Сорда, Қарасуда бақша екті.

Ол ауқытта трактор аз жерді төрт өгіз жеккен соқамен жыртады, қолмен өңдейді, атыз, арықты кетпенмен қолдан салатын. Үлкен әуіт қазып, ағаштан шығыр орнатады. 3-4 сынып балалры шығыр (шығырға жеккен өгізді) айдайды. Ересектеріміз бақшаны суарамыз, құлақ ашамыз, арам шөбін жұламыз. Қол сәл босап кетсе, Қабырғаның Қолқамысқа құяр тарлау сағасына салған шым бөгетке жүгіреміз. Таласып жүгіреміз. Себеп. Ол жерде өзеннің жиегіндегі тұңғиықтың (үлкен жапырақ)астында үйездеп үлкен шортандар тұрады. Соны сым, қыл тұзақпен аулаймыз.

Ол кезде балық деген өзен ішінде топ-тобымен ерсілі-қарсылы көшіп жүреді. Шортандар жиекте көздері тасырайып, жон арқасындағы тарақ қанатын шығарып күнге қыздырынып тұратын. Кей шортанның үлкендігінен жақындауға қоқатынбыз. Ұзындығы 1 метр, 1,5 метр шортанды екінің бірі ала беретін. Сол жерде бір Николай деген аяғы ақсақ бір орыс болды. Қолында завод жасаған үлкен сары жарқылдағы ұзын слюда бауы болатын. Жарқылдағын әр лақтырған сайын шортан қабатын. Арамызда Байзақ пен Рафихтың қолына балық қапқыш еді. Байзақ ағамыз шортанға тұзақты басынан емес, құйрығынан басына қарай салатын. Тобымен жөңкіп келе жатқан ақбалықты тұзақтан лақтырушы еді. Қазір ондай балықты еш жерден көрмейміз.

Қабырғадан ықолқамысқа құяр қылы сағаны су қайта ауыл қарттары қарағай қаданы қағып, шыммен буып тастайтын. Буылған жерден шыққан лай су көлге жеткенде көлге түскен балық жанталасып кейін қайтып бөгеттің сағасына жиналып жер тезек болып қырылып қалатын. Көкалаатағы ауыл үлгіріп келсе, балыққа бір қарық болушы еді.

Қамысты жағалай өскен су ішіндегі қалың шабынды араласаң шөптің басы дірілдеп тұратын. Бұл шөп арасындағы көп балықтың қозғалысы болатын.

Осы жердің құсы мен аңдары да ерекше қалың еді. Кез келген қоға камыс салығдыға тұзақ құрсаң, не құс, не андатр түсетін.

Әсіресе, қыста мұз ойып балық аулау қандай қызық. Ойған ойығына іліккен шортанның басы симаған жағдайды да көрдік. Ауыл қар еріп тасқын сумен келетін балықты асыға күтетін. Қабырға өзені арнасынан баяу көтеріліп, алды қара бөгетке тірелген соң тасқын су шымшымдап сыртқы арнаға сай-сала арқылы шыға бастайды.

Сол кезде тасқынмен талықсып келген шортандар таяз суға бауырлап шабындық арасына шығады. Ауыл осы кезде балыққа бір байиды. Аттылы, жаяу шоқпармен ұрып, шанышқымен, айырман түйреп алатын қолайлы кезенді бос өткізбейді. Өздері де малмандай су болады, балықты да алады.

Ол кезде елге танымал азамат Нияздың Сұлтаны арықтың жағасында отырып сумен қозғалған 30 шортанды калибрлі Винтовкамен бір күнде атып алғанын көрдік.

«Сор» деген көлдің жағасына құсқа қақпан құрамын. Құс түседі деп үйден пышақ алып шықсам, пышағым жоғалып қалыпты. Ол кезде тапшылық кез. Шешем: «Әй, сен түк әкелмейсің, әкелсең шикідей жеймін, бар кет пышақ жоқ» деп қуып жіберген.

Қақпанға келсем, екі қаз бір қақпанға бір-бір аяғынан түсіп тұр. Бауыздайтын пышақ жоқ. Екі қазды далпылдатып есім шыға қуанып үйге жүгіріп келдім. Көрші - әкемнің шәкірті Қапсәлемнің үйіндегі Бақтылы апай мені көріп, шешеме айқай салды: «Әй, Жанкөз, ал же ана екі қазды шикідей» - деп. Үй іші менің олжама қуанып жатыр. Сол көлге қырдан құлайтын жалғыз аяқ жолға еікке қақпан құрады. Күніне екі-үш киік түсіп, жаздай аң-құс етіне, балыққа, бақша өніміне қарық болатын едік.

Әкемнің інісі Сейітқасым ағамыз мылтық атуға 8-9 жасымызда үйретті. Жарықтық мерген адам болатын. Отырған құсты қапы кетіп обал болады деп ұшырып, ішіндегі аталығын ататын. Өте шебер адам еді. Әкем марқұм жайылмаға ау құрады. Ауды судың ішіне жалаңаш түсіп тартамын. Ау шатасып, түйіліп тұра қоя ма, тасқын су денені қарып судан қалтырап шығатын едік. Морда, қаза басатын.

Әкемнің жұтпа құруы қызық болатын. Ұзын екі ағашты бір-біріне байлайды, екі қарыстай аша ағашқа он құлаштай қылдан ескен жіңішке жіпті төгеді де 3-4 метр қалдырып ағаштың бір шетін жарып соған қыстырады. Үлкен қармақ жасап, төзімді деп көлтабанның үлкенін қармаққа шаншады. Желбезегінен қармақтың ұшын өткізіп, арқасынан екі жерден бауды тігеді де суға жібереді.

Ұзын құрықты жағаға шаншып, жанына қазық қағып, оны қазыққа байлайды. Қатар-қатар арасын 20 метрден 5-6 жұтпа ойнатады. Жұтпа ойнату тасқын су қайта бастағанда тиімді. Тасқыннан талықсыған аш шортан ешнәрсеге қарамай қата береді.

1949 жылы ұзындығы 12 қарыс шортан алды. Жұтпаға 6 қарыс шортан қапқан. Оны келіп 12 қарыс шортан жартылай жұтып, өңеші кептеліп, қайта құса алмай қалған деп отыратын.

Үйден жүгіріп барып екі сағат сайын жұтпаны қарап тұрамыз. Егер ұзын құрық басы иіліп ерсілі-қарсылы қозғалып тұрса, қазықты шешіп өзіміз қараймыз. Бұл шамалы шортан түскенінің белгісі. Ал ұзын құрықтағы төккен жіп толық тарқатылып, құрықтың басы суға кіріп қимылсыз тұрса, үлкен шортан түскені. Жүгіріп әкеме келеміз. Әкем басына темір бекіткен 1,5 метрдей шоқпарын алып жағаға келеді.

Баяу құрықты шешіп жіпті ірікпей бір қалыпты тартады. Шортан жағаға тақағанда жіпті босатады. Үлкен шортан су бетіне жон арқасын шығарып көлденеңдей бергенде шоқпар жетер жерге жақындатып, бастан шоқпармен ұрады. Осылай ұрып алатын. Ал жәй тартсаң, не қармақты құсып тастайды, не бұрылып құйрығымен қыл бауды қиып түседі дейтін. Шортанның құйрығында ара тістер болады.

Әкем жіңішке шыбықтан тоқылған морда басатын. Шыбықты сұрыптап, көлеңкеге сорғытып, ұзындығы 1,5 метрдей морда жасайтын. Өзеннен шыққан су ағатын жіңішке құлақтарға ағаштан шыпта істеп, қадамен бекітіп, ортасына морданы ағыстың ығына қаратып құратын. Таңертең ерте қараймыз. Жақындағанда морданың үсті көпіршіп тұрса, онда балықтың көп түскені. Морданың кірер қуысына басы кептелген үлкен шортанд да кездесті.

Ау құрғанда да аудың астыңғы жібін керіп, екі шетіне ауыртпалық байлайтын.

Әкем кірпіш құйып, інісі Сейітқасым кірпіш күйдіретін. Бір жазда 40-45 мың кірпіш құятынбыз. Аяқты ойып, иін қандырып 2-3 айдап, кетерде бетіне аздап су құйып, бетін шөппен жауып кететін. Таңертең 1,5-2 сағат қайта айдап, иі қанған соң ғана тоқтататын. Ол кірпіштер жарылмайтын. Оны арнаулы пештің ішіне қалап, пешті үш күн, үш түн талмен өртеп жағатын. Әбден қызған пеш 10-15 күнге дейін суымай маңына адам жолатпайтын. Қызуы сәл басылғанда, үстін сылап жауып тастайтын. Өте сапалы күйдірілген қызыл кірпіш шығатын.

Айсаның қара бөгетінің аузында қолымыз күс-күс, табанымыз жарық-жарық, бір жейдені қайта-қайта жудырып кедейшілік ғұмыр кештік. Армансыз, мұңсыз, бақытты балалық шақ еді. Жоқшылықты әке-шешеміз ойлайтын шығар, біз ештеме ойламайтын едік. Кезінде әлемдік рекордтар кітабына кіретін қолмен салған 18 шақырымдық қара бөгет пен үлкендігі сондай 90 шақырымнан көрінетін «көктерек», кейде «қара ағаш», кейде Нұрпейістің «қара ағашы» аталатын көлеңкесіне 6-7 киіз үй тігілетін, жуандығына 5-6 баланың құшағы жетпейтін үш алып діңнен тұратын ғажап бәйтеректің көлеңкесінде талай сайранды салдық. Басына бүркіт ұя салып шаңқылдап, көкте қалықтап жүретін. Бүгінде ол терек жоқ. Тек бір ашасын Таңат досымыз үйінің жанына қазып орнатып қойыпты. «Атадан мал қалмаса да, тал қалады» деген, біздің еккен ағашымыз үлкен терек болып еді. Кейінде әркімдер кесіп, құратып тастаған. Көріп көңілің құлазиды.

Балалық шағымыз жерді ойып жасалған үйде өтті. Қыста жылы, жазда салқын, көп отын кетпейтін ауасы таза үй еді. Әкелеріміз көшіп барған жерде екі-үш айда үйді саманнан құйып тұрғызатын.

Әкем марқұм оқымаған ауызша есепке жүйрік, шежіреге, ауыз әдебиетіне өте жетік адам еді. Өмірде кездесетін күн көрістің қыр сырына үйретті, тәрбиеледі. Бала болып бой жазып ойнағанымызда шамалы ерте жұмысқа салды. Жазда бақша ексек, қыста түйе бақтық, мал жайладық. Есесіне табиғатпен етене араластық. Аязда үсиді-ау, боранда адасады-ау, суға кетеді-ау демей қиын-қыстауға жұмсайтын.

6-7 жасар кезімде қақпанға түскен үлкен зорманды қорқып ала алмай келгенде, әкемнің сабағаны бар. Ақыры қайта барып, жылап жүріп алып келдім.

Өзі өмірден қиындық көргесін бе бізді де қатал тәрбиеледі. Одан жаман болмадық. Бүгінгі жетістігім әкемнің қатал тәрбиесінің тура жолымен келгені анық.

Қазір жастарды ешнәрсеге араластырмай, табиғаттан оқшаулап тәрбиелеу басым. Көшеде сиыр көрсе немерелеріміз бақырып қашады. Жаздай судан шықпай жалақ ойнап, борық тартып_жейтін едік. Түгін тартсаң, майы шығатын қайран Қабырғаның жағасы мол өнімін бауырына басып иесін күтіп жатыр.

«Пақырға ақыл бергенше, бақыр беріп» өзен бойына жаппай бақша ексе, аң, құс өсірсе, тары ексе, өзеннің суын сәл бөгеп, бір метр арық қазсаң Қабырғаның киелі қара суы бар шаруаға нәр берер еді. Шығынсыз, насос қоймай-ақ аяқ етін егетін қолайлы жерлері көп еді.

Шіркін-ай, сол жерге көшіп барып мал ұстап, аң аулап, бақша егіп отырса ғой деп армандаймын. Жеңілге үйреніп қалған біздер ондай тәуекелге бара алмаймыз. Себеп «әкеден бала мүшел кем туады» деген. Кем тудық. Шешіміміз, тәуекеліміз жоқ. Болмаса анау 260 шақырым жерде Бірғалидың Сапары_жалғыз үй мал өсіріп отырған жақ па.

Туған жердің тамаша табиғаты мен сұлулығына ойша шолу жасап, үлкен бір көлемді естелік жазсам деп талпынам. Туған жерден артық ешнәрсе болуы мүмкін емес, Отанымызды, жерімізді сүйейік, ағайын!

ӨМІРІН ӨНЕРГЕ АРНАҒАН АРДАҒЕР

Музыкант-ұстаз Еркін Қожахметұлы 70 жаста

Сырттай бір қараған кісіге музыка саласының адамынан гөрі тарих саласының маманына көбірек ұқсайтын, байыппен сөйлеп, әр сөзін нақтылап, шегелеп отыратын Еркін ағаны екі-үш рет сырттай кездестірдім. Қалыпты, парасатты азамат екені жүріс-тұрысынан, сөйлеген сөзінен, ойлы көз қарасынан көрініп тұрады. Ел ағасы 70 жасқа келсе де жүрісі ширақ, қадамы нық. Алғаш Бораһ ӘбенOVтың шығармашылық кешінде

өлең оқығанын көріп музыка саласы маманы екенін естідім. Осы Арқалық қаласында 1965 жылдан бері бір салада талмай жастарды музыка өнеріне тәрбиелеп келе жатқан ардагер. Тек қазақ музыкасы емес, әлем музыкасы жауһарларыменен жастарды сусындатып, тәрбиелеп, өсіріп келе жатқан азамат.

Бүгінгі музыка саласында жоғарғы деңгейге жетіп жүрген жастар болса, ол осы Ерекеңнің тәрбиелеген шәкірті. Басы Әбенев Бораштан бастап, одан бергі буын осы кісінің алдынан өткен.

Еркін Қожахметов 1939 жылдың мамыр айының екінші жұлдызында Қостанай облысы, Наурызым ауданы, Дәмді селосы, Жалаңаш ауылында өмірге келген. Жастайынан музыка саласына бейім азамат Шымкент, Алматы музыка училищелерін тәмәмдаған. Халық аспаптары бөлімі мен музыка ілімі негіздерінің кәсіби маманаы, халық аспаптар оркестрінің дерижеры, сольфеджио, музыка ілімі негіздері, гармония музыка әдебиеттері пәндерінің ұстазы. 1965 жылдан бері музыка мектебінің мұғалімі, орыс халық аспаптары және үрмелі аспаптар оркестрінің көркемдік жетекшісі, оқу ісінің меңгерушісі, басшы қызметтерін ұзақ жылдар бойына атқарған.

Қазіргі уақытта музыка мектебі мен Н. Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің музыка бөлімінде сольфеджио, музыка ілімінің негіздері, гармония, музыка әдебиеті пәндерінің ұстазы. Музыкадан орысша-қазақша сауатты. Қазақ музыка өнері саласына көптеген жылдардан бері тиянақты еңбек жасап келе жатқан азаматтың қосқан үлесі де өте қомақты. Республика деңгейіне дейін музыка мектебі мен орта жоғарғы оқу орындарына музыка мамандарын дайындайтын ана тіліміздегі оқулықтың, оқу құралдарының тапшылығын ескерте отырып, оны толықтыру жолдарын ұсынған бірден-бір маман. Бұл игілікті бастамасы орта, жоғары оқу орындары мен оқу министрлігінен қолдау тауып, соның қортындысында: «Қазақ халық ән өнері – халық әндері мен халық композиторларының әндері жөніндегі оқулығы 2003 жылы жарық көрді».

2007 жылы Ю. Усовтың «Шетелдердегі үрмелі аспаптардың шығу тарихы мен орындалу шеберліктерінің дамуы» жайлы оқулығын қазақ тіліне аударып, оқу құралдарының санын толықтырды. Вахромеевтың «Музыка ілімінің негіздерін», «Сольфеджио – музыка мектептері мен орта буын оқу орындарына арналған оқулықтарын», «Гармония» оқулығының I, II бөлімін аударып, музыка мектебінің бағдарламасы бойынша 4-ші, 7-ші сыныптарға арналған музыка әдебиеттері оқулықтарын, басқа да көптеген оқу-тәрбие жұмыстарын жоғарғы өнер, музыкалық оқу орындары ғылымдарымен тәжірибелі ұстаздардың сынақ-сараптамаларына ұсынып, одан «жоғары деңгейдегі еңбек» деген бағасын алды. Алдағы уақытта оқушылар қауымына ұсынылар еңбектері өз кезегін күтуде. Осы орайда өнерлі, тәжірибелі азаматтың әлі де жарыққа шықпаған, өнерлі жастарға жетпеген еңбектерін таяу кезеңдерде жарыққа шығарып, өнер сүйер қайымға ұсынса деген құзырлы органдарға тілегіміз бар. Ерекең тек музыка саласының маманы ғана емес, ана тіліміздің үлкен жанашыры.

Туған ана тіліміздің туының биік, абыройының асқақ, беделінің жоғары болуын, өзге ұлт тілдерімен ана тіліміздің терезесі тең болуын армандайтын азамат.

Әділдікті ту еткен, сауатты, мәдениетті, озбырлығы, жұлмырлығы, өзімшілдігі жоқ, ұстамды, қарапайым, қайырымы мол азаматтың бүгінгі қоғамға, оның дамуына қосқан үлесі зор. Көп жағдайда азаматты барлығына, байлығына қарап бағалайтын қоғам қалыптасты. Соларды мақтап, соларды марапаттап жатамыз да, адал еңбек жасаған, бір қалыпты ғұмыр кешкен, барлық саналы ғұмырын адам тәрбиесіне арнаған Ерекең сияқты абзал ағалар кейде қалыс қалып жатады. Ал Ерекең ағамыз болса, менің мынандай еңбегім бар еді деп міндетсінбейді. Шамам келгенше қоғамға, халыққа пайдам тисін деген азамат. Елдің, жердің тарихы мен тағдырына сын көзбен қарап бұл салада қарымды қалам тартып біздер ұмытқан күрделі мәселелерді еске салып отырады. Елдің тарихын, оның азаматтарының келбетін зерделеп, зерттеп тиісті ұсыныс бағасын жасап келе жатқан ел ағаларының бірі осы Еркін Қожахметов ағамыз. Бүгінгі күні 70-тің белесіне көтеріліп, жас ұрпақты тәрбиелеуге талмай үлес қосып келе жатқан өнер саласындағы Торғай тарландарының бірі Ерекеңе зор денсаулық тілей отырып, еліміздің береке-бірлігі, мәдениеті мен өнері саласындағы еңбегіңіз жемісті болсын деген інілік тілек айтқым келеді.

НҮРПЕЙІСТІҢ ҚАРАҒАШЫ

Бала кезімізде қара ағаштың саясында ойнап өстік. Қабырғадан /өзен/ ағаштың түбіне баратын терең арық болатын. Соның суына түсіп, ағаштың басына өрмелейтінбіз. Көлеңкесіне кигіз үйлер тігіп 3-4 үй отыратын.

Киелі қара ағаш тоқсан шақырым қашықтағы Айыркұмнан көрінетін еді. Биіктігі мен көлемі өте үлкен болатын. Түбі үш тармақ еді. 5-6 бала құшақтап қол жалғағанда /діңіне/ қоршай алмайтын едік. Ешкім ағашын, шыбығын сындырмайтын киелі, қан шығады деп. Соған сенетін едік. Бұл ағаш бір ауылдың емес исі қазақтың атын паш етіп Гиннес кітабына енетін ғажайып еді. Амал не белсенділер суды бөгеп қуратып құртты.

Қураған бір бұтағын сол жерде тұратын досым Таңат үйінің жанына әкеліп жерге қадап қойыпты, Қарағаштан қалған көз еді деп. Осы жерде біздің үйіміз, өсірген ағашымыз бар болатын. Бүгінде үйдің орны, қураған, кесілген ағаш қана тұр. Біреулер өсіреміз деп кесіп алса керек.

Еккен ағашымыздың тұқымы өзен жиегіне түсіп өсті. “Атадан мал қалмасада тал қалады” деген осы.

БІР ТАМШЫ СУ НӘР БОЛҒАН

Ұлы Жаратушының шапағатынан жаралған ауа мен су бүкіл әлемге нәр беріп, көктетіп, көркейтіп тұрғаны даусыз. Барлық тіршілік иесі де ауа мен суға тәуелді.

Бірде Құмкешу ауылында тұратын Аймағанбетов Жақсылық атты досым «Шөке, мен бір қасық судың арқасында тірі қалған азаматпын» - деп ойланып отырып қалды.

Қиын да, қилы тағдыры көз алдына елестеді ме үнсіз төмен қараған беті басын көтере қоймады.

Алдында ғана әзілдесіп отырған азаматтың мұнды жүзіне үнілсем, көз жанарынан тарамданып жас ағып отыр екен. Сұрақ қоюға ыңғайсызданып отырғанымды сезді ме, бетіме қарап, баяу сөйлеп тағдыры жайлы сөз қозғады. Әкесі Қапар Ұлы Отан соғысына барып, соғыстан 1944 жылы аман оралды да бейбіт еңбекке араласады. Тұңғышы Жақсылық 1945 жылдың 15-қарашасында дүниеге келеді. Кешегі соғыс кезіндегі ауыр жұмыстан аурулы болған анасы Мәрзия Жақсылықты бір жасқа жетпей емізе алмай, әкелес туысқаны Сқақбайдың әйелі Жаңылдықтың бауырына салады.

Сол кезде Сқақбайдың бір жастан асқан Жолдыбала деген қызы бар екен. Жаңылдық анамыз Жолдыбала мен Жақсылықты бірге емізіп тәрбиелейді. Жағдайдың қиын, тұрмыстың ауыр кезі, тамақ тапшы, халықтың жүдеу кезі. Күн өткен сайын Жақсылық әлсіреп, бір күн ес-түссіз болып өліп қалады. Ағайын-туыс жиналып сәбиге арнап қабірін дайындайды.

Бұл қаралы хабарды естіп егіннен бір пұт тары алып, кетпенін арқалап Сқақбай келеді. Келсе баланы оң жаққа салып қойған. Көп ұзамай сол маңда тұратын Сқақбайдың шешесі Бәдишә әжеміз келіп, орап қойған баланы шешіп көріп, «ойбай, мына бала өлмеген, аш қой, таңдайы кеуіп жатыр» - деп айғайлап су алдырады да баланың аузына су тамызады. Әлден уақытта баланың кірпігі қимылдап жан кіре бастайды.

«Бәдиша әжем болмағанда, мені көміп тастайтын еді»- деп Жәкең кемсендеді.

Өзінен жасы үлкен емшектес Жолдыбала шешесін қақтап еміп қояды да, Жақсылыққа сүт жетпеген. Болмаса, өз баласы болмаған соң бауырына салған анасы еміренбеді ме, әйтеуір Жақана қорек аз болған. Анасы Жақсылықтың 13 жасында өмірден озған.

Сәби кезінде ажал аузынан аман қалған Жақсылық ө релі азамат болды. Кешегі Құмкешу аулындағы «Абай» кеңшараның таңдаулы

механизаторы болған азамат бүгінде ел ағасы. Ағайын-туысқа сыйлы, берекелі, артық сөз сөйлемейтін, сөйлер сөзін өлшеп-пішіп, салмақтап айтатын қалыпты, салмақты азамат.

Жақсылықтың өлең шығаратын ақындығы бар. Сұрастырсақ әкесі де, шешесі де өлең шығармайды екен. Асырап алған сүт анасы Жаңылдық әнші, шебер, өлеңші, ақын адам болған. Ал өзімен емшектес болған Жаңылдықтың қызы Жолдыбала да өнерлі, әнші, ақындығы бар азаматша.

Осы Жолдыбаладан туған Жадыра Сейдешова «Қазақстан - 1», «КТК» телехабарларының белді жүргізушісі.

Иә, әкенің қанымен, ананың сүтімен даритын кие Жақсылық досымызға да сүт анасынан дарыды десек артық болмас.

Бір тамшы судың шапағатынан аман қалған азамат Жақаң ұлын ұяға, қызын қияға қондырған салиқалы ел ағасы.

Бүгінге дейін ғылымға сыры ашылмаған бір тамшы судың киесі мен қасиеті Ұлы Жаратушының қолында екенін ұмытпайық ағайын.

ОТАНҒА ОРАЛҒАН ҚОС АҚЫН

Қытай Халық Республикасынан тарихи Отанына оралған Азамат Мәлжанбай мен Екпін Сәбетхан бүгінде исі қазаққа танымал, Қостанай облысының, оның ішінде Арқалық қаласының мерейін көтеріп жүрген ақындар. Арқалық мемлекеттік институтының оқу ғимаратында кездескен сайын осы жас азаматтар үлкеннің алдын кеспей, оң қолын кеудесіне қойып, «Ассалаумағалейкум» деп тұра қалатын. Үлкенге ізетті, ибалылығы, сәлем беруі мен сыпайылығы тәрбиелі жерден шыққан азаматтар – ау деп ойлантатын. Атын білмесем де, түрін танитынмын.

Азамат Мәлжанбаймен ақын Болат Хамзиннің 70 жылдығына арналған кеште кездестім. Сыпайы, тәрбиелі, инабатты ортадан шыққаны көрініп тұр. Үлкенді сыйлауы кісіге жақындығы, сөз сөйлеу мәнері, жүріс - тұрысы келешекте Алла ғұмыр берсе, жақсы озық ойлы жігіт болатынын танытқандай.

Сөйлесе келе, ой өрісінің кең екендігі, елдің, жердің тарихына ынтыға қарайтындығы аңғартты. Талай айтысқа түсіп ысылған жігіттің әлде де бір жаратуы жетпей тұрғандай көрінеді. Өлең айту мәндері мен мақамы, домбыра тарту жүйесі әлі де көп дайындықты, ізденісті қажет етеді. Үйретуші, қолдаушы дайындап баптаушы болса, Азамат та, Екпін де дайын тұр. Азамат пен Екпіннің ортасы бөлек. Тың жерге, жат ортаға танымайтын бұрын көрмеген ағайын ортасына келіп осындай дәрежеге жетуде Азаматтың да, Екпіннің де өрелі азамат екенін көрсетсе керек.

Алдымен ақынға елдің, жердің, осы өлкенің, әрісі қазақ халқының бұрынғы соңғы тарихын кітаптан іздемей, халық аузында қалыптасқан әңгіме жүйесінен үйрету қажет. Азамат бұрын-соңды оқып көрмеген

кешегі өткен шешендер, датқалар, жыршы-жыраулар, ақындар мектебінің мәйегімен сусындауы қажет. Ол үшін осы салада қалам тартып, тер төгіп жүрген азаматтар өрелі сөздің қаймағын сүттен айырып, жинақтап, ықшамдап, талапты жасқа ұсынса ойына ой, біліміне білім қосылған болар еді. Бүгінгі ақында энциклопедиялық білім оны екі ауыз сөзбен қарсыласына жеткізе алатын ұшқыр ой, ұтымды сөз, ұнамды мақам, қарсыласын бұлтартпайтын дәлел-дәйек қажет. Осы жерде көңілді жүрген бір әттеген-ай ойға түседі. Ертеде айтысқақ ақындар аталы сөзге тоқтап, жеңілдім деп жол беріп жатады екен. Бүгінгі ақындар ұтылып жатса да, айтыста астам сөйлесе де, қарсыласына нақты жауап бере алмаса да, жеңіліп тұрғанын біле тұра сөзге қонақ бермей жөні осы деп, домбыраны сабалап дес бермейді. Ұтылдың тоқта деп әділ-қазылар айтпайды. Азаматтың дәлелді сөзі, нақты шешімі қиыннан қиыстырған тапқырлығы мен тіл байлығы басқа ортадан келген өзгешелігі ескеріле бермейді. Компьютермен дауыс жинап, ақын тағдырын телефон қоңырауы шешер уақытта қаракөздері аз біздің Торғай, Қостанай өңірі ақындарының алға топ жарып шығып кетуі екі талай. Бұл жерде Азамат пен Екпін емес, дауыс жинар автомат жеңеді. Себебі: айтыс кезінде айтылған сын, кемшілік, нақты жауап бұлтартпас дәлел, жүйрік ой, жүйелі сөз, айтыскердің талғам-тағлымы, сөз саптауы, берген тақырыпты ашуы, қарсыласына берген жауабы, ұтымды ойы, шешендігі мен сөз сөйлеу шеберлігі, домбыра тартуы мен тартымды әуені сараптала бермейді.

Қазір көптеген жас ақындар жаттанды бір мақамнан шыға алмай, әләләудан аспай жүр. Болмаса кең байтақ Қазақстанда әр ортаға лайық өз мақамы бар емес пе? Осылай әләләумен кете берсе, айтыс өнеріндегі ұлттық мақам бір күні жоғалары анық. Айтыскер ақын Азаматтың да, Екпіннің де таудай талғамы жоғары, ынтасы зор, ой - өрісі кең. Кез-келген жаңалыққа ықыласпен қарап елеңдеп отырады. Мінезі дүбірлі бәйгені күтіп тыпыршып тұрған арғымақтардай лапылдап тұр.

2009 жылдың 27 қаңтары күні Азамат Мәлжанбайдың 25 жасқа толу күніне қалалық мәдениет сарайында әмбебеп кітапхананың «Өнер» бөлімінің жетекшісі Әлия Қарсақбаева ұйымдастырған «Қазақтың Азаматы, айтыстың қазақ аты» атты музыкалық – шығармашылық кеш өтті. Кешке қаланың игі жақсылары, студенттер, мәдени сала қайраткерлері мен мекеме басшылары қатынасты. Азаматты айтыс өнеріне тәрбиелеп жүрген ақын Айбек Қалиев арнайы келіп, Азаматқа батасын берді.

Осы кеште Қытай Халық Республикасынан келіп, біздің институтта оқитын қазақ жастары Азаматқа үлкен құрмет – қошемет көрсетті.

Әсіресе Екпін Сәбетхан мен Азамат Мәлжанбайдың айтысы өте ерекше тартымды жүйелі болды. Осы екі жас ақынның сөз саптауы, ұшқыр ойы, орынды әзіл – қалжыңы, көрерменін тәнті етті.

Осы жерде айтыскер ақын Екпін Сәбетхан шапшаң сөз табуымен, домбыраны жақсы тарту шеберлігімен, ойының ұшқырлығымен ерекшеленеді.

Екпін Сәбетхан бауырымыз 1987 жылы Қытай Халық Республикасының Алтай қаласы, Буыршын ауданында дүниеге келген. 2006 жылдан осы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтында студент.

2006 жылы облыстық студенттер арасында өткен айтыста ІІ орын, Қ.Қ.Тұрғынбаевтың 80 жылдығында ІІІ орын, 2007 жылы Рудный қаласында бас жүлде, облыста ІІІ орын, Талдықорғанда өткен Республикалық айтыста дипломмен марапатталған.

2008 жылы Арқалық қаласындағы «Армысың, Әз Наурыз» атты аймақтық айтыста бас жүлде, т.б. марапаттарға ие болған өрелі ақын.

Тек осындай талапты, талантты Азаматқа да, Екпінге де қолдау, баптау, қамқорлық керек. Алдымен ақынға айтысқа барар алдында ақыл – кеңес берер орта, артық – кемін сараптайтын ақылшы, елдің – жердің, дәстүр – салттың білгірі, ән мен жырдың, терме мен өлеңнің мақамына сусындаған домбыраны жете меңгерген өнерпаздың жүйелі ақыл-кеңесі қажет. Кешегі Кеңес дәуірінде ауылда, ауданда, облыста, республикада социалистік жарысты қортындылап, ақындар айтысы өтетін. Бүкіл аудан атқа мінерлері ақынға қамқор болып, қолдау көрсетіп, келген ақынды қарсы алып, қай жерімізден мін шығар деп қыпылдап тұратын. Ақынның әділ-сынына ұшыраған ұжымдар мен жеке адамдар көпке дейін есеңгіреп ес жия алмайтын. Себебі, орынды сынды беделді ұйымдар қарап, тиісті шара қолданатын. Қазір оның бірі жоқ. Айтады да қояды. Сөз мәніне түсінбей, лапылдаған ән, ендіккен домбыра үні шықса, мәз болып отыра беретін марғау кезеңге жеттік. Шын айтыс жаттанды шумаққа емес, ұшқыр ойды, ұтымды сөзбен суырып салып, кез-келген тақырыпты ашатын шешендер сөзі болуы қажет. Олай болса, сөз қадірін түсіне білу парыз. Осы айтыс өнерін арқалаған Азамат Мәлжанбай мен Екпін Сәбетхан інілеріміздің айтыс кезінде кездесетін қиыншылығы бар сияқты. Алдымен Азамат та, Екпін де Қытай Халық Республикасында дүниеге келген жігіттер. Өскен ортасы қазақи болғанмен, ол ортадағы қандастар тіліне Қытай, Ұйғыр тілдері әсер еткені анық. Ол жақтағы қандастармен бұл ортаның тіл ерекшелігі болуы мүмкін. Азамат арабша жазу, сызумен айналысқан. Біздің жазуды да жете меңгерген. Басқа ортада тәрбиеленіп келген Азамат пен Екпіннің киелі Торғай топарағына келіп айтысқа түсуі ата-баба аруағының талапты жасты қолдауы екені даусыз анық. Бізге беймәлім Қытай қазақтарының айтыс мектебінің өз ерекшеліктері болуы мүмкін. Көп жағдайда өз ортасы, мақамы мен домбыра шертісіне бұрылып жатса, оған Азамат кінәлі емес. Ал, Екпіннің домбыра тартысы өте жақсы, екпіндетіп тартады. Бүгінгі жіберген қатесіне біздер кінәліміз. Себепп талантты жасты айтыс өнеріне тәрбиелеу, өнер сілтер өрелі азаматтардың парызы. Айтыс қарсаңында ортаға алып ақыл-кеңес айтып, жолына бата беріп, елеп, мерейлендіріп, қанаттандырып шығарып салып жатса, жанында қолдаушы, демеуші, ақылшы болса, шын жалғызсырамас еді. Көп жағдайда елдің аманатын арқалап, арқасында дорбасы, қолында домбырасы, соқа басы кетіп бара жатқан Азаматты көреміз. Ақынды

айтыстан келгенде емес, айтысқа барарда құрметтеу керек. Сол кезде ақын шабытына-шабыт, әніне-ән, өнеріне-өнер қосады. Артымда тілекші ағайыным, қамқор халқым бар деп айтыс кезіндегі жауапкершілігін сезінеді. Елеусіз кетсе, өзі білген отыз ауыз өлеңін, елеусіз айтып, ешкімге еленбей, жолаушы көптің бірі болып елге қайтары анық. Бүгінде ата-бабасы туған топыраққа оралған Азамат Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының озат студенті, Арқалық қаласының құрметті азаматы, бірнеше дүркін айтыстың жүлдегері, Өткен Азаматтың кешінде оннан аса алған дипломдарын көрдім. Отаным деп шет елден оқуға келген жастардың ақылшы ағасы, көш бастар серкесі. Сондықтан туған жерге оралған ақынды киелі өлкенің табиғатына, ауасына, нуына, суына, дәстүр-салтына, өнері мен мәдениетіне, әдет-ғұрпына, ән мен жырына, терме мен айтыс өнерінің сан қырлы құпияларына, бұрынғы өткен айтыскер ақындардың бай мұрасына сусындату қажет. Ақынға қамқорлық жасап, қолдау керек. Сонда Азаматтың да, Екпіннің де сол сияқты басқа да талапты жастардың айтыста топ жарарына талас жоқ. Ұлы Жаратушы талапты ерді тіл-көзден сақтап, өнерін өрістете бергей деп тілеймін.

ЖҮЗ ЖАСҚА ТОЛҒАН АБЫЗ

Аманкелді ауданының Құмкешу ауылында тұратын Молдағазы, Есенғазы атты азаматтар алыстағы Ақкөл ауылында тұратын туысымыз бар, аты -жөні Мустафин Кәрім деп айтып отыратын. Сұрайтын себебі ағайын-ілікке амандыққа Ақкөлге анда-санда барып тұратын едім. Жолым түсіп 1991 жылдың күзінде Ақкөлге бардым.

Кәрім қарияның жұбайы өмірден озған кез екен, үйіне барып көңіл айттым. Сонда қарияны алғаш көрдім. Жасы ұлғайсада тіп-тік, көрген білгені, ұстағанды кемел адам екені көрініп тұрды. Бірақ отырып әңгімелесудің жөні болмады. Араға біраз уақыт салып Алтын ұлы Бәженнің жерлеуіне барғанда, осы қариямен бір түн отырып әңгімелестім.

Кәрім ақсақал сол ауылдың әрі молдасы,әрі ақыл айтар қариясы екен.

Таныса келе 1910 жылы Торғай уезінің Тоқанай ауылында туғанын Әулие Оспан Қожа мешітінен 3-4 жыл мұсылманша дәріс алып, Батпақ-Қарадағы жеті жылдық мектепті бітіргенін білдім.

1930 жылдардан бастап Ақкөлде тұрдық деп айтып қалды, сөз арасында. Ахмет Байтұрсыновты көрдіңіз бе?- деп баяу сұрадым. Қария біраз ойланып барып есіңе түсірді-ау деймін. «Иә Қарағым!, 15-16 жасар бала кезімде Жыланшық өзені жағасындағы Мәшен қыстауында көргенін айтты. Орта бойлыдан жоғары ,қалың шашты, қою сақал мұртты, көзінде

бауы салбыраған жылтыр көзілдірігі бар еді, басқасын ұмытып қалыпсын»-деді.

1930 жылдары елде жағдай қиындап, қинала бастағанда Қостанай қаласына көшіп барып «Бірлік» артельіне жұмысқа орналасады, Арасында Меңдіқара педагогикалық училищесін бітіріп білімін жетілдіре түседі. Ұстаздық жолда қызмет атқарады.

1940 жылы Кеңес армиясының қатарына шақырылып, осы кезінде Свердловск, Нижний Тагильде теміржолда жұмыс атқарады. Ұлы Отан соғысына қатыспай тылда еңбек еткен. Алты жыл әскерде жүріп 1946 жылы өзінің отаны Торғайға келіп бір жылдай артель бастығы болады.

Аудан мектептеріне басшы қызметіке қалуды қаламай Ахмет ұшқан алтын ұя Ақкөл бастауыш мектебіне ұстаз болып барып осы бір жерде жас ұрпақты білім нәрімен сусындатып зейнеткерлікке шыққан қарияның өз отбасына беделді екені көрініп тұр. Үлкені де, кішісі де Кәкең біледі десіп отырады. Әрі дін қағидалары мен шарттарына жетік, діндар қария шарифат айтып отырды.

Сол кеште жиналған үлкен кіші артық ауыз сөз айтпай Кәрім ақсақалдың дін жөнінде айтқан мәнді де, мағыналы да уағыздарын ұйып тыңдады. Үлкендер жағы бір-бір ташпихты алып тартып, әр бір мың сан қайталағанда қаталаспауға шырпы салып отырды. Қарияға таяу отырып осы өңірдің тарихымен мәдениетіне, тарихи тұлғалары жайлы әңгімеге бетін бұрған сайын жасында онша көп оқу оқымасда өмірден көргені, оны көкейге түйгені, тоқығаны мен зердесінің өз қатарынан көп ілгері озық, өте сауатты білімді адам екенің көрдім.

Адамның білім деңгейі, қадыр-қасиеті, атқарған қызметімен, оқыған оқуына байланысты болмаса керек.

Алдымен шыққан тегіне байланысты болуы мүмкін. Осы оймен ата-тегің айтуды өтіндім. Қарағым мен ұзын Қыпшақтан тарайтын Қитабаның төрт тіреунің бірі Бигелді-Бақты әулиетіне жатамын. Сен айтып отырған Құмкешудегі ағайындар маған жақын. Дәм жазса балалардың бір амандығын білермін деген. Әңгіме арасында жұбайыңыз қай әулиеттен еді деп сұрадым. Барша қазаққа қиын кезде сүйеу болған хас батыр Қошқарұлы Шақшақ Жәнібектің Тұрлығұл деген баласынан тарайтын Салпы-Мүсірепке, оның ішінде ірісі Жанқожаға күйеуім деп сәл жымышп қойды. Жеңгеміздің аты Әлмағанбетқызы Нәбира екен.

Ертеде бабаларымыз текті жермен құда болып ұрпағының жақсы болуын армандайтын. Кәрім әкеміздің ата-анасы осы текті жерді көздеп баласына ақыл-кеңес айтқан болар.

Сол кезде Ақкөлде өзі тұстас қариялар көп екен. Жұманұр, Ағытай Аманкелді атты қариялармен әзілдесіп отырды. Ол кезде қариялардың сөзі ширақ. Бір-біріне әзіл қалжың айтып, жастықта жасаған айтылатыны да, айтыла бермейтінде құпия сырлары жайлы бірін-бірі қағытып сыпайы әзілмен сырласып отырады. Қандай жарасымды әзіл, жүйелі сөз, өргізген қарияларға қарап жазу болмаған заманда ауыз әдебиетінің неше алуан желілерін, елдің жердің, ата-баба тарихымен шежіресін, барша мұраны

осындай қарттарымыз жеткізіп отырғанына көзің жетеді. “Қарттарым асыл қазына” деген сөз осыдан шықса керек. Сол алтын қазынаның бірі, әрі бірегейі Кәрім Мұстафин бүгінде 100 жасқа толды.

Әттең құлағының ауырлығы болмаса, әліде қатарынан қалмаған қайратына қайран қаласың. Осыдан 4-5жыл бұрын бір немересінің мектеп бітірудегі алғашқы қоңырауына барғанда кездестім. Құлағы ауырлағанмен көзі ашық көкірегі ояу қарт ойындағы сұрағынды Емеруіңнен танып сөзді өзі бастап, әрі қарай жүйелі айтып отырды.

Кейінде қарияның үйіне сәлем бере барып әңгімелестім. Жасы тоқсанның ортасынан ассада өзі жеке кітапхана ұстап, қол жазбаларын ешкімге бермей сақтайды екен. Жинаған көп газет-журналдарын көрсетіп әр қайсысының ерекшелігіне тоқталып түсіндіріп отырды.

Әр затқа мән беріп, оны оқушыға жете түсіндіруі әуелден қалыптасқан мықты ұстаздық тәжірибе, жүйесі екенін сездім.

Осынша жасқа келгенше қолына қалам алып, қажеттісін жазып, керегін жинауы үлкен қайраткерліктің, білімділіктің түпті тектіліктің жемісі екені анық. Ауылда өскен сайын қарапайым қария, кез-келген ғұлама ғалым академиктеріңді сүріндірері сөзсіз, 1992 жылғы 2 қыркүйекте Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Торғайға Әулие Оспан Қожа атындағы мешітінің ашылуына келгенде елбасына Торғай халқы атынан бата берген батагөй қария осы Кәрім Мұстафин болатын.

Көзі ашық көкірегі ояу, шежіре қартты тыңдай бергің келеді. Ерінбей –жықпай қарияның ғасыр бойы көкейге жинаған асыл қазынасын қағазға түсіріп халық игілігіне ұсынса ғой шіркін! Иә осындай игілікті күнде болар. Бүгінгі күні ғасыр жасап, талай қиындықпен жақсылықты бастан өткізіп, тарихтың тірі куәсі болып отырған абзалда абыз қарияға Ұлы Жаратушы қуат, ұрпақтарына жақсылық, халқына береке-бірлік берсе екен деп тілеймін!

РАКЕТА ТҮСКЕН БИДАЙЫҚ

Жыланшық өзені бойына орналасқан "Родник" совхоз атанған кезде оның аймағына ракеталар жиі түсетін. Оны совхоз ұжымы бар техникасын жұмылдырып, сөндіретін. Ракета түсірілерде барлық малшы қауымының жанұясы көшіріліп, осы маңнан мал ғана сол орында қалатын.

Түскен ракеталардан әскерилер қажет заттарын алып, қалғанын жойды. Жарылмай қалған ракеталар ұзындығы 20 қадамдай болып, дөңкіп әр жерде жататын. Оған ешкім мән бермейді. Тіпті, улы зат болуы мүмкін деп елемейтін. Малшылар, механизаторлар қажет темірлерін ағытып алып, пайдаланды. Бір ғажабы, шашылған металл сынығы тот баспай, жарқырап жататын еді.

1975 жылдың тамыз айының 8 жұлдызы күні екі машинаға тиелген әскерилер "Родник" совхозының шығысында, 35 шақырым жерде орналасқан "Көшкінбай" бөлімшесіне таңертең ерте келді. Мен сол жерде өкіл болатынмын. Бөлімше басқарушысы Әбдіразақ Шекеров екеумізден қай жерде шопандар, басқа да адамдар бар екенін сұрады. Қолдарындағы әскери картаны ашып, карта бетіне "Элипс" түрінде сызылған қызыл сызықты көрсетіп, осы шеңберде адамдар болмауын ескертті.

Біз сол күні сыртта жүрген барлық адамды бөлімше орталығына жинадық. Ертеңіне таңертең шөп бригадасына аспазшы әйел қалып қойғанын білдік. Сол кісіні әкелуге мен жолға шықтым. Шөп бригадасы бөлімшеден 25 шақырым жерде. Жолда "Әйімбет" деген жерде үлкен суы мол тоған бар еді. Соған келсем, маңы қаптаған киік. Сол жерден киікті атпаққа дайындалып, қамысқа ене бергенде аспанда алғашында бір нәрсе сарт ете қалды да, көзді ашып-жұмғанша жерді селк еткізген алапат үлкен жарылыс, қатты күркіреген дыбыс, орасан зор дүмпу болды.

Орнымнан көтеріліп түскендей сезіндім. Жарылыс жаңғырығы аспанды қақыратып, құлақты бітеп тастады. Оңтүстік шығыс жақта аспанмен таласқан қою қара бұлт саңырауқұлақ тәрізденіп аспанды тіреп тұр екен. Әскерде жүргенде атом бомбасының жарылуы мен зардаптарын көп оқытатын. Жарылыстың түрі сол жақта болғанмен, алапат дауыл, сәуле мен қызу болмады. Жүгіріп машинаға жетіп, шөп бригадасына келсем, жалғыз қалған орыс әйел жарылыстан зәресі ұшып, жылап отыр екен. Бөлімшеге келдік. Әскерилер қайтадан бөлімшеге жиналды.

Келесі күні таң қараңғылығынан кешегі ракета түскен бағытқа шықтым. Бөлімшеден 30 шақырымдай жерде таяуда шөбі шабылған шағын бидайық болатын. Жақындасам бидайықтың ортасында үлкен котлован шұңқыр пайда болған.

Жарылыстың күштілігі сондай, сандықтай дымқыл сазды жарты шақырым жерге дейін лақтырған. Түскен жерін ошақ орнындай ойып тасталған.

Аумағы 100 метрдей, тереңдігі 25-30 метрдей үлкен қазан шұңқыр пайда болған. Жақындап қараудың өзі қорқынышты. Жарылыстан сыртқа ұшқан топырақ солтүстікке қарай бір бағытта жатыр. Еш жерде темір қалдықтары көрінбейді. Осылай жарылыстан пайда болған котлованға таңырқап тұрғанда оңтүстік бағыттан дырылдап бір тікұшақ көрінді.

Котлованнан әрірек барып қонды да, ішінен 5, 6 адам түсті. Мен алысқа ұзамай, таяу маңда тұрдым. Олардың менде шаруасы болмады. Жарылыс ошағын айналып көрді, жиналып сөйлесті, 30-40 минуттай аялдады. Қозғалғанда екі, үш адамның шалбарының балақтары күнге шағылысып жарқылдап тұрды. Олар әскери генералдар еді.

Сосын жас жауынгерді күзетке қалдырып, өздері ұшып кетті. Осы шабындыққа келетін жол бойының барлығына он күндей күзет қойылды.

Әскерилер бөлімше орталығында жатады. Күзетті күнінен екі рет айырбастайды. Оңашада жауынгерлерден сұрақ, "әскери құпия" деп сыр ашпайды. Ауыл жастары жауынгерлерге арақ құйып, қыздырып,

әңгімелесіп отырып сұраса, бұл Камчаткадан атылған Континентаралық баллестикалық ракета деп айтыпты. Әрине, жауынгерлер оқиға туралы нақтылы біле ме, болмаса мақтан үшін айтты ма-ол жағы белгісіз.

Дегенмен, қуатты ракетаның түскені анық. Орны осы күнде үлкен су жиналған тоғанға айналды. Жұрт бұл жерді "Ракета түскен бидайық" деп атап кетіп еді.

Халыққа қаншалықты зияны бар, оны жергілікті басшылардан ешкім білмеген болуы керек. "Әскери құпия" десе болды, ауыз ашпайтын уақыт болатын сол кез. Болмаса осынша қуатты жарылыстың адам денсаулығына зияны болмады деу ағаттық болар еді. Көбіне бұл космосқа ұшқан ракеталардың бөлінген баспалдақтары деп айтылып жүр.

Әскери дайындық кезінде екі бағыттан бірін-бірі атып түсіріп жатқан да болуы ғажап емес. Түсетін ракеталар көлемі де әр кезде әр түрлі болатын.

Өткен ғасырдың 60-шы жылдары осы өңірден ұзындығы 53 қадам, бүтіндей, жарылмай түскен ракеталарды көрген адамдар бар. Осы ракеталардың түсуімен қатар сол өңірде ракетаға байланысты жер асты кабелі де тартылған. 70-шы жылдары Арқалық қаласындағы "Алюминстрой" тресі мекемесінің механизаторлары біздің елге шөп дайындауға көмекке келетін. Сол келген азаматтар ішінен бір ағайын осы жерде 1958-59 жылдары әскери қызмет атқарғанын айтты. Тіпті "Түкібай", "Жарық", "Бисары" атты жер аттарын жақсы біледі. "Егер де апарсандар, кабель тартылған жерді көрсетем" деді. Мен оны нұсқаған жеріне апардым. Көп іздеп, ақыры жерден 30-35 см-дей шығып тұрған, жуандығы шелек аумағындай құбырды тапты. Сырты көзге түсер емес. Құбырдың іші толған неше түрлі қызыл-жасыл сымдар.

Мен таң қалдым. Бұл қай жерден, қайда тартылған құпия сымдар екен деген күдік туындады. Негізгі ракета оңтүстікке "Жыланшық" өзені бойына бағытталған болуы керек. Сол жерден Алтыбай бөгеті қашық емес. Осы Алтыбай су тоғаны он жылдай мерзімде салынды. Мақсаты-ауыл шаруашылығына тиімді шабындық жасау. Алайда, жер жағдайы ыңғайлы, тегіс емес, ойлы, қырлы, шұқыр, жыра әрі құмдауыт. Осы құрылыс әскери мақсат үшін салынбады ма екен деген ой келеді.

Ұлы Жыланшық өңіріне түскен ракеталардың шашылған қалдығы тоқсаныншы жылдардың басында, "Смайл", "Жайсанбай", "Бірәлі" қыстауларына таяу жерлерге далалық қоймаларға жиналып, кейін Байқоңырға тасылды. Ракета металл ретінде кетті, зардабы қалды. Жауған жаңбыр, қар суы өзенге құйылды. Бұл анық. Басқа жерде болмаған тамақ ауруы осы "Жыланшық" бойын жайлаған елде алпысыншы жылдары басталып еді. Әкем де, қайтты. Малдың құтыру ауруы осы өңірде жиеленетін болды.

1986 жылдың мамыр айының ортасынан Жанкелдин, Аманкелді аудандарының "Еңбек", "Аққұм", "Иманов", "Қайнар", "Родник", "Жанкелді", "Крупская", кеңшарларында, әсіресе "Иманов", "Крупская", "Еңбек", кеңшарларында киіктің жаппай (бір,екі күн ішінде) қырылуы

орын алды. Бұл киіктердің лақтау кезеңі болатын. Жайылып бара жатқан бағытында лақтауға шамасы келмей құлаған тірі киіктер жер тезек еді. Обылыстық төтенше жағдайлар дабылы бойынша орталық штаб "Крупская" кеңшарларында орналасты.

Қырылған киікті жинауға 500-дей адам, бірнеше ондаған техника жұмылдырылды. Қостанайдан арнаулы шұңқыр жасайтын бригада келді. Мен осы Крупская атындағы кеңшарда партком хатшысы болатынмын. Осы жұмыстың бел ортасында болған адаммын. Даладағы ұйымдастыру жұмысы маған жүктелді. Кеңшар директоры Қайыржан Қозғанбаев ауылға сырттан келген, кеткендерден босамайды.

Аудан, обылыс, республика басшылары күн арылтпай сабылды. "АН-2" ұшағымен айнала ұшып, аэрофотоға түсіреді, шыққан суретті гектарға бөліп, әр гектардағы өлген киіктің санын шығарады. Жаппай киіктің көп қырылған аймағы ұзындығы 70, 80, ені 30,40 шақырымды қамтады. Кей жерлерде бір гектар жерде 30-35 киіктің өлгені кездесті. Жалпы киікті жинау он үш күнге созылды. 12 бригада жұмыс жасады. Сырттан көп адам, техника көмекке келді.

Осындай күндердің бірінде Москвадан ұшақпен бір топ адам далада жүрген бізге келді. Менімен кездесті. Жағдайды сұрады. Маған ауыл қарттарынан, ертеде қандай да бір індеттің түрі болмады ма екен, соны анықтауды тапсырды.

Олар келесі күні тағы ұшып келді. Қарттардың індет түрлерін білмейтінін айттым. Олар өзара әңгімелесіп тұрып, бұл киіктер қандай да бір әскери дайындық алаңынан өткен шығар деп болжам жасағаны есімде.

Жер тезек болып қырылған киікке "пастереллез" деген диагноз қойылды. Егер осындай ауру түрі болмаса, осы өңірдегі жүз мыңдаған қой қырылуы керек еді, басқа мал түрі аман болды. Жобамен 600 мыңдай киік тек қана Крупская атындағы кеңшар көлемінде қырылды деп есептелінді. Артығы бар, кемі бар бұл аз сан емес.

Киіктің қырылуы төлдеу кезеңіне дөп келді. Әрі киік ерте уақытта уланса Жыланшық өзенінің арғы бетінде қырылуы керек еді. Бұл жануар Жыланшықтан аман-сау өтіп, Қабырға, Торғай өзендері бойын жайлап, жайбарақат жүргенде ойламаған жерден жаппай бір, екі күнде қырылды.

Осы індеттің бәрі жоғарыда айтып кеткен ракета әкелген зардаптан болмаса жарар еді деп ойлайсың. Әрине, әскери полигонға байланысты құзырлы органдар бұл жағдайдан хабардар болар.

Сол кезде қара халықтың қамын ойлап, байбалам салған басшы, не баспасөз өкілін көрмедім. Жыланшық өзенінен оңтүстікке қарай Бисары, Сазанбай, Бозшакөл деген жерлер бар. Сол Бозшакөлдің сыртында биіктігі 30-35 метрдей берік темірден шегелеп, бекітілген үлкен мұнара тұр. Аса берік мұнара. Осы мұнара жер байлығын тексеруге арналды ма, әлде таяу биіктен сынақ жүргізу үшін жасалды ма, бұл да құпия қалпында қалды. Ұлы Жыланшық жақты киелі аймақты апан ошағына айналдырған Кеңестік дертті күндер артта қалғанына шүкір.

Киелі жер иесіз болмас деген. Бүгінде бос жатқан жер болғанымен келешекте Ұлы Жыланшық өз иесін табары сөзсіз. Сол үшін де осы ұлы даланы арнаулы бір тексеруден өткізсек, артық болмас еді.

АРТЫНДА ИГІЛІКТІ ІСІ ҚАЛҒАН АЗАМАТ

Киелі қабырғаның өн бойын жайлаған қалың Арғын, Қыпшақ елінен талай жақсылар мен жайсаңдар шыққан.

Әсіресе Сары, Жолдыбек ағайын мекен еткен аймақта, нақтырақ айтсақ бұрынғы Крупская кеңшары көлемінде атақты ақындар Мәтібай, Қиақбай, Мақтаған, Байдақ, Өмірбек, Сәкен, Қалдый, Токтар, Көшімбектер, кешегі сатирик ақын жазушы Жұматай Сабыржановтар әр кезеңде қызмет атқарған. Бірталай азаматтар атқарған игілікті қызметімен қатар артына өнерден мол мұра қалдырды. Соның бірі ақын Көшімбек Төлепбергенұлы Әубәкіров болатын.

Торы Қыпшақтың Қайыпберлі руынан тарайтын Көшекең 1939 жылы өмірге келген. 1959 жылы Иманов кеңшарындағы Жаңа ауыл орта мектебін бітіріп жастай еңбекке араласқан. 1963-1966 жылдары Түркменияда Совет армиясы қатарында болып қызмет атқарып, ол жердегі бақша өнімдерін егудің қырсырына назар аударып, талапты жас елге келгенсоң осы ісін жүзеге асыруға асығады.

Жолдыбек (ру аты) Сейдәзім қызы Шәмшияға үйленіп елден жырақ, бірақ табиғи байлығы мол, қара топырақты аймақ “Қоға” атты жерге барып жетпісінші жылдың ортасына дейін Құлақ, Қабдрахман атты кісілермен бірлесіп шөл далаға тары, жүгері еккен. Арасында тығып картоп, қауын, қарбыз егіп жеке кәсіпті жетілдіреді. Кешегі кеңес заманында артық табыс табуға, басы артық мал ұстауға, тіпті өз бетіңмен басқа кәсіп жасауға жол берілмейтін.

Күнкөріске қажетті өнімдерді тығып егу себебіде осындай шектеуден туындаған болса керек. Қарбыз еккендерін кейін біліп қалып шолақай басшылар трактормен тапталтырып тастаған кезіде болған.

Көшімбек сол кешегі кезеңде алғаш жеке кәсіпкерлікті қолға алып, жолға қойды десек артық болмас.

Шөлді аймақ болғанмен құнарлы жер өте бітік өнім беріп отырады. Осындай шаруашылық тәсілін білген жас азаматты кеңшар директоры Қоденов Мұхтар “Чапай” бөлімшесіне меңгерушілікке тағайындайды. Қарамағында 1000-ға жуық ірі қара 20 отар қойы бар шаруашылық жылма-жыл алға басады. Осы бөлімшеден “еңбек қызыл ту” орденді шопан Бейсенов Есет суырылып алға шығып, кейін съезге делегат болды. Бөлімше шаруасының жақсаруы Көшімбектің ұйымдастыру қабілетінің жоғарлығы мен талмай ізденіп, жасаған бейнетінің нәтижесі екені анық.

Көшімбек басқарған жеті жыл ішінде бөлімше еңбеккерлерінің еңбегі еленіп алға басты, бөлімше орталығы көркейіп аудан бөлімшелері алдына шықты. Сол кездерде бөлімшеде мектеп, кітапхана, дәрігерлік пункт, клуб, почта, монша тұрақты жұмыс істеді. Осы бөлімшеде екі

кабатты тұрғын үйде болды. Бөлімшені көркейтуге Көшекең үлкен үлес қосты. Ағаш егіп ауылды көгалдандыруды қолға алды. Жол қатнасы жақсы, аудан орталығына жақын, жайылымы, шабындығы, суы мол өте қолайлы жер болатын. Міне бүгінде Чапай ауылы Қосжан ауылы болып күнкөрісі жақсы ауыл қатарында.

1982 жылы Көшімбекті кеңшар орталығына агроном-гидротехниктік жұмысты қоса атқаруға шақырады. Қырық мыңнан аса қойы бар Крупская кеңшары үшін малға ауыз су табу өте қажеттілік болатын. Бұл саланыда Көшекең тианақты атқарып қырдағы кеңшар орталығынан әрісі 80-90 шақырым, қашықтыққа дейінгі аралықтағы жайылымы мол суы тапшы “Талдықара”, “Қандықара”, “Қисық бидайық”, “Құмтөбе”, “Сарыбас”, “Кіші мықы”, “Мықы”, “Бесапан”, “Жыланды сай”, “Шыңсай”, “Тоқмырза”, “Қашқын”, “Қызыл көл”, “Тәкібай”, “Талас”, “Жарғұй”, “Сұлысор”, “Қоссор”, “Тұз”, “Жылкелді”, “Қоңырөзек”, “Ақпанши”, “Жылқы қырылған”, “Орта құдық”, “Тайлақ”, “Байтоқ”, “Қарасор”, “Өлеңді өзек”, “Алтын шыққан Жарғұй”, “Өзен тобылғы” атты жерлерге суға тоған, котлаван, қажет жерлерден құдық қаздырып, су тартатын маторлармен астаулар қойғызды.

Суы мол Қабырғаның бойынан топырағы құнарлы жерлерге бақша өнімдерін салдырып халықтың сұранысын қанағаттандырып отырды. Жұмыс күші жетпеген кезеңдерде Украина, Молдавия, Башкирияға барып адамдар әкеліп шаруашылықтың алға басуына үлес қосатын.

Көшекеңнің табиғи бір ерекшелігі кісімен тез тіл табысатын. Аузын ашса көмейі көрінетін ақкөңілдігі, шамасы келсе кісіге қайыр жасауды жөн көретін азамат әзіл сықаққа, тапқыр болатын. Қаншама бейнет жасай жүріп қолынан домбырасы түскен жоқ. Қоғамдық жұмысқа белсене араласатын. 1984-1988 жылдары осы кеңшарда партком хатшысы болып қызмет атқара жүріп көптеген азаматтармен сыйлас болдым. Соның бірі жасы үлкен, бірақ құрдастай әзілдесетін Көшімбек еді.

Қолы босаса болды қатар құрбысына әзіл, арнау өлеңдер шығаратын. Той-томалаққа өлеңсіз келмейтін. Жыл сайын қысқа қарай мәдени шаралар ұйымдастырамыз. Көшімбек ақындар айтысын дайындап, ақындарды іріктеп айтысқа қосатын. Озғаны ауданға, облысқа жолдама алатын. Ол кездерде кеңшарда 2 мыңға жуық халық болды. Өнерлі жастарда көп болатын. Әсіресе айтысқа ерекше ынталы еді. Алданыш Есалова, Сейтжан Қалдыйұлы, Тоқтар Мақтағанұлы, Жылқыбай Маусымбайұлы т.б. жас ақындарды Көшімбек айтысқа дайындады.

Көшімбек өзі кеңшар аралық айтыстарға түсіп жүлделі орын алып жүрді. Көшімбектің ақындығы мен ақындық мектебі ерекше бағытта болатын. Айтыстары өткір тілді шындыққа негізделіп өтетін. Көшімбектің тілі жатық, ойы орамды, әр сөзі жүрекке жылы тиіп тұратын.

Көшекең өлеңді көп жазған, бірақ жинақтап жүруге мән бермеген азамат. Қаншама өлеңдері сақталмады. Баспасөзге шыққандарыда көп болатын. Мүмкін балалары жинақтайтын болар. Көшекеңнің адамгершілігі, азаматтығы жоғары еді. Үлкенге құрмет, кішіге ізет

көрсетіп тұратын. Қатарыда қатты сыйлап Көшекелеп отыратын. Кешегі кеңшар тарап ел талапайға түскендеде Көшімбек тығырықтан шығар жол іздеп достары Блэнов Мұратпен, Бейсенов Есетті ертіп жеке шаруа құрып бақша егіп, мал бағып, күн көріс қамын күйттеді.

Үдере көшкен елге ілеспей туған жерде қалып мүмкіндігі келгенше бейнет жасады. Денсаулығы сыр бере бастаған кезде жаңа жерге барған балаларына бас көз болуға Астана қаласына 2004 жылы көшкен болатын.

Артына бес ұл, үш қыз, немере, шөберелер қалдырып 2008 жылы дүниеден озды.

Өмірде өз орнын тауып, қолынан келгенше халқына, қоғамға адал еңбек еткен азаматтың бірі еді. Бүгінгі күні Қабырға ауылының ауыл болып сақталып қалуы екі талай болып тұрғаныда осындай азаматтардың аздығынан болар.

Көшімбек алдымен бейнетқор, азамат, адал дос, сенімді жолдас, суырып салма, жазба ақын болатын. Артында, елдің жадында қатар жүрген азаматтар жүрегінде жылы жүзі, әдемі әзілі, домбырамен ән салған дауысы, айтқан әңгімелері, қоспасы жоқ шын пейілмен аузын аша, тісін ақсита күлген күлкісі қалды. Әділетсіздікке шыдамай тұтығып шыға келетін батыл тік мінезінде жадымызда.

Көшімбек бейнесі ойыма түскенде Өтебас ақынның бір шумақ өлеңі ойға оралы береді:

Көзге кіші болсамда,
Сөйлеген сайын өсемін.
Шеше алмаған түйінді,
Қиналмай-ақ шешемін.
Шеше алмасам егерде,
Қылышпен турап кесемін

деген өлең жолдары.

Осы Көшімбекке арналғандай. Иә Көшекең өлеңмен талай түйінді шешкен азамат. Ендігі міндет ақынның мол мұрасын халқына қайта ұсынып, өзі өмірден озғанмен артына өлмейтін өлеңнен мол мұра қалдырған азаматтың өнерін көпшілік назарына ұсыну.

Ұлы Жаратушы өмірден озған Көшекеңе иман, артындағы отбасы мен ұрпақтарына береке-бірлік берсе екен деп тілеймін!

ДОСТЫҚҚА АДАЛ, ЖОЛДАСТЫҚҚА СЕНІМДІ АЙТБАЙ ҚҰРДАС

Уақыт өткен сайын жан-жағыңа барлап қарасақ қатар өскен азаматтар қатары сиреді, болмаса кешегі қиын кезеңнің дауылымен жан-жаққа тарыдай шашылып басқа жаққа қоныс аударып бұрынғы алыс-беріс, барыс-келістен айрылды. Достыққа берік азаматтар болмаса бірін-бірі

іздеу сиреп келеді. Осы күні жолдасты, досты оның атқаратын қызметіне, тұрмыс жағдайына қарап таңдайтын уақыт қалыптасып келеді. Бұл бүгінгі күннің үрдісі. Ал бала күннен бірге өскен, тай-құлындай тебісіп, өмірдің ащы-тұщысын бірге бөліскен, ешнәрсені сенікі-менікі демей ортақ мақсатқа ұстап, бір-біріне жасалған жақсылығын, бұлдамай, бәлденбей сол бала күнгі достығын күні бүгінге дейін сақтап, балалық мінезін тастамай қашан көрсең де аузын ашса көмекейі көрініп тұратын, достыққа адал, жолдастыққа берік, сенімді азаматтардың бары қуантады. Сондай өрелі азаматтың бірі – Айтбай Шөкенов досым.

Қашан көрсең де, қай жерде кездессең де азу тісі ақсиып шын ықылас ниетімен күле қарап, жүгіре басып амандасып тұрғаны.

Өмірде кездесіп жатады, өзіннен кіші, қызметі жоғары азаматтардың сіресіп, тыртып қалатыны. Бұл уақытқа бейімделген азаматтығы төмен топқа жататындар болса керек. Бүгінгі күні 63 жасқа толып жатқан Айтбаймен сонау 60-жылдардың басында Жыланшық бойындағы «Родник» кеңшарында кездескен едік. Ол кезде Айтбай да, мен де, досымыз Мырзағалиев Күзенбай да жүргізуші болатынбыз. Біз үшін ол кезде жүргізуші болу үлкен мәртебе болатын. Міне сол күннен бері Айтбаймен сыйласып, сырласып, достасып келеміз.

Айтекең етінің тірілігімен Орынбор ауылшаруашылық институтында 1966-1971 жылдары оқып, ғалым-агроном деген мамандықты алып шықты. Жас маманды жаңа ашылған Торғай облысының ауылшаруашылық инспекциясына аға агроном қызметіне қабылдады. Осы салада бірқатар игілікті жұмыстар атқарып 1973 жылы астықты Коммунизм жолы совхозына бас агроном қызметіне тағайындалады. Бұл салада жемісті еңбек атқарған Айтекеңді 1974 жылы Торғай облыстық ауылшаруашылығы саласына аға агрономдыққа бекітеді.

Жұмысына тиянақты іскер жас азаматты 1976 жылы өзі туып-өскен Аманкелді ауданына қызметке ауыстырады. Міне Айтбай 1976 жылдан бүгінге дейін осы ауданда бас агроном, жер қатынастары басшысы, кәсіпкерлер басшысы болып жүйелі жұмыс атқарып келе жатқан азаматтың бірі. Тіпті бірегейі десе де болады. Себебі Айтбай мүмкіндігі бола тұра шен-шекпен қумай, елін-жерін тастап ешқайда көшпей өзі отырған орта үшін еңбек жасаған санаулы азаматтың бірі. Аманкелді ауданының ауылшаруашылығын дамытуда қосқан үлесі қаншалықты қомақты болса да көзге түсе бермеген, еңбегі елене бермеген азаматтың бірі. Мен осындай еңбек жасап едім, еңбегім бағаланбады деп біреуге өтініп, біреудің есігін қаққан азамат емес. Оны қатар қызмет атқарған біздер білеміз. Айтекең барға қанағат, азға шүкіршілік жасайтын азамат. Қызмет атқара жүріп әділдікті ту еткен, әкім қараға жағынуды, жалпақтауды, көлгірсуді бімейтін тура мінезі Айтбайды көптеген майлы шелпектен қаққанда болар. Оған әрине Айтекең мойымас. Алдымен тірегі жанжары Розасы үнемі жанынан табылып демеп, сүйеу болып отырады. Қашан барсаң да «Айтеке, Айтеке» деп елпілдеп отырған Розасы әулетінің жалғасы, ошағының отын маздатып өмірге он бала әкелген салиқалы ана.

Айтекеңмен Роза бүгінде Аллаға шүкір бақытты жандар. Балалары түгелдей жоғарғы білімді, үйлі-баранды, жақсы-жақсы қызметтер атқарады. Немере сүйіп отыр. Бұл Айтекеңнің қызметтегі отбасылық бір қыры.

Шөкенов Айтбай Белғожаұлы сыйластыққа берік, достыққа адал, жолдастыққа сенімді азамат. Бала күннен сыйласқан достарынан ешқашан ара жігі ажыраған емес. Кешегі қазақтың маңдайына біткен жарық жұлдыздарының бірі Әнуар Боранбаевпен бір мектепте, бір партада отырған азамат. Әнуар өмірден озғанша жанынан табылып, сүйеу болған жан жолдасы - осы Айтбай болатын. Айтбай, Әнуар үшеуіміз Алматыда үнемі кездесіп, сырласып, сыйласып, көрмесек сағынысып жүретінбіз. 90-шы жылдардың басында Әнуар гастрольмен біздің Аманкелді ауданын аралады. Сонда елден Әнуардың жанына еріп, оған қамқор болған осы Айтбай еді. Одан кейін Әнуар сырқат болып Францияға барып емделем деп өтініш жасағанда осы Айтбай жүрді, барлық шаруасында. Әнуар өмірден озғанда достыққа адал, жолдастыққа жан-тәнімен берілген Айтбай барып еді сонау Алматыға жылап-еніреп.

Айтбай ел ішіндегі қандай да шараларға белсене араласатын азамат. Үнемі қуанышта да, қайғыда да ортада Айтбай жүреді. Бұл оның адамгершілігінің азаматтық қыры болса керек. 1999 жылы 31 шілдеде Аманкелді ауданында өткен Таңатқан палуанның 100 жылдық мерейтойын ұйымдастырған, қаржылай қолдау көрсеткен тағы да осы Айтбай болатын. Әрине, Айтекең бұндай игілікті істі атын шығару үшін емес, азаматтық борышым деп, ағайынға көрсеткен үлгі-өнегем деп түсінетіні анық. Бір әулеттің басы, бір рулы Ожан елінің арқа сүйер ақылшы азаматы Айтбай дос бүгінде Пайғамбар жасы 63-ке келді. Айтекеңнің алар асуы, атқарар игі ісі алда екені даусыз.

Салиқалы жастан кемел жасқа қадам басқан азаматтың ертеңгі күні ел ағасы, ақыл айтар қариясы, ел бірлігін сақтар ұйытқысы болар үлкені болу кезегі келе жатқаны уақыт еншісінде. Балалықтан даналыққа жеткен, жастықтан жасампаздыққа жетіп, халық үшін игілікті қызмет атқарып жүрген сыйлас, сырлас досым Айтбайға, отбасына амандық, деніне саулық тілей отырып, Ұлы Жаратушы Жаңа жылда елімізге амандық, халқымызға береке-бірлік, жақсылық берсе екен деп тілеймін!

ЖЕРЛЕСТЕРІМЕ РИЗАМЫН

Өткен жыл біздің халқымыз үшін жақсы жыл болды десек артық айтқандық емес. 2009 жылда қаламыз көркейіп, көшелер мен үйлер көріктеніп, жаңадан құрылыс нысандары бой көтере бастады. Халыққа қызмет көрсету жақсарды. Бұл, әрине, біріншіден мемлекетіміздің қамқорлығы болса, көзделген мақсатты тиянақты жүзеге асырып, халықты

ортақ іске жұмылдырып отырған қала әкімі Теміржан Төлеубаевтың жанды басшылығы екені анық.

Осы кісі келгелі қалада тәртіп, іске береке кірді, елге жақсылық шуағы сезіле бастады. Бұрынғы қаланың тағдыры жайлы келеңсіз сөздер тоқтап, халық келешекке сеніммен қарады. Соның нәтижесінде сырттағы елге жаны ашитын қалталы азаматтар қаламызға жан-жақты қолдау жасап жатыр.

Қаламыздың оқу-тәрбиесіне, мәдениеті мен өнеріне, спортына, әдебиетіне, тұрмыстық жағдайына, қарттары мен ардагерлеріне, жастарына деген қамқорлық арта түсті. Осы аймақтың оқу саласындағы қара шаңырағы Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтында қаланың мәдени-әлеуметтік саласының өсуіне, болашақ мамандар даярлауға жан-жақты үлес қосып келеді.

Соңғы екі жылда институт келбеті жақсарды, жаңарды. Бүгінде кез келген жоғары оқу орнымен терезесі тең тұратын дәрежеге жетті. Материалдық базасы артты. Барлық оқу кабинеттері жаңа технологиямен жабдықталып, толық компьютерлік жүйеге көшірілген.

Ақпараттандыру, ақпарат тарату оқу жүйесіне қажет барлық жабдық жаңа үлгіге ауысты. Бірнеше мұражай мен көрме залдары, спорт кешендері жабдықталып, студенттер игілігіне ұсынылды. Соңғы жылдың ішінде ғана халықаралық, республикалық, облыстық ғылыми-практикалық конференциялар өтіп, оқытушыларымыз бен студенттеріміз өз жұмыстармен қатысып, жүлделі орындарды иеленуде. Институт жұмысын жан-жақты дамытқаны үшін институт ректоры, биология ғылымдарының докторы, профессор Жасұлан Шаймарданов Арқалық қаласының «Жыл адамы» құрметті атағына ие болды.

Өткен 2009 жылдың аяғында қаламыздан бес адам облыстық жүлдеге ие болды. Жазушы, этнограф Сейіт Кенжеахметов «Мәдениет қайраткері» атағын әрі «Қазына» сыйлығын, журналист Жақсылық Жүнісұлы меценаттар клубының арнайы сыйлығын, Қазақ жасөспірімдер театрының директоры Отаркүл Мұқатова «Мәдениет қайраткері» атағын, театрдың әртісі Ораз Нұрғали «Шабыт» сыйлығын иеленіп, мен «Қазына» сыйлығының «Мәдени мұра» номинациясы бойынша лауреаты атандым. Өнерімді бағалап марапатқа ұсынған қала әкімі Теміржан Төлеубаевқа, мәдениет пен өнерді сүйетін, оған үнемі жанашыр болып отырған институт ректоры Жасұлан Шаймардановқа, ағалық ақыл кеңесін беріп, қолдап жүретін Сейіт Кенжеахметұлына, тарихи мұраны зерттеу, елжандылық тәрбие беру орталығының директоры Құрманғали Дәркеновке, проректор Бақытгүл Дәуітбекқызы мен Салтанат Сағындыққызына, мұражай директоры Роза Халыққызына және Наталья Жидкова бастаған баспа қызметкерлеріне, «Арқалық хабары», «Торғай» газеттеріне, қалалық теледидар ұжымына алғысым шексіз.

ТЫПЫРШЫП ТҰРҒАН АРҒЫМАҚТАЙ...

Азамат Мәлжанбаймен ақын Болат Хамзиннің 70 жылдығына арналған кеште кездестік. Сыпайы, тәрбиелі, инабатты ортадан шыққаны көрініп тұр. Үлкенді сыйлауы, кісіге жақындығы, сөз сөйлеу мәнері, жүріс-тұрысы келешекте, Алла ғұмыр берсе, жақсы, озық ойлы жігіт болатынын танытқандай.

Сөйлесе келе ой-өрісінің кең екендігін, елдің, жердің тарихына ынтыға қарайтындығын аңғардық. Талай айтысқа түсіп, ысылған жігіттің әлде де бір жаратуы жетпей тұрғандай көрінеді. Өлең айту мәнері мен мақамы, домбыра тарту тәсілі әлі де көп дайындықты, ізденісті қажет етеді. Үйретуші, қолдаушы, дайындап баптаушы болса, Азамат іліп әкетуге дайын тұр.

Бүгінгі ақында энциклопедиялық білім оны екі ауыз сөзбен қарсыласына жеткізе алатын ұшқыр ой, ұтымды сөз, ұнамды мақам, қарсыласын бұлтартпайтын дәлел-дәйек қажет. Осы жерде көңілде жүрген бір әттеген-ай ойға түседі. Ертеде айтысқан ақындар аталы сөзге тоқтап, жеңілдім деп жол беріп жатады екен. Бүгінгі ақындар ұтылып жатса да, айтыста астам сөйлесе де, қарсыласына нақты жауап бере алмаса да, жеңіліп тұрғанын біле тұра сөзге қонақ бермей жөні осы деп домбыраны сабалап, дес бермейді. Ұтылдың, тоқта, деп әділ-қазылар да айтпайды. Азаматтың дәлелді сөзі, нақты шешімі қиыннан қиыстырған тапқырлығы мен тіл байлығы, басқа ортадан келген өзгешелігі ескеріле бермейді. Компьютермен дауыс жинап, ақын тағдырын телефон қоңырауы шешер уақытта қаракөздері аз біздің Торғай, Қостанай өңірі ақындарының алға топ жарып шығып кетуі екіталай. Бұл жерде азамат емес, дауыс жинар автомат жеңеді. Себебі: айтыс кезінде айтылған сын, кемшілік, нақты жауап, бұлтартпас дәлел, жүйрік ой, жүйелі сөз, айтыскердің талғам-тағлымы, сөз саптауы, берген тақырыпты ашуы, қарсыласына берген жауабы, ұтымды ойы, шешендігі мен сөз сөйлеу шеберлігі, домбыра тартуымен тартымды әуені сараптала бермейді.

Қазір көптеген жас ақындар жаттанды бір мақамнан шыға алмай, әләләудан аспай жүр. Болмаса кең байтақ Қазақстанда әр ортаға лайық өз мақамы бар емес пе? Осылай әләләумен кете берсе, айтыс өнеріндегі ұлттық мақам бір күні жоғалары анық. Айтыскер ақын Азаматтың талабы таудай, талғамы жоғары, ынтасы зор, ой-өрісі кең. Кез-келген жаңалыққа ықыласпен қарап, елендеп отырады. Мінезі дүбірлі бәйгені күтіп тыпыршып тұрған арғымақтардай лапылдап тұр. Тек осындай талапты, талантты Азаматқа қолдау, баптау, қамқорлық керек. Алдымен ақынға айтысқа барар алдында ақыл-кеңес берер орта, артық – кемін сараптайтын ақылшы, елдің-жердің, дәстүр-салттың білгірі, ән мен жырдың, терме мен өлеңнің мақамына сусындаған домбыраны жете меңгерген өнерпаздың

жүйелі ақыл-кеңесі қажет. Кешегі Кеңес дәуірінде ауылда, ауданда, облыста, республикада социалистік жарысты қортындылап, ақындар айтысы өтетін. Бүкіл аудан атқа мінерлері ақынға қамқор болып, қолдау көрсетіп, келген ақынды қарсы алып, қай жерімізден мін шығар деп қыпылдап тұратын. Ақынның әділ сынына ұшыраған ұжымдар мен жеке адамдар көпке дейін есеңгіреп ес жия алмайтын. Себебі, орынды сынды беделді ұйымдар қарап, тиісті шара қолданатын. Қазір оның бірі жоқ. Айтады да қояды. Сөз мәніне түсінбей, лапылдаған ән, ендіккен домбыра үні шықса, мәз болып отыра беретін марғау кезеңге жеттік. Шын айтыс жаттанды шумаққа емес, ұшқыр ойды, ұтымды сөзбен суырып салып, кез-келген тақырыпты ашатын шешендер сөзі болуы қажет. Олай болса, сөз қадірін түсіне білу парыз. Осы айтыс өнерін арқалаған Азамат Мәлжанбай ініміздің айтыс кезінде кездесетін қиыншылығы бар сияқты. Алдымен Азамат Қытай Халық Республикасында дүниеге келген жігіт. Өскен ортасы қазақи болғанмен, ол ортадағы қандастар тіліне қытай, ұйғе келген жігіт. Өскен ортасы қазақи болғанмен, ол ортадағы қандастар тіліне қытай, ұйғыр тілдері әсер еткені анық. Ол жақтағы қандастармен бұл ортаның тіл ерекшелігі болуы мүмкін. Азамат арабша жазу, сызумен айналысқан. Біздің жазуды да жете меңгерген. Басқа ортада тәрбиеленіп келген Азаматтың киелі Торғай топырағына келіп айтысқа түсуі ата-баба аруағының талапты жасты қолдауы екені даусыз анық. Бізге беймәлім Қытай қазақтарының айтыс мектебінің өз ерекшеліктері болуы мүмкін. Көп жағдайда өз ортасы, мақамы мен домбыра шертісіне бұрылып жатса, оған Азамат кінәлі емес. Бүгінгі жіберген қатесіне біздер кінәліміз. Себеп – талантты жасты айтыс өнеріне тәрбиелеу, өнер сүйер азаматтардың парызы. Айтыс қарсаңында ортаға алып ақыл-кеңес айтып, жолына бата беріп, елеп, мерейлендіріп, қанаттандырып шығарып салып жатса, жанында қолдаушы, демеуші, ақылшы болса, ақын жалғызсырамас еді. Көп жағдайда елдің аманатын арқалап, арқасында дорбасы, қолында домбырасы, соқа басы кетіп бара жатқан Азаматты көреміз. Ақынды айтыстан келгенде емес, айтысқа барарда құрметтеу керек. Сол кезде ақын шабытына-шабыт, әніне-ән, өнеріне-өнер қосады. Артымда тілекші ағайыным, қамқор халқым бар деп айтыс кезіндегі жауапкершілігін сезінеді. Елеусіз кетсе, өзі білген отыз ауыз өлеңін, елеусіз айтып, ешкімге еленбей, жолаушы көптің бірі болып елге қайтары анық. Бүгінде ата-бабасы туған топыраққа оралған Азамат айтыс өнерімен қатар Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының озат студенті, Арқалық қаласының құрметті азаматы, бірнеше дүркін айтыстың жүлдегері, Отаным деп шет елден оқуға келген жастардың ақылшы ағасы, көш бастар серкесі. Сондықтан туған жерге оралған ақынды киелі өлкенің табиғатына, ауасына, нуына, суына, дәстүр-салтына, өнері мен мәдениетіне, әдет-ғұрпына, ән мен жырына, терме мен айтыс өнерінің сан қырлы құпияларына, бұрынғы өткен айтыскер ақындардың бай мұрасына сусындату қажет. Ақынға қамқорлық жасап, қолдау керек. Сонда Азаматтың талай дүбірлі айтыста топ жарарына талас

жоқ. Ұлы Жаратушы талапты ерді тіл-көзден сақтап, өнерін өрістеті бергей деп тілеймін.

ТАРИХЫМЫЗДЫ ТҮГЕНДЕЙІК

Еліміз тәуелсіздік алғанан бергі кезеңде бүгінімізді бағамдап, өткенімізге ой жіберіп, елдің, жердің тарихын зертеуге, зерделеуге бетбұрыс басталды.

Кешегі кеңес заманында тарихи жер аттары сырттан келген ағайынның ықпалымен түгелге жуық өзгертілді. Тарихи тұлғаларымызды жауыз, құбыжық етіп көрсету етек алды. Кеше алуан батырлар – барымташыға, берекелі байлар – ақылсыз азғынға, ғұлама діндарларымыз – залым алдаушы дүмшеге айналдырылды.

Осы салада билік саналы, жоспарлы жұмыс жүргізді. Сол жасалған қиянат, жағылған күйе, жабылған жала басқаның емес. өз қандастарымыздың қолынан жасалды. Осындай барды жоқ етіп көрсетуден көптеген асылдарымыздан айырылды, тарихымызды ұмыттық. Елдің-жердің тарихы зерттелмеді. Шүкір бүгінгі күні елдің өткеніне, бүгінгіне, болашағына арналған бағдарлама зерттеулер бар.

Тарих қойнауына үңілген азаматтар елдің-жердің тарихына, сол кезеңде өмір сүрген тарихи тұлғаларды зерттеп, жинақтап баспа бетіне шығарып жатыр. Осы орайда Торғай өлкесінің тарихы мен мәдениетін зерттеуді мұрат-мақсат тұтқан Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының бастамасы құптарлық.

Торғай өлкесінің тарихы мен мәдениетіне байланысты оқыған, естіген, көрген деректерді ортаға салуды жөн көрдім. Зиялы оқырыман ортаға пікірін қосар, кем-кетігін түзер, артығын алып, кемін толықтырар деген ойдамын.

Ел арасындағы елдің-жердің тарихы мен мәдениетін жете білетін көзі ашық, көкірегі ояу қариялар осы іске ат салысса, нұр үстіне нұр болар еді. Сан ғасырлық тарихы бар киелі Тоғай өлкесінің тарихы терең, сан-алуан. Аса жіті терең зерттеуді қажет етеді. Көптеген тарихи орындар өз құпиясын бауырына басып, жер бетінен жойылып тіпті ізі де қалмады.

Қазіргі бары да өз қамқоршысын күтуде. Бүгінгі міндет осы өлкенің тарихын жинақтау.

Қазақ тарихында ерекше орын алатын киелі өңірдің бірі «Ұлы Жыланшық» аймағы. Осы өңірге ерте замандарда Ұлы қаған Шыңғысхан, баласы Жошыхан, Тоқтамысхан, Алашахан, Едіге би, Әмір Темір, Кетбұға, Абылайхан, Қайыпхан, Кенесары хан, Әмір Әбдіғапар, Тоқтамыс, Басалқа сұлтандар, Аманкелді, Кейкі батырлар, Әліби, Ахмет, Міржақыптар мен көптеген дін басылар, ишандар, байлар, бектер, қажылар әулеттері тұрақтап өмір сүрген, ұрпақ өсірген. Бастауын Ұлытаудың батысынан алатын «Дулығалы», «Терісбұтақ», шығысқа қарай ойысып барып доғаланып ашасы тарыла келе Ұлы Жыланшыққа жалғасады. Арасында «Шығырлы» аталатын бөліктері және бар. Ұлы Жыланшықтың

«Жалаулы», «Ержылан», «Кезауыз», «Ойғы әділ», «Қонжар-тұма», «Сауранбай», «Қызыл-Шатқал», «Ақшатау», «Сәкеннің қасқасы», «Сарбұлақ», «Қарагер аттың жырасы», «Бозатан», «Талдықара», «Зілғара», «Көшек», «Балпан», т.б. үлкен қосымша суы мол салалары бар. Жыланшықтың солтүстік беті ойлы-қырлы, бедерлі болып келсе, оңтүстік беті көбіне біркелкі тегіс болып келеді. Қардың еруіне қарай Жыланшық өзені кейде екі-үш таситын кездері болады. Күрт еріген жылдары өзен қатты тасып, шеттегі үйлерді шайып кеткен уақыттар жиі болады.

Суы мол салалардың бәрін қысы-жазы ел мекендеген қыс қыстаған, жаз жайлаған.

Жыланшық өзенінің екі бетінде аң, құс, балығы мол, суы тұщы «Көшкенбай», «Тұңғышбай», «Тәуке», «Мұстафа», «Жиде», «Қияөткел», «Қабанбай», «Бекі», «Зорман», «Асат», «Бекжан», «Тоңаша», «Балпан», «Жәкен», «Жалаулы» атты қарасулары бар.

Осы өңірде аса үлкен «Жорғакөл», «Алакөл», «Үдербай», «Бегімбет ала көлі», «Көкөлең», «Боқай», «Жарбидайық», «Зәуре», «Кезауыз», «Жарыпшыққан», «Арыстан», «Қарақалпақ», «Қырғы әділ», «Жайықбайдың обалысы», «Оннан», «Кіндікті», «Жарық», «Қоға», «Брәлінің сасығы», «Түкібай», «Ақкөң», «Бисары», «Дәнен», «Бозшакөл», «Сазанбай», «Дәнсары», «Көшек», «Шиқамыс», «Өгізкөк», «Алабидайық», «Қаратай», «Әліпбай», «Байтума», «Бозатан», «Ендігі ой», «Талғұй», «Тезек», «Доңыз», «Алабұталы», «Айбалта», «Үшбала», «Жетіқыз», «Сарқыз», «Қойсалған» атты сулы, қамыс-қопалы көлдері бар. Кейбір көлдердің аумағы 10 шақырымнан асады. Осы көлдерді құстың көптеген түрі мен қасқыр, қабан, қарсақ, түлкі, борсық, қоян т.б. аң түрлері көптеп мекен етеді. Су аз түскен жылдары көлдердің жағалай жиегі шабындық болатын. Өсімдіктің алуан түрлері өсетін бұл аймақта жылқы малын байлар ертеде көп өсірген 1913 жылғы санақта 25 мың жылқы малы болды деген дерек бар. Тек осы өңірде өте майлы, құнарлы, малға жұғымды шайыр өсімдігі өседі. Алабұталарының биіктігі 2 метрге, көкпектерінің биіктігі метрге жетеді.

1913 жылы патша әулетінің 300 жылдық тойына осы Жыланшықтан союға 50 бас қой алдырған.

Табиғаты жайлы, өсімдігі жұғымды өлкеде мал өсіруге қолайлы аймақтар көп. «Сарбұлақ», «Сәкеннің қасқасы», «Ажықабай түрмесі» жазда салқын қой малын өсіруге қолайлы, жері бұлақты, суы тұщы болып келсе, «Боқай», «Бозатан», «Зәуре», «Байтума», «Ендігі ой», «Алакөлдер» ірі қара өсіруге өте қолайлы, сулы, паналы жер.

Жыланшықтың оңтүстік жақ беті жылқы бағуға өте қолайлы. Үлкен қыраттар мен терең ойпаттар жылқының тебіндеуіне лайық. Әрі өсімдігі ащылы болып келеді де қыста онша қатпайды. Ойпат мұнартып ықтасын болып тұрады.

Ертеде осы өңірді атақты Нұрым, Бектас, Брәлі, Сейіткерей, Айкісі, Жанкісі, Асан, Ахмет, Смайыл, Ыдырыс, Алтынбай, Тоқаша, Сәкен, Барлыбай, Жайсаңбай, Жанбосын, Көшкінбай, Шағатай, Жекебай, Бекжан,

Бекі, Қабанбай, Зорман Жанбосын, Әбдіғапар хан, Шашанбай Рахмет, Рахмет, Зілғара, Қарабай, Әлжан, Көшек, Тобағайыл, Сүтемген, Жәкен, Ағатан, Жайықбай, Шойынқап, Садуақас, Дәнсары, Бисары, Дәннен, Жәуке, Байтас, Болат, Мұстафа, Тәуке, Көпжан, Ақтаң, Нұртай атты байлар мекен еткен. Елге құт-береке әкелген дәулетті байлар мешіт, медреселер салдырған. Ағайын-туыстарына арнап, күйдірілген кірпіштен оюлап қызыл үй, қызыл тамдар салдырған. Осы тарихи жәдігерлер арқылы аттары тарихта қалды.

«Ұлы Жыланшық» өзенінің екі бетінде ертеде мешіт, медреселер көп болған. Соның ішіндегі ерекшесі Дулығалы бойындағы Арыстанбайұлы Құлмұхамед ишан салдырған тоғыз күмбезді, тіреусіз, төбесіне ағаш салынбай тұрғызылған мешіт пен 24 бөлмелі медресе. XIX ғасырдағы сәулет өнерінің ғажайып жетістігі, әрі дін орталығы болған. Осы медреседе халық батыры Аманкелді Иманов оқыған. 1916 жылғы Ұлт-азаттық көтерілісіне сарбаз жинағанда осы ишандар әулеті жиені Аманкелдіге бата беріп, батаға арнап сойған қошардың басын Құлмұхамед ишан кесенесі ішіне дене топырағы үстіне қойған. Бас күні бүгінге дейін азбай сақтаулы тұр.

«Көкөлең» деген жерде Әмір Әбдіғапар ханның әкесі Жанбосынның үлкен қызыл мешіті, Брәлі байдың мешіті мен медресесі, Смайылдағы мешіт, Рахмет байдың медресесі үйімен қабырғалас болған. Байтастағы мешіт, Оннандағы, Егіндідегі мешіт, Көшімбектің мектебі сол кезде сауат ашуға үлкен ықпал еткен. Жыланшықтың сағасына жақын Дүзбай қажы мешіті де үлкен дін орталығы болған. Мешіттің ұзындығы 30 метр, ені 18 метр болған. Дүзбай қажыдан – Таласбай молда - Әбдіғали – Шынберген. Шынберген Торғайда дәрігер.

Жоғарыда аталған Шашамбай әулеті де халыққа ықпалды болған. Бай Шашамбай – Рахмет болыс – Ғабдолкәрім (Әбдікәрім деп айтылып жүр), Ғабдолкәрім орысша, мұсылманша сауатты азамат болған. Торғай земкомның мүшесі болып, елдің тәуелсіздігіне белсене араласқан. 1928 жылы бай баласы деп ұсталып түрмеде өлген. Орта жүзге танымал қайырымдылығымен аты шыққан Брәлі байда байлар әулетінің ұрпағы.

Атасы Нұрым бай – Бектас бай – Брәлі, Сейіткерей екеуі де бай болған. Брәліге 5 мың жылқы бітсе Сейіткерей «Қайдауылға» болыс болған.

Брәлінің баласы Сұлтан революционер, Аманкелді батырдың сенімді серігі, әрі орынбасары, Совдеп мүшесі, комиссар болған адам. Орынборда оқып, орысша гимназия бітірген. Брәлі – Сұлтан – Жылқайдар - Әлихан. Әлихан Тұңғыш Президенттің құрметті қарауылының командирі болған. Қазір құрметті демалыста, Алматы қаласында тұрады.

Осы Жыланшық өңірінде Бердікей ишан, Арыстанбай ишан, Құлмұхаммед ишан, Әбдірахман ишан, Әбдірайым ишан, Қазии ишан, Әулие Сармолда, Қарамолда, Маймасар тастаған оташы, Дүзбай қажы, Таласпай молда, Әулие Құлмырзаұлы Баймен, атақты әулие қобызшы

Тілеп бақсылар өмір сүрген. Халықтың тұрмысы мен мәдениетін қалыптастыруға сауатын ашуға үлкен ықпал жасаған тұлғалар.

Елге белгілі ақын, зергер, құралайды көзге атқан сұрмерген Таңат Сейдахметтің жаз жайлауы осы өңір болған. Жарбасты Мәтібай ақын, Құтжан, Нұржан ақын, әнші Баяхмет, күйші Мүсіреп, Тәуке, Көшек, қобызшы Әбен, Қазбек, Аманкелді батырдың ағасы Бектепберен мылтықты қолдан соқса, ұста, зергер, Момынұлы Тайшық осы Жыланшық бойындағы қызыл үй, қызыл тамдарды қолдан күйдіріп салған. Зергер, шебер, ұста Жамбылұлы Сейітқасым үй ағашын басты, шана жасады, етік, мәс тікті, сақина, жүзік соқты. Жылқы терісін илеп таспа ғып тіліп торсық өрген. Өрген торсығынан су ақпаған. Омаров Самырат ағаш шебері, суретші, зергер болған адам. Ағатанның Бірғалиі ағаш шебері болған. Тұтас ағаштан алғаш шаңғы жонған өнерлі адам.

Кеңес өкіметі кезеңінде осы жерде қызмет атқарған, мал баққан Алтынбаев Мырзағали, Әмзин Намазбай, Жансопақов Қалмағанбет, Омаров Байділда Социалистік Еңбек Ері атағын алды.

Жыланшық өңірі ауасы таза, жанға жайлы, малға жұғымды жер. Басқа жерге қарағанда қысы айға жуық кеш түседі, жазы 15-20 күн бұрын шығады. Осы өңірде әлі де зерттелмей, қағаз бетіне түспей құпиясын ішке бүгіп жатқан жер атаулары мен тарихи тұлғалар жетерлік.

Алдағы мақсат Сіз болып, біз болып ортақ мақсатқа жұмыс жасап жер-су атауларын, тарихи тұлғалар жайлы деректер жинасақ деген өтініш бар.

ҚАРАҚҰМҒА АЛҒАШҚЫ САПАР

Аманкелді ауданының алыстағы “Родник” совхозында (кейін кеңшар аты “Жыланшық” болып өзгерді). Рахмет селолық кеңесінің төрағасы кезім. Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Сартай Жүнісұлы Омаров, аудандық атқару комитетінің төрағасы Алексей Ефимович Шапко деген ұлты Украин (тіпті неміс болуы мүмкін) заты қазақ, қазақша білетін басшы болды. Ол кезде жоспарлы, партактив, пленум, бюро, сессия, исполком жиі болатын. Әр жиналысқа ауданнан 110 шақырым жердегі біздің уақытымыз көп кететін. Тіпті осы күнде жиналыстан ығыр болатынбыз. Сондағы айғай мал басын өсіру, сақтау, сырттан, ауыл тұрғындарынан етке мал сатып алу болатын. Әсіресе малы аз, қаржысы тапшы отбасыларға ауыр тиді.

Әр жеті сайын ауданнан жалақтап жекенің малын санауға өкіл шығады. Екі иінінен дем алып, мемлекеттік, партиялық тапсырманы неге орындамайсың деп шіреніп, сіресіп келеді ғой.

Әр бөлімшенің малын, әр шопанның малын өрістен жинатып, оны қаматып бір үйге 1 сиыр, 1 жылқы 10 қой қалдырып, қалғанын етке сыпырып алатын кез еді. Ойлап отырсақ кешегі 1932 жылғы аштықта

осындай белсенділердің “аша тұяқ қалмасын, асыра сілтеу болмасын” деген ұранымен басталған халықтың жиған-тергенін тонаудан басталған.

Мына белсенділердің ісінде түріде сондай. Жеке шопан – малшы мен бөлімшенің нормадан артық малын сыпырып, кеңшар орталығындағы малды қаматып санаймыз деп жатқанда орталықтағы МТМ-дан (машина, трактор жөндейтін шеберхана) өрт шықты. Өртте жанталасып үлкен құрлыстың жартысын аман алып қалдық.

Халық малын жан-жаққа қуып, кейбірі тығып, ауыл у-шу болды.

Халықта ол кездерде жекелеген некен-саяқ адамда болмаса мал да аз болатын. Мал сұрай барсаң жағдай айтады, қыйналады, кейде бет жыртысып ұрыс-керісте болады. Біздің істеп жүргеніміз ел үшін қианат екенін біле тұра амал жоқ азғантай малына құрық саламыз. Кезекті бір бюроға келгенде жекеден мал алмадың келесі бюроға дейін 10 тонна ет тапсырмасаң қызметтен кетесіңдер деген шешім қабылдап, қыспаққа алды.

Көрші Жанкелді ауданы, Жезқазған, Қызылорда облыстары малды, әрі онда біздегідей “асыра сілтеу” жоқ деп естиміз. Бұл кез 1977 жылдың шілде айы болатын. Амалым құрып екі ЗИЛ – 130 машинасымен екі тіркемесімен көршілес Жанкелді ауданының Ақкөл кеңшарының “Шұңқыркөл” бөлімшесіндегі бұрыннан таныс жерлес ағам Қара (руы) Тайшығара Салғаринге келдім. Бұл кісі бөлімше басшысы.

Ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермейтін, от ауызды орақ тілді, алғыр, шешен, іскер азамат. Әрі өте салынып ақшалы қарт ойнайтын картшы.

Бөлімше басшысы демесең кеңшар басшыларынан кем емес кең сарай үй салдырған. Жеңгеміз Бәткенде өте сұңғыла пысық адам. Құшақ жая қарсы алды. Жанымда мал алушы Асылбектің Жаңбыршысы және Ысқақ деген үлкен кісі бар. Ол кісіні халық сыртынан “Жетім Ысқақ” дейді. Машинада бір – бірден авто прицеп бар.

Сол күні Шұңқыркөлге қондық. Тайшығара ағаға жағдайды, болып тұрған қиындықты, аудан басшыларының бізге дайындап отырған қианатын айттым. Тәкең бірталай ойласып отырып қарағым мал сатып алатын жерді мен саған айтайын егер құпия қатынап, бағасын, қай жер екенін ешкімге айтпайтын болсаң деп алдыма міндет қойды.

Көрші Қызылорда облысының Арал ауданының Торғаймен шекаралас аймағындағы малшы-шопандар өте бай тұратынын, Торғай азаматтары ешкімге жарияламай сол жерден құлынды биені 500 сомға, бұзаулы сиырды 400 сомға сатып әкеліп жүргенін айтты.

Баратын жеріңнің картасын сызып, екі машинаға майды толтырып берем. Барған жерде жоғарыдағы бағаны өсірмей мал бермесе қайтып кел осы жерден 10 тонна ет тауып беремін деп сөзін шегеледі. Қайда, қалай баратынымызды, алдағы жолдың қалың құм екенін, сусыз шөл екенін, жолы нашар екенін қатаң ескертіп жолымызға жетерлік су, тамақ түрлерін салып беріп Қаракұмға баратын жол бағытын көрсетті.

“Қаракұм” деп отырғанымыз Торғай облысының Жезқазған, Қызылорда, және Ақтөбе облысымен шектесетін оңтүстік Торғай ойпатындағы үлкен құм. Осы құм Атанбас ақиректен басталып оңтүстік

шығысы Аралға, Оңтүстік батысы Бірғызға жалғасатын алып аймақты алып жатқан құм. Осы құмда Жанкелді ауданының “Ақкөл”, “Южный”, кеңшарының “Қарамола”, “Қазанғап” атты екі бөлімшесі бар. Біз осы бөлімшелерді бетке алып бағытымызды тура оңтүстікке бұрып жүріп келеміз. Ол жер шамамен Ақкөлден 130 шақырымдай қашықтықта, арада әр жерде малшы-шопан бар. Жолын білмеген адам оларды таба алмауы мүмкін.

Шұқыркөлден шығып “Шошқакөл” деген бөлімшеге жеттік. Көлемі үлкен ну қамысты, қар мол жылы суы мол үлкен көл екен. “Южный” кеңшарының бөлімшесі. Көл жағалай ескі үйлердің, қоралардың, тамдардың орындары жатыр. Ертеде осы өңірде “Қырықмылтық” руынан шыққан атақты Бейсен атты би өмір сүрген. Бекқұлы атты ұрпағы кәзір Арқалық қаласында тұрады.

Шошқакөлден өте жол солтүстік батыстан шығысқа қарай созылған биік қырға көтерілді де батыс жақ үлкен аңғар ойпат болып жолмен қатарласып отырды. Кейін білсек бұл ойпат Торғай өзені аңғарынан басталып “Ақшығанақ”, “Қазасалған”, “Мамыр”, “Нұра” одан әрі Шығысқа қарай ойысып Қарақұмға жалғасып солға қарай айнала келе Атамбас Ақиректен асып, Тегенені қапталдай Сәтпаев кеңшарына қарай ойысады екен. Биік жазық үстірт шөбі қуаң, қурайы мол, сортаңы көп алабұталы, көкпекті болып келеді. Жолда келе жатып екі қошқар тауып алдық. Шамасы малшы-шопан көшкенде адасып қалған. Бір суы мол шұрайлы жерде жатыр. Өте семіз. Зорға ұстадық. Қанша жүргеніміз белгісіз түс мезгілінде “Атамбас-Ақирекке” жеттік. Осы жер “Торғай қақпасы” деп аталады. Ал біз келген жерді “Торғай үстірті” деп атайды.

Үлкен биік үстіртте тұрмыз.

Осы уақытқа дейін “Жер - Ананың” биік үстіртінде тұрғанымызды білмеппіз. Үстірттің жиегінен қарасаң жықпыл – жықпыл қырдан ойға құлаған өзек терең сай, құз сияқты. Батыс жақ жиекте оқшауланып атан түйенің басына ұқсас ақша тау көрінеді. Осы міне атан – бас, ақ ирегің. Ертеде біреу айтқан екен. Мен не көрмедім “Атан – бас, ақ иректіде көрдік қой деп”. Иә бізде көріп таң қалып тұрмыз. Биік үстірт. Алдымыз атақты Қарақұм ойпаты. Өте төменде жатыр. Жолдың сорабымен ілбіп шатқалға түстік. Қып – қызыл, Қызылбай. Арқалықтың сазы сияқты. Жауын жауса бұл маңнан жүріс жоқ. Ойпатқа түсіп “Тегене” өзеніне тоқтап суға түсіп, тамақтанып жолға шықтық. Жол “Қарамола” бөлімшесіне соқпай “Қазанғап” атты бөлімшеге апарады екен.

Жердің бедері, табиғаты, шөбі ойға түсісімен өзгерді. Ысылдаған ірі қиыршық құм. “Құмды сытық сыз басқан, бүрген, шайыр”, “тобылғы”, “Баялиш”, “Жусан”, “Изен”, “Тікен”, “Қаңбақ”, “Жаужұмыр”, “Алабұта”, қалың сексеуіл. Жол табаны болмаса басқа құмды тұтастай қалың тор басқандай. Күн шыжып тұр. Мана үстіртте келе жатқанда ысылдап жел соғып тұр еді, ойпатқа түсісімен үп деген жел жоқ тымырсық орнады.

Қатты қапырық, машина суы қайнап жүргізбей келеді. Тіркеген прицепте басқа сор болатын түрі бар. Ойпат ойпатта аппақ сор, жағалай

калың құрақпен ши өскен. Соған қарағанда тұщы су таяздан шықса керек. Өмірі біз көрмеген неше алуан, тарбйған, жатаған, көп жапырақты өсімдік түрлері кездеседі. Қоян көп болуы керек. Үнемі алдымызды кесіп келеді.

Кей жерлерде жер астынан труба арқылы ағызып қойған су, одан пайда болған көлдер, ол көлдегі аққу, қаз, үйректер, киіктер кездеседі. Бұл жақтың құмы тегіс жазықта емес, өркеш, өркеш, мая-мая, жал-жал ойпат-ойпат болады екен.

Жолдан адасып бір ойпатқа түсіп кетсең тереңдігі сондай одан машинаң өз күшімен шыға алмауы мүмкін.

Кездескен малшы-шопаннан сұрай сұрай Арал ауданы, Жіңішке құм кеңшары “Атанши” бөлімшесі орталығына жеттік. Жан-жағы биік тау құмдармен қоршалған бір беті жазықтау ойпатқа орналасқан жұпынылау бөлімше екен. Арал ауданы орталығынан 200 шақырымдай қашықтықта болуы керек.

Күннің ыстығынанба сыртта жүрген адам көрінбейді. Көшенің ортасына тоқтап, ішетін су іздедік.

Сақал-шашы өскен, ұсқынсыз, киімі кір-кір бір қазақ келіп сәлемдесті. Ақшаға мал сатып алатын жөнімізді айтып, реті келсе малшы шопанға жетіп қону ниетімізді білдірдік. Қойшы ауыл осы жерден 70-80 шақырым, мен жол білем бастап барайын деп ұсыныс жасады. Біз қуанып жанымызға отырғызып алдық. Аға “азап таяқтарың” барма? Деп сұрады. Біз ол не деп сұрадық. “Азап таяғы” машина құмға батқанда артқа екі доңғалақтың алдыңғы ортасына салып машинаны сол сырғауылға шығарады. Алға жылжиды, таяқты қайта алып, қайта салады. Осылай құмнан шығаратын құрал. Бізде ондай құрал жоқ. Сонымен жолға шықтық. Ысылдаған құм. Әр жерге бір батамыз.

Жолсерігіміз осы елдің азаматы екен 25 жылға сотталып 10 жыл отырып шықтым деп зарлап келеді.

Кеш түсті, қас қарайды. Айтқан 70-80 шақырымын жүрдік, ел жоқ. Әрі-беріден соң осы жанымыздағы азаматтан қауіптен бастадық. Бір жерге тоқтап манағы азаматты түсіріп, сен бізді алдап келе жатсың, осы жерде атып кетемін деп кабинадағы мылтыққа қол созғанда бишара жылап жіберді. Қайта қозғалдық. Бір төбешік құмды айнала беріп машина бауырлап құмға батты. Аршып-аршып шаршап отырсақ, таяу маңнан иттің үрген даусы келеді. Машинаны тастап, түн ортасында келсек еңселі екі кигіз үй тұр. Күнтуған атты шопанның үйі екен. Жақсы ықыласпен қарсы алды. Шәй ішіп дем алдық. Құмды жердің түнгі ауасы қандай. Жусан исі аңқып, түнгі баяу самал соғып тұр. Тап-таза үй. Таңертең ерте оянсам кигіз үйдің іші бейне бір мұражай іспетті.

Үлкен оюлы шаңырақ.

Бауыры жалпақ уық, шашақталған желбау, басқұр, таңғыштар. Айқыш – ұйқыш тартып тастаған түкті, шашақты баулар.

Оюлы, сырлы сандық, кестеленген кебеже қап, оюлы сырмақ, патсайы көрпе, жастық. Қалың кілем, алты қабат текемет, оң жақта кестелі ақ шымылдық. Күмістелген ер-тұрман оюлы саба, оюлы сықырлауық есік.

Үйдің сыртынан жағалай ши ұстаған. Үй иесінің жәй адам емес екенін ұқтым. Осылай үйге таңырқай қарап отырғанда үй иесінің баласына Әй балам! Мына қонақтарға “Жантық” сой деген сөзі елең еткізді. “Жантығы” не деп далаға шықсам отардан бір марқаны артқы аяғынан сүйреп келеді екен.

Жасы менен кіші аты Қаршыға екен. Марқаның төрт аяғын байлап алқымнан ормай өңеш тұсын тірідей рей бастады. Ой, мұның не десем, аға біз осылай ұрлап бауыздаймыз. Кесе бауыздасақ өткізетін терісі бүлінеді, әрі бауыздап сойдың деп бәле қылады. Бұл қаракөл қой терісін үкіметке өткіземіз дегені. Алқым терісін кеңейтіп реп алып бауыздайды екен.

Қаракөл қойын бірінші көруіміз. Ірілігі біздің қойдай бірақ жүні ұзын, құйрығы сүйір салпы болады.

Жаңа туған қозыларының еркегін терісі үшін 2 – 3 күннен кейін өлтіріп, терісін тапсырады.

Үй иесі Күнтуған жан-жақты сауатты, еліне беделді, озат шопан екен. Түнде байқамаппыз әріректе тағы екі кигіз үй тұр екен.

Бұл жерде ағашопан, оның көмекшісі, төлдеген қойдың қозысын тағы бір шопанға береді, онында көмекшісі болады екен. Сонда бір отарда төрт жанұя қысы – жазы бірге болады.

Бұл аймақта мал өте көп екен. Малшы-шопан малды балалары оқуға барар қарсаңда көп сатады екен. Сөз арасында таяу маңда Маршал деген шопан бар сол мал салуы керек деп бізге жолбасшылыққа баласы Қаршығаны ертті. 10 шақырымдай жердегі қараша үйге тоқтадық.

Алдында бізге ескерткен Маршалдың әйелі би, сол не десе сол болады деп.

Үйге кірдік, шәй іштік, далаға шығып мал саудаладық. Ауылдан шығарда судан тарықпайық деп 20 литрлік 4 термос ала шыққанбыз. Соның екеуін әдейі түсіріп машинаға су құйғыздым. Әйелдің көзі термосқа түсіп бізге сат деп жармасты. Мал берсеңдер осы төрт термостыда қоса береміз деп саудаластық.

Сыртта 40-тан аса ірі қара жатыр. Жаңбыршы түйдектеп саудаласты.

Әр басты 300 сомнан аламын деп он ірі қара сұрады. Не керек сол жерден 10 ірі қара, жолдан 4 ірі қара алып аман-сау елге оралдық. Әрі сол алыстағы ағайынға қажет заттар тізімін анықтай кеттік. Бұл жақта, ұн, мата, жастық, шәй, кілем, термос айырға, күрекке саптық ағаштар, қой қырқатын агрегаттар, өте қажет екен.

Ауданға малды әкеліп ауданның бірінші хатшысы Омаров Сартай Жүнісұлына Арал ауданына барып ірі қара алып келгенімді, келешекте осы аймақтан мал дайындасақ өз ауылымыздың малы өсер еді деген ұсыныс жасадым.

Ол кісі бұл ұсынысымды құптап сұраған қажетті заттарымды, астыма жер жағдайына қолайлы ГАЗ – 66 автомашинасымен Толик деген орыс азаматын, дайындаушы етіп Асылбеков Жаңбыршыны тағайындады.

Енді мен тек “Родник” кеңшары үшін емес “Крупская”, “Қазақстанның 40 жылдығы”, “Абай атындағы совхоз” үшін де қоса етке

өткізетін мал дайындауға жауапты болдым. Бұл жауапты жұмысты 1977, 1978, 1979 жылдарда маусым – қазан айлары аралығында қатарынан үш жыл абройлы жүргіздім. Азда болса ауыл малының өз төлінен өсуіне септігім тиді. Алыстағы ағайынға малын өткізіп ақша берсем, ауылдағы ағайынға малына-мал қосуға жағдай туғыздым. Халық рахматын айтты. 1980 жылы Алматы жоғары партия мектебіне оқуға кеттім.

ҚАРАҚҰМҒА СОҢҒЫ САПАР

1980 жылдың 30-шы наурызы күні Аманкелді аудандық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің басшысы Қамбар Ташимов ауданға тез жет деп телефон шалды.

110 шақырымдық қашықтықты 3 сағатта жүріп ауданға Қамбарға келдім. Ол мені бірінші хатшы Омаров Сартай Жүнісұлына кіргізді.

Хатшы көп сөзге келмей бүгін осы жерден машина алып, керек ақша, заттарыңды әзірлеп Қызылорданың Арал ауданына барып ол жерден таңдап бір жүйрік, бір жорға жылқы сатып әкелесің, машина мен саған еретін адам қазір «Қазақстанның 40 жылдығы» совхозынан келеді деді. Бармаймын деуге шама жоқ. Мынау телегей теңіз қар суында ол жаққа бару мүмкін бе деп басым салбырап хатшыдан шықсам, қабылдау бөлмесінде Қамбар тұр. Кабинетіне апарып қолыма екі беттік анкета ұстатты. Тездетіп толтыр деп тәртіп берді. Оқуға баруға арналған анкета. Алматы жоғары партия мектебіне оқуға баруға төрт жылдық, күндізгі бөлімге. Иә күндізгі бөлімге. Менің күндізгі бөлімге баруға жағдайым келмейді деп анкетаны Қамбарға қайтып бердім. Ол кісі номері жоқ телефон тұтқасын көтеріп аудан басшысымен сөйлесті. Көп ұзамай хатшы келді. Әй! Неге оқуға бармаймын деп отырсың. Жұрт қолына түсіре алмай жүргенде деп түсін суытты. Мен жағдайымды шешем пенсия алмайтынын, әйелім жұмыста жоқ екенін, жеті балам барлығын алға тарттым. Сен осы оқуға бармасаң «төре» бола алмайсың. Сөзді қойда дайындал, өзім көмектесем деді. Барайын десем артым таяз. От басына көмектесер адам жоқ, бармайын десем менің соңғы мүмкіндігім жасым 34-те. Осыдан кейін іштей оқуға қабылдамайды. Тәуекел деп құжаттарды толтырып далаға шықсам ЗИЛ-130 автомашинасымен Қожахметов Серікбай деген азамат келіп тұр. Оу! Ақсақал мына көлікпен Родниккеде жете алмаймыз ғой десем, жетпесең мен үшін бәрі бір деп кеудесін керіп тұр.

Бірінші хатшыға қайта кіріп көліктің жолға жарамайтындығын айттым. Бас аяғы екі сағатта автобазадан Ғилман деген тәжірибелі жүргізушіні Урал автомашинасымен дайындады. Қолыма екі үлкен кілем, екі атқа үш мың сом ақша, 4 келі шәй, өзімізге керек жол ақы, тонналап бензинге талон 600 литр бөшкеге артық бензин алып кеш түсе «Родникке» келдік. Жер телегей-теңіз су, батпақ. Неде болса Жыланшықтан өтіп қалайық деп үйді-үйден нан жинадық. Жолға қажет, тамақ, отын, су, т.б.

керекті алып кеңшар орталығынан 90 шақырым оңтүстіктегі «Бисары» бөлімшесіндегі Төпішев Қожа атты досыма барып қондық.

Таңертең рациямен орталықпен сөйлессек Жыланшық өзені тасып кетіпті. Таңертең ертелетіп Ақкөл кеңшарының «Шұқыркөл» бөлімшесіне жетіп Тайшығара Салғарин ағаға соқтық. Ол кісі Қарақұмда 3-4 К-700 тракторы судың тасуына, жердің батпағына байланысты кеңшар орталығына жете алмай жатқандығын, алда «Тегене» өзені өткел бермейтінін қатты ескертті. Сол күні Тайшығараға қонып, машинаға бензинді толтырып таң ата жолға шықтық.

1977-1979 жылдары үнемі жүрген жерім жол бойы таныс. Түс мезгілінде «Тегене» өзеніне келдім. Жер езіліп кеткен. Өзен тасып, сәл қайтқан кезі екен. Жағасы ұйық батпақ, лай су екпіндеп ағып жатыр. Өзеннен өтсек алдымызда «Қарамола» бөлімшесі 40-45 шақырымдай, артымыз елсіз 100 шақырымдай.

Осы шағын өзеннің жол өтетін тұсында үлкен қазан шұңқыр болатын. Есімде сақталып қалыпты. Әрі тереңдігіде 1,5 – 2 метрден кем болмауы керек. Сол ойыма түскенде жүрегім зырқ ете қалады. Суды көрген бетте Серікбай әй қарағым! Сен бізді өлімге әкелдің. Мына судан көлік өтпейді. Суда машина сөнсе қызбайды деп жүргізуші Ғилманда мені мүйіздеп жатыр. Ойлары кейін қайту. Елден батпақта, суда жүріп 300 шақырымдай жол жүріп тұрмыз. Осы өзеннен өтсек онда құмға ілігеміз. Біз қайтқанша суда тартылар, жерде кебер деген ой мазалайды. Айтқандарына көнбей машинаны суға түсуге дайындадық. Алдымен артындағы 60 метрлік лебедканы (тросы) эзер тарқаттық. Батпақпен сумен қатып қалған. Машинаның қорабындағы тамақ, отын, киім, кілем т.б. заттарды машинаның үстінде тент бар болатын соған шығарып байладық. Бұлай жасау себебіміз су терең болып машина су ішінде сөнсе заттар суға кетпеуі үшін.

Суға түсер алдында Серікбайда, Ғилманда машина батпаққа батса, не сөнсе олар осы жерден ешқайда бармайтынын, ондай жағдайда алдағы 40-45 шақырым елсіздегі Қарамола бөлімшесіне менің баратынымды ескертті. Ондай жағдайда олар онша қиналмайды 10 күнге жетер тамағы, суы бар. Оларға қауып жоқ. Әрі олар жолды білмейді. Ғилманға суға түсерде ебелектің ременін ағыт десем ол тыңдамады.

Аллалап машинамен ақырындап суға түстік. Өзен онша енді емес көп болса 15 метрдей суға алды түскен бетті капоттың үстін су шайып алдыңғы терезенің жиегіне су соқты. Сөйткенше болған жоқ машина пырылдап алды қырға іліге берді. Сол кезде жүргізушіде газды басты. Машина арғы бетке қарғып шыққандай болды. Тереңдігі алдыңғы капотпен бірдей болды. Уралап, бір-бірімізді сүйіп есіміз шығып қуанып жатырмыз. Сыртқа шығып машина қорабының артқы есігін ашып қалғанда іші толған су лақ ете қалды.

Мана ерініп, затты алмағанда бәрін су ағызып әкетеді екен. Машина неге суға тұншықпады десем «Урал» - әскери мақсатқа шығарылған салқында ебелегі айналмайды, әрі су кірмейді екен. Араға бір сағат салып

заулатып «Қарамола» бөлімшесіне келсек үш К-700 тракторы қаңтарылып тұр. Бізді көріп бәрі өре шықты. Тегенеден өтіп келдік десек нанбайды. Ол жерде көп аялдамай әр жағында 10 шақырымдай жерде тұратын бұрыннан таныс құдам Баженов Бақыттың үйіне барып қондық. Бақыт құдада, Жанакыш құдағида қандай, жаны қалмай құрмет көрсетіп жатыр. Бәкең үйінде қонып бір түн әңгімелестік. Машинаның майы суын қарап, алдағы Арал ауданының Жіңішке құм кеңшары қыстауларына тарттық.

Жолда «Сарбұлақ» деген жерден жер астынан 38-40 градуустай ыстық су ағып жатыр. Үлкен биік жуан трубаның төбесін бекітіп, екі бүйірін тесіп ағызып қойған. Маңайына осы судың есебінен шағын көлдер пайда болған. Күннің салқындығына қарамай суға түстік. Су қандай жып-жылы, жұп-жұмсақ. Сабынсыз дененің кірін алады. Асты қыйыршық құм, жиегі қап-қара қаймақтай батпақ. Жаздай емделушілер келіп суына түсіп, батпағын денеге жағып пайдаланады екен. Судан шыққың келмейді. Бір түскенде шаштағы қайызғақты тазартатын, емдік қасиеті бар су иесіз ен далада, ешкімге пайдасы тимей ағып жатыр. Жанына қой қырқатын орын салып, қырқылған қойды осы шипалы суға тоғытады екен. Адамға жағдай жасамай, малды күйттеген заман-ай! Бұл арал өңірінің Торғай үстіртіне таяу қалың құмында бұрынғы «Қарамола», «Қазанғап», «Атанши» бөлімшелері маңында ракета қондырғылары көп болған. Бұл жер әскери мақсатқа қызмет жасаған. Сол кезде жер асты суын сыртқа үлкен трубалармен шығарып кейбірін жауып, көбісін ашық тастаған. Бұл мал, аң, құс осы суды паналайды.

Әр шопан-малшыда осындай суды сағалаған. Ал қыс қыстаулары қай жерде тегіс ойпат бар сол жерге қамыстан, кей жерде жерді қазып, ішін қамыспен өріп, ортасына жылытпа пеш салып пайдаланған. Малды белетеге қамап, қора салмаған. Бұл аймақта қыс жылы, қары қатпай, үлпүлдеген бос болады. Алтай қыс тебінмен шығып, малы далада төлдей береді. Малы күйлі, жүні ұзын, әрі қыстай су ішпей, қарлап шығады. Жазы ыстық, аң-құсы аз, сирек. Әсіресе бауырымен жорғалаушы кесіртке түрі көп. ішінде қауыпті түрлеріде бар екен. Жолбойы, жертоқаш, шайыр, сағыз, морков сияқты көсік деген өседі. Зорманы шағын, оны балпақ деп атайды. Көп ұзамай арал ауданы шетінде іліктік. Әр жерде малшы-шопан. Олар қойшыларды, «Қойшы» ауыл, сиыршыларды «Малшы» ауыл, үйді «там» деп атайды. Екі сөзінің бірі «Қасқа» деп сөйлейді. Әйелдері ер адамға «Сәлем бердік» деп амандасады. Жалпы Қызылорда елі өте инабатты сыпайы, қазақы дәстүрді қатты ұстаған, қайырым шапағаты мол, кішіпейіл халық.

Осы өткен үш жылда көптеген азаматтармен сыйлас дәмдес болдым. Алдымызда алғашқы күннен сыйласқан Күнтуғанның, оның баласы Қаршығаның үйіне келе жатырмыз. Арал ауданы орталығында Комарова көшесі 13-ші үйде тұратын Сұлтанай (Сұлтаннияз) мен арал автобазасының бас инженері Аязбен, Жіңішке құмның «Атанши» бөлімшесінің меңгерушісі болған Әділмен сыйлас дәмдес болдым. Көптеген жақсылықтарын көрдім. Осында келіп кетіп жүргенде Жұмақ

деген қариядан жүйрік ақбоз айғыр, Күнтуған қариядан күрең қасқа жорға көргенмін.

Бірде аудан басшысы Сартай Жүнісұлы Омаровқа осы жақтағы жүйрік пен жорға жайлы айтқанмын. Сол сөзім өзіме сор болып сол аттарды алуға келе жатырмын.

Түс ауа Күнтуған қария үйіне жеттік. Құшақ жая қарсы алды. Керек болады-ау деген заттарында ала келгенмін. Мәз-майрам қуанып жатыр. Алла қаласа осы жазда оқуға кететінімді айтып енді келе алмаспын деп басына құндыз бөрік кигіздім. Бір жерлерде кідірsem оқырмын деп кітаптарымды да ала шыққанмын.

Жол үстіндеде бұл жерлерде де жас қаракөл марқаларды бауыздап терісін сыпырып жатыр. Қотанның маңы азан-қазан маңырап шулаған қой мен қозы. Мына көріністі көріп төбе шашың тік тұрады. Терісіне қызығып туғанына 2-3 күн болған бейкүнә төлді өлтіру кешірілмес күнәдай көрінеді маған.

Шай-су ішіп алғаннан кейін бұрын уәделесіп ақбоз атты алатын болып кеткен Жұмақ қарияға келдім. Ақбоз айғыр кермеде көзі танадай жарқырап, биелерге орқырап тұр. Жұмақ қария далада қарсы алды. Жүзі сынық, жабырқаулау көрдім. Үйге кіріп дастархан басында ат жайлы әңгімелестік. 500 шақырым жерден осы ат үшін келгенімді еңбегін лайықты төлейтінімді айттым.

Қария қарағым мен уәдеде тұра алмадым. Сенімен сөз байласқанда түрмеде отырған балам бар еді. Сол босап келді. Мен атты сататын болғанымды айтқанымда ерін бауырына алып тас-талқан болып тулады. Бұл атты сататындай не күн түсті басыңа – деп балам айтқанға көнбей, амалым құрып отыр қарағым деп күрсінді қария. Балаңмен сөйлесем қайтеді десем, ол жігіт ауылда жоқ болып шықты. Әрі отырып, бері отырып, салым суға кетіп салбырап Күнтуғанның үйіне қайтып келдім. Күнтуғанға болған жағдайды айтып арыздандым. Пайғамбар жасынан асқанда бұл иттің не қылғаны ай! Көнбейтін шығар, сенің көңілің үшін мен барып қайтайын деп Ғилман екеуі кеттіде біз үйде қалдық. Араға 2-3 сағат салып, долданып ашуланып, боқтанып Күнтуған келді.

Біраз отырып сабасына түскен соң Күнтуғаннан осы елде Жұмаққа сөзі өтетін ел ағасы барма деп сұрадым. 20 шақырымдай жерде елге сыйлы бір қария бар. Соған барып арыздансаң болар деді.

Уақытты өткізбей қарияны іздеп келдім. Жасы ұлғайған, келбеті келген парасатты кісі екен. Амандық саулықтан соң сонау Торғай облысының Аманкелді ауданынан осы қиын кезеңде ат үшін келгенімді, Жұмақ уәдеде тұрмай отырғанын айтып, көмектесуін сұрадым.

Қарағым меселің қайтпасын осы үйден күт мен барып қайтайын деді. Қисайып жатсам көзім ілігіп кеткен екен дауыстап сөйлеп қария келді. Атаңа нәлет Пайғамбар жасынан асқанда сақалды басымен уәдені бұзып деп. Ішім сезді шаруаның орындалмағанын. Олда жүйелеп айтпады, менде сұрамадым. Қарияны мазалағанымға кешірім сұрап қайта Күнтуған үйіне

келдік. Көңіл күй түсіп кетті. Ықылас жоқ. Кешкі ас үстінде Күнтуған сөз бастады.

Шөптібай сен бір ат ала-алмадым деп уайымға салынба. Жорғана өзімнің үйірге салып жүрген күрең жорға айғырымды беремін. Бензиннің жетсе Аралдың арғы жағындағы 300 шақырым қашықтықтағы «Құланды» жылқы зауытынан бір жүйрік алып беремін. Ол жерде таныстарым бар. Әрі түркіменнің ақалтекесімен қазақтың қарабайырынан шыққан жақсы жүйріктер бар. Сәті түссе барып аламыз. Ол жер осы арадан 450 шақырым 3-4 күн уақытың кетер деп бір сергітіп тастады.

Құландыға барып одан бір жүйрік алсақ, қарияны үйіне әкеліп қайыра Аралға одан Ырғызға, одан Торғай арқылы елге оралуды да жоспарладық.

Кеште арнаулы қонақасы берді. Жатарда Қаршыға болмай Торғайда «Подкурпой» деген бар деп арақ ішкізіп отыр. Көрпеді отырып табаныма қарасам екі табанымда қап-қара, аналардың табаныда қап-қара ұялғаннан тездетіп шұлықты киіп алдық. Әброй бергенде төсекке жұқпапты. Кешегі ыстық судың жиегіндегі қара батпақ. Таңертең тұрып табанымызды қарасақ ешқандай қара батпақтан із жоқ. Киелі сумен емдік батпақ денеге сіңетін болғаны. Таңертең ерте тұрып биік-биік шағыл құмдарға шығып, төңірекке көз салып тұрсам бір үйір жылқыны біреу мотоциклмен қуып келе жатқандай көрінді. Жақындай келе мотоцикл емес көк дөнен арындап шауып келе жатқан жылқыға тайпала жорғалап ауыздықпен алысып келеді екен. Ерен жүйрік жорға мал.

Таңертеңгі шай үстінде Күнтуғанға аға жылқыңыздың басы күрең жорғаны бермей-ақ анау көк дөненді берсеңіз жарар дедім. Қария әй! Оны қайдан көрдің деп ыршып түсті. Атай көрме, атай көрме. Ол немереме арнаған атым деп мені беттетпей жатыр. Әңгіме үстінде күрең жорғаны қалай баптау қажеттілігін үйрете бастады. Осы кезде есік ашылып ашаңдау бір жас жігіт сәлем беріп ішке кірді. Біздің ол жігітте назарымыз бола қоймады.

Күнтуған келген жігітті жақтырмаған мінез танытып әй неге келдің деді. Жігіт біраз қипақтап тұрып әкем атты беріп жіберді деді. Ат деген сөз құлағымызға шалынғанда ішіп отырған шайды тастап дастарханнан қарғыш бәріміз далаға жүгіре шықтық. Қолға түспей арман болған ақбоз айғыр танадай көзі жарқырап кермеде байлаулы тұр. Жүгіріп келіп айғырдың мойнынан құшақтап, сүйіп жатырмын. Қуанышымызда шек жоқ, мәз-мәйрам болдық. Жігітті ертіп дастархан басына қайта отырдық. Ат әкелген жігіт әңгімесін бастады. Жазықсыз жаламен үш жылдай түрмеде отырдым. Жылқыны жанымдай жақсы көремін. Әкем сізге сөз бергенін естігенде көрместей болып ренжіскен едім. Кеше кеште үйге келсем әкем бүктісіп жатып қалыпты. Шешемнен бұл кісіге не болды десем, сіздің келгеніңізді, атты сенен асып бере алмағанына қапа болып жатып қалғанын айтты. Әкемді оятты. Әкем қарағым пайғамбар жасынан асқанда сен мені бір «тай» үшін жерге қараттың, ағайынға әділдігі жоқ қарабет болдым деп дауысы дірілдеп шықты. Әке алдында қате

жібергенімді түсініп кешірім сұрадым. Егер еліне кетіп қалмаса анау Шөптібайға мына атты апарып бер. Тегін алсын. Мен уәдемде тұрмай ұят жасадым деп әкем атты жетектетіп жіберді деп ағынан жарылды.

Жұмақ қарияға алғысымызды жаудырып, жігітке үлкен түкті кілем, 1500 сом ақша, екі келі үнді шайын ұстатып үйіне қайтардық. Күнтуған ағаданда күрең жорға айғырды алып, сылап-сипап оғанда жоғарыдағыдай сый-сыйапат көрсеттік.

Шаруамыз шешіліп, көңіліміз орныққан соң ат жарату жайлы, әсіресе жорға малын жарату жайлы сөз қозғап, қолыма қалам дәптерімді алдым. Күнтуған қария көп жылдар ат жаратып, жорға қосып елге танымал болған адам.

Біздің жердің топырағы қатты болуына байланысты кемі 5-6 ай қай аттыда сол жерге үйрету қажеттігіне тоқталды. Әсіресе жылқының табанындағы мөрше құмда өскен жылқыда жұмсақ болады. Осы мөрше жерге үйреніп қатаюы керек. қатты шаппай әуелі аяңдап, желіп, шоқытып, атты қатты жерге қалыптастыру керек. жорғаны қатты жерде ердің артына екі қап құм салып үстіне салмақты үлкен адам отырып жорғалату керек. Ондағы мақсат жорға шоқытып шауып кетпеуі керек. құмды жерде артқы екі аяғын құм іліп, сүйретіліп отырады да жорғалауға қолайлы жағдай туады. Сондықтанда Арал құмында жорға көп болатынын ескертті. Әрі жорғаны жаратқанда аз қашықтықтан алыс қашықтыққа, ақырын шабыстан, қатты шабуға қалыптастыруды тапсырды.

Бір жорға бір жүйрікті алып оған қоса қаракөл қойдан тұқым болсын деп, әрі қызық көріп бір сұр еркек қозы, бір қара ұрғашы қозы алып елге қайттық. Жолдағы «Қарамола» бөлімшесіне келсек өзіміз көрген үш К-700 тракторыда, бір топ кеңшар орталығына баратын адамда сол ауылда. Жігіттер жиналып алып, арақ ішіп, қарт ойнап уақыт өткізуде. Жол жоқ деген сылтаумен алға жүргісі жоқ. сол бөлімшенің механигі Қуаныш атты азаматтың үйінде үш күн жаттық. Манағы жігіттерді үгіттеп төртінші күні өзіміз өткен «Тегенеге» келдік. «Тегене» өзені бастауын «Қарғалы-Қайдауылдан» алатын ұзындығы ұзын арнасы тар, су сақталмайтын өзен екен. Келсек тегененің суы тартылып асты ұйық батпақ болып қалған. К-700 жүргізушілері бос тракторды екпіндетіп келіп батпаққа салады. Қарқынымен келіп қарсы жарды сүзе тоқтайды. Ақыры сол жерді көлік өтпейтін жыраға айналдырды. Бір К-700 батпаққа қарқындап келіп батады, қалғаны зорға шығарып алады. Біз 30-ға жуық адам құр қызықтап, дәрменсіз тұрмыз. Бір егде кісіден осы өзеннің жоғарғы жағында өтетін жол, болмаса қолайлы жер барма деп сұрадым. Бұл жер суы тез кететін тоңқайма болуы мүмкін деді.

Біз өзенді жағалап алға түстік, қалғандары ерді. Жағалап 2-3 шақырым жүргеннен кейін асты кебу екі беті жар тарлау арнаға келдік. Түсіп көрсем жері қатқыл. Тек екі бетіде 1,5 метрдей тік жер. Тәуекел деп жарды ойпатқа құлата бастадық. Басқа жігіттерде көмектесті. Жарды құлатып болғансоң екі аттың құйрығын машинаның артқы бортына байлап машинаны, өзен табанындағы өткелге салдық. Машина қиналмай

алдымен жарды қопарып арғы бетке атып шықты. Басқа тракторларда астыңғы фарлары (шамы) мен жылыту жүйесін (подогревті) жұлып оларда өтті. Бізді «Шұқыркөлге» дейін жақындатып таста деген өтінішімізді тыңдамай үш трактор «Южный» кеңшарына біз «Шұқыркөлге» бет алдық. 100 шақырым жерді екі күнде жүріп Шұқыркөлге, одан өзіміздің Бисарыға, одан кеңшарды бөліп тұрған «Жыланшыққа» бас-аяғы 14 күн жүріп жеттік.

Келсек «Жыланшық өзені» қайтыңқырап қалған екен. Өзеннен техника өтпейді. Тек паром ғана бар. Аттарды суға салып, арғы бетке өткізейік десем, Серікбай ағамыз өмірі су көрмеген жылқы суға кетеді деп азарда, безер болды. Аттарды машина үстіне қалдырып, өзіміз пароммен өтіп үйге келдік. Кешке қарай ойнап жүрген балалар арғы беттегі аттар таласып жатқанын келіп айтты. Жүгіріп барсақ ақбоз айғырдың басы шешіліп кеткен. Күрең қасқа айғырды талаған. Ол байлаулы. Жанталасып қарғығанда алдыңғы борттың бұрышына қадап қойған ломға күрең айғыр алдыңғы қолтықтан қадалған. Не керек аттың қолтығын тігіп, екі атты суға салдық. Сыр етіп өте шықты. Ауданмен екі ортада судан өткел жоқ Серікбай үйде 15 күн жатып, екі атын алып ауданға кетті. Көршім Шменбай қария екі атты көріп қатты қызықты. Аудан басшысына шығып өзіне қалдырса келешекте жаратып бәйгеге қосатынын, мына аттар бірі жүйрік, бірі аса жорға екенін айтып өтініш жасап еді. Ақша берген «Қазақстан 40 жылдығы» кеңшары директоры Нұржанов Әбсалық өз беделі үшін келіспеді. Менің міндетім атты әкелу. Мен тапсырманы орындадым.

Аяғын асып қалған күрең қасқа жорға қатарға қосылмай пышаққа іліккен. Ақбоз айғырды барысымен 9 майдағы бәйгеге қосқан. Алда жалғыз келе жатқан ақбоз арғымақ зорманның ініне жалғыз қазыққа кездесіп жілігі үзіліп олда пышаққа іліккен. Кейін осы жағдайларды естіп еңбегімнің еш болғанына ішім удай ашыды. Әрі ана аттан оны тәрбиелеуден қабары жоқ ақымақтардың қырсығынан екі арғымақта өлді. Айтқанға көніп атпаз Шменбай қарияға бергенде алдымен екі айғырды таңдаулы көнек биеге қосып тұқым алатын еді. Сол тың тұқым келешекте ерен жүйрік болуы мүмкін еді. Малдың қадыр қасиетін, табиғатын, мінезін, баптауын, ұстауын тәрбиелеуін білмегендіктен талай жүйрік пен жорға пышаққа ілікті. Болмаса өзіміздің өңірденде талай жүйріктер: кешегі Есімсерінің қозы күреңі, Аманкелдінің ақ ауызы, Кейкінің ақбоз арғымағы, Бектеннің құласы, Айса ауылынан шыққан Бозжорғалар т.б. тұлпарлар шыққан өлке емеспе еді. Бүгінде сондай айтулы жылқы бар, бірақ оны танитын, табатын, баптайтын адам аз. Қожахметов Серікбай ағамызбен жол бойы сөйлескенде руым «Көтен» деп қалды. Қолайсыздау аталатын ру Сұнтай әулетінің бір баласы екен.

Осылай Қарақұмға бару сапар аяқталды. Ол жақтағы дос-жаран, сыйлас ағайынды анда-санда еске алып ойлап қоямын.

ҚОЛЫМДЫ МЕЗГІЛІНЕН КЕШ СЕРМЕДІМ

1980 жылдың 13-ші мамыр күні “Родник” кеңшарының “Боқай” бөлімшесінде өкілдікте жүргенімде Аманкелді аудандық атқару комитетінің төрағасы Ислямиев Нұрхан Абдолұлы телефон шалды. Тез Алматыға жетуің керек, 15 мамырда сағат 10 да Алматы Жоғары партия мектебінің қабылдау емтиханы басталады деп асықтырды.

Өткен наурыз айының 30-да оқуға баруға өтініш жазған болатынмын. Көп ойласуға уақыт тығыз, әрі менің жоғарғы оқу орнының іштей бөліміне соңғы мүмкіндігім. Үйге келе тездетіп дайындалып жолға шықтым. Қажет құжаттарымды, самолетке билетті Аудандық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі Әбілтаев Әбдіқадір Арқалық аэропортына жеткізетін болды. Түнделетіп аэропортқа келсем Әбекең тиісті құжаттар мен айлық қаражатымды әкелген екен. Сәт сапар тілеп шығарып салды. Алғашқы, әрі соңғы оқуға мектеп бітіргелі араға 17 жыл салып келе жатырмын.

Үміт пен үрей аралас. Үмітім түсу, үрейім өмір бойы ауылда өскен орыс тіліне шорқақтығым. Әрі артымда сүйеніш аз. Шешем пенсия алмайды. Әйелім жұмыста жоқ. Үйелмелі – сүйелмелі жеті бала бар. Оқуға бармасқа амал жоқ.

Іштей оқуға 34 жастан кейін қабылдамайды. Тәуекелдеп белді буып келе жатырмын. 1963 жылы оқу бітіріп, жаңа ашылған “Родник” кеңшарына барамыз деп Республикаға үндеу қабылдап кеңшарда құрлысшы боламыз деген үмітіміз ақталмады. Біздерді жас бала санап, кеңшар басшылары алмаған. Амалсыз Иманов кеңшарында қалып, өзен жағасынан пеш кірпіш құйып қыркүйек айына қарай тарап кеткенбіз. Содан бері сол кеңшарда құрлысшы, механизатор, жүргізуші, механик, комсорг, рабочком, селолық кеңес төрағасы болдым.

Арасында кеңес армиясы қатарында екі жыл болып келдім.

1966 жылы үйлендім, жеті баланың әкесімін. Жұбайым Нұржанова Әзиза жұмыссыз. Мектеп бітірген жылы оқуға барамын дегенде әкем қатты кейіп ренжіген еді. Сені 54 жасқа келгенде көрдім. Өмірде көрмеген бейнет, тартпаған азабым жоқ. Тілімді алсаң оқуыңды қойда үйлен. Өлерімнің шағында немере сүйейін. Егер тілімді алмасаң онда кетем деген жағыңа кете бер.

Беретін ұлықсатым жоқ, теріс батамды берем деп әкем кесіп айтқан. Әке сөзінен аттай алмай алғашқыда оқуға бармадым. Кейін балалы – шағалы болған соң бұрылуға мұрша болмады. Былтыр Ленинградтың жоғарғы кәсіподақ мектебіне оқуға арыз бергенде, менің орныма ауданнан Әбдіков Сейілбек кетті.

Осындай сан қыйлы ой үстінде Алматығада жеттік. Түнгі сағат төрт шамасы.

14 мамыр күні таңертең сағат 9-дан бастап дәрігерлік комиссиядан өткізді. 15 мамыр күні СССР тарихынан алғашқы қабылдау емтиханы

басталды. Емтиханға Рақым Қайыргельдин деген мұғалім кіретінін қиналсаң жағдайыңды қазақша айт деп бізден жоғары курста оқыйтын жігіттер ақыл айтқан. Алғашқы бестіктің бірі болып кірдім.

Билетте 1917 жылғы ақпан революциясы келді. Комиссия 4 адам үшеуі орыс, бірі қарасұрлау, шашы ұзын қазақ. Алды босаған сәтті пайдаланып алдына келдім. Сұраққа орысша жауап берген болып жатырмын. Ол кісі менің жеке деломды парактап қарап отыр. Бір кезде қай жерден келдің деп қазақша сұрады. Торғай облысы, Аманкелді ауданынан келдім дедім. О! Сарбаз екенсің ғой деді. Сосын неше балаң бар деп тосын сұрақ қойды. Екі қыз бес ұлым бар дедім. Бай жігіт екенсің ғой деп түнеріп кетті. Ол кісі қатты ойласып қалды. Сөзді әрі қарай жалғамай тұнжырап отырып, саған төрт қойсам болама дегені. Қуанып кеттім. Ағай үш қойсаңызда жарайды деп жатырмын. Іштен шыға есік сыртында менің тілеуімді тілеп тұрған жігіттерге қуана болған жағдайды айтып жатырмын. Ағайдың тұнжыраған себебі жалғыз ұлы студенттік құрлыс отрядында жүріп суға кетіпті. Әйелі орыс әулетінен екен.

Осылай екі емтихан тапсырып үшінші емтихан алдында ректоратқа қабылдауға шақырды. Үлкен кең залда ортада ректор, партком хатшысы төрт жылдық деканы әрі әрбір облыстың Орталық комитеттегі сенімді өкілдері (ол кезде 19 облыс болды) қатынасады екен.

Кезегім келгенде ішке кірдім. Торғай облысының өкілі ұмытпасам Темірбеков деген кісі екен.

Қабылдау керек деп Ұсыныс жасап жатқанда шетжақта отырған поликлиниканың бас дәрігері менің қан қысымым жоғары, әрі бүйрегім ауыратынын айтып, оқуға қабылдауға болмайды деп өз шешімін айтты. Дәрігердің айтқаны біз үшін заң деп ректор Батырбеков Оразбай өз шешімін айтты. Мен еш жерім ауырмайды, анализді кеше асығыс тапсырдым, әрі бұл жер таулы мүмкүн қан қысымы содан болар деп дәлелдеп жатырмын. Жарайды ертең анализдеріңді қайта тапсырда, соңғы емтиханға қатынас деп шығарды.

Ертеңіне сыртта оқуда жүрген жерлес Оташев Жұмағалиға дәрігерлік құжаттарымды қолына ұстатып анализдер тапсырттым. Өзім емтихан тапсырып шықтым. Түс ауа дәрігер шақырып алып сіз бізді алдап анализ тапсырдыңыз. Кәзір осы кабинетте қайта аламыз деп мені тығырыққа тіреді. Мен оқуға түспей кетсемде қайта тапсырмаймын. Таңертең тапсырдым неге қайта тапсыруым керек деп табан тіреп илікпедім. Алғашқыда сіздер қателестіндер деп жала жаптым.

Не керек осы айтыс – тартыспен оқуға қабылдандым.

Алматы Жоғары партия мектебінің төрт жылдық күндізгі бөліміне Қазақстан мен Қырғызстаннан 45 тыңдаушы қабылданды.

Жатақханаға бір орыс бір қазақтан жатқызу тәртібі бар екен. Мен Көкшетау облысының Еңбекшілдер аудандық партия комитетінің нұсқаушысы Володиямен бірге бірінші қабатта жаттым.

Володия жақсы азамат екен. Оқуға түскеннен кейін Әзікен менімен бірге келген. Оны больницаға қаратып, орталық хирургиялық больницада

“зобқа” операция жасады. Операция сәтті өтті. Осы Алматы жоғарғы партия мектебінде төрт жыл оқығанда жазған күнделігім бар. Мүмкіндік болса кейін таратып жазу ойымда бар. Алғашқы жыл оқу өте қын болды. Сыртқа шықпай өмірі ауылда өскен. Орыс тіліне шорқақтау адам үшін өте қиындық тудырды.

Сабақтың алғашқы 3 – 4 сағаты лекцияны жазумен, конспект көшірумен, әдеби, тарихи оқулықтар іздеумен кетеді. Күнделікті оқып одан қажет материалдар алу үшін 15 – 20 кітапты тіркеп береді. Көбінесе жоғарғы курс тыңдаушыларының дәптерінен көшіреміз. Олда көп уақыт алады. Оқитын кітап саны өте көп, бәрін оқу мүмкүнде емес. Біліп тұрған сөзінді орысша толық жеткізе алмайтын қазақша айтуға болмайтын заман еді ау. Орысша неге білмейсің деп ұрсатын. Осындай қиналыспен бірінші курсты жақсы аяқтадым. Жігіттер мен қыздар асығып елге қайтып жатыр. Мен өзіме сабақ берген ұстаздарыма соғып бір жыл берген білімі мен тәрбиесіне рахмет айттым. Ең соңында төрт жылдық бөлімнің деканы фамилиялас ағай Байделдинов Лайық Әмірұлына кірдім.

Бұл кісі Қостанай облысы Қамысты ауданы азаматы, жерлес. Әкесі көп жылдар Қостанай облыстық партия комитетінде қызмет атқарған. Жеңгеміз Галина Константиновна орыс. Әкесі Забайкал әскери округінің қолбасшысы болып тұрғанда 1938 жылы атылған, генерал – полковник болған. ҚазПИ-де сабақ береді. Бақыт, Дәулет атты екі ұлы, немерелері бар. Олардың әйелдері де, ұлдарыда орыс. Ағай қазақша өте жақсы сөйлейтін, байсалды, сауатты, парасатты, кішіпейіл адам.

Ол кісігеде алғысымды айтып жатырмын. Сөз арасында ағай елге қыдырып келмейсізбе деп қалдым.

Ағай бір кезде артына бұрылып сен қай жерде тұрасың, картадан көрсетші деп үлкен СССР-дің физикалық картасын нұсқады.

Мен Торғай облысы, Аманкелді ауданы, “Родник” кеңшарында тұратынымды. Жол жағдайы мен қашықтығын айттым. Біраз ойласып отырып Әй! Мен осы Торғайда болмаппын. Басқа облыста 2 – 3-тен болдым. Барамын, адресінді, телефоныңды қалдыр деді. Мен адрес пен телефонымды бердім.

Жататын бөлмеме келіп жалғыз өзім жатып – тұрып кейіін. Ой !ақмақ басым. Не деп елге шақырдым. Қу даладан басқа ешнәрсе жоқ жерге қалай барады, кім қарсы алады, көлік қайда? Әйтеуір ойлаған сайын санамды үрей биледі.

Ұят болатын болды – ау деп қиналдым. Осылай ой үстінде отырып бұрыннан сыйлас, әрі ағам, әрі досым аудандық атқару комитетінің төрағасы Ислямиев Нұрхан Абдолұлына телефон шалып, осылай да осылай деп жатырмын. Ол кісі менің шақырғанымды құптап, ешнәрсеге алаңдама, ол кісі барша Қазақстанға танымал сенсізде оның шашбауын көтеріп қарсы алатын адам жетерлік. Бір обкомның өзіндегі қызметкердің 70 – 80 % осы кісілердің алдынан өткен. Алдымен солар жүгіреді деп менің жүрегімді орнына түсірді. Қайтарда Арқалықтағы Торғай облыстық партия комитеті ұйымдастыру бөлімінің бастығы Аманкелді Дүйсенбаевқа

соғып ол кісі келетінін және аралауға көлік қажет болатынын ескерт. Лайық сәлем айтты деп айт деді. Мен ұят болмайма десем, ұят болмайды, ол оған қайта телефон шалып сұрауға тиіс емес деді. Мен солай істедім. Ол кісіні машина күтіп алатын болды.

Арқалыққа соғып, аудан арқылы үйге келдім. Аудан басшылары мен кеңшар басшыларына үлкен құрметті қонақ келетінін ескерттім.

Ол кісі Алматы Жоғары партия мектебінің күндізгі төрт жылдық бөлімінің деканы, әрі Қазақстан Компартиясының лекторы облыстарға шығып, партия саясатын насихаттайтын беделді адам.

Үйдің ішінде ойда жоқта қонақ келеді деп әлекке түсті. Кеңшар басшыларыда етек жеңін жинай бастады. Ол кісі келсе облыс, аудан басшылары қоса келмек. Маған айтпағанмен іштей жақтырмай жүргенін сезем.

Менің ол кісіні елге шақырған ойласпай айтқан ақкөңілдігім өзім үшінде, өзге үшінде әбігер болды. Қалайда жақсы қарсы алу керек. Ол кезде қажет заттар ауылдан табыла қоймайды. Сол қинап тұр. Арада 3 – 4 күн өткенде аудандық атқару комитетінің төрағасы Ислямиев Нұрхан телефон шалды. Ауданға кел, аған Арқалыққа келді деді. “Родник” кеңшары мен аудан аралығына тұрақты АН – 2 ұшағы қатынайды. Кейде адам көп болса 2, кейде 3 – рет келеді.

Алыстағы “Бисары” бөлімшесіне почта мен адам апарады. Ауру – сырқаулар ауданға самолетпен жетеді. Ауданға келдім. Нұрхан күтіп тұр екен.

Арқалықтан қарсы алуға өзінің қызметтік “Волгасын” дайындап қойған. Бірталай отырып, қонақты қалай қарсы алу жөнінде, қайда апару, қандай көрікті, тарихи жерлерді аралату жөнінде жоспар жасадық. Қонақтың келуіне аудан басшылары ынталы. Мен бұл басшылардың осылай ынталы болуын басында түсінбегем. Кейін ойлап отырсам бұл кісі арқылы Алматы Жоғары партия мектебіне жол ашылады екен. Сол мүмкүндік өз аяғымен келіп тұр. Осылай әңгімелесіп отырғанда Лайық ағай өзі телефон шалды. Алдымен Нұрханмен кейін менімен сөйлесті.

Шөптібай сен сол ауданнан күт мені, мына жерде алдымнан оқыған шәкірттерім жіберер емес, облыстан жанымда жолсерігім астымда көлігім бар, алаң болмандар өзім барамын деді.

Екі күннен кейін Лайық ағай келді. Құрметті қонақты Аманкелді аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Омаров Сартай Жүнісұлы, аудандық атқару комитетінің төрағасы Ислямиев Нұрхан Абдолұлы және аудан басшылары қарсы алды.

Бірінші хатшы кабинетіне шақырып ауданның тыныс – тіршілігімен келген қонақты таныстырды.

Лайық ағайдың жанында Торғай облыстық лекторлар кеңесінің төрағасы Жәмалиев Өзбекқали бар. Торғай облыстық партия комитеті ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі Дүйсенбаев Аманкелді қонаққа өзінің қызметтік 009 – номерлі қара волгасын берген. Жүргізушісі Құмкешулік ақын Байқосынов Қабден ағайдың баласы Мағауия.

Келген қонақ алдымен Аманкелді Имановтың тарихи мұражайын, аудандық “Тың тұлғасы” кинотеатры алдындағы Аманкелді ескерткішін, Сатыбалды Ишан кесенесін, аудандық мәдениет үйін, т.б орындарды аралап аудан халқының тұрмыс тіршілігімен танысты.

Алматылық қонаққа аудан басшыларынан Ислямиев Нұрхан ерді. Түс ауа Иманов кеңшарын аралап, Үрпек ауылындағы тарихи музей Аманкелді Имановтың штаб квартирасын, Бектепберген ұстанын (Аманкелдінің ағасы) ұстаханасын, мәдени орындарды көріп кеңшар басшысы Едресов Шайзададан қонақасы ішіп Торғай өзенінің көрікті жері Сейтен өткеліне барып суға түсіп демалдық.

Кеште Нұрхан Абдолұлының үйінен қонақасы ішіп сол үйде дем алдық. Лайық ағай орысша – қазашаға өте жетік адам. Қазақша сөйлегенде орысша қоспай, баяу қоңыр дауыспен әңгімені бір қалыпты айтады. Ой өрісі кең оқығаны көргені көп ғалым адамды тыңдай бергің келеді. Түннің бір уағына дейін әңгіме дүкен құрдық.

Келесі күні “Родник” кеңшарына біздің үйге бару жоспарланған. Таңертеңгі астан кейін Лайық ағай қарағым Шөптібай! Сен ренжімесен мен Сіздің үйге бармай осы жерден Жанкелді, одан Қамысты ауданына бару ойымда бар. Сен менімен бірге жүр. Дәм жазса тағы келгенде соғармын. Жол қашық, күн ыстық содан қаймығып отырмын деді. Біржағынан бармағанына қуандым.

Бір тал өспеген қуаң далаға апару ұят көрінді, бір жағынан босада келген соң барса деп тіледім. Ағаймен келістім. Үйге бара алмайтынымды хабарладым.

Сол күні түске қарай тас жолмен Аманкелді ауданының “Абай” кеңшарына шықтық. Жол бойы қаптаған үлкен көк шегіртке, көптігі сондай кей жерлерде машинаны тайдырады. Құмкешуге таяу жерде кеңшар басшысы Шаяхметов Зейнолла қарсы алды. Құмкешу ауылын аралап ас су ішіп суға түсіп дем алып Жанкелдин ауданына шықтық. Екі Волгада Лайық Әмірұлы, Өзбекқали Жәмәлиев, мен және Нұрхан Абдолұлы Ислямиев.

Тоқанайға таяу шекарадан Жанкелдин аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Айсин Мұхаметқали, екінші хатшы Әуелбеков, атқару комитетінің төрағасы Кеңес Аманович Аубакиров, Албарбөгет кеңшары басшысы Қосабаев Жақан қарсы алды. Албарбөгетке соқпай әрі қарай өтіп “Сужарған” деген қалың шабыны бар “Торғай” өзені жағасына келдік.

Қалың талы бар, жайқалған жасыл шабындықтың өзенге тірелген жағасына 8 қанат ақбоз кигіз үйді тіккен. Бұл үйдің сүйегін көршілес Қызылорданың Арал ауданынан әкеліп уықтарын ұзартып, кигізін ақмарқаның жүнінен жаңадан басқан. Маңайы тап – таза. Анадая жерде байлаулы қасқырдың күшігі, тірі түлкі тұр. Үйдің іргесіне тірі үкіні байлап, отырғызып қойған.

Үйдің сыртын дөдегелеп, үлкен жалпақ түкті басқұрлармен таңғыштармен тартқан. Ақ кигізге сарғыш қоңыр оюларды шалып тіккен. Өте сәнді жарасымды. Әйел атаулы көрінбейді. Барлығыда ер азаматтар.

Әріректе алыста электродвижок дырылдап үйге жарық беріп тұр. Оңашалау жерде ас үй, өзен жағасында таза қиыршық құм, камералар, қайықтар тұр байлаулы. Үйге кірмей өзенге беттедік. Шешініп суға түсіп салқындап, ыстық таза құмға жайғастық. Ыңғайлы жігіттер оюлы ағаш тостағанмен дамылсыз қымыз, шұбат, айран, сұйық тары көже тасуда. Қалағанынды іш. Қайықтың жанына барсам жағада көзі тасырайып 4 – 5 үлкен шортан тұр судан жон арқасын шығарып. Аулатып тірідей байлатып қойған. Ұзындығы метрден артық. Оңашада Лайық ағайға көрген шортандарымды айттым. Ол кісі көріп таң қалды. Мынандай үлкен шортан көрмеген екен. Далада бір сағаттай суға түсіп, күнге қыздырынып үйге кірдік. Үйдің іші музей дерсің. Төрде қабат – қабат оюлы төсек көрпе, шілтерлі жастық, оюлы дөңгелек аласа столдар, жағалай қалы кілем, оюлы сырмақтар ілген. Керегенің бастарына Қасқырдың, Түлкінің, Күзеннің, Қаракөлдің терілері мен одан жасалған ішіктер, Бүркіттің, Үкінің, Тұрымтайдың, Қаршығаның, Ителгінің қатырған денелері мен қанат, тырнақтары, қазақы ер – тұрман, күмістелген құрал – саймандар қойылған. Төбеден салбыраған неше алуан шашақтар, түкті оюлы басқұр, оюлы тықыр желбаулары, оюлы шаңырақ, одан төмен салбыраған бау – шу, кереге басына тартылған шошақты түкті белдік бәрі – бәрі үйге ерекше сән – салтанат беріп тұр.

Төрде оюлы жүк аяғымен сандық, кебеже, асадалдар, босағада оюлы күбімен, батырып ойылған саба, торсықтар көздің жауын алады. Іргені бір қарыстай жағалай түріп қойған жанға жайлы самал жел соғып тұр. Осындай ғажайып көрініс ата – бабаларымыздың ертедегі тыныс – тіршілігін көз алдына елестетеді. Бір ызыңдаған маса жоқ. Шамасы алдын ала улаған болу керек.

Төрге Лайық ағай жайғасты. Әдеп сақтап босаға жақтан орын алған мені болмай жанына шақырып алды. Сенің орның осы, осы жерден қозғалмадеп ескертіп қойды. Тілек кезегіде ағайдан кейін маған келетін болды. Қанша ыңғайсыздансамда қолпаштап қошеметтеп мерейімді өсірді. Әрі мені мына кісінің інісі деп ойлайма деймін. Ол кісінің фамилиясы Байдельдинов, ұқсас.

Қонақтар шөлдеп келді деп балық қуырып шәй әкелді. Арасында қымыз, шұбаты келіп жатыр. Көп ұзамай үстімізге Арқалықтан қонақтар келді. Торғай облыстық партия комитетінің хатшысы Жаманқұлов Жолдаскәрім және жерлесіміз Сағындық Сатыбалдин. Бұл кісі Алматыда халық шаруашылығы институтында экономика кафедрасының меңгерушісі. Ғылым докторы, профессор, академик.

Торғай облысына арнаулы ізсапармен институтқа студенттер қабылдайтын комиссияға (Арқалықтағы) төраға болып келген. Торғай азаматтары осынша дайындық жасап екі қоянды, бір оқпен атайын деп отыр.

Осы Сағындық Сатыбалдин ағамызбен кейін 2 – 3 рет кездесіп дәмдес болдым. Кезінде күрестен Орта Азия чемпионы болған, ғылым докторлығын Америкада ағылшын тілінде қорғаған өте сауатты азамат.

Бүгінде (2010ж) Алматыдағы КИМЕП – те (бұрынғы Алматы жоғары партия мектебі) сабақ береді. Лайық Әмірұлы Байдельдинов ағамызда ғылым докторы, профессор, академик Эль – Фараби Университетінде дәріс береді (2010ж).

Өте бір таңғажайып көрінісі бар, тамаша дәстүрі мен салты бар, неше алуан өнерлі жастары оның ән мен күйі, биі бар өте тартымды тамаша таңқаларлық отырыс болды. Түнгі сағат 3 – те Жақан Қосабаев Албарбөгеттегі үйіне әкелді. Кең сарай үй. Қонақасы ішіп, іргесіндегі арнайы салдырған қонақ үйге келіп дем алдық. Қонақ үйдің ішінде қазақы дәстүрмен сәнді безендірген. Ағаңа қажет сусынды мынадан аларсың деп тоңазытқышты ашып ақырын сыбырлайды жігіттер.

Іші толған сан – алуан арақ – шарап, неше түрлі мен көрмеген сусындар.

Ол жерден сағат 8 – де шай ішіп 60 шақырым жердегі Жанкелдин ауданы орталығы Торғай қаласына келдік. Райкомның үйінде бірінші хатшы Айсин Мұханбетқали қарсы алып, кабинетіне бастады.

Ауданның қол жеткен табысы мен жетістігіне, қиыншылықтарына тоқталып бір сағаттай әңгіме дүкен құрды.

Келген қонақтан аудан активтеріне лекция оқып беруін сұрады. Ол кісі орыс тілінде оқуға келісті. Үлкен ғимараттың шығыс бетінде кең еңселі жиын өтетін залға өттік.

Президиумға Лайықты және мені шақырды. Мені жерлесіміз Алматы жоғары партия мектебінің тыңдаушысы деп таныстырды.

Лайық Әмірұлы бір сағаттай лекция оқып, тыңдаушылар сұрағына жауап берді.

Айсин бізді ішіндегі асханаға бастады.

Тарихи Торғай қаласы.

Бұрын Торғай үйезі, кейін облыс атағын алған киелі жер.

Торғай үйезіне Қостанай, Елек, Ырғыз, Ақтөбе қараған. Алғаш мектепте осы жерде ашылған. Тұңғыш орыс мектебінде осында. Торғай қаласында (аудан орталығы) Нұрхан Ахметбеков, Ыбырай Алтынсарин, Әліби Жанкелдин Мұражайлары бар. Соларды, 1916 жылғы тарихи жерлерді аралатып көрсетті. Әңгіме арасында төкпе ақын Назарбек Бектемісовтің “Хан мен Жалау” атты Қазақстан мен Ресейдің қосылғанына 250 жыл толуына орай Әбілхайыр ханға арнап жазған поэмасы, ондағы “Хан” атты жер сөз болды. Лайық ағай маған ол жерге қалай баруға болады деп ескертті. Мен қасымызда жүрген жігіттерге ана кісі өтінішін айтқан едім, арада 2 сағат өткенде “Ханға” ұшатын ұшақ дайын болды. Ұйымы мықты, бірлігі нық Торғай азаматтары айтқан істі уақтылы тианақты атқарды. Жолбасшы болып екінші хатшы Уәли Әуелбеков, газеттен азаматтар ерді. Торғайдан 90 шақырым Өлкейік қабырғаның бойындағы үлкен қорымға жарты сағатта ұшып жетіп, қорымды нақтылап көрсін деген мақсатпен үстінен бірнеше айналды. Көлемі өте үлкен қорым. Солтүстіктен оңтүстікке аққан “Өлкейік қабырғаның” доға тәрізді иірім қолтығында өзеннің батыс бетінде жатыр.

Қорымды аралап Әбілхайырхан жерленді деген үлкен обаға тоқтадық. Обаның етегінде Ұзындығы 2, 5 метрдей қалыңдығы 20, ені 40 – 45 см – дей ұзын үстін тұтас мүк басқан ескерткіш тас жатыр. Жазуы көрінбейді. Біздің алдымызда Әбіш Кекілбаев, Ақселеу Сейдімбеков бастаған зерттеуші топ келіп кетіпті.

Осы жерде кіші жүз ханы Әбілхайырды Барақ сұлтан қылышпен атымен қоса шауып өлтірді деген дерек бар.

Қорым көлемі өте үлкен. Арасында үлкен обаларда, шағын обаларда бар. Әр жерде қалың мрамордың жиектерін әсем оюлап аят жазған құлпы тастар өте көп. Көлемі ұзындығы елу, ені 30, қалыңдығы 20 см – дей үлкен саман кесекке ұқсас. Соның әрбір қырына өте сәнді оюды қашап безендірген. Мен осындай құлыптасты еш жерден көрмедім. Әрі мраморды қайдан әкелді деген сұрақ туады.

Әбілхайыр ханның жатқан жеріне үлкен ағаш өсіп ол кейін өртке шалдығып тек азғана талы ғана қалған.

Осы шығанақ Торғай мен Ақтөбені бөліп тұр. Қорым Ақтөбе жерінде. Бұл жерде Қазақтар мен Қалмақтар арасында үлкен қанды шайқас болып сол соғыста өлген адамдар жерленген жер. Зерттеуді қажет ететін тарихи құндылығы жоғары аймақ.

Торғай ауданын (Жанкелдин) үш күн аралап, төртінші күні ұшақпен Қостанай жақтағы алыс кеңшар “Юбилейный” ға ұштық. Ислямиев Нұрханмен Жәмәлиев Өзбекқали Торғайда бір күн болып ұлықсат сұрап кейін еліне кеткен. Басшымыз аудандық партия комитетінің екінші хатшысы Уәли Әуелбеков. Ұшақ ішінде қан қысымы көтеріліп зорға келді. Ауырады екен. Біреулер ұшақты көтере алмай басы айналып құсып жатса менің ұшқан сайын жаным жайлана береді. Қобалжу дегенді білмеймін. Бұл да Ұлы Жаратушының жақсылығы шығар. Ауыл сыртында ұшақтан кеңшар директоры Қасымов Марат, партком хатшысы Алматыв Орекен қарсы алды. Көлікке отырғызып батыс бетте үлкен бұлақтың басына әкелді. Бұлақ басы толған қолында домбыра, сырнай – кернейі бар қызыл – жасыл киінген жастар.

Далаға көгалдың үстіне кілем төсеп, көрпе жастық қойған. Шәй қайнап, ет асылып, қымыз сапырылып, балығы қуырылып, бауырсағы пісіп жатыр. Алматыдан сыйлы қонақ келеді деп мәдени шара ұйымдастырған. Қасымов Марат ағаны комсомол жұмысынан білемін. Орекенді мәдени шаралар басынан жиі көретінмін.

Екеуіде бірінен - бір өткен өнерлі. Қосылып әнді қалай салады. Арасында менде әу – деп қоямын.

Лайық ағамыз елден шыққалы Торғай азаматтарының адал ықылас, шын пейіл, құрмет ізеттерін көріп таңданып, таңырқанып келеді. Бірінен бірі өнері мен сый – құрметін асырып қонақты алақанға салып елдің жердің дәстүрін, салтын, тыныс – тіршілігін, мәдениетін, елдігін адамға деген құрмет, қонаққа деген ыстық ықылас ілтипатты көріп марқайып келеді. Шетінен өнерпаз жастар бірінен соң бірі қонаққа арнап ән шығарды, күй тартты.

Бейне бір үлкен жарыс үстінде отырғандай, жауапкершілікпен ілтипатпен қызмет көрсетеді.

“Юбилейный” кеңшары астығы мол, малы көп, шаруашылығы алға басқан жер екен. Орта мектеп ғимаратын, клубын кеңсесін, кітапхана, дәрігерлік пункттерін аралап көрді.

Кеште Орекен ағаның үйінен арнаулы қонақасы беріліп, ауылдың игі жақсылары жиналды. Елдің – жердің тарихынан неше алуан әңгіме айтқан Орекең ауыздыға сөз бермеді. Лайық ағамыздың әкесі Ұлы Отан соғысы кезінде Қостанай обкомында қызмет атқарған екен. Бүгінде Қамысты ауданы орталығында зейнетте әрі денсаулығы сыр берсе керек.

Әңгіме арасында Торғайдың тарысы мен балығының арқасында күн көрдік деп ағай сол кезеңнің қиыншылығына тоқталды. Байсалды, салмақты, парасатты азамат елдің тыныс тіршілігі жайлы, халықаралық деңгейдегі саяси әңгімелерден жүйелеп ой тастап отырды.

Келесі күні кеңшар орталығын тамашалап Мараттың отбасымен таныстық. Марат ағамыз аңқылдаған ақкөңіл азамат. Осындай азаматтармен тізе қосып қызмет атқаруда бір ғанибет.

Кештете Қостанай бағытына қарай жолға шықтық. Алдымыз қалың егін. Күн еңкейе Бестау ауылына таяу маңдағы Торғай – Қостанай облысы шекарасындағы қалың егін жайдың жиегіне тоқтадық.

Кешке таза ауада Орекең мен Марат домбырамен “Туған ел” атты өлеңді орындағанда Лайық ағай көзіне жас алып толқыды. Мен Торғай халқын осынша өнерлі, талантты, дарынды, қонақжай деп білмейді екем. Менің көзімді мынау Шөптібай ашты, азаматтарға ризамын деп шын ниетін білдірді. Біз кері қайттық. Лайық директордың машинасымен Қамысты ауданына кетті.

Ертеңіне Марат самолетке шығарып салып ұшқыштың қолына “доверенность” берді. Мені “Родник” кеңшарына жеткіз деп.

“Юбилейныйдан” Торғай одан “Родник” келіп қонды. Үйде тамыз айының аяғына дейін дем алып оқуға Алматыға келдім.

Жылдағы қалыптасқан әдет бойынша 1-ші қыркүйек күні партия мектебі қабырғасында сабақ болмайды. Тыңдаушыларды жинап, түгендеп олардың жағдайымен отбасы жайын сұрап, арыз – шағымдарын тыңдап хал – жағдай білетін күн. Сол әдетімен Лайық ағай 203 – ші аудиторияға бізді жинады. Соңғы отырған тыңдаушыдан бастап алдағы бізге дейін аралап, жағдайларын сұрап, ең соңында менің жаным келіп оң қолым иығыма қойып жазғы демалыста Торғай облысына барғанын тыңдаушыларға бір сағаттан артық жыр ғылып айтты. Торғай халқының Республикада алатын орны, тарихы мен мәдениетіне, қайраткерлеріне, тарихи тұлғалары мен ақын – жазушыларына жері мен суына, халқының дархандығы мен береке бірлігіне, қонақжайлығы мен ерекше дәстүріне, ұлттық ерекшеліктері мен азаматтардың іскерлігіне өте риза екенін тамсана еске алды. Арасында осы Шөптібайдың Торғай өлкесін көруге шақыруының арқасында неше ғажайыпты көрдім деп менің мерейімді өсірді. Бұл кісінің сөзі маған үлкен аброй бедел әрі зор жауапкершілік

жүктеді. Алматы Жоғары партия мектебінің ректоры Батырбеков Оразай Батырбекұлы Жезқазған облысы Ұлытау ауданының азаматы, әрі мен тұрған Рахмет аулына яғни Рахметтің ағасы Ахметке жиен. Найманның Бабас әулетінен шыққан азамат. Маған анда санда кездескенде нағашы деп әзілдеп қоятын.

Осы таныстықтың көп пайдасы өзімеде, қатар жүрген сыйлас достарымада тиді. Сол жылы Алматы Жоғары партия мектебінің сырттай бөліміне Ислямиев Нұрхан мен Қасымов Марат қабылданды. Тіпті Марат кеңшар директорлығынан барды. Ол кезде бұл категория ол оқуға қабылданбайтын.

Алматы Жоғары партия мектебінің екінші курсына жүргенде кенжем Қайрат 10 сәуір 1982 жылы өмірге келді. Косманавтика күніне орайластырып туған күнін 12 сәуір деп жаздырдым. Осы партия мектебі тарихында 1946 жылдан бері сегіз баламен іштей оқыған бірден – бір адам мен болдым. Қырғызстаннан келген бір қазақ сырттай оқуға 9 баламен түсіп, 10 баламен бітірген екен.

Мен 1984 жылы 38 жасымда 29 маусымда оқуды бітіріп, Қазақстан компартиясы секретары Тұрысов Қаратайдың қолынан диплом алдым. Диплом алу кешіне елден Әзікен, Құсей, Қазыкен келді.

1984 – 1988 жылдары Аманкелді ауданы Крупская атындағы кеңшарда, 1988 – 1991 жылдары Абай атындағы кеңшарда партком хатшысы болып қызмет атқардым.

Осы кезеңде Аманкелді аудандық партия комиететінің бюро мүшесі, Қазақстан Компартиясының 19 – съезіне делегат, әрі Орталық комитеттің пленум мүшесі, Қазақстан Социалистік партиясының 20 – шы съезіне делегат болдым.

Лайық Әмірұлы Байделдинов ағай 1991 жылы елге келіп отбасыммен танысып қайтты.

Қолға түспей тарығып оқыған оқу тағдыры осылай болды.

Қолымды мезгілінен кеш сермедім.

ТОЙЫҢ ТОЙҒА ҰЛАССЫН! ДЕГЕНМЕН...

«Қостанай таңы» газетінде 2008 жылдың 22 тамызында жарық көрген Хабыштай Жәкеновтың «Той ма, топыр ма» атты мақаласы көңілде жүрген көп түйіткілді қозғап, қолыма қалам алғызды.

Дархан халқымыз жиған тергенін тойға, қонағына шашқан. Бүгінде тойдың саны бұрынғыдан көбейді. «Қыз ұзату», «Келін түсіру», «Мерейтой», «Сүндет той», «1-сыныпқа бару», «Сыныпты бітіру», «Диплом алу», «Машина алу», «Күміс той», «Алтын той», т.б.

Жағдайы келіп, мүмкіндігі барлар осы тойлардың бірін атаусыз жібермейді. Ал керісінше тойдың кезеңдері келгенімен өткізе алмай

киналатын отбасылар қаншама. Әрине тойды шектеу қажет деген пікірден аулақпын. Лайым, әр отбасында той болсын. Бірақ әркім өз шама шарқына қарай шашылса, орынсыз шығынға барып, қарызға батпаса деген ұсыныс. Бүгінде аяғыңды аттап бассаң ақшалы. Той залы ақшалы, той басқару ақшалы, музыкасына дейін ақшалы.

Тіпті ортаға шығып өнер көрсеткен жас балаға ақша ұстату, билеген қыздардың ашық төсі мен ышқырына ақша қыстыру етек алды.

Тойдың жақсы өтуін үй иесі бір тілесе, барған ағайын да осы тілекте. Өкінішке қарай уақтылы жиналмау, өзін сыйламағанымен өзгені сыйлау мәдениеті төмен. Тіпті осы тойға келе ме, келмей ме той иесіне ескерту жасау да кеміс.

Тойда қазақы дәстүр сақтала бермейді. Жаңа түскен келін мен бозбалаға төгілдіріп ұлттық киім кигізіп қойса, той иелері де ұлттық бір киер киіммен шықса қандай жарасымды болмақ. Бетін жаңа ашып, танымайтын ортаға алғаш қадам жасап жатқан келінге шарап құйып бокал ұсыну, алғашқы тойдың «біссімилләсін» шараптан бастау өте лайықсыз дәстүр. Бүкіл жұртты иіріп қойып ата-енесі алдында ұл мен келіннің шарап көтеруі, тойдың аяғында ортаға үлкен торт әкеліп жан-жағына қойылған шырақты үрлеп өшіру дәл өз басыма ұнамайды.

Шырағыңды өшірме демеуші ме еді аталарымыз. Тойда ыдыс сындыруда лайықсыз көрінеді.

Тойда бір сарын жаттанды сөзді той бастаушы асаба отырған жұрттың құлағын тұншықтыратын музыкамен әрлеп есіңді шығарады. Өзі айтып жаны қиналмайтын темірді қосып қойғасын асаба мен музыкант есебі түгел.

Бүгінде тойдан рухани нәр алудың орнына жүйкең тозып, аяғыңда әрең шыдайсың. Себебі: бұрынғы домбырамыен, баянмен айтылатын әсем ән, күмбірлеген күй жоқ. Ән айтыс, күй тартыс, би сайысы қалып барады.

Той басқарған асаба сөз береді. Ері, әйелі тіпті баласы қоса шығып ұзын сонар сөз сөйлейді.

Не әкелгенін, ол заттың қай елден шыққанын мақтап айтады. Әкелген затты көрсетіп жарнамасын беру де лайықсыз көрінеді. Заттың құнын ақшалай берсе, той иесі біраз шығынын жапқан да болар еді. Қазір тойға жүзден кем адам шақырылмайды. Осының бәрі сөйлегенде тойдың мәдени бөліміне уақыт қалып та жарытпайды. Сондықтан тойдың 8-10 сағатқа созылып мезі етері анық. Жиналған ағайын арасынан туыстарынан, нағашыларынан, жиендерінен, т.б. жақындардан бір-бір адам сөйлеп, уақыттың көбі тартымды өнер сайысына берілсе келген қонақ бір демалып қайтар еді. Тойдың жақсы өтуі асабаға байланысты. Асаба өзі араққа тойып алмайтын, сауатты болуы шарт. Тойға келген қонақ пен той иесі арасындағы жақындықты жеткізе білетін сезімтал болуы қажет Тост беруді ұтқыр, ұтымды даналық сөздермен әрлеп, жұртты мезі етпейтін болуы керек. Тіпті кейде жиіркеніш тудыратын жиналған ортаға лайықсыз әңгіме айту да қажет емес.

Дана халқымызда неше алуан жарасымды әзіл-қалжың болған. Соларды жаттап орнын тауып айта білу керек көпшілікке.

Арақсыз өткен тойларды көріп риза болып жүрміз. Алғашқы отырыста (етте) арақ құйылмай, үзіліс кезінде үлкен кісілерге жеке шәй беріліп, жастар билеп жатса, үйге ерте қайтам деген кісілерге ұлықсат берілсе ұнамды болған болар еді.

Ертеректе үйленген жастарға ән арнап тілек жазатын альбом дайындалып, арнайы бұрышқа қойып жиналған ағайын ақ тілегін жазып қалдыратын.

Жас отау иелеріне үйдің ішкі заттарын сыйға ұсынғаннан неше алуан ғибратты сөзі бар өмірлік мұра, естелік болатын кітапқа тілек жазып сыйласа нұр үстіне нұр болар еді. Ырымдап болашақ балаға қамшы, бесік, жөргек, ойыншық ұсынып жатса артық па?

Сейіт ағамыз айтып еді, біздің Торғайда 600 шапан айналымда (оборотта) жүр деп. Сол сияқты тойға жас жұбайларға сыйлайтын зат айналымға түспейтіндей болса жақсы болған болар еді.

Кейде отырып ойлаймын. Шіркін-ай тойға орынсыз кеткен екі жақтың шығыны мен ағайын-туыстың көрсеткен ықыласын жинап жастарға баспана әперсе ғой деп. Тойды қалай өткізу әркімнің өз ықтияры, оған дау жоқ.

Қазір екі жақтың құдалары тойда бас қосады, құда түсіп, құйрық бауыр жеп, тойдың алдында үлгермеген кәде-құрметтерін тойдан кейін жалғап жатады. Бұл өте жақсы құптарлық дәстүр.

Хабыштай бауырымыз көтерген тойды өткерудегі кемшілік өте орынды айтылған. Оқырман қауым жасаған ұсынысымыздың пайдалысын алар, пайдасызын алмас деген ойдамын.

ӨНЕР КӨРМЕСІ СӘТТІ ӨТТІ


Астана күні қарсаңында Қостанай қаласында өткен өнер байқауына Арқалық қаласынан барған ұлттық оркестр, әнші, күйші, бишілер өз өнерімен қала халқын таң қалдырып, жүлделі екінші орынды иемденіп келсе, екінші кезеңде “Қостанай арбаты” фестиваліне қатынасқан қолөнер шеберлері өз қолдарынан шыққан өнер туындаларын ашық алаңда көпшілік назарына ұсынды. Көпшілі қауым ұлттық өнеріміздің алуан түрлі туындыларын көріп таң қалысты. Көрмеге Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік институтының ұстаз қызметкерлері М. Байсеңгіровтың, суретшілер А. Ибраевтың, Ж. Нұрбаевтың, Е. Мергеновтың оюшы, қолөнер шебері Ш. Байдильдиннің қолынан шыққан өнер туындылары қойылды. Күміс сақина, жүзік, алқалар, үлкен көлемді картиналар, әр тақырыптағы суреттер, пейзаждар, алуан түрлі-түсті ою-өрнектер көрермендерді еріксіз өзіне тартты. Әсіресе осы өнерді қолдап,

әнмен әдіптеген, күймен көмкерген Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының әнші, термешісі Ж. Жармағанбетова, Торғай гуманитарлық колледжінің оқушылары-күйшілер Ә. Ақанов, Ы. Есжанов, Д. Рысбековтың әндері мен күйлері жиналған халықты рухани жағынан бір көтеріп тастаса, елге танымал ерекше әнші, термеші Ә. Салық салған асқақтаған ән, төгілген терме дауыс жетер жердегі халықты өзіне тартты.

Талай әнші, жыршы, шеберлер шыққан біздің киелі Торғай өлкесінде бабалар ісін жалғастыратын ізбасарлары бар екені қуантады.

Жиналған халық өнерді сараптап-саралап жүрген облыстық комиссия мүшелері ыстық ықылас білдіріп, алғысын айтты. Әсіресе осындай облыс деңгейіндегі өтіп жатқан мәдени шараға тоқсанға жуық өнерпазды іріктеп, дайындап апару, оларға жағдай жасау, мәдениетті насихаттауға басшы болу үлкен ұйымдастыруды қажет етеді. Осындай игілікті істің басында жүріп басшы болған қала әкімшілігі, мәдениет басшысы Рәзия Қашқынбайқызы, қалалық мәдениет сарайының директоры Ж.А. Төлебаеваның, мәдениет сарайының көркемдік жетекшісі З.Қ. Мергенованың, мәдениет сарайының әдістемешісі Е.А. Әбдікәрімовалардың еңбегі ерекше екені анық. Өнерпаздарды танып, іріктеу, оларға бағыт-бағдар беру, өнерін елдің игілігіне насихаттау, көрерменге рухани қызмет көрсете білу де өнер. Өнерлі жастардың өрісін ашып, өнерін насихаттау, оларға жан-жақты қамқорлық көрсету парыз. Шағын қаламыздың үлкен өнері өрлей берсін.

АҚҚУДЫ АТПАС БОЛАР



Бала кезімде Айс Нұрманов бөгеті аузында өстік. Су жағалап, балық аулап, қақпан құрып, аң-құс ұстайтынбыз. Ол кездің жастары жаппай аңшылық, балықшылықпен айналысатын. Қабырға өзеніне жалғасатын «Көлқамыс» көлін

жағаласаң суда тұрған қалың шабындық дір етіп қозғалатын. Бұл көл ішінде толған балықтың үркіп қашқаны болатын. Аң мен құс жыртылып айрылатын.

Ауыл жаз шыға көлді айнала кигіз үйлерін құратын. Көл жағалай құрылған кигіз үй де өте бір сәнді болатын еді-ау. Осындай ашық күннің бірінде ауыл ортасынан қаралы, жоқтау дауыс естілді. Үшінші сыныпта оқитын кезіміз жүгіріп барсақ Айсаның баласы Болат қайтыс болыпты.

Інісі Тілектес бізден 4-5 жас үлкен болатын. Не болғанын түсінбей қалдық. Болат қақпанмен аң-құс аулайтын. Ересек 18-19-дар шамасында болатын. Күнделікті көл жағалап жайылған қаз-үйрек түседі. Кеше қақпанына аққу түсіп, оны үйіне алып келеді. Табысына қызыққан албырт жас аққуды сойып, түнде етін астырып жеген. Сап-сау құлындай шауып жүрген азамат түнде жатқан төсегінен таңертең тұрмай қалған.

Осы жағдай ауылда ашық күнде жай түскендей болып, көл жағалай отырған ауылды бір шошытқаны әлі есімде. Торғай өлкесін суландыруда басшы болған су маманы Айсә Нұрмановтың тұңғышы Болат осылай өмірден озып еді. Сол күннен бастап аққуға, оның киесіне, таңырқай, таңдана қарайтын болдық. Үлкендердің аққу киелі құс, оны атуға болмайды дегені шындық екен.

Ақкөлдегі аққу қырғыны

Тоқсан алты жасында дүниеден озған көршім Елкей Отарбайұлы қатарынан озық сауатты, көргені көп, көзі ашық, көкірегі ояу, ақырын жүріп анық басатын, артық ауыз сөз сөйлемейтін, екiнiң бiрiне сырын ашып, ашыла бермейтiн қария едi. Кездескен сайын әңгiмелесетiн едiк. Өте жүйелi әңгiмелер айтатын. Киелi Ақкөлде туып, 25 жасқа дейiн сол жерде тұрған азамат.

Сол жылдарда Ақкөлдің ортасында жағадан 2-3 шақырымдай жерде арал болады екен. Сол аралға күзде құстар жиналып, сол маңдағы халық құс аулап нәпақасын табады екен. Күз ұзақ, жылы болып, қаз, аққулар семіздіктен мамырлап ұша алмай қалады. Қаздарды аулап дәнiккен топ ендi мамырлаған аққуларды аулай бастапты. Құс мамырлағанын естiген ағайындар топталып жиналып, қамыстан буып, сал iстеп көл ортасындағы аралға тартады. Мамырлаған құсқа дәнiккен адамдар аққуды киесiнен қорықпай, жаппай қырып, жиырмаға жуық қайық, салға мiнген адамдар аулаған аққуларын алып аралдан жағаға қайтады.

Аралдың ортасына келгенде алапат дауыл тұрып манағы құс аулаған адамдар түгел суға кетiп, қырылады. Қарағым, осындай жағдай болғанын көрдiм, - деп күрсiнетiн қария. Сол жиырманшы жылдарда Жыланшықта, Ақкөлде балық та өте көп болыпты. Құрал болмағандықтан жөкеден (өсiмдiк түрi) ау тоқып аулайтын едiк деп отыратын. Аманкелдi ауданы, Құмкешу ауылының батысына қарай Саумал деген ат шаптырым көл бар. Осы көлде де ертеде аққулар мамырлап, жүре алмай қалған екен. Осы Елкей қарияның бiр iнiсi де осы аққуды аулағаннан қайтыс болған екен.

Ол кезде машина аз, аң-құс адамнан көп үрiкпейтiн. Мамырлаған құстар жағадан ұзамай отыратын. Мамырлаған аққуға барсаң жарықтық қанатын жайып, мойнын созып, ал менде қашуға да, ұшуға да дәрмен жоқ, не iстесең өзiң бiл дегендей қозғалмай жатады екен. Сол дәрменсiз құсты

інім аулауын қоймады. Ақыры ауырмай-сырқамай ажал құшты деп күрсінетін қария. Осы Құмкешуде тұратын Шәкір деген азамат та аққуды атып үйіне келсе екі ер баласы ауырмай-сырқамай қайтыс болады.

Иә, құс патшасы, сұлулықпен пәктіктің, тазалықпен шынайы махаббаттың символы аққуды атпас болар. Ұлы Жаратушы ерекше сұлу жаратып, жүз жыл ғұмыр берген аққу киелі, қасиетті құс екенін естен шығармайық. Аққу атқанның ақыры жақсы болмаған. Қапылыста байқамай атып алғандар етін жемей, таза жерге көміп, құдайы берген. Алладан қапылыста байқамай атқаны үшін кешірім сұраған. Өте зәру, ауруға ем іздеген адамдар алдын-ала құдайы айтып барып, емге деп атқан. Сыңарын жоғалтқан аққулар жалғыз ғұмыр кешпеген.

ДЕГЕН ЕКЕН

Ол «здрости» дейді

Үйде жалғыз отырған енесі зерікпесін деп келіні жұмысқа барарда теледидарды қосып кетеді екен.

Қария түсінсе де, түсінбесе де теледидарды күнде қарайды.

Бір күні енесі келініне: «Қарағым, осы теледидардан бір әйелдер күнде маған «здрости» дейді, ал мен үндемеймін» деп таңданысын білдіріпті.

Патшамызға сәлем берейік

Баймұхан деген қария қартайған шағында теледидар қарап отырса, экранына Л.Брежнев бастаған саясибюро мүшелері көріне бастайды. Шай ішіп отырған ол орнынан тұрып, телевизорға қарай аяндайды. Баласы: «Ау – аға! Шайды тастап қайда барасыз?» десе, «Патшамызға сәлем беру керек қой» деп қолын экранға, қарай созған қалпынан шегінбепті.

Шырылдап, шырылдап қояр

Ауылда көп жыл тұрған құрбымыз қыдырып, Астана қаласындағы балаларына барып, қаланы тамашалап, қайтарда поезға мінеді. Балалары шығарып саларда қолына ұялы телефонын ұстатады. Бұл телефонды дорбаға салып бас жағына қояды. Жолда келе жатқанда телефон қайта-қайта шырылдайды. Құрбымыз телефонға жоламайды. Жанында келе жатқан келіншек «Апай, неге телефоныңызды көтермейсіз?» - десе, «Әй, қарағым! Шырылдап, шырылдап қояр» - деп орнынан тапжылмапты.

Шығарып салған балалары поезда шешеміз бір жағдайға ұшырады ма деп түнімен алаң болып, қарсы алуға адам жіберсе, анасы алаңсыз поездан түсіп келеді. «Оу, апа! Неге түнімен телефонға жауап бермедіңіз» - десе, «Несін көтеремін, Шырылдап, шырылдап қойды ғой» депті аспай-саспай.

ТАЙҒА ШАПҚАН АЛАБҰҒА

Атақты Бектас байдың баласы Брәлі байға 4-5 мың жылқы біткен кезеңде Жыланшық бойынан жылқыға жаңа суатқа қолайлы жер іздеп тік жарды жылқының екпінімен құлатуды көздеген. Суат болатын жер таңдалғаннан кейін қалың жылқыны сол жерге қарқынымен қуып айдайды екен. Ағындап келген қалың жылқы жарға тап болғанда жаппай кілт тоқтайды екен. Қалың жылқының қатты екпінімен жар опырылып құлайды. Осылай жасалған суат Шаңсуат аталған. Осы суатқа алғаш келген жылқыға /тайға/ үлкен қарасудан алабұға жапқан. Алабұға тайды суға тартып құлатқан екен. Осындай үлкен алабұға болатыны КСЭ-да жазылыпты.

ҮЛКЕН ШОРТАН

1949 жылы су қатты тасып өзен арнасынан сыртқа мол шыққан екен. Әкем өзен жиегіне үлкен жұтпа ойнатады.

Келесі күні барса жұтпадағы үлкен ақ балықты алты қарыс шортан жұтқан. Сол алты қарыс шортанды жартылай жұтып тұрған шортанды көреді.

Шортанды ақырын тартып өзеннен сыртқа шығып жатқан жайылмаға ұзатып шығарады. Судан шортанның жоны толық шыққан кезде қолындағы шоқпармен бастан ұрып талдырып алады. Үлкен шортан 12 қарыс еді деп отыратын әкем.

Бұл ғажайып оқиға Айса бөгетінің аузында болған. Сол жерден талай алты қарыс шортанды алған едік бала кезде. Қазір біреуге айтсақ ертегі сияқты көрінеді. Бүгінде балық ұсақтап кетті. Жағалауға шортан тұрмайтын болды.

ИТТИҢ ҮЛКЕНДІГІНДЕЙ КҮЗЕН АЛҒАН

Көршім Отарбаев Елкей ақсақал сөзге сараң ұстағанды, сауатты аузы ауыр, ықыласы түспесе әңгіме айта қоймайтын қария еді. Торғайдың Ақкөлінде туып, Құмкешуде 96 жасында өмірден озды. 1920 жылдары Жыланшықтан ау болмай жөкеден тор жасап шортан ұстағанын, Еңбек совхозы көлеміндегі Ажырықтан үлкен иттей күзен алғанын айтып еді. 1928 жылдары болса керек Арал жақтан шөмекейлер келіп осы елден зорман аулайды екен. Бір күні қақпанға үлкендігі иттей күзен түскен. Жақындауға қорқып мылтығы бар Елекеңе келеді ғой. Барса иттей күзен қақпанға түскен. Жақындап атып алған. Осы жасқа келгенше осынша үлкен күзен көрмеген едім деп таңғалып отыратын жарықтық. Өмірде не болмайды. Сирек кездесетін құбылыс болар.

КӨШЕКТЕН ТАБЫЛҒАН МАМОНТТЫҢ БАС СҮЙЕГІ

XX ғасырдың басында Жыланшық өзені бойына ағылшындар келіп жергілікті халықты жұмылдырып өзен бойынан кен іздеген. Осындай жердің бірі Көшек елді мекені. Осы жерден үлкен бас табылған аңның. Үш ер адам басқа мінгесіп отырғанда алды артынан бір қарыс сүйек шығып тұратын деуші еді Жанділдә атам.

Осы Жанділдә Байғараұлы сол үлкен басты арбаға салып түйемен Көшектен Қарсақбайға апарған. Сол жерде үш рубль орыс ақшасына бір орыс басты сатып алған. Осы бас туралы Жыланшық бойынан табылған миллион жыл бұрынғы мамонттың сүйегі /басы/ екені ғалам ғажайыптары атты жинаққа енген еді. Бүгінде ол кітап қолда жоқ. Байғараұлы Жанділдә атам 1972 жылы 17 ақпанда 80 жасында дүниеден озды.

АЛТЫНЖАР

Осы Жыланшықтың арғы бетінде Сейткерейден 2 шақырым жерде жер астынан шығарған топырақ бар. Қыстада жаздада қатпайды замазқа сияқты. Түрі әр түсті қызыл, жасыл, сары, көк. Кезінде осы жерді де ағылшындар қаздырған. Алтынжар деп аталады.

МОЛДА МЕН ЖЫЛАН

“Қырғы Әділ” деген жерде шағын қопа бар. Сол қопаны жағалап кигіз үйде отырған ауыл адамдары молда мен жыланның арбасқанының куәсі болған. Ұзындығы үш қарыстай сұр жыланды молда ұстап әкеліп алдына тастаған. Отырып дұға оқыған. Ұзақ оқыған дұға кезінде жылан біресе өсіп, біресе қайта кішірейгенін көрген жиналғандар. Ал молда кісі жылан өскенде қара терге түсіп қырылдап әлсіреген. Жылан кішірейгенде молда күшейе бастаған. Ақырында жылан әлсіреп молданың алдында жансыз жатып қалған. Осыны көрген адамдар ішінде әкемде болған екен. Осындай ғажайыптың куәсі болдық-қой деп отыратын.

ЖЫЛАНШЫҚТА ҰШАТЫН ДЕНЕНІ (НЛО) ЕКІ РЕТ КӨРДІМ

Бұл мезгіл 1965 жылдың жаз айы болатын. Совхозға Қарағандыдан «Шұғаның белгісі» атты спектакль келген. Бөлімшеден шөп таситын машинаға мініп барғанбыз. Спектакльден түнгі 12-ден кете шықтық. Машина толы адам.

Бір кезде сырттағы адамдар шулады: «Ана қара!», «Ана қара!» деп. Сөйтсек алдымызда 50-60 метрдей жерде көлемі табақшадай отша жарқыраған, қып-қызыл шар жан-жағына от шашып жол үстінде тұрғандай көрінді. Машина жүрген сайын арақашықтық жақындамайды. Жүргізуші Ғалы ағамыз машинаны үдете түсті, бірақ арақашықтық өзгерер емес. Осындай 10 шақырымдай жүріп «Бекі» деген өзен жанындағы қыстаққа жақындағанда алдымыздан алыстан машина жарығы көрінді. Осы кезде жаңағы белгісіз дене оңға қарап ойыстып алыстай берді. Ақыры жалғыз нүкте болып көзден ғайып болды.

Бұл тұста «Жыланшық» өзені бар. Одан жаяу адамда өте алмайды. 4-5 метрдей тік жар болатын. Көп ұзамай алдағы машина келді. Жүргізушісі Рассвет деген азамат. Есі шығып қорқып кеткен. Оған от біздің төбемізден көрінсе керек. Осы құбылыс жаздай әңгіме болды. Бұрында әркімдер көргенін айтты. Мен «Білім және Еңбек» журналына жаздым. Бөлітірікова дегеннен «Сен моладан шыққан фосфорды көрген шығарсың» деп хат келді. Мен «жылжыйтын мола бола ма?» - деп қайта жаздым. Жауап болмады.

Араға жыл салып осы ғажайып құбылысты үш жігіт тағы көрдік. Аманбаев Қойшы (Арқалықта тұрады), Шекеров Сағат (марқұм) және мен.

«Родник» совхозы орталығынан шығысқа қарай 5 шақырым жерде «Кейкі батыр» жерленген. Жәкен деген жерден Шекеров Сағат ауылға ауыз су тасиды. Кеште машинасы қызбай қалып Қойшы екеуміз сүйретіп әкелуге бардық. Мен сүйреп келемін. Артқы Сағаттың машинасында Қойшы екеуі. Ауылға тақаған кезде кенеттен артқы машина кілт тоқтады. Мен басымды терезеге соғып айғайлап есікті ашсам ана екеуі: «Ана қара!», «Ана қара!» деп шошынып тұр. Қарасам бізден 25-30 метрдей жерде селеу шөптің арасында табақтай шар тәріздес зат от шашып жарқырап тұр. Өткен жылы көргенім. Баруға қорқып тапжылмай бізде тұрдық, ол да қозғалмады. Тұрып-тұрып алға жылжыдық. Арада 4-5 минут өткенде арттағы машина тағы да кілт тоқтап, машинама солқ ете қалды. Шығып қарасам манағы шарда жоқ, артқы машинадағы екеуі де жоқ. Жүгіріп есігін ашсам екеуі аяқ астындағы қуысқа кіріп кеткен. Түрлері сұп-сұр, қалш-қалш етеді. «Әй, не болды?!» десем манағы қызыл шар біз қозғалғанда қатарласып жүргенде бір кезде тура бұларға қарай тартқан. Екеуі қорқып машина тежегішін басып кілт тоқтатқан. Осылай бір сасқанымыз бар.

1967 жылы әскерде жүргенде осы жайлы «Комсомольская правдаға» жаздым. «48 мың шақырым Кеңес мемлекеті шекарасындағы локаторлар ұстамағанда, қаншама ғылыми-зерттеу мекемелері көрмеген де сен қайдан көресің» деп өзімді кінәлап жазған хат алғанмын.

Ұшатын беймәлім дене жайлы 80-90-шы жылдары жиі айтылып та жазылып та жүрді.

1996 жылы 14 тамызда 50 жасқа толған туған күніме жиналған қонақтар қайтар жолда Құмкешу ауылынан ауданға барар жолда ауылдан 5-6 шақырым ұзағанда ғажайып құбылысқа тап болған. Жеңіл екі автомашина 80-90 шақырым жылдамдықпен келе жатқанда батыс жақтан прожектор жарығы түседі. Сол кезде екі машина өз-өзінен жүрісі баяулап тартпай қалған. Жарық зу етіп алдыңғы машинаның алдынан келіп асфальттың үстіне тұра қалады, жан-жағынан сәуле шашып. Алдыңғы машинада отырған әйелдер шошып, жылап-еңіреп, бастарына орамал тартып әруаққа сиына бастайды. Артқы машина да басқаруға көнбей тоқтайды. Осы кезде алдағы жарық зу етіп көкке көтеріліп, көзден ғайып болады. Бұл кісілер Байғабылдағы үйіне барғанда тағы көрінеді. Үйдің төбесінде бас жағы балықтың көзі тәріздес, құйрық жағы желбіреп тұрғандай болып көрінеді. Осы құбылысты «Құмкешу», «Байғабыл» ауылдарынан бірнеше адам көрген.

Әлемде адам қиялы жетпейтін неше ғажайыптар бары анық. Шоқан Уәлихановтың таңдамалды шығармасын оқысаңыз біз өмір сүріп отырған көзге көрінбейтін неше алуан тіршілік иесі (жын, шайтан, пері, албасты, малфун, марту т.б.) көзге көрінбейтін денелер бары айтылады. Осындай табиғат ғажайыбын көріп бір қорыққанымыз бар.

АҢШЫЛЫҚ ДЕГЕН БІР ҒҰМЫР

Ұлы Жыланшық өзенінің екі беті – табиғи суы мол көлдерге өте бай жер. Көлемі 300 гектардан 30000 гектарға дейін жететін аң – құс жыртылып айырылатын “Обалы”, “Жарғакөл”, “Сарбел”, “Алакөл”, “Жербидайық”, “Ендігі ой”, “Боқай” т.б. көптеген көлдер бар. Жаз ортасы ауа осы көлдердің судан шыққан жиегін шабатынбыз. “Жарық” деген орамы 8 шақырым үлкен шабынды шауып жатқан кезіміз. Бұл 1969 жылдың тамыз айы болатын.

Көршілес екі орыс жігіті бірі қайрақ қайрап, бірі жөндеуге көмектесетін. Қолдары сәл босаса қос ауыз мылтығын алып, “ИЖ - Юпитер” деген мотоцикліне мініп, аң – құс аулауға шығады. Күндегі кәсібі. Таң бозара кетіп, күн көтеріле келетін. Бүгін түс ауды, жоқ. Біз аң – таңбыз. Сынған техника жөнделмей ол тұр. Кештете үстібасы батпақ – батпақ, шаршап – шалдығып эзер жүріп келді. Сөйлеуге шамалары жоқ, әбден шөлдеген. Тыңайған соң болған жағдайды айтып, шексілесімізді қатырды. Сөйтсек, бұлар ертемен 25 шақырым жердегі “Жорғакөл” деген жерге барған. Көлдің табаны теп-тегіс, жағасы тік жар болады. Жағадан қағып үйрек атып келе жатқанда алдынан ну қамыс арасынан он шақты торайы бар екі үлкен шошқа қашады. Бұлар қуып жақындағанда ішіндегі қабаны аналарды оздырып жіберіп, өзі кейіншектей береді. Құс бытырамен 2 – 3 рет атқаны терісі қалың қабанға дарымаса керек. Осылай жақындай бергенде мотоцикл кенет сөніп қалады. Сол мезетте қашып келе жатқан қабан жалт бұрылып, қуғыншыларға қарсы шабады. Мотоциклден қарғып шығып мылтықты лақтырып, екеуі бірінің соңынан бірі жар жағасындағы жолмен қаша береді.

Володя ұзын болатын. Ол біраз жер Василийден ұзайды. Қабан Василийге жақындағанда манағы аяғы қысқа Василий ұзын Володяны басып озады. Осылай жан ұшырып келе жатқанда арттағы қабанының жүгіріп ырсылдаған дауысы құлаққа жетеді. Есі шығып қорқып кеткен екеуі биік жарды жағалап жүгіре берген. Бір кезде 2 метрдей тік жарға екеуі бірдей қарғып шығады. Қабан жарға келіп ентігіп тұрып – тұрып жайына кетеді. Бұл екеуі қалған мотоциклге баруға қорқып, бригадаға жаяу келген. Әбден шаршаған, шөлдеген.

- Ой, несін айтасың, жүгіру мен биіктікке секіруден Олимпиада рекордын жаңарттық қой. Бірақ, өлшеп уақыт белгілейтін адам болмады ғой, - деп мәз – мейрам болатын.

Келесі күні мотоциклге барса, свечаның сымы шығып сөніп қалған екен.

НЕ ТАНЦУЙ НА МОЁМ ДАСТАРКАНЕ

Бірде Аманкелді аудандық партия комитетінің екінші хатшысы Николай Павлович Волков деген кісі “Родник” кеңшарына келіп шаруашылықты аралайды.

Барлық малшы – шопанды көрсетіп “Төрт Катон” бөлімшесінде тұратын бөлімше бухгалтері Жаңбырбай Мұсағалиев деген азаматтың үйіне хатшыны түсіреді.

Жаңбырдайда, әйелі Шнипада ыңғайлы кісі күтуге жатық адамдар қонақты барынша құрметтеп барын алдына тосады.

Хатшы денесі ауыр семіз адам. Жолдан шаршап келген дем алайын десе Жаңбырбай қайта – қайта арақ құйып ал – алдың астына басады. Орысшаға шорқақтау ағамыз, әрі өзі ішіңкіреп алған стаканын хатшыға соза береді. Шыдамы таусылған хатшы әй қойсайшы енді десе орысшасы шамалы ағамыз Николай Павлович “ не танцуй на моём дастаркане ” депті. Бұнысы менің дастарқанымды билеме дегені екен.

Келесі күні партия жиналысында анау бухгалтерің мені араққа зорлап маскара қылды деп хатшы ренжіпті.

ЖАҚЫНДАМА ӘДІСІҢДІ БІЛЕМ!

Өткен ғасырдың 60-шы жылдарының басында “Ұлы Жыланшық” өңірі Аманкелді ауданы мен Ұлытау аудандарының алыстағы жаз жайлауы, қыс қыстауы болған малшы – шопан өте сирек қоныстанған жер болған.

Кейін 1963 жылы Аманкелді ауданы жақтан “Родник”, Ұлытау ауданы жақтан Аманкелді кеңшары ашылған кезде бұрын ие жоқ кең жердің азғана шабыны мен жайылымына талас басталады. Осы жағдайды пайдаланған Таңат руынан шыққан қу тілді, сайқымазақ, ән айтып, өлең шығаратын от ауызды орақ тілді, жүрген жері ойын күлкі, ауыздыға сөз бермейтін Ағыбаев Кәрім деген ағамыз “Родник” кеңшар бөлімшесінде механик болып жүріп Аманкелді кеңшарында тұратын аңғал, батыр туысқаны Бейсенбаев Жаманқара (жеңгелері қойған аты екен) ағасына барып өзінің бөлімше меңгерушісі Оспанов Төлеуді жамандайды. Ол сенің мына отырған жеріңді, шапқан шабыныңды тартып алады. Жерім өзімде, шабыным аман болсын десең ретін тауып оның бетін қайтар дейді. Байқамасаң ол бокстан Орта Азия чемпионы болған адам, оңтүстікте аты шыққан.

Мен оны ертіп әкелемін. Ол саған жақындап сәлем беріп, қолын соза бергенде ұрмасаң, ол сені іштен сол қолмен бір ұрып талдырады деп аңғал, батыр шалды нандырып не де болса бұрын қимылда деп қатты үгіттейді. Ертіп әкелгенде өзім белгі берем деп ұғындырып кетеді. Араға уақыт салып бөлімше меңгерушісі Оспанов Төлеуге келіп анау Ұлытау ауданы шекарасында бір бұзық шал шабындығымды тартып алып шөп шаптырмай жатыр деп Кәрім арызданады ғой. Төлеу ақсақалда дау-жанжалға дайын адам. Жүр мен ол шалды көрейін деп Кәрімді ертіп жүргізушісі Оспанов Төкеш деген азаматпен түс ауа шекарада отырған Жаманқараның үйіне келеді.

Келсе Жаманқара келініне бие саудырып жатыр екен. Бұлар оларды күтіп тұрады. Жаманқараның үстінде ақ жейде дамбал келіп тұрған кісілерге қарай айандайды. Кәрім сол кезде Төлеудің артына шығып, ұратын адамың осы деп Төлеуді Жаманқараға нұсқап көрсетеді.

Келген адамның бокстан “Орта Азия” чемпионы екенін сезген шалда бойын тіктеп “чемпионға” жақындай береді. Ойында ешнәрсе жоқ бөлімше меңгерушісі Төлеу ағамыз (бұл кісі аласа бойлы төртбақтау адам еді) Ассалаумағалейком деп оң қолын Жаманқараға ұсына бергенде манадан дайындалып келе жатқан қария Төкеңді құлақ шекеден бір ұрып ұшырып түсіреді. Боз топыраққа шалқасынан түсіп, үсті басын қағып, Оу Қария! Бұның не деп алға аяндаса Жәкең қолын көтеріп, жақындама білем “әдісіңді” деп тағы ұратын сыңай танытады. Амалы құрыған бөлімше меңгерушісі таяқ жеп кері қайтады.

Сол Жаманқара кейін “Родник” кеңшарына көшіп келіп көптеген жылдар тұрып, өмірден озды.

Түрі қап-қара, екі көзі шарадай, қоңқақ дөңес мұрын екі мұрты салбыраған, шоқша сақалды еңгезердей кісі еді. Түрі өте сұсты далада кездесе кімді болсада қаймықтыратын адам. Ешкімнің шен-шекпеніне қарамай батыл сөйлейтін. Атаңның аузы деп балағаттап отыратын, көзінің қарасынан қызылы басым кісі еді. Әсіресе жас балалар ол кісіден жаман қорқатын. Батыр адам болатын жарықтық.

ІІІ ТАРАУ

ӨНЕРДІ СҮЙЕТІН, ҚҰРМЕТТЕЙТІН АЗАМАТТАРДЫҢ ПІКІР, ҰСЫНЫСТАРЫ МЕН МАҚАЛАЛАРЫ

ШАНАҒДЫ САЙЛА, ШАНАҒДЫ

Амангелді ауданындағы Күмкешу ауылының азаматы
Шөптібай Байділдаұлына
а ш ы қ х а т

Қадірлі інім Шөптібай!

Жақында Алматы теледидарынан сенің ою-өрнекшілік өнерің, осы игі жолдағы алғашқы сәтті қадамың жайындағы хабарды көріп, ұмытылып бара жатқан ұлттық өнерімізді қайта жаңғырту жөніндегі салмақты пікірлеріңді естіп риза болдым. Жұмысың жемісті болуына шын жүректен тілектеспін.

Сенің өмірге икемді, өнерге жуық, іскер азамат екеніңді Амангелді ауданының жұртшылығы жақсы біледі. Сен қаршадай күнінде-ақ шөп шабысып, мал бағысып дегендей ауылдастарыңа қолқабыс тигізіп жүруші едің. Мамандық алып, абыройлы шофер болдың. Совхоз жұмысшылар комитетінің төрағасы, партия ұйымының хатшысы болып ел басқару ісіне де белсене араластың. Алматы жоғары партия мектебін бітіріп, заманымыздың талабына лайықты білім алдың. Ауыл, аймағы алдындағы азаматтық борышын атқара білген азамат өзіндей-ақ болар.

Менің байқауымша, сенің бойыңда құдай берген, өзін қадірлеп ұстай білген, қазіргі нарықтық қатынастар заманының талабына сай келетін екі қасиет бар. Оның бірі: әлгі дүниені әсем айшықтап, жан бітіретін өнерпаздығың да, екіншісі: адамдардың басын қосып үлкенді-кішілі іске жұмылдыра білетін ұйымдастырушылық қабілетің. Халық мұндай адамдарды қашанда қадір тұтқан. Жоқтан бар жасайды. Тұйықтан жол табады деп сенген.

Қазақ «Өнерлі өрге жүзеді» деп бекер айтпаған. Ол өзі өрге жүзіп қана қоймай өзгелердің де ісі оңға басуына себепші болады. Соның іскерлігінің арқасында бүкіл бір ауылдың егіні уақытылы егіліп, мезгілінде орылып алынады. Шөп те солай шабылып, қыстауға жиналады. Арбаның

қыста, шананың жазда дайын тұруы да бір соның еңбегіне, ынтасына байланысты болады.

Солардың бірі бүкіл өмірі өзің тұрған Құмкешу ауылында өткен Тобаяқтың Мұхамеджаны деген кісі еді. Әсіресе кешегі Ұлы Отан соғысы жылдарында оның шеберлігі, еңбекшілдігі ерекше көзге көрінді. Соқаның лөкетін таптап, басқа да кем-кетігін жөндейтін, тырмалардың тістерін ұштап, босаған болттарын қалпына келтіретін. Шөп машиналары мен тырмаларын да күні бұрын дайындап қоятын сол болатын. Сүттің қаймағын айыратын сепаратор бұзылып қалса да жұрт соған баратын. Оны бүкіл ауыл болып құрмет тұтып: Мұхамеджан болмаса егіміз егілмей, шөбіміз шабылмай қалар ма еді, әлде қайтер еді дейтін.

Ауылдың шаруашылық жағдайы күннен-күнге, айдан-айға қиындап бара жатқанын өзің білесің. Жанар-жағар май жоқтықтан техника атаулы қаңтарулы тұр. Ең жаманы ауыл адамдары бұрынғы арбасы мен шанасынан, қамыт, доға, ер, ыңыршық, жүген, ноқта сияқты көлікке қажетті құрал-жабдығынан айырылып қалған. Оның бәрін қайта жасап, пайдаға асырғанша қашан.

Бір жақсысы, әрбір ауылдың өзің сияқты шебер де көп ісіне ынталы азаматтары бар. Солар шындап кіріссе елді ауыр күйзелістен аман алып шығар, деп ойлаймын. Осыған байланысты саған артар үмітімді, дұрысында, бүкіл бір ауданның ауыр жүгі туралы ұсыныс-тілегімді газет арқылы айтқым келеді.

Өз басым ою-өрнек сала білген адамның, әсіресе сенің қолыңнан келмейтіні жоқ деп білемін. Дәл қазір ауылдастарыңа үй-ішінің сәндік жиһаздарымен қатар шаруашылық құрал-саймандары керек. Шанасы болмаса қыста малына керекті шөпті, үйін жылытатын отынды, бала-шағасын асырайтын азық-түлікті қалай тасып алады? Шананың соқа басын дайындаумен іс бітпейтіні белгілі. Оған жегілетін ат, өгіздің әбзелі және керек. Бұлардың бәрі баяғыда құрып кеткенін жоғарыда айттық. Бәрін де жаңадан жасап, ауыл адамдарының қолын ұзартпай болмайды.

Сол сияқты, автомашина, трактор дегендеріміз жанар-жағармайсыз орнынан қозғала алмайтын жансыз темір екендігіне көзіміз жетті ғой. Қыста шанасыз күн көре алмасақ, жазда арбасыз тіршілік ете алмайтынымыз да анық. Демек, арба да, оған тиісті құрал-сайман да керек.

Мұның бәрін қадірлі інім Шөптібай, сен болмасаң кім қолға алып, кім тындыра қояр екен? Қазіргі істеп жүрген жұмысыңа қоса шана, арба, оларға керекті құралдар жасайтын шеберхана ашсаң, ауыл аймағың қуана қуаттап, алғысын жаудырса керек.

Бабан қазақ: «Батыр қол бастайды, шешен сөз бастайды» деген ғой. Батырлықтың заманы өткен. Ондай күнге Құдай жазбай-ақ қойсын. Сөз бастаған шешендер жеткілікті. Шындығын айтқанда олар сөзді бастауын бастап, қалай аяқтарын, жұртты қайда бастарын білмей өздерінің де, жалпақ елдің де басын қатыруда. Халыққа қазіргі кезде өзің сияқты іс бастайтын, еліне нақтылы ісімен үлгі көрсетіп көз көріп, қол ұстайтындай пайда келтіретін шеберлер керек. Жақында Алматы теледидарынан облыс

әкімі Жақан Қосабаев бастаған бір топ торғайлық азаматтардың өзінің нағашыларың - сарылардың жайлауы Жарғұйдан қазылған тас көмірді КамАЗ-дарға тиеп алып, таси бастағанын көрдім. Ел биыл отынға қарық болады екен деп қуандым. Солайы солай. Бірақ жанар-жағар май жеткілікті мөлшерде табылып, машиналар тоқтаусыз жүріп тұрса жақсы. Сол бар болғырдың жоқтығынан машиналар қаңтарылып қалса ше? Міне дәл сол бір қиын кезеңде ақ қар, көк мұздың үстінде сенің шеберханаңнан шыққан шаналар тоқтаусыз сырғанап, Жарғұй көмірін әрбір үйдің алдына түсіретін қуатты құрал болатыны анық. Әкелерің мен аталарың елуінші жылдардың басына дейін Аманқарағай стансасына жазда арба, қыста шанамен кіре тартқанын үлкендерден талай естіген боларсың.

Ауырда болса мойындамасқа амал жоқ. Қазір ілгері басудың орнына кейін кетіп барамыз. Қазақтың қолынан мал кетіп, күн көрісі қиындаған үстіне қиындай түсуде. Осы бір ер басына күн туып, етігімен су кешкен заманда ата-бабаларымызды асыраған құрал-саймандарды қайта жасап, шаруашылықта қолданбасақ, ертең тұралап, адамзат көшінің жұртында жұтап қалуымыз әбден мүмкін.

Қарап қалмау үшін қармана білгенге не жетсін!

**Сәлеммен Сапабек Әсіпов,
журналист-ғалым
«Қостанай таңы»
10 қараша 1994 жыл.**

ТҮЙЫҚТАН ШЫҒАР ЖОЛ БІРЛІКТЕ

Жазылған жайдың жаңғырығы

Журналист, ғалым Сапабек Әсіпұлының ашық хатына жауап

Құрметті Сапабек аға! Менің қол өнерімді теледидар арқылы көріп, берген бағаңызға, ағалық, азаматтық ақыл-кеңестеріңізге мың да бір рахмет. Сонау Алматыда тұрсаңыз да ел қамын, ауыл өмірін ойлап, бүгінгі ел тірлігінің нақты бет-бейнесін қолмен қойғандай көріп отырсыз. “Шананды сайла, шананды” деген хатыңыз ел келешегін ойлайтын әр азаматқа міндет артып отырғаны шындық. Жалғыз маған айтылған тілек-ұсыныс еместігін есті азаматтар түсінер де. Олай болмаған жағдайда біз қатардан қалып, азып-тозуымыз да ғажап емес. Құдай оның бетін аулақ қылсын.

Әрине, бұрын көптеген жылдар тік жүріп, тік тұрып қызмет атқарған адамға қолына балға алып, бейнетке араласып кету оңайға түспейді. Мұның бәрі, жас кезімізде әкелерімізден алған тәрбие қиналғанда қажетке жарады дер едім. “Өнерді үйрен де жирен” деп ұлы Абай да айтып кеткен екен. Әкелеріміз кешегі өзімізді тәрбиелеген кеңес заманында “төре”

тұқымы болғандықтан, қуғынға түсіп, бармаған жері, баспаған тауы, көрмеген бейнеті болмаған екен. Сол бейнетті тіршілікте қандай қиыншылыққа да өмір сүруге бейімделе білген. Арғысын қайдам, өзім ес білгелі әкелеріміз шымнан, саманнан үйлер салды, киіз үй сүйегін басқан. Тіпті, аяқ киімдер мен ат әбзелдерін де жасады. Известь күйдіріп, кірпіш зауытын да салған кездер болған. Дәл осылардың еңбегін Аманкелді, Жанкелдин аудандары мен “Еңбек”, “Қызыл әскер” кеңшарларының көзі тірі қариялары жақсы біледі. Біз соларды көріп өскен жастар едік. Міне, өмір бойы тағдары ауыр бейнетке жазылған әкелерден көптеген тәрбие алғанымызбен өсе келе дайынға бой алдырдық, өткенді ұмыттық. “Ашта жеген құйқанды тоқта ұмытпа” деген аталар сөзі ескерусіз қалды. Іс-тәжірибелер көңілден шықты. Әйтпесе біздің әулетте қас шеберлер көп болған. Олар Тайшық ұста, Сейтқасым зергер, Төребек тігінші, Самұрат шеберлер осы өңірден шыққан киелі ұста Тобаяқтың, Мұхамеджанның шәкірттері еді.

“Абай” кеңшары көлемінде ертеде егін егіліп бақша салынған. Соларға алыстан су апарған атыз, арық пен әуіттен бүгінде ат сүрінеді. Кешегі “Әли арық” пен “Қара арық” күні бүгінге дейін өзінің тереңдігімен кеңдігін жоймауы сол ауыр бейнеттердің бүгінгі ұрпақтарға қалдырған ізі іспеттес. Ел шаруашылығын өркендетіп, халықтың қамы үшін қаншама бөгет, тоғандар қолмен бөгелді десеңіші! Соның бірі оқушы балалар қолымен салынған “Бала бөгет” бүгінге дейін Абай елін асырап отыр.

Осындайда бүгінгі нарық қыспағында қиналып жатқан халықтың бет жүзін көргенде аталарымыздың сол бір өнегелі істері еске түседі. Техника болған заманда мұншама неге дәрменсіз болдық. Дәуір азаматтары ғарышқа ұшып жатқанда біз енді ағаш соқаға қайта ораламыз ба? Оралсақ, тез көтеріле аламызба деген күдікті ойлар көкейден кетпейді. Ұлы Абай айтқандай “Би болған бет-бетімен өңкей қиқым, осылар кетірді ғой елдің сиқын” дегендей, бүгінде өз басының қамын ойлаған қиқымдар көбейіп бара жатқандай.

“Өткенге топырақ шашсаң, келешек саған тас атады” деген керегін жан-жақтан науадай құйылып тұрғанда қажетті істі атқармай, ел жағдайын түзей алмағанда өзімізді кінәламасақ, кімге өкпе айтамыз. Дайын асқа ие болып, жалқаулық, жайбырақаттық, бейғамдық өзімізді емес, ұрпағымызды да жайлап барады. Заман өзгерді, ел тілегі тәуелсіздік таңы атты. Әркім өз тірлігімен күн көретін заман келді. Жанжалсыз бейнетсіз келген тәуелсіздігімізді алғанымызбен ел жинаған байлықты оңды-солды шашып, талап жатқандар да, бейнетсіз табыс тауып, ақты қараға айырбастап жүргендер де табылып жүр.

Мен қолөнермен, оның ішінде ою-өрнекпен көптен айналысып келе жатқан адаммын. Партия тарап, жұмыс қысқарғанда есік жағалап, қызмет іздегенім жоқ. Қайта өнерді дамытуға мүмкіндік алғанымға қуандым. Қазірдің өзінде мың-жарымнан аса ірілі-ұсақты ою түрлерім бар. Көненің көзі халқымыздың мәдени мұрасы алға басама деп, мүмкіндігім барында 1990-92 жылдарда бармаған басшым, қалмады. “Өнер” баспасында,

Мәдениет министрлігінде, “Тұскиіз”, “Сән” орталығында, ұлттық мұражайда болып өз пікірімді айтқанымда қуана қарсы алды. Облыстық теледидар мен “Қазақ тілі” қоғамы жанашырлық көрсетіп, бірнеше рет көрме ұйымдастыруға жағдай жасады. Сондайда мені таңқалдырған бір нәрсе – көптеген мекемелердің өнерге деген ынтасының жоқтығы болды. Міне, халықтық өнерді дамытуға қолбайлау болып жүрген солар ма деп ойлаймын.

Бүгінде шаруашылықтарда жанар-жағар майлары таусылып, қолда бар техника өлі денеге айналды. Сатып алар жер, қол ұшын берер жан жоқ. Шынын айтқанда өз тірлігіңмен күн көрер заман келді. Сіздің бұл мақалаңыз келешекте ұранға айналар түрі бар. Бір ақсақал “Аштығымнан тоқтығым жаман болды” деген екен. Сол айтқандай кеңшілігіміз бүгін кемшілік болып, жайбарақаттық жарға соқты. “Үш күндігін ойламаған әйелден, үш жылдығын ойламаған еркектен без” дегендей, қолда барды оңды-солды жұмсаған біздер бүгінде тақырда отырмыз.

Елді жарылқайды деп ел сенген іскер азаматтар (саудагерлер) қол ұшын берер емес, қайта ел аралап алыстағы қолы қысқа ағайынның жалғыз сиырының өзін саудаға салып жүр. Мұнымен біздің көгеретін түріміз жоқ. Ал, ел басқарған азаматтар осы бір қиын мәселенің төңірегінде ойланып жатса, құба-құп болар еді.

Мен осы жерде өзімнің ұсынысымды ортаға салсам деймін. Біз мал баққан елдің баласымыз. Малды орынсыз жұмсау етек алып барады, көзжұмбай айырбастап, сәл қуаныш тойға ысырабына қарамай, малдарды жарқыратып сойып тастау, өлікке орынсыз шығындар, бәсеке ескерткіш мазарлар орнату етек алып бара жатқаны жақсылық әкелмейді деп ойлаймын. Барға шүкіршілік жасап, қолда барды ұқсатпау кешірімсіз-ақ. Өзен бойынан суармалы тары ексек, бақша салсақ, картоп, көкініс жинап алсақ, шемішке өсіріп майын алсақ, кесек айдап үй тұрғызсақ, пәленбай теңгеге алыстан көмір алғанша малдың қиын дайындап, тобылғы, көкпек шапсақ неміз кетеді. Ал сіз айтқандай қажетті арба, шананы қайтадан өмірге келтірсек, ешкімге жалынбас едік. Техника мінбесек, электр жарығын пайдаланбасақ, көмір жақпасақ қатардан қалмаспыз. Ал, тамақ таба алмасақ қайда бармақпыз. Ертеде қиын күндерде халықтың ниеті, қайырымы жақсы еді. Қазір без бүйректер көбейген заманда кімді-кім керек етеді. Сондықтан қалаға қарап, телміргенше өзен жағалап терлеу керек. Бұдан да қиын кезеңде әкелеріміз жоқтан бар жасады емес пе? Бізде қарап қалмайық, ағайын. Бірлессек, бас қосып ақылдассақ, жұмыла кіріссек бұл қиындықтан да шығармыз. Жаратқан, елді көлденең кеселден, ала қайғыдан, берекесіздіктен сақтасын. Қиын кезеңде ел тағдырын ойлайтын азаматтар аман болсын.

Сәлеммен ініңіз Шөптібай.

ОЮДАН ОЙ ТҮЙГЕН

Өнердің қайнары халықта екені ақиқат шындық. Сол халық арасынада көзге көрінбей, ел назарына ілінбей жүрген талантты өнер иелері қаншама! Олардың көпшілігі «Мен сөйтіп жүрмін» деп мақтанбай-ақ, біреуге алақан жаймай-ақ өз бойындағы өнерін қолынан тастамай жалғастырып келеді. Мұнын екі себебі бар:

Біріншісі, әр шебер өз ісін жанындай сүйеді және соған әбден берілген, былайша айтқанда «Маңдайына жазылған».

Екіншісі, өз халқының атадан – балаға жалғасқан қасиетті қол - өнерінің алтын тінін үзбей ілгері дамыта беруден туған жақсы ой деп таныған жөн.

Арқада, анығы Торғай даласында да осындай тамаша талантымен тәнті еткен бірнеше азаматтар бар. Олар ел тарихы мен ауыз әдебиетін және бүгінгі жазба әдебиеттің бүге – шігесіне дейін айтып бере алатын Орекен Алматыев. Х.Наурызбаевтан тәлім алған скульптор, талай тарландардың тас бейнесін жасап жүрген Әбілбек Ұзақов. Өнерпаз, домбырашы, композитор – күйші, оң қолынан айырылсада домбырасынан айырылмай әліде күй тартатын, әйгілі күйші – қыз Анар Мұздаханованың әкесі Айтбай Мұздаханов. Міне солардың бірі суретші, оюшы әрі шебер Шәптібай Байділдин. Ол Қостанай облысындағы Арқалық қаласында тұрады. Бұрынғы әкім, партия, совет қызметкері, қазір ел ағасы, қол өнерінің көрігін басып, көнеден қалған көрікті өнердің ұстасы. Шәптібай «сегіз қырлы бір сырлы азамат» деуге әбден лайық. Ол қолөнер шебері, ағаштан түйін түйеді. Ал, оның көптен бері қолға алып, терең ізденіп жүрген жұмысы қазақтың ою-өрнегінің көпке беймәлім түрлері және ондағы ғажайып құпияларды ашу жолының қыр – сырлары. Әрине қазақ қол өнерін, оның ішінде ою- өрнек жөнінде еңбек еткен ғалымдар мен этнографтар мәдениеттанушылар біздің Республикамызда аз емес. Ә.Марғұлан, Т.Басенов, С.Қасименов, Ө.Жәнібеков бүгінгі М.Өмірбекова, т.б. ғалымдар тамаша шығармалар жасады және әліде зерттеп жүргендер бар. Олардың бұл ғылыми – танымдық еңбектері өнер сүйетін қауымның көпшілігіне жақсы таныс. Ш.Байділдинде осы салада көп жылдан бері көп еңбек етіп жүр. Алайда жоғарыдағы аталған ғалымдардай емес бұл азаматтың қызметі мен еңбек жолы мүлде басқаша. Олай дейтін себіміз ол оюдың түрлерін халық өнерімен қағидалары негізінде өзі ойлап табады және өз қолымен жасайды. Әрине үлгілерді алдымен қағаз бетіне әрлеп және қиып нобайын түсіреді. Оюларды ешкімнен қайталамай сызбайда оя береді. Үлгінің түр- түсінде өзі белгілейді. Кәнігі шебер ою түрімен көлеміне қарай оған қандай түс лайық екенін халықтық ойлау, зерлеу тұрғысынан да дәлелдеп те бере алады. Дайын ою - өрнектер кигізге, қағазға, матаға, ағашқа, темірге, қышқа бояумен, не бедермен, не кестемен

тағы басқа қолөнер шеберлерінің әдіс тәсілдері мен түсіріледі немесе қондырылады.

Бұл істе ол байырғы ұсталар мен зергерлердің бай тәжірибесін мұқият тындап, қарап пайдалана отырып өз білігімен зерделі ой, іс түйінін қосады. Сөйтіп өткен жылдар мен бүгінгі жаңалықтардың басын біліктіріп алтын көпір жасайды. Әдебиеттерді оқып және оны талдай қарап білімі мен тәжірибесін толықтырып, жаңғыртып отыруды ешқашан ұмытқан емес.

Оның ісінің сәтті шығуыда осыдан болар.

Ең алдымен ою- өрнектер, оның кестеленеген келісті кереметтері қайда, қалай түсіріледі? Бұл туралы суретші шебердің өзіндік ұстамы, көз қарасы, қол таңбасы бар. Олар үй жиһаз мүліктеріне, яғни төсек – орындарға, ыдыстарға, киім- кешекке, қару – жаракқа, киіз үй сүйектері мен бау-шу сияқты түрлі жабдықтарына, ең ақыры темір ошақтарға дейін түсіріледі. Бұл қазақша айтқанда атам заманнан бері үзілмей келе жатқан ұзақ үрдіс, дәстүр.

Шөптібай сияқты халықтың он саусағынан өнер тамған шеберлері осы ұлттың ұлағатты әрі Ұлы Дәстүрдің қара жолындағы қайыспас қара нар жүгін қиналмай арқалаған арқалы азаматтар десек тіпті артық айтқандық емес.

Сәтіне орай Шөптібай сурет салу, ағаш жону, темір, күміс соғу сияқты өнер түрлері ұсталық, зергерлікті жақсы меңгерген. Жақсы меңгерумен бірге өзі қоладанатын заттардың (қайыс, тері, ағаш, ши, сүйек, металл түрлері) қасиеті мен оны қалай қолданудың сырын да, әдіс – тәсілдерін де біліп, танып, жетілдіріп барып іске асырады.

Қазақ халқы ерте замандардан –ақ қол өнерін жете игеріп дамытып, оны қолданудың жөн- жосығын жақсы білген. Ою-өрнектің бірнеше жүздеген түрі бар және оның әр қайсысының қолданылатын орнымен жолы тағы бар. Мысалы киімге салынатын өрнектер ағашқа немесе темір бұйымдарына жараспайды. Демек, әр ою- өрнектің қасиеті, мәні орны болады. Барлық шеберлер (соның ішінде Шөптібай да бар) мұны ежелден – ақ терең игерген және бұл жосықты бұзбайды және бұзуға хақысы да жоқ. Міне бұл жағынан қарасақ Шөптібай халықтың өнер тәсілдері сияқты сирек өнер саласында көп жұмыс атқарып отырғанын бағалай, біліп және оны орынды жерде айта білуімізде керек. «Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын» деген сөз осындайдан шыққан.

Қазіргі таңда Шөптібайдың қолында 1500-ден астам ою түрлері бар. Қарасаң бірінен бірі өтеді, көз жауын алады. Олардың түсті бояулары да көргендерді өзіне еріксіз тартады. Ағаш кебеже, сандық, сырмақ, көрпеше, шекетулі ағаш, темір бұйымдар, былғарыдан жасалған әбзелдер, тағыда басқа өрнектер заттар этнографиялық музейді еске түсіреді. Бір мезгіл қағаз бен қатырмаға, матаға түсірілген альбомды ашып қарасаңыз, ою-өрнектің сан түрлі үлгілерін көріп, осынша бай мұраны жасап, жинақтап отырған өнерлі азаматтың тиянақты ісіне таң қаласыз. Бұлардың бәріне суретші шебердің өзі жеке- жеке ат беріп анықтамаларымен толықтыра түсінік беріп отырады. Мұнда оюлар мен өрнектер, нақыштар жеке – жеке

салаларға жіктелген. Мысалы, бір тобы киімге арналған болса, енді бір тобы ағашпен тасқа бедерленетін нақыштар, енді бір сыпыралары былғары мен темірге лайықталған ою - өрнектер.

Қызығасыз, қызығасыз да ата – бабаларымыздың, ана - әжелеріміздің бай мұрасын, шеберлік қабілетін жалғастырып, жасап, өрнектеп, жетілдіріп баға жетпес қазынаға айналдырған Әз – Азаматтың ұлан ғайыр әрі ғажайып ісіне риза болып, алғыс арнау аз сияқты. Өйткені мыңдаған сан- салалы, әр қилы, алуан түсті осы дүниелердің атын атап, түсін түстеп шығудың өзі бір ғылыми іспен пара-пар зор әрі күрделі еңбек. Мұны автор бірнеше орындаған жыл жинап, ерінбей – жалықпай бір ізге түсіріп, баладай әлпештеп, көздің қарашығындай сақтап еңбегін сатпай –ақ, міндетсімей, бәлденбей – ақ уақыт бөліп жинай берген, жинай берген. Тозғанын жаңартқан, жоғалғанын қайта іздеп тапқан. «Мәдени мұра» бағдарламасына үлес қосқан бір адам осы Шөптібай Бәйділдиндей –ақ болсын. Өнер жолы қашанда ауыр. Осы сирек өнердің, ауыр жолдың өз пешенесіне жазылғанына, шебер әрқашан риза. «Шебердің қолы ортақ» дейді дана халық. Олай болса Шөптібай сияқты шеберлердің еңбегі көптің ортақ мұрасына айналғаны жөн - ау деген ой жетелейтін еді. Міне, осы арман іске асып халық шебері әрі суретшісі Шөптібай Бәйділдиннің қолынан шыққан асыл мұралар өмірге жол алып отыр. Сөйтіп ұлт мәдениеті мен өнерінің қатары тағы бір жақсы мұрамен толықты. Бұл кітап авторы үшін үлкен қуаныш болсада, халық үшін қол өнерінің қазынасы.

Сейіт Кенжеахметұлы
Ақын, жазушы, этнограф,
Егемен Қазақстан

ТЕГІНЕ ТАРТҚАН ТЕКТІ АЗАМАТ

Ою - өрнектің қас шебері Шөптібай Бәйділдин туралы баян

“Адамның басы Алланың добы” дей тұрсақта, қолдан жасалған зұлматқа не деуге болады?! Кеңестің дәуірді түп – тамырымен ғайбаттаудан аулақпын, алайда өткенді ұмыту мүмкін емес, ертеңгі күнін ді бағалау үшін де өткеніне үнілгенің дұрыс болар.

Миллиондарды құрбандыққа шалған сол қасірет Омарұлы Бәйділденің де “төре” әулеті болғандықтан айналып өтпеген еді. Оқымаса да зерек, дінді мойындап, бір Аллаға сыйынған, қажыр – қайраты өзіне емес бүкіл әулетіне жетіп, асыраушысы болған Бәйділда өліп көрге түспегені болмаса не көрмеді. Әсіресе өмірлік серігім болсын деген бірінші әйелі мен үш ер баласынан өлідей айырылуын қалай ұмыта алар.

Сонда да өмір дариясында қары талмай, жүрегі үзілмей, болашаққа бір күдіретті күш жетелей берген еді.

Әйтпесе 1932 жылдың аштығынан көз алдында ағайын туыстан 32 адамның қырылуынан кейін ертеңге қандай үміт артар едің...

Осынау “қас қағым сәттік” ғұмырда бүгінгі тірлікті ертеңге жалғастыру үшін, бұрынғылардың айтқанындай “бас екеу болмай, мал екеу болмайды” деген алтын қағидаға жүгініп, үшінші рет 1943-ші жылы үйленді. “Құдай деген құр қалмас” дегендей, үшінші жары Жанкөз өмірге төрт ұрпақ әкелді.

Қай ата – ана болса да баласына бақыт тілейтіні сияқты Байділде мен Жанкөз да бақыт тілеп, бір баласының екеу, екеудің бірнешеу боп тамырын тереңге жайғанын көру, арман тілектің орындалуын құдайдың бергені дер еді. Ия, құдай берді, Байзағы мен Шөптібайының үйленгенін көріп немере сүйді.

Барлық балалары бірдей десек те Шөптібайының орны бөлек, мүмкін әкеге тартқан қажыр – қайрат, кісілігі мен кішілігі шығар. Шөптібайы орта мектепті ойдағыдай бітіріп, қатарымен белгілі бір мамандықтың иесі болу үшін жоғарғы оқу орнына барамын дегенінде құлының талпынысына риза бола отыра рұқсат бермеді. Талай рет өмірден түңіліп, мың сүрініп, мың тұрғанда көзінен қанды жасын ағыза отырып, құдайдан перзент тілеп, оның ер жетіп, жұрт қатарлы ел болғанын көру арман, мұраты – тұғын. Енді сол арман, мұратының төбесі көрінгенде жанынан Шөптібайын шығарғысы келмеді. Сондықтан да “Балам сен үйленіп, немере сүйсем өткеніме өкінбеймін, осы тілегімді орында” деп кесіп айтты. Ал кішкентайынан әке қабағын бағып өскен Шөптібай еш қарсылық айта алмады. Амал жоқ, “Родник” кеңшарында 1963-1966 жылдары құрылысшы, механизатор, жүргізуші мамандықтарын игеріп елмен бірге еңбек етті. Жиырманың жалына иек артқанда, яғни 3 маусым 1966 жылы көркі мен мінезіне өнері сай, әуен – саз аспаптары – қобыз, баян аккордеонда еркінойнайтын тіпті ақындар айтысында айтысқа шығып, көзге түскен Әзиза Нұржан қызы мен көңілдері жарасып өмірлік жұп құрған. Шынында Әзизасы сырт келбеті ғана жарасқан көп жылтырақтардың бірі болмай бірегейі болды. Ата –ененің ағайын туыстың көңілінен шықты, кейде шарт кететін бетің бар жүзің бар демей туғанына да төрелігін айтатын Шөкеңнің дауыл мінезінің жігін жатқызып ағайын- туысты, алыс- жақынды үнемі бітістіріп отырды.

Әкенің арман, мұратын орындағанымен Шөкеңнің өзінің де көкейінде алар асу, жетер биіктіктер үнемі мазалайтын. Ел қатарлы Отан алдындағы азаматтық борышын өтеуге сексеннің сегіріне таяған әкесі мен алпысты алқымдаған анасын алдыға тартып бармауға да болатын еді, алайда ата қанымен бойына сіңген өр мінезді, ер намысы оған жібермеді. Ал Әзизасы келісімін беріп, ата – ана күтімін өз мойнына алды. Онда көптің бірі болмай үздік шығып, 1968 жылы Каунаста (Литвада) Бүкілодақтық әскерилер съезіне қатынасты.

Әскер қатарынан 1969 жылы келгесін жастар жетекшісі қызметіне қызу кірісті. Ойлап отырса сол кездегі басшыларға дән риза, себебі ешқайсысы да “сенің не арнаулы, не жоғарғы білімің жоқ” демеді. Оның ұйымдастыру қабілеті мен еш қиындықтан тайсалмай тау қопарар қайраты мен үнемі білсем, үйренсем деген жаңаға жаны құмар өр мінезін бағалап кәсіподақ комитетінің, селолық кеңестің төрағалық қызметтерін сеніп тапсырды. Сол уақыттарда жастары әкесіндей жанашыр бола білген Шіменбай Әлшурин, Төлеу Оспанов, Құсей Ахметов, Смағұл Есмағанбетов ақсақалдармен қатар ағалық ақылдары бір төбе, баулыған, ұстаздық еткен Ерназар Мақанов, Мұқтар Ходенов, Балтабай Уахитовтар мұның жадында мәңгі қалды. Жақсымен жанасуды, жаманмен алысуды, бақырдан алтынды айыруды үйретті, қиындыққа салып ширатты, жақсылығын айтып мерейін үстем етті.

Ал Аманкелді ауданын он жыл басқарған өрлігі мен ерлігі қатар жүретін Сартай Омаровтың мұның көкейіндегісін дөп басып, “алар асуың, шығар шыңың алда, бүгінгі күнмен шектелме, жоғары партия мектебіне жолдама беремін, оқуға бар” деуін еш уақытта ұмытпас. “Ия” деп келісімін бергенімен үйдегі ақ жаулықты анасы не дер екен, жеті баланың анасы болған өмірлік серігі Әзкен “дұрыс бара ғой” демесе ше... Сан қилы сұрақтар, алынбас асудай болып ойы мың сан бөлінген еді. Расында да анасы алғашқыда келісімін бермеді, ал жеті баламен ене ауыртпалығын өз мойнына алып Әзкен оқуға баруына қуана отырып келісімін берді. Жігіттің үш жұртының бірі қайын атасы Нұржан ақсақал мен туған балдызы Ботан да қал – қадірінше мұның жан – ұясына көмектесіп тұрамыз алаңсыз оқуға бара бер дегенді айтып білім дариясынан сусындауына ризашылықтарын білдірді.

Алматы жоғарғы партия мектебіндегі 1980-1984 жылдары да қас қағым сәттей тез өте шықты. Келген бетте аудандық партия комитетінің ұйғарымымен Крупская атындағы кеңшарға партия хатшысы болып қызметке келді. Жаңа қарқынмен жұмысқа кірісті, еңбегі жеміссіз болған жоқ, кеңшар бірнеше жыл бойы шаруашылық жылын табыспен аяқтап, абырой атаққа бөленді. Әсіресе бір науқаннан кейін бірі үзіліссіз келіп тұратын мал шаруашылығында кеңшар басшысы Кенжеғұл Бекеновтың, кәсіподақ төрағасы Қуаныш Тұрыпбергеновтың, комсомол жетекшісі Қатима Досбергенованың және т.б. бас мамандар еңбегінің зор болғанын әрқашан ұмытқан емес.

Қай жерде болмасын көнекөз қарияларға жақын жүретін ол, Есімсейт, Бұзаубек, Шайхыстан, Төлеу, Кенебай, Тапай, Боқан, Талқанбай ақсақалдардан өмір мектебінен тәлім алса, өзі де тұтастары мен кейінгі толқын іні – қарындастарына қай уақытта да білгенін бөлісуге әзір тұрды. Сондықтан да болар Абай кеңшарына қызмет ауыстырғанда ауылдастарының ішінен Қонысбай Уатқан аса қимастықпен шығарып салып тұрып, “Шөке, сен тек басшы ғана болған жоқсың ақылман дос та бола білдің, қай шаңырақтың болса да қуанышын көбейтіп, қайғысына

ортақтастың” деген сөздері екінің біріне айтыла бермейтін еңбегінің қайтарымы деп ұққан болатын.

Сол Құмкешу ауылына (Абай) келгенде қырықтың қырқасында болса бүгінде алпыстың асқарында Арқалыққа балалары мен ағайын – туыстың ортасында бас көтерері бір өзі болған соң, уақыт талабымен келуге мәжбүр болды. Әйтпесе бүгінде өмірден озғандар Рахметов Мырзабай, Елкей Отарбаев, Аяхмет Смайылов, Қабден Байқосынов, Қабден Қарымсақов, Сейлхан Әміровтермен өмір айдынының төріндегі Науан Мендібаев, Төлеубай Сұлтанов, Тұрсын Баймұханов, Қабсалық Жұмағалиевтар тумаса да туғандарындай болғанын мақтан етер еді.

90- жылдар кім – кімнің де есінде ауыртпалығымен қалды, ескінің қирап жаңаның әлі толық орнай қоймаған кезі, бірді ғана емес мыңдарды тығырыққа тіреді. Алла әуелден мол қажыр, қайрат беріп қана қойған жоқ, осы қиындық ежелден ойында жүрген қас шеберлігіне жетелегендей болды. Басында осы қалай болар екен деген күдігі әр – түрлі үлкенді – кішілі сандық, дөңгелек стол, кебеже, киім ілгіштерді ағаштан, күмістен сақина, білезік, шашбау, түйме және т.б. жасағанда көңілі сейіліп ауыл үйдің алғысы оны шабыттандыра түсті. Өзіне де белгісіз беймәлім күш ою - өрнекке еріксіз тартты да тұрды, басында Құмкешу орта мектебінің “Домбыра дастан” атты оқушылар ансамблінің киімдеріне талғамға сай әр түрлі ою ойып, сахналық әрлеуді (декорация) түрлендірсе, ал кейін осы өнерге дендеп көңіл қойды. Қолына қайшы алды дегенше жаңа оюдың түрі өмірге келіп, бірін – бірі қайталамайтын не бір ғажайып туындылар туды. Бұрынғыларын айтпағанның (жинамағанының өзінде) өзінде тек 1999-2008 жылдардың ішінде 1500 ою ойып, авторлық құқыққа ие болды. Жинау бар да оны халыққа ұсыну бар ғой, сондықтан қашанғы арманның жүзеге асуы үшін баспадан кітап қып шығаруға талпыныс жасады. Қолда не қаржылай қаражат жоқ, не сыйынатын бір жаратушыдан басқа ешкімі жоқ ол, егер халық қалаулысы, қоғам қайраткері Орал Байғонысұлының азаматтық көмегі болмағанда кім білген аңсаған арманының алғашқы қарлығашы (кітабы) жүзеге асар – аспасын. Ия “адам аласы ішінде” деген халық даналығының рас екеніне осы жолда көзі жетіп еді – ау. Орал Байғонысұлына дейін мен мықтымын дегендердің бірнешеуіне жолыққанда “екеуміз авторлықты бөлісейік, сонда шығарып беремін” дегендеріне көнбеді. Қалай көнеді, ою - өрнегі, ішінен шыққан баласындай, ал баласын бір жаратушыдан басқа кіммен бөлісуге болады?!

Адамның арманы біткен бе, ылайымда арманың бітпесін, арман алға жетелейтін жарық жұлдызың, шамшырағың емес пе. Ендігі арманы баспаға дайын тұрған екінші кітабын халқына ұсынса, ою өрнегіндегі ұлттық киімдерге, тұрмыстық күнделікті тіршілікке, зергерлік бұйымдарға, архитектура саласы сәулет өнеріне, ұлтының өзгеден ерекшелігін көрсетіп тұратындай қажеттілікке жараса, арман асуына қол артып азаматтық борышының өтелгені дер еді.

Өмір өткелдерінде 1992 жылы Түркияда өткен Дүниежүзілік жасөспірімдер фестиваліне, 1996 жылы Америкада Атланта

Олимпиадасында, онан беріде Алматы, Астана, Қостанай, Арқалық қалалары мен Торғай кентінде ою - өрнек көрмелерін халқына тамашалатты, пікірлерін тыңдады. Аллаға шүкір, достары сүйініп, дұшпандары бар болса күйінетіндей дәрежеде өтті. Мұның сыртында Отанымыздың Тұңғыш Президенті мұражайына, Қостанай облыстық өлкетану, Арқалық дала өлкесі, Аманкелді Имановтың мемориалдық мұражайлары мен Торғайдағы және Аманкелдідегі мешіттерге өнер туындылары мен жеке заттары берілді.

Ал 1991 жылдан бері “Алтайдан-Атырауға дейін”, “Бойтұмар”, “Оюшы”, “Шебер”, қазақтың ою - өрнектері “Шабыт”, “Өмір өзен” т.б. фестивальдары мен “Хабар”, “Ақшам”, “Қазақстан”, “Алау”, “РКТРК”, “КТК”, “31 канал”, “АС-TV” телеарналарында арнайы насихатталды.

“Жігітке жеті өнер де аздық етеді” демекші, дария қарттардың сарқытын ішкен ол бүгінде тарихи деректермен, көкейде жүрген көп түйткілдер – шежіре, шертпе күй мен термелер, тарихи тұлғалар мен даналық әліппесі (мақал – мәтел, шешендік сөздер) мен сирек суреттер туралы да ой тұңғығына сүңгіп халқына тарту етуде қалам тартып келеді.

Пайғамбар жасына келген осынау ғұмырында өмір дариясында ғұмырлық серігі Әзизасы мәңгілік ғұмырын жалғастырушы сегіз ұрпақ әкеліпті. Тұңғышы Балтабай дене тәрбиесінің маманы, келіні Шынар есеп қызметкері, Шоқаны суретші, әрлеуші, келіні Бақытгүл мұғалім, Ерханы дене тәрбиесінің маманы, келіні Айнагүл Астанадағы “Наз” ансамблінің бишісі, Нұрханы заман талабына сай кәсіпкер, келіні Кәмшат мұғалім, Ержаны мұнайшы, келіні Айнұр есепші, Қайраты энергетик және өнер саласында, келіні Анар Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтында бағдарламашы, қыздары Бақытгүлі мен Құралай өмірлік серіктерін тауып, отанасы болып отыр. Құдайға шүкір, барлық балаларынан ұрпақ бар, сондықтан да Шөкең мен Әзекең қадірлі ата мен әже.

**Жәнібек Ғапбасұлы,
Торғай аграрлық-техникалық
Колледжінің директоры.
Қостанай таңы
10 маусым 2009 жыл.**

МЫНАУ НЕТКЕН ӘДЕМІ ӘЛЕМ!

Кез келген салада өз шаруасына құлай берілген, өз ісінің «отымен кіріп, күлімен шығатын» жандар болса, қазақ жұрты әлдеқашан – ақ өркениет көшінің алдыңғы сапында жүрер еді – ау. Шалғайдағы Қостанай облысы, Аманкелді ауданының тұрғыны Шөптібай Байділдинмен болған

әңгімеден кейін осындай ой түйдік. Ол ою оятын, сандық жасайтын қолөнер шебері ғана емес, осы саладағы ұлттық өнердің жоқшысы іспетті.

- Қолөнер сізге қайдан жұғысты болып жүр?

- Жалпы, қолөнермен арғы аталарымыз да айналысқан көрінеді. Ал мен бергілерден, өзім көрген кісілерден көргенімді көңілге түйдім. Әкемнің інісі Сейітқасым да өте шебер адам болды. Сол кісінің бір қабат теріден өрілген торсығынан мүлде су сорғаламайды екен. Мен осыған орай қолөнердің ұнғыл-шұңғылын жақсы білетін кісілермен сөйлескенімде, олар бұл тек хас шебердің қолынан шыққан бұйым екенін айтты. Торсықты жай өре салмай, шарт түйіп, неше түрлі түйін жасап өретін шығар деген де болжам жасалды.

Әкеміздің тағы бір бауыры Самұрат ет пен шәйдің арасында жеңгелеріне бір сандықты әзірлеп бере салатын. Қазір сол кісінің қолынан шыққан сандықтың бірі төрімізде тұр. Сандыққа қаңылтыр, алюминий тәрелке, алюминий шараларды жымын білдірмей, теп-тегіс қылып жапсыратын. Сосын қағаздан ою ойып, оны сумен дымқылдап темірдің бетіне жапсырады. Қағаз құрғаймын дегенше, ол сырлап та үлгіреді екен. Шебер ағамыздың қолынан неше түрлі оюлар, қамыстың, бидайдың сабақтарынан қиып-қиып алуан түрлі нақыштар өрнектеліп жатушы еді.

«Ата көрген оқ жонардың» әсері ме, әйтеуір суретке деген ықыласым мектепте жүрген кезде-ақ бар болатын. Айтпақшы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, белгілі жазушы Төлен Әбдікұлы оныншы сыныпты бітіргеннен кейін бізге суреттен сабақ берген де кезі болған. Ол кезде 8 сыныптамыз. Бүгінде танымал ақын Бақыткерей Ысқақов екеуміз қабырға газетін шығаратынбыз. Мен карикатура саламын, Бақыткерей өлең жазады.сөйтіп, сурет әлеміне деген қызығушылық оқушы кезде басталған.

- Ою-өрнекке ойысу жағы қай уақытта басталды?
- 70- жылдардың ортасында біздің ауылға Кавказдан науқандық құрылыс жұмыстарымен құрылысшылар келетін. Бір күні құрылысшы бригадирі келіп, ою ойып беріңізші деді.
- Не істейсіңдер?
- Керек.

Өтініштерін орындап 20 ою ойып бердім. Алып кеткен. Келесі жылы олар тағы келді көктемде. Риза. «Сіздің арқаңызда үлкен шаруа бітірдік» дейді. Сөйтсем, олар оюларды көбейтіп, трафарет жасап, мықтылардың үйін безендіреді екен. Осылайша қазақтың оюынан қыруар пайда табады екен. Содан кейін оюды да кәдеге жаратуға болады екен ғой деп ойлана бастадым.

- Қолға қайшыны алып кірістіңіз....

- Не керек, оюға деген құштарлығым арта түсті. Оюдың әртүрлі нұсқасын жасаймын да, тастай беремін. Бір күні Арқалықтағы ауруханада жатыр едім, ауылдан мектеп директоры Жәнібек деген жолдасым телефон арқылы хабарласты: « Ауылда ансамбль құрғалы жатырмыз, ең алдымен соған ат қоюымыз керек». Бірнеше аттың жобасын ұсындық, солардың ішінен «Домбыра -дастан» атын қалап алыпты. Жәкең тағы хабарласты:

«Ансамбль мүшелеріне киім тігу керек, ұлттық киім оюсыз тағы болмайды». Сонымен Күләш деген құрбымыз екеуіміз өнерпаздардың киімін әзірлеуге кірістік. Мен қатты қатырмадан ою оямын, Күләш оюдың ішін мәшинемен жүргізіп тігеді. Сол ансамбльдің өнерпаздары ауыл, аудан, облысты айтпағанның өзінде республика көлемінде «Алтын алма» байқауында екі мәрте бірінші жүлдеге ие болды. Содан соң Түркиядағы халықаралық байқауға қатысып, онда да бас жүлдені жеңіп алды. Қолдан шыққан оюдың қолданысқа енуі осылай басталды.

- Ұлттық оюларды өзіндік эксперимент көзіне айналдырғандарға қалай қарайсыз?

- Қарсымын. Кейбіреулердің қошқар мүйізге өзгеріс енгізуге ұмтылатынын да байқап жүрмін. Қошқар мүйіздің алдында, әу басында арқар мүйіз болған. Қазақ арқарды киелі санаған. Арқардың ұранға айналу себебі де сол. Тағы бір айрықша атап айтатыны, ұлтымызда әліпби болмаған заманда ою болды ғой. Жазу болмаған кезде таңба, әр рудың өз ен-таңбасы болды. Кешегі бабалар артына тасқа қашап қалдырып кеткен мұралар да таңбалардан тұрады. Сол себепті, оюды көктен түсті деп айту қиын. Ол табиғатпен, ұлттық болмысымызбен етене жақын дүние.

Жалпы қазақ әлемінде ою деген керемет орын алады. Тал бесік пен жер бесіктің арасы түгелдей оюмен өрнектеледі десем қателеспеген болар едім. Қазақ жаңа туған нәрестеге киім кигізіп, оюы бар тұмар тағып қояды. Оюсыз бесік болмақ емес қазақ ұғымында. Сәбиге таққан үкіде де ою-өрнек салып, керемет қылып киіндіреді. Ат әбзелдері де түгелдей дерлік оюмен көмкеріледі. Азаматтардың киген киімінде де алуан түрлі оюдың түрлері кездеседі. Ал киіз үйді ою атаулының кешенді ордасы деп айтуға болады. Ағаштан ойылып жасалған сықырлауық есіктен бастап, шаңырақ, басқұр, бөдеге, желбаулар, жүкжапқыш, тұскиіз, кебеже мен сандыққа дейін ұлттық ою-өрнектің мың сан түрі көрініс табады. Олардың әрқайсысының өзіндік мән-мағынасы, тағылымдық тәрбиесі бар.

- Қысқасы, оюмен ой білдіруге болады десеніңші?
- Иә, біз оюмен ой айтқан елміз.
- Ою нұсқасы қалай дүниеге келеді?

- Оюды бірін екіншісіне ұқсатқым келмейді. Ұзақ-сонар басымда жүрген нұсқаны «пісті-ау» дегенде қолыма қайшы аламын немесе қаламмен шимайлаймын. Оюды қазір қиып алып жапсырып жүр ғой, бұл дұрыс емес. Ою негізінде шілтерлеп тоқылуы тиіс. Сонда ол тозбайды, өңін бермейді, матамен бірге жымдасып тұрады.

- Қазіргі кездегі ұлттық киімдердегі оюға көңіліңіз тола ма?

- Бүгінде қазақтар ұлттық киіммен театрға шығатындай киінеді. Киімдегі оюлар талғамсыз пайдаланылады. Бұрын қазақтар киімді жас ерекшелігіне қарай ыңғайлап тігетін болған. Жасы үлкен адам болса сұрғылттау, бозғылттау киім киген. Костюм тәрізді тік жаға бешпенттер киіп жүрсе, үлкен адамға қандай жарасымды болар еді. Қыз бала киіміне жапырақ тектес ою түрлерін, ер балаға киіміне қошқар мүйіз іспетті оюдың

шағын элементтерін енгізеді. Діни адамдардың киіміне де әлем-жәлем етіп жағалай ою жасап қойғанның өзі де талғампаздықтың жоқтығын білдіреді.

- Осы өнердің жолында жүргендегі сіздің басты мақсатыңыз не?

- Ұлттық өнердегі менің мақсатым - алдымен қошқар мүйіз оюын пайдаланып, ұлттық кілем шығарудың төңірегінде тоқайласады. Парсы кілемі, түркімен кілемі бүгінде дүние жүзіне әйгілі. Қазақтың ою-өрнегінің қолтаңбасы кілемге сұранып – ақ тұр емес пе. Кестелеп тоқылған тұскиіз шығаруға да әбден болады. Бәлкім, өте үлкен шығарудың қажеті жоқ шығар. Сыйға тартатын шағын етіп шығарудың өзі жеткілікті.

Сондай-ақ ыдыс-аяқ өндірісінде де қошқар мүйіз оюларды пайдалануға болады. Ұлттық ою-өрнектер сәулет құрылысының кәдесіне де әбден жарайды. Ұлттық қолтаңба дегеніміз осы. Оған мысалды алыстан іздеудің қажеті жоқ. Арқалық қаласындағы музейдің кіре беріс екі жақ қабырғасы іргетасынан төбесіне дейін тұтас үш қабатты мрамормен түгелдей оюмен жасалған. Бұл ұлтжанды азамат Өзбекәлі Жәнібековтың үлкен еңбегі, өзіндік қолтаңбасы. Алты-алты қатардан орналастырылған ою түрі бір-біріне мүлде ұқсамайды. Осы сияқты ата-бабадан келе жатқан құнды дүниелерді кәдеге жарату керек қой. Мақсат дегеніңіз осындай ойлармен астасып жатады.

- Мыңнан аса ою түрін жасадым деп отырсыз. Осының бәрін елдің игілігіне жарату барысында қандай шаралар атқарылып жатыр?

- Аталған ою түрлері әлі толыққанды еңбек ретінде жарыққа шыға қойған жоқ. Олардың бәрін дискіге жазып, барған жеріме сол арқылы көрсетемін. Өз күшіммен қағаздарымды арқалап көрме ұйымдастырамын. Арқалық пен Қостанай қаласында жеке көрме ұйымдастырдым. Біздікі ұлтының байлығын ел көрсін, жұрт танысын деген ниетпен атқарылып жатқан шаруа ғой. Арқалықтағы көрмеге келген бір орыс әйелінің «мынау неткен әдемі әлем» деп таңданыс білдіргені бар. Бәлкім, ол таңданатындай бар шығар, өйткені көрмеге қойылған 250 ою ұзындығы 18 метр., биіктігі 1,5 метр аумақты қамтыды. Ал қолда бар 1,5 мың оюды қойып көрсеңіз оның қанша аумақты қамтитынын кім білсін.

Жинақталған еңбектерді кітап ретінде шығару қиынға соғып тұр. Астанаға келген осы сапарымда мәдениет, ақпарат және спорт министрлігіндегі осы салаға қатысты мамандармен әңгімелестім. Олар хал-қадірінің келгенінше көмек көрсетеміз дегенді айтып отыр. Халықтың игілігіне жарап жатса қуаныштымын. Қолдан келгенше еңбектердің қағазға түсіп хатталып, халыққа жеткенін қалаймын.

Әңгімелескен
Жарқынай Ғалымқызы
Нұр – Астана
2 маусым 2005 жыл.

ОЮ ӨНЕР ЕМЕС ПЕ?

Жақында Қостанайдың тариха-өлкетану мұражайында арнайы көрме өтті. Бояуы қанық, өрнегі мол, хас шебердің қолынан шыққан сан түрлі оюлар бабалар аманаты сияқты. Қасиетті өнеріміздің сағын сындырмай, аманат етіп арқалап жүрген азамат өзі іздеп келді. «Алтын Орданың» тұрақты оқырманы екен. Елуден асқан ел ағасы, таза қазақи өнердің осы түріне құлай берілген Шөптібай Бәйділдәұлын хас шебер ғана емес, осы өнердің ағып тұрған тірі шежіресі ме деп қаласың.

Шөкеңнің мақсаты – қазақтың ою-өрнегін түлетіп, өзіне қайтарып беру.

-Ою-өрнектен қазақтың бүкіл өмірін, жан дүниесін, дүниетанымы мен философиясын көруге болады, - дейді ол, - Қазақта оюсыз дүние жоқ. Бесіктен бастап, тақия мен шолпы-сырғаға дейін солармен өрнектеліп, әдіптелген. Киіз үйіңнің өзі талай-талай тамаша ою-өрнектің тұнып тұрған казынасы. Әр қазақтың туғаннан өлгенге дейінгі серігі ол.

Шөптібай Бәйділдәұлының түйіндеуінше, бар ою-өрнектің негізі – қошқар мүйіз. Бәрі содан бастау алады. Қиюын келтіріп, шырайын шығара білсең, талай әлемді тамсандырар өнер бұл.

Шөкең мына бір жайды еске алғанда жайдарыланып кетеді. Кезінде Амангелді ауданының Құмкешу ауылында өрімдей жастардан «Домбыра-дастан» ансамблі құрылады. Сонда осы мектептің мұғалімі Күләш Рахметова екеуі ойласа келе, әлгі балалардың бойына шақтап, көздің жауын аларлықтай етіп ұлттық бояуы мол киім тігуге ниет етеді. Киімді Күләш пішеді, ою-өрнегін бұл ояды. Киім үлгісінің сәні жөнінен өзгелерден озық шығып, бірінші орын алды. Кейін осы бүлдіршіндерді Түрік елі шақырып, сән-салтанаты жарасқан біздің ұлттық киімді қазақтың кең даласынан келген ұлттық өнер туындысы ретінде таңдай қағып, тамсана қарап, жоғары бағалапты.

Қазақы ою-өрнек күрмеуі көп, тарқатылуы қиын дүние екендігін Шөптібай әу бастан-ақ аңғарған.

Талай лауазымды қызметте жүрсе де, осы өнерге орала бергені содан. Ата-бабаларында он саусағынан өнері тамған шеберлер көп еді, солардың шапағат-шарапаты болар. Әсіресе, әкесінің інісі Сейітқасым ісмер кісі еді. Ою оюдан, киім тігуден оған тең келетін пенде жоқ-ты. Бала болса да, есінде: оның торсықты қайыстан ойып шығарғанда, сыртына бір тамшы су шықпайтындығын бүкіл жұрт жыр қылып айтатын. Ал Самұрат деген тағы бір ағасының қолынан үлкен чемодан түспейтін. Барлық

сайманы соның ішінде. Отыра қалып, ет пен шайдың арасында әп-әдемі сандық жасап тастайтын. Бір қызығы, қолына не түссе соны әжетке жарататын. «Салатын ою-өрнегіне сұқтана қарамайтын жан болмаған», - дейді білетіндер.

Бірде жазушы – ғалым Сапабек Әсіпов Шөкеңе ашық хат жазыпты: «Салған ою-өрнегінді көрдім, - дейді көпті көрген ақсақал, - істеп жүрген ісіңе ризамын. Баяғыда әр ауылда өзіндей бір-бір шебер болатын. Соның дәстүрін жаңғыртып, жалғастыр». Ою-өрнек тәрізді аса нәзік өнердің жанашырларынан гөрі, жаны ауырмайтындар көп секілді. Қазақтың өз өнерін өзінің қажетіне жаратсам-ау деген мұраттың жетегіне еріп, аттамаған табалдырығы, ашпаған есігі жоқ Шөкеңнің. Талай баспаны да аралады. Мұражайдың бірнешеуінде болды. Бір кездерде атағы дәуірлеп тұрған «Тұскиіз» фабрикасына да бас сұққан. «Әсем» деген әдемі аты бар сән орталығындағылармен де сөйлесіп көрген. Астана мен Алматының арасын жол қылған. Қорытындысы айтуға ұят, қазақы қалпымыздың ғажайыбы – ою-өрнегіміздің ешкімге керегі жоқ сияқты. Сылтау көп. сонда Шөптібайдың 30 жыл ғұмырын арнап салған бір жарым мыңнан астам ою-өрнегі халқымыздың мол қазынасының санатына кірмегені ме?

Бірақ, Шөптібай өнердің осы түрін насихаттаудан жалыққан емес. Кезінде теледидардағы «Алтайдан Атырауға дейін», «Бойтұмар» атты танымдық хабарларға қатысып, ою-өрнек құдіреті жайлы сыр төккен. Қостанай облыстық телеарнасының өзі Шөкең жайлы бірнеше хабар көрсетті.

Шебердің айтуынша, ою-өрнекті пайдаланудың мүмкіндігі ұшан-теңіз. Тек оған тоңтеріс қарамай, орнымен ұқсата білсе болғаны.

- Өзгесін былай қойғанда, осы өзімізде бояуы қанық, өрнегі мол, әсем кілем тоқуға неге болмайды? – деп ой тастайды ол. – Парсы кілемі мен түрікпен кілемі әлемге әйгілі. Ал өзіндік бояуымен қазақы кілем құлпырып тұрса, халқымыздың атын шығармас па? Текемет пен киіз, алаша ше? Көздің қарашығындай етіп сақтайтын мұралар ғой бұлар.

Шөкең домбыраға қосылып, қоңыр даусымен ән де салады. Шағын цех ашып, тұрмыстық дүниелерді де келістіріп шығарады. Сегіз бірдей баланы тәрбиелеп өсірген өнегелі отбасының басшысы да өзі.

Қазақтың мол мұрасы – ою-өрнектің сан қырлы сырын кейінгі жастардың көкірегіне құйып кеткісі келеді. Осы өнер жайлы кітап жазсам деген ойы да бар. Немересі Төреханның ата жолын қуатын түрі бар... Шебердің қолы ортақ деуші едік. Ендеше, өнер мен өнер иесі неге қағажу?

Жайберген Болатов

Қостанай

№20 (226) 21 мамыр-27 мамыр 2004ж

«Алтын Орда»

ОЮМЕН ОЙ АЙТҚАН ЕЛДІҢ ПЕРЗЕНТІ

Жер бетінде Адамзат баласының пайда болғанына дейін де тіршілік процесі тоқтаған емес. Әрбір қоғамдық формация мыңдаған, миллиондаған жылдарға, ал жылдар – ғасырларға ұласып, жалғасып жатқан. Адам баласы сол дәуірлерге өзгеріс әкелді: тіршілік жанданды, жер игерілді, тастарға түрлі белгілер түсе бастады, қауымдық құрылыстар пайда болды...

Қазақ халқының да түп-тегі – сол тас дәуірінен дамуын бастады. Мәдениетінің, тарихының да алғашқы белгі нышандарын – тас дәуірден іздейміз. Халқымыздың алғашқы мәдениетінің белгілері – ою-өрнек екенін бүгінде ғалымдар да дәлелдеп отыр.

Ою-өрнек – латын тілінде **ornament** дегенді білдіреді, яғни - әсемдеу, сәндеу деген ұғымда айтылған. Сондықтан екеуі әрдайым қосарланып қатар жүреді.

Палеолит дәуірінде Адамның күнделікті өміріндегі қоршаған ортада осы ою-өрнек белгілері үнемі көрініс беріп отырғанын қазба деректері дәлелдейді. Уақыт өте келе бұл белгілер – интерпретациялық өзгерістерге ұшырап, түрленіп, байып, дамып – бүгінгі күн талабындағы ұғымға дейін көтерілген. Бір кездері жай қарапайым ғана геометриялық сызықтар адамның ой-өрісінің, қиялының ұшқырлығының нәтижесінде ұрпақтарының саналы өмірлік кәдесіне жарап отыр. Бұл біздің арғы тегіміз – көшпелілердің әсемдікке құштар болғандығының бір дәлелі.

«Қола, темір дәуірлерінде Батыс Сібір мен Қазақстанды мекендеген көшпелі тайпалардың әсемдікке құштарлығы ұшқан құстан, жүгірген аңнан көрініс тапты. андронов, сақ, ғұн, үйсін, қаңлы мәдени мұраларында ою-өрнек үлгілері – адамның мифтік дүниетанымынан туған фантастикалық бейнелер. Мұндай стильденген зооморфтық бейнелерді көне дәуірде салынған қорғандардан табылған зергерлік бұйымдардан кездестіруге болады», - дейді Т.Жүргенов атындағы өнер академиясы «Академиялық сурет және графика» кафедрасының меңгерушісі Бауыржан Байділда.

Шынында да қазақ халқының тұрмыс-тіршілігімен ғасырлар бойы біте қайнасып дамып отырған бұл өнер талай дәуірді, алапат дауылды сындарды да басынан өткерген. Құрылымдық формацияларға қарай даму тенденциясында кезең-кезең бірқатар өзгерістер болды.

Бүгінгі күннің талабы мүлде бөлек. Осынау дәстүрлі өнеріміздің қажеттілігі артты. Бұл салаға мемлекет тарапынан қолдау-көмек те бар.

Ендеше ою-өрнектердің қисынын тауып, үйлесімін келтіруде бұл өнерді өміріне серік еткен халық шеберлерінің атқарар қызметі барынша өріс алуға тиіс. Ендігі әңгіменің тізгінін осы салада азды-көпті тер төгіп жүрген шеберлерге қарай бұрсاق.

Бұрынғы әкім, партия, кеңес қызметкері болған Шөптібай Байділдаұлы 40 жылға жуық уақыттан бері тұрақты түрде қазақтың ұлттық ою-өрнегін жасаумен айналысып жүр. Ол бүгінге дейін 1500-ден астам ою-өрнек түрлерін жасапты. Олардың әрқайсысынан қазақтың ұлттық қаны тамады. Иісі аңқып тұрады. Шөптібайдың еңбектері 1992 жылы Түркияда, 1996 жылы Америкада өткен Атланта олимпиадасында көрмеге қойылды. **Басы ашық мәселе мынау: Ш.Байділдаұлы ою-өрнекті ешкімнен көшірмейді және ешкімді қайталамайды! Оюға толық авторлық құқығы бар.**

- Мені қазақтың ұлттық қолөнеріне сусындатқан аяулы әкем Омарұлы Байділда болатын, - дейді ұлттық ою-өрнектің хас шебері дәстүрлі сауалымызға орай. Шөкең әңгімені де өрнектеп, таспа өргендей өрмелеп, әспеттеп әдемі айтады. Үні де құлаққа жағымды. Кісілік мәдениеті жоғары. Жүрегі жұмсақ. Жүзі жылы. Көздерінен шуақ төгіліп тұрады. Әңгімесін тыңдай бергің, тыңдай бергің келеді.

Ендеше, сіз де құлақ түріңіз:

- Халқымыз сәндікті, сұлулықты сүйген. Өнер туындыларының жетілген түрлерін өмірге енгізген, тұрмыста қолданған. Сол ою-өрнек арқылы әсемдікті насихаттаған. Сұлулықты сүйген халық жүрегі нәзік, таза, ақжарқын, қайырымды болған. Міне, ғасырлар бойы бабаларымыз ешкімнің ала жібін аттамаған. Сырт елге соғыс аспаған. Қайта басқа елге қамқор болған. Сол қамқорлық күні бүгінге дейін жалғасып келеді. Басқа ұлт өкілдерін бауырымызға бастық. Халқымыз ата-баба дәстүріне, салтына, мәдени мұраға адалдықпен қараған. Қаншама алапат соғыс, қуғын-сүргінді бастан өткерсе де атадан қалған киелі жәдігерді шамасы келгенше тастамаған. Соның бір айғағы марқұм өз әкем Омарұлы Байділда арғы бабалардан мұра болып келе жатқан еменнің безінен ойылған екі ғасырға жуық тарихы бар ағаш табақты қаншама қуғын-сүргін көрсе де жоғалтпай, аман сақтап бізге жеткізіп кетті. Осындай бабалар мұрасын қастерлеп сақтау – мәдени мұрамызды дамыту.

- Ою-өрнек қазақтың дәстүрлі оюы – қошқар мүйізден басталады дейміз. Қандай өрнек болмасын сол белгі көрініс табады. Онсыз басқа жол жоқ па?

- Басы сол қошқар мүйіз оюынан бастау алған өрнек дами келе неше алуан түрге еніп, аражігі әртүрлі өрнектермен толыға келе, үлкен күрделі ою түрі шығады. Ою атасы – қошқар мүйіз бастаған өрнек түрлері бір-біріне үйлесе сән бере келе бірігіп, жымдасып, байланыс пен сәндік тауып жасалатын ою түрін әрлендіре түседі. Табиғаттағы әсем гүл шоғырындай ою-өрнек те өз шеберін тапса жарасып, құлпырып, көз тартып, көзге қуаныш, көңілге жылылық, ортаға әсемдік, сұлулық шашып тұрары анық. Ал басқа жолды мен білмейді екенмін.

- Сонда мұндай ою-өрнектердің тәрбиелік мәні де бар ғой?

- Сөзсіз. Менің түсінігімде ою-өрнек дегеніміз – дәлдік, есеп, теңдік, теңеу, үйлесім, жарасым, сәндік, көркемдік, сәйкестік, тазалық, нәзіктік, сүйкімділік, парасаттылық, жылылық, сұлулық, ойлылық, ақылдылық, зеректік, көңіл-күйдің жақсылығы, шуақты шақ, арайлы кезең, жарқын әлем, көңілге шабыт, шаттық ұялатады, көңілді ашады, шабыт береді, ептілікке, іскерлікке, шеберлікке, икемділікке, дәлдікке баулиды, тәрбиелейді. Өнерге деген махаббат, сұлулыққа деген ғашықтық, құштарлық жинағы. Ою ойған адамның жүрегі жылы, нәзік болады.

Ою ойған адам әр саладан хабары бар шебер болуы қажет.

- Оған сөз бар ма. Әрбір шебер өз саласының сыр-сынбатын, құпиясын білмесе, ондай шеберден не күтуге болады?

- Дұрыс айтасыз. Мәселен, ағаш шеберлері ағаш тамырынан, байланған шор бездерінен ойып, әр түрлі айшықты ожаулар жасаған, әрі оларға сән беріп, яғни күміспен қаптап, асыл тастармен өрнектеген. Сүйекті де кең қолданған. Сүйек түрлерінің де ерекшеліктерін жақсы білген. Атап айтсақ, семіз жас малдың қайнатылмаған сүйегі оюға, өрнектеуге ыңғайлы. Түйе, жылқы сүйегі сапалы, қара кемік болмайды. Арқар мүйізіне өңез жабыспайды, маса қонбайды, мүйіз ожау күнге қызбайды, қымызға салқын леп береді. Мүйізді қыздырады не қайнатады. Тарақ тісін шығару үшін тақтайға мүйізді қоса қысып тіледі. Арқар, бұғы, тау теке мүйіздерін, түрлі сүйектерді ағаш қобдишаларға, шақшаларға, мылтық құндақтарына, пышақ саптарына, домбыра беттеріне және қазақы ерлерге алуан түрлі күрделі әшекей ою-өрнектер салуға кең пайдаланған.

- Сіз ою оюды кез келген уақытта оя бересіз бе, әлде шабыт келгенде ғана іске кірісесіз бе?

- Мен үнемі ой үстінде жүремін. Кейде ойда жоқ жерден қолыма қайшыны қалай ұстағанымды білмей де қаламын. Ою да өлең сияқты ғой. Дер кезінде қағазға түсірмесен, кейін ұстай алмай қаласың. Ақындар да сондай ғой. Ұшқарылыққа мұнда жол жоқ. Ою-өрнекті сапалы етіп жасау үшін алдымен пайдаланатын материалды дұрыс таңдай білу де маңызды. Оның ою ырғағы мөлшерін, яғни оюдың заттың бетіне түсуі мен орналасуын нақты жобалау қажет. Оймастан бұрын тақырып таңдай білу қажет. Өйткені оюдың жақсы шығуы оюшының ойының ұшқырлығында, шеберлігі мен оюды ретін келтіріп үйлестіре білуінде. Бір сөзбен айтқанда ою-өрнектің қандай түрі болса да – ол адам ойының жемісі.

Ою-өрнек бір-бірімен қабысып, жымдасып, ескен арқандай бірігіп тұруы керек. Аражігі бадырайып, үйлеспей, олпы-солпы болса – ою өзінің сәнін, сұлулығын, үйлесімін, тіпті мазмұнын жоғалтуы мүмкін.

- Кез келген ою-өрнек өз орнын таппаса, ол да өкінішті. Өйткені бұл да шебердің біліктігі мен білгірлігіне, талғамына байланысты. Оның түр-түсін де таңдап қолданған дұрыс. Сіздің пайымыңыз қандай?

- Егер ғасырлар қойнауында сақталған жәдігерлерге байыппен назар салсаңыз, ою, сызу, бедерлеу, ру, тайпалардың таңбаларында, малдың ен-таңбасында, ай, жұлдыз, аспан әлемін тұспалдауда орын алғанын байқайсыз. Шеберлер сүйекті ойған, ағашты иген, тасты қашаған, мүйізді балқытқан, металды өңдеген. Әсемдікті таңдай да, жасай да білген.

Ендеше осындай әсемдікті таңдай білген хас шеберлер, оюшы зергерлеріміз осы ою-өрнекке бояу түрлерін де пайдалануды жете меңгерген. Халқымыздың ою-өрнектерінде басым түс – ақ пен қара болып келген.

Бұл ою-өрнектің ең бір шешімін тапқан жарасымды түрі болып есептелінеді. Ақ пен қара түс бір-бірін айқын ашып, қандай затқа пайдаланса да анадайдан көздің жауын алып, сән беріп тұрады. Асқан шеберлер былғарыны ақ күміспен әшекейлеп түс киіз жасаған. Бұл түсті халқымыз ең жоғары бағалаған, қастерлеген. Әрбір түстің өз мән-мағынасы бар.

Мысалы **көк түс** – аспан әлемін меңзейді. Көк түспен жасалған затты киелі санап, аяқ астына төсемеген. Көк түс көк тәңіріні, аспанды меңзейді деген көнеден келе жатқан ұғым бар.

Қызыл түс – оттың, күннің символы.

Ақ түс – ақиқаттың, қуаныштың, бақыттың, пәктіктің белгісі.

Сары түс – ақыл-парасаттың, мұңның символы.

Қара түс – жердің символы.

Жасыл түс – жастықтың, көктемнің, жасыл әлем символы.

Әрине әр шебер, оюшы түр мен түсті талғамына, ойлау жүйесіне, наным-сеніміне қарай сұраптауы мүмкін. Ою-өрнек түрлері өте нәзік болады. Сондықтан оларды орнын шатастырмай тауып, орын-орнымен қоя білу өте қажет. Қазіргі уақытта бас киімге салатын оюды балаққа, балаққа салатын оюды жағаға салу байқалып қалып жатады. Жарасымын, пайдалану орнын тапқан ою-өрнек алғаш қарағаннан-ақ көңілге қуаныш, жүрекке жылылық, сәндікке құмарлық беріп, өзіне тартып көздің жауын алуға тиіс.

- Сіз өзіңіз ою-өрнектерді ойғанда тақыр немесе түр-түске бөлесіз бе?

- Біз оюмен ой айтқан елміз. Ғасырдан ғасыр дамыған ою-өрнек тілімен хас шеберлер ойын көңілінің күйін де, уақыт жағдайларын да жеткізе білген. Бірақ жасалған ою-өрнектерге түгелдей ат беру де мүмкін емес. Әр шебер өзі жасаған соң өрнегінің қандай ою түріне ұқсайтынын, оған қандай ат лайық екендігін және ою-өрнекті қай затқа қалай пайдалану керектігін дәл де нақты білген.

Жалпы ғалымдардың зерттеуі бойынша ою-өрнектер үш топқа бөлінеді.

1) Өсімдік тектес (жапырақ, үш жапырақ);

2) Зооморфтық (жан-жануарлар);

3) Космогониялық өрнек (дөңгелек, ирек, шимай, тор көз).

Ал менің ою-өрнектерімді негізгі-негізгі топқа, яғни өз талғамыма сай

үш тақырыпқа бөлуге болады.

- 1) Киім түрлеріне лайықты ою-өрнектер.
- 2) Тұрмыстық заттарға лайықты ою-өрнектер.
- 3) Күрделі ою-өрнектер.

Осы ою-өрнек түрлерін қажетті орнын тауып пайдаланған зергер, оюшы шеберлерге үлкен көп болары анық. Ал енді сөзімнің соңында айтарым мынау:

Мемлекеттік деңгейде «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша қамқорлық жасалынып, оқушыларға, студент жастарға қолөнер сабағына пайдалануға шағын журналдар шығарылса, қолөнер түрлері мектепте пән ретінде өтсе, жастардың келешекте іскерлігіне, ұлттық мәдениетті сүюіне ықпал жасары анық. Оқушыларға ұлттық нақыштағы киім үлгілері ұсынылып оқу құралдарының безендірілуіне ою-өрнек кең көлемде ұсынылса, шеберлер даярлайтын арнаулы оқу орындары ашылса, ұлттық қолөнер дамыған болар еді. Сол арқылы жастарға жұмыс, өнерге қамқорлық, тұтынушыға өнер туындылары ұсынылар еді.

*№6-7 шілде 2007ж
Халық шеберімен сұхбаттасқан
Есенәлі Ералы*

ШЕБЕР

Таудың биіктігін қасында тұрып күнде көріп жүрсең де ескермейсің. Көзің әбден үйреніп кеткендіктен. Сол сияқты жаны-мыздағы жақсы-жайсаңдарды да баға-лауға сондай сараңбыз. «Ауылдағының аузы - сасық» немесе «Алыстағының аяғы да-алтынның» кебі. Әйтпесе жасы бүгінде 60-тың асқарына жеткен, көрнекті қолөнер шебері Шөптібай Бәйділдиннің аудан тарихынан алар орыны ерекше ғой. Оны айтасыз-ау түбі, күндердің күнінде Шөкеңнің өнерін Қазақ-стан түгілі, шет елдер тануына талас болмас. Ондай қолөнер шебері дәл қазір Қостанай-Торғай өңірінде жоқ, мүмкін Қазақстан бойынша да кездеспес. Бұрын марқұм Дәркембай Шоқпарұлы бар еді. Дүние салды.

Шөкеңнің қолөнер шеберлігін рес-публикамыздың таңдаулы суретшілері мойындап отыр. Соның нәтижесінде оның ою-өрнектері республикалық «Өнер» баспасынан мемлекеттік ар-найы тапсырыспен кітап болып шы-ғып жатыр. Үш тілде. Қазақша. Орыс-ша. Ағылшынша. Бұл кітап - Шөкеңнің шеберлігін өз елімізге, ТМД-ға және ше-телдерге

танытатын тұлғалы туынды! Қазақ ултының ою-өрнегін, колөнерін әлемге айғақтауға - қызмет ететін ерек-ше еңбек!

Шөкең - аспаннан түскен жоқ, жер-ден шыққан жоқ. Осыдан 60 жыл бұрын Торғайда Төре Бәйділдә ақсақалдың шаңырағында дүниеге келді. Ал Бәкең әйгілі Абылай хан тегінен. Шөкең де өзгелер секілді өзінің даңқты бабасын әрдайым мақтан етеді. Ол - ел тари-хын, жер тарихын жетік білетін әңгімеші. Баяғыдан. Жап-жас жігіт күнінен. Қазір тіпті шырқау биігіне жеткен. Бір жақсы-сы Шөкең кейбір әңгімешілердей «әкем айтып еді», «менің әкем керемет еді ғой» демейді. Қит етсе әкесін куәлікке тартпайды. Әдеп сақтайды. Есті кісілер білер дейді. Әйтпесе Шөкеңнің әке-сінен алған тәлімін айтып, жеткізуі мүмкін емес. Шөкеңді мен Жыланшықта, комсомол комитетінің хатшы-сы кезінен білемін. Жап-жас күнінің өзінде ол қой бастаған серкедей еді. Әңгімеге де, өнерге де жүйрік болатын. Күй тартып, ән салатын. Дастарқаны кең еді. Ауданнан барған көп қонақ-уәкілдер сол үйде болатын. Ол сол кездің өзінде әдет-ғұрып, салт-дәстүрге, жөн-жобаға жетік еді. Көзге бір көргеннен жылы ұшырап тұрушы еді. Содан бері 34 жыл өтіпті. Мен 18-дегі бозбала болсам, Шөкең 26-дағы жап-жас жігіт екен-ау сонда. Маған ол Жыланшықты армансыз аралатты. Талай тамашаға кенелтті. Қалай ұмы-тарсың.

Ол кейін кәсіподақ комитетінің, се-лорлық атқару комитетінің төрағасы бо-лып сайланды. Одан Алматыға Жоға-ры партия мектебіне оқуға кетті. Жасы 40-қа жақындап қалғанда сол мектепті 4 жыл оқып бітірді. Партком хатшысы болды. Одан Құмкешуге әкім болып та-гайындалды. 1999 жылы ойламаған жерден орнынан босатылды. 53 жас-тағы азаматқа обал болды-ау, қолын-да 90-ға келген өлмелі анасы бар ғой, қызметсіз қалды-ау деген бір жанашыр болмады. Не қатар жүрген замандас-тары - жолдастары көмек қолын соз-бады. Көбі сырт айналды. Тіпті кейбірінің келемеждеген сәттері де болды. Бұл жағдайлар жанына қатты батты. Өзіне-өзі қайрат берді. Жүнжіп, мүжіліп кет-педі. Абылай хан атасының «Қайғы көрсең - жасыма, қасқайып тұрып қарсы тұр» -деген аталы сөзін жадында устады. Бір Алла өзің жарылқай гөр — деп өзіне-өзі дем берді. Әрі ойлап, бері ойлап қолөнермен айналысуға кірісті. Әр нәрсені жетік білетін Шөкең бұл шаруаға кірісерде Аллаға сыйын-ды - бағымды аша гөр, - деді. Аруақ-тарға да сыйынды - желеп-жебей гөріндер! - деді. Әуелі табыс тауып, бала-шағаны асырау үшін сандық жа-сауды бастады. Көңілі бөлінді. Істеген ісінен рухани ләззат алды. Сөйтіп от-басынан, ағайын-туысынан басқаға керексіз болып қалған Шөкең жұмыс-сыз жүрген 7 жыл ішінде 7 қазынаға кенелді. Жасаған ою-өрнегін мемле-кеттік тапсырыспен кітап етіп шығаруға өзінің бір кездегі әріптесі, қазір ҚР Пар-ламенті Мәжілісінің Төрағасы болып қызмет етіп жатқан Орал Байғонысұ-лы қолма-қол көмек жасады. Бұл кітап-тың бірінші томы басылып шықты, енді екінші томы шықпақ.

Шөкең қазір Құмкешу ауылында тұрып жатыр. Балаларының өз қолы өз ауздарына жеткен. Ал Шөкең қиян-дағы ауылда еңбекақысыз, таза шы-ғармашылықпен айналысуда. Сүйіп қосылған жары Әзкен - Шөкеңнің

шы-фармашылық жұмыс жасауына барлық жағдайды жасауда. Өзі де үлкен өнер-паз, кезінде әнші, айтыскер ақын болған Әзкен бар өмірін Шөкең арнаған адал жар. Шөкеңнің қолын қимылдат-пайды. Үй-ішінің жыбыр-жыбыр шару-асы түгіл, қорадағы төрт-түлік малды да өзі жайлайды. Шөкең - Орал Байғо-нысулының өзіне жасаған қамқорлығына шексіз риза.

- Орекең болмаса менің бағым жа-нар ма еді?! Жағдайымды айтып, жа-саған өнер туындыларымды көрсетіп едім, сөз айтпастан қолма-қол көмек жасады Баспасөз министрімен сөйлесті. "Бұл мемлекеттік тапсырыспен шығаруға лайықты туынды" деді. Шамасы телефонның ар жағындағы да-уыс, "ол кітап кәкір-шүкір емес пе?" -деген болу керек. Орекең оған: "Мен сізге нашар кітапты шығару туралы әңгіме айтпаймын ғой. Бұл қазақ хал-қының ою-өрнектері туралы кітап", -деді. Орекең, - өзі де үлкен өнер иесі ғой. Сондықтан да ол қазақ өнері үшін жанын салып жүр ғой. Ал қазір көп жер-де керісінше өнер адамдарына орын-сыз тиісіп, қиянат жасайтын әкім-қара-лар көбейіп барады. "Қостанай таңы" газетінің кешегі нөміріндегі А.Кеңшілік-ұлының "Қазақты сүю" деген мақала-сын оқыдың ба? Менің соған алып-қосарым жоқ. Өнер адамдары - жай адамдар емес. Киелі, текті адамдар. Оларға қиянат жасау жақсылыққа апар-майды. Жаман әдет. Оларға қиянат жасайтындарды ерте ме, кеш пе сол жазықсыз жапа шеккен өнерпаздың киесі урады. Мен жұмыссыз қалғанда көп қиналдым. Жаным күйзелді. Жүрегім ауырды. Көп зардап шектім. Соның бәріне өнерім арқылы төтеп беріп келемін. Шынайы өнер адамда-ры - елдің, әр облыс, әр ауданның ар-ұяты. Сондықтан оларға әркез қамқорлықпен қарау керек. Өзім үшін емес, болашақта сабақ болсын деп айтып жатырмын. Асарымды асап, жасарым-ды жасаған маған енді көп нәрсе керек емес. Көбіне шыдағанда азына шыдай-мын да. Зейнеткерлікке шығуыма үш жыл қалды ғой. Осы орайда аудан әкімі Сабыржан Ахметұлының үлкен аза-маттығын айта кетейін. 2004 жылы ауданға екінші рет әкім болып келісі-мен, мені қызметке шақырды. Қала-ған қызметінді берейін деді. Бірақ өзім бас тарттым. Өйткені қолөнермен тұрақтап айналысқан соң маған енді қызметті аз уақытқа қоя туруға тура келді. Алдымен осы ою-өрнектерімді кітап қылып шығарып алайын, сосын көрермін дедім, - дейді Шөкең.

Нарықтың ауыр кезеңін де қыз-метсіз қалып жаны күйзелсе де, сол қиындыққа қарсы тұрған қолөнер ше-бері ретінде тұтас Қазақстанына таны-лған Шөптібай ағайға ендігі өмірінде Алла тек қана жақсылық бергей! - деп тілейміз.

Хамитбек Мұсабаев
Аманкелді ауданы.

ОЮМЕН ӨРНЕКТЕЛГЕН ОЙДЫҢ ЖЕМІСІ

Әдебиет пен көркемөнер және «Мәдени мұра» бағдарламалары бойынша жыл сайынғы дәстүрлі облыстық «Қазына», «Шабыт» сыйлықтарының иегерлерін анықтау мәресіне жетті. Лауреаттыққа үміткерлер ішінен ондаған жылдар бойы ою-өрнектің мың жарымнан аса жаңа түрлерін жасағаны және оларды халыққа насихаттауда қол жеткізген табыстары үшін Байділдин Шөптібайдың да жеңімпаз –жүлдегер болып танылғанын жалпы ел, алыстағы ауыл-аймақ әлі де ести қойған жоқ. Облыс оқырмандарына, әсіресе, оңтүстік өңірге кең тарап тұрған «Қостанай таңы» газеті облыстың ең тың жаңалықтарымен қатар осы шебер, өнер адамының әртүрлі жазған әңгіме-аңыз естеліктері мен мақалаларын осыдан он шақты жыл бұрын-ақ тұрақты жариялай бастаған еді. Бұл жолы да осы басылым жақсы хабарды халыққа алғашқылардың бірі болып жеткізіп отыр.

Бұқаралық ақпарат құралдарының Шөптібайдың ел ішінде өте сирек кездесетін өнер шеберлігін кеңінен насихаттауы оған өлшеусіз күш, өміршең үміт туғызды. Қиялына қанат бітіріп, рухани да шеберлік қимыл-қызметіне соны серпін берді. Бүгінде бұл азамат барлық ойған мың жарымнан аса ою-өрнегінің 800-ін таспаға түсіріп, әрқайсысы 200-250 беттік екі жинақ шығаруға қол жеткізді.

Осы өнермен айналысуды бастаған алғашқы жылдары шебердің уайымы еңбек-туындыларын қалай жинақтап, жарыққа шығару болса, ендігі арман-мақсаты – бағалы дүниені халық игілігіне қалай жарату?

Алғашқы игі қадамдар да жоқ емес. Ауыл мектептеріндегі әртүрлі безендірулер мен оқушылар көркемөнерпаздарының киім үлгілерінде едәуір көрініс таба бастады. Таяуда Астанада құрылыста жұмыс істеп жүрген елдің жігіттері айтты дейді: жаңадан салынып жатқан кейбір ғимарат- үйлердің есік-терезе, кенере жақтауларының безендірулерінде Шөптібай ағамыздың ою-өрнек үлгілері салына бастағанын көрдік - деп.

Шөптібай ойған ою-өрнектер көрмесі мен шығарған кітаптарын бастапқы көргенде шеберлік - бейнелеу өнерінен түсінік-қызығушылықтары бар кез келген адам, шынында да, таң қалады, әрі риза болады. Іле сұрақ та береді: Мұны қалай істедіңіз? Неден істейді? Не нәрсеге пайдалануға болады? т.б. Ал Шөкең болса, солардың бәріне тәптіштеп жауап беріп жатқанын көресің.

Қол еңбегіне Шөптібай бала кезінен-ақ ден қойған болатын. Есімде: Иманов кеңшарындағы «Жаңауыл» орта мектебін бітірген 1963 жылы ол республикада бастама көтеріп, бір топ өзінің жолдастарымен комсомол-жастар кірпіш құюшылар тобын құрды. Олар шаруашылыққа қажетті пеш кірпіштерін жасады. Сонда Шөптібай алғаш рет өзінің азғантай ғана тәжірибесімен жолдастарын үйретіп, алғаш кірпіш құйып, күйдірді. Өнімдері жаман болған жоқ. Одан кеңшар үлкен екі азық-түлік, көкөніс сақтайтын жер асты қоймасының қабырғасын қалады. Шөптібай «Родник» кеңшарында комсорг, кәсіподақ төрағасы болып қызмет істеген 1970-1980 жылдары кеңшардың көркемдік-саяси, барлық шаруашылық-

науқандық безендірулерін бөлімше қасында, бригада, қой қырку пункті, дала қосының тура басында жасап, орнатып, іліп кете беретін.

«Жігітке – жеті өнер де аз» - дейді ғой халқымыз. Алдыңғы әулет әке-ағаларынан Шөкеңе үлкен қадір-қасиет көшкен, өнер-әулие қонған. Ол жасынан көнекөз-шежіре қарттар : Күсей, Әбдірахман, Шекер, Мырзағали, Табылды, Әбдібек ақсақалдардың қасында жүрді, оларға қазақи дәстүрлі тұрмыстық қызмет жасады. Сөйтіп, олардың батасын алды. Ал Құтжан Қанжығалин, Әлшорин Шіменбай, Ағатанов Байғабыл, Әмірғазин Ошақбай, Оспанов Төлеу, Тұрашев Орынбасар, қайынатасы Нұржандардың тамаша мазмұнды, тарихи-шежірелі аңыз, әңгіме-естеліктері мен арнау-толғауларын естіп, жадында сақтап өсті. Шөптібайды сол кездегі шаруашылық басшылары Мақанов Ерназар, Ходенов Мұхтар ағалар тәрбиелеп, жұмысқа үйреткен еді.

Жиналған шағын, орта топтарда бірқатар ағаларымыз саясатты, ел басшы-әкімдерін әңгіме етсе, Шөкең маңындағыларға тарих тереңіндегі өткен жайларды қайта жаңғыртады. Ол, және ыңғайда, жарасымын тауып жатады. Текті төре тұқымынан шықтым демейді, ағайын-туысының арбасына жегіліп, көрші-көлемге қамқоршы қолын созады, дос-жолдастарын төбесіне көтереді. Ол отырған жер еш уақытта ортаймайды. Ұятты, ретсіз істерге жол берілмейді. Билік-басқару тізгінін басынан-ақ Шөкең ұстап, басқарса - жиын-той мен қандай да болмасын бас қосудың кемесін аяғына дейін толқынға соқтырмай жеткізеді. Кеше ғана Арқалық - Торғай өңірі атап өткен сатирик, ақын, жазушы, этнограф - ағартушы Сейіт Кенжеахметұлының 70 жылдық ақсақалдық мерейтойын ұйымдастырушы жұмысшы тобының бел ортасында арман-мақсат, мүдде-талаптары орайлас, қызметте әріптес Байділдин Шөптібайдың болуы үлкен абырой болды - деп, ел азаматтарының ерекше атап өткеніне куә болдық. Бүкіл қазақ еліне белгілі Сейіт ағамыздың да дәл осы жылы Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері атағына ие болып, «Қазына» сыйлығымен марапатталуы жалпы жұрт құптарлық шешім болып отыр.

Міне, әдебиет пен өнердің, тіл мен ділдің Торғай - Тұранда туын көтеріп жүрген Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты жанындағы «Мәдени мұраны» зерттеу және жастарды елжандылыққа тәрбиелеу орталығының ғылыми қызметкерлері - қос ағамыз оза шауып, 2009 жылдың қорытындысымен байқауда топ алдында келді. Еңбектері – елеулі, айтуға да, атауға да тұрарлық. Еліне өзінің есіл еңбегі, асыл затымен, соған ие атымен танылу және сол арқылы өзгелерге елін-жерін таныту – нағыз азаматқа тән емес пе?! Кез келген қазақ азаматы бірлікке қол созып, бойындағы бұла күші мен талантты шығармашылығын, қабілет-қарымын, адалынан жасаған еңбек-қызметін жұртына арнап жатса, оған неге қол соғып, құрмет-қошамет көрсетпесе, үлгі-өнеге тұтып, үйренбеске?! Қажетімізге жаратып, ел алдында абыройын асырмасқа?!

Баласы тайға шапса, үйінде отырып тақымын қысатын қарапайым қазақ балаларының бірі ретінде Шөптібай ағамыздың еңбегінің орынды

бағаланғанын қуана құптаймын. Қолына алған ісі жолында мал-жанын салып, көз майын тауысқан, арқалап жүріп, Ақмола, Қостанай, Торғай өңіріне таныстырған ою-өрнектерінің «Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асырудағы облыс бойынша бағалы құндылықтар қатарына қосылғанына дау жоқ. Соған орай қасиетті өлке халқы да ескі өнерді түрлендіріп, қайта өмірге әкелген оюшы-шебер еңбегі лайықты бағасын алар ма екен? –деп жүруші еді.

Ел тілегінің ескерілгеніне: төгілген тер, сүйел болған саусақтардың суалмай, қан жүгіріп, тұманды үміттің ақталғанына алыстағы ағайын да, ою-өрнектің көрініс-келбетін тың қырынан ұға бастаған жас ұрпақ та – дән риза.

Ескі жылдың жаңа жылға жалғасар шағында жағымды жаңалықтары көп болсын, ағайын!

Әбілтаев Әбдіқадыр
облыстық тілдерді оқыту
орталығының оқытушысы

ОРНАМЕНТ СУДЬБЫ

*В Казахстане ему известны только два человека,
которые не используют, а создают орнаменты.
Нет энциклопедий с законами этого искусства, почти не
осталось опыта, который передавали бы старики...*

Песок в поселке Кумкешу везде: возле дороги, возле мечети, возле домов, в обуви. Если пройти по этому песку в двенадцать часов дня, то через час следов уже не останется. Можно уснуть в песке, а проснуться в степи. За ночь при сильном ветре песок исчезает. Через какое-то время он вернется обратно. Название поселка Кумкешу переводится как «песок, который двигается, кочует». По большому счету это настоящие песочные часы. Только того, кто их переворачивает, не видно. В этих часах живет человек. Простой человек, который хочет, чтобы время не уничтожило последнюю память древнего народа. Но песок пока побеждает. Корреспонденты «КН» побывали в гостях у народного художника Шоптибая Байдильдина и решили, что быть творцом и думающим человеком можно в самом отдаленном уголке земли.

Таинственный язык

Десять лет Шоптибай Байдильдин боролся с песком. Сажал вокруг дома тополь и клен. Но деревья не помогли. Уже сорок лет Шоптибай Байдильдин делает правильные орнаменты. И каждый раз замечает, что не правильных орнаментов становится все больше и больше:

У каждого орнамента есть свое место. А где его место? Сейчас я все чаще вижу, как орнамент головного убора может занимать место на сапогах. Это неправильно. Ведь орнамент — это не просто узор. Это таинственный язык. Им древние люди передавали друг другу свои представления о жизни, смерти, времени и пространстве. Они что-то хотели нам сказать. Вот только что?

В блокнот

Дом Шоптибай Байдильдина находится на краю села. В Кумкешу живет 1005 человек. Если выйти из двери дома и пройти прямо от него тридцать шагов — песок кончится и начнется степь. Если пройти еще триста шагов, натолкнешься на высохшее русло древней реки Токакнай. Если свернуть направо, а потом идти прямо, можно увидеть могилу человека, которого похоронили 500 лет назад. Сейчас осталось только яма. Человека увезли археологи. Когда пройдешь туда и обратно несколько раз, с особой ясностью начинаешь понимать, что если где-то и должен ожить древней язык, то только в этом месте.

Узор профессии

Шоптибай Байдильдину шестьдесят лет. Выглядит он гораздо моложе, только возле губ — упрямая складка. Когда он взял в руки лист бумаги и стал вырезать орнамент, я понял, как она появилась. Этот орнамент природа наносит на лица людей, которые над чем-то кропотливо работают. К примеру, на лица часовщиков и сапожников. Делая тонкую работу, человек бессознательно прищуривает глаза и сжимает губы. Шоптибай Байдильдин над каждым орнаментом сжимает губы уже сорок лет.

На среднем и большом пальцах у меня от ножниц вот такие мозоли были, - отвлекается он, - иногда я бросал все дела, садился вот здесь, ставил стол, набирал бумаги и лежал. Никто меня не беспокоил. И в мыслях у меня были только орнаменты. Вырезал, засыпал, просыпался, снова принимался за работу. А однажды я уснул и кто-то мне показал во сне орнамент, вроде бы хороший, и главное, сказал его название. Я проснулся, и вышел на улицу, изучаю, повторяю про себя. Прихожу — ни одного карандаша не видно. Вот полно было, а сейчас все исчезли. Думаю, вызубрил — не забуду. Снова ложусь спать, утром просыпаюсь — нет ничего. Забыл. А потом во сне кто-то мне сказал номер телефона — его — то я записал, только так и не искал, кому он принадлежит. Вот, пожалуйста, - Шоптибай Байдильдин протягивает три абсолютно симметричных орнамента, которые он вырезал из одного листка бумаги. Без помощи линейки и карандаша. За три минуты.

Телефон, который приснился Шоптибаю Байдильдину, подходил и для Костаная. Вернувшись из командировки, я позвонил по нему и попал в квартиру. Трубку взял мужчина, который представился — Батырбек. «Нет, к искусству мы не имеем отношения. Я бухгалтер, а жена Гульнара

работает в налоговом комитете. Но, знаете, Гульнара приехала в Костанай из Тургая, там есть такое озеро — Акколь»...

Предложение

У Шоптибая Байдильдина больше 1500 орнаментов. В комнате, в которой мы сидим, они везде — на стенах, на ковре, на сундуках, на занавесках окон. В первую минуту глаза разбегаются, как будто смотришь на мелкий книжный шрифт. Я смотрел на орнаменты несколько часов (непостоянно) и вдруг как — то сразу узнал (не понял, а именно узнал) в одном элементе орнамента человека, потом солнце, барана, лошадь. Каждый из них не существовал по отдельности, а поддерживал другого, переплетался с посторонним элементом, как будто предложение со своей грамматикой, синтаксисом и фонетикой. Только прочитать его я не как не смог.

В блокнот

В Кумкешу из-за песка нет огорода ни в одном дворе. Дома в поселке чаще всего камышитовые и саманные. У соседа Байдильдина я спросил, из чего он делает тезек. Хороший тезек (топливо из навоза) делают бараны. У лошадей и коров тезек плохой, не собирается плотно и плохо горит. А бараний жар держит очень долго. Час и даже больше. Потом я встретил акима Кумкешуского сельского округа Каргабека Амира. Он рассказал, что раньше в поселке не было песка, а была зелень. Потом в целину пришла техника, перевернула землю, и пришёл песок. В колодцах Кумкешу вода двух видов: соленая и очень соленая. Зато течет близко под землей. За деревом надо ухаживать один год, потом она растет без всякой помощи. С дороги из-за деревьев и песка поселок похож на оазис в пустыне. Хочется, чтобы дорога закончилась здесь и никуда больше не вела. Но дорога уходит дальше.

Первая и последняя советская власть

- Отец не разрешал мне получать высшее образование. Говорил: оставайся чернорабочим, это хороший путь. Младший брат отца и он сам были большими мастерами. Они могли сделать любую вещь и нанести на нее любой узор. «Пока я буду жив, я не дам тебе благословения на учебу», - говорил мне отец. В восьмидесятом году у меня было семь детей, и я должен был думать об их будущем. В 34 года я поступил в Алматинскую высшую партийную школу. Зубрил, не спал по ночам, здесь заработал первую седину. Один преподаватель это заметил и сказал мне: «Шоптибай, ты так изживаешь себя, я тебе поставлю четверку, а ты отдохни...» Советская власть была справедливой к простым людям...

В партийной книжке расписаны все членские взносы. В сентябре 91-го года прочерк и надпись по-казахски. «Советской власти больше нет». Здесь не указана, что Шоптибай Байдильдин работал в совхозе имени Крупской четыре года секретарем парткома. Потом приехал секретарем

парткома в Кумкешу, в 1988 году. Дважды избирался делегатом съезда компартии Казахстана. Когда ликвидировали партию, Байдильдин снова стал работать руками. У него уже было восемь детей, которых он должен был поставить на ноги.

Узоры на песке

Казахи использовали орнамент от люльки родившегося ребенка до надгробной плиты. Каждый орнамент симметрии и своего места. На песке перед домом Шоптибай Байдильдин рисует узоры вместе со своими внуками: Аружаном, Акмоншак и Алиханом. Узоры проживут до следующего сильного ветра. Все дети Байдильдина получили высшее образование и теперь живут в городах - от Актобе до Астаны. Акмоншак хорошо рисует, в ней проснулся талант деда. Так что даже самый сильный ветер унесет только песок.

Волна

Орнаменты вырезают — ножницами, ножом. Вышивают их иглой. А узоры рисуют. Они не сохраняют симметрию. Свободно ходят по пространству листа бумаги. В комнате на стене висит узор «Волна». Хаотические и стихийные линии разных цветов то закругляются, то начинают кружиться в вихре, потом по прямой линии снова возвращаются к началу:

- «Волна» - это ведь ваш поселок?

- Похож? - спросил Шоптибай Байдильдин. - Не знаю. Ведь даже из одной книги, написанной одинаковыми для всех буквами, каждый человек забирает свою мысль. Но раз тебе кажется, что «Волна» - это Кумкешу, значит, так оно и есть.

Книга

Когда Шоптибай Байдильдин стал показывать свою книгу, возле его губ я снова увидел упрямую складку. В книге 161 страница. На каждой из них только орнаменты. Потом Шоптибай Байдильдин показал папку с орнаментами и текстом. Текст в книгу не вошел.

- Чтобы эту книгу опубликовали, я потратил много времени. Но в нее не вошли пояснения. Как же без них? А вот этот орнамент, видите, перевернут вверх ногами и этот, и этот тоже. А этот сделали совсем крошечным, хотя он должен быть большим. Это только первый том, второй том издательство не торопится выпускать. Когда я им звоню, они находят тысяча причин, по которым выпуск книги не возможен. В Казахстане мне известны только два человека, которые не используют, а именно создают орнаменты. Нет энциклопедий с законами этого искусства, почти не осталось опыта, который передавали бы старики. Я иногда мечтаю о человеке, который бы подсказывал мне, как сделать тот или иной элемент, куда его лучше поставить. Этого нет и, судя по общему отношению, вряд ли появится.

В блокнот

Вечером из степи вернулись коровы и овцы. Над колодцем с соленой водой висит полумесяц. Утром был ветер, вечером стало тихо. Песок сегодня ночью никуда не уйдет. Это все можно выразить одним орнаментом или даже одним его элементом. Утратили ли мы этот язык навсегда?

Жизнь каждого человека — это тоже орнамент. Самый сложный. Иногда отношения людей уходят на тысяча лет в прошлое и возвращаются оттуда, как песок в поселке Кумкешу.

Костанайские новости 26 июля 2007 г.

Автор Фарид Дандыбаев

Фото Сергея Миронова

ЖИВОПИСНАЯ МУЗЫКА

На презентации необычной выставки довелось побывать однажды в музее Степного края. Художник Шоптыбай Байдылдаулы пишет орнаменты

Мир казахских орнаментов велик и многообразен. Об этом, к примеру, знал и раньше. Но мои знания оказались ничто по сравнению с тем, что я открыл в стенах музея. Орнаменты, оказывается, надо уметь читать. У казахов каждый элемент узора несет свою информацию.

- Было бы крайне не верно сводить орнаменты лишь к элементам украшения одежды, жилища, утвари, - говорит автор. - Очень велика смысловая нагрузка, которая заключена в каждом фрагменте орнаментального рисунка.

Прежде жизнь казаха, начиная с колыбели, окружена миром орнаментов. Украшенный узорами бесик (колыбель) встречал новорожденного. Рос человек, сменялись его одеяния. Менялись и орнаменты на его одеждах. Для каждого возраста, пола человека была характерна только своя вязь рисунков.

- Сегодня, к сожалению, современные казахи зачастую не видят разницы между тем или иным узором, - вынужден констатировать Ш.Байдылдаулы, - доходит до нелепостей, когда, скажем, то, что предназначено сугубо для головного убора, становится украшением подола халата или еще хуже — декором обуви.

И незнанием грешат не только простые обыватели. Даже при театральных постановках нередко имеет место путаница. К примеру, незамужняя героиня разгуливает по сцене в наряде для замужних или вовсе предназначено для вдов.

- Однажды был на спектакле со своей матерью, - вспомнил Шоптыбай Байдылдаулы. - На сцене эпизод молодежного веселья из жизни наших далеких предков. И вдруг наблюдавшая за всем этим мать обращается с вопросом: «У них, у девушек, что там, на сцене, траур?».

Оказывается распущенные волосы на девичьих головах навели пожилую женщину на эту мысль. В старину у казахских женщин было принято выражать этим свою скорбь. Этот подмеченный нюанс перевернул многое в душе тогда еще молодого Шоптыбая. Заставил еще глубже заняться изучением орнаментального наследия своего народа.

А искусством писать узоры он увлекся еще в детстве. Его учителями была сама жизнь и мастера этого дела из числа односельчан. Никаких университетов за спиной. Их попросту не существовало. Лишь только в аулах оставались редкие мастера и знатоки этого вида народного творчества. У них и перенимал опыт Шоптыбай Байдылдаулы. Со временем увлечение станет смыслом жизни. В его творческом багаже более 1500 авторских работ. Каждая из них по-своему уникальна.

Это только на первый взгляд казахские орнаменты кажутся однообразными. Если взглядеться в кружева линий, представленных на выставке, воочию убеждаешься, насколько богат и разнообразен мир казахского орнамента. Ведь Шоптыбай Байдылдаулы строго следует именно народным традициям. Даже там, где имеет место новаторство (а без этого, согласитесь, нельзя), автор весьма осторожно вводит новые элементы в технику росписи. По его убеждению, нельзя слепо следовать модернизму в угоду времени. Это закон любого жанра, а уж там, где речь идет о народном наследии, экспериментировать имеет право лишь тот художник, который досконально изучил неписанные законы народного жанра. В противном случае модернизмом можно так увлечься, что о самобытном духе нечего не будет напоминать. Шоптыбай Байдылдаулы решился на не которые нововведения в технике рисования лишь в последние годы. Но это не просто дань моде, а желание усовершенствовать свой почерк и раздвинуть границы возможного. Так появились на свет оригинальные орнаменты для скатерти, посуды, ковров...

О коврах стоит завести отдельный разговор.

Ну почему бы визитной карточкой Казахстана не сделать ковры? Имея такое богатство орнаментов, мы не в силах тиражировать их по белу свету, - сокрушается мастер. - Да я уверен, что наши ковры ни в чем не будут уступать знаменитым персидским, туркменским. Сегодня, увы, наши ковры не отличаются оригинальностью рисунков и яркостью красок. Однотипные узоры. Отчего все это? Да попросту большинство видов казахских орнаментов не известно широкому кругу. Просвещать, пропагандировать, если хотите, надо.

Но вряд ли скоро дойдет дело до общей просвещенности. Потому как литературы на этот счет не густо на книжных полках. Невостребованными остаются авторские коллекции подобных художников, как Шоптыбай Байдылдаулы. Несбыточной его мечтой остается издание альбома со

своими образцами орнаментов. Правда, было предложение издать его в Китае. Представитель тамошней диаспоры казахов возгорел желанием выступить спонсором... Неровен час, будем импортировать из-за рубежа то, что составляет часть собственного культурного наследия.

**Костанайский Вестник
Арыстан Айтмаганбетов,
редактор газеты «Аркалык»**

ҚАЗАҚТЫҢ БІР БАЙЛЫҒЫ – ОЮ-ӨРНЕК

Тек соны бағалай білмейтініміз өкінішті

Қазақта жолы болмай, жетімсіреп, тіпті қағажу қалып жүрген бір өнер бар. Ол бізді өзгелерден ерекшелендіріп тұратын, қазақы қалпымызды айдай әлемге паш ететін ұлттық ою-өрнегіміз. Оны ұмытсақ бүкіл болмысымыздан, ділімізден айырылғанымыз десек, артық айтпаспыз. Осы өнеріміздің өгейсіп жүргеніне жаны ашып жүрген қайсымыз бар? Әлде біз осынау киелі өнеріміздің қадір-қасиетін түсіне алмай жүрміз бе? Болмаса тым европашыл болып кеткен зиялыларымыз оны ескіліктің қалдығы деп мұрын шүйіре қарай ма екен? Қайткенде де арқамызға аяздай бататын сұрақтар-ау бұл.

Дәл осы бір мазасыз сауалдар биыл Қостанайдың тариха-өлкетану мұражайында өткен арнайы көрмеден соң санамызды сан тілгілеп, атойлап маза бермеген. Шіркін-ай, осы көрмедегі дүниелерді көруге көз керек еді, түйсінуге нәзік сезім керек еді. Жадымыздан бірте-бірте өшіріліп, замана қатпарында қалып қойған қазақтың ғажайып ою-өрнектерімен сағына қайта көріскендей болғанбыз. Бояуы қанық, өрнегі мол, хас шебердің қолынан шыққан сан түрлі оюлар бабалар аманаты тәріздес сағыныш күйін шертіп тұрғандай көңілді ыстық сезім тербеп өтті. Құдайым-ау, қасиетті өнеріміздің сағын сындырмай, ұрпақтан-ұрпаққа аманат етіп арқалап жүрген азаматымыз кім?

Сәті түсіп таныстық, сырластық, ұғыныстық. Дұрысы өзі іздеп келді. Ердің жасы – елуден асқан ел ағасы таза қазақи өнердің осы түріне шын, құлай берілген Шөптібай Бәйділдин хас шебер ғана емес, осы өнердің ағып тұрған шежіресі ме деп қаласың.

Жалпы, Шөкең осы өнер жолында туған жан іспеттес. Мақсаты етіп ұстанары – қазақтың ою-өрнегін түлетіп, өзіне қайтарып беру.

- Біле білсеңіз, қазақтың бүкіл ғұмыры ою-өрнек аясында өтеді, - дейді ол әңгімені әріден бастап. – Қазақтың өмірінде оюсыз дүние жоқ. Бесіктен бастап, тақия мен шолпы-сырға солармен өрнектеліп, әдіптелген. Киіз тұғырлықты қазақ деп тегін айтпаған. Сол киіз үйіннің өзі талай-талай тамаша ою-өрнектің тұнып тұрған қазынасы. Әр қазақтың туғаннан өлгенге дейінгі серігі ол.

Шөптібай Бәйділдәұлының түйіндеуінше, бар ою-өрнектің негізі кошқар мүйіз. Қалғандарының бәрі содан бастау алады. Және де ол

тәңірдің тек қазаққа ғана берген айрықша сыйы десе артық емес. Өттең, осыны өз ерекшелігімізді өзгелерге таныта, таң қалдыра алмай келеміз. Ал қиюын келтіріп, шырайын шығара білсең, талай әлемді тамсандырар өнер бұл.

Шөкең мына бір жайды еске алғанда жайдарланып кететіні бар. Кезінде Амангелді ауданының Құмкешу ауылында өрімдей жастардан «Домбыра-дастан» ансамблі құрылады. Сонда осы мектептің мұғалімі Күләш Рахметова екеуі ойласа келе, әлгі балалардың бойына шақтап, көздің жауын аларлықтай етіп, ұлттық бояуы мол киім тігуге ниет етеді. Киімді Күләш пішеді, ою-өрнегін бұл ояды. Ақыры, не керек, сабақты ине сәтімен болды. Киім үлгісінің сәні жөнінен елімізде өзгелерден озық шығып, 1-ші орын алды. Кейін осы бір бүлдіршіндерді Түрік елі шақырып, ол жұрттан да маңдайы жарқырап оралды. Сән-салтанаты жарасқан сол бір ұлттық киімді қазақтың кең даласынан келген ұлттық өнер туындысы ретінде таңдай қағып, тамсана қарап, жоғары бағалапты. Мінекей, кейбіреулеріміз «Е, ою-өрнек не тәңірі?» деп онша менсініңкіремей қарайтын өнерді туыс ел қалай құрметтейді десеңізші.

- Өттең, сол киімдерден қазір жұқанақ та қалмады, деп өкінеді Шөкең. – Барлығы да әркімнің қолында кетіп, ізі де қор болды.

Өнер жолы қашанда оңай болмаған. Ал енді таза қазақи ою-өрнек тәрізді екінің бірі түсіне бермейтін қолөнер күрмеуі көп, тарқатылуы қиын дүние екендігін Шөптібай ау бастан-ақ аңғарған. Қазір осы салаға біржолата ден қойғанда өзі таңдап алған жолдың соқтықпалы соқпағы көп екендігіне тағы да көзі жеткен. Жоқ, Шөкеңнің өзі қолдың кірі деп санайтын қызметке, лауазымға еш өкпесі жоқ. Амангелді ауданында партия ұйымын да басқарды. Ауыл әкімі болып та абыройлы іс атқарды. Оның сыртында құрылысшы, жүргізуші мамандығын былай қойғанда, комсомол мен кәсіподақ жүйесінде де белсене еңбек еткен. Тек қандай құдырет барын кім білсін, өнердің осы түрі өзіне сиқырдай тартты да тұрды. Мүмкін, ата-бабаларында он саусағынан өнері тамған шеберлер көп еді, солардың шапағат-шарапаты болар. Әсіресе, әкесінің інісі Сейітқасым ісмер кісі еді. Ою оюдан, киім тігуден тең келетін пенде жоқ. Ол кезде 3-4 класта оқиды, бәрі есінде. Енді оның торсықты қайыстан өріп шығарғанда сыртына бір тамшы су шықпайтындығын бүкіл жұрт жыр қылып айтатын. Ал Самұрат деген тағы бір ағасының қолынан үлкен чемодан түспейтін. Барлық қажетті сайманы ішінде. Содан отыра қалып, ет пен шайдың арасында әп-әдемі сандық жасап тастайтын.

Шөптібайға өнер осындай жаратқан талантты молынан берген жандардан дарыған шығар-ау. Ал жалпы өзі көп мақтануды сүймейді. Халық өзі бағасын береді дейді. Осы өнерді құдырет деп түсінетіндер риясыз көңілін білдіріп те жатыр. Бірде Қостанайға ғана емес, бүкіл елімізге белгілі жазушы-ғалым Сапабек Әсіпов өзіне ашық хат та жазған. «Өзің салған ою-өрнегіңді көрдім, - дейді көпті көрген ақсақал. – Істеп жүрген ісіңе ризамын. Баяғыда әр ауылда өзіндей бір-бір шебер болатын.

Соның дәстүрін жаңғыртып, жалғастыр». Осындай жандар тұрғанда өнеріміздің өгейсімейтіндігіне үміттенесің.

Дегенмен, бес саусақ бірдей емес. Ою-өрнек тәрізді аса нәзік өнердің жанашырларынан гөрі жаны ауырмайтындар көп секілді. Қазақтың өз өнерін өзінің қажетіне жаратсам-ау деген асыл мұраттың жетегіне еріп, аттамаған табалдырығы, ашпаған есігі жоқ. Талай баспаны да аралады. Мұражайдың бірнешеуінде де болды. Бір кездерде атағы дәуірлеп тұрған «Тұскиіз» фабрикасына да бас сұққан. «Әсем» деген әдемі аты бар сән орталығындағылармен де сөйлесіп көрген. Астана мен Алматының арасы кәдімгі қара жол болып қалды. Қорытындысы айтуға ұят, қазіргі таңда қазақы қалпымыздың ғажайыбы – ою-өрнегіміз ешкімге керегі жоқтай. Сылтау көп, біресе мұның атын қалай атаймыз деп алақан жайса, енді бірде «ойбай, сіздің патентіңіз жоқ көрінеді ғой» деп өп-өтірікшарасыздық танытады. Сонда Шөптібайдың 30 жылдық ғұмырын арнап, 1,5 мыңнан астам етіп салған ою-өрнегі халқымыздың мол қазынасының санатына кірмей ме?

Шебердің айтуынша, ою-өрнекті пайдаланудың мүмкіндігі ұшан-теңіз. Тек оған тоңтеріс қарамай, орнымен ұқсата білсе, нарықта да өз орнын табары күмәнсіз.

- Өзгесін былай қойғанда, осы өзімізде бояуы қанық, өрнегі мол, әсем кілем тоқуға неге болмайды? – деп ой тастайды ол. – Парсы кілемі мен түркімен кілемі әлемге әйгілі. Ал өзіндік бояумен қазақы кілем құлпырып тұрса халқымыздың атын шығармас па? Текемет пен киіз, алаша ше? Жаһандануда жан сақтайтын мұралар ғой бұлар.

Оның бойындағы өнердің табиғи таланттан бастау алып жатқандығын байқау қиын емес. Шөкең бәзбіреулер секілді ойланып, сызып отырмайды. Ою-өрнекті бірден салады. Шабыт па, сиқыр ма, әйтеуір ерекше құдырет. Қазақта мұндай жандарды әдетте сегіз қырлы, бір сырлы деп атайды. Қанына сіңген ісмерлігімен бірге домбыраға қосылып, қоңыр даусымен сызылтып ән де салады. Қазақтың тағы бір інжу-маржаны – мағынасы терең мақал-мәтелдерді қойын дәптеріне толтыра жүреді. Шағын цех ашып, тұрмыстық дүниелерді де келістіріп шығарады. Сегіз бірдей баланы тәрбиелеп өсірген өнегелі отбасы есебінде елге сыйлы азамат екендігі дүйім жұртқа белгілі.

Адамда арман таусылған ба? Әр жерде шашырап жүрген қазақтың мол мұрасы – ою-өрнектің сан қырлы сырын кейінгі жастардың көкірегіне құйып кеткісі келеді. Осы өнердің қойнауына терең бойлап, жақсылап бір кітап жазсам дейді. Өттең, тек оған қол қысқа, қаржы жағы тапшылау. Тек көңілге бір демеу – немересі Төрехан атасының жолын қуатындай үміт оянып жүр. Қолынан балғасы түспей, бірденелерді өзінше ұйқастырып жүргені.

Шебердің қолы ортақ дейміз. Ендеше ойлы пікір айтып, ұсыныс жасап жүрген өнер иесі неге қағажу? Мүмкін, қазір нарық кезінде ұлттық өнерімізге тың мүмкіндік туып тұрған да шығар? Неге енжармыз осы?

Жайберген Болатов

**«ОЮ-ӨРНЕКТІ СҮЙЕ БІЛГЕН ЖАННЫҢ ЖҮРЕГІ НӘЗІК»
Шөптібай Бәйділдәұлы**

Газетімізде бұдан бұрын хабарланғанындай, Аманкелді ауданынан Қостанай қаласына келіп, ою-өрнектерін облыстық тарихи-өлкетану мұражайына көрмеге қойған Шөптібай Бәйділдәұлы – мың жарымнан артық ою ойып, ағаштан түйін түйген кісі. Шебердің қолынан шыққан оюлары бірін-бірі қайталамайды. Әрбіреуі өзінше ерекше, өз алдына керемет дүниелер.

Бұл кісінің бойына шеберлік өнер әкесінен дарыса керек. Әкесі Бәйділдә өмірде аштықты көріп, тарығып, қиындықтың дәмін татып өскен жан болыпты. Сәби көру бақытына біраз жасқа келгенде кенелгендіктен болар, балаларын еркін өсіріп, бетінен қақпай ер жеткізіпті. Сейтқасым деген інісі өте шебер адам болыпты. Тұрмысқа керек заттардың барлығын жасаған. Ағаштан да, теріден де, киізден де зат жасап шығара берген. Он саусағынан өнер тамған кісі болса керек. Өзі кірпіш құятын завод ашып, сол жерде қызыл кірпіш құйып шығарған. Жыланшық өңірінде әлі күнге кірпіші мұқалмай тұрған, қызыл тамдар осы Сейтқасым шебердің қолынан шыққан. Ол кісінің шеберлігі сондай, өз қолымен қайыстан өріп шығарған торсықтан бір тамшы да су ақпайды екен. Ондай өнер екінің бірінің қолынан келе бермеген.

Кішкентайында әкесі баласының бойына өнер дарысын деген оймен ылғи да суретке жылқының басын салдыра береді екен. Бұдан кейін баланың қолы ою оюға қалыптасады. Шөптібай аға мұның сырын ер жеткен кезінде ұғады. Балалық шағынан осындай істі көріп, әрбір заттың қыр-сырын бойына сіңіріп өскендіктен ендігі уақытта ол да әкелерінің ісін одан әрі дамытып келеді.

Мектепте оқып жүрген кезінен-ақ көргенін қағаз бетіне түсіруге, сурет салуға бейімділігі айқындала бастайды. Бірақ әкесі «мұсылман дінінде сурет салуға тыйым салынған» деп,, баласының сурет өнерімен шұғылдануына қарсы болады. Шөптібай ағаның ою-өрнекке бет бұрып кеткендігі де осы сөздің әсерінен болар. Өзі өскен ауылда бір шебер кісі болыпты. Кез келген үйге бара қалса, қолына түскен заттан сандық, немесе тұрмысқа жарарлық басқа зат жасай қояды екен. Баланың көңілінде осындай шеберлікке деген құштарлығы туындайды да осы қызығушылығы өсе келе тұрақты іске айналады.

Бүгінгі күнде Шөптібай Бәйділдәұлы өмірлік жарымен бірге сегіз баланы тәрбиелеп, әрқайсысына өмірден жол сілтеген ардақты жан. Ол кісіні сегіз қырлы, бір сырлы жан деп атасақ та қателеспес едік. Себебі ол ісмерлікпен қатар домбырамен өлең айтады, ұмытыла бастаған мақал-мәтелдерді қойын дәптеріне жазып жүреді. Қазіргі кезден бір мұражайға жетерлік дүниелерін жинастыра бастауда. Өзі шағын цех ашып, сол жерде көптеген заттарын жасайды.

- Шынын айту керек, ою-өрнектің қадірін бертін келгенше, тіптен қазірдің өзінде біле бермей келеміз. Мен осы шеберлік өнері қолымнан келсе де, бұған 1998 жылдан бастапқана дұрыстап көңіл бөле бастадым. Оған дейінгі істеген заттарым жиналмай әрбіреуі әр жерде қалып жүрді. Кейін уақыт өте келе жинай бастадым. Қазір үйімде мың жарымнан астам оюдың түрі бар. Менің бір ерекшелігім – жасаған затымды ешқашан ұмытпаймын, ешқашан қайталамаймын. Қандай үлгіде ою ойсам, сол есімде жатталып қалады. Егер өзге жерден көре қалсам, мынау менің жасаған затым деп айтып бере аламын.

Оюдың барлығы да сырт қараған көзге сұлу болып көріне беруі мүмкін. Бірақ, әр оюдың өз орны, реті бар. Мысалға жағаға салатын өрнекті етекке, етекке салатынды жағаға салуға болмайды. Ал, осының сырын білмейтіндер кез келген жерге жапсыра береді. Сондайдан барып ою мәнінен айрылады. Ою деген жапсырылмау керек, ол өрнектеліп, зерделеніп кестеленуі қажет. Сонда ғана ол өзінің әсемдігін, маңызын сақтайды.

Менің ойлап тапқан дүниелерім өзіме ішімнен шыққан балам сияқты. Әрбіреуі өзінше қымбат. Сол себептен мен өзімнің ойған оюларымды сыртқа бермеймін, бергім де келмейді. Мұражайларға тапсыр деп келушілер көп. Әрине, мұражайға берген де жөн. Бірақ алдымен бұл заттар кітап болып шықса деймін. Осы кітап арқылы көпшілік қазақ халқының ою-өрнегін таныса, оның қыр-сырын білсе, нұр үстіне нұр болмас па еді.

Бірақ, өкінішке қарай, мұндай ескінің көзіндей болған заттарды керек етіп жатқан ешкім жоқ. Кезінде Алматы қаласындағы «Сән» ательесіне барған болатынмын. Ателье бастығы менің дүниелерімді көріп, мынау деген керемет екен деп таң қалып, сіз бізге тағы әкеліңіз, біз аламыз деп, біршамасын алып қалған болатын. Енді бірер айдан соң барсам, ойбай, аға, біз алмайтын болдық. Сіздің патентіңіз жоқ, мұның бәрі заңсыз деп бет бақтырмайды. Әрине, керегін алып, болар істің бояуы сіңген соң не қылсын. Содан көңілім қалып, қайтып қалдым. Міне, осындай жайлар көп кездесіп жатады.

Кейбір мұражайларға барсам, олар маған сіз оюларыңызға атау қойыңыз дейді. Қалай мен оларға атау қоямын. Біріншіден, мен бұл салада оқыған емеспін, екіншіден, бұл заттар менің ішкі толғанысымнан шыққан дүниелер. Қазіргі кезде өсімдік тектес, жануар тектес деп айтып бөліп жатады. Неше түрлі атаулар толып жатыр. Бірақ, ертеде қазақ халқында осындай атаулар болды ма екен. Айқыш, қарлығаш, ашатұяқ, ирек деген

атаулар ертеден келе жатыр, ал мынау қазіргі ойлап табылған атаулар бұрын болмаған. Қазақтың ою-өрнегінің атасы – қошқар мүйіз. Барлық ою осыдан бастау алады, бұл тек қазақ халқына тән қасиет. Оны ешкім өзгертіп, төңкеріс жасай алмайды.

Ою деген – сәндік, сұлулық, тазалық. Ол өте күрделі өнер. Өзі нәзік те мәңгілік. Жалпы ою-өрнекті сүйе білген жанның жүрегі нәзік келеді. Қасиетті кітап құрандағы араб жазулары менің көзіме ою сияқты көрінеді. Тіптен ғажап дүниелер Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауидың мавзолейін алайықшы, керемет. Айтуға сөз жетпейді. Егер сол мавзолей ою-өрнексіз болса ешкімді де селт еткізбес те еді. Міне, өнердің құдіреті деген осы.

Шынымен Шөптібай ағаның айтып отырған сөзінің жаны бар сияқты. Өз қолымызда тұрған байлықты әлі күнге дұрыс пайдалан алмай, тоз-тозын шығарып жатқан дүниелеріміз жетерлік.

Ш.Бәйділдәұлы алдағы уақытта қолындағы бай мұрасын немересі Төреханға қалдырғысы келеді екен. Немересі де атасына тартып, қолынан балға-шегесін тастамайтын шебер болғалы тұрған көрінеді. Және де шебер жанның көкірегінде жүрген ең бір асыл арманы осы қазақ ою-өрнегінің жай-күйін кейінгі жастарға үйретіп кетсем дейді. Осы саланы зерттеп, бір кітап шығару ойында жүргендігін де айта кетті. Бірақ, «әттең, тонның келтесі – ай» дегендей, қолдың қысқалығы алысқа жібермейді.

Осындайда «Қолда барда алтынның қадірі жоқ» деген сөз еске оралады. Ортамызда жүрген, он саусағынан өнер тамған жандардың қадірін білмей жүрміз-ау деген ойға келесің. Өзге елден шеберлер жалдағанша һас шебер атанып жүрген ел ағаларының еңбектерін жарыққа шығарсақ, көшелерде жарнамаланған арақ, темекінің, жалаңаштанған қыздардың орнына ұлттық нақыштағы ою-өрнекті іліп қойсақ, әлдеқайда дұрыс болар еді.

*Айтолқын Айқадамова
«Қостанай таңы»
7 сәуір, 2004 жыл*

БАЙДІЛДИН ШӨПТІБАЙ

Торғай өңіріне белгілі азамат, ұлт мәдениетінің жанашыры, қазақ ою-өрнектерін зерттеумен айналысып жүрген өнертанушы Шөптібай Байділдаұлы Байділдин 1946 жылы 14 тамызда Жангелдин ауданы, Айса Нұрманов ауылында дүниеге келген. Жыланшық орта мектебін бітіргеннен кейін 1963 жылдан 1966 жылға дейін Родник кеңшарында құрлысшы, механизатор және жүргізуші болып еңбек етеді. Содан соң Совет Армиясы қатарында әскери міндетін атқарады. Ол 1968 жылы Каунаста өткен Бүкілодақтық әскерилер съезіне делегат болып қатысады.

Аға сержант Шөптібай Байділдаұлы 1969 жылы елге оралады. Жастар оны «Родник» кеңшары комсомол ұйымының хатшысы етіп сайлайды. Оның ұйымдастырушылық қабілеті, міндеттелген тапсырмаларды тиянақты орындай білетіндігі жастардың оған сеніммен қарауға игі ықпал етеді. Екі жылдан кейін комсомол жетекшісі осы кеңшардың жұмысшылар комитетінің төрағасы қызметіне тағайындалады. Ал 1977 жылы Шөптібай Байділдаұлы Родник селолық кеңесі атқару комитетінің төрағалығына сайланады. Сол тұста «Родник» совхозы экономикасы мен мәдениеті дамыған шалғайдағы бірегей ірі шаруашылық болатын. Ауданда өндірілетін қой етінің басым бөлігі осы шаруашылықтың иелігінде еді.

Амангелді аудандық партия комитеті өзінің білімділігі мен еңбекқорлығы және ұйымдастырушылық қабілетімен көріне білген Шөптібай Байділдаұлын Алматы Жоғарғы партия мектебіне оқуға жібереді. Сол кездегі саяси оқу ордасы атанған білім ұясын ол ойдағыдай бітіріп, туған елге оралады. Білікті саяси жетекші ретінде танылған Шөптібай Байділдаұлы Крупская кеңшары партком хатшылығына сайланады. Бұл қызметті төрт жыл атқарады.

1998-1999 жылдар аралығында ол Абай атындағы кеңшарда партком хатшысы, «Қазақ тілі» қоғамының Амангелді аудандық бөлімшесінің төрағасы және Құмкешу ауылдық округінің әкімі қызметтерінде болады. Қазіргі таңда Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институттың мұражай қызметкері.

Мемлекет алдында сіңірген еңбегі үшін Ш.Байділдаұлы бірнеше медальдармен марапатталған. Ол Амангелді аудандық партия комитетінің бюро мүшесі, аудандық советтің депутаты және Қазақстан Компартиясының ХІХ съезіне делегат болып сайланды.

Ол 1985 жылдан бері Торғай атырабының ою-өрнектерін зерттеу және жинаумен айналысып келеді. Өзі ою-өрнектің 1500-ге тарта түрінің авторы. Оның 2006 жылы мемлекеттік бағдарлама негізінде «Өнер» баспасынан «Қазақтың ою-өрнектері» атты сериямен бірінші кітабы жарық көрді. Осы баспадан шығарылған оның екінші кітабы оқырмандардың қолына тиіп те үлгерді. Сонымен қатар, ол «Ою-өрнекті пайдалану мен жасалу әдістері» деген оқу кітабын жазып, өзі еңбек ететін институт баспа орталығына ұсынды.

Оның ою-өрнек көрмелері 1992 жылы Түркияда өткен Дүниежүзілік жасөспірімдер фестивалінде, 1996 жылы Американың Атланта Олимпиадасында және Алматы, Астана, Қостанай, Арқалық, Торғай қалаларында қойылған.

Өзіндік ерекшелігімен көз тамсандыратын торғай қазақтарының ою-өрнектерін насихаттап, оны әлемдік өнер туындысына айналдырып жүрген өлкетанушы Шөптібай Байділдаұлының игілікті ісі ұрпақтан ұрпаққа жалғаса беретін болады.

**«Торғай тарландары»
Ә.Жақып**

ОН САУСАҒЫНАН ӨНЕР ТАМҒАН – ОЮШЫ

Ою - өрнек өнері қазақ халқында ертеден – ақ өнердің барлық түріне арқау болып ғасырлар бойы халықпен бірге жасасып, оның материалдық және рухани игілігіне айналып келеді. Бүгінде халқымыздың мәдени асыл қазынасының өзекті бір саласына айналған ою-өрнек қайта түлеп, бай мазмұнға жаңа түрге ие бола бастады. Облысымызда қазақтың осы бір ұлттық қол өнерін, өаз-қалпында ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келе жатқан халық арасынан шыққан шеберлер аз емес. Солардың бірі Аманкелділік Шөптібай Бәйділдаұлы. Кезінде партия, кеңес қызметкері болған. Өзінің айтуына қарағанда мың жарымға жуық оюдың түрін біледі екен. Ағаштан түйін түйіп ою-өрнек жасау әкесінен дарыған. Әсіресе әкесінің туған інісі Сейтқасым өте шебер адам болған. Бала кезінде әкесі Шөптібайды өнерге баулу мақсатында, сурет салуға үйретіп отырған. Сейтқасым қария қазақ халқының тұрмысында жиі қолданылатын өру, тігу, тоқу, қию арқылы үй жиһаздарын әшекейлеп безендіріп отырған ісмер болыпты. Шебер әрбір ою-өрнектерін тұрмыс – тіршілігіне, сол дәуірдегі заман ағымына қарай лайықтап отырған. Әдетте қазақ оюларының мазмұны мал өсіру мен аңшылықта, жер, су, көшіп-қону көріністерін, күнделікті өмірде кездесетін әр түрлі заттардың сыртқы бейнесін аңғартады және бәрінде де мүйіз оюы үнемі кездесіп отырады – дейді Шөптібай Бәйділдаұлы.

Торғай жерінде «Жыланшық» деп аталатын жер бар. Осында көнеден көнермей, қаз-қалпында сақталған қызыл тамдар бар. Міне, осы тамдардың кірпіші күні бүгінге дейін желге, жаңбырға мүжілмеген. Тамдардың кірпішін құйып, отқа күйдіріп сапалы етіп жасаған Шөптібайдың әкесінің інісі Сейтқасым қария екен. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» - деген ғой дана халқымыз. Бүгінде ердің жасы елуден асқан Шөптібай Бәйділдаұлы әке өнерін жалғастырып келеді. Өзі тұратын «Құмкешу» ауылынан цех ашқан. Сол цехте тұрмысқа қажетті заттар жасайды. Айтуына қарағанда: бір мұражайға жетерлік өзінің қолынан шыққан дүние-мүліктері бар көрінеді.

Үстіміздегі жылы Қостанайдағы облыстық тарихи өлкетану мұражайын өз туындыларын әкеп көрмеге қойды. Бірде Қостанай қаласындағы №17 мектептің еңбек сабағынан дәріс беретін Филипова Татьяна Ивановна, мұражайға телефон шалып, Шөптібай Бәйділдаұлымен кездесіп, қазақтың ұлттық қолөнеріне деген қызығушылығын білдіргісі

келетінін айтыпты. Сәті түсіп Қостанайға келген Шөптібай Байділдаұлын, мұражай қызметкерлері шақырып, №17 мектептің оқушыларымен ұстаз Татьяна Ивановнамен жолықтырды. Еңбек пәнінің мұғалімі Татьяна Ивановна: Өнердің басқа түрлері секілді, ою-өрнектің де оқушылардың ой-өрісі мен білімдерін жан-жақты дамытуға әсері мол. Болашақ зергер, мүсінші және суретшілер де әліппесін мектепте-ақ бастайды. Сондықтан мектеп - өте күрделі лаборатория. Оның қабырғасынан алған білім мен тәрбие әрбір оқушының қолындағы өмір үшін қажетті кілті іспетті. Маған қазақтың ұлттық ою-өрнектері қатты ұнайды – дейді. Осы кездесуде Шөптібай Байділдаұлы, қазақтың көнеден келе жатқан ою-өрнектерінің жасалуы жайында түсінік берді. Сонымен қатар қазақ даласында ою-өрнек әр түрлі үлгіде дамыған. Оның негізгі элементі мүйіз тектес болып, қазақ халқының тұрмысында жиі қолданылатын, өру, қию, тоқу, тігу, балқыту арқылы үй жиһаздарын құрал-саймандарды, киіз үйлерді, құрылыстарды, зергерлік бұйымдарды, кілем, алаша, сырмақ, қоржын ыдыс-аяқтарды, киім-кешектерді ою-өрнектермен әшекейлеп безендіріп отырғандығы жайында тілге тиек етті.

Сондай-ақ жан қалтасынан кішкентай қайшысын алып, өзі әкелген түрлі-түсті қағаздарға ою-өрнектің бірнеше үлгісін қиып көрсетті. Қазақтың ою-өрнегі қиылған бірнеше үлгісін Татьяна Ивановна қуана ала отырып, шеберге шын ықыласпен рахметін айтты.

Қ.Ахметжан
«Алға» журналы №2 5-6 2004ж.

ОЮМЕН ОЙ ТҮЙГЕН

Қазақ халқының арғы-бергі тарихын қазсаң, оның өмір тіршілігі өнермен біте қайнасқанына көзің жетеді. Сол өнердің қайнары да, темірқазығы да – ою-өрнек екеніне тағы да тәнті боламыз. Өйткені халқымыз молшылық пен даналықты – дарияға, теңізге, тауға теңесе, батырлықты, ерлікті – арыстан, жолбарысқа, қыран құсқа балап жатады. Ал, сұлулықты, әсемдікті – Ай мен Күнге, хош иісті гүлге, құралайдың, ботаның көзіне, аққудың көркіне, еліктің лағына теңеп, табиғаттың өзінен көңіліне ұнағанын алды, іздеді. Сол сұлулықты, әсемдікті, даналықты, батырлық пен тектілікті ою-өрнекке түсірді. Оны түрлендірді, дамытты. Осыған байланысты халықта: «Ою ойғанның ойы ұшқыр», «Сызу сызғанның сиқыры бар», «Шебердің саусағы алтын», «Ою ойған, сызу да сызады» деген сияқты сан алуан мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер де молынан кездеседі.

Ендеше осы айтылғандардан ой өрбітсек. «Өнерді қызықпасаң көре алмайсың, таспаны үйренбесең өре алмайсың» демекші, ою-өрнекпен жұмыс істеу де екінің бірінің қолынан келе бермейді. Бұл өнерді жанына

серік етуге әйел баласы болмаса, ер азаматтың қай-қайсысы да тәуекел ете алмайды. Дегенмен де «Бір нәрсеге, не өнерге талпыну үшін адамға алдымен табандылық қажет» деп әл-Фараби данамыз айтқандай, 30 жылдан астам уақыт осынау ұлтымыздың ою-өрнегін жасаумен, түрлендіріп дамытумен әрі насихаттаумен айналысып жүрген Шөптібай Байділдаұлының еңбегі туралы айтпасқа әсте, болмайды. Шөптібай – қол өнер шебері, оюшы, ағаштан түйін түйеді. «Кісі танымақ болсаң – ісіне кара» деп Жүсіп Баласағұн бабамыз айтқандай, мен Шөпекеннің тындырып жүрген ісін, яғни, оның ою-өрнектерін өз көзіммен көріп, қолыма ұстағаннан соң ғана қолыма қалам алып отырмын.

Бүгінгі күнге дейін Ш.Байділдаұлы қазақ ою-өрнегінің екі мыңға жуық түрлерін жасапты. Ол ешкімді де қайталамайды. Қандай үлгі болмасын, оны өзі ойлап табады. Негізгі аспап-құралы – қайшы, материалы – қағаз. Алдымен ой-зердесіндегіні қайшымен ойып, қағазға түсіреді. Сонан соң ғана ол матаға, ағашқа, металға көшеді. Бояу түрлерімен айшықталады.

- Оймастан бұрын тақырып таңдай білу керек. Оюдың жақсы шығуы оюшының ой ұшқырлығына, шеберлігімен оюды ретімен, қиюын келтіріп үйлестіре білуіне байланысты. Өйткені, ою-өрнектің қандай түрі болса да ол – адам ойының жемісі.

Сондықтан ою-өрнек бір-бірімен қабысып, жымдасып, ескен арқандай бірігіп тұруы керек. ара жігі бадырайып, үйлеспей, олпы-солпы болса, ою өзінің сәнін, сұлулығын, үйлесімін тіпті, мазмұнын жоғалтуы мүмкін, - дейді Шөптібай Байділдаұлы.

Менің түсінігімде қазақтың қандай оюы мен өрнегі болмасын, ол «қошқар мүйіз» үлгісінен бастау алады, желі тартады. Өйткені оның қолданылмайтын жері кемде-кем. Бұл ойымды Шөпекеннің өзі де қолдап, дамыта түсті:

- Жалпы «қошқар мүйіз» ою-өрнегі – байлықтың, молшылықтың символы. Сондықтан менің ою-өрнектерімнің бәрі де осы нышанадан негіз алады. Осы арнадан ауытқымайды. Атам қазақ: «Үлгісі көптің өрнегі көп. Өрнегі көптің ермегі көп» демекші, осы өнер арқылы көп ой айтуға болады. Менің жеке түсінігімде ою-өрнек дегеніміздің өзі – дәлдік, есеп, теңдік, теңеу, үйлесім, жарасым, сәндік, көркемдеу, сәйкестік, тазалық, нәзіктік, сүйкімділік, парасаттылық, жылылық, сұлулық, ойлылық, ақылдылық, зеректік, көңіл-күйдің жақсылығы, шуақты шақ, арайлы кезең, жарқын әлем, көңілдегі шабыт, шаттық. Адамды ептілікке, іскерлікке, шеберлікке, икемділікке, ұстамдылыққа, табандылыққа тәрбиелейді. Өнерге деген махаббат, сұлулыққа деген ғашықтық, құштарлық жиынтығы. Ою ойған адамның жүрегі жылы, нәзік әрі сезімтал болады.

Қол өнер шебері Шөптібай Байділдаұлы бар саналы ғұмырын арнап келе жатқан осынау ою-өрнектерін алты топқа бөледі. Олар:

1. Шағын жеке ою-өрнектері:
2. Киімтүрлеріне лайықты ою-өрнектер:
3. Өсімдік әлемі тектес ою-өрнектер:

4. Жан-жануарлар, аң-құсәлеміне байланысты ою-өрнектер:
5. Тұрмыстық заттарға лайықты ою-өрнектер:
6. Күрделі ою-өрнектер.

Халықтың шеберінің бар арман-мақсаты осы ою-өрнектерді қажеттіорнын тауып пайдаланса, мемлекет тарапынан көңіл бөлініп, арнайы бағдарлама бойынша мектеп оқушыларына, студент жастарға қолөнер сабағына пайдаланса, ол жас ұрпақтың іскерлігіне, ұлттық мәдениетті сүюіне ықпал етер едік-ау дейді. Айтса айтқандай – ақ, «Өнер сыры - өрнекте» немесе:

«Жігіттің көркі - өнері,

Талап – кісі мұраты».

Өнер қалмақ артында –

Дүниенің өшпес шырағы» - деп

Майлықожа жырау айтқандай, біз әңгіме қылып отырған ою-өрнек түрлерінің қай-қайсысының да басты мақсаты – адам тәрбиелеу. Жастардың көңіліне ізгіліктің, ұлтжандылықтың, имандылықтың дәнін себу.

Бір қызығы, кезінде Алматы жоғары партия мектебін бітірген. Әкімдік, партиялық, кеңестік қызметтер атқарып, соңғы он шақты жылдың көлемінде барлық лауазымдық қызметтерден мүлде бас тартып, бір жола осы ою-өрнек өнеріне басын тіккен Шөптібайды өз елімізде өнер мекемелерінің құлағында отырған шенеуніктер біле бермейді. Керісінше, халық шеберінің ою-өрнектері 1992 жылы Түркияда, 1996 жылы мұхиттың арғы жағалауындағы Атлантада өткен олимпиадада көрмеге қойылды. Демек, алыс шетелдіктер де таныс болды. «Ер өнерімен танылар» деген осы!

Ендеше қолөнер шебері, оюшы, нағыз «сегіз қырлы, бір сырлы» азамат Шөптібай Байділдаұлының ою-өрнектерімен Сіздер де таныс болыңыздар, «Жұрағат» журналының көзі қарақты оқырманы.

Халықтың шеберінің бар арман-мақсаты осы ою-өрнектерді қажетті орнын тауып пайдаланса, мемлекет тарапынан көңіл бөлініп, арнайы бағдарлама бойынша мектеп оқушыларына, студент жастарға қолөнер сабағына пайдаланса, ол жас ұрпақтың іскерлігіне, ұлттық мәдениетті сүюіне ықпал етер едік-ау.

*Есенәлі Ералы,
Құмкешу ауылы,
Аманкелді ауданы,
Қостанай облысы*

СӨРЕДЕГІ АЛЬБОМДАР СЫР ШЕРТЕДІ *Наурызнама*

Қолыма қалам алдырған өнегелі әулеттің атасы, еліне адал қызмет еткен, жанынан жауһар байлық табатын, жанарын жақұт нұрмен байытатын «Балаң өнерлі болсын десен, аталық айтар ісің болсын» дегенді ұрпаққа үлгі ететін өшпес із қалдырған қолөнер шебері Шөптібай аға еді.

Анау бір күні ізгі жақсы ағалармен бірге Шөптібай Байділдиннің үйіне қонаққа барғанмын. Жиналғандар көптен көріспеген бір кездегі ел ағалары, сахна тарландары десем артық емес. Ән айтылды, күй тартылды. Бірақ кісілік пен кішілікті сөзбен емес іспен, оймен жеткізе білетін азаматтар еді.

Бір кезде «мынау менің бар байлығым, жиған-тергенім» деп бес-алты альбомды Шөптібай аға алдымызға қоя салды. Міне, кереметі Ұлағаттылық. Ұстаздық. Бауырмалдық. Сөредегі альбомдар сыр шерте бастады. Қонақтар бірінен соң бірін көріп орнына қойып жатыр. Ал, маған үлкен әсер қалдырды. Жақсы аға, қамқор әке, ұрпақ қамын ойласушы деген міне, осы!

«Көнені керек етпесен, жаңа табылмайды», дегендей альбомдарды үй иесінен сұрап алдым да, балаларыммен бірге бірнеше күн тамашаладым.

Жастық шақ жылдар, алғашқы махаббат, сары майдай сақталған құжаттар. Кеңес Әскері қатарына аттанғандағы жүргек поезд билеттері, комсомол билеттері, мандаттар, сыр шерткен хаттар, бірінен бірі асқақ естеліктер.

Жалындаған жас кезіндегі Алматы шаһарында көрген әдемі ән кештерінің концерттік бағдарламасы. Мына бірінде немере-шөбереге қалдырған мол мұра, ұлағатты іс, таптырмайтын қазына – қазақ, татар, шешен, орыс, өзбек, қырғыз ұлттарының мақал-мәтелдері. Осы ғұмырымда талай шет елде ән салдым, жақсы – жайсаңдармен қатар жүрдім, тындырғаным аз ба, көп пе оған төре – менің көрерменім. Ал, өнер мен әдебиет егіз дүние, оны жанындай сүйе білу керек деген ұғым ойға оралды.

Мына бір альбом мектепке арналған оқулық сықылды. Газет-журнал қиындылары. С.Мұқановтың «Мөлдір махаббаты» таласып оқыған кітабымыз болатын. Кеңес Әскерінде жүргенде Бәтес сұлу қайда екен деген оймен сол кездегі «Социалистік Қазақстан» газетіне жазған хатына жауабы. «Бәтестің бар екенін, Павлодар қаласында тұратынын осы хаттан білдім. Қазақ халқының бағына туған күміс көмей әнші, Қазақстанның халық әртісі Ғарифолла Құрманғалиевтің Қарттар үйіне тапсырылғаны жайлы оқығанда отыра алмадым. «Егеменді Қазақстан» газетіне «Жағдайым жаман емес, ауылды жерде тұрамын, әнші Ғарифолла Құрманғалиевты алып кетіп бағамын», - деп жазып едім, - «Құрметті Ш.Байділдин! Тағдыр солай болған шығар» деген жауап алдым.

«Ердің ерлігі, елдің бірлігі, ұлттың ұлылығы» деген осы шығар. Көненің көзін көрген, дананың сөзін естіген ағаның үй іші кішігірім мұражай сынды. Шаңырақтың шайқалмауы, ер азаматтың жұмысын дұрыс атқаруы, бала-шаға дәм-тұзының дәмді болуы – ол әйелге байланысты. Үйді ұядай қып ұстау, азаматты бағалау Әзиза апа үшін ермек ісемес, ол

үшін үлкен махаббат пен сүйіспеншілік керек. Келбетті, қазақы мінезді тәтеміз ағаға сай, еркелей сөйлеп, ән де айта алатынын байқап қалдым.

Ән демекші, Шөптібай аға ән айтқанда немесе ою-өрнегін көрсеткенде, «Нағашысы жақсы ғой», «Нағашысына тартқан ғой» деп мақтанушы еді әйгілі әнші Сайлаубек Ордабаев.

«Әкемнің әкесінен қалған мұра мына табаққа жобамен 150 жылдай болуы керек. бір қызық әңгіме айтайын. Осы табақты балам үйленгенде сыйға тарттым. Балалар жұмыс бабымен Ақтөбеге көшіп кетті. Түсімде көргенім де табақ, ойлайтыным да табақ. «Әй, осы мен дұрыс жасамадым-ау, балалар сындырып алмаса жарар еді» деп дөңбекши бердім. Мазам кетті. Сыйға тартқан табақты қайтарып беруін сұрап, балаларыма телефон шалдым. Осы табақ қалай үйге оралды, солай ой-өрісім кеңіп, көңілім орнына келді», - деп бір жымыып алды.

Бұл дүниеде оқып-біліп байқағаным – алтынды бағалап, тұлпарды тағалап өскен елдің азаматтарының өнер күшін көтерер күн алда.

Шөптібай аға қазір Ы.Алтынсарин атындағы мемлекеттік институт ректорының шақыруымен болашағымызға дәріс беруге кірісіп кетті.

Осындай көркіне мінезі сай, парасат-пайымы, ұстамдық пен даналығы мол ақылшы шебер ағаға өрер өнеріңіз көп болсын дейік.

*Отаркүл Мұқатова,
облыстық жасөспірімдер көрермендері
қазақ театрының директоры
«Торғай» 21 наурыз 2008ж*

ӨМІРІН ОЮМЕН ӨРНЕКТЕГЕН

«Өнерге бір ғұмыр да аз» деп, дана халқымыз текке айтпаған ғой. Өмірде ою ойып, кесте тоқып, киім тіккен жандар, әрине, аз кездеспейтіні аян. Ал, ою-өрнек ісін Қазақстанда ХХ ғасырда қайта жандандыруға және дамытуға үлес қосқан жандардың бірегейі Ғ.Иляев. Демек, ХХІ ғасырда өнерліні алыстан іздемей-ақ, өз арамызда бір қалада ғұмыр кешіп бірге жүрген, сол Ғани ағамыздан асып түспесе, кем түспейтін оюшы және оны түрлендіріп дамытушы Шөптібай Байділдаұлы ағамыз осы уақытқа дейін, яғни жасы алпысты алқымдағанша көп көзіне шалына бермепті. Ал, бүкіл саналы ғұмырын бала күнінен бастап ою-өрнекті дамытуға арнаған, тіпті он жыл бойғы өмірінде, тек қана оюшылықпен, оны жетілдірумен айналысқан ел ағасының өнері ерлікпен пара-пар деп есептеген ауыз толтырып айтуға тұрарлық.

Біздің Торғай топырағынан осындай ерлер шығуы, әрине, ертеден қалыпты жағдай. Киелі топырағымыз тағы бір үлкен өнер иесін сыйға тартыпты. Ал, өнері әбден кемеліне келіп жетілген шағында ғана танымал бола бастауы, Шөптібай ағамыздың өте қарапайым, асқан төзім иесі

екендігін дәлелдейді. Өз тәжірибесінде мың жарым өрнекті тудырып, оны республика көлеміне түгелдей ұсынуға талпыныс жасап келе жатқан ағамыз 1946 жылы Жангелдин ауданына қарасты қазіргі А.Нұрманов атындағы ауылда дүниеге келген. Ол 1992 жылы ою-өрнектер көрмесін Атланта олимпиадасында ұйымдастырған шебер. Сондай-ақ, соңғы жылдары оның шығармашылық қызметі «Нұр-Астана», «Алтын орда», «Егемен Қазақстан», «Қостанай таңы» секілді баспасөз беттерінде насихатталып келді. Оған қоса, «Хабар», «31 арна», «Қазақстан-1», «АсТВ», «Алау» және облыстық теледидарлары арқылы да жұртшылыққа таныстырылды.

Қолөнер маманы бұдан он жыл бұрын арнайы шақыртылғанда институтымызға қызметке келмей рахметін айтқан. Сол бастаған ісін аяқтап барып, яғни он жыл өткен соң ғана бізге қызметке орналасып отыр. Мұнда ол енді Торғай өлкесінің тарихы мен мәдениетін зерттеу орталығын ашып жатыр.

Шөптібай Байділдаұлы институттың мультимедиялық дәріс кешенінде студенттер қауымымен өзін жақынырақ таныстыру мақсатында кездесу өткізді. Жүздесу барысында жас буынға басқа елдер өнері жайында көптеген тың мағлұматтар беретін дәріс оқыды. Жер, ел, тарих туралы деректер қозғады, сондай-ақ ою-өрнек көрмесін ұйымдастырды. Әңгіме барысында Алматыға барып, жыл бойы күш сала жүріп «Өнер» баспасынан ою-өрнек альбомының алғашқы томының жарық көргендігін айтты. Яғни, ізденіп жүріп мемлекеттік бағдарламаға іліктірген. Аталған альбомында 330-дай ою-өрнегі басылыпты және 200 дана таралыммен шыққан. Сол кітаптың бірнешеуін институт кітапханасының қорына автор өз қолымен табыс етті. Альбомды өнер бөлімінен кездестіруге болады. Енді келесі томына 400-дей ою-өрнек беріп, оны да аталмыш баспадан шығартқалы жатыр. Қалған ою-өрнектерін де кейінірек ұсынбақшы.

Шебер ою-өрнек нұсқаларын халықтық негізден алып табиғатпен тілдесу арқылы түрлендіріп отырады. Қайсыбірін табиғаттағы көріністерден туындататыны көрініп тұр. «Құстар, аңдар, жануарлар, өсімдіктер мен үшін шығармашылық бастауы», - дейді ол. Сондай-ақ, өнерге байланысты мақал-мәтелдер, өлеңдер, нақыл сөздер жинаумен де айналысатын көрінеді. «Ойсыздан ою шықпайды», «Оюды оя алмаған ойланбаған» деген халық мақалдарын құрастырып жүрген альбомдарының сыртынан көрдік. Ал, студенттер алдында көз ілеспес шапшандықпен бір рет қағазға ою қиып шыққанда қағазды жазып көрген студенттер бір парақтан төрт түрлі ою үлгісін көріп қайран қалысты. Алдағы уақытта студенттерге үйірме ұйымдастырып, шебер өз өнерін үйретпекші екендігін де жасырған жоқ.

*М.Байсеңгіров,
АрқМПИ музыка және бейнелеу
өнері кафедрасының аға оқытушысы.
«Торғай» 4 сәуір 2008ж*

ӨРНЕГІҢ - ӨМІРІҢ

Талантты ою-өрнекші Шөптібай Байділдаұлының таяуда Арқалық қаласында кезекті жеке көрмесі ұйымдастырылғалы отыр.

Көрмеңіз көңілдерді тербетіп, тарихтың қойнауынан іздері сайрап жатқан мағынасы терең нақыштарға бүгінгі ұрпақ көзайым боп, сіз сырлаған сырлы өрнектер ғасырдан-ғасырға жалғаса берсін деген оймен жырдан шашу шашамын.

Арнау

Өнермен таң күліпті, нұр шығыпты,
Жақсылар орман қылар бір шыбықты.
Әлем-жәлем суреті жоқ қазағым,
Оюменен өре білген тіршілікті.

Ою-сыбызғы үні жел өтіндегі,
Ою-арман ақиқат жетілмегі.
Ою – далаң, ою анаң және де,
Күлкісі қазағымның бетіндегі.

Ою-ер тұрманда, жетегінде,
Оюсыз өрнектелмес ертегінде.
Ою-өрнек ғашықтың жүрегінде,
Сұлудың сәукеле мен етегінде.

Оюлар арқарлардың мүйізінде,
Ынтыққан ақ отаудың киізінде.
Оюлар әуенінде, ауасында,
Ою боп өрнектелер күйің желге.

Жырымды өрнек ету бір арманым,
Сол өнерге құрметпен жыр арнадым.
Иректермен икемдеп жеткізе алған,
Ою деген шыңы ғой шығарманың!

Ағасың сол шыңдарға туың тіккен,

Өнерінде жатыр ғой сырың бүккен.
... Еленбесе бүгіндер мұқалмашы,
Бақыт боп оралады терің төккен.

*Тұрсынғали Тольбаев
Торғай таңы*

ЖЕРЛЕСІМІЗ АСТАНАДА КӨРМЕ ӨТКІЗДІ

Белгілі оюшы, қолөнер шебері Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының мұражай қызметкері Шөптібай Байділдин Астана қаласы оқу бөлімінің шақыруымен ағымдағы жылдың 2-4 желтоқсаны аралығында ою-өрнектен кең көлемде көрме өткізіп келді.

Көрме 2-3 желтоқсанда № 56 мектеп лицейде қойылып, оған Астана қаласындағы 29 қазақ орта мектептерінен оқушыларға қол өнерден дәріс беретін ұстаздар, қалалық оқу бөлімі қызметкерлері, оқушылар, “Егемен Қазақстан” газетінің тілшілері мен Астана ТВ – теледидары қызметкерлері қатынасты. Көрмеге қатынасушылар қазақ қол өнерінің кешегісі, бүгінгісі, болашағы жайлы өз пікірлерін ортаға салып, келешекте қазақ қол өнерін дамыту жолдарын талқылады.

Осы көрме Астана қаласындағы жүз жылдан аса тарихы бар Жамбыл атындағы № 4 мектепте де ұйымдастырылды. Көрмеге келушілердің ою-өрнекке қызығушылығында шек болмады.- дейді шебер ағамыз. Әрбір көрме өткізген сайын бүгінгі жастардың ұлттық өнерге деген ынтасының зор екендігіне, ұлтжанды, өнерді сыйлайтын, қадірлейтін, қастерлейтін жеткіншектер барлығы қуантады. Олардың жүйелі ойы, танымдық сұрақтары сауатты ұрпақ өсіп келе жатқанын көрсетті. Сондай – ақ жасаған оюлары бүгінде Астана ғимараттарына әсем әр беруі шебердің мерейін өсіргені анық.

Осы ою-өрнекті насихаттауда институт басшылығының қолдау көрсетіп, мүмкіндік жасап отырғанына оюшы, қол өнер шебері Шөптібай аға дән риза екенін ықыласпен айтып өтті.

*Бану Әкбарқызы
Арқалық хабары 12/XII-2008.*

ҮНДІЛІКТЕР ДЕ ОЮ ӨНЕРІН ТАМАШАЛАДЫ

Жақында Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының мұражай қызметкері, оюшы-суретші Шөптібай Байділдин Елордадағы Тұңғыш Президент мұражайында ашылған “Алға ұмтылған Қазақстан” атты аймақтық көрмеде жаңа оюларын көрсетті. Сондай-ақ, онда Қостанай

облсының қолөнер бұйымдары, мұражай жәдігерлері, ұлттық киімдер, тағы басқа туындылар қойылды.

Ашылу рәсіміне Жапония, Үндістан, Англия елшіліктерінің өкілдері қатысты. Қостанай облысы әкімінің орынбасары С. Бектұрғанов пен облыстық мәдениет басқармасының бастығы С. Бөрібаева жиналғандарға сөз арнады.

Саздан, теріден жасалған бұйымдар, металға салынған түрлі әшекей мен жазулар, ыдыстың сыртына салынған суреттер, ою-өрнектер, тағы басқа жәдігерлер өнерсүйер қауымның назарына ұсынылды, - дейді Ш. Байділдин. – Үндістан елшілігінің бірінші хатшысы, мәдени орталығының директоры Дипали Пал жұбайы, кезінде “The Hindustan Times” үнді газетінің бұрынғы тілшісі Самар Кумар Палмен (суретте) бірге қазақтың ұлттық оюларын, түрлі бұйымдарын тамашалады.

Көрме келер айдың 8-іне дейін жалғаспақшы. Бұл – Шөптібай ағаның Астанаға екінші сапары. Былтыр Астана қаласы білім басқармасының шақыруымен № 4, 56 мектептерде оюларын көрсеткен-ді. Сонымен қатар, жерлесіміз бір кітабын жарыққа шығарып, екінші кітабын баспаға әзірлеу үстінде.

*Қайрат Есмағанбетов
18 қыркүйек 2009 жыл
Арқалық хабары.*

ІҮ ТАРАУ

ОЮ ОЙ, ӨРНЕК САЛ

Қысқаша автор туралы

Оюшы, қол өнер шебері Бәйділдин Шөптібай 1946 жылы 14-ші тамызда Қостанай облысы, Жанкелдин ауданы, қазіргі Айсә Нұрманов атындағы ауылда туған. Қазір Арқалық қаласы Ы. Алтынсарин атындағы мемлекеттік педагогикалық институтының мұражай қызметкері.

Жоғары білімді. Алматы Жоғары Партия мектебін бітірген. Әкім, партия, совет, кәсіподақ, комсомол қызметкері болған.

Ою-өрнек жасаумен отыз жылдан аса уақыттан бері айналысады. Ою-өрнектердің 1500-дей түрлерін жасаған. Ою-өрнектері 1992 жылы Түркияда, 1996 жылы Америкада өткен Атланта Олимпиядасында қойылған. Ою-өрнектері «Мәдени мұра», «Мәдениет», «Жұрағат», «Арай», «Алға» журналдарында, «Астана ақшамы», «Егемен Қазақстан», «Алтын Орда», «Нұр-Астана», «Қостанай таңы», «Қостанайские новости», «Арқалық хабары», «Торғай» газеттеріне, насихатталған. Өнері «Хабар», «31-канал», «Ел арна», «Қазақстан - 1», «АсТВ», «Алау» және облыстық теледидардан көрсетілді. Астанада Тұңғыш Президент мұражайында, Астана мектептерінде, Алматы қаласында және Қостанай, Арқалық қалаларында жеке көрмелері өткен. Оюмен қатар өнерге байланысты мақал-мәтел, аталы сөздер жинаумен айналысады. Тарихи тұлғаларға байланысты зерттеулер, мақалалар жазады. «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша «Қазына» сыйлығының иегері.

ОЮМЕН ОЙ АЙТҚАН ЕЛМІЗ

Қазақ ұлттық ою-өрнегінің бірнеше ондаған ғасырлық тарихы бар, атадан балаға, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып, үнемі қолданыста дамып келе жатқан өнер түрінің бірі осы ою-өрнек саласы.

Біздің жыл санауымыздан бұрынғы V-III ғасырлар аралығында Алтай өңірінен, Қара теңіз төскейіне дейінгі сайын даланы қоныстанған түркі халықтарының түп аталары – байырғы Сақтар әлемдегі мәдени өмірде өнердің өшпес асыл мұраларын өнер жарықтарын қалдырған.

Аталмыш өнер кезеңіне Академик Әлкей Марғұлан «**Аңдабы мәнер**» деп ат берген. Есік обасынан, Шығыс Қазақстаннан қазылып алынған «Алтын адам» киімі осы аңдабы мәнерінде жасалған өрнек. Міне, қазақ халқының ою-өрнек өнері, осылайша түркі жосығымен, ол жосық ежелгі сақтар өнері зергерлік әшекейлермен тікелей сабақтасып отырады.

Халқымыз молшылықты – дарияға, теңізге, бәйтерекке теңесе, Батырды – арыстанға, қыран бүркітке теңеді. Сұлуды – ай мен күнге, хош иісті гүлге, құралайдың лағына, аққудың көркіне, бота мен тұрымтайдың көзіне, сұқсырдың мойнына, алмаға, қарақатқа теңеді. Әсемдікті аң-құстан, өсімдіктен, табиғаттан іздеді. Сол сұлулықты ою-өрнекке түсірді, дамытты. Оның нақты айғағын “Алтын адам” киімдеріндегі алтын ою-өрнек, әшекейден көруге болады.

Қазақ халқының тұрмыс, тыныс тіршілігінде ағаштан, мал, аң терілерінен, жүнінен жасалған заттар кең қолданылады. Әсіресе ағашты ата-бабаларымыз киелі санаған.

Қазақ халқының кемеңгер ғалымы Шоқан Уәлиханов «Тәңірі» атты еңбегінде біздің Ата-Бабаларымыздың әдеттен тыс табиғат құбылыстарын қасиетті санайтындығын айта келе: «Айдалада дара өскен ағаш... тәу етіп, басына түнеуге жарап жатыр. Жанынан өткен әрбір жолаушы оларға ырым етіп, әлем байлап, жанына ыдыс-аяқ тастап кетеді... басына құрбандық шалады» – деп жазса, түркі тілдес халықтардың ортақ мұрасы саналатын «Қорқыт Ата кітабында»:

«Атың ағаш десем шамданба, ағаш!
О, Мекке мен Мәдинаға есік болған – ағаш!
Құдаймен тілдескенде Мұсаның асасы болған – ағаш!
Ерлердің ері Әлидің дүлдүліне ер болған – ағаш!
Зұлпықарға сап болған – ағаш!
Хасен мен Хұсайынға бесік болған – ағаш!

Басыңа қарасам төбең көрінбес – ағаш!
Түбіңе қарасам тамырың көрінбес – ағаш!
Мені саған асар болса, құлап түс – ағаш!» –

деп келетін, тікелей ағашқа бағышталған айшықты сөз бар. Бұл жалғаннан біз ағаштың қазақ тұрмыс-тіршілігіндегі қолданыс орнымен қатар, оның Ата-Баба таным түсінігінен алар жүйесін де өте айқын байқай аламыз.

Қазақ халқының тұрмысында ағаштан жасалған заттар өте көлемді. Жазы, қысы пайдалануға келетін «ағаш уықты, киіз туырлықты» киіз үй, киіз бен ағаштың өте күрделі үйлесімінен тұрады.

Тігуге де, жинауға да, алып жүруге де өте қолайлы осы мүлікте ою-өрнек қолданылмайтын бөлшек жоқтың қасы.

Киіз үйдің керегесі мен түндігінен басқа бөлшектеріне: сықырлауық ашпалы есікке, есік сыртындағы киіз жаппаға, туырлықтың жиегіне, шаңырақтың жағалай жиегі мен шабақтарына, уықтың төменгі жалпақ иініне, бақанға, адалбақанға, желбауға, басқұрға, дөдегеге, кереге сыртынан ұсталатын шиге, жалпақ құрларға, жалпақ туырлықтың түндігінің бауларына тоқылып оюлар салынады, шашақтар байланады.

Жоғарыда аталған киіз үй жабдығының ағаш бөлігіне ойылып, жүннен тоқылған, сырылған заттарға ою-өрнек түрлері түседі.

Адай руынан шыққан Талпақов Қаражігіт киіз үйінің сүйегін таза күміс, күмістелген және өрнектелген сүйек элементерімен мол безендірген.

Киіз үй ішіндегі жиһаздар: кілем, текемет, сырмақ, алаша, тұскиіз, жүк жапқыш, шымылдық, орамал, сүлгі, дастархан, кірсалғыш, кесе қап, шабадан, кебеже қап, қоржын, торсық, саба, күбі, асадал, кебеже, сандық, қолсандық, жүкаяқ, ағаш төсек, ағаш аяқ, ожау, ағаш қасық, табақ, астау, тегене, самаурын, шәйнек, кесе, сапар кесеге оюлар түседі. Ер-тұрман: қамшы, жүген, ер, ноқта, тұсамыс, кісе, шыбыртқыға, масақаққыш сабына, домбыра, қобыз, сырнайға, басқа да үй жиһаз, мүліктеріне шебердің талғамына орай әр түрлі ою-өрнектер салынып келді. Ою-өрнекті жақсы сапалы жасау үшін алдымен пайдаланатын материалды дұрыс таңдай білу қажет, оның ою ырғағымен мөлшерін яғни оюдың заттың бетіне түсуімен орналасуын нақты жобалау қажет. Оймастан бұрын тақырып таңдай білу керек. Оюдың жақсы шығуы оюшының ой ұшқырлығына шеберлігімен оюды ретін келтіріп үйлестіре білуінде. Ою-өрнектің қандай түрі болса да ол адам ойының жемісі.

Ою-өрнек бір-бірімен қабысып, жымдасып, ескен арқандай бірігіп тұруы керек. Ара жігі бадырайып үйлеспей олпы-солпы болса онда ою өзінің сәнін, сұлулығын, үйлесімін тіпті мазмұнын жоғалтуы мүмкін.

Қазақ ою-өрнегі қошқар мүйіз түрінен бастау алатындықтан қандай ою түрін жасағанда да осы ою түрі басты көрініс табуы қажет. Басы қошқар мүйіз оюынан бастау алған өрнек дами келе неше алуан түрге еніп, аражігі әртүрлі ою-өрнектермен толыға келе үлкен күрделі ою түрі шығады. Ою атасы қошқар мүйіз бастаған өрнек түрлері бір-біріне үйлесе сән бере келе бірігіп, жымдасып, байланыс пен сәндік тауып жасалатын ою

түрін әрлендіре түседі. Табиғаттағы әсем гүл шоғырындай ою-өрнекте өз шеберін тапса жарасып, құлпырып, көз тартып, көзге қуаныш, көңілге жылылық ортаға әсемдік, сұлулық шашып тұрары анық. Біздің Ата-Бабаларымыз осындай өнер түрін өзінің шырқау шыңына жеткізе білген.

Қай затқа қандай ою-өрнек салуды, оны қалай орналастыруды, қандай заттан қандай түр жасау қажеттілігін толық меңгерген. Соның бір айғағы өткен ғасырлардағы бір сәукеленің жасалу құнының 500 биеге бағалануы. Болмаса киіз үйдің керегесі мен уығына сом күміс қақтап, алтын жалату өнерге деген сұраныстан туса керек. Әр заттың өзіне лайық ою түрлері болған, олар ойылған, қашалған, зерленген, күмістелген, жалатылған, тігілген, өрілген, бедерленген болып келеді.

Ұлттық ою-өрнекте күмісті пайдалану кең қолданылған. Жоғарыда аталған кигіз үй ағашына оюлар тереңдетіліп ойылып, күмістеліп нақышталады. Жүсіпбек нұсқасындағы Наурызбай-Қаншайым дастанында:

Ал енді мен айтайын
Үй порымын жасаған,
Шаңырағы сары жез,
Қырық жерден қашаған.
Сегіз қанат ордаға
Мәуіті шұға ойдырып,
Ақ киізбен жаптырған,
Керегенің көзіне.
Күмістен тор қақтырған,
Уығының қарына,
Қақтаған қара темір сап,
Нақыстай күміс шақтырған.
Маңдайша мен таяныш,
Нақыстаған ақ күміс,
Алтыннан өрнек салынған,
Дөдегемен теңгеріп.
Бір жүз ділдә жіберіп,
Бұхарадан алдырған,
... Керует төсек құрыпты.
Жібек кілем айнала,
Атырабында тұрыпты,
Шымылдық пен тұскиіз,
Кестесі алтын – күмістен,
Көргеннің көзі тұныпты.

Міне қазақ киіз үйінің бір теңеуі осы. Жалпы ою-өрнек дегеніміз – қазақ мәдениетінің шежіресі, Ата-Бабадан қалған мәдени мұра. Іске берілген, жұмысқа төселген, оюларды жатқа жасайтын, өз бетімен жана түрлі оюлар жасаушы адамды “оюшы” деп атаған. Оюшылар оюды қиып, құйып, илеп, батырып, кептеп, сызып, шекетулеп, нүктелеп, бедерлеп жасаған. Әр оюшының өз ортасына қарай ою үлгілері болған мысалы: “Орта жүздің үлгісі”, “Керей үлгісі”, “Арғын үлгісі”, “Торғай үлгісі”, т.б.

Менің түсінігімде ою-өрнек дегеніміз – дәлдік, есеп, теңдік, теңеу, үйлесім, жарасым, сәндік, көркемдік, сәйкестік, тазалық, нәзіктік, сүйкімділік, парасаттылық, жылылық, сұлулық, ойлылық, ақылдылық, зеректік, көңіл-күйдің жақсылығы, шуақты шақ, арайлы кезең, жарқын әлем, көңілге шабыт, шаттық ұялатады, көңілді ашады, шабыт береді, ептілікке, іскерлікке, шеберлікке, икемділікке, дәлдікке баулиды, тәрбиелейді. Өнерге деген махаббат, сұлулыққа деген ғашықтық, құштарлық жинағы. Ою ойған адамның жүрегі жылы, нәзік болады.

Ою ойған адам әр саладан хабары бар шебер болуы қажет. Ағаш шеберлері ағаш тамырынан, байланған шор бездерінен ойып, әр айшықты оюларды ойып салған, ағаш аяқ, тостаған, қымыз ожаулар жасаған. Күміспен қаптап, асыл тастармен өрнектеген. Семіз жас малдың қайнатылмаған сүйегі оюға, өрнектеуге ыңғайлы. Түйе, Жылқы сүйегі сапалы, қара кемік болмайды. Арқар мүйізіне өңез жабыспайды, маса қонбайды, мүйіз ожау күнге қызбайды, қымызға салқын леп береді. Мүйізді қыздырады не қайнатады. Тарақ тісін шығару үшін тақтайға мүйізді қоса қысып тіледі. Арқар, бұғы, тау теке мүйіздерін түрлі сүйектерді ағаш қобдишаларға, шақшаларға, мылтық құндақтарына, пышақ саптарына, домбыра беттеріне және қазақы ерлерге алуан түрлі күрделі әшекей ою-өрнектер салған.

Ағаштан шеберлер қысқы және жазғы үй, қос дөңгелекті, әшекейлі, оюлы күймелер, күміспен оюлап шекетүленген шаналар жасаған.

Қазақтың ою-өрнектерін зергерлік бұйымдар жасаған шеберлер кең түрде қолданған. Олар алтын, күміспен, алуан түрлі асыл тастармен безеп ер, жүген, үзеңгі, таралғы, құйысқан сияқты ер-тұрмандарын және сақина, білезік, алқа, шолпы, кемер белбеу, түйреуіш, сәнді сәукеле жасады.

Сәндік бұйымдар ойылып, шекетулермен әрленіп отырған. Зергерлер ою -өрнекті өрнектеу, бедерлеу, торлау, оюлау, өрнектеу, құймалау, сызу, жону, өру, нүктелеу арқылы жасаған. Зергерлер күміс бұйымдарды асыл тастардан, лағыл, сапфир, зүбіржат, гауһар, ақық, агат, інжу, маржан, жақұттан көз қондыру арқылы өрнектеп жасаған. Көз қондырылған зат көз тиуден сақтайды деп ұғынған. Көз қондырумен қатар сақина ,жүзік белдікке- “жапырақша”, “сабақша”, “өркен”, “қауыз”, “қошқар мүйіз” кейде бүркіттің , ай жұлдыздардың , күннің кескіңдері салынған.

Халқымыз бүркіт, қаршыға, үкі құстарын киелі санаған. Олардың тырнағын күміске отырғызып, тұмар ретінде тағып жүрген. Үкінің қауырсынын, балақ жүнін жас балалар киіміне , тақиясына қадаған, бесікке байлаған, домбыраның құлағына таққан. Кей жерлерде бәле-жаладан сақтайды деп бесікке жыланның басын, кірпік шешеннің терісін, ортасы тесік тоқаш нан байлау дәстүріде бар.

Нәзік күміс сымнан оюлап, өрімдеу әдісі кең қолданылған. Күміс сымды созу арқылы қажет деңгейге дейін жіңішкерткен. Сымға тартылған күмісті ойылған жерге балғамен ұру арқылы батырған.

Бұл турасында халықта «сымға тартқан күмістей» деген сөз бар. Тұрмыстағы ою-өрнектің барлық түрлері **қошқар мүйіз** оюынан бастау

алады. Ерте замандарда Ата-Бабаларымыз жан-жануарларды қасиетті санап сиынған. Қошқарға (арқарға) байланысты эпостар жазылып, қошқар атымен қазақ тарихында ерекше орын алатын талай арыс ұлдары аталған. Шақшақ Қошқарұлы Жәнібек батыр, Сары Қошқар батыр аталса, тұрмыс тіршілікте қолданатын барлық заттарда қошқардың шынайы немесе пішінделген түрі бейнеленеді.

«Қошқармүйіз» ою-өрнегі – байлық пен молшылықтың нышаны. «Қошқармүйіз» бен «Арқармүйіз» оюларының қазақ қолөнерінде қолданбайтын жері жоқ. Қошқар мүйіз оюымен қатар әр заттың көлемі, сәнділік пайдалану деңгейіне қарай әр алуан жапырақ тектес бітпес оюлар салынады. Бұл өрнектер «иірім», «шиыршық», «иық», «үшкіл», «түйе табан», «қос ирек», «қазтабан», «кұсмұрын», «сыңар өкше», «айшық гүл», «жұлдыз гүл» т.б. аттармен аталады.

Ою-өрнек салудың тағы бір түрі кигіз басуда киізден жасалған заттарда өте кең қолданылады. Әлі басылып болмаған дымқыл шикі киізге бір түсті (көбіне ақ киізге қызыл түсті) жүннен алуан түрлі оюлар түсіріледі. Бұл киіз текемет деп аталады. Бұл ауыл тұрмысында жиі қолданыста болатын денсаулыққа жағымды, пайдалы төсеніш. Түрлі түсті киіздерді өзара оюластыру немесе шүберекпен ою бастырып сыру, кестелеу жолымен тұс киіздер, сырмақтар, аяққаптар, кебеже қаптар, сандық қаптар, уық қаптар, кереге қаптар, тепкішектер, ат жабу, түйе жабу, ат киіздер, тоқымдар т.б. сәнді бұйымдар жасалады.

Қазақ халқының ерте заманнан тұрмыста үнемі қолданылып, дамып келе жатқан қол өнерінің аса бір күрделі әсем және құнарлы түрінің бірі кесте тігу. Ертеде кигіз үйдің үзік туырлығын алтын жіппен кестелеген. Алтын жіпке маржан қосқан. Кестелеудің ішіндегі күрделісі тұс киізді, тұс кестені, жүк жапқышты кестелеу. Бұған үш түрлі кестелеу қолданылады: тұтас матаны әр түсті жіппен шымқай кестелеу, әр түрлі матаны оюластырып кестелеу, матаны бөлек кестелеп, кигіз бетіне оюлап жапсыру. Күрделі ою-өрнекті кесте жасау үшін шебер ою-өрнек түрін өте сәнді үйлестіре білуі қажет. Ұсынылған оюлар ішінде шеберлер қажетіне жарайтын неше алуан түрлері бар.

Кестенің алуан үлгілерін, жобаларын ою-өрнектің күрделі үлгілерін қазақтың қыз-келіншектері қолдан жасап тұрмысқа енгізді. Ою-өрнекпен нақышталған кестелер алуан атқа ие. Кестенің түрі көп: біз кесте, баспа кесте, шекпе кесте, ашамай кесте, ойма кесте, сырма кесте, бастырма кесте, қапсырма кесте, ілме кесте тағы басқалар.

Кестелер көбіне барқыт, қыжым қалың маталарға, орамал, сүлгіге, дастарханға, тұскиізге, жүкжапқышқа, белдемшеге, сәукеле жиектеріне, бала киімдеріне түседі. Әсем кестелер сандыққапқа, әйел көйлектерінің жаға-жеңдеріне, әйел бешпенттерінің жаға-жеңіне, өңіріне, омырауына, кимешек жағаға, киіз үйдің дөдегесіне, киім жапқышқа, шымылдық, жастыққап, көрпе жағасы, кәмшат бөрік, тақия, сәукелелерге, зер тақияларға, ер адамдардың жеңіл қаптал шапанының жағалығының өң бойына, жең аузына жіңішке ғана оюмен кесте салынады.

Кестеге меруерт моншақ, асыл тастар, күміс, алтын жіптер, алтын айшық қолданылады. Оқа тағылып, жиегі зерлі оюмен кестеленеді. Орамалды ою-өрнекпен кестелеп, моншақтап арнаулы жасап сыйлау – махаббатын оюмен өрнектеп білдіру жастар арасында кең тараған. Ерте заманнан мал баққан халқымыз жүнді бояу арқылы түрлі өрнек жасап, шым ши орап тоқыған. Мұны жасау ерекше шеберлік пен іскерлікті қажет етеді. Кілем, алаша, басқұр, терме бау сияқты заттарды өрнекпен тоқу арқылы сан-салалы күрделі ою-өрнектер түсіріледі. Бұл заттар өте сәнді, берік, әрі өте сапалы болып шығады. Ұзақ уақыттар пайдалануға келеді.

Қазақы тұрмыста терінің қолдану ауқымы өте кең. Өте шебер өрімшілер таспадан қылыш, найза өтпейтін “Қаттауық ” тонды да, су ақпайтын торсықтыда өрген. Осындай су ақпайтын торсықты әкемнің інісі, қол өнер шебері, зергер, ұста Жамбылұлы Сейтқасым өрген екен. Бүгінде жеке құралдары болмаса, торсық сақталмаған. Теріден көнек, қазмойын (домалақ кеуделі ұзын мойын ыдыс), құман тәрізді жанторсық, былғары тоқым, тебінгі жасалып оған батырмалы ою-өрнек түседі. Мұндай өрнектер былғарыны батырып сызу жолымен жасалады. Сондай-ақ қайыстан жүген, ноқта, тартпа, божы, қамшы, шыбыртқы, құйысқан, тұсамыс т.б. ат құралдар жасалады. Бұл заттарда да реті мен сәніне қарай батырып сызу, өру, жез доғалар тағу, өрнек салу қолданылады.

Қолөнер шеберлері ою-өрнекті әр заттың өзіне лайықтап, жарасымын, үйлесімін, сәнін тауып жасаған. Жасаған затпен ою-өрнек бір-бірімен өте сәнді қабысып, шынайы көркемдік беріп отырған. Ою-өрнек түрлері өте нәзік түрде түскен. Пайдалану орнын шатастырмай нақ тауып, орын-орнына қоя білген. Қазіргі уақыттағыдай бас киімге салатын оюды балаққа, балаққа салатын оюды жағаға салмаған. Жарасымын, пайдалану орнын тапқан ою-өрнек алғаш қарағаннан көңілге қуаныш, жүрекке жылылық, сәндікке құмарлық беріп, өзіне тартқан, көздің жауын алған.

Жалпы ою-өрнек жасаушы шебер оюды олпы-солпы болудан сақтауы, әсемділігіне жеткізе білуі керек. Өнер зертеушілердің пайымдауынша қазақ ою-өрнегі үш түрлі ұғым негізінде туған деген қортынды бар:

- Біріншісі, қазақ халқының өзіне тән ертеден келе жатқан ұлттық оюлары,

- Екіншісі, басқа халықтардың мәдениетінен ауысқан,

- Үшіншісі, уақытқа қарай бейімделу.

- Ертедегі қазақ ою-өрнегі мазмұны жағынан үш түрлі ұғымды бейнелейді:

Мал өсіру мен аңшылық,

Жер-су, көшу – қону,

Заттардың сыртқы бейнесі.

Осылардың қайсысында да қошқар мүйіз оюы қолданылып араласып отырады. Ою, сызу, бедерлеу ру тайпалардың таңбаларында, малдың ен – таңбасында, ай, жұлдыз, аспан әлемін тұспалдауда орын алады. Шеберлер

сүйекті ойған, ағашты иген, тасты қашаған, мүйізді балқытқан, металды өңдеген. Әсемдікті таңдайда, жасайда білген .

Осындай әсемділікті таңдай білген хас шебер оюшы зергерлеріміз осы ою-өрнекке бояу түрлерін пайдалануды да жете меңгерген. Халқымыздың ою-өрнектерінде басым түс ақ пен қара болып келеді. Бұл ою-өрнектің ең шешімін тапқан жарасымды түрі болып есептеледі. Ақ пен қара түс бір-бірін айқын ашып, қандай затқа пайдаланса да анадайдан көздің жауын алып, сән беріп тұрады. Асқан шеберлер былғарыны ақ күміспен әшекейлеп түс киіз жасаған. Бұл түсті халқымыз ең жоғары бағалаған, қастерлеген. Әрбір түстің өз мән-мағынасы бар.

Мысалы: көк түс – аспан әлемін мезгейді. Көк түспен жасалған затты киелі санап, аяқ астына төсеменген. Көк түс көк тәңіріні, аспанды меңзейді деген көнеден келе жатқан ұғым бар. Қызыл түс – оттың күннің символы, ақ түс – ақиқаттың, қуаныштың, бақыттың, пәктіктің белгісі, сары түс – ақыл парасаттың, мұңның символы, қара түс – жердің символы, жасыл түс – жастықтың, көктемнің, жасыл әлем символы. Әрине әр шебер, оюшы түр мен түсті өз талғамына, ойлау жүйесіне, наным-сеніміне қарай іріктеуі мүмкін.

Өткен ғасырға дейінгі қазақ халқының өмірі, тыныс тіршілігі, барша әлеуметтік жағдайы, көшпелі күн көрісі мал шаруашылығымен, мал өнімдерімен тікелей байланысты болған. Сол себептен де қазақы тұрмыста қолданылатын затта ою тілімен аң-құс, жануарлар дүниесінің түрлері кездесуі кездейсоқтық емес. Егіз аңды, жануарларды бейнелегенде өмірде бейбітшілік пен тепе-теңдікті сақтау ұғымы білдірілген. Қазақ өнерінде аттың, аққудың, қыранның, арқардың, қошқардың атаулары мен ою түрінде кездесуі кездейсоқтық емес. Осы аң-құстар үй жануарлары киелі саналған, киесіне сенген, сол үшін құрметтеген. Қыранды батыл, батыр, алғыр деп ардақ тұтқан. Ойлау шеңберіне сия бермейтін қиял-ғажайып көрністерден тұратын образдар емес, күнделікті тұрмыста кездесетін өз халқымызға жақын аң, құс үй жануарларының сәндік әшекейде орын алуы сол аталған киелі тұлкітермен етене жақын араласудың айғағы болар.

Әрі бірнеше ондаған ғасырлық тарихы бар ою-өрнек өткен ғасырлар беделінде тұрмыста өте кең көлемде қолданыста болғаны анық.

Қазақ халқы жылқы малын өсіріп, сүтін ішті, етін жеді, терісін илеп киім тікті, ыдыс жасады, қылынан түрлі құралдар арқан, жіп, тұсамыс т.б. заттар дайындады. Қозғалыстың басты құралы болды. Елді қорғайтын да, екінші жерге тез қозғайтын да осы киелі жылқы малы. Әрі пырағы, әрі серігі болған сол жылқыны біздің Бабаларымыз баптай да, әсемдей де білді. Жал-құйрығын тарап, жалын өріп мойыншақ тақты, күміс жаптырып, алтын жалатқан мауыты тоқым, құранды ер салып, күміс ауыздықты жүген, алтыннан алқалы өмілдірік таққан, ерді күміспен күптеп, асыл тастармен безендіріп, сүйекпен әшекейлеп жапқан. Атбегілер сол құралдарды нақышына келтіре безендіре ою-өрнектей білді. Яғни, өнерді көркемдікпен, аттың сұлулығымен ұштастыра білген. Соған лайықты ат иелері де, шеберлердің өздері де киіне білген.

Қазақ халқының әр отбасында ою-өрнекпен безендіріліп тігілген **бір киер** деген киімі болғаны белгілі. Ұлттық киім түрлерінде негізгі түс қара барқыт, көк пүліш болып келеді де, сары, қызыл жіптермен өрнектеледі. Бұл киімді кез келген уақытта емес, салтанатты, ерекше мерекелерде киген. Табиғатпен үнемі бірге өскен халқымыз әсемдікті үйлесімді табиғаттан іздеген. Мысалы: қыз балалар тақиясына тағатын тағым үкі жүнінен (балақ) жасалса, жағаға салатын ою-өрнек өсімдік әлемінен, гүл, жапырақ, бұтақ түрлерінен алынған.

Ер адамдар тақия, бөрік, айыр қалпақ, жалбағай, тымақ, шапан, бешпент, қаусырма, тон ішік, сеңсең, жабағы күпі, түйе жүн шапан, шалбар, етік мәсі киіп, кісе, шақша, жалпақ белбеу, қамшы, желпуіш, қанжар, қылыш, садақ, найза, қалқан, қорамса, домбыра, қобыз, сыбызғы, сырнай ұстаған, қолына үлкен жүзік салған. Әсіресе бас киім қазақ ғұрпында көріктілікті, сәнділікті, баршылықты білдіретін қасиетті киім саналған. Бас киімді баспа, қазақтың “дос басқа, дұшпан аяққа қарайды” деуі осыдан шықса керек

Ал әйелдердің тұрмыстық заттары, әшекей бұйымдары өте күрделі, әрі кең көлемде қолданыста болған. Әйелдер орамал, белбеу, қамзол, камшат бешпент, түлкі ішік, бөрік, сәукеле, шапан, кимешек, кебіс, мәсі, тақия, көкірекше кісе, сақина, жүзік, шолпы, сырға, шашбау, бас жүзік, бойтұмар, білезік, қапсырма белбеу т.б. сәндік бұйымдар пайдаланған. Ерлерде, әйелдерде әр алуан қымбат бұлғын ішік, жанат ішік, түлкі ішік, қасқыр ішік, күзен ішік киген. Іші сыртын шұға, мауыты, барқыт, атылас, көкберен, манат, қырмызы, торғын сияқты бағалы маталармен тыстаған. Етегіне алтын – күміс зер ұстаған, маржан тізген, әдіптеген, оқалаған.

Қыздар өңір таққан, биіктігі екі сүйем сәукеле киген сыртында екі қабат мата, бірі белге, бірі жерге жеткен. Қыз киімдерінің кеуделері тар, қынамалы, омырауы мен жаға жеңдері кестелі, көйлектері қос етекте, бас киімдері үкілі, моншақты, аяқ киімі биік өкшелі, жеңіл, қай киімі болса да алтын, күміс, меруерт моншақтармен әшекейленеді. Қыздар көбіне құндыз бөрік, қатипа тақия киіп, шолпы таққан. Қыздар төсін жасыру үшін кеудесін көкірекшемен қатты тартып тастаған. Келіншектер бір құрсақ көтергенше қыз киімін кие берген. Құрсақ көтергендері үкі тақпады, бөрік, тақия кимеді. Келіншек шаршы орамал, торғын шәлі тартты кең көйлек киді. Бір киер көйлекті әр түрлі шыттар, қырмызы, манат, қамқа, барқыт, пүліш, шұға, атылас т.б. тыстық маталардан тіккен.

Әйелдердің тұрмыстық әшекей заттары өте күрделі ою-өрнекпен безендіріліп, күмістен жасалып, көзіне асыл тастар орнатылып, алтын жалатылған, не алтыннан жасаған. Киім түрлеріне кестелі ою-өрнек түскен.

Халқымыздың ерте заманнан мінгені, кигені, жегені мал өнімдері болғандықтан да сол мал түрлерін киелі санаған.

Жылқыны – Қамбар ата, түйені – Ойсыл қара, сиырды – Зеңгі баба, қойды – Шопан ата деп құрметтеген. Көк, құла, боз жылқылар киелі саналған.

Ою-өрнекте сәйгүлік жылқы суреттерінің кездесуі, арқар, қошқар, марал, бұғы мүйіздері мен арыстан, жолбарыс, қыран, аққу құстарының бейнеленуі, осы табиғатпен етене араласқан өмірдің өз өрнегі екені даусыз. Аққуды киелі, қыранды батыр, жолбарысты жүректі деп кие тұтқан. Ертеде өткен батырларымыз айшықты туға бөрінің басын салып, оюмен көмкерген. Бөрідей батыл болуды ұстанған. Батырларда мол әшекейлі дулыға киген. Оны темірмен шынжыр тормен қаптаған. Бұларды “жыға” деп атаған. Дулығаның ішінен құндыз не ботаның пұшпақ терісінен істелген іштік бөрік киген. Оны “қырпу” дейді. “Қырпуын тауып ұр” дегенде найза, не қылыш даритын жұмсақ жерін тауып ұр деген мағынада айтылған. Абылай Шарышты осы әдіспен өлтірген.

Ою-өрнектерді, аң-құстар суретін, жауынгер батырларын, елдің таңбасын, ру, тайпа белгілерін тасқа қашап кейінгі ұрпаққа жеткізген.

Тұрмыстағы заттарға асқан шеберлікпен аң-құс түрлерін қашап, ойып, зерлеп, тоқып өмірге әкелген. Өрнекті жануарлар мүшелерінен де іздеген. Мал асықтарынан түрлі ойындар шығарған. Сонымен қатар асықтың алшы тұрқына күміс құйып, қарсы ілгекті қапсырмалар жасаған, яғни асықтың алшы бетін дайын ою ретінде пайдаланған. Құстардың сүйектеріне аяттар жазып, оюлап туларға жиектеген. Қазақ халқының хандық дәуірден бергі уақыттардағы туларында (байрағында) ою-өрнек тулардың күмбездеріне мата беттері мен жиектеріне өрнек салынған шашақ тағылып, қыл байланған.

Тәуелсіздік алған мемлекетіміздің көк байрағында ою-өрнектің орын алуы, қыранның көкте қалықтаған бейнесі салынуы бұл атадан балаға қалған асыл мұраның, Бабалар арманының орындалу белгісі десек қате болмас.

Әрбір ру-тайпаларда жазу болмаған кездерде ою-өрнек, таңбасы, ұраны, болған. Таңбадағы белгілі бір сызбалар, не доғалап көрсетілген белгілер ою-өрнек түрінің құрамдас бір бөлігі іспетті. Яғни оюдың сызба түрі деп атаса болар. Ою-өрнектің тұрмыста пайдалану ауқымы өте кең. Оюдың жекеленген тармақтарынан бастап үш түп, төрт түп, бес түп, алты, жеті, сегіз, тоғыз т.б. тармақтарынан әрі қарай өрбіп, кеңейе беретін күрделі оюларда біздің ұлттық дәстүрімізде тұрмыста үнемі қолданыс тауып келген. Айшығы мол, жасалуы күрделі, өте нәзік оюлар ертеректе хандардың салтанат сарайларын, үйлердің ішін, күрделі діни кесенелерді безендірген. Оған мысал Қожа Ахмет Яссауи кесенесіндегі, Айша Бибі мазарындағы, Қырым хандығы сарайындағы, Испаниядағы мұсылман мешіттеріндегі, Қасиетті Мекке Мәдинадағы мешіт іштеріндегі оюларды айтуға болады. Қарасақ көз тоймайтын, жасалу күрделілігіне ақылың жетпейтін неше кереметтер болған біздің киелі жерде. Ал мұсылманша жазуларды қарап отырсаңыз шетсіз, шексіз бір бірімен астасқан, үйлесім тапқан, артық кемі жоқ жымдасқан ою-өрнектен жасалған алтын шынжыр іспетті.

Ою-өрнек ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан қазақ халқының мәдени мұрасының ажырамас бір бөлігі.

Халқымызда жазу болмағанда ою-өрнек болды. Сол ою-өрнек арқылы халқымыз өз тыныс-тіршілігін, мәдениетін, өнерін, мәдени құндылықтарын, жоғары деңгейде дамыған тұрмыстық қажеттіліктерді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, дамытып отырды. Келешек ұрпақ мақсаты осы киелі өнерді әрі қарай дамыта отырып, көздің қарашығындай сақтау.

Осы салада отыз жылдан аса уақыттан бері ұлттық ою-өрнекті дамытумен айналысып келе жатқан менің басты мақсатым мүмкіндігінше ұлттық нақыштағы ою-өрнекті зерттей отырып, нәзік те күрделі өнердің сырын ашу, жасалу жолдары мен оны тұрмыста пайдалану реттерін өнерпаз жастарға ұсыну.

Қажетіне жаратамын деген талапкерге көмектесу, ұлттық мемлекеттік деңгейдегі мәдениетімізді дамытуға үлес қосу, сол арқылы ұлтымыздың мәдени өнерін басқа елдерге насихаттау, тұрмыстық заттар шығаруды өндіріске енгізу, оқулықтар шығару, зергерлік қолөнерді дамыту жолдарын оқырманға қарапайым тілмен түсіндіру, құзырлы орындарға ою-өрнекті дамыту туралы өз ұсыныс пікірімді жеткізу. Ою-өрнекпен айналысқан отыз жылдан аса уақыт ішінде ешқандай ою түрлеріне қарамай ұлттық бағыттағы басты ою түрі «Қошқар мүйіз» айшығын сақтай отырып, бір жарым мыңдай үлкенді-кішілі, ірілі-уақты әр түрдегі ою түрлерін жасадым.

Басты мақсат қошқар мүйіз оюын дамыту, сұлу, сәнді, икемді оюлар шығару. Бұлардың ішінде алуан түрлі күрделі оюлар да, шағын оюлар топтамалары да, зергерлік бұйымдарға арналған түрлері де бар.

Ұсынылған ою түрлерін қажетіне қарай, талғамына қарай таңдау әр талапкердің еркінде. Мақсат жасалған оюлардың жасалу ерекшелігін толық түсіндіре отырып, пайдалану жолдарын ұсыну, оюдың өндіріске енуіне ықпал жасау.

Оюларды уақыт талабына сай сұрыптай отырып, ұлттық негізде қазақ халқының өнер туындысы деп бағалауға тұрарлық, шет елдерге ұлттық мақтаныш, ұлттық мұра белгісі ретінде ұсына алатын, бүгінде шығарылып жатқан мән-мағынасы, мазмұны, сапасы жоқ бұйымдармен бәсекеге түсетін ұлттық тұрмыстық өнім ретінде оюлаған қазақы кілем, сырмақ, тұскиіз, үй жиһаздары, үстел, орындықтар, ұлттық өрнекпен безендірілген салтанат сарайларын, неке сарайларын, мұражайларды, жастар сарайын, мешіт, медреселерді, мектепті, балалар бақшасын, демалыс орындарын неге салмасқа. Кез келген мәдени орында ұлттық нақыштағы ою-өрнек сәндік безендірулер болса, көрермен көзіне жылылық ұялатып, өнерге деген құлшынысын ашары анық. Жақсы жасалған ою-өрнектер үнемі үйлесім тауып бір-бірімен сіңісіп, шытырман айшық жасап үлкен күрделі оюға ұласады. Шебер оюшы бір ғана қошқар мүйізді дамыту арқылы мыңдаған ою шығаруы анық. Оюлардың түріне, зергерлік бұйымға шектеу жасауға болмайды, оның даму аясы адам ақыл ойының кеңдігімен, іскерлігімен, тапқырлығымен дами берек. Әрине бай мұраны зерттеп қанықпай жана туынды жасау, оюлардың бастапқы атауларын толық меңгермей уақыт талабына сай жаңа ою-өрнек жасау өте

киын да күрделі іс. Уақыт өте шебердің ой-өріс кендігіне сай ою түрлері мен атауларының өзгеруі заңдылық. Бұл жаңа талғам талабы. Оюдың басты шарты: симетрия, тепе-теңдік, дәлме-дәлдік, тұп-туралық, біркелкілік, сәйкестік, үйлесім, сәнділік, көзге әсем көріну, көңілге жылы тиіу. Ал өрнектер ою заңына бағына бермейді, еркін жүйемен жасалады, симметрия, тепе-теңдік сақтамайды.

Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі киім түрлері өзгеріске ұшырады. Ұлттың киімінің бояуын, түсін өзгерткенмен түрін, пішімін (модасын) өзгерту дұрыс емес. Бұл біздің қазақ ұлтына тән ерекшеліктегі ою-өрнек, кие – қасиет. Осы киіммен, осы оюлармен халқымыз тарихи дәуір өткізген, досы да, қасы да таныған. Түрінде, түсінде өзгертпей ғажайып киімдер жасаған. Ғасырдан-ғасырға дамыған ою-өрнек тілімен шеберлер ойын да, көңіл-күйін де, уақыт жағдайларында жеткізе білген. Жасалған ою-өрнектерге түгелдей ат беру мүмкін емес. Әр шебер өзі жасаған ою-өрнегінің қандай ою түріне ұқсайтынын, қандай ат лайық екендігін және ою-өрнекті қай затқа қалай пайдалану керектігін сол оюшы шеберден артық ешкім білмейді, әр оюшы өз талғамы мен өз көзқарасы мен дәлелдейді.

Әрбір күрделі оюдың өсімдік тамыры іспетес түбі, түбірі, діңі, тамыры болады. Бұл менің өз ұғымым. Түбінен бастап өрбіп жайылып, ерекшеленеді, бір-бірімен астасады, сәнді шеңбер жасай отырып “табақ” тектес күрделі ою құрайды. “Табақ” ою түрі – жиегіне су жүргізіп ішіне алуан түрлі ою салу. “Табақ” өрнегі мал-мүлік, бөлек үй, от болған ошақ, орданың белгісі деп есептелінген. Ұсынылған ою түрлерінде осы түр басым орын алады. Пайдалану ауқымыда кең. Кейбір оюлар басын жаңа жарып келе жатқан гүлге ұқсайды. Қазақ халқының тұрмысындағы көп қолданылатын оюдың атасы қошқар мүйіз өрнектері сан алуан. Өте ұсақ түрлері зергерлік, кестелік, сүйек, мүйіз сияқты нәзік істерде қолданылса, ірі түрлері сырмақ, кілем, текемет, тұс киіз, алаша, сәулет өнеріне, тұрмыстық заттарға кең қолданылады.

Ою-өрнек тұрмыстық заттармен қатар құлып тастарға да салынады. Ер адамға құлыптас тұрғызылса оған ою-өрнекпен қатар қылыш, найза, айбалта, ұсталық пен айналысса құрал-сайман суреттері қашалған. Ал әйелдерге құлыптас тұрғызылса алқа, сырға сияқты күміс әшекейлер, үкілі сәукеле тағыда басқа заттар бейнеленген.

Ғалымдардың зертеуі бойынша ою-өрнек үш топқа бөлінеді:

Өсімдік тектес (жапырақ, үш жапырақ, ағаш).

Зооморфтық (жан-жануарлар).

Космогониялық өрнек (дөгелек, ирек, шимай, тор көз).

Зерттеуші ғалымдар қазақ ою-өрнегінің 250-дей атауларын жинақтаған. Ежелгі ою-өрнектердің атаулары мен үлгілеріне және оның өрбу тарихына талдау жасаған.

Халық арасында әлі де қосымша зерттеуді, талдауды қажет ететін зерттелмеген ою-өрнек түрлері мен атаулары және аттары бар. Ұсынылып

отырған 500-ге жуық ою түрлерін өз ой өрісімен талғамыма сай төмендегі топтарға бөлдім:

Шағын жеке ою-өрнектер.

Киім түрлеріне лайықты ою-өрнектер.

Өсімдік әлемі тектес ою-өрнектер.

Жан-жануарлар, аң-құс әлеміне байланысты ою-өрнектер.

Тұрмыстық заттарға лайықты ою-өрнектер.

Күрделі, үлкен ою-өрнектер.

Осы ою-өрнек түрлерін қажетті орнын тауып пайдаланған зергер, оюшы шеберге үлкен көмек болары анық. Мемлекеттік деңгейде мәдени мұра бағдарламасы бойынша қамқорлық жасалынып, оқушыларға, студент жастарға қолөнер сабағына пайдалануға шағын журналдар шығарылса, қол өнер түрлері мектепте пән ретінде өтсе, жастардың келешекте іскерлігіне ұлттық мәдениетті сүюіне ықпал жасары анық. Оқушыларға ұлттық нақыштағы киім үлгілері ұсынылса, оқу құралдарының безендірілуіне ою-өрнек кең көлемде ұсынылса, шеберлер даярлайтын арнаулы оқу орындары ашылса, ұлттық қолөнер дамыған болар еді. Сол арқылы жастарға жұмыс, өнерге қамқорлық, тұтынушыға өнер туындылары ұсынылар еді.

Халқымыз сәндікті, сұлулықты сүйген, өнер туындыларының жетілген түрлерін өмірге енгізген, тұрмыста қолданған. Сол ою-өрнек арқылы әсемдікті насихаттаған. Сұлулықты сүйген халық жүрегі нәзік, таза, ақжарқын, қайырымды болған. Міне ғасырлар бойы Бабаларымыз ешкімнің ала жібін аттамаған, сырт елге соғыс аспаған. Қайта басқа елге қамқор болған. Сол қамқорлық күні бүгінге дейін жалғасып келеді. Басқа ұлт өкілдерін бауырымызға бастық. Халқымыз Ата-Баба дәстүріне, салтына, мәдени-мұраға адалдықпен қараған. Қаншама алапат соғыс, қуғын-сүргінді бастан өткерседе атадан қалған киелі жәдігерді шамасы келгенше тастамаған. Соның бір айғағы марқұм өз әкем Омарұлы Бәйділдә арғы Бабалардан мұра болып келе жатқан еменнің безінен ойылған екі ғасырға жуық тарихы бар ағаш табақты қаншама қуғын-сүргін көрседе жоғалытпай аман сақтап бізге жеткізіп кетті. Осындай Бабалар мұрасын қастерлеп сақтау, мәдени-мұрамызды дамыту, Егемен еліміздің әрбір азаматының басты мұрат- мақсаты екені анық.

ТОРҒАЙ ӨЛКЕСІНДЕГІ ТАРИХИ ОРЫНДАР ЖАЙЛЫ ҚЫСҚАША ЖАЗБАЛАР

I. Аманкелді ауданы орталығы мен Ұлы Жыланшық өзені арасында

1. **Үрпекте** 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің батыры Аманкелді Үдербайұлы Имановтың штаб квартирасы болған. Кейін бұл үй клуб болды. Беріде қайта жөндеп Аманкелді атындағы мұражай болған. Бүгінде мұражай жоқ. Тек қабырғасы ғана тұр.
2. **Үрпек** ауылында Аманкелді Имановқа арнап мұражай ашқанда ат үстінде тұрған бейнесінде үлкен ескерткіш ашылған.
3. **«Үрпек» шайқасы.** 1916 жылы патша әскерінің жазалаушы отрядымен қиян-кескі соғыс ауыл түбінде болған. Сол жерде ескерткіш белгі бар.
4. Аманкелді Имановтың туған ағасы атақты сұр мерген Бектепберген Үдербайұлы Имановтың көтерілісшілерге шиті мылтық соғып беретін ұстанханасы болған.
5. **Қарашатөбеде** атақты ұста, зергер Садуақас Көгентаев тұрған.
6. **Сәдірмекте** (жер аты) атақты орта жүз байы Бектасқа баласы Брәлі бай ас берген. Сол жерде қазылған қырық ошақтың орны өткен ғасырдың 70-шы жылдары көрініп жататын. Бұл жер Үрпектен 50 шақырымдай Жолоба мен Қайнар арасындағы жол үстінде үлкен қопаның жағасы.
7. **Жолобадан** солтүстікке қарай шабындық жиегінде ескі қорым бар. Сол жерде әулие адам тамы болған.
8. **Үрпек пен Рахметтің** арасында көтерме жол бойында 40 шақырым шамасында Рахметке қарай жолдың сол жағында биік қырдың үстінде күйдірілген қызыл кірпіштен тұрғызылған күмбезді сегіз қырлы, алдында мұрындығы бар еңселі әсем там бар. Тамның маңдайшасына кірпішке жазылған арабша жазу бар. Там 1925 жылы салынған. Ішке кірсең оң жақ қабырға арасын қуыстап жоғары көтерілетін баспалдақ бар. Тамның ішінде бір метр шамасында ауа жүретін тесік қалдырылған. Бұл тесіктер тамның дымқыл тарпауына арналған.

Бұл Аманкелді Имановтың ағасы Көшімбек Балықұлы Имановтың тамы. Көшімбек 75 жасында қайтыс болған. Көшімбек мұсылманша, қазақша, орысша сауатты адам болған. Мектеп, медресе ұстаған. Осы мектепте Міржақып Дулатов сабақ берді деген дерек бар.


→ Үдербай → Аманкелді

Руы Бегімбет. Иман → Балық → Көшімбек


9. **Бегімбет ала көлі.** Аманкелді – Рахмет автотрассасы бойында шығыс бетте үлкен қорым бар. Бұл Аманкелді Иманов әулеттері қорымы. Аманкелдінің денесін Торғайдан әкеліп осы жерге жерлеген. Кейін дене Аманкелді ауданы орталығына көшірілген.

Осы жерге Жыланшық кеңшары басшылары батырға арнап ескерткіш белгі қойған. Аудан орталығынан 75 шақырым жерде. Аманкелді 75 - Бегімбет ала көлі 35 - Рахмет


10. **Байтума қопасы.** Рахмет аулынан солтүстікке қарай 25 шақырым жерде. Осы жерде 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің хас батыры Кейкі (Нұрмағамбет) Көкембайұлы туған. Руы Құллан.




11. **Зәуре қопасы.** Үлкен сулы қопа. 1919 жылы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің ұйымдастырушысы, басшысы Әбдіғапар Жанбосынұлын «ниеттес достары» қызыл әскерлер үйінде атып кеткен. Әбдіғапар хан 1870 жылы Қараторғай болысында туған (Қазақстан энциклопедиясы 1998. I том, 598 б.).



12. **Үдербай (жер аты).** Рахмет аулынан шығысқа қарай 35 шақырым үлкен қыратта халық батыры Аманкелдінің әкесі Үдербай туған жер.



13. **Жалаулы.** Бастауын Сарторғай үстіртінен алатын ұзындығы 90 шақырымдай арнасы кең сулы өзек. Рахмет ауылынан 5 шақырым солтүстік шығысқа қарай Жалаулы сайының бойында Ожан(руы) Сүтенгеннің Жәкенінің үйінде 1916 жылғы Ұлы азаттық көтерілістің хас батыры Кейкі (Нұрмағамбет) Көкембайұлын, інісі Түскенді, әйелі Ақжанды және ағайынды Идаят, Ғинаят атты татар азаматтарын Торғайдан қуып келген Қызылдар 1923 жылы 22 сәуірде атып кеткен. 1964 жылы Кейкінің туысы Әбу Қарақожин Жезқазғаннан темір шартақ пен құлып тас әкеліп орнатқан. 1996 жылы Жыланшық кеңшары коллективі қосымша ескерткіш белгі қойған. Осы жерде Жәкеннің ұзындығы 30 ені 9 метр қызыл үйі болған.





14. **Рахмет ауылы.** XVIII ғасырларда Ожан, Нәнжіл, Атығай, Қарауыл рулары Ұлы Жыланшық бойының осы тұсын мекен еткен. Кеңес заманына дейін Шашанбайдың Рахметі мекендеп Қызыл үй, медресе салдырған. Рахмет Қайдауыл болысына болыс болған. 1928 жылы қайтыс болған. Қызыл тамы бар. Руы Ожан.

Шашанбай → Рахмет → Әбдікәрім

Тарихи деректерде Ғабдолкәрім деп аталады.

Торғай Земком комитетінің мүшесі болған, мұсылманша, орысша сауатты азамат болған. (Алаш ардагерлері).

Рахмет ауылы орнына 1963 жылы «Родник» кеңшары орнады. Ауыл аты Рахмет деп аталды. Бұл кеңшар аты тәуелсіздік кезінде «Жыланшық» болып өзгертілді. Кәзір бұл аймақта ел жоқ.


Рахмет ауылы аудан орталығынан 110 шақырым.

Амангелді → Үрпек → Жолоба → Рахмет

15. **Жалаулы.** Жыланшық өзеніне құятын Үлкен арналы сайдың аты.

Осы екі өзеннің құйылысын 1970 жылдары археологтар тексеріп, ежелгі дәуірде (пеолит) адам қоныстанған деп дәлелдеген. Тарихи жазбаларда анықтамасы бар. Рахмет ауылынан өзен бойымен 4 шақырым Шығысқа қарай қашықтықта.

Жыланшық өзені бойымен жоғары Ұлытауға қарай жүргенде кездесетін тарихи орындар.



16. **Асаттың қызыл үйі.** Жыланшық жағасында. Рахметтен 8 шақырым.

Осы жерде «Қияткел» қара суынан таңертең су бетіне май шығып тұрады. Сейтқасым ұста көрген.

17. **Зорманның (руы Токпан) қызыл үйі.** Жыланшық өзенінің жел (оң жақ) бетінде. Кеңес заманында малшылар мекен етті. Бақша егуге өте қолайлы жер. Рахметтен 22 шақырым.

18. **Токпан (руы) Қабанбайдың қызыл үйі.** Жыланшық өзенінің аралында салынған. Ашаршылықта арам жемеймін деп үйінде қалып аштан өлген. Рахметтен 21 шақырым.

19. **Бекінің қызыл үйі (руы Токпан).** Жыланшық өзені бойында жол үстінде. Рахметтен 18 шақырым.


20. **Бектеннің құла аты.** Тоқпан Бектен деген кісінің аса жүйрік Құла аты болған. XIX ғасырдың аяғында Ұлы жүздегі аста аламан бәйгеге шауып екінші орынды иемденген тұлпар. Иесі өзі өлген соң төрт аяғы мен басын ақ матаға орап басыма қой деген өсиетін ағайындары орындаған. Басының үлкендігі аршын болатын деп отыратын қариялар. Рахметтен 22 шақырым жол үстінде.
21. **Әден төре(один төре деп орыстар атаған).** Осы жерде атақты қобызшы Иманәлі әулие жатыр. 1916 жылы Шыңғыс төре көтеріліс кезінде төрелер туын алып шыққан. Туды кейін Есенгелдин Саржан ұстаған. Санына тиген оқты пышақты қыздырып отырып аузына қамшының сабын тістеп өз денесін өзі кесіп оқты алған. Ту Шәкібай төреде, бәйбішесі Қайқыда сақталған. 1932 жылы көмген туды 1965 жылы төре Сейтқасым Жамбылұлы тапқан.
22. Осы Әден төре деген жерде атақты шебер **Момынұлы Тайшық** өмір сүрген. Жыланшық бойындағы қызыл үйлер мен қызыл тамды салған шебер, зергер, ұста. Рахметтен 32 шақырым, жолдың оң жақ бетінде.
23. Осы жерде (Әден төре) атақты қобызшы, мәдениет қайраткері Қазыбек Әбеннов туған.
24. **Тоқпан (руы) Шағатайдың қызыл үйі** кеңес дәуірінде екі шопан бір отар қой қамаған жер. Жол үстінде Рахметтен 33 шақырым Көшкінбайдан 2 шақырым.
25. **Бекжанның қызыл үйі.** Шағатайдың қарсы бетінде өзеннің арғы жиегіне салынған. Көшкінбайдан 2,5 шақырым.
26. **Тоқпан (руы) Көшкінбайдың қызыл үйі.** Осы жерде ХҮІІ-ХХ ғасырда өмір сүрген төрелер қорымы бар. Көшкінбай кеңес заманында 1963 жылдан бөлімше орталығы болған. Алдында үлкен, суы тұщы, балығы мол қара суы бар. өзеннің арғы бетінде 2-3 шақырым жерде қалың жиде ағашы өседі. **Жиде қара суы** деп аталады. Рахметтен 35 шақырым.
27. **Көшек күйші.** Төрелер қорымында басында мрамордан қойылған ені мен қалыңдығы кірпіштей, ұзындығы ұзын арабша жазылған құлып тас бар. Бақайымен күй тартқан адам деп отыратын жергілікті қариялар.
28. **Құмөткел (жер аты).** Көшкінбайдан 5 шақырым өзен жағасы. Үлкен қиыршық құмы бар карьер. 1955-1965 жылдар Алтыбай бөгетіне осы жерден құм тасыған.
29. **Жанбосының қызыл үйі.** Руы Төре Көшкінбайдан 7 шақырым жерде ойпатта, жолдың сол жағында, аралда тұрған үй. Бай болған адам.
30. **Тәуке қара суы.** Аңызда Тәуке хан жайлаған қара су деп аталады. Жанында көшкен елдей қалың жиде шұбыра албар болып өскен. Алыстан қараған адамға көшкен керуендей көрінеді. Алдында суы тұщы, ұзын қара суы бар. Көшкінбайдан оңтүстікке қарай Жыланшық өзенінің арғы бетінде 3 шақырымдай жерде.

31. **Қарауыл (руы) Жәуке тамы.** Қызыл кірпіштен төрт құлақтығып қаланған өзен иірімінде қорым ортасында тур. Көшкінбайдан 12 шақырым.
32. Жамбылұлы Сейтқасым шебер, зергер, өрімші осы жерде туған. Бұл жер **Жанқара сайы** деп аталады. Көп қорым бар.
33. **Ақша тау (жер аты).** Жәуке тамынан солтүстікке қарай 7 шақырымдай жерде биік ақша таулар көрінеді. Осы жерде әк (известь) қоры мол. Шебер Сейтқасым Жамбылұлы 1963-1966 жылдары осы жерден әк алып оны өндіріске арнап күйдірген.
34. Атақты Бектас байдың немересі, Брәлі байдың бел баласы **Сейткерей қызыл үйі** Көшкінбайдан 17 шақырым жерде Ұлы Жыланшық өзенінің Терісбұтақ тармағы бойында. Сейткерей сауатты, діндар адам болған. Патша заманында «Қайдауыл болысының Рахмет Шашанбайұлынан кейінгі билеушісі болған. 1928 жылы конфискацияға ілігіп, малы тәркіленіп, өзі сотталған. Түрмеде Рахметтің баласы Әбдікәріммен, діндар Таласпай Дүзбайұлымен бірге отырған. Түрмеден шығып аштықта Ақтөбе жерінде өлген. Қызыл үйін кеңес заманында қой қораға айналдырды. Жартысында 2 шопан қыстады.



35. **Алтынжар (жер аты).** Сейткерей қыстауының арғы бетінде 1,5 шақырым жерде диаметрі 100 метрдей аумақта қызыл, сары, жасыл, көк, қоңыр ақ түсті майлы иіссіз замазқаға ұқсас жер астынан қазып алынған топырақ 1920 жылдардан бері еш өзгеріссіз жатыр. Сол жылдарда ағылшындар кен іздеп өзен жағасын қаздырған. Бұл жерді халық «Алтынжар» деп атайды.
36. **Қонжар-Тұма (жер аты).** Сейткерей қыстауының арғы бетінде шығысқа қарай жайылым. Осы жерден шопан Сарбасов Шөптібай жер астынан көп қағаз көрген. Ағасы Түйебай, әйелі, балалары білуі мүмкін. Бұл қағаздар Сейткерей байдан немесе «Алтынжарды» қаздырған ағылшындардан қалуы мүмкін.
37. **Жайсаңбай (жер аты).** Ожан Жайсаңбай атты байдың төрт құлақты үлкен қызыл тамы (фотосы бар) өте сәнді сәулет өнері туындысы. Осы жерде екі қызыл там бар. Жайсаңбайдан солтүстікке қарай (таулар көрінеді) 7-8 шақырым жерде ракета қалдықтарын жинаған далалық қойма (полевой склад) болған.
38. **Руы Ажықабай.** Барлыбайдың күмбезді қызыл тамы ойда өзен жиегіндегі үлкен қорымда. Жартылай құлаған. Осы жерде ерекше алты бұрыш салынған таңбалы құлып тас бар. Бұл маңда қайың ағашы бар.

39. Ыдырыстың қызыл бүрмелі тамы. Руы Ажықабай. Өте әсем, әрі берік салынған. Неше алуан оюмен көмкерілген. 25 жасында қайтқан азаматқа халқы көтерген. 1978 жылы ішіне немересін жерледі (әйел адам).
40. **Смайыл (жер аты).** Жыланшық өзені жағасында ойпатта. Осы жерде жол үстінде медресе тұр. Сыртқы қызыл кесегін алған, ішкі саман кесегінің жартысы бар. Әріректе Смайылдың бүрмелі қызыл тамы тұр. Смайылдың арғы (өзеннің) бетінде ракета қалдықтарын жинаған әскери дала қоймасы болған.
41. **Қайырбек (жер аты).** Аманкелді ауданы мен Ұлытау ауданы шекарасы. Осы жерде бүрмелі қызыл там бар.
Ұлы Жыланшық өзені бойындағы Торғай жері аяқталады.
Ескерту. Ұлы Жыланшық өзенінің оңтүстік саласы «Дулығалы» деп аталады. Ол Жезқазған, Байқоңыр, Ақтас, Ұлытаудың шығыс бөлігінен басталып Брәлі бай қыстауынан өте Жәукеге жетпей Сейткерей қыстауынан келетін Терісбұтақпен қосылады.
42. **Брәлі (жер аты).** Осы өңірді атақты бай Брәлі, әкесі Бектас, атасы Нұрым жайлаған. Өзеннің иірімінде арғы бетте Брәлі байдың баласы 1916 ж. ұлт-азаттық көтерілістің ұйымдастырушысы Аманкелді батырдың серігі, жеке хатшысы, комисар сұлтан Брәліұлы Бектасовтың 12 бөлмелі қызыл үйі болған. өзеннің жел бетінде (батыс) Брәлінің баласы Мейірманның 8 бөлмелі қызыл үйі және сол жерде бала оқытатын медресе болған. Бүгінде орындары бар. Осы жерден 3 шақырым оңтүстікке қарай өзенге жақын Шаңсуат атты жерде үш күмбезді қызыл там тұр. Олар: атақты бай Әйгісінің Ахметінің, Брәлінің әкесі Бектасың, Брәлінің шешесі Шөженің тамы тұр.



іші 4.8.16.32. болып өрілген ерекше там. Осы там тұрған тұстың арғы бетінде Әйгісінің Ахметінің 2 қабатты қызыл үйі (тақтайлы) болған. Қазір тек қабырғасы бар. Брәлі қыстауынан солтүстік батысқа қарай 4 шақырым жерге әскери полигон (склад) орналасқан.





43. Дулығалы өзені бойындағы **Алтынбайдың** (руы Бегімбет) қызыл күмбезді тамы. XIX ғасырда өмір сүрген дәулетті, сауатты, діндар адам болған. Баласы Мырзағали Алтынбаев 1949 жылы Социалистік еңбек ері атағын алған. Жалаулыдағы қорымда жерленген.


Осы Жыланшық өңірінен шыққан Еңбек ерлері:

1. Әмзин Намазбай
2. Алтынбаев Мырзағали
3. Жансопақов Қалмағанбет
4. Омаров Байділдә



44. **Болат (жер аты).** Өзеннің жарында үлкен үңгір бар. Алыстан көрінеді. өзеннің солтүстік жақ беті биік тік жар. Оңтүстігі жайбар болып келеді. Болат Брәліден 10 шақырымдай өзен бойында жоғары қарай.



45. **Балық кара суы.** Халық батыры Аманкелді Имановтың туған жері.



Балық бірге туған. Осы жер Балық атымен аталады. Бұл жер Бердікей ишан мешітінен 6-7 шақырым шамасында. Аманкелді Бердікей әулетіне жиен. Осы жердегі медреседе оқып, мұсылманша білім алған. Көшімбек ағасының қолында оқып Міржақып Дулатұлынан орысша сауат ашқан. Аманкелді батыр осы жерде туған деген белгі болу керек. Бұл жер кеңес дәуіріне дейін «Қайдауыл» болысы Торғай уйезіне қараған. Аманкелді Иманов 1873 жылы осы Балық кара суында туып, 1919 ж. 18 мамырда Торғайда Алашордашылар қолынан қаза тапты.


46. **Мешіт.** «Ұлы Жыланшық» өзенінің «Дулығалы» саласындағы **Қызыл мешіт.** Жергілікті халық «**Бердікей ишан мешіті**», «**Қызыл мешіт**», «**Дулығалы мешіті**» деп те атайды. Бұл аймақты Орта жүзден тарайтын Бердікей руынан шыққан халыққа дін таратушы ишандар әулеті мекен еткен. Осы әулеттен шыққан ишандар: Бердікей ишан, Арыстанбай ишан, Әбдірахман ишан, Қази ишан (соңғы ишан) бір атадан тараған киелі адамдар. Арыстанбайұлы Құлмұхаммед ишан тоғыз күмбезді үлкен қызыл кірпіштен төбесі

тіреусіз бүріп өрілген мешіт, 24 бөлмелі мұнарлы медресе салдырған.



Құлмұхаммед ишан салдырған мешіттің де, медресенің де фото көшірмелері бар. Құлмұхаммед ишанға халқы арнап Жошы хан кесенесі өлшемімен бірдей етіп үлкен кесене тұрғызған. Ішіне Құлмұхаммед ишан, Қазиишан жерленген. Дене топырағы үстінде қошқардың екі басы, киіктің екі басы тұр. Бұл 1916 жылы Амангелді батырға бата бергенде сойылған қошқардың басы. Аманкелді Иманов осы медреседе оқыған. **Ескерту:** Жәуке қыстауынан жоғарырақ екі өзен қосылысының оңтүстік тармағы мешітке қарай «Дулығалы» деп аталады. Екінші тармағы Ұлытауға қарай «Терісбұтақ» деп аталады. Екеуі Жәуке қыстауына жетіп қосылып «Ұлы Жыланшық» деп аталады. Бұл барып Ақкөлге құяды.

III. Рахмет ауылынан Ақкөлге дейінгі аралықтағы таихи-мәдени ескерткіштер




47. **Әлжан (жер аты).** Осы үлкен қорымда Ожан (руы) Зілғараның, Қарабайдың, Әлжанның қос бүрмелі қызыл тамы тұр. Бұл жер ерте заманнан қыстау болған. Қарабайдың Әлжаны 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінде мыңбасы болған адам. Ал, Зілғара бай адам болған.

48. **Көшек (жер аты).** Малшы-шопан қыстауы, ертеде қоныс орны болған. Көшектің қызыл үйі болған. Қызыл тамы бар. Осы жерден ағылшындар 1920 жылдары кен іздеген. Кеншілер Байғараұлы Жәнділдә мен Омарұлы Бәйділдә жер астынан өте ерте замандағы мамонт тектес аңның басын тапқан. Үш адам басқа мінгесіп отырғанда алды-артынан бір қарыстан ашық қалатын деп отыратын. Басты Байғараұлы Жәнділдә түйе арбамен Қарсақбайға апарып бір

орысқа 3 рубль орыс ақшасына сатқан. Осы Жыланшық өңірінен табылған мамонттың бас сүйегі жайлы «Ғалам ғажайыптары» кітабында дерек бар. Мамонт бірнеше миллион жыл бұрын өмір сүрген. Кейін 1970 жылдарда әртүрлі сүйектер табылған. Ресейден келіп дельтопланмен жарды жағалап түрлі заттар жинап жүрген азаматтар жиі кездеседі.

49. **Балпан қара суы.** Жыланшықтың ық бетінде үлкен тұщы қара су бар. Ертеде халық жиі қоныстанған. Осы жерде Лақ (руы) Рахметтің мешіті, қызыл үйі болған. Кесегі қызыл-жасыл не алуан түрлі еді деп отыратын қариялар.
50. **Байтас (жер аты).** Осы жерде шикі саманнан тұрғызған үлкен қара сұпы там бар.
51. Лақ (руы) **Қоңырбай Тепектің** мешіті (меценат Сапар Ысқақовтың атасы). Қыстауы Ұзынкөл, Астаукөлде болуы мүмкін.
52. **Атақты Тілеп бақсы** (руы Лақ). Қорымы Жыланшықтың Оңтүстік бетінде Бозшакөл-Сазанбайда. Басында белгі бар.
53. **Руы Лақ Сәрсенбай** мешіті. Айыркүмда.
54. **Бестібай (жер аты).** Жыланшық өзені бойы. Атақты ұста, мерген Нәрікбайдың әкесінің мешіті.
55. **Жаманқопа (жер аты).** Аққұм аймағы. Құлмырзаұлы Баймен әулиенің тамы. Темір шартпақ қойылған. Көкалатта болған Мейрам молданың әкесі.
56. **Мешіт (жер аты).** Жыланшық өзені жағасы. Осы жерде қызыл үй, қызыл мешіт болған. Рахмет ауылынан Ақкөлге қарай 55 шақырымдай.
57. **Тобақабыл (жер аты).** Рахмет ауылынан Ақкөлге қарай өзен бойында 20 шақырым. Тобақабыл байдың үйіне Кенесары ханның баласы Сыздық сұлтан түскен. Тобақабыл Сыздыққа: «Сұлтан не көрдің, не естідің, не білдің?» деген екен. Осы жерде байдың қызыл үйі болған.
58. **Алтыбай (жер аты).** Алтыбай атты бай болған. Осы жерде өте үлкен бөгет бар. Ұзындығы 25 шақырым деп есептелінеді. Жыланшық аңғарын бөгеген жайылымға су шығарамыз деп аталғанмен бұл жерде шабын болмайды. Әскери мақсатқа жасалған болу керек. Не ракета ұшыруға, не танкіні сынайтын алаң жасауға негізделсе керек. Жарық деген жерде жер астында тартылған сым бар. Ракета ұшыратын желі болуы мүмкін.

Бұл жер Ақкөлдің орталығынан 50 шақырымдай жер



Осы аймақта ракета ұшыратын жер асты қондырғылары болған деген қауесет бар.

59.Шойынқап (жер аты). Шойынқап руы Қитаба, оның ішінде Көтен.

Бай адам болған. Осы жерде қызыл үй, үлкен қара су бар. Алтынын көл жағасындағы ағаш түбіне көмген деген аңыз бар. Шойынқап →

Сәдуақас → Төпіш → Қожа → балалары Астанада

↙ Бөлтірік → балалары Қостанайда

60.Дүзбай қажы мешіті. Жыланшық өзені бойында Ақкөлден

Ұлытауға қарай 55 шақырым көлемінде. Мешіттің ұзындығы - 38 м., ені – 18 м., 10 бөлмелі, 16 терезелі болған. Осы мешіттің

ортасындағы жылытпа пештің астынан және сыртқы қорғанның батыс бұрышынан кітаптар шыққан. Пеш астындағы кітапты

Таласбайдың немересі Шынберген Әбдіғалиұлы алған (дәрігер Торғайда тұрады). Ал батыс бұрыштағы кітапты зергер, ұста төре

Сейтқасым Жамбылұлы 1947 жылы көріп, бетін қайта жапқан.

Шежіресі: Қитаба руынан (Ақпан тармағы) Дүзбай қажы →

Таласпай → Әбдіғали → Шынберген → Торғайда тұрады. Әулеттегі

алғашқы ер бала болғандықтан ешқайсың таласпай осы баланы тәрбиелеңдер деп әкесі Дүзбай қажы нәресте атын Таласпай қойған.

Таласпай ғұлама молда адам болып, молдалығын тастамағаны үшін 10 жылдан 2 рет 20 жыл түрмеде отырып келіп елде қайтты.

Таласпай 1928 жылдары түрмеде Бектасұлы Сейткерей баймен бірге отырған. Баласы Әбдіғали Ұлы Отан соғысында Сталинград түбінде

қаза тапқан. Сейткерей тыққан қоймасы жайлы Таласпайға айтып кеткен. Түркістанда жұма намазды жүргізіп тұрған имам қайта-қайта

жаңыла берген кезде Таласпай әрі қарай жалғап кеткен. Намаз біткен соң бас имам: «қай жерденсің, атың кім» деп сұрапты.

Торғайданмын, «атым Таласпай» деген екен. Сонда имам: «қарағым әкең әулие екен. Саған ешкім таласа алмайтын білгір, ғұлама екенсің» деген екен.

61.Сырлытам. Жыланшық өзені иіріміне жақын оңтүстік үстіртте

Ақкөл ауылынан 55 шақырым шамасында. Бұл жерде Шыңғысханның ставкасы болған деген болжам айтады. Тарихи

деректерде Шыңғысханның әйелі Алқа ханымның кесенесі болған деген жазба дерек бар. Осы жерде Ә.Марғұлан бастаған археологтар

және жергілікті халық 1950-шы жылдардың ортасында қазып қойма алған.

62.Ахмет үйі. Қарасу ауылы жанындағы өзен жағасында Ахмет

Байтұрсыновтың туған үйіне 2009 жылдың аяғында реставрация жасалды.

63.Ақкөл ауылы маңындағы қорым. Осы жерде үлкен кесене, оның

түрлі-түсті қызыл-жасыл кесектері болған (Маштай ақсақал айтты).

64. **Тотықұс аралы.** Ақкөл көлінің ортасындағы аралда ерте заманда тоты құс болған деген дерек бар. Қалың ну орман болған. Н. Бектемісов дерегінен.
65. **Шошқакөл.** Осы үлкен көлдің жағасында қырықмылтық Бейсеннің қызыл үйі болған. Бейсен елге беделді шешен адам болған. Ақкөлден 40 шақырым.
66. **Ыстық су.** Қарасу (Ақкөл) ауылынан Торғайға қарай 18 шақырым жерде жол бойында жер астынан шыққан ыстық су бар.
67. **Қара тұз.** Қарасудан Сырлытамға қарай өзеннің ық бетінде (солтүстік батыс) 25 шақырым жерде қара тұз бар. Өте сапалы ас тұзы. Ойпатта, үстінен ауыр техникалар жүреді. Қалыңдығы 20 метр, аумағы 6-7 шақырым болуы керек. Ортасында үш құдық бар. Шағындарына ауырған адамдар, үлкеніне қотыр түйелерді салған.
68. **Ақкөл.** Аумағы жайшылықта 60, су тасығанда 150 шақырымға дейін ұлғаятын Жыланшық суы толтыратын, балықты бұл аймақтағы ең үлкен көл.
69. **Атанбас ақ ирек.** Оңтүстік Торғай қақпасы, немесе Атанбас ақ ирек кейде оңтүстік Торғай үстіртті деп аталады. Ақкөлден 120 шақырым шамасында күрт төмен басталатын ойпат. Ойпатты Қарақұм, Торғай үстірті, Торғай қақпасы деп атайды.



ІҮ. Жыланшық аймағы көлеміндегі тарихи ескерткіштер

70. **Бердіказ (ру аты) мешіті.** Бұрынғы Жанкелді совхозы орталығынан 10 шақырым Егінді деген шабындықтың батысында мешіт болған. Сол маңда қорымдар бар. Жер асты суына өте бай аймақ.
71. **Ақкөң (жер аты).** Осы жерде қыр үстінде үлкен ескі қорым бар. Сол қорымда беті ашық әрі қарай қуысы кең қабір болған. Алғаш кіруге

әрекет жасағандар есі ауысып кеткен. Кейін Қанафия Нұрмағанбетов қария тесіктен төмен еңкейіп қараса жарда салбырап тұрған үлкен қара жыланды көріп шошып жоламаған. Қойма болуы мүмкін.

72. **Кіндікті мешіті.** Тек орны ғана қалған.

73. **Оннан (жер аты).** Осы жерде үлкен қызыл үй болған.


74. **Жайықбайдың обалысы.** Рахмет ауылынан оңтүстікке қарай 50 шақырым жерде үлкен қопалы жер. Осы жерде қопа жиегінде қалың ел қоныстанған. Үлкен сұпы тамдар тұрды. Қойма бер деп 1980 жылдары біреулер қазған. Терең құдығы, тұщы суы бар. Осы жерден табиғат ғажайыптарын малшы-шопандар көп көрген.

75. **Бисары, Дәнен.** Жарбасты руынан шыққан байлар. Өте үлкен көлемді шабындықтары мен қопасы бар.

76. **Әліби ауылы.** Рахмет ауылынан оңтүстікке қарай 120 шақырым жерде. Бұл жерде қоғам және мемлекет қайраткері, революционер, Торғай ревкомының комиссары Әліби Тоқжанұлы Жанкелдин туған. Жезқазған облысы Байқоңыр ауданы, Байқоңыр совхозының бөлімшесі болған. Бұрынғы Қайдауыл болысы жері.



77. **Ажықабай түрмесі (жер аты).** Рахмет ауылынан Ұлытауға қарай 70 шақырым жердегі үстірт. Үстірт Сарторғай жақтан басталып шеті Ұлы Жыланшыққа Смайыл қыстауы тұсынан тіреледі.



Осы үстіртті жағалай қалың ел ертеде қоныстанған. Үстінде бұлақ көздері көп. 70-ші жылдары осы үйлердің қабырғасынан орыстың үлкен қағаз рубльдерін тапқан.

Ү. Аманкелді, Жанкелді ауданы көлеміндегі тарихи орындар

78. **Сатыбалды ишан кесенесі.** Аманкелді ауданы орталығында 1890 жылы салынған екі күмбезді үлкен кесене. Ішінде төргі бөлмеде Сатыбалды ишан денесі, ауызғы бөлмеде кіргенде оң жақта Файзолла ишан, сол жақта лақ (руы) Кәліпес Омар мәйіті жатыр. Өткен ғасырдың 20-шы жылдары белсенділер күмбездің үстіндегі айды құлатамыз деп мерт болған. Сатыбалды ишан әулие діндар адам болған. Ұрпақтары осы өлкеде тұрады. Жақында ұрпақтары жайлы ескерткіш тақта қойылды.

79. **Сатыбалды ишан медресесі** осы жерде болған. 1970 жылдарға дейін аудан орталығының клубы болды. Көлемді үлкен қызыл кірпіштен салынған кесене.
80. **Сатыбалды ишан үйі.** Үлкен қызыл кірпіштен салынған бірнеше бөлмелі үй болған. 20-шы жылдары милиция бөлімшесі (кеңсесі) болған. Кейінгі 70-ші жылдары белсенділер бұзып, орнын сырып тастаған.
81. **Смайыл түбегі (жер аты).** Осы жерде Аманкелді Имановтың жақын серіктерінің бірі Мадиярдың Смайылының қызыл тамы бар. Күмбезді сәнді қызыл там.
82. **Алакөл (жер аты).** Аманкелді ауданынан 35 шақырымдай жерде. Осы жерде Алакөл атты көл бар. Бұл жерге Мерген (руы) Төке жерленген. Революционер Кәкімбектің әкесі. Сұпы шикі кесектен тұрғызылған. 90 жасында қайтқан.
83. **Алакөлдегі мешіт.** Сары әулетінің мешіті. Киелі болған деген аңыз бар. Жанына ұрпағы Жақып жаңадан мешіт тұрғызды.
84. Атақты оташы, ақын Жандәулеттің (руы Сары) Өмірбегі осы жердегі үлкен қорымда жерленген. Осы жерде Қияқбай ақын, Әліби Жанкелдиннің туған жиені Әмірғазы, атақты сынықшы Әмірғазин Құрақбай жатыр.
85. **Сары (руы) Қошқар батыр обасы.** Үлкен қорымда оба астында Кенесары хан батырларының бірі Иман батырдың құрдасы Дауұлы Қошқар батыр жерленген. 1990-шы жылдары туғанына 220 жыл толуына орай ас беріліп жаңадан ескерткіш қойылған. Әулеттері осы аймақта Қабырға ауылы жанындағы үлкен қорымда Қошқар баласы Аяпбергеннің, Біржанның қызыл тамы, Бижанның қыл қосып соққан үлкен тамы бар.
86. **Даудың обасы.** Сары Қошқар батырдың обасы (тамы) Құмкешу ауылынан 15, Айтбай ауылынан 6 шақырым оңтүстік-батысқа қарай. Торғай-Тоқанай өзені арасында үлкен оба тұрғызылған. Денесі сол жерде. Кейінде ұрпақтары ескерткіш тақта орнатты. Сол жерге Мырқали деген азамат әкесі Қожанға қызыл кірпіштен там орнатқан. Дау атын өшіріп, Қожан атын шығарамын деп. Тамды салып болғаннан кейін алапат дауыл тұрып жаңа салынған тамды тас-талқан етіп ұшырып әкеткен. Кесектері 6 шақырым жердегі Айтбай ауылына дейін жеткен деген ел арасында аңыз бар.
87. **Құстөбе.** Абай кеңшарының бұрынғы бөлімше орталығы. Құмкешуден 7 шақырым. Халық аузында «Құс төбе», «Қыш төбе» «Зер тас» деген атаулар бар. Аң-құс көп жиналатын Қабырға мен Торғай өзені арасындағы «Тентек»өзені бойындағы сулы, шабындықты алқап.
88. Атақты тұлпарлар **Көкшағыр мен Қайқы** торы осы жерден шыққан. Ақын Байдақ Молдашевтің бұл туралы поэмасы бар. әрі осы Құстөбеде ескерткіш тақта бар.

89. **Әлидің қара арығы.** Осы Құстөбеден Қарабидайыққа дейін қолдан қазылған арық. 20-30-шы жылдары тартылған. Кеңдігі сондай ішіне машина түсіп жүре алады. Ұзындығы 6-7 шақырым. Осы тегіс алқапқа алғашқыда тары еккен.
90. **Бижанның қара бөгеті.** Қабырға ауылының солтүстік батысындағы Қабырға өзенін бөгеп, суын жайылымға шығарып аяқ егінге пайдаланған.
91. **Жарғұй** (Жаркүйе деп те, Алтын қазған деп те аталады). Қабырға ауылынан оңтүстікке қарай 20-22 шақырым қоңыр көмір кен орны. Жарғұй атты сорлы, сулы ойпат та бар. 1992-ші жылдары осы кен орнын қызыл қоңыр көмір өндірген. Отқа жақсы жанады. Бірақ өте өткір, ащы, күкірті мол болатын. Кейінде әлі толық піспеген деп ол жерді қалдырды.
92. **Лақтың ала көлі.** Қабырға ауылынан 30 шақырым Жыланшыққа қарай. Пайдалы ас тұзы шығады.
93. **Жолдыбек Жанай батыр.** Қабырға ауылы көлемінде Кенесары ханның батырларының бірі болған. Басына ескерткіш қойылған.
94. **Бес апан мықы (жер аты).** Қабырғадан Жыланшыққа қарай 45-50 шақырым жерде. 1915 жылдар Қытайға өткен орыс солдаттары жершілікті халықты зорлап, өлтіріп, тонап отырған. Осыны білген жергілікті халық ауылды көшіріп жіберіп өздері жеке-жеке қос тігіп мал сойып оларды күткен. Алаңсыз дәм ішіп отырғанда (ет) «ал жігіттер сорпа әкеліңдер» дегенде қосты жан-жаққа тартып құлатып астындағы адамдарды өлтіріп сол маңдағы бес құдыққа қару-жарағымен тастап ел көшіп кеткен. Содан бес апан мықы аталады.
95. **Байқадам мешіті.** Қабырға өзенінің бір саласы Тентектің бойында өзен жағасына салынған үлкен мешіт. Кеңес дәуірінде ішіне қой қамап, бүйірін тесіп қойды креолинге тоғытатын «кубка» жасаған. Улы суы өзенге аққан. Қабырғадан 5 шақырым.
96. **Әулие тұз.** Құмкешуден 18, көтерме жолдан 5 шақырым батысқа қарай. Тұз ойпатта. Жағалай қара батпақ жоғарғы жиегінен тұщы су ағады. Емдік қасиеті бар. 80-ші жылдары зерттеп, емдік санатория ашу жоспарланып сметасы жасалған.
97. **Күміспай әулие.** Жылқайдар руынан шыққан. Қоңыраулы бойынан осы Құмкешуге келіп Қарамойын Елғон биді паналаған. Сол жерде қайтыс болған. Қайтарда «денемді келешекте мешіт салынады сол жерге көшіріңдер» деп өсиет айтқан. Арада 18 жыл өткенде Құлкей қажы (Қарамойын) мешіті жанына қайта жерленген. Денесі бұзылмаған. Басында сұпы там болған. Бүгінде темір шартақ қойған. Рамазан және Сейіт Кенжеахметовтер қойған ескерткіштер бар. Қорым Құмкешу ауылы жанында.
98. **Құлкей қажы** (руы Қарамойын). Осы жерде мешіт болған. Қабырғасы төбесін жапқан ағаштары тұр. Құлкейге шикі кесектен күмбезді үлкен кесене салған. Кесене бұзылмаған. Құлкей → Әмір → Сейілхан → Қасымбек сол ауылда имам.

99. **Жанқара (жер аты).** Құмкешуден 3 шақырым шығысқа қарай. Осы жерде сұпы там болған. Сырттан келген жолаушыға «сен судан өтпе үш күннен бері су Жанқара-Жанқара деп шақырып жатыр» десе қария сөзін тыңдамай суға түскен азамат астындағы қара қасқа атымен суға кеткен. Көп уақыттан кейін судан денесі шыққан. Троицкіге қалыңдығына кетіп бара жатқан дәулетті азамат болса керек. Қымбат заттарын тамның жанына қоса көмген.
100. **Өтегеннің төрт құлақты айшықты қызыл тамы.** Құмкешудің арғы бетінде 4-5 шақырым жерде. өте сәнді әшекейлі там. Руы Сазан болу керек.
101. **Айтбай қазбасы.** 80-ші жылдары археологтар Айтбай ауылы жанынан 4-5мың жыл бұрын жерленген адам денесін тапқан.
102. **Құмкешу қазбасы.** 2006 жылы тамызда құм астынан ашылып қалған үш адам денесі табылды. Тапқан Құмкешу тұрғыны Әбілбеков Қали. Арнаулы зерттеушілер келіп ол адамдардың мойнында тас моншақ барын, көне дәуір адамы екенін анықтады.
103. Осы Құмкешу маңынан атымен қоса жерленген алып адам денесі де табылған.
104. **Көне қазан.** Әбілбеков Қапыштың үйінде көлемі өте үлкен 1775 жыл деген таңбалы шойын қазан бар. Түп жағы 3 см.-дей қалың.
105. **Игісін ұста.** Халық Тобаяқ деп атап кеткен. Атақты Мұхамбетжан ұстаның әкесі. Асқан шебер, ұста адам болған. Бұл кісі туралы аңыз әңгімелер көп.
106. **Тобаяқтың Мұхамбетжаны қоныс орны** Құмкешуден 2 шақырым Айтбай ауылына қарай Тоқанай өзені бойында. Өте асқан шебер адам болған. Үзілген ДТ-54 тракторының иінді валын (коленвал) қыздырып, біріне-бірін бекітіп тракторды жүргізген. Қонақтарына бір шай үстінде пышақ, сақина соғып берген. Сақиналары осы ауыл қарияларында бар.
107. **Тобылғы түбек (жер аты).** Құмкешуден 7 шақырым Торғай өзені бойында, үлкен қорымда Баянтаңат (руы) **Баймағанбет әулие** жатыр. Шикі кесектен там салған. Әулие туралы халық аузында дерек көп. Соғыс кезінде Қодар атты кісі соғысқа повестка беріп шақырғанда жылап әулиенің басына «байеке, соғыстан алып қал» деп барған. Военкоматқа барса шақырған тізімде аты-жөні болмай шығады. Осы жағдай үш рет қайталанған. Ақыры соғысқа бармай қалыпты.
108. **Әнші Ағытай.** Осы Құмкешуде болған Қарамойын руынан шыққан әнші, күйші, термеші адам болған. «Он екі ирек» әнінің авторы деп айтылады.
109. **Қарсақ батыр.** Шөпшіткөл кеңшары жақта жерленген деген дерек бар.
110. **Қараман (руы) Тайшығара кесенесі.** Шөптікөл кеңшары көлемінде Ұзынқоғаның Садырбайында.

111. **Сүлікті (жер аты).** Осы жерде 1970 жылдарға дейін әскерилер тұрған. Жергілікті халық жер асты аэропорты бар деп айтады. Державинскідегі ракеталық комплексы осы жер асты арқылы кабельмен жалғасқан деген болжам бар.
112. **Албарбөгет.** Үлкен су ұстайтын албар тәріздес бөгет. Бөгет 1920-30 жылдары қолдан салынған. Бөгетті жобалап, басқарып салдырушы **Айса Нұрманов.** 1937 жылы «халық жауы» деген жаламен сотталып, оралмаған. Сауатты, болыс болған адам. Руы - Дәулетбике. Бөгетті алдымен Қабырға өзенінің Ақсуат тұсынан бөгеген. Одан қазіргі орнынан салып қосымша «Ақтікенді» бөгеп қауіпсіздік шарасын жасаған. Бөгетке тірелген су өзен арнасынан асып осы аймақты, Көкалатты, Аралбайды суландырады.
113. **Шәкір там (жер аты).** Көкалат ауылының қарсы бетінде үлкен қорым бар. Кенесары ханның хас батырларының бірі Шәкір Қараманұлы жерленген. Үлкен биік сұпы там болған, қазір жұрнағы бар. Басынан шырақ жанып тұратын. Шәкір батыр Ыстыбай руынан шыққан. Әкесінің аты Түмен болуы керек. Кейін үлкен кесене тұрғызылған.
114. **Қыпшақ Сейітқұл.** Торғай өлкесін суландырған, егінші, бақшашы адам болған. Ақсуатта тамы, үлкен қорғаны бар.
115. **Көктерек.** 1920 жылдары Айса Нұрманов еккен терек ағаш. Рекордтар кітабына кіретін алып ағаш болатын. Үш тарам діні 6-7 метрдей (диаметрі), биіктігі 25-30 метрдей 60-70 шақырым қашықтықтан көрінетін. Су келетін арықты бөгегеннен қурап құлады.
116. **Қарақоға (жер аты).** Халық ерте қоныстанған «Қарақоға» болысы. Онда Ы.Алтынсарин бастауыш мектеп ашқан. Жанкелді ауданы, Айса Нұрманов ауылына қарайды.
117. **Қараторғай (жер аты).** Осы жерде Қараторғай болысы болған. Ы.Алтынсарин осы жерден бастауыш мектеп ашқан. Аманкелді ауданы, Қараторғай ауылына қарайды.
118. **Теке діні.** Осы жерде атақты әулие дін таратушы Оспан қожа мешіті мен кесенесі бар. Албарбөгеттен (Тәуіштен) 40-45 шақырым шамасы.
119. **Тәуіш.** Ауыл орталығы. Осы жердегі үлкен қорымда атақты палуан Таңатқан Дүйсекеев жерленген. Үлкен күмбезді кесенесі бар. Тәуіш Арқалық – Торғай тас жолы бойында Торғайдан 60 шақырым.
120. **Қара сиыр.** Тоқанай өзенінің бойында қалмақтар мен қазақтар арасында үлкен соғыс болған. Тарихта «Қара сиыр» шайқасы деп аты қалған.
121. **Татыр (жер аты).** 1916 жылы ұлт-азаттық көтерілісшілері Торғай жақтан келе жатқан патшаның жазалаушы отрядымен соғысып жеңген жер. Татрда ескерткіш бар.
122. **Сарымақ Смайыл мешіті.** Өлмес деген жерде орналасқан. Осы мешітке Торғайдан қолдан-қолға беру арқылы саман кесек жеткізген. Бұл жер Ақмырза жақта Торғайдан 12 шақырым қопа арасында.

123. **Партизан сайы.** Торғай қаласы жанындағы су ағар сай. 1919 жылы Аманкелді бастаған 17 большевикті Алашордашылар атқан. Аманкелді денесі Жыланшықтағы Бегімбет Алакөліндегі ата-баба қорымына, кейін аудан орталығындағы қорымға, одан кейін ескерткіш орнатқанда ескерткіш жанына жерленген.
124. Ақшығанақтан 30 шақырым жерде сырлы, неше алуан өрнегі бар кесене болған. «Қыз тамы», «Құл тамы» деп те аталады.
125. **Шеген ауылы.** Торғайдан 18 шақырым оңтүстік-батысқа қарай. Осы ауылдың жанында үлкен қыратта тархан Шақшақ Жәнібек батырға арнап 90-шы жылдары ескерткіш тұрғызылған. Жанында үлкен қорым бар.
126. **Қарғалы (жер аты).** Шеген ауылына 40 шақырымдай Ақшығанаққа қарай. Емдік қасиеті бар су, қара балшық шығады. Жан-жақтан емделушілер келіп жатады. Басында кісі түсетін үй бар.

ҮІ. Арқалық – Аманкелді ауданы аралығындағы тарихи мәдени ескерткіштер

127. **Құтан әулие.** Қарынсалды өзенінің шығыс жақ бетінде қырат үстінде Құтан әулие күмбезді кесенесі бар. Құтан Аталықұлы 1699-1780 жылдары өмір сүрген. Арқалық-Аманкелді тас жолынан 2 шақырым жер.
128. **Тасты өзені (жер аты).** Осы өзеннің батысында жолдың сол жақ бетінде, қыратта қалың қорым бар. Ортасында күмбезді еңселі там тұр. Бұл ұлт-азаттық көтерілісінің хас батыры Кейкі (Нұрмағамбет) Көкембайұлына арнап туысы Қылышбай Әубәкірұлының салдырған кесенесі.
129. **Құлымбет әулие.** Қайыңды (Шиелі) ауылы жанында атақты әулие, емші Құлымбеттің күмбезді кесенесі бар.
130. **Жаңақала (жер аты).** Қараторғай ауылы. Осы маңда ұлт-азаттық көтерілісінің басшысы, ұйымдастырушысы Әбдіғпар Жанбосынұлы жерленген. Қызылдар «Зәуре» қопасы жанында Әбдіғпарды 21.11.1919 жылы атып өлтірген. Әкесі Жанбосын (1847-1895), анасы Алуа Ақтасқызы (Ақтас – А.Байтұрсыновтың әкесінің ағасы). Қазір үлкен кесене салынуда.
131. **Қостам (жер аты).** Жаңақала мен Қайыңды арасындағы қос тамға ағайынды Айқожа-Байқожа жерленген. ХҮІІІ ғасырда тұрғызылған күмбезді кесенелер.
132. **Қызтамы.** ХІХ ғасырдың соңында Алыс байдың қызы Бәтимаға сіңілісі Қазына салдырған кесене Екідінде.
133. **Шоң би кесенесі.** Екідің мен Жаңақала арасында Шоң биге арнап тұрғызылған кесене. Халыққа беделді, сауатты, әділ би болған.
134. **Жәуке батыр.** Екідің ауылының солтүстігінде үлкен ойпатты аңғарда Кенесары хан бастаған ұлт-азаттық қозғалыстың хас

- батырларының бірі Жәуке батыр Назарғұлұлының күмбезді кесенесі тұр.
135. Осы жерде Жәуке батыр баласы Орманбек салдырған мешіт пен медресе бар.
136. **Екідің.** Сарторғай ауылына жатады. Дің XIII ғасырда тастан тұрғызылған қарауыл төбе.
137. **Татулық бұлағы.** Арқалық-Аманкелді тас жолы бойындағы бұлақ. Бір кездері араздасқан ағайын осы бұлақ басында татуласқан екен. Содан бері татулық бұлағы аталады.
138. **Аманкелді ауданы орталығында:** Аманкелді Имановтың, Иман батырдың, жазушы Ақан Нұрмановтың, композитор Төкен Елтебаевтың, актер Әнуар Боранбаевтың, ағартушы Ыбырай Алтынсариннің ескерткіштері бар. **Орталықта:** А.Иманов атындағы тарихи мұражай, Қазыбек Әбенов атындағы мәдениет үйі, мәдениет қайраткері Қапышев Мейрамханға орнатылған ескерткіш тақта, Сатыбалды ишан атындағы мешіт, Тайшыман Исабаев атындағы спорт комплексі, жастардың «Шұғыла» атты кинотеатры, орталық кітапхана бар.

БҰРЫНҒЫ ТОРҒАЙ ҮЙЕЗІ (ОБЛЫСЫ) ЖАЙЛЫ ҚЫСҚАША ДЕРЕКТЕР

1. Торғайда (кәзіргі Жанкелдин ауданы орталығы) 1845 жылы Орынбор бекінісі салынды.
2. 1868 жылы патша әкімшілігінің шешімімен Торғай қала болып аталды.
3. 1868 жылы 21 қазанда Торғай, Орал, Ақмола облыстары құрылды.
4. Торғай облысына 4 уезд (үйез) Торғай, Ырғыз, Елек, Николаевск қарады. Бұрынғы аға сұлтандық таратылып, ауылдық, болыстық, үйездік жүйе құрылды. Патшаның осы шешіміне қарсы болып Орал мен Торғай облыстарында Арыстанов Ханғали Сұлтан көтеріліс жасады.
(Қ.С.Ә. I-500 бет)
5. XIX ғасырда Торғай облысы аумағы 113900 шаршы шақырым болып, ол 11(он бір) болысқа бөлінді.
Болыстар: Тосын, Қараторғай, Шұбалаң, Қарақоға, Қайдауыл (Жыланшық) Сарыторғай, Қызылжыңғыл, Сарықопа, Майқара, I-Наурызым, II-Наурызым. Осы болыстарға 56 ауыл қарады, онда 63889 қазақ, 248 орыс тұрған.
6. Осы уезде 6 болыс арғын:
Тосын, Шұбалаң, Сарқопа, Майқара, екі Наурызым, 4 болыс Қыпшак: Қарақоға, Қайдауыл (Жыланшық) Қараторғай, Сарыторғай және 1 (бір) болыс Бағаналы (Найман) болған.

Көрші кіші жүзден Торғай жеріне Жаппас, Тама, Табандар көшіп келіп 1229 қыстау салып, 228 жерді жайлаған.

7. 1887 жылы 618241 бас мал болған.

8. 1912 жылғы халық санағында Торғай облысында 798737 адам болған.

9. Торғай өзені ұзындығы 825 шақырым. Оның оң жағынан Тоқанай, Табылды, Қарыс, сол жағынан Тентексай, Кенжетай, Қабырға тармақтары бөлініп шығады.

Басты салалары Қараторғай, Көртоғай, Сарторғай, Жалдама, Өлкейік, Қайыңды, Ырғыз, Өлкейік – Қабырға. Торғай өзені Ақтөбе облысы жерін қамтиды.

10. Торғай үйезіне қараған өзендер.

Еспе, Білеуті, Бұланты, Жымытқы, Қарғалы, Қайдауыл, Жыланшық, Торғай, Қара-торғай, Сары-торғай, Көртоғай, Жалдама, Қарынсалды, Қабырға, Мұқыр, Сары, Қоңыраулы, Мойылды, Дәмді, Өлкейік, Өлкейік – Қабырға, Теке, Қарт, Наурызым, Қарас, Данабике.

11. Тұщы сулы көлдері

Доңыз көл, Құртты көл, Қарсақ қырған, Қасқа қопа, Тұрсынбай қопа, Қос ақкөл, Қосқопа, Сарықұрақ, Досан қопа, Мырзалы, Сары айғыр, Алтыбай, Обалы, Оннан, Кіндікті, Үшбала, Бессорлық, Бозшакөл, Жаманқұм, Ақкөл, Сарықопа, Қарақұмдағы Шошқалы, Баймұрат, Өтеміс, Саумал, Жолшора, Аликөл, Байтума, Зәуре, Жарбидайық, Жорғакөл, Үшбала, Ақай, Астаукөл, Ұзынкөл, Сарыбай, Сарының алакөлі, Бозатан, Көлқамыс, Сор, Шұқыр, Түкібай, Ақкөң, Шиқамыс.

Қостанай облысынан майданға 73500 жауынгер аттанды. Оның 24174-і қаза тапты, 3519-госпиталда қайтты, 89-тұтқынға түсіп жоғалды, 15798-і хабарсыз кетті.

АРҚАЛЫҚ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ЕСКЕРТКІШТЕР

1. Арқалық қаласындағы Дала өлкесі тарихи мұражайының алдындағы халық батыры Аманкелді Иманов пен Мемлекет қайраткері Өліби Жанкелдиннің мүсіндік ескерткіштері 1973 жылы орнатылған.

Құлыптастар аумағы 22x0,4 метр, биіктігі 5,25 метр екі тас тақтадан тұрады, барельефтері қоладан құйылған.

Авторлары сәулетші Т.М. Жұмағалиев, мүсінші Б. Беликов, М.И. Катафатич.

2010 жылы жазда Халық батыры Кейкі (Нұрмағанбет) Көкенбайұлына ескерткіш қойылды. Авторы жергілікті сәулетші Әбілбек Ұзақұлы.

Қозыбаев көшесі. 30 үй.

2. Осы мұражай жанында алып темір Экскаватор ожауы мен боксит кен тасы қойылған. 1979 жылы бұл ковш тұңғыш боксит кенін шығарған.

3. Дала өлкесі тарихи мұражайы алдында В.И. Лениннің мүсіні қойылған.

Авторлары: Сәулетші Петр Павлович Даниленко, мүсінші Бардкес Айткович Авокян.

4. 1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жерлестерге арналған “Даңқ алеясы”. 1972 ж. 30 қарашада қалалық мәдениет және демалыс паркінде орнатылған. Сәулетші В. Рязанов, мүсінші Т. Горюкеев.

5. Дала өлкесі тарихи мұражайында 2001 жылдың 29 маусымында Торғай облыстық партия комитетінің секретары, Торғай өлкесі мәдениетін көтеруге ат салысқан азамат Өзбекәлі Жәнібековке арнап мүйіс ашылып, мүсіні орнатылған. Мүсіннің авторы Сапарбек Ұзақов.

6. Арқалық қаласына қарасты Революционер Әділбек Майкотов атындағы кеңшар (бұрынғы) орталығында осы кісіге арналған орталық саябақта ескерткіш орнатылған. Ескерткішті 1977 жылы Челябинск қаласының мүсіншісі Б. Абакиян жасаған.

7. Қазақ халқының тәуелсіздігі мен бостандығы үшін күрескен хас батыр, ақылгөй дана тархан Шақшақ Қошқарұлы Жәнібекке арнап 1993 жылы 26 тамызда ескерткіш ашылған. 2001 жылы бұл ескерткіш облыстық жасөспірімдер театрының алдына қойылды.

Ескерткіш авторы мүсінші. П.И. Шорохов.

8. Қалалық әкімшілік ғимараты алдына халық батыры Аманкелді Имановқа арнап. 2002 жылдың 16 мамырында ескерткіш ашылған.

Авторы: мүсінші Әбілбек Ұзақұлы.

9. Халық батыры, сұр мерген Кейкі (Нұрмағанбет) Көкенбайұлына 1996 жылы 1 қарашада №2 орта мектептің жанына ескерткіш ашылды.

Мүсінші Тілеуберді Бинакеев.

10. Арқалық қаласындағы қосымша білім беру орталығы алдына өнер қайраткері, композитор Бақытжан Байқадамовқа ескерткіш 7 мамыр 1992 жылы қойылған.

Авторы: мүсінші Қыздарбеков Б.А.

11. №1 орта мектептің алдына Қазақтың тұңғыш ғалым – ағартушысы, этнографы, әрі әдебиетшісі Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановқа 15 тамыз 1973 жылы ескерткіш ашылған.

Бұл ескерткішті жасауға Целиноград (Ақмола) көркем сурет шеберханасының студенттері көп еңбек сіңірген. Ескерткіштің авторы – мүсінші Кефтерова.

12. 1980 жылдың 6 қарашасында Торғай облыстық партия комитеті алдындағы алаңға пролетариат көсемі В.И. Ленинге ескерткіш ашылған.

Бұл ескерткіш кейін “Оңтүстік электр желісі” мемлекеттік қомуналдық кәсіпорының алдына қойылды.

Ескерткіш авторлары: мүсінші Р. Муродян, сәулетші В.М. Гинзбург, Т.Бар-Бархина, Т. Жұмағалиев.

ДАНАЛЫҚ СӨЗДЕР, ӨНЕР ТУРАЛЫ МАҚАЛ- МӘТЕЛДЕР

Ұрпақтан-ұрпаққа жатталып, үлгі өнеге болып келе жатқан даналық сөздің қаймағы мақал-мәтелдердің шағын топтамасын жинақтап оқырман қауымға ұсынуды жөн көрдім.

Саралап, таңдап асыл сөздің сыры мен мағынасын ұғынып өмірде өз орнын тауып пайдалана білер деп ойлаймын. Киелі сөзді, пайдалы ақылды жас ұрпақ ұғына, түсіне білсе деген тілекпен ұсынамын. Қажетіне жаратар, пайдалысын алар.

Еңбек қылмай тапқан мал, дәулет болмас, қардың суы секілді тез суалар.

Абай

Егер де мал керек болса, қолөнер үйренбек керек...
Алдау қоспай адал еңбегін сатқан қолөнерлі – қазақтың төресі сол.

Абай

Еңбек-қуаныш, жалқаулық айрылмас азап.

Абай

Жұмысы жоқтық,
Тамағы тоқтық,
Аздырар адам баласын.

Абай

Біткен істің мәні жоқ,
Бітірген істің міні жоқ.

Махамбет

Адамның ісі қандай болса, өзі де сондай.

Г.Гегель

Тіршіліктің негізі – еңбек,
Еңбекпен ғана адам жақсы тұрмысқа жеткен.

С.Сейфуллин

Күшіңе сенбе адал ісіңе сен.

М.Әуезов

Кісі танымақ болсаң – ісіне қара.

Жүсіп Баласағұни

Іс істесең, ойланып – толғанып істе,
Еңбексіз жиған малың адал емес.

Әріп Тәңірберген

Талаппен бастап, талғаммен аяқта.

(халық мәтелі)

Ою ойған, сызу да сызады.
Асыл қайшы пішуге сән,
Күміс қасық ішуге сән.

(халық мәтелі)

Ерінбеген етікші болады.

(халық мәтелі)

Ою ойғанның ойы ұшқыр.

(халық мәтелі)

Сызу сызғанның сиқыры бар.

(халық мәтелі)

Әке көрген оқ жонар,
Шеше көрген тон пішер.

(халық мәтелі)

Шебердің саусағы алтын.

(халық мәтелі)

Үйренгенің өзіңе құт,
Істегенің еліңе құт.

(халық мәтелі)

Үлгісі көптің өрнегі көп,
Өрнегі көптің ермегі көп.

(халық мәтелі)

Өнерлі өрге жүзер.

(халық мәтелі)

Өнерсізден құт қашар.

Махмұд Қашғари

Өнерлінің өрісі ұзақ.

(Халық мәтелі)

Өнерді қызықпасаң көре алмайсың,
Таспаны үйренбесең өре алмайсың.
Қараған қарап қалар,
Ізденген өнер табар.

Ер өнерімен танылар.

Өзіне қарама өнеріне қара.

Кестені көңіл сызады, қол тігеді, көз сынайды.

Көз көрерге тоймас, көңіл өнерге тоймас.

Өнер іздеген өсер, өсек іздеген өшер.

Өнер түрі елде мол,
Өнім түрі жерде мол

Шындықсыз өнер жоқ.

Өнерлі зор, өнерсіз қор.

Өмірді тану – ғылым, өзіңді тану - өнер.

Таусылар алтының да қорындағы,
Өнерің сарқылмайды қолыңдағы.

Өнер білім көкке де жеткізеді,
Көпке де жеткізеді.

Өнер таусылмас азық, жұтамас байлық.

**(Құдайберген Болатбайұлы
КазПИ оқытушысы)**

Мал жұтайды, өнер жұтамайды.

Абай

Ғылым – ештегі нұр,
Өнер – сыртқа салынған түр.

Бір нәрсеге, не өнерге талпыну үшін адамға,
Алдымен табандылық қажет.

Әл-Фараби

Ел жетіліп көркеймек,
Өнер қанат жайғасын.

С.Торайғыров
Өнер – адам бойындағы құдіреттіліктің ең асқақ көрінісі.

Л.Толстой

Өнерсіздің өнбегі жоқ.

Жүсіп Баласағұн

Өнер бейнелі ойлау.

В.Г. Белинский

Сұлулық – түр мен мазмұнның сәйкестігі.

Г.В. Плеханов

Жігіттің көркі - өнері,
Талап – кісі мұраты.
Өнер қалмақ артында –
Дүниенің өшпес шырағы.

Майлықожа Сұлтанқожаұлы

Өнер сыры - өрнекте.

Ғ.Мүсрепов

Зор талант - ерен еңбек,
сүйгіштікті қажет етеді.

П.И.Чайковский

Білмеген нәрсені сұрап алуды ар көрме.

(халық мәтелі)

Адам сұрап білмесе ештеңе үйренбейді.

С.Сарайн

Ойсыздан ою шықпайды.

(халық мәтелі)

Оюды оя алмаған – ойланбаған.

(халық мәтелі)

Шебер көп жерде өнер көп.

(халық мәтелі)

Көргені жоқ ел көгермейді.

(халық мәтелі)

Ізденбеген ілгерілемейді.

(халық мәтелі)

Өнер талаптан туады.

(халық мәтелі)

Өнерлінің өзегі талмас.

(халық мәтелі)

Өнер қуған қазына табады.

(халық мәтелі)

Өнер жұтамайды.

(халық мәтелі)

Өнерді білген дана болар,
Өнерсіздің ісі шала болар.

(халық мәтелі)

Өнер бақыт, ақыл-абырой.

(халық мәтелі)

Дүниеде жүрмін деп ойлама,
дүниеден өтіп барамын деп ойла.

Л.Толстой

Пайдасыз өмір сүру – мерзімінен бұрын өлу,

И.Гете

Еңсең түссе емді еңбектен ізде.

Абрам Линкольн

Өткенге топырақ шашсаң болашақ саған тас атады.

Расул Гамзатов

Сатқын-ішінде, дұшпан-сыртыңда, күншіл-жаныңда.

Сейіт Кенжеахметұлы

Кедей-жомарт, бай-сараң, мырза-сирек

Сейіт Кенжеахметұлы

Мұратқа жолын тапқан жетеді.

А.Яссауи

Әділетсіздікті көре тұра үндемесен өзінде сондай болғаның.

Адамды адам еткен еңбек.

К.Маркс

«Оқы, оқы және оқы»

Батыр жау барда сыйлы, би дау барда сыйлы.

Ел ерге, ер жерге қараған заман туды.

Ұстазыңды ұлы әкендей сыйла.

Ақиқат – ағын суды тоқтатады.

Тістің үгіткенін тіл білер.

Ақыл-дос, ашу-дұшпан.

Жанашырың болмаса,
Жатпен жалғыз жүрмеңіз.
Қостаушыңыз болмаса,
Біле тұрып білмеңіз.

Малым – жаным садағасы,
Жаным – арым садағасы.

Шариғатта: Жақсылық жасағанда да өзіне жасайды,
Жамандық жасағанда да өзіне жасайды дейтін қағида бар.

Әр істің өзіне лайық мезгілі болады, ал мезгілсіз іс көңілдегідей болып шықпайды.

Қара басының қамын күйттеген кісі басқаның бақытты болғанын қаламайды.

Бастық бажылдап ұрысса – көрінгенге таба болар, ал, үндемей түнерсе – үрей алар.

Жігітке дәулет те көп, байлық та көп,
Қызығы – дүниенің есен-саулық.

Төреқожа Ханқожаұлы

Саулық тілесен – көп жеме.

Ә.Науаи

Мөлшерден тыс тоқтық та, аштық та денсаулыққа қолайсыз.

Гиппократ

Ең басты дәрі-дәрмек – таза ауа, суық су, ара мен балта.

В.Д. Поленов

Сауында жүгірмесен, ауырғанда әуре болуыңа тура келеді.

Гораций

Адам жақсы күледі екен – демек, жақсы болғаны.

Ф.М.Достаевский

Көңілді адам - әрқашан ажарлы адам.

М.Горький

Мас болу - өз еркіңмен жындану.

Аристотель

Байлық – қанағат пен еңбекте.

Ы.Алтынсарин

Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым – ойлап қой,
Бес асыл іс көнсеңіз.

Абай

Еңбек – қуаныш, жалқаулық айрылмас азап.

Абай

Жастық шақ жаза басқыш, кемел жас қатеге қарсы күрескіш, кәрілік қатесін ойлап өкінгіш.

Д.Дизраэли

Жастық шақ кәзіргісін ғана ойласа, кемел жас бүгінгісін де, бұрынғысын да, болашағын да елеусіз қалдырмайды.

Ф.Рохас

Жастықтағы күнамыздың сазайын қартайғанда тартамыз.

Э.Роттердамский

Жасы үлкенді қадірлесе – құт болар.

Махмуд Қашғари

Қартайған шағында өзінді басқалар құрметтеу үшін, жас кезінде қауқары қайтып, сақал-шашы ағарған кәріге ізет қыл.

Фарид-ад-дин-Аттар

Жамандықты жаза алмаған адам – оның дем берушісі.

Леонардо Да Винчи

Кім көп еңбек етсе бақыт соған қонады.

Леонардо Да Винчи

Адам бақытты болуға тиісті, ал бағы жанбаса оған сол адамның өзі ғана кінәлі.

Л.Н. Толстой

Әдемілік – азат жанның және мықты денсаулықтың жемісі.

Л.Шеффер

Той, даңғазашылдық пен ештеме істемеушілік адамды аздырады, денсаулықтан ауырады...

Гиппократ

Құнды сөз құнарлы ойдан туады.

Л.Н.Толстой

Халық аузындағы тіл өлсе – халық та сөнгені.

К.Д. Ушанский

Тіл жоқ жерде ұлт жоқ.

Ш.Айтматов

Көз өзіне сенеді, құлақ өзгенің сөзіне сенеді.

(халық мәтелі)

Замана сенімен санаспайды, санассаң сен санас.

Хан келеді, кетеді, халық қалады, халық қалса тақ қалады.

Бақ деген көшпелі қыз, алған күйеуге де кетеді, қыздан туған жиенге де кетеді.

Мың тал егу жайындағы өсиеттен, бір шыбықты отырғызған артық.

Тілін білмеген түбін білмейді.

Ғ.Мүсірепов

Ауыр істен қорықпа, ауыр сөзден қорық.

Дария көрмеген бұлаққа таң қалар.

Төзім – ердің тірегі.

Мен қасы да жау, досының қасы да жау, қасының досы да жау ер жігіттің бірімін.

Қағазға түспеген ой – жоғалған қазына.

Д.И.Менделев

Құбылыстардың себебін білген адам – бақытты адам.

Вергилий

Адамның қолынан келмейтін ешнәрсе жоқ.

Абай

Адам өзінің жанын ұсақ уайым, болымсыз қамқарекеттің дертімен былғанудан сақтануы керек.

М.Әуезов

Адамның шынайы байлығы затта емес, ақыл – парасатта, рухани қазынада.

В.А. Суханмлинский

Атасынан ақыл алса, тентек ұл да жөнделер.

Махмуд Қашғари

Адам барлық жағынан да: түрі де, киімі де, жаны да, ойы да сұлу болуы керек.

А.П.Чехов

Ашумен басталған іс абыройсыз аяқталады.

Л.Н. Толстой

Тірі адамның рухында, жүрегінде, қанында *қоғам өмірі* көрініс табады, ол *қоғамның* дертімен ауырады, соның *қасіретінен азап* шегеді, *қоғамның саулығымен* гүлденеді, *соның бақытымен* көсегесі көгереді.

В. Г. Белинский

Жасыңда не ексең, есейгенде соны орасың.

Г.Ибсен

Алданғаннан малданған жаман.

Мен не деймін, домбырам не дейді.

Асқақтаған амалшыдан аяңдаған адалдық озады.

Атқа отырса атасын да танымайды.

Табиғатты сүйем, сұлулыққа бас ием.

Дж. Байрон

Ағаштың жемісін жеймін десең, түбіне балта шаппа.

Сайф Сарай

Сабыр түбі сары алтын,
Сарғайған жетер мұратқа,
Сабырсыз қалар ұятқа.

Адамды өнер танытады.

Асылды асылға салсаң мұқалар,
Жақсыны жақсыға салсаң ұшталар.

Өнегелі елден өнерлі бала туар.
Өнер талаптан туады.

Өнер көзі халықта.

Өнері мол ел зейнетті,
Өнімі мол жер зейнетті.

Өнерлінің қолын ұста,
Өнегелінің жолын ұста.

МАЗМҰНЫ

Туған ел тарихының білгірі, мәдени мұраны жинақтаушы.....	4
Алғысөз.....	6

I тарау. ТАНЫМДЫҚ-ТАРИХИ МАҚАЛАЛАР

Ұлыларға мекен болған Ұлы Жыланшық.....	6
Кенесары ханның қазасы жайлы аңыз бен ақиқат.....	9
Наурызбай батырдың Төлек Жәуке батырды сөзден үш рет тосуы.....	11
Сыздық сұлтанның Ұлы Жыланшыққа келуі.....	13
Дулығалы бойындағы киелі мешіт.....	13
Ғазиз бен өкіл.....	18
Назарәлі әулие.....	19
Баймағамбет әулие.....	20
Күмісбай әулие.....	21
Ұста, әулие Тобаяқтың Мұханбетжаны.....	21
Көтібар – Көбек қопасындағы індет.....	22
Киелі дорба.....	23
Әлихан Бөкейханов әулеттері.....	24
Азаттық үшін алысқан Алаш партиясы.....	28
Арқалы, әруақты Ғафу ақын.....	32
Қазақтың тұңғыш журналист қызы.....	37
Түркі халқының Ұлы көсемі.....	40
XX ғасырда қазақ халқы тартқан қасірет.....	43
1916 жылы ұлт – азаттық көтерілісінде Аманкелді батыр көтерген ту жайлы ақиқат пен аңыз.....	46
Бабамнан қалған киелі ағаш табақ.....	48
Шебер, ұста, зергер Сейтқасым Жамбылұлы туралы бір үзік сыр.....	55
Елеусіз өткен бір бейне.....	59
Орынбасар ағайдың қазасы жайлы.....	62
Тағдыр.....	65
Бірәлі бай.....	67
Аманкелді батырдың серігі Комиссар Сұлтан Бірәліұлы Бектасов жайлы не білеміз?.....	72
Кейкі батыр Жалаулыда қаза тапты.....	78
Кейкі батырдың ел аузындағы жатталған салауаттары.....	86
Кейкі батыр неге елеусіз?.....	88

Бектеннің құласы.....	90
Бір үйден соғысқа аттанған бес боздақ.....	92
Қобызшылар әулеті.....	94
Әнші, жыршы, термеші, күйші	
Шоқанай Құтжан ақын.....	97
Жүдеген соң ақша беттен қан қашты.....	102
Төрт аяғы тең жорға.....	108
Талайды тамсандырған әдеби кеш.....	111
Талантты актер болатын.....	113
Құран қари, ақын Файзолла ишан Сатыбалдыұлының жарты ғасыр бұрын жазылған өлеңдері табылды.....	117
Жазықсыз жапа шеккен.....	129
Дара тұлға.....	140
Ғарифолладай әнші туарма.....	142
Даңқты зеңбірекші.....	143
Ленинградты қорғаған, Нарваны алған, Берлинге шабуылдаған жерлесіміз Имекенов Кәженнің ерлігі жайлы.....	146
Тарыққаннан көзден жасым тізіліп.....	149
Қарттарым асыл қазынам.....	152
Сайлаудың сазды әнін сағындық.....	153
Қасқырды да қасқырдай адам алатын болар.....	156
Өткен күнде белгі бар.....	158

II ТАРАУ. КӨРКЕМ ТАНЫМДЫҚ МАҚАЛАЛАР

Ардақты аға, асыл азамат.....	161
Ұлы ағартушы атындағы мұражай.....	163
Елдің сыйлы азаматы еді.....	165
Кеудесі жақсылардың алтын сандық.....	167
Аяулы аға, асыл азамат.....	170
Жақсының жақсылығын айту парыз.....	173
Өмірін өнерге арнаған өнерпаз.....	178
Жаны жайсаң, жүрегі жылы азамат.....	181
Балтабай алған белестер.....	186
Іскер азамат болатын.....	189
“Тәкку бригадасы”.....	191
Ақын, спортшы, өнерпаз.....	194
Мал өсірсең жылқы өсір.....	198
Өгіз көк.....	202
Табысқа жетем десең, бейнетіне төз.....	204
Ұлағатты ұстаз, ардақты ана!.....	207
Есте қалған мерей той.....	210
Көптен бері болған тартымды айтыс.....	212
Әділдікті ту еткен азамат еді.....	214
Айсаның қара бөгеті және киелі қара ағаш.....	215

Балалық шақты сағындым.....	219
Өмірін өнерге арнаған ардагер.....	222
Нүрпейістің қара ағашы.....	221
Бір тамшы су нәр болған.....	222
Отанға оралған қос ақын.....	223
Жүз жасқа толған абыз.....	226
Ракета түскен Бидайық.....	228
Артында игілікті ісі қалған азамат.....	232
Достыққа адал, жолдастыққа сенімді Айтбай құрдас.....	234
Жерлестеріме ризамын.....	236
Тыпыршып тұрған арғымақтай.....	238
Тарихымызды түгендейік.....	240
Қарақұмға алғашқы сапар.....	243
Қарақұмға соңғы сапар.....	248
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.....	255
Тойың тойға ұлассын! Дегенмен.....	264
Өнер көрмесі сәтті өтті.....	266
Аққуды атпас болар.....	267
Деген екен.....	269
Тайға шапқан алабұға.....	270
Үлкен шортан.....	270
Иттің үлкендігіндей күзен алған.....	271
Көшектен табылған мамонттың бас сүйегі.....	271
Алтынжар.....	271
Молда мен жылан.....	272
Жыланшықта ұшатын денені (НЛО) екі рет көрдім.....	272
Аңшылық деген бір ғұмыр.....	274
Не танцуй на моем дастаркане.....	275
Жақындама, әдісінді білем!.....	275

ІІІ ТАРАУ. ӨНЕРДІ СҮЙЕТІН, ҚҰРМЕТТЕЙТІН АЗАМАТТАРДЫҢ ШКІР, ҰСЫНЫСТАРЫ МЕН МАҚАЛАЛАРЫ

Шанаңды сайла, шанаңды.....	277
Тұйықтан шығар жол бірлікте.....	279
Оюдан ой түйген.....	282
Тегіне тартқан текті азамат.....	284
Мынау неткен әдемі әлем!.....	288
Ою өнер емес пе?.....	292
Оюмен ой айтқан елдің перзенті.....	294
Шебер.....	298
Оюмен өрнектелген ойдың жемісі.....	300
Орнамент судьбы.....	303
Живописная музыка.....	307
Қазақтың бір байлығы – ою-өрнек.....	309

«Ою-өрнекті сүйе білген жанның жүрегі нәзік».....	312
Байділдин Шөптібай.....	314
Он саусағынан өнер тамған – оюшы.....	316
Оюмен ой түйген.....	317
Сөредегі альбомдар сыр шертеді.....	319
Өмірін оюмен өрнектеген.....	321
Өрнегің - өмірің.....	323
Жерлесіміз Астанада көрме өткізді.....	324
Үнділіктер де ою өнерін тамашалады.....	324

ІҮ ТАРАУ. ОЮ ОЙ, ӨРНЕК САЛ

Қысқаша автор туралы.....	326
Оюмен ой айтқан елміз.....	327
Торғай өлкесіндегі тарихи орындар жайлы қысқаша жазбалар.....	339
Бұрынғы Торғай уезі (облысы) жайлы қысқаша деректер.....	356
Арқалық қаласындағы ескерткіштер.....	357